
Кешегі асылдарым арзан тартып,
Масайрап масылдарым қымбаттады,-

ақын кез-келген тақырыпты талғаусыз толғап, қиыннан қиыстырып жаза бермегені айқын аңғарылады.

Кетердей күдер үзіп, қара жаннан,
Сандалдым қымбатты іздеп таң азаңнан,-

сөз айшықтары арқылы жүрек түкпіріндегі мұң-шерді оқырманға дәл жеткізе білген. «Қара жан» эпитеті ойға ерекше реңк беріп тұр. Адамдардың жаны да, қараңғылыққа толы. Ойлайтыны, тек мансап пен байлық.

Қымбат, қымбат .....
Неге олай?
Жұмбақ бәрі,
Сан білгіштен сұрадым,
Тіл қатпады,-

ақынды осы бір сұрақ мазалайды, бірақ сұрақ жауапсыз қалды.

Көкірегімді күйдіріп күн қақтады,
Төңірегімді тұмшылап,
Түн қаптады.

Көбейді көңілімнің нала, мұңы,- өзі көзбен көрген оқиғаларға налиды, өзгертуге ешбір шара жоқ, дәрменсіз. Көкірегін өкініш күйдіреді. Көңілі жабырқаулы, мұңды.

Ақ қалып,
Суырылып қара озды алға,
Күйреді құнсызданып ар – ождан да.
Тұяғы тұлпарлардың тасқа тиіп,

Жабы жүйрік атанды сәл озғанға «ақ», «қара» антонимдерін дәл пайданала білген [5, 13 б.]. «Ақ» – тазалықтың, жақсылықтың белгісі. Бірақ та, дәл қазіргі сәтте жақсылық, ар – ождан құнсызданды.

Бұл ретте, әрине, жүрекке маза бермеген жайларды ғана тереңнен толғап шынайы жырлайды.

Ақынның «Безер болсаң, без өзің» өлеңі ешкімді бей-жай қадырмасы анық. Тіл – халықтың жаны, бүгіні мен ертеңі. Туған тілді құрметтеу – әр адамның парызы, міндеті. Әттең, туған тілге деген құрмет әлі де, өз дәрежесінде емес. Тіл жайы – осы өлеңнің басты өзегі.

Өзін қара,
Сөзін қара!
Не дейді?
Анам тілін,
Бабам тілін шенейді -

қоғам дидарына қатысты «ащы шындықты» айтты. Қазіргі қоғамымызда «тіл мәселесі» өзекті тақырыптардың бірі.

Ал келесі өлең жолдарынан ақын туған тілді бәрінен де жоғары қояды.

Ана тілім – арманым, ақ тілегім,
Өзімнен де өзіңді көп тіледім.
Тілім өлсе, тірлігіме мәз болып,
Қара жерді қалай басып жүремін.

Туған тілді «ардағына», «анасына», «баласына», «бақытына» балайды.

Тілім – анам, қасиетім, ардағым,
Ардағымның жүрегіне салма мұң.
Тілім – балам, болашағым, бақытым,
Қалай гана бақытымды қарғадың [5, 17 б.].

Поэзия мен махаббат – бір-бірінен айрылмайтын егіз ұғым. Сондықтан әр елдің әдебиетін, әсіресе поэзиясында ұшырасатын мәңгілік тақырып – махаббат. Бірақ, әр халықтың жан- дүниесінің құрылымына, әрбір ақынның ой- түйсігіне қарай, махаббатты әркім өзінше жырлайды:

Ақпанда алау өрттей жалындаған,
Тағдырдың тәлкегіне бағынбаған.
Өлшеген сезімменен бәрін де,әман,
Кім сенің құдіретіңе табынбаған? [5, 56 б.].

Ақын адам өмірінің негізі – махабатты адам бойындағы ұлы күш ретінде көрсетеді және өз жүрегінен шыққан сезімін алау өрттей лаулатып, арнасынан жалындатып жібереді. Ақын өмірдің өзі махабаттат бөліне алмайтынын, тек сол сезім арқылы бір – бірімен жарасым, үйлесім табатынын айтады. Сондықтан кеудесінде жаны бар адам махаббатқа тағзым етсе, табына білу керектігін әсем жырларымен аңғартады. Махаббат мәңгілігін, ондағы жасампаздық пен ізгілік нұры, мейірім шуағы- өмір арнасы, өлең – жыр өзегі ретінде арналы ағыс алады.

Е.Зікібаев ақындығынан оның бел-белестері, көркемдік көкжиегі, өзіндік көзқарасы, қолтаңбасы жіті танылады.

Өлең өлкесінде өз тұстастары секілді өнімді еңбек етіп, ұлттық мұрат пен өмір өнегесін шынайы да щебер жырлағандардың қатарынан – Е. Зікібаевтің есімі аталуға әбден лайық.

Е. Зікібаев поэзиясының көркемдік жүйесінен тақырып әр алуандығы, ізденіс мұраттары, өлең өрісі мен ондағы өрнек – өнегелері, табиғаты кеңінен көрініс береді. Е. Зікібаевтің «Армандай ғұмыр» жыр жинағының басты ерекшелігі – ізденіс арналарынан, әсемдік пен көркемдік, достық пен сенім, бақыт пен әр алуан сезімдер арақатынасы, олардың адам өмірінде алатын орны кеңінен көрсетіледі. Ақиқат пен аңыз, жасампаздық туралы ойлар, ішкі толғаныстар, өмірдің мән-мағынасы, ұлттық болмыс, болашаққа деген сенім терең танылады.

Әдебиет:

1. Зікібаев Е. Өмір-бәйге. – Астана 2007. – 188 б.
2. Зікібаев Е. Армандай ғұмыр. – Алматы 2006. – 193 б.
3. Зікібаев Е. Таңдамалы өлеңдер жинағы. – Алматы 2011. – 277 б.
4. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты. – Алматы 1997. – 50 б.
5. Зікібаев Е. Жыр-тағдырым. – Алматы 2003. – 217 б.

ӘОЖ 81

С. МҰРАТБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ҚАРАПАЙЫМ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

Амандықова Г.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Петропавл қ., М. Қозыбаев атындағы Солтүстік қазақстан мемлекеттік университеті

Қазақ тіл білімінде көркем әдебиеттегі кейіпкерлер тіліне қатысты кейбір мәселелер М. Балақаев, Ә. Қайдаров, С. Исаев, Р. Әміров, Х. Нұрмұқанов, Б. Шалабаева т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Жалпы көркем шығармаларда әрбір кейіпкердің сөз саптауы мен сөз мәнері әр түрлі болып келеді. Бұл олардың қоғамда алатын әлеуметтік жағдайына, ортасына байланысты болады. Сондықтан да олардың әрқайсысының өзінше сөйлеу дағдысы болады. Кейіпкер тілінің осындай ерекшеліктері тілдің лексикалық және грамматикалық қабаттары арқылы жүзеге асады. Кейіпкердің тілі арқылы оның мәдениеттілігі, жас мөлшері, қызметі, кәсібі, өскен ортасы, сыпайылығы, дөрекілігі т.б. бейнелері байқалады. Кейіпкердің сөйлеу мәнеріндегі өзіндік ерекшелігі оның лексикасынан басталатыны белгілі. Кейіпкер тілі ауызекі сөйлеу тіліне жақын келеді. Бұл туралы Р. Әміровтің еңбегі бар. Ал сөйлеу тілі лексикасының құрамына қарапайым, тұрпайы, жаргон сөздер де жатады.

Тілімізде ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін тілдік материалдар аз емес. Мұндай сөздер әдеби тілге жатпаса да көркем шығармаларда кездеседі. Көркем шығармада түрлі кейіпкерлердің болатыны және олардың арасында қақтығыстардың да болып тұратыны заңдылық. Ал өмірде әр түрлі жағымды, жағымсыз адамдардың бар болуы – өмірдің шындығы. Академик М. Серғалиев «Ауызекі сөйлеу стиліне әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің қолданылуы – табиғи құбылыс», – деп санайды [1, 62 б.]. Х. Қожахметова қарапайым фразеологизмдер туралы: «Әдеби тіл нормасына сай келмейтін, жай дөрекі тұрақты тіркестерді қарапайым фразеологизмдер дейміз. Алайда әдеби тіл нормасына жатпағанымен, көркем әдебиетте образ жасау үшін кейіпкер сөзінде кездесіп отырады. Бұл тілдік амал арқылы жазушы кейіпкердің ой-өрісін, өскен ортасын, әлеуметтік ортасын, әлеуметтік халін, мінез-құлқын көрсетеді» – дейді [2, 34 б.]

Шығарма материалына негіз болатын жағымды, жағымсыз адамдардың тілі – тіл білімінде табу, эвфемизм деп аталса, енді бір ғалымдар дисфемизмдер (какофемизм) деп те атап жүр. Қаламгерлер сөздерді өз мағынасында пайдаланумен қатар, сөздерді ауыспалы, келтіріңкі мағынада, қанатты сөздер мен тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамында пайдаланады [3, 93 б.]. Эвфемизмдар мен дисфемизмдер – көркем әдебиетте жиі кездесетін экспрессивті және эмоционалды лингвистикалық қолданыстар. Бұлардың айырмашылығы экспрессивтік реңкінде, мұндай сөздердің барлығы күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетіні жасырын емес. Сөздің мағынасы дөрекілеу болып келген жағдайда тілдегі басқа бір сөзбен алмастырылып беріледі. Мұндай жағдайда дөрекі, тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер қолданылады. Тіл білімінде мұндай құбылыс эвфемизм деп аталынады [4, 71 б.].

Қазақ тіліндегі эвфемизмдердің қолданылу жолдарын Ә. Болғанбаев былай көрсетеді:

1) Ауру аттары алмастырылады. Мысалы, туберкулез – өкпе ауруы, рак немесе қылтамақ деудің орнына жаман ауру деп алмастырып қолданады.

2) Адамның дене мүшелеріндегі кем кетік атаулары алмастырылады. Мысалы, саңырау, керең деген сөзді құлағының мүкісі бар, сараң естиді деп алмастырып айтуға болады.

3) Мағынасы айтушы мен тыңдаушыға бірден соншама жағымсыз, дөрекі сөздер алмастырылады. Мысалы, нәжіс, қи, несеп, үлкен дәрет, кіші дәрет, дәрет сындыру, ұлы жарақ дегендердің бәрі де белгілі контексте сыпайылық мән тудырады.

4) Үйлену мен тұрмыс құруға байланысты сөздер алмастырылады. Мысалы, баласын құтты орнына қондыру, қолына құс қондыру сияқты сөздер айтылады.

5) Қоғам өміріндегі адамдардың бір-бірінің жағымсыз қарым-қатынастарына қатысты сөздер алмастырылады. Мысалы, аузы жеңіл, қолының жымысқысы бар, қосып айтады деген сөздер сыпайы түрде айтылады [5, 73 б.].

К. Аханов эвфемизмге: «Бір затты немесе құбылысты тікелей өз атымен емес, басқа бір сөзбен атаудың себебі мүлдем басқаша болуы мүмкін. Кейбір нәрсенің не құбылыстың атын тікелей айту дөрекілеу, қолайсыздау болып көрінгенде, олар басқа сыпайы, майда сөздермен ауыстырылып айтылады. Бұл құбылыс эвфемизм деп аталады» деп анықтай отырып, эвфемизмдердің табудан өзгеше екендігін былай деп түсіндіреді: «Бірақ эвфемизмдер табу сияты қате түсінік, діни ұғымның негізінде емес, айтуға дөрекі, қолайсыз сөзді сыпайы сөзбен ауыстырып айтудың негізінде шықан» [6, 180 б.]. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмді жан-жақты қарастырған Ә.К. Ахметов бұлардың арақатысынбылай көрсетеді: «Табу мен эвфемизмдердің шығу тегін қуаласа, олар адамзат тарихының түкпіріне қарай жетелейді. Оған тереңірек бойласақ, табу мен эвфемизмдер адам баласының рухани мәдениетінің бастапқы сатыларынан бастап күні бүгінге дейін қалыптасқан дәстүрлі наным-сенімдермен де, әдет-ғұрып, салт-саналармен де, қазіргі заманның басты діндерімен де, тіпті өзіміз өмір сүріп отырған дәл бүгінгі таңдағы тіл мәдениетімен де тікелей байланысты екеніне көз жеткіземіз» [7, 9 б.].

Өз ерекшелігі бар прозаик С. Мұратбековтің шығармаларындағы тілдік құрылымның бір қатарын сөйлеу тілінің элементтері құрайды. Прозаиктің жеке стильдік даралығы оның белгілі тілдік құралдарды қолдануындағы ерекшеліктерінен байқалады.

Өкпесі ауру болса керек, отырысымен көкірегі шулап, ырсылдап кетті (Райгүл, 19-б.). Туберкулез немесе құрт ауру деген сөздің орнына өкпесі ауру деп қолданылған.

Дәл біздің хат тануымызды күтіп жүргендей-ақ екі айдан кейін Иманжанов қатты науқастанып, төсек тартып жатып қалды (Жусан иісі, 7-б.). Мұнда Иманжановтың бір қол, бір аяғынан паралич болғандағының орнына науқастанып, төсек тартып жатып қалды деп мағынасы қатты тиетін сөздерді жұмсақ сөздермен алмастырып қолданған.

– Ой, жарықтық-ай, бір жөн сөз айта ма десе өстіп қисыққа кетеді енді, - деді жақтырмаған әпкесі күңкілдеп. Бұл сөзін құлағының мүкісі бар шал естіген жоқ. Естісе тасталқан болады (Басында Үшқараның..., 42-б.). Саңырау, керең деген сөзді құлағының мүкісі бар деп алмастырған.

– Райгүл, - деді жігіт бұрынғыдан да жәй сыбырымен, - сені әке-шешеңнің аттастырып қойғаны рас па?

– Әрине, рас. Тіпті биыл күзге дейін ұзатпақшы да. Білесің бе, кімге, әлгі профессордан хат әкелген студентке... (Райгүл, 25-б.)

– Жақсы ағаңмен ұрсысып отырмын, - деді көзіне толған жасты іркіп. – Ол кеткенде әлтек-тәлтек басып, тұрып-жығылып жүрген сен де міне, зіңгіттей азамат болдың. О, дүние-ай!.. Біз жаңадан үй боп, отау тіккен жылы сендермен көрші отырдық (Жеңеше, 111-б.).

Баяғыда ұзатылып бара жатып, әпкесінің жылағаны күні бүгінге дейін есінен кетер емес (Басында Үшқараның..., 31-б.).

Осындағы үйлену мен тұрмыс құруға байланысты сөздер аттастыру, үй болу, отау тігу және ұзатылу дегендермен алмастырылып жазылған.

– Қойшы-ей, мынау дөй ғой-ей, - деп Есікбай сілекейін Аянға тағы жақты. – Жүр ал, Есікбай көкеңнің жұдырығын иіскегің кеп тұрса (Жусан иісі, 6-б.).

Басқа біреуден жүкті боп қалған қыз бұған жала жапты, ал ағайын-туған мұны соған үйлендірмек боп, соңына түсті... (Басында Үшқараның..., 32-б.)

– Ойбай-ау, әлгі қыста атылып өлетін қыз бен баланы айтпайсың ба?! Соларды алып бара жатқан ненің ғашықтығы еді, десеңші, - деп, сөзге кекселеу мұртты адам араласты.

– Адамға еткен қайырымыңды сатуға болмайды, - деді ашуын басқан соң Мақсұт қарт жайлап қана, онан соң Тілепбергенге қарап: - Сен бізге буынсыз жерден пышақ ұрма! Қамар деген жөргегінде жатқаннан өз қолымда өсіп, тумаса да туғаннан бетер ыстық боп кеткен жан, ыстығымызға күйіп, суығымызға тоңып, көңілімен, бейілімен қанымызға қаны араласқан, ал енді оған аңдаусыз сөз айтып көңіліне қаяу салар жайымыз жоқ (Жеңеше, 120-б.).

Жоғарыдағы таяқ жеу дегеннің орнына – жұдырығын иіскеу, дегеннің орнына – жала жапты, дегеннің орнына – сөзге кекселеу деп қолданылған.

Аянның әкесі майданға аттанып, туған анасы содан екі ай бұрын қайтыс болыпты (Жусан иісі, 3-б.).

– Ойбай, әне, Есімбек атаң келді, – деді сасқалақтай сыбырлаған әпкесі. – Әсетжан, атаңның кемпірі қайтыс болған жуырда, ұмытпай қазір көңіл айт (Басында Үшқараның..., 42-б.). *Мұнда өлген дегеннің орнына – кейіпкер тілінде қайтыс болған деп қолданылған.*

Тіл білімінде тілге әдепті сөздерді әдепсіз (дөрекі) сөздермен де ауыстырып айтуды дисфемизм немесе какофемизм деп атайды.

Мағыналық жағынан дисфемизм эвфемизмдерге қарама-қарсы құбылыс. Әдеби тілдің нормасына жатпайтын, ауызекі тілдің үлгісіне жататын қарапайым сөздердің бір түрі болып саналады. Сондай-ақ дисфемизм кеміту, қорлау, іске жаратпау, мұқату ұғымдарын да білдіреді. Көркем әдебиет туындыларында жиі қолданылады, тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтыратын көркемдеуіш-бейнелеуіш құралдарға жатады.

Осы эвфемизмдерге қарама-қарсы құбылыс қарапайы сөздер көркем туындыларда стильдік мақсатпен де жұмсалады.

«Қарапайым сөздер – сөйлеу тілінде сөздің мазмұнын тұрпайыландыра, айналдыра түсу мақсатымен қолданылатын тілдік құралдар. Қарапайым сөздер лексикасына қарапайым, тұрпайы, анайы сөздер (какофемизмдер), варваризмдер, жаргон сөздер мен кейбір диалектизмдер, тұрпайы мәнді фразеологизмдер т.б. енеді (шикі өкпе, қара борбай, төмен етек, боқмұрын, мұмырай, суми, сен тұр мен атайын т.б.). Қарапайым сөздердің мынандай ерекшеліктері бар: 1) стильдік мәні бар нәрсені төмендету, кеміту, бағасын түсірерліктей болады. 2) диалектизмдер сияқты территориялық жағынан шектелген емес, жалпы халыққа түсінікті, таныс сөздер. 3) әдеби тілде қолдануға болмайтын жат сөздер» [8, 235 б.].

Қарапайым сөздер туралы түрлі пікірлер бар. Т.Т. Пірімбетов қарапайым сөздерді сөйлеу тілінің басқа да дөрекілік сипаты бар элементтерінен ажырату үшін тұрпайы сөздер деп атап, төмендегідей тұжырым жасайды: «Қарапайым сөздер деп, сөйлеу тілі элементі ретінде келіп жалпы халыққа түсінікті әрі әдеби нормаға жатпайтын, сөз мәдениеті төмен адамдарда

кездесетін, басым көпшілігі тұрпайы болып келетін экспрессивтік-эмоционалдық реңкі бар сөздерді, сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды атау қажет» [9, 9 б.].

Жазушы С. Мұратбеков те «Жусан иісі» шығармасында жалпыхалықтық тілде жиі қолданысқа түсетін экспрессивтік сөздерді кеңінен қолданады.

Аянды ортаға алып, енді жайғасып отыра бергенімізде, есік ашылып сыртқа Бапайдың кемпірі шықты да:

– Үйбай, бетім-ай, бұ дүбірлеген не десем, мыналар екен ғой. Аулақ жүріңдер әрі, өй, өңшең топырлаған немелер! Онысы несі-әй, тәп терезенің түбіне кеп үймелегендері! – деп қуып жіберді (11-б.).

Біз, бәріміз, оны мазақтап, өзін біраз жерге апарып кеу-кеулеп алдық.

– О, маубас, тарта алмасың бар сұрап неғыласың, ей, – деп табаладық (12-б.).

Аян батырлық туралы ертегіні айтқанда, біз – алым-жұлым киінген қара борбай балалар бір сәтке жадау қалпымызды ұмытып, шетіміздең: көк семсерді жарқ-жұрқ еткізіп, ат ойнақтатып жауға қарсы арыстанша ақыра шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді (13-б.).

Бұдан да басқа С. Мұратбековтың туындыларында кейіпкердің жақтырмай, ұнатпай тұрған қолданыстағы сөздері көптеп кездеседі. Қаламгер кейіпкерінің бейнесін, болмысын, бітімін аша түсу мақсатында қарапайым сөздерді қолданады және осы лексемаларға өзінше бір жүк артады. Кейіпкерлерінің жағымсыз бейнесін ашу үшін жағымсыз мағынаны беретін лексемаларды қолданады. Жағымды кейіпкер аузымен де жайсыз сөздерді жағымсыз кейіпкерге қарата айтылғанын көреміз.

Ауылдағы жұрт дүркірей жиналып кеп, өртті сөндірді. Әлдекім келіп, былқ-сылқ етіп жатқан Аянды көтеріп алды. Қарат адамның дауысы:

– Иттің баласы, пәшиске берген қолыңның құнын осы қаршадай жетім баладан алайын деп пе ең. Өй, есірік!.. – деп ақырды Тұржанға (20-б.).

Сені сабағыңнан ерте үзіп, көктей солғызған соғысқа ылғи көзім жасқа толып лағынет айтамын (Жеңеше, 384-б.).

- Жә, оттама, - деп Мақсұт қарт кесіп тастаған. (Жеңеше, 385-б.)
- *Түу, мылжыңын-ай, мына ақсақтың, - деп жол шетіне түкіріп жіберді* (Күзгі бұралаң жол, 384-б.).
- *Сергейдің шешесі дейді ғой, әй боқмұрын, сен де білгішсене қалдың-ау, ә! – деп тістене сөйлеген Қалиша, немересінің сөзіне өкпелегендей үйге қайта кетеді* (Телі өскен ұл, 407-б.).

Үй ішінде көзінің жасын ірке алмай өзінен өзі күңкілдей сөйлеп жүр:

«Әдіре қалғыр, ер жетіп, азамат болған балаға дап-дайын шеше бола қалуын»... (Телі өскен ұл, 408-б.)

Ал мына төменде берілген мысалда кейіпкердің жағымсыз бейнесін ашу мақсатында жағымсыз мағынаны беретін лексеманы қолданады:

Қанша ұйықтағаның белгісіз әлдебір уақытта Тұржанның:

– Әй, жетпегірлер, тұрыңдар! – деп ақырғанын естисің. Қозғалуға шамаң жоқ, өне бойың езіліп көзіңді аша алмайсың. Сол кезде Тұржан әрқайсымызға әке-шешеден түк қалдырмай сыбап, сирағымыздан дырылдата сүйреп, барақтың аузынан сыртқа қарай атып жібереді... (25-б.)

Кейіпкерлер тілінде жиі кездесетін қарапайым сөздер көбінесе жағымды кейіпкерлердің жетім бала Аянды аяушылық сезімдерінің ерекшелігін айқындау мақсатында да жұмсалады:

Үйге келсем, төсектер салулы, бірақ ешкім жатпапты. Атам екі көзі қанталап, терісіне сыймай тырсылдап ашулы отыр, апам көзін сығымдап жылап отыр. Не болды екен, деп шошып, босағада тұрып қалдым.

– Өй, аузыңды ұрайын, жаман неме! – деді атам жекіріп. – Тұржанның тепкісін Аянмен бірге көрсең етті... Жані тәтті шірік, көрінбе көзіме!..

Мен үн-түнсіз жер шұқылап босағада тұрдым-тұрдым да, мұнан өзге ештеңе айтылмаған соң, аяғымды, сырт киімімді шешіп төрге өттім. Тамақ сұрап ішуге бата алмай, сыбдырсыз шешініп, төсегіме жаттым.

– Сорлы жетімнің көрген күні сол да... – деді бір кезде апам ауыр күрсініп. – Қорғары жоқ болған соң басынғаны ғой.

– Е-е, бұл Өржанның баласы кісі өлтірер. Иттің сұры жаман, сұрынан шошимын... – деп қойды атам (20-б.).

Келтірілген мысалдардағы есірік, жетпегір, жаман неме, жаны тәтті шірік, сорлы сияқты сөздер мен сөз тіркестерінің құлаққа жайлы естілмейтіні белгілі. Естір адамға ауыр, жанына жайсыз тиеді. Бұл қарапайым сөздер әр түрлі эмоциялық-экспрессивтік реңкі бар, көңілдің толмауын, жек көру, жаратпау, ұрсу мағыналарын үстейді. Қаламгер қолданысындағы бұл сөздер тілдік – стильдік элемент ретінде өз орнымен жұмсалған деп санаймыз. Мұндай қолданыстағы сөздер туралы ғалымдардың мынадай пікірі бар: «Сөйлеу стиліндегі ондай тым қарабайыр сөздер көркем әдебиет стилінің табиғатына, тұтас контекс көлеміндегі көркемдікпен еш үйлеспейді, қайта оны тұрпайыландырып нұқсан келтіріп тұрады» [10, 44 б.]. Дегенмен де қаламгерлердің дені қоршаған ортаны айқын суреттеуде, кейіпкерінің ішкі жан-дүниесін беруде, образын жан-жақты ашуда осындай қарадүрсін сөздерді қолданатыны анық. Кейіпкер бейнесін аша түсуді көздей отырып, стильдік мақсатпен қарапайым сөздерді қолдану – көркем әдебиет стилінің бір белгісі болып саналады. Мұндай сөздер ауызекі сөйлеу тілінде көп кездеседі және қарапайым халыққа да түсінікті.

Көркем шығармаларда кісі есімдерінің бір түрі – лақап есімдердің кездесіп жатуы заңды құбылыс. Лақап есімдер тектен текке қойылмайды, көбіне иесінің сыртқы бейнесі мен дене бітіміндегі және мінез-құлқындағы кейбір ерекшеліктер мен кемшіліктерді көрсетуге бағытталады. Балалар бір-біріне ат қоярда объектіге қатысты физиологиялық, психологиялық фактілерді байқап, соның негізінде лақап ат қояды. Т. Жанұзақов бұл туралы: «Лақап есімдердің табиғатын, оның әр түрлі қасиет-сипаттарын социолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің мәні айтарлықтай. Лақап есімдердің түрлері, әрбір адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, адамдармен өзара қатынасы т.б. байланысына тағылған лақап есімдер тіліміздің аз емес. ...Әсіресе мектеп оқушыларының лақап есімдерін социолингвистикалық тұрғыдан зерттеу өте қызықты да, ғылыми тұрғыдан салиқалы болары сөзсіз» дейді [11, 45 б.].

Күнделікті өмірде де, әдеби шығармаларда да мұндай лақап есімдер жиі ұшырасып жатады. Балалар мен жасөспірімдер арасында бір-біріне ат қою, балалар мен үлкендердің лақап есімдерге ие болып жатуы күнделікті өмірде кездесіп жетады.

Қазір де ол Аянның алдында қыр көрсеткісі кеп:

– Тырнағың қайсы-ей, мысық? – деп, Қосымды аяғынан шалып қалды. Қосым жалп етіп ұшып түсті де, терісі сындырылған тізесін ұстаған күйі, көзі жасаурап қайта тұрды (5-б.).

– Жарайды, қойыңдаршы, - деп сөзге Аян араласқан. Бірақ осы кезде Есікбай Қосымның бас киімін жұлып ап, жерге лақтырып жіберді.

– Кет, тырнауық мысық, әйтпесе көресің, - деп кіжіңді (18-б.).

Жоғарыда берілген кейіпкерлер тіліндегі Қосымды «Мысық» деп атау жиі кездеседі, баланы да осылай атау кейіпкердің іс-әрекетімен мен мінезіне байланысты жұмсалған. Балалар арасындағы бір-біріне ат қою олардың танымы мен көзқарастарының объективті деңгейін байқатады.

Кейіпкерлер тілінде қарапайым, дөрекі сөздердің кездесуі бұл сөздердің мәні мен экспрессивтілігін күшейтеді. Өйткені мұндай сөздер нақты өмір құбылыстарына немесе адамдарға қатысты айтылады, оларды анықтап нақтылай түседі.

Сонымен, С. Мұратбеков шығармаларында кейіпкерлерінің бейнесін әр қырынан танытып, олардың образын жасауда түрлі сөйлеу мәнерін пайдаланады. Кейіпкерлердің мінезі, сөйлеу ерекшеліктері олардың ішкі жан-дүниесіне байланысты беріледі. Кейіпкерлер тіліндегі лексикалық топтарды шеберлікпен жұмсайды. С. Мұрабеков әңгімелерінің тілін зерттей келе, біз оның жалпы лексикалық тіл байлығын прозалық шығармаларда көркемдікпен қолданғанын байқадық. Қазақ тілі байлығын түрлі көркемдегіш тәсілдер арқылы ажарлап айшықтаған.

Әдебиет:
1. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Алматы, 2006. – 228 б.
2. Қожахметов Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы, 1972. – 112 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1992. – 264 б.
4. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 93 б.
5. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1979. – 214 б.
6. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002. – 180 б.
7. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1995. – 9 б.
8. Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы: «IDK-NIPO» ред. баспа орталығы, 1998. – 788 б.
9. Пірімбетов Т. Қарапайым сөздер мен сөйлеу тілінің басқа да элементтерімен арақатынасы // ҚазССР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сер. – 1986. №1. 12-16 бб.
10. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1971. – 340 б.
11. Жанұзақов Т. Ономастика және қоғам // Сөзтаным. – Алматы, 2003. - №3. – 45 б.

ӘОЖ-373.2

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛА ӨМІРІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Ахметова Т.А., *п.ғ.к.,* **Ералы А.,** *ДОВ -14к тобының студенті*
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Аңдатпа

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тілін халықтың ұлттық ойындары арқылы дамыту мәселесі қарастырылады.

Ойын баланың дене күшін арта ғана қоймай, сонымен қатар зеректілігін, тапқырлығын, ынтасын артып, жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады, ұстамдылығы іскерлігі дамиды.

Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытуға, сымбатты дене бітімін қалыптастыруға бағытталған ұлттық ойыдар ұсынылады.

Кілтті сөздер: ұлттық ойын, тілін дамыту, «көкпар», «қыз қуу», «алтыбақан», дене тәрбиесі, ойлау қабілеті.

Аннотация

В статье рассматривается проблема развития речи дошкольников через использование национальныхх игр.

Игра способствует не только физическому развитию, но и развивает внимательность, находчивость, старательность. В игре формируются организаторские способности детей, умение сдерживать свои эмоции.

В статье предложены национальные игры, способствующие развитию речи дошкольников, их физическому совершенствованию.

Ключевые слова: национальная игра, развитие речи, көкпар», «қыз қуу», «алтыбақан», физкультура, способность мыслить.

Annotation

The article deals with the problem of the development of speech of preschool children through the use of national games.

The game contributes not only to physical development, but also develops mindfulness, resourcefulness, diligence. In the game, the organizational abilities of children are formed, the ability to restrain their emotions.

The article suggests national games that promote the development of speech of preschool children, their physical perfection.

Key words: national game, development of speech, kökpar "," қуz қуу "," altiban ", physical education, ability to think.

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты – халықтың ұлттық ойындары.

Ойын-өсіп келе жатқан бала ағзасы үшін өте қажет. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы

артып, жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады, ұстамдылығы іскерлігі дамиды.

Ойын-балалар үшін күрделі әрекет. Дене тәрбиесі немесе спорт сабақтарында балаларға ойынның бағытын бере отырып, оның әділ және дұрыс өтуін қадағалаған жөн. Өйткені, мұның балаларға салауатты өмір салтын қалыптастыруда тәрбиелік маңызы зор. Жан-жақты дамыған денсаулығы мықты дара тұлғаларды тәрбиелеу ежелден-ақ халық дәстүрі.

Халқымыздың ұлттық ойындарының көпшілігі «ойлауды қажет ететін ойындарға»жатады. Балабақшада өткізілетін қимылдық ойын түрлері баланы ептілікке, зейінділікке, ұқыптылыққа баулиды. Балаларға арналған ұлттық ойын түрлері, мысалы: «Айгөлек», «Қанталапай», «Арқаласпақ», «Тақия тастамақ», «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Аударыспақ», «Асық ойын», «Хан», «Бес тас», «Тартыс» т.с.с. ойындар- балалардың дене бітімінің ғана емес, ақыл-ойының жаттықтырушысы.

Дене қимылының төмендеуі балаларға өте қауіпті. Ондай жағдайда бала бойында иммунитеті едәуір төмендейді. Баланың дене белсенділігінің төмендеуі сымбатының бұзылуына, омыртқаның қисаюына әкеп соқтырады.

Балалардың сәби шағынан бастап, дене бітімінің дұрыс жетілуіне мән беріп, дәстүрлі жаттығулар мен қимыл ойын түрлерін қолдана білгені дұрыс.

Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. [1]

Осы зерттеуде мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытуға, сымбатты дене бітімін қалыптастыруға бағытталған ұлттық ойнидар ұсынылады.

Ұлттық ойындар.

«Көкпар»

- Шығыс пен Орта Азия халықтарына ежелден-ақ таныс ойын.

«Зұлымдық атаулының аты өшсін» деген сеніммен қара ешкі сойылып додаға салынады. Ойынның тәртібі мынандай: көкпаршылар алаңды айнала тұрады да, қолында көкпары бар төреші алаң ортасына серкешті тастап, «баста» деген әмір берсе, даяр тұрған жігіттер лап қойып,ептісі іліп алады. Оны белгілеген межеге, не сыйлы бір үйге апарады. Ол үйде де қарымтада қарап қалмай, жігіттерді риза етуге тырысады.

«Аударыспақ»

Салт аттылардың бірін-бірі ер үстінен аударып алу сайысы. Бұл ойынға қайрат күші мол, батыл да төзімді, шапшаң қимылдап, ат құлағында ойнайтын жігіттер қатысады.

«Қыз қуу»

Көнеден келе жатқан ойын. Заманның өзгеруіне қарай жаңғырып, екі-екіден жұп жасақталатын болған. Негізінде ұлттық киім киген қыз ортаға шығып, топ болып тұрған жігіттердің ішінен өзіне ұнаған жігіттің мінген атының сауырынан түртеді де, шаба жөнеледі. Жігіт атын тебініп, қыз соңынан қуады. Ойын шарты бойынша жігіт қызды қуып жетсе, құшақтап бетінен сүйеді. Егер межелі жерге дейін жігіт қуып жете алмаса, қыз қолындағы қамшымен жігітті бас демей, көз демей төпеп, орнына қуып әкеледі.

«Алтыбақан»

Алтыбақан құру үшін әрқайсысының ұзындығы 3-4 метрдей алты сырық пен мықты арқан керек. Мосыңа ұқсатып үш-үштен ағашты бір жақ басына байлап, жерге қадайды. Ойнаушылар аяғын тірейтіндей етіп түйіп, арқан байланады. Бір-біріне қарама-қарсы отырып тербелген жұптар ән бастайды, Қалғандары екеуіне қосылып, түнді әуенмен көңкереді.

«Ақсүйек»

Ақсүйек ойнаушылар екі топқа бөлініп, әрқайсысы өз жетекшілер белгілейді. Жеребе бойынша ойынды бастау кезегі кімге тисе, сол топтың қарулы жігіті сүйекті құлаштап алысқа

лақтырады. Бұл сәтте қалған ойыншылар теріс айналып тұрады. Содан соң ойыншылар ақсүйекті іздеуге жүгіреді. Сүйекті алғаш тапқан адам «ақсүйек, ақсүйек» деп айқай салады да, межеге қарай жүгіреді. Ақсүйегі бар адамның соңынан басқалары тұра қуады, ол қуып келе жатқан адамның қолы сүйекке тигенше өз тобындағы ойыншыларға лақтырып үлгеруі керек. Мәреге жеткен топ қажетті ұпайды алады, не ақсүйекті лақтыру кезегіне ие болады. Қанша ұпай жинағанша ойнайтындары алдын ала келісіледі. Көп ұпай жинаған жеңіске жетіп, жеңілген жақ екінші топтың талабын орындайды.

«Теке тірес»

Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топтағы ойыншылардың саны бірдей болуға тиісті. Ойын алаңында ара қашықтығы 50 сантиметрден үш қатар сызықтар тартылады. Екі топ та дәл ортадағы сызықтың екі жағына, қарама-қарсы қатар түзеп тұрады. Ойын басталды дегенде, қарама-қарсы тұрған балалар бірін-бірі иықтарымен итеріп, қарсыласын шегіндіріп жіберуге бар күштерін салады. Сонда, қай топтың ойыншылары қарсыластарын артындағы сызықтан асыра итеріп жіберсе, сол топ жеңген болып есептеледі.

«Қуыр-қуыр қуырмаш»

Ойынның шарты:Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де,сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға:

-ортанғы саусағымды тапшы,-дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса,ұпайды бірінші бала тартады.Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап бередуі: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.
Сен тұр түйеңе бар
Сен тұр жылқыңа бар
Сен тұр сиырыңа бар
Сен кішкентай әлі жас екенсің
Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.
Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:
Қуыр-қуыр, қуырмаш
Балапанға бидай шаш
Әжең келсе есік аш
Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде қой бар
Мына жерде жылқы бар
Мына жерде жылқы бар
Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды. [2]

Қорыта келе, біз ұлттық ойындар арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеудің бірқатар мүмкіндіктерін аштық:

-Ұлттық ойын бала денесінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік туғызады

-Ұлттық ойын баланы тек денесін ширатып, денсаулықтарын жақсартып қоймайды, сонымен қатар пәндерден алған білімдерін толықтырады.

- Ойын арқылы баланың ойлау қабілеті дамиды.

-Ойын шыдамдылыққа, төзімділікке үйретеді, т.б. [3]

Міне осылайша балалар ұлттық ойындарымыз арқылы өздерін қимыл қозғалыс үстінде, бір-бірімен қарым қарым-қатынас жасау барысында өздерін дамытып отырады.

Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы — оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде.

Әдебиет:

1. Байсалбаева Г.М. « Бала болашағы», «Отбасы және балабақша журналы» - №1 2010ж. , [2-5б.] -«Отбасы және балабақша журналы».
2. А. Исмагулова «Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі» - №9 (75) 2014ж., [33-34б.]- «Қазақтың ұлттық ойындары».
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. - Астана, 2008.

ӘОЖ 821.512

М. ӘУЕЗОВТІҢ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

Ахметова Ж.Қ., Мұхитбек М.Ж.

(Еуразия гуманитарлық институты)

Қазақ халқының қилы да қиын тарихындағы «ақтаңдақ беттердің» бірі - 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс.

Қазақстанның көптеген аймақтарында кең көлемде өріс алған ұлт-азаттық көтеріліс – Жетісуда «Қарқара» көтерілісі деген атпен тарихта белгілі. Жетісудағы «Қарқара көтерілісінің» ұлттық-тарихи мәні, әдеби-рухани құндылықтары мен өзіндік өзгешеліктері, сыр-сипаттарының болғанын айту абзал. Атап айтқанда, «Қарқара көтерілісі»- патшалық Ресейдің отаршылдық-геноцидтік саясатының діңгегін құлатқан саналы қарсылық нәтижесі.

Қарқара көтерілісі – қазақ халқының ұлттық санасының, азаматтық-патриоттық рухының биіктігін дәлелдеген саяси-тарихи құбылыс.

Бұл көтеріліс патша саясатының да қанды жоспарын айқындап берді. Ол жоспар бойынша, ең әуелі қазақты қазаққа қарсы қойып, іштей ыдырату; араларына от тастау арқылы бір-біріне жау ету; одан кейін онсыз да патшаға тісін қайрап жүрген намысшыл қазақтың шамына тиетін әрекеттер арқылы қақтығыстарға итермелеу; сол қақтығыстарды қарулы көтеріліске ұтымды ұластыру; содан кейін барып көтерілісті басу сылтауымен қырып-жою, қорқыту арқылы қазақтарды өз жерін тастап кетуге мәжбүрлеу; босаған жерді емін-еркін иемдену көзделді.

Қарқара көтерілісінің көсемдері патшаның бұл саясатын күнібұрын білген, күндердің бір күнінде әйтеуір бір құрбан болатынын түсінген. Сондықтан да июнь жарлығын желеу етіп бас көтерген. Олай етпесе, өздерінен кейінгі ұрпақ не өлікке, не тірі өлікке айналатынын толық түсінген.

Қарқара көтерілісінің көсемдері (Жәмеңке 78 жаста, Ұзақ 65 жаста, Әбубәкір 49 жаста) – шетінен ел басындағы болыстар, қазіргі тілмен айтқанда, мемлекеттік қызметтегілер. Патша өкіметінің жергілікті басқару органдарының қызметкерлері. Бірақ олар ұлттық мүддені қызметтен биік қойған патриоттар еді. Бұл да – бүгінге қажетті сабақтардың бірі [1].

Әр кітаптың өз әлемі, тарихы мен тағдыры болады. Осы орайда, М.Әуезовтің «Қилы заман» тарихи повесінің жазылуы мен жариялануында өзіндік өзгешеліктер бар.

Тарихи повесть Қызылорда қаласында жарық көрді. Повесть табиғатына, жанры мен көркемдігіне қатысты қилы көзқарас, кереғар ой-пікірлер көп айтылды. Осы тұста әдебиетте – партиялық, таптық бағыт кең өріс алса, туынды авторы – «байшыл», «ұлтшыл» сынды «атақ-

даңққа» оп-оңай ие болды. Тарихи повесть зиянды деп табылды. Алайда, тарихи повестің табиғаты мен тағдырына, жазылуы мен жариялануына қатысты көзқарас, ізденістер мол[2].

М.Әуезовтың өмірі мен шығармашылығын зерттеп-зерделеген әдебиеттанушылардың басым бөлігі – туынды табиғатын, көлемі мен құрылымын, оқиға жүйесінің кең өрістілігін негізгі назарда ұстап, оны роман қатарына қосады (мысалы, Р.Бердібай, Ә.Шәріпов, Р.Нұрғали, Т.Жұртбай, Б.Майтанов, Т.Тоқбергенов т.б.).

Тарихи повесть арада алпыс жылдан астам уақыт өткенде - «Лихая година» деген атпен А.Н.Пантиелевтің аударуында «Новый мир» журналында орыс тілінде жарияланды (1972, №9). Жазушы Ш.Айтматов алғы сөз жазды.

Қаламгердің тарихи туындысы «Жұлдыз» журналында басылып (1974, №8), «Жазушы» баспасынан жарық көрген повестер мен әңгімелер жинағына енді (1975, 10-158).

«Қилы заман» тарихи повесінің орыс тіліндегі басылымына жазған алғы сөзінде Ш.Айтматов: «Абай жолына» дейін де Әуезов айтулы шебер болатын. «Қилы заман» Әуезовтің «Абай жолынан» көп бұрын, сол кездің өзінде-ақ, кең тыныстыэпикалық баяндау формасын игергендігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда «Қилы заман» - кейін Әуезовтың телегей-теңіз эпопеясын тудырған ең қуатты арналардың бірі.

...Царизмге, оның зорлықшыл аппараттарына деген өшпенділікті жас Әуезовтей соншалық суреткерлік нанымдылықпен көрсеткен, патшаның отаршылдық саясатының безбүйрек қаталдығы мен айуандығын соншалық ашына әшкерелеген, көшпенді халықтың өзіне жат патшалық әкімшілік жүйесін қабылдамауының табиғатын мол мысалымен ала отырып, соншалық тереңдікпен ашып берген, сорына қарай көтеріліске шығып, сонысы үшін қан жоса қырғынға ұшырап, туып-өскен жерінен қуылған қарапайым халықтың қасірет-қайғысын ет жүрегі езіле отырып айтып берген мұндай шығарманы мен шығыс әдебиетінен сирек кездестірдім»,- деп туынды табиғаты мен мұратының, шындық пен шеберлік сипаттарының айқын да бедерлілігін бүкпесіз айтып, ағынан жарылады [3].

Кітаптың алғашқы бетінде: «Әуезұлы Мұхтар. Қилы заман. Тарихи повесть (Ұзын әңгіме). 1916 жылғы Албан көтерілісінен. Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1928 жыл» деген анықтама берілген. «Баспадан» деген қосымша және бар. «Қосымшаны» тұтас оқысақ, баспа ұстанымы мен уақыт тынысын терең сезінуге әбден болады:

«Қилы заман» романы қазақ ішінде болған зор уақиға 1916 жылдағы Жетісудағы Албан қазақтарының «ақ патша» жарлығына қарсы жасаған көтерілісінің қимылын суреттейді. Бұл оқиға қазақ арасында төңкерісшілдік мәні бар, тарихи маңызы зор құбылыс.

«Қилы заман» тарихи повесі – Ресей отаршылдығына, әміршіл-әкімшіл жүйеге қарсылықтың көркем үлгісі, өмір шындығы мен уақыт тынысының реалистік сипат алған жарқын көрінісі һәм тағылымды өнегелерінің бірі.

Тарихи повестің бастапқы һәм салмақты бөлігі Албан елінің өмірі мен тұрмысына арналған. Қарқара жәрмеңкесі тұсындағы ауыл-елдің көрінісі, Албан жайлауын жайлаған қалың жылқы, табын сиыр, тірескен малдар байлық көзін, тіршілік тынысын терең танытады. Әсіресе, «Киіздей қалың көк шалғынды Қарқара жазығы ерте күннен Албанның құт-берекелі жайлауы еді. Мыңдаған жылқы, сан қора қой, ала жаздай ірге аудармай жабысып, жалмап жатқанда, бұл жазықтың жібектей толқыған өскелең шалғыны сыр білдірмей шыдайтын, әрбір жауын екілендіріп, өршелендіріп түсіргендей құлпыртып, жетілтіп отыратын. Түн асса тыңайып, жетісіп қалатын құт даласы осы жәрмеңкедей мал кезіне әдейі арналып жаралғандай еді».

Бұған қоса Қарқара жазығын – Бұхар, Қашқар, Құлжа, Тәшкен, Самарқан, Хиуадан әкелінген әр алуан тұрмыстық тауарлар көздің жауын ғана алып емес, қалың көптің қажетін де толық өтейтін еді.

Алайда, жәрмеңке қызығын да, табыс көзін де – айтқан сөз, атқан оғы арқылы уысында ұстаған «қарынды пристав» - «Ақжелке» Подпороков пен оның төңірегіндегі ұлықтар мен тілмаштар көрді. Олар билік пен білек күшін қарапайым халыққа батыл бағыттады. Бас көтерген, қарсы тұрғандарды аяусыз жазалап, күш қолданды. Абақтыға жапты. Абақты да пайда көзі, «үлкен сайын орны» болды. Осы тұста жазушы еңбегі мен ізденіс іздеріне жіті үңілсек, ұлт мұраты мен тағылымына, ел-жердің тарихы мен тағдырына, ауыл адамдарының

азаттық-бостандық жолындағы жанкешті әрекеттеріне еркін еніп, халықтық қозғалыстың түпкі сыр-сипаттарына айрықша мән-маңыз бергенін байқар едік.

Ал, «Маусым жарлығының» елге жетуі, оны пристав Ақжелкенің өз мүддесіне барынша бағыттап, сосынғы жерде урядник Плотников, болыс Рахымбай, тілмаш Оспан болып қалың көпке қысқа жеткізуі, әрине, өмір, уақыт шындықтарына сай суреттеледі. Жарлықтағы «Он тоғыз бен отыз екінің арасындағы азаматты қазақ елі әскер керегі үшін, тезінен жинап, өкімет қолына тапсыруға керек» деген тұстары қарапайым халыққа жайсыз тиді. Бұл күнге шейін түзелер, ондалар деп күтіп келіп еді, енді түзелмейтініне көз жетті. Елдің шыдамын тауысты. Бұдан арыға шыдай алмаймыз. Бала бере алмаймыз».

Осы тұста қалың көптің арасынан алдымен – «сұр жүзді, шоқша сақалды, ер көзді» Әбубәкір, сосын сәл кейінірек «кішілеу дөңгелек денелі, бурыл сақалды» Ұзақ, «қырандай кәрі» Шораяқ, «алғыр шешен» Жәмеңке, және олардың төңірегіндегілер елдің сөзін айтты.Ұлт тағдырына алаңдады. Ақбейіт, Айтөбе, Көкжота, Жел Қарқара, Таңбалы тастағы жиындар – елдіктің, татулық пен бірліктің үлгі-өнегесін көрсетті. Олар халықпен жиі бас қосты. Бірлесіп, кеңесіп отырды. Қарақол, Жаркент, Жалаңаш, Нарынқол, Саржас сияқты шағын қала, елді-мекендермен де байланыс орнатты. Жалпы, жазалаушы отрядқа қарсы әр алуан іс-әрекеттер кеңінен ойластырылды. Алайда, мұны ұлық, оның төңірегіндегілер ұнатпады. Қозғалыс басшыларының соңына түсті. Абақтыға жапты. Азаптады, атты.Абақты эпизодтарынан да азаттық пен бостандыққа ұмтылыс байқалады. Ондағы азаттықты аңсаған адамдардың өзара әңгіме-сұхбаттарынан ел-жер тағдыры, бостандық пен еркіндікке ұмтылған жанды, шынайы көріністер еркін танылады. Ал Жәмеңке, Ұзақ, Әбубәкірдің тергеуші сұрақтарына қайтарған жауаптарынан ұлттық мұраттар, елдік мәселелері, айқын мақсаттар терең танылады: «-Ел: ұлық бізге әділетсіздік қылды. Жерімізді, суымызды алып, өзімізді шөлге тастап, қамап, тауға қуып шығып отыр. Шығынын, алымын алып отырып, не айтқанының бәріне көніп істеп отырсақ та, бізді әлі күнге өз елім, дос елім санамайды. Жау деп біледі. Бізге екі сөз айтса, ол жалған болды-ау деп те ойламайды. Баяғыда солдат алмаймын деген, солдат алғысы келеді. Жерді алмаймын деп еді, оны алып отыр. Наразылығымызды айтсақ, тыңдамайды. Сөзімізді жеткіз деген кісімізді айдайды. Абақтыға алады. Жазалайды. Өзімізді ренжітсе, өзіміздің арызымызды тыңдамаса, сөйлетпесе, ол ұлықты жақсы ұлық деп қайдан айтамыз? Оның айтқанын қалай істейміз?» – дейді».

«- Менің айтқаным: не Жәмеңке айтқанды істе, не болмаса елдің екінші айтатын сөзі баяғыда ақ патшаға қарағанда солдат алмаймын, алымын ғана аламын деген. Бүгін ол сөзім қата екен, енді солдат алғым келді десең, баяғыдан бергі елдің шығынының барлығын қолына түгендеп санап бер де, солдатыңды ал, анаған көнбесең, ел осыны істесін дейді. Менің жауабым осы,» - дейді. Осыдан соң ояз, прокурор екеуі болып арлы-берлі қағытқан, қажаған, ұрысқан сөздің ешбіріне де жазалылар жасыған жоқ.

Жәмеңкенің қайтыс болуы, оның сүйегін қайтару мен абақтыдағы адамдарды босату жөніндегі көпшіліктің талап-тілектері ұлтттық салт-дәстүрге сай өріс алса, Ақжелке мен оның төңірегіндегілер бұл көрініс-жайттардан қатты қаймығып, абыржығандары анық еді.

Бұдан кейін жоғарғы ұлықтан: Жәмеңкенің сүйегі берілмесін, бүлікшілікті басқарған басшылар абақтыдан босамасын, қарсы күштерді аяусыз жазалау керектігі турасындағы ақпарат қалың көпті күйзелтіп жіберді. Абақтыдағы Әбубәкір, Ұзақтар да бұның соңы қақтығысқа апаратынын сезді. Көп ұзамай қозғалыс, қақтығыс басталып та кетті. Ол абақтыға да жетті. Жекпе-жек те, кекке-кек те кең өріс алды. Осы ұрыста Ұзақ қатты жараланып, мерт болса, Әбубәкір әрең дегенде қашып құтылып, аман қалды.

Баймағанбет, Жансейіт, Көкбай, Қартбай, Ыбырай, т.б. ортақ мұрат жолында аянбай күресті. Мұның бәрінен, сөз жоқ, азаттық пен бостандыққа ұмтылыс, ел-жерге сүйіспеншілік, өмірге, еңбекке құштарлық кеңінен көрінеді. Халық өмірі мен тарихы, тағдыр-талайы да уақыт шындықтарына сай кең өріс алып, көркемдік ізденіс, реалистік сипаттар дара дарын қолтаңбасын танытып, шынайы шеберлік сырларымен табиғи үндестік табады.

Повесте халық пен билік арасындағы қатынасқа, қарсылықты тұстарға кең орын беріледі. Қарқара жазығы мен сондағы базар ортасында халыққа қарсы бағытталған арнайы

орын бар. Жазушы ол туралы: «Жазықтың орта кезіне қара құрттай қайнаған жәрмеңке сол өзеннің жағасында. Базар ортасында ұзын биік ағашқа аспандатып көтерген ақ жалауда екі басты самұрықтың суреті желкілдейтін. Бұл қомағай қарынды, жалмауыз тілекті ертегі обырының айқын тұрған белгісі еді. Обырды туғызған ана – жалмауыз түсті ұлық. Соның айқын таңбасы – ертегі айдаһарындай екі басты, жайын түсті самұрық.

Бұның жәрмеңке басындағы тірі жүрген қолдары, атқан оқ, шапқан қылышы, жемқор, семіз қарынды пристав – «Ақжелке» Подпороков та, айналасындағы жорға құлдары: ұсақ төрешіктер, бұның ішінде қазақтан шыққан өлі жылтыр, қарны томпақ тілмаштар. Соңғыларда маңайына қарайтын екі түрлі көз бар. Бірі – жар төсегін арамдап қойған, жүрісі сұйық тоқалдай жағына, жалтаңдай, жорғалай қарайтын жасқаншақ көз. Бұл – приставқа, судьяға, жәрмеңке ұлығына қарайтын көзі. Екіншісі – сыздана, кесірлене, керги қарайтын, асқақ, мақтаншақ, жемге қадалған қомағай көз. Ол –қазаққа, елге қарайтын көзі», - деп жазады.

Повестегі пристав Ақжелке (Подпороков) бейнесі осы тұстан бастап көрінеді. Ол – халыққа қарсылықтың, озбырлық пен тоғышарлықтың үлгісі ретінде есте қалады. Оның жәрмеңкедегі қарапайым халыққа жасаған негізсіз айыптаулары мен арандатушылық әрекеттері, қисынсыз да кереғер өктемдігі мен озбырлықтары билік күшін өлшеусіз пайдаланатынын, өз мүддесіне мейілінше мол бейімдейтінін айқын танытады. Әсіресе, «Маусым жарлығы» тұсында халыққа, оның танымал тұлғалары - Жәмеңке, Ұзақ, Әбубәкір, т.б. жасаған зорлық-зомбылықтары, қиянат-кедергілері оның бітім-болмысымен бірге билік ісіне «берілгендігін» де танытар еді. Оның «іргелі істерін» жүзеге асыруда уезд помощнигі Хлыновский, урядник Плотников, болыс Рахымбай, тілмаш Жебірбаев пен Оспан т.б. қысқа жолын жалғап, көп көмек етті. Жолын ашып, ойын жүзеге асырды. Ақжелкенің өктемдігі мен озбырлығы, тоғышарлық сипаттағы ұрда-жық әрекеттері – Айттөбе, Ақбейіт, Таңбалы тастағы жиындарда, сондай-ақ патша жарлығын түсіндіру ісіндегі болыстармен, халықпен кездесу кездерінде де кеңінен көрінеді. Мұның бәрінен, әрине Ақжелке – Подпороковтың билік ісіндегі «шексіз шынайылығы» көрінгенімен, халыққа жайсыз, сөзі мен ісінде бірлік, тұрағы жоқ тоғышар тұлға екендігі барынша айқын, сенімді суреттеледі.

Повестегі пристав тілмашы – Жорғабаев пен Оспан, уезд помощнигі Хлыновский, урядник Плотников, болыс Рахымбай т.б. патша жарлығын жүзеге асырумен бірге, Ақжелкенің сенімді серіктері. Билік пен халық арасындағы артық-кем тұстарды, ұнамды-ұнамсыз көріністерді, өз мақсат-мүдделеріне бейімдеуге келгенде алдарына жан салмайды. Керісінше, халыққа қырын қарап, келеңсіз мінез-қылықтарымен әр алуан зорлық-зомбылықтар жасап, жолдарын жауып, кедергі келтіріп, қисынсыз кереғарлықтарға кең өріс ашып отырады. Бұл реттен алғанда, Ақжелке – Подпороков, Плотников, Жорғабаев, Оспан, Рахымбай, т.б. халыққа қарсы топ қана емес, билік тізгінін еркін пайдаланып, отаршылдық сойылын соғушы озбыр да өктем топ өкілдері болып та есте қалады. Олардың қалың көпке кедергі-қайшылықтары, өзіндік мақсат-мүдде жолындағы іс-әрекеттері өмір оқиғалары мен тарихи жағдаяттарға сай өріс алады. Қоғамдық ахуал, уақыт бедері мен өмір-тұрмыс сырлары кезең шындықтарымен үндестікте, реалистік сипаттар негізінде беріледі.

Тарихи повестің соңғы бөлігі жүйелі, жинақы, жылдам өріс алады. Қалың көпшіліктің Қытайға бет бұруы, Қарқара жәрмеңкесінің орны өрт құшағында қалуы, Алатаудың жазиралы жайлауы мен жан-жануарлардың иесіз күй кешуі, сондай-ақ Дәулетбақ пен Тұңғатар байдың, тілмаштар - Жебірбаев пен Оспанның елден жырақ қалып, бұралқы иттей үрпиіп, көзге шыққан сүйелдей болуы – әлеуметтік-қоғамдық, ұлттық-тарихи ахуалды аңғартумен бірге көркемдік арналармен табиғи үндестік тауып, шеберлік пен шешендіктің үлгі-өрнектері негізінде барынша айқын, нақты сипатта суреттеледі.Бұдан, әрине «Маусым жарлығын» жалау-желеу етіп, сол арқылы халыққа қиянат пен қасіретті арттыра түсті. Отаршылдық саясаттың әр алуан, қилы сипаттағы амал-тәсілдерін де кеңінен қолданып, осының негізінде жеке мүдделерін жүзеге асырып отырды. Ал, қарапайым халық әміршіл жүйенің жазалаушы тобының екпіні мен тепкісін көрді. Қиын-қыстау күндерді бастан кешіп, қайшылық-қақтығыстардың, қиянат-қасіреттің, зорлық-зомбылықтың мың сан түріне де кезікті. Осы реттен келгенде, профессор Б.Майтановтың «Кеңестік дәуірде орысқа қарсылық идеясы бар деген болымсыз қауіптен

қорқып, әзер жарияланған туындыда проза жанрының бәріне тән белгілер қамтылған. Шығармада бейнеленетін жағдай-деректердің арғы тарихы, тартыстың жетілу, ширығу жолдары кезең-кезеңге бөлініп жатпайды. Баяндау, диалог репликалары арасындағы шағын уақыттық көлемдегі іс-әрекеттердің орын тәртібі ауысқан жағдайдан өзге мәтін құрылымында бір бағыттағы ілгеріні көздеген меже басым. Повестің тартымдылығы, мазмұндылығы автордың дүние қабылдау табиғатының мол эмоционалдық, талдаушылық рухқа толы, ал, бар көрініс суреттеудегі ерекше көркем, аршынды, адуын, өткір терең этномәдени сипаты және стилистикалық ерекшеліктеріне байланысты.

...Қарқара көтерілісі – XX ғасыр соңындағы ұлы өзгерістерге бастаған тарихи-әлеуметтік факторлардың бірі. Тарихи жады жаңғырығы қазақ қауымының алыс дәуірлердегі асқақтаған айбарлы күндерін ұмыттырмайды»,-деп кезең кестелеріне байыпты барлау жасап, халықтық сипаттарға ден қоюында таным-талғам өлшемі, танып-талдау мұраттары қатар көрінеді.

«Қилы заман» тарихи повесіндегі ұлттық мұрат пен көркемдік шындық сырлары мен халқымыздың байырғы өмір-тарихы, тағдыр-талайы толық танылып, азаттық жолындағы іс-әрекеттері, ерлік-елдік сипаттары, ата-дәстүрдің үлгі-өрнектері кең орын алады.

Тұтастай алғанда, М. Әуезовтың «Қилы заман» повесі – қазақ тарихындағы күрделі кезең – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи сыр-сипаттарын, Қазақ – Ресей қарым-қатынасының нәзік те қатерлі тұстарын, ел мен жердің құдірет-қасиеттерін, халық өкілдерінің (Әбубәкір, Жәмеңке, Серікбай т.б.) жанкешті әрекет, өнегелі өмірлерін шынайы шындық пен көркемдік мұраттарға сәйкес суреттеген тағылымды туынды.

«Қилы заман» тарихи повесінің қалың көпке қымбат та қастерлі қырларын көрсететін ұлттық және әдеби-мәдени, көркемдік-рухани қазына болып табылады .

Әдебиет:

1. Әуезов М. Қилы заман. – Алматы: Жазушы, 1975.
2. Қилы заман және Алаш идеясы // Жас алаш.– 2008.–9 қазан. № 81. – 4-5 б.
3. Айтматов Ш. М. Әуезов әлемі. – Алматы: Жазушы, 1997. – 198 б.

ӘОЖ 371.671.1

БАЛА ТІЛІН КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Ахметова Т.А.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ,«Қазақ тілі» кафедрасы, п.ғ.к.,
Петропавл қ., a_tanya67@mail.ru)

Бекмұханбет С.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, ДОВ-14к тобының студенті)

Аңдатпа

Мақалада балалардың тілін дамыту процесіндегі көркем шығармаларды оқытудың маңыздылығы айқындалады. Көркем шығармалар балалардың тілін дамытумен қатар олардың рухани байлығын, интеллектісін дамытады, ойлау қабілеттерін арттырады. Сонымен қатар, автор мектеп жасына дейінгі балаларға оқып беретін көркем шығармалардың үш түрін атап өтеді және әдеби шығармаларды оқу мен сабақты жоспарлауда ескерілетін жайттарға сипаттама береді. Мақалада көркем шығарманы оқыту әдістемесі де қарастырылады. Сонымен, көркем шығарма бала тілін дамытып қана қоймай, баланың тіл мәнерлігіне, сөздік қорының молаюына әсері мол.

Кілтті сөздер: көркем шығарма, ұлттық тәрбие, тіл дамыту, сөздік қоры, рухани байлық, ойлау қабілеті.

Аннотация

В статье определена значимость чтения художественных произведений для развития речи детей. Художественные произведения не только способствуют развитию речи детей, но и способствуют развитию их духовного богатства, интеллекта, повышению их мыслительной способности. Наряду с этим, автор выделяет три вида художественных произведений для чтения и описывает отдельные моменты организации чтения. В статье

рассматривается и методика организации чтения художественных произведений. Таким образом, художественные произведения способствуют не только развитию речи, но и обогащают культуру речи и словарный запас ребенка.
Ключевые слова: художественное произведение, национальное воспитание, развитие речи, словарный запас, духовное богатство, мыслительная способность.

Summary

«реальность» – места и людей без вторжения автора, картину происходящего как таковую. Документальный фильм о путешествиях является своего рода презентацией зарубежных стран и их жителей и привлекает большую разновозрастную аудиторию– трэвел-репортаж. Относится к тематическому виду репортажей, выполняющему культурно-просветительскую и социально-педагогическую функцию, исследуя жизнь в различных ее проявлениях. Требует основательной сценарной подготовки, определения ключевых моментов действия и последовательности показа. Журналист является одновременно пытливым экскурсантом (на объекте) и отчасти экскурсоводом (для зрителей), не подменяя, однако, тех, кто работает на месте съемки постоянно и может дать более глубокие и интересные сведения. Роль репортера в тематическом репортаже – облечь всю информацию в популярную, увлекательную форму. Работу репортера отличает нестандартный взгляд на происходящее, умение подметить в нем интересные подробности. – путевой очерк. Характерна смена объектов, нередко обостренная динамика повествования. В телевизионном путевом очерке события и факты не просто фиксируются, но осмысливаются под углом зрения автора, оцениваются, трактуются в свете его идейнохудожественной позиции. Композиционное построение не подчинено «фабуле фактов», факты свободно отбираются и перегруппируются, а также создается особая монтажная стилистика (сопоставление, столкновение, ассоциативные сближения и пр.). Как утверждают Г. В. Кузнецов, В. Л. Цвик, А. Я. Юровский, «текст путевого очерка строится на образных сравнениях, насыщен познавательными элементами, содержит индивидуальные оценки, ведущие к глубоким обобщениям» – трэвел-шоу. Жанр легкой развлекательной журналистики, набирающий популярность в России последние годы. Как правило, из-за специфического формата трэвелшоу не аналитичны и принадлежность этой категории к профессиональной журналистике можно оспорить. За рубежом выделяются такие подтипы трэвел-шоу, как шоу-варьете и викторины-варьете (гибрид документального трэвел-фильма, обучающей программыинструкции и телевикторины). Второй уровень – циклы телевизионных передач. Н. Баландинский, рассматривая существовавшие и существующие на российском ТВ программы, освещающие географические, культурологические, этнографические и исторические вопросы, непосредственно связанные с форматом передвижения «по странам и континентам.

Литература:

1. Корконосенко С. Г. Основы журналистики: учебник для вузов. — М., 2011.
2. Основы журналистской деятельности: учебник для бакалавров / под.ред. С. Г. Корконосенко. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательство Юрайт, 2013. — 332 с.
3. Прохоров Е. П. Введение в теорию журналистики: учебник.
4. Редькина Т. Ю. Рекламные интенции в трэвел-медиатексте// Медиатекст как полиинтенциональная система: сб. статей / Под ред. Л. Р. Дускаевой, Н. С. Цветовой. СПб., 2012. С. 183 — 190.
5. Редькина Т. Ю. Средства реализации развлекательной функции в трэвел-тексте
6. Тертычный А. А. Жанры периодической печати. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 312 с.
7. Лучинская С. Ю. Журналы-травелоги в условиях глобализации масс-медиа: дис. … канд. филол. наук. – Краснодар, 2009. – 165 с.
8. http://journals.mosgu.ru/trudy/article/view/284/329
9. http://stud.wiki/journalism/2c0b65635a3bc69a4d53a88521316c26_0.html
10. http://nauchkor.ru/pubs/prikladnaya-rol-trevel-zhurnalistiki-587d363c5f1be77c40d58a2c
11. http://journalismcourse.kz/files/20журналистика%20в%20Казахстане%202.pdf

ӘӨЖ 004.81:159.9

Е.АСҚАРОВ ПЕН М.ҚАНҒОЖИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ КӨРІНІСІ

Есматова М.Т., Нұрмұхамбетова М.
(М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті)

Солтүстік Қазақстан өңірінің жерлес ақын-жазушыларының поэзияларындағы ұлттық-мәдени құндылықтарды көрсететін концептінің бірі – табиғат. Табиғат құрылымы поэтикалық дискурста қазақ халқының өмірін, шаруашылығын, көшпелілік жағдайдағы табиғатпен біте қайнасқан тыныс-тіршілігін объективтендіреді. Табиғат құбылыстары (жыл мезгілдері, су атаулары, астрономиялық атаулар) «табиғат» концептісінің құрылымдық элементтері ретінде соның аясында бір арнаға тоғысады. «Табиғат» өлеңдердегі концептілер жүйесін түзудің қайсысында болмасын (өмір, ақындық т.б.) кездеседі. Оларда табиғат құбылыстары адам өмірімен, ақындық шабытпен, абстракт ұғымдармен салыстырылады. Автордың концепт қалыптастырудағы ойлау инфрақұрылымының негізін түзеді. Сонымен бірге, «табиғат» – өз алдына жеке концептілік құрылым жасайды. Оны жасауға қатынасатын бірліктер – табиғат құбылыстары, адамға тән қасиеттердің жан-жануарларға, жансыз заттарға ауысуын білдіретін антропоморфтық метафоралар.

Сұлу табиғат көрінісін жырға қоспаған ақын-жазушы жоқ. Теңіздің сырын тамшыдан тануға болатыны сияқты, ақын-жазушылар тілінің көркемдік ерекшелігін, әсіресе тілін тану үшін бір ғана пейзажға тоқталсақ та жетіп жатыр. Пейзажды біз, әдетте, көркем шығармада суреттелген табиғат көріністері дейміз. Рас, пейзаж - табиғат. Бірақ бұл жеткіліксіз. Нағыз пейзаж - поэзия! Мінез! Адам! Неге десеңіз, адамның қабылдауынан, сезіну-түйсінулерінен, көңіл күйінен тыс табиғат суреті - пейзаж жоқ. Пейзаж жазушының стилін де белгілейді. Пейзаж образ сырын ашады. Ал образ - адам. Дәл осының дәлелі – Ерік Асқаров өлеңдеріндегі пейзаж (Алдымен, бұл неткен бай табиғат!). Өлеңдерінің әр бетінде әр түрлі тіршілік дүниесі бар. Мысалы:

Жауып жатыр жапырақтар жалтылдап,
Күзгі леппен дем алады алтын бақ.
Ойға батқан әлденеге ақ қайың
Жапырақсыз тұр, әнеки, қалтылдап... («Жауып жатыр жапырақтар жалтылдап»)
Нәзік белін мың бұрап,
Ағады Есіл сылдырап.
Күлкісі – күміс қызына,
Қарайды Арқа тұнжырап... («Барады ағып ерке Есіл»)
Көргің келсе қар бүркеген боранды –
Жаннан кешкен жаһанкезге еліктеп,
Көргің келсе хаса сұлу көктемді,
Қызғалдаққа ғашық болсаң сен егер, -
Желек жапқан ақ қайың да, терек те,
Жаз да сұлу менің туған даламда.
Абай айтқан шыбынсыз жаз керек пе, -
Мына біздің Қызылжарға кел онда... («Туған топырақ»)

Өлеңдерінде қазақ даласының хош иісті гүлі, қызыл шымқай қызғалдағы, қошқыл-кермек жусаны, сида-бұта шиі, домаланған қаңбағы, шиыр-шалғыны, кербез тауы, көк тіреген шыңы, түпсіз тұңғиық құзы, күлкішіл өзені, ақ айдын көлі, жасыл майса көгалы, торғын аспаны, шудаланған бұлты, сіркіреген жаңбыры, ақ ұлпа қары, асау бораны, ерке желі, тентек құйыны, шымыр сызы, шымшығыш ызғырығы, сұлаған бел-белесі, ойшыл орманы, тынысты тоғайы, ақ ару айы, жымыңы көп жұлдызы, мөлдір шығы, тұнжыр тұманы, алдамшы сағымы... -

күндізі, түні, - қысы, жазы, күзі, көктемі... - бәрі, бәрі бар. Осының бәрі жан тебірентер ғажап, мың құбылған түрі бар, сан иірім сыры бар - тұтас бір образ, адам мекені, халық мекені - дала образы!

Ақынның пейзажы - бай палитраның түрлі-түсті бояуларымен келістіре салынған сурет қана емес, шынында да құдды жанды адам: дем алады, қозғалады, жадырайды, жабырқайды, күледі. Жылайды - дәл адамша әрекет етеді.

Сібірдің төсі – ақ орман,
Алғыспен елі ағарған.
Бабаның балдай арманы –
Сібірім – бізге әлі арман (Е.Асқаров, «Сібір») деген өлең жолдарындағы ақ орман, алғыспен елдің ағаруы секілді метафоралары игіліктің, жақсылықтың нышаны ретінде қолданылған тіркестер.

Кіндік кескен жерім, сені жырға мен,
Қосам талай-
Саған тәнті бір жан ем.
Ізден мені ақ бораның ұли ма?
Құлдыраңдап тауды кезген құлжаң ем (Е.Асқаров, «Туған жер») дегендегі ақ боран метафорасы бір қалыпты, бір деңгейде ұзаққа созылған табиғат құбылысына қатысты айтылып тұр. Көптеген шығармаларда «ақ боран» - аспан әлемін мұнартып, үдей соғып, ұзаққа созылатын боран, «ақ жауын» - жер мен көк бозғыл тартып, ұзақ уақыт себелеп жауатын жаңбыр.

Көркем шығармаларда пейзажды суреттейтін метафоралар өте жиі кездеседі. Пейзажды бейнелердегі метафоралы ауысулардың когнитивтік үлгілерін көрсетуді жерлес ақынымыз – М.Қанғожиннің шығармаларын пайдаланып, талдауды жөн көрдік.

М. Қанғожин - туған жер, өскен жер жайлы жазылған өлеңдері арқылы оқырманның жүрегіне терең ұялаған ақындарымыздың бірі. «Қараағаш», «Ақ қайыңдар аралы», «Өскен жер», «Орман әні», «Қасиетті мекенім» атты өлеңдерімен өз оқырмандарын тапты. Ел жүрегінде сақталатын, аты қалған дарынды ақын Есләм Зікібаевтің ақындық өнерін жалғастырушы. Өзінің өлеңдерінде көркем образ жасауда, сұлу табиғат көрінісін жырға қосуда көріктеу құралдарын шебер қолданады. Поэзия мен табиғаттың бір-бірімен ажырамас дүние, тамырлары тереңде, бір арнада тоғысқан тұтас жүйе екені белгілі. «Табиғат – поэзияның объектісі ғана емес, оның бойына қуат бітіретін, өңін киргізетін сұлулықтың арсеналы тәрізді. Тіпті көркемдік-бейнелеу амалдарының неше алуан түрлерін ақындардың табиғаттан алатыны белгілі», - деп жазады зерттеуші Ә.Нарымбетов [1,4 б.].

Метафора – халық тұрмысының, кәсібінің, ой-өрісінің тарихи көрсеткіші. Кейбір жазба нұсқалардың метафораларына қарап, қай заманның туындысы екенін және сол заманның ерекшелігін анық байқауға болады. Жалпы метафораға мынадай түсініктеме беріледі: «Метафора (гр. metaphora - ауысу) – зат пен құбылыстың ұқсас белгілеріне қарай (түрі, түсі, қызметі, т.б. қасиеттеріндегі) сөздің ауыс мағынада қолданылуы» [2, 213 б.]. Мысалы:

О, үйім, менің – Отаным,
Қойныңда құт бар – мол бақыт!
Өмірдің алтын оттарын,
Лаулатам сенде әр уақыт... («Үйіме»)

Сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейтуді метафора деп атаймыз [3, 219 б.]. Пейзажды бейнелеуінде метафоралар мол қолданылады. Мысалы:

Ақ қайың – үкілі орман жайған қанат,
Сыңсиды жыр тартқандай айдан ғажап.
Жүректей тынбай соққан тар кеудеде,
Тулайды бура толқын жардан құлап... («Ақ қайыңдар аралы»)

Метафора ақ қайыңдар аралына сипаттама беріп тұр: үкілі орман, қанат жаю, бура толқын, тар кеудеде соғу, т.б. Ақынның шеберлігі – ерке Есілдің табиғатын Ақ қайыңдар аралына айналдырады.

Ерке Есіл Арқа аруы сылдыр қаққан,
Тентектік мінезі бар тезге батқан.
Ақ төсін таңғы арайға аймалатып,
Меруерт күлкісімен қырды оятқан... деген өлең шумағында ерке Есіл, Арқа аруы, тентек мінез, ақ төсін аймалатқан, меруерт күлкі, қырды оятқан деп табиғаттың бөлшектерін метафоралайды.

М. Қанғожинның өлеңдеріндегі ұлттық-мәдени құндылықтарды көрсететін концептінің бірі – «табиғат». Оның концептілік ұғымы - табиғатпен байланысқан халық өмірін, тарихын, шаруашылығын бейнелеу.

Ақ қайың атырабы – оқалы орман,
Бойына бауыр басып бабам қонған.
Кереге-уық жонып құба талдан,
Алысқа көз жүгіртіп, ойға шомған...
Тербетіп бойындағы тіршілікті.
Ағының алға асулап өршіпті.
Жағаңнан ер Қосайлар жауын қуып,
Құлшынып қызыл жарға ту тігіпті... («Ақ қайыңдар аралы») деген өлең жолдарынан оқалы орман, бауыр басу, құба тал, ойға шому, тіршілікті тербетіп, ағыны асулап өршу, қызыл жар сияқты метафоралар - табиғаттың адам өмірімен, деректі-дерексіз ұғымдармен, ақындық шабытпен салыстырыла берілген көркемдік ерекшелік.

«Пейзаж – табиғат» деп жоғарыда айтылды. Ендеше «дала», «күн», «ақ қайың», «ауыл», т.б. концептілермен, адамның әрекеттеріне ие табиғат құбылыстарымен астасып жатады.

Күн шықты ерке,
Желбіреп алтын айдары.
Шашылып ақық –
Құйылып сәуле ақ қарға.
Ілініп жақұт –
Қыраулы тылсым бақтарға
Керіліп, жайнап,
Ақ дала жатыр шалқайып... (Ауыл таңы) жолдарында күннің алтын айдары, құйылған сәуле, тылсым бақтар, ақ дала, керілген, жайнаған ақ дала сияқты пейзажды метафоралар жансыз заттарға сипаттама беріп, дала мен күннің еркіндігін бейнелейді.

Қазақи бәз баяғы қалпында қыр –
Кең жайлау, қоңыр домбыра, салқындап жыр...
«Балықтым» күн қондырған айдынына,
Сұлудың жанарындай жарқылдап тұр... («Кеудемнен жаным тулап атып шығар») өлең жолдарында «қазақи қалпында тұрған қыр» - қазақ халқына тән қарапайымдылық, оның астарында молшылық, шексіздік, «кең жайлау» метафорасы - байлықтың, сұлулықтың, көркемдіктің бейнесі.

Арқаның қысы, қазақтың қысы – ақ қабақ,
Қалқыған орман – оранып алған ақ мамық.
«Уф!» еткен желмен төгіліп кетер күмістей
Даланы күйге кернемей қалай тоқтамақ?!
Мүлгіген қыстың сыры да маған танымал,
Онда бар әсем сұлулық адам табынар.
Онда күй бар, орманнан аулақ кетсең де,
Көңілің, шіркін, әуенін әр кез сағынар («Орман әні»). Өлеңде автор қыс мезгілін бейнелі сипаттауда «Арқаның қысы», «қазақтың қысы», «даланы күйге кернеген мезгіл», «адам табынар әсем сұлулық бар мезгіл» деп, стереотиптік танымда бейнелі тұрғыдан суреттейді.

«Тағы да көктем келді» деген өлеңінде ақын бұл мезгілдің өзіндік ерекшелігін адамның көңіл-күйімен байланыстыра, сындық бейнені тудыратын, әлемдік бейнені танытатын абстрактылы ұғымдарды нақтылауға көмектесетін сөз орамдарымен береді.

Тағы да көктем келді, көктем келді,
Құлпыртып, думандатып көк пен жерді...
Көтеріп Жеңіс туын желбіретіп,
Көктем келді көңілді елжіретіп...
Алғаш рет биыл күн күркіреді,
Қырдың қызыл гүлдері дүркіреді...

М.Қанғожинның өлеңдерінде пейзаждық метафоралар сындық белгіге ие табиғат құбылыстарын бейнелейді: балдай үн, күміс сылдыр ән, ақ жауын, құдіреті күшті көктем, ару көктем, ақ толқындар, қара орман, т.б.

Есілім ағып жатыр сәніменен,
Балдай үн, күміс сылдыр әніменен.
Астында ақ жауынның қайыңдар да,
Шомылып, жапырағы ойнап мәніменен... («Кеудемде жаным тулап атып шығар»)

Адамның іс-әрекеттеріне ие табиғат құбылыстарын бейнелейтін метафоралар да молынан қолданылады: ойындар қуған, балықтың тебінуі, балықтың ойнауы, сезімді тербеу, ой қозғау, жүректі ойнату, қиялмен сырласу, жыр қуалау, т.б.

Жүзімнен сипап желің де,
Балығың ауда тебінді.
Тербейсің қалай сезімді?!
Балықтым, менің Балықтым... («Балықтым»)

М.Қанғожинның «Қызылжарым – қымбатым» атты өлеңдер топтамасында күйбіңсіз тіршіліктің, Солтүстік Қазақстан облысы орталығының, Есіл өңірінде орналасқан қаланың асқақтатқан символы ретінде көрінетін негізі - Қызылжар қаласының, өңірінің табиғатын метафоралар арқылы бейнелейді.

Арқаның жүрегі деп лүпілдеген,
Тыңдаймын тынысыңды әр күнде мен,
Қызылжар мәңгі жастық жәрмеңкесі,
Жағалай жасыл орман желкілдеген.
Ту тіккен Абылайдың Ақ ордасы,
Өнердің сан салалы «қағыбасы».
Шаттанам, Қызылжарым, болғаныма
Өзіңдей сұлу шаһар бел баласы («Қызылжарым – қымбатым») деген өлең жолдарында арқаның жүрегі, лүпілдеген жүрегі, жастық жәрмеңкесі, Ақ орда, сұлу шаһар, ту тіккен Абылай деген метафоралар еңсесін көрсететететін, үміт, сүйініш, арман сияқты мағыналарды білдіреді.

Сонымен бірге, табиғатты сипаттауда сөз мағынасын құбылтудың үлгілерін беріп, айтпақ ойының әсерін күшейту мақсатында сындық мәндегі сөздерді көп қолданады.

Күміс көл, айбындым, аяулым,
Суыңа қойған ба бал қатып... («Қараағаш»)
Күмбірлей ме, естимін қоңыр үнді
Тәтті әуен бойды алып балқытатын,
Бабамның еске салып мол мұрасын... («Ауылды сағынғанда»)
Өмірдің алтын оттарын,
Лаулатам сенде әр уақыт... («Үйіме»)

Автордың күміс көл, алтын оттар, меруерт күлкі, күміс орамал, алтын ұя, күміс қар, тәтті қиял, үкілі орман, бура толқын, қара орман, ақ жалды арна, бала қайың, көк Есіл сияқты образды метафоралары да өлеңдеріне стильдік ажар беріп, әрлендірген.

Сонымен, табиғат лирикасындағы пейзажды бейнелер – өз алдына жеке концептілік құрылым жасайды. Оны жасауға қатынасатын бірліктер – табиғат құбылыстары, адамға тән

қасиеттердің жан-жануарларға, жансыз заттарға ауысуын білдіретін метафоралар. Олар Мұталап ағаның өлеңдерін құбылтып, кестелеп, құлпыртып тұр.

Табиғат суреттерін көркем сөзбен кестелі сала білетін ақын-жазушыларымыз табиғат, тіршілік пейзаждарын нақты өмірдің көріністерінен дәл бере алады.

Уақыт, ақын-жазушылар танымы күрделенгеннен кейін, ой мен тіл көркемдігі дамыған тұста, жоғарыда келтірілген мысалдардан олардың өзіндік шығарма тілінің ерекшелігін аңғартатын метафораларына куә болып отырмыз.

Жауып жатыр жапырақтар жалтылдап,
Күзгі леппен дем алады алтын бақ.
Ойға батқан әлденеге ақ қайың
Жапырақсыз тұр, әнеки, қалтылдап.

Күні кеше шілде өткіздік бәріміз,
Келіп қапты-ау қоңыр салқын кәрі күз.
Ыдырадық жел айдаған ақ бұлттай,
Бір белестен әрі біз (Е.Асқаров, «Жауып жатыр жапырақтар жалтылдап...)

Күзгі леп, алтын бақ, ақ қайың, қоңыр салқын кәрі күз, жел айдаған бұлт сияқты метафоралардың мағынасы контексте ғана ашылып, ақынның түйсінуімен сабақтастырылып күрделі дүниелерді береді.

Ат құлағын көрсетпейтін ақ боран,
Есігі мен әйнегі жоқ қақпаған.
Ақшам түспей ақ боранды жамылып,
Алып-ұшып саған қарай аттанам.
Көңілім бір ұлып тұрған боран,
Өртенемін, жаным, саған бара алман (Е.Асқаров, «Қызылжарда биыл тіпті қар қалың).

Өнер иесінің дүниетанымдық қабілет парасында міндетті түрде табылуы тиіс жіті назар, өмір құбылыстарын бақылағыштық қасиет осылайша адам мен табиғаттың бір-біріне деген зор ықыласына мегзей, рационализм шектеулеріне көнгісіз айрықша шығармашылық құбылысты бейнелейді.

Туындыларындағы пейзаждық суреттемелердің көркемдік қызметін екі түрлі қарастыруға негіз бар. Біріншіден, пейзаж – шығармадағы сыртқы әлем көрінісі ретінде шығармашылық тұлғаның дамуына әсер етуші фактор. Айналадағы орта құбылыстары әсерінің эмоция арқылы психикаға енуі адам рухани мазмұнын түрліше сипатта өзгеріп отырады. Осылайша, әдеби шығармада аталмыш тұлғаға тән дүниеқабылдаудың әсершілік қасиетін суреттеу кеңістік көріністерімен байланысты келеді. Сондай-ақ, сыртқы ортада орын алған көріністер, құбылыстар шығармашылық тұлға үшін көркемдік материал болып табылатыны да сөзсіз. Екіншіден, пейзаж шығармашылық тұлғаның ішкі психологиялық көңіл-күй ауанын жанама мегзеу түрінде бейнелеудің бірден-бір тиімді түрінде бейнелеудің бірден-бір тиімді тәсілі болып табылады.

Әдебиет:

1. Нарымбетов Ә. Қазақ поэзиясындағы дәстүр тұтастығы. -Алматы: Жазушы, 1981; 4-бет, 260 бет.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. –Алматы: Сөздік -Словарь, 2005. -350 бет.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 452 бет.
4. Қанғожин М. Өлеңдер мен поэмалар. –Петропавл, 2007. -664 бет. -472 бет.
5. Солтүстік Қазақстан// №5, 16 мамыр, 2007. -5-6 бб.

ӘОЖ 81

ЖАН-ЖАНУАР АТАУЛАРЫНАН ТУЫНДАҒАН КЕЙІПКЕР АТТАРЫ

Жақсылық Ж.Ж., Хамзина Г.С.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Зооним (zoo гр. “жануар”+onim.атау) – жан - жануар аттары. Ономастикада зоонимдер туралы қорғалған еңбек болғанмен, зоонимика сатира мен юмор жанры тұрғысында тілтанудың арнайы зерттеу нысаны болған емес. Шетел, орыс лингвистикасында зоонимдерді **гиппоним** (жылқы), **киноним** (ит), **орнитоним** (құс), **инсектоним** (жәндік) т.б деп жіктеп, арнайы зерттейді. Жан-жануар, аң - құс, құрт - құмырсқа атауларынан жасалған жалқы есімдер **зоофорлық аттар (ЗА)** деп аталады [1, 60].

Метафоралану, яғни еркін сөз тіркестері мағыналарының нақтылығы, олардың біріншілік – номинативтік мағынасында қолданылу жиілігінің жоғарылылығы. Ғалым В.П.Жуков тілде жиі қолданылатын адамның дене мүшелері аң-құс, мал, құрт-құмырсқа, құс, азық-түлік, киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б атаулары метафораланады дейді [2,96]. Бұл топтастырудан шығатын түйін: кейіпкер аттарының уәжділігі тікелей адам факторына, өмір сүріп отырған қоғамдық ортасына, сол ортада қалыптасқан салт-дәстүрге, наным-сенімге байланысты жасалғандығын дәлелдейді.

Төрт түлік мал – халықтың күнкөрісі, тұрмыс-тіршілігі: “кисе-киім, жесе-тамақ, ішсе-сусын, жүрсе-көлік” болған, қазақ малдың үстіне мініп келе жатып құлағанда: Ұлы жазушы М.Әуезов: “У казахов метафоры чаще всего связаны с животным миром (что так резко выражено в народном орнаменте), а узбеки культивируют мотивы, связанные с растительным миром”,– деп ұлттық ерекшелікті айқын көрсеткен.

Расында, төрт түлік мал халықтың барлық жан-дүниесін, ойлау жүйесін, психологиясын, тілін “жаулап алған”. Халық жылқыны - желден, түйені - сордан, сиырды - судан, қойды - оттан жаралған деп есептейді.Төрт түлік мал қазаққа қандай қадырлі, қымбат болса, “бес саусақ бірдей емес” дегендей, сүйкімсіз адамның түсін, сиқын, жақсы-жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін, оны малдың мүшелерімен, мінезімен салыстырады, әртүрлі теңеулер жасайды.

Лексикалық мағынаның негізгі бөлігі – денотаттық компонент. Шындық болмыстың құбылыстары және адам санасындағы идеалды құбылыстардың өз ұғымы болады. Осы заттар мен құбылыстарды семасиологияда денотат деп атайды, ал реалды заттар әлемнің сөзбен байланысын денотаттық фактор дейді. Деноттатық компонент шындық болмыстағы заттың атауға айналуынан, санада кез-келген заттың, оның бір пішіні, қасиеті арқылы бейнелеуінен қалыптасады. Бұл макрокомпонент өзгермелі, икемдік бейімделгіштік қасиетке ие болады. **Денотат** дегеніміз – бір сөзді айтқанда, ойымызға түсетін ұғым, не соның белгілері. Мысалы, мөңіреу - сиырға, шөгу – түйеге, маңырау – қойға, кісінеу – жылқыға, қытқыттау – тауыққа, мияулау – мысыққа тән. Сөз мағынасының денотаты біздің зерттеуіміздегі ЗА-ға мәселен, сиыр, түйе, ешкі, қой т.б. тікелей қатысты. Сондай-ақ сигнификаттық (лат. significatum - “таңбалаушы”) [3,329] мағына ұғыммен, ойлаумен байланысты.

Қой атауымен келген ЗА: (12) *Қозыбақ, Қозытай, Қозыбағар, Қойбай, Қойбағар, Қойсұлу, Қойтеке, Қойшы, Қойболды, Қошқар, Торымбике, Ісекбай*.

Қой – табиғатынан ыстық - суыққа төзімді, жуас, момын мал, қайда айдаса да көнеді, осы қасиеттерін ерте аңғарған халық “қойдан қоңыр” деп бағалаған. Қой атауымен байланысты жасалған зоофорлық аттардағы сигнификаттық мағына – *жуастық, көнбістік, момындық.*

Ешкі атауымен келген ЗА: (10) *Ақтуша, Ешкіайдар, Ешкібас, Ешкібағар, Ешкікөз, Ешкіауыз(ов), Текекөз, Тоқалешки(ева), Тышқақ (лақ), Шыбыш* т.б. Мұндағы сигнификаттық мағына: *шыдамсыздық, жеңілтектік, күйгелектік, сабырсыздық.*

Ешкі – қойға қарағанда еті аз, жүні қылшықты, ыстық-суыққа шыдамсыз, ықтағыш мал.

Ешкінің сыртқы жүрісіне қарап, оны ұшқалақ, жеңілтек мал деп есептейді. Жақтырмағанда әсіресе әйел адамдарға “ешкідей шошаңдама”, “лақтай секеңдеме”, “шыбыштай шыбжыңдама” деген тыйым сөздер айтады.

Сиыр атауымен келген ЗА: (11) *Ауқау(ов), Бұзаубақ, Бұзаутамақ, Бұқабаев, Бұқамойын, Бөртебаева, Өгізхан, Сиырбағар, Сиырбаев, Танабике,Зеңгібаба..* Сиыр – отырықшылыққа байланысты пайда болған мал, айдағанға онша көнбейді. Қылығы қыңыр адамды “сиырмысың”, “сиыр сипағанды білмейді” деп сөгеді. Мұндағы ассоциация – *қыңырлық, надандық, топастық* Ежелгі грек елінде әйел құдай Гераны сиырдың бейнесінде қабылдап табылған. Ғалым Ф.И.Буслаевтың айтуынша: “”ертеде көне санскрит тілінде жерді, сиыр мағынасында ұғып, оны өгіз-го – (гау) деп атаған. Орыс тілінде: говядина- сиыр еті, неміс тілінде – gow (гау), гот тілінде – gobi (гови), қазақ тілінде – ау-қау (аухау) болып айтылған [4,15].

Жылқы атауымен келген ЗА: (25) *Ақбозов, Аткелтір, Бестібай, Дөненқырт, Жорғабай, Жұлқар(тісі), Көкшолақ, Көкбайтал(ов), Мәстек, Құнанқырт, Нарбалақов, Саңлаққали, Саршолақ, Саяқбай, Сәуірік, Пырақбаев, Тайбұғақов, Тайшабаров, Тайқара, Тайқасқа, Тайтері, Тайлыаяқ, Тайтұяқ, Тебеген, Тарпаңбай* т.б.Жылқы – көшпелі халықтың қадірлі, қастерлі пір тұтатын малы. Әсірісе дүлдүл пырақ, арғымақ, жүйрік ат, тайпалған жорғаны ерекше бағалаған. Жылқыға байланысты жасалған ЗА-дың басым көпшілігі жағымды мәнге ие юморлық кейіпкерлер болып келеді. Жылқыдағы денотаттық (лат. denotatum– “белгіленуші”) мағына – *албырттық, асаулық, шалкестік*.

Түйе атауымен келген ЗА: (17) *Ақтайлақ, Атанбек, Бозтайлақ, Бошалақ, Бозінген, Бозымгүл, Боздақ, Бура, Жүзтайлақ, Қоспақ, Нарпатша, Наркескен, Нұқатан, Інгенбай, Ойсыл, Өркеш, Түйебағар.* Түйе – шөлге төзімді, көш - қонның көлігі, көш керуені, “дала кемесі” атанған. Түйенің асыл тұқымдыларын нар, мая, жампоз деп атайды. Нар – жалғыз өркешті, асыл тұқымды түйенің ірі түрі, *күштілік, мықтылық, батылдық, қажымастықтың* символы. Қоспақ – айыр түйемен нарды будандастырудан алынған түйе тұқымы. Батыста жиі қолданылатын бураның бір түрі. Орал өңірінде ақылсыз, ақымақ адамдарды қоспақ деп атайды. Қоспақ басқа түйелерге қарағанда самарқаулау қозғалады. Түйеге тән денотаттық мағына – *жуастық, адуындық, самарқаулық, жалқаулық.*

Үй жануарлары аттарынан жасалған ЗА: (30) *Ақкүшік, Арсалаң, Барақ, Доңызқұл, Домбай, Есекбай, Итаяққұлы, Иткүл, Итбай, Итқара, Итқұл, Итбас, Итемген, Иткөз, Иттұмсық, Итуахи, Итбақбас, Күшіген, Күшікбала, Күребай, Көпек, Төбет, Үрген, Құтпан , Қызылтазы, Құмай, Тазыбайдың Қаншығы, Шошқа(евич), Тайқар.*

Коннотация бойына мазмұн құраушы стилистикалық, бағалауыштық, эмоционалдық-экспрессивтік қосымша мағлұматтарды сіңіреді.

Бейтарап лексикадан гөрі экспрессивті бояуы басым лексика анағұрлым күрделі мағыналық құрылымға ие, өйткені ол семантикалық құрылымның «қосымша» макрокомпонентінен жасалған коннотативті семантикаға қатысты. Экспрессивті бояуы бар мағынаның тағы бір ерекшелігі – экспрессивтік әсер лексеманың ішкі формасында немесе сөздің ерекше мағынада қолданылуында.

Қазақ есімдерінің тарихына жан-жақты этнографиялық талдау жасаған ономотолог-ғалым Т.Жанұзақов: “Қазақтың ен даласы мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығының негізі. Мыңдаған кісі аттары түрлі әдет- ғұрып, салт-сана, наным-сенім, жол-жоралғы дәстүрлерге байланысты қойылып отырған. Мысалы Итбай, Итбас, Күшік, Барақ деп ат қою дәстүрге айналған.

Қазақ ұғымындағы “итжанды мықты, жаны сірі адам” деген түсінік ертеден келе жатқан ит атын қою ырымымен байланысты болса керек. Мұның негізі сыры итті тотем ретінде қастерлеуден туған болар деп түсіндіріп [5,45], тіліміздегі адам есімдерінің атауының сырында ұлттық ұғыптардың жатқанын дәлелдейді

Ит – “жеті қазынаның бірі”. Адам секілді оның бойында жақсы да, жаман мінез табылады. Жақсысы: сенімділік, шыдамдылық, табандылық. Жаманы: сатқындық, жалтақтық, жарамсақтық. Халық иттің қасиетін басқалардан анағұрлым көп білгендіктен, итті ауызға

бұрын алады. **Итуахи >** *ит + уа+хи* дейтін одағай сөздердің бірігуінен жасалған. Итуахи аталуы кейіпкер атынан баяндалады: "Иттей боп дем алған екенсің. Иттің құлағына алтын сырға, мен өзі сөз арасында итті атамасам тұтығып, ақылымнан адасып қалатын секілдімін. Мұның бәрі – жүйкенің иттей боп жүдегені деген сөз"[6].

Ұлы ақын Абай өзі жақтырмаған нәрсесін "ит" деп атаған. Шетелдік киногер Б.Бордо айтқан екен: "Адамдарды тани түскен сайын иттер туралы ойлаймын". Тілімізде бейпіл ауыз адам туралы "аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты" деген сөз бар. Жыл туралы бір мәліметте ит жылының әр түсті иеленетіндігі: 1994 жылы – көк ит, 2006 жылы – қызыл ит, 2018 жылы – сары ит, 2030 жылы – қара ит деп жазылыпты. Белгілі сатирик С.Кенжеахметовтің итке байланысты сатиралық туындысында итке байланысты қойылған кейіпкер аттары бар. "Бұл қатынның шешесі итжерік күйінде ит жылы туыпты. Кіндігін Итбайдың кемпірі кесіп, Итемген шал атын Иткүл қойыпты" [7,11] .

Итжеккен деген кейіпкер атының семантикасын талдар болсақ, итжеккен «алыс, ұзақ жер» мағынасын білдіреді. Сөздің пайда болуына Қиыр Шығыста, Чукоткада тұратын халықтардың көлік ретінде ит жегетіндігі уәж болса керек. Халық танымында «ит» семасы алыстықпен, қашықтықпен тікелей байланысты.

Барақ есімінің алғашқы мағынасы көне түркі тілінде „сабалақ, жүндес, аңшы ит" дегенді білдірсе, қазіргі тілімізде „барақ ит" деп сол күйінде қолданылады.

Оның шығуын көне дәуірдегі төтеммен байланыстыруға болады. Алайда антропоним ретінде туынды мағынасы басты назарда ұсталады. Соңғы ғасырларда тарихта болған Би Барақ, Барақ хан, Барақ сұлтан, Көкжал барақ секілді адамдардың атағы басым түсіп, бұл аттың әуелгі *ит* мағынасы солғындап, жақсы мағынаға ауысқан. Қазақ ұлтының итке деген танымдық көзқарасы, ит психолгиясын бүге-шүгесіне дейін білетіндігін және оны ақиқат бағалай алатындығын дәлелдейді.

Есек – бойы аласа, құлағы ұзын, еті мен сүті арам, күші адал жануар. Оның жалпы халыққа танылған негізгі қасиеті – етінен ет кесіп алса да селт етпейтін, қасарысқан қырсық мінезі. Ақылы келте, ойланбай іс істейтін ақымақ, топас кейіпкердің аты мен заты үндесіп тұр. Қазақ жануардан құлағанда, "түйе - шудасын, жылқы - жалын, сиыр - мүйізін, есек - тұяғын төсейді" [8,80] дейді. "Есекбайдың құдай арамдығына атан түйе батып кететін түпсіз жылым етіп жаратқан. Оның үстіне оған шібіштің құйрығындай шолтаңдап тыным таппайтын тіл берген"[2].

Қазақ ұғымында есекті *ақымақ, топас, шалдуар* деп менсінбей қараса, үнділер есекті қожасына берілген дос ретінде санайды. Халықтық тілде «есек» сөзі – бойы аласа, құлағы ұзын, еті мен сүті арам деп есептелетін жылқы тұқымдас көлік ретінде жұмсалатын жануар. Адамның мінез - құлқына байланысты *есек дәме*, *есек құрты мұрнына түсу*, зәңгі есектей аңқылдау тәріздес тұрақты тіркестер тілімізде қолданылады,"есектен құлағанның емі жоқ" дейді.

Құмай <Құмай сөзін көктүріктік Ұмай есімімен байланыстырып жүргендер де бар. Бүкіл түркі жұртында жер ана Ұмай – шаңырақтың киесі деп ұғынылады, "Ұмайқа табынса, оғул болур" [9,5] Қырғыздарда ұмай деп аталған ою-өрнек үлгісі бар, мұндағы ою-өрнек құс бейнесін елестетеді екен. Расында да, қырғыз келтіріміндегі Ұмай – ертегілік құс. Мифтик құмайдың түп ана сипатына ие болуына қарағанда оның Ұмаймен сабақтас болуы жоққа шығарылмайды. Ал түрікпендердегі Хумай – өзінің көлеңкесі түскен пендесіне құт-бақыт әкелетін мифтік құс делінеді. Парсы фольклорындағы Хумаюн, көне орыстық кітаби фольклордағы гамаюн құстарының бейнелері мен есімдері түркінің құмай бейнесі мен сөзінен өрбіген болар деп шамаланады. Парсы түсінігінде хумаюнның көлеңкесі түскен пенде бақытқа не патша тәжіне ие болады [10].

Түз аңдары атауынан жасалған ЗА: (26) *Айдаһар, Аюбай, Аюкен, Балпақ, Борсық Бөрігүл, Бөлтірік, Бөкен Арыстанович, Жыланкөз, Елікханов, Ешкіемер, Киікгүл, Көкжал, Көжек, Қоянгүл, Қоян Қорықпасов, Қодыкен Сусликкөз, Қоңырқұлжа, Таутан ,Төкеш Түлкібаев, Түлкібике, Түлкібақ.*

Қоянгүл <қоян+гүл. Мұндағы қоян – аң, гүл – антрополексема, яғни әйел атын білдіру үшін қолданылатын сөз. Қоян атымен келген кейіпкердің семасында қорқақтық бар. Қоянның

сыртқы пішіні: түсі көк, не сұр, бойы аласа, құлағы ұзын, көзі бадырақ, ерні жырық, өзі үркек, секең - секең жортады. Міне, осындай сыртқы белгілерімен бірге сыбдыр естілсе, жорта жөнелетін секемшіл мінезі қорқақтығын айқындап тұр.

Құс атауымен жасалған ЗА: (35) *Аққу, Әтеш, Бөдене Бұлдырықов, Бытпылдақ, Балапан, Дуадақ, Жарғанат, Жапалақ, Ителги(ев), Кекілік, Көкекгүл Күйкента(ева), Қаршыға Бүркіт(ов), Қораз Қоқиев, Қыран, Қырғигүл, Қызғышов, Қытқытбек, Құсбегин, Құсмұрын, Құрбек, Құзғынбай, Құтан, Сауысқан Сақұлақов, Тауықбике, Таутан,Тауықтөс, Торғай, Тырнабай, Үкітай, Үкісарықыз, Үйрек(ович), Шүрегей, Шүжетай, Шымшықбек.*

Қаламгер өз кейіпкерін сүмірейтіп суреттеу үшін мысқылдап, қағытып, мұқатуда түрлі әдіске барады, мәселен құс пен адам арасынан ұқсастық іздейді. Қазақ байғыз, жарғанат, қарға - құзғын сияқты құстарды түрлі қасиеттеріне қарай ұнатпайды. ЗА-дың семасында жағымсыз мағына басым.

Қораз Қоқиев < қоқи қораз – тілдік қолданыста әтеш деп те айтылады, екеуі де бір заттың атауы, номинативтік бірлігі бар дублет (фр. қос қабат) сөздер, ал сөйлеу барысында өзгешелігі бар. Қораз қоқиланады, "қоқ-қоқ" деген дыбыс шығарады. Түсіндірме сөздікте қоқилану *қыр көрсету, қодыраң, едіреңдеу, қораздану* ал қораздану *көкірек керу, менменсу, паңсыну* дегенді білдіреді.

Сөз төркіні парсы тілінің хорус - *әтеш,* хоруш – *айқай* дегеннен шыққан. Екеуі де бір құстың атауы, ал "сөйлеу процесінде қоразданып дейміз, әтештеніп демейміз" [11,115].Әтеш - мал-құстың бәріне қатысты еркектік ұғымын береді, ал қораз -тауықтың еркегі. Қораздың басқа тауықтан ерекшелігі – күн шықпай айқайлайды, шақырады, қышқырады. Осыдан тілімізде "тауықсыз да таң атады" деген мақал қалыптасқан.

Сатирик С.Жортанов бір кейіпкерін Қораз Қоқиев деп атап, былайша суреттейді: "Ешкіммен тілдеспейді, амандаса қалсаң, бас-аяғыңды тексеріп шығып, оң қолының сұқ саусағымен көзілдірігін көтеріп жоғары қарап тұрып "с-с..." деген болымсыз дыбыс шығарады. Көзілдірігімен бірге көтерілген танауы біразға дейін делдиіп тұрып алды"[12].

Халық даналығын жақсы білетін сықақшы қаламгерлер ат беру мәселесінде аң - құстарға тән мінез-құлықты, өз кейіпкерінің болмысы мен бітіміне сай аттар таңдай білген. Жыл басы тышқаннан – *Тышқанбай*; сиырдан – *Бұзаубас, Бұқабаев, Танабике, Сиырғали, Өгізбаев*; қояннан - *Қоянгүл*; жыланнан – *Жыланкөз;* жылқыдан – *Бестіайғыров, Жорғагүл, Жорғабай*; қойдан - *Қойбай*, *Қойбағар, Қойсұлу, Қойтеке*; мешіннен – *Маймыш, Маймақ*; иттен – *Айтақ, Итқұл, Итаяқ, Итбай, Итбас, Итқара, Итқарын, Итгүл, Иттұмсық, Итбақбас*; тауықтан - *Тауықбике*; доңыздан – *Доңыз.*

Жан-жануар әлеміне қатысты тілімізде сақталып келген түрлі ұғымдар, түсініктер, салт-дәстүрлер, қарғыс сөздерді ономасиология өрісте ЗА-ды этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыру – "тіл қазынасын этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеру, оның бейне бір тұңғиық теңіздей терең мағына-мазмұнына бойлай еніп, танып білу" [13, 20]. Осындай аң-құсқа біткен ерекше қасиет, қимыл - әрекет, түр- түс, тұлға, дыбыс, мінез халықтың дүниетанымында, болмысында қалыптасқан. Халық аузында:

"Түйе сеніп бойына,
Қалған ұмыт жылдардан.
Жатпа, қарап мойыма,
Тайма, именіп ділмардан", – деген шумақ жатталып қалған. Мұндағы: *түйе* - **тышқан**, *сеніп* – **сиыр**, *бойына* – **барыс**, *қалған* – **қоян**, *ұмыт* **- ұлу**, *жылдардан* - **жылан**, *жатпа* – **жылқы**, *қарап* **-қой**, *мойыма* – **мешін**, *тайма* – **тауық**, *именіп* - **ит**, *ділмардан* – **доңыз.** Халық сенімі бойынша, жыл қасиеттеріне байланысты адамдар да сондай қасиетке ие болады. **Тышқан** жылы туғандар – белсенді өмір сүреді, байлық-бақытқа ие болады. **Сиыр** – шыдамды еңбекқор болады. **Барыс** жылында туғандар – бірбет, өркөкірек мінезді болады. **Қоян** – жігерсіз, ұстамсыз. **Ұлулар** – байсалды, шешімді, мақсатына жету жолында қайтпайтын қасиетке ие. **Жылан** жылғылар – көреген, кемеңгер, жігерлі. **Жылқылар** – қызу қанды, тыз етпе, шатақ мінезді. **Қой** – момын, көнгіш, қарапайым. Мешін– ұқыпты, кейде сараңдық-қа бейім болады. **Тауық** жылғылар – еңбекқор, жайдары. **Ит** – мейірбан, ынталы. **Доңыз** жылында

дүниеге келгендер ұшқалақ, жеңіл мінезді болады деп айтылады. Ертеде түркі көсемдері қадірлі де ұлы қолбасшының бойынан аңдарға тән он түрлі қасиеттің табылуын талап еткен екен. Ол қасиеттер: бөрі, көкжал, арыстан – батылдық, қабан – қажырлы, аю, түлкі – қу, бит – қан сорғыш, жылан – улы, піл – күштілік.

Сатириктер назарынан су жыртқыштары (*Киттей, Шортан, Жайынауыз, Жайынгүл, Бекіре*), ұсақ балықтар (*Лақа, Шабақ*), қос мекенділер (*Айбақа, Бақа, Бақыш, Тістібақа, Шаянбек, Сары Шая*), қан сорғыштар (*Биттей, Бүрге, Сүлік, Сонашгүл, Сіркегүл, Таскене*), *Көбелек(ов), Инелік*, *Заршыбын* тәріздес зоонимдер тыс қалмаған. Жер бетінде аң-құстың түрлері жүз -мыңдап саналғанымен, сатира мен юморда кейіпкер ретінде зоонимдердің **100**-ге жуық түрі қолданылыпты.

Әдебиет:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва, 1988. -192 с.
2. Жуков В.П. Русская фразеология. - М., 1986. – 310 с.
3. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
4. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, «Ғылым», 1975. – 286 б.
5. Жанұзақов Т. Ономастикадағы жергілікті тіл ерекшеліктері // Қазақ диалектологиясы. – Алматы, 1965. – 1- шыг. -193-200б.
6. Әубәкіров О. Бір дорба ән. – Алматы, 2002. -182 б.
7. Кенжеахметұлы С. Итшілеу. – Ара, 2003, 3, -11 б.
8. Мұқанов С. Халық мұрасы, 15-том. – Алматы, 1979. - 380 б.
9. Қашғари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы, 1993. -245 б.
10. Мифы народов мира. – М, 80. 672-стр. том I.
11. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан,1991. – 256 б.
12. Жортанов Е. Тегін емес // Күлкі қоржыны. – Алматы, 1993.
13. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет.

ӘОЖ 81

С. ШАЙМЕРДЕНОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАМАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Жангудина А., Хамзина Г.С., ғылыми жетекшісі:ф.ғ.к., доцент
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Жалпы өмірде адам өзінің көңіл-күйін, сезімін тіл арқылы байқатады, басқа адамның сезіміне тіл арқылы әсер етеді. Мұны жеткізу үшін түрлі амал-тәсілдер қолданылады. Осындай амал-тәсілдердің бірі – қайталамалар. Әдебиеттанушы ғалымдар қайталамаға анықтамалар, тұжырымдар берген. Қайталамалардың тілдік табиғаты жайлы академик Б. Отаралының еңбектерінде айтылып, қайталамалардың стильдік қызметі талданады [1, 5 б.] Қайталамалар тілдің көркемдегіш тәсілдерінің бірі болып табылады. Олар ауызекі тіліне тән және халық ауыз әдебиетінен келе жатқан амал. «Қайталама оқырман мен тыңдаушыға эмоционалды әсер етіп, оның назары сол қайталанған элементтерге ауады, әр түрлі деңгейде олардың мағыналары түсіндіріледі, айтылар ой өрбиді, қайталанған сөздің экспрессиясы күшейеді, текстің мәнерлілігі айқындалады, ерекше ритм туғызылады. Сөз зергерлері бұл әдісті психологиялық суретті тереңдету үшін де қолданады» [1, 11 б.] деген пікірі дәлелдейді. Фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік қайталамалар көркем шығармаларда ойды нақтылап, әсер туғызып, мәтін түзу қызметін атқарады. «Шығарма тілін көріктеуде қайталама құбылысы – өте ұтымды, әсерлі тәсіл қатарынан табылады. Ол - стильдік категорияға жатады. Қайталаманы суреткер көркем тексте әр алуан стильдік мақсат көздеп жұмсайды» [2, 92 б.].

Әдеби тілдерді ажарлаумен, құбылтумен қатар, керек жағдайда айшықтай білген жөн. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де әжептәуір қажет тәсіл – айшықтау, яки фигура (лат. figura – келбет, бейне) – сөз тіркестерін дағдылы синтаксистік қалыптардан гөрі

өзгешелеу ораммен, айрықша айшықпен құру. Мұндағы мақсат біреу-ақ – сөздерге ерекшелеп, екпін, тыныс беру, сөйтіп, олардың оқырмандарға әсерін күшейту.

Айшықтаудың (фигураның) түрлері көп, біз солардың бірнешеуін ғана мысал ретінде ұсынамыз.

Айшықтаудың бір түрі – қайталау сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды мұқият сіңіре түсу.

Алдымен, бұдан бұрын фигура аталып келгенін, сөзге ерекше леп, екпін, тыныс беру арқылы оның оқырманға тигізер әсерін, тәсілін айтамыз. Әрине, өзге тәсіл сияқты, бұның да біраз түрлері бары мәлім. Енді жазушының осыларды қалай қолданғанын қарастырмақпыз.

Қайталау. Бұл да бұрын осылай аталғанымен, кейін қайталама деп аталатын болды. «Қайталама дегеніміз – бір сөздің (не тіркестің, не сөйлемнің) бір сөйлемде не абзац, шумақ сияқты микротексте қайталанып қолданылу тәсілі».

Қайталаманы суреткер көркем тексте әр алуан стильдік мақсат көздеп жұмсайды. «Сөздің, сөз тіркесінің немесе сөйлемнің, немесе дыбыстың, дыбыс тіркестерінің қайталануы – дүние жүзіндегі брлық тілдерде кездесетін құбылыс, стилистикалық тәсіл, айшық».

Әдеби теорияда қайталаудың жай, еспе түрлері болатыны айтылып, поэзиялық шығарамалардан, мысалдардан келтіріледі. Ал прозалық шығармаларда, негізінен, қайталанатын сөздер сөйлем басында, аяғында не ортасында З. Қабдолов ағамыздың сөзімен айтқанда, әрбір ой ағымның басында не соңында, яғни анафора, эпифора ыңғайында қолданылады екен.

Жазушы қаламынан туған қайталамалар шығарманың стильдік бояуын арттырып, кейіпкер сезімін жеткізуде, ойды образды түрде бейнелеуде ұтымды қолданылады.

Көшіріп алмаңдар, көшіріп алуды кім білмейді. Бірінші кластың баласы да көшіре алады. Адам қабылдаушы, еліктеуші ғана емес, адам жасаушы, адам тудырушы. Бұл жағынан өрмекшіге де ұқсап қаламыз. Өрмекші сілбесін әмәнда өзінен шығарады ғой. Өз ісің өзіңе тән. Өзіңнен тартатын боласың. Сен ешкімге де ұқсамайсың ғой. Рас па? – сәл езу тартты күлген қалпы жұрттың төбесінен асыра көз салып, қимылсыз сөйледі: - Дәл, тіпті ата-анаңа да түгелдей ұқсамайсың. Сенің ісің де ендеше ешбір жанның ісіне ұқсамауы дұрыс. Ғылым мен искуствода творчество деп, міне осыны айтады. Творчество ғылымның дем-тынысы. Жұрт аталған тақырыпты бөлісе бастады («Инеш», 57-б.).

Инеш бір нәрсені жақсы көрсе де, жек көрсе де, бірдемеге разы болса да, наразы болса да күрт біржола барымен кетер еді. Оның бұл мінезін Майқан жақсы білетін. Дәл қазір қыздың сондай бір қалтқысыз разылықпен ұстарадай өткір сезім үстінде тұрғанын ол бірден байқады («Инеш», 123-б.).

Жоғарыда көріп отырсаңыз, мысалдардың алғашқы тобындағы қайталамалар түгелдей етістіктерден болып, баяндауыш қызметінде жұмсалып, сөйлемді тиянақтап тұр. Ал екінші топтағы мысалдар да баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Алда сансыз адыр-белестер жатыр. Сан заман, меңіреу тыныштық пен ойнақы сағымға, өкпек жел мен ақдолы боранға мекен болған бойкүйез адыр-белестер. Сол бір адыр-белестердің кеудесін кесіп, әры асқан қос рельс алдағы күндей алысқа созылып кете береді. Уақыттай шапшаң жылжып пойыз келеді. Болат жолдың иірім бұрылыстарында жыланша ирелеңдеп, әлсін-әлі тау жақпарларына сүңгиді. Әлсін-әлі жазықтарға шығып, көсілте тартады («Инеш», 13-б.).

Бұл топтағы мысалдар − анафоралар. Бұлардың алғашқы сөйлемі **сансыз** сөзі қайталанып тұрса. Ал екінші **адыр-белестер** сөзі қайталанып келеді. Мұндағы қайталамалардың екеуі, яғни адыр-белестер және әлсін-әлі сөздері − қос сөздер. Сансыз сөзі сын есім орнында жұмсалып, пысықтауыштық қызмет атқарып тұр.

1. *Сол бір шыдамсыз тартқан көңіл ендігі кезеңде бар сезіну қасиетінен ада болып, бір кесек тас секілденіп, суына берген. Дәл кешегі күні, алақанын жайып, талпынған жас балаша желкектей бастаған көк жапырақтың орнында енді қазір бір қатерлі күннің өзіндей күрең тартып, үйім-үйім топырақтар жатыр. Соғыстан да қатты бір сойқан жүріп өткендей.*

Сондай бір сойқан Кәрім көңілін де алай-дүлей етіп кетті. Ол кеше ғана өз қолымен сеуіп, әрбір түбіне көп жылғы ойын, ізденуін бөлеп кеткен соншалық ыстық, енді бүліншілік жайлап алған бұл жердің қасірет келбетіне ұзақ қарап тұра алмады («Инеш», 110-б.).

2. *Енді бір күн де болған жоқ. Өтіп кеткелі тұрған бес жыл ішінде Инеш осы бір биік прическалы қызға жақындап келіп, жанына үңілген емес-ті. Тіпті ол туралы жақсы да, жаман да пікір болмаған. Күнде көрісіп жүрсе де, ізі суып үлгерген шамалы бір оқиғадай ғана ол бұған* («Инеш», 137-б.).

3. *Кең ұзын залдың басында шуласа сөйлеп, аумақта шоғыр топ тұр. Бір-екі рет есік ашылды да, ар жақтан бір қыз көрінді. Профессордың ренжіп жатқанын айтып, ақырын сөйлеуді өтінді. Бірер минутта дауыл саябырлады да, қайта көтерілді. Бір студент екінші біруге әлдебір шығарманың сюжетін айтып жатыр. Енді біреуі тілімдей қағазға кітаптың бір жерін асыға көшіреді. Ал ана бір көнетоз сұр пальтолы студент аласа бойлы сары фуфайкалы бала өңді студентке профессор жайын баяндауда* («Инеш», 142-б.).

Инеш оған тіктеп қарап еді, қыз бойына электр тоғы жүгіріп өткендей болды. Көптен биік тұратын осы бір адамның келбетінен ол өзіне деген айырықша бір жылылықты сезінді. Мына бір қорғансыз қыздың ерке жанына, ерке мінезіне пана боларлық жылылық. Тағы да қыз жүрегі дір етті. Кенет бойын қорқыныш биледі. Осы бір жылы келбет оны әлдебір тұңғиыққа тартып кетердей көрінді. Рахмет айтты да, тез басып сыртқа шықты. Кітапхана жақтан ду күлкі естілді («Инеш», 58-б.).

Жоғарыдағы мысалдарда бірінші, екінші, үшінші топтағы **бір және біреу** сөздері сілтеу есімдігінің қызметін атқарып тұр.

Прозалық мәтіндегі қайталамаларға тән ерекшеліктерінің бір мәтін көлемінде қайталама түрлерінің бір-бірімен тығыз байланысып келетін, кей уақытта оларды мынау лексикалық қайталама, мынау синтаксистік қайталама, ал мынау микромәтіннің қайталануы деп ажыратудың өзі қиындық туғызатындай айқын аңғарылады.

Дыбыстық қайталамалар. «Тілдің экпрессиялық сапасы белгілі бір дыбыстардың, фонемалардың, таңбалардың толық мәніндегі объективті қасиеті ретінде өмір сүреді... Тілдің өзінде дыбыс, форма, таңбаларға тән экспрессия болады», - деп жазса, қайталама проблемасын арнайы зерттеген ғалым О. Бүркіт: «Кез келген шығарма дыбыс арқылы жасалған сөздерден тұратындықтан, ең алдымен, фонетикалық тұрғыдан сипатталуы тиіс. Бірақ осы кезге дейін көркем шығарманың стилистикалық табиғатын тануда оның дыбыстық жағынан жергілікті дәрежеде назар аударылып жүрген жоқ», - деп [1, 48 б.] бұл саладағы олқылықты орынды байқаған.

Әдебиет теориясында дыбыстық қайталаудың ассонанс, аллитерция аталатын түрлеріне ертеден-ақ көңіл аударылып келе жатқаны мәлім. Біз енді зерттеген шығармаларымызда бұл құбылыстың қолданылуы сипатының қандай екеніне тоқталмақпыз. Мысалы:

Осы бір шағын бөлме қыздар мекені екені тазалықтан да, талғаудан да танылады. Жинақы жиналған үш кереует тұсына айшық кестелермен суреттер ілінген. Қарсы екі бұрышта үлкен этажерка. Сықай жиналған кітаптарды шаң баспаған. Осындағы бір қыз қолынан нәзік жаралған селдір кестемен жабулы көк тумбочка үстінде түрлі-түсті қалбырлар мен шағын шынылар. Солардың бөлме ішінде жұмсақ жұпар иісі тарайды.

Қауырсын қанат қатпаған балапан кезде қалқам деген бір ауыз сөзін қатты сағынатын сол бір үлкен адамның кескін-кейпі де жадында жоқ. Оралмас сапарға аттанар шағында кішкен Гүлшатын шақырып алып маңдайынан иіскепті де, жұбайына қарап:Қанаттыға қақтырма, тұмсықтыға шоқтырма, − депті («Инеш», 82-83-б.).

Көлденең келіп, көмейге тұрған, жан жүйеңді жалғыз сәтте іртіп жіберер от кесекті бар қайратын жиып күшпен кейін қайтарды да, қайыра Петергофка тартты. Адам бойындағы махаббат пен өшпенділік бір-біріне қайшы қасиеттер, дәл осы арада қолайын тауып, қайнаса құшақтасып болып тұтанып, өзінің жанды, аласапыран, жалқынды толқынын кекке суарып, сарбаз жүзін ойнатып жіберген («Инеш», 110-б.).

Инеш көзін жеңіл жұмып, Мәулен құшағына қарай құлай берді де, кейін секіріп түсті. Екі көзі жалтылдап машина зулап өтті. Қайта тыныштық басты. Әлгі бір сезімнен аумай,

Мәулен енді Инешті қолынан ұстап, өзіне тарты. Қыз күшсіз қарсылықпен білегін босатып алды. Қайта ұстамақ ниетпен Мәулен алақанын жайып, қайыра ұмтылды.

Келші бері, Инеш!

Инеш бір сәтке көзін жұмып, үнсіз тұрып қалды. Әлдебір құрсаулы ыстық, тынышсыз дүниенің ішіне енгендей, бұлқына бастады.

Инеш разылық белгісін білдіріп, бір сәт Мәуленге күле қарап қалды («Инеш», 115-б.).

Жоғарыда айтып кеткен мысалда **т** әрпі, **ж** әрпі, **ш** әрпі, **қ** әрпі, **б** әрпі, **ж** әрпі қайталану арқылы үндестік тауып тұр. Мұнда қатаң және ұяң әріптер қайталанып келіп, дыбыстық үндестік, әуездіктің, жалпы алғанда, бұл кісінің шығармасындағы дыбыстық қайталамаларда көбінде қатаң және ұяң дауыссыздармен байланысып келетінін байқауға болады.

Мұнда «Бұл тәсілдерге ден қойып, көбірек дыбыс қулап кетуден сақ болу керек. Ондай әрекет әдебиеттегі әшейін пішінді ғана жылтыратып, мазмұнды сұйылтып жіберуі ықтимал.», − дейтін ескертпелер есте болғаны абзал ғой дейміз.

Ал оқта-текте газет беттерінен, асабалар қоржынынан қылаң беріп қалатын анафорлық дыбыстық қайталамаларының оқырманға езу тартқызу, көпшілікті күлдіру мақсатында айтылып жүргені сөзсіз.

Мәселен, «Найзагер» сатиралық қауымдастығының мүшесі Батыр Қалмырзаев 5 әріптен басталатын тізімнің «А»-дан «А»-ға дейын деген бөлімінде «Алға бастың аруы Айсары арғы аптада азанғы автобуспен ауылына аттанамын Ана – анамыз аяап атастырса ,алақанымда аялаймын амандықпен ауылдағы ауылым» деп жазыпты (қысқартылып келтірілген)

Демек бұдан анафоралық қайталамалардың сөз ойқылығын ,әзіл-қалжың тудыруда да елеулі қызымет атқаратынын байқауға болады.Тағыда айтарымыз, жалпы жазушы дыбыстық қайталамаларында аллитерацяның басым екенін аңғардық. Бұлай болу себебі, сірә дауыстылармен салыстырғанда, дауыссыз көп екеніне байланысты болса керек.

Жинақтай айтқанда «Сөздер құрамындағы дыбыстардың бір-бірімен үндес болып жарасуы көз алдымызға бейне бір әдемі бояулардың құбыла құлпырған салтанатын елестететін сияқты. Және дыбыс неғұрлым мол қамтылып, олардың қайталануы айқын бола түссе, мәтін әуені де біздің солғұрлым басым эстетикалық ләззатқа бөленетініміз сөзсіз».

Сүйкімділігінен бе, әлде сонша әдемі билейтіндігінен бе, не болмаса арманшыл сезімталдығынан ба, әйтеуір ол көп назарындағы гүл шоғындай еді. Өзінің осы ерекшелігін танитын ажар аздап еркелей жүргенді де ұнататын («Инеш», 83-б.).

Инеш оның университете қашаннан бері оқитынын да білмейді. Қалай оқиды, емтиханды қалай тапсырады, оны да аңғарған емес. Немен айналысады, кіммен қандай қатысы бар, мұның бәрі ол үшін жоқ есебінде болатын. Зада енді сол жоқтықтан шыға келгендей. Не себепті Зада ұмыт қалып жүрді өзі! Қалай оқушы еді! Қайда жатушы еді! Жолдастары кім еді? («Инеш», 85-б.).

Бұл жоғарыда келтірілген мысалдардағы бірінші топтағы мысалдар. Сөз соңында ба, бе сынды сұраулық шылаулар қайталанып келген. Ал екінші топтағы мысалдарда *қашан, қалай, қандай* сынды сұраулы сөйлемдер қайталанып келген. Бұлар бүкіл бір абзацта үндестік тауып тұр.

Мәулен пальтосының түймелерін ағытып, кеудесін аштысол шақта жүрегі тулап кетті. Бұрын өзіне мәлім емес, әрі жат, әрі тәтті сезім пернелері тартыла қалғандай. Қол ұшы тисе не үзіліп кетердей, не өзі әлі естімеген соншалықты ыстық үн төгіп жіберердей. Асыра тулаған жүрегін баса алмай ол ентіге сөйледі («Инеш», 140-б.).

Мәулен күрегі де енді лез-лез балшыққа сүңгіп шыға берді. Боран ұшқан шаң арасынан күрек ұшы жарқылдап көріне бастады. Инеш шаршаса да Мәулен қылығына елітіп қалғандай. Сен үшін қам жейтін, сен үшін бел қайыстыратын, көмек беретін адамның бары қандай жақсы деп ойлады. Дән разылықпен қарай берді оған («Инеш», 140-б.).

Кім таласып, тартыспайды. Кім өз сөзінің дұрыстығын дәлелдемейді. Өмірде таласушылар талас туғызарлық тақырыптар аз ба екен сірә деп өзін-өзі жұбата салатын да, не аздап қабақ көрсеткен Инешті өзіне тартып, не Инеш қылығын өзі елітіп кететін Сөйтіп Мәулен бұл жолы: «Түсінбеймін», − деп тоң-торыс қалды («Инеш», 145-б.).

Мұнда ***әрі, не, кім*** сөздері қайталанып келген. Бұлар сөздермен сөздерді байланыстырып тұрған көмекші сөздер ретінде жұмсалып тұр.

Адам қабылдаушы, еліктеуші ғана емес, адам жасаушы, адам тудырушы. Бұл жағынан өрмекшіге де ұқсап қаламыз. Өрмекші сілбесін әмәнда өзінен шығарады ғой. Өз ісің өзіңе тән. Өзіңнен тартатын боласың. Сен ешкімге де ұқсамайсың ғой. Рас па? – сәл езу тартты күлген қалпы жұрттың төбесінен асыра көз салып, қимылсыз сөйледі: − Дәл, тіпті ата-анаңа да түгелдей ұқсамайсың. Сенің ісің де ендеше ешбір жанның ісіне ұқсамауы дұрыс. Ғылым мен искуствода творчество деп, міне осыны айтады. Творчество ғылымның дем-тынысы. Жұрт аталған тақырыпты бөлісе бастады («Инеш», 57-б.).

Жоғарыдағы мысалдарда адам, жұрт, өрмекші сөздері қайталанып келіп, зат есім орнында қолданылған. Мұнда адам сөзі үш рет қайталанғанда да бастауыш қызметін атқарып тұр. Ал өрмекші сөзі бірінші рет қайталануында пысықтауыш ролін, ал екінші рет бастауыш ролін атқарып тұр. Ал жұрт сөзі екеуінде де бастауыш қызметін атқарып тұр. Ал ғылым сөзі зат есім орнында жұмсалып тұр.

Адам қабылдаушы, еліктеуші ғана емес, адам жасаушы, адам тудырушы. Бұл жағынан өрмекшіге де ұқсап қаламыз. Өрмекші сілбесін әмәнда өзінен шығарады ғой. ***Өз*** *ісің өзіңе тән.* ***Өзіңнен*** *тартатын боласың. Сен ешкімге де ұқсамайсың ғой. Рас па? – сәл езу тартты күлген қалпы жұрттың төбесінен асыра көз салып, қимылсыз сөйледі: − Дәл, тіпті ата-анаңа да түгелдей ұқсамайсың. Сенің ісің де ендеше ешбір жанның ісіне ұқсамауы дұрыс. Ғылым мен искуствода творчество деп, міне осыны айтады. Творчество ғылымның дем-тынысы. Жұрт аталған тақырыпты бөлісе бастады* («Инеш», 57-б.).

Бұл мысалда айтылған өз сөзі мен сен сөзі қайталанып келіп отырған. Бұлар – есімдіктер. Демек, бұдан жоғарыдағы бір мысалда баяндағанымыздай, жазушының есімдіктерді де жиі қайталайтынын да білуімізге болады.

Міне машина жылжып келеді. Қай тарапқа көз салмайын адамның ащы терінен жасалған егін теңізі бұрын осы даланы басып, жанышпап өтетін сан алуан жұрттарды келмеске жіберген ырыс теңізі сахара самалымен толқып, тербеледі. Көк аспанда ала шарпы бұлт көшеді. Құдды дүние дүние болып жаралғалы аспанда дәл осылай ала шарпы бұлт көшіп, даласында дәл осындай егін толқып тұрғандай. Құдды бұл өңірде осы жарқын көріністен басқа өзге көрініс-құбылыстардың көлеңкесі түсіп өтпеген сияқты.Ие, бұл тосын көзге саңылауы жоқ ойсыз көзге ғана солай. Пайымдағанға талай-талай оқиғалардың талай-талай ізі жатыр («Инеш», 342-б.).

Бұл кәсіппен айналысқалы тұрмыстың беті түзелейін деді. Қалай десең де нанға аузымыз тиді. Әкем кешке жұмыстан босаған соң асханаға барып ***ақ бөлкені*** *қолтықтап қайтады. Жалғыз ғана қолайсыздық бар: Нұрыштың үйі де, біз де қалың жабылған қоста тұрамыз. Тәйірі, ішіп-жемің болса, дені сауға аяз дегенің түк емес екен ғой. Өгей шешем жуан-жуан дөңбектерді алып келіп, дүрілдетіп отты жағады. Картопты шелектеп асады.* ***Ақ нанды,*** *үгілген картопты тоя жейміз. Содан кейін қабат-қабат жамылып жатамыз да қаламыз. Танауымыздан* ***ақ буды*** *паравозша будақтатып, ұйқыға да кетеміз. бір ғана жаманы ертесіне тұрғанда қиын. Айнала қысқан сары аяз. Басыңды көтерсең-ақ бас салып, жылы төсекке қорғалата береді. Бір тұрып алған соң мұртыңды балта кеспейді. Лалап жанған отқа талтайа қақтаны, екі бетің бал-бұл жанып отыра бересің. Ал реті келсе, Нұрекеңнің қосына қара жалаң аяқ, жалаң бас жүгіріп алып жөнеле бересің.* ***Ақ қарда*** *аяғыңда лапыңның жоғы да түк емесе екен. Тек қарның тоқ болсын де* («Инеш», 361-б.).

Меніңше, адам өлерде дүниенің ыстық екенін түсінеді, қимайды. Осы жасында қилы-қилы бұлтарыс, қалтарыс бар бұралаң жолмен жүріп ***жақсыны*** *да көреді, жаманды да көреді.* ***Жақсы*** *адаммен де кездеседі, жаманмен де кездеседі. Өзінің де* ***жаман, жақсы*** *болған күндері бар. Соны ойлағанда* ***жаманның*** *бәрі ұмыт болады да, дүние енді нұрлы, ыстық, жарқын жағымен көз алдына ұлғая сылаңдайды. Сондай сәтте адам өзінің адамдық махаббатын берген, мейірімін салған қымбат та қимас, аяулы деген жандарын іздейді. Солардың болашақ тілеуін тілейді. Соған қызыға, қызғана қарайды. Мен міне осылай деп ойлаймын да асыға түсемін, көргім келеді, тілдесіп қалғым келеді* («Инеш», 365-б).

Көріп отырғандарымыздай, бірінші абзацтағы қайталамалар ала шарпы және көк аспан сынды қайталама сөздер кезігеді. Бұлар түр-түсті білдіретін сын есімдерге жатады. Ал екінші абзацтағы мысалдарға оралатын болсақ, мұндағы қайталанған сөздер: ақ нан, ақ қар. Мында ақ қар, ақ нан сөздері анықтауыш орнында қолданылып тұр. Әрі абзацтың көркемдік дәрежесін көтерсе, әрі оқырмандарға абзацты түсінікті, анық етіп жеткізіп тұр. Үшінші абзацтағы мысалдарда жақсы, жаман сөзі жеті рет қайталанып келген сын есімдер. Мұнда автор жақсы мен жаманды салыстыру арқылы бір қанша айтуға жеңіл, көңілге қонымды қарапайым тілді шығарманың құрылысын жасаған. Сөйтіп, терең философиялық ой тастаған.

Жалпы, қорытып айтқанда мұнан жазушымыздың тағы бір бөлім қайталамаларында сын есімді қолданғанын байқаймыз. Мұның шығарманы көркем әрі ұғынықты етіп жеткізуге көп көмегін тигізген.

Әдебиет:

1. Бүркіт О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. Филол. ғыл. док. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 50 б.
2. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Алматы, 2003. – 45 б.

ӘӨЖ 81.01

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖАҒДАЙЫ

Жұрнаш А., Қадыров Ж.Т.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақ халқының фольклорлық материалдары баспа бетінде XIX ғасырда жария бола бастады. Сол кезеңдегі түрлі баспасөздердің негізгі мақсаты қазақ фольклортану ғылымына қажетті материалдар жинау, қазақтың төл мәдениетінің үлгілерін сақтап қалу және орыс мәдениетімен байланыс нығайтуға бағытталды. Қазақ халқының ертегілік мұрасын жинаушылардың бір тобы оларды қазақ тілінде қағазға түсіріп,бастырған. Фольклорист-ғалымдардың енді бір тобы ертегілерді орысшаға аударып, сол тілде жариялаған. Зерттеушілердің алғашқы тобына Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, И.Н. Березин, Ә.А.Диваев, т.б. ғалымдар жатты. Ал қазақ аңыз-ертегілерін орыс тілінде мол жариялаған ғалымдар қатарында Е.А.Алекторов, Г.Н.Потанин және басқа жинаушылар бар.И.Н. Березиннің «Түрік хрестоматиясы» (Спб. 1857-1876), Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» (Оренбург. 1879), А.В.Васильевтің «Қырғыз халық поэзиясының үлгілері» (Оренбург. 1896) т.с.с. еңбектер жоғарыда аталған мақсатқа бағытталып жазылды. Бұл мақсаттың мән-мағынасын Е.А. Алектровтың, Ә. Диваевтың, және басқа да қазақ поэзиясын зерттеуші түркітанушылардың сол кезеңдердегі баспа беттерінде жарияланған мақалаларынан бағамдауға болады. Жоғарыда аталған ғалымдардың фольклортану бағытында жасаған еңбегінің нәтижесінде мол әдеби мұралар жарияланып, жүйеге келтірілді. Оларға біршама түсініктер жазылды.

«Қазан төңкерісіне дейін жарияланған шығармалардың тақырыбы мен мазмұнысан алуан болды, сондай-ақ олар фольклорлық жанрлардың басым көпшілігін қамтыды. Ол жарияланымдарды құрастырушы-шығарушыларының алдына қойған мақсаттарына, кітаптың құрамы мен құрылымына қарай бірнеше топқа (типке) бөліп – көпшілік, ғылыми-көпшілік пен таза ғылыми сипаттағы және оқулықтар мен хрестоматиялар деп жіктеуге болады» [1, 52 б.]. Б. Әзірбаева Қазақ фольклоры жарияланымдарының негізгі кезеңдері (1807-1917) атты мақаласында осынау ғасырдан асарлық уақытта жарық көрген фольклорлық еңбектерге шолу жасай келе, оларды шартты түрде екі үлкен топқа бөледі. Бірінші топқа әр жылдары жарық көрген «Ер Тарғын», «Қыз Жібектің хикаясы», «Қисса Салсал», «Қисса Заркұм» т.б. фольклорлық үлгілердің, басым көпшілігі эпостарды жариялауға арналған жинақтарды жатқызады. Бұл жарияланымдардың

өзіндік ерекшеліктерін төмендегідей саралайды: «Бұл басылымдардың бәріне тән ерекшелік – мұнда алғы сөз, соңғы сөз, жарияланып отырған шығармаға арналған зерттеу мақала, қандай да болса түсініктеме, мәтінде кездесетін, оқырман, тыңдарманға беймәлім, алым-жақында орналасқан жер-су атауларына түсінік, қандай-да болса мәлімет, яғни, ешқандай ғылыми түсініктеме жоқ, мәтіннің өзі ғана беріледі. Демек бұл кітаптарды көпшілікке арналған бұқаралық сипаттағы жарияланым деп жіктеуге болады» [1, 55 б.]. Сондай-ақ бұл жарияланымдар негізінен араб әрпімен беріледі.

Екінші топқа ғалым В.В. Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» атты еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томын, А.Е. Алекторовтың «Киргизская хрестоматиясын», А.В. Васильевтің «Киргизские загадки» жинағы, П. Мелиоранскийдің «Киргизские пословицы и загадки» атты еңбектерін жатқызады. «Аталған басылымдарда фольклорлық мәтіндер кирилл әрпімен (бір-екі кітапта ғана араб әрпі қолданылған) қазақ тілінде жарияланған, оған қоса көбіне орыс тіліне аударылып отырған. Аталған кітаптардың біразы құрастырушы ғалымдардың жарияланып отырған мәтінлерге арнап жазған ғылыми мақалаларымен толықтырылған. Сондай-ақ жарияланымдар түрлі түсініктемелермен жабдықталған. Бұларды ғылыми-көпшілікке арналған және таза ғылыми басылымдар деп жіктеуге болады; солардың ішінде арнайы оқу-ағарту мақсатымен шығарылған кітаптардың да (мысалы, хрестоматия) маңызы зор» [1, 58 б.].

Бұл жарияланымдардың басым көпшілігін дайындап шығарған Ресей оқымыстылары мен мұсылманша сауатты және еуропалық білім алған қазақ зиялылары – Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Ә. Бөкейханов, С. Жантөрин, Т. Сейдалин, Ә. Диваев, М.Ж. Көпеев, И. Березин, М.И. Ильминский, А.Е. Алекторов, А.В. Васильев, П.М. Мелиоранский, Я.Я. Лютш, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, Н.Н. Пантусов, т.б.

Бұл басылымдар фольклорымызды ғылыми айналымға енгізіп, еуропалық деңгейде дамыған Ресей фольклортануының зерттеу нысаны етті және қазақ фольклортануының дамып өркендеуіне себін тигізді.

Ертегілердің жариялаған Ш.Уәлиханов, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Е.А. Алекторов сынды ғалымдардың жинақтарында ертегінің мәтіндерінен өзге олар туралы айтқан пікірлері де берілген. Мысалы, Шоқан Уәлиханов қазақ ертегілерінің арасында Афанасьев жинағындағы орыс ертегілерімен ұқсас сюжеттер көп екендігі туралы айтады. Бұл пікірмен Е.А. Алекторов та келіседі. Ол қазақ ертегілерінің солтүстік елдер мен Шығыс халықтары ертегілерімен ұқсас жақтары көп екенін айтады.

Қазақ совет ертегітану (сказковедение) ғылымы өз бастауын жиырмасыншы жылдардан алады. Бұл кезде қазақ ертегілерін жинау, оларға анықтама беру және жарыққа шығару ісі жолға қойылады. Бұл салаға ерекше еңбек сіңірген жинаушы ғалымдардың бірі – Әбубәкір Диваев болды. Ә.Диваевтың ертегілерді жинауда ұстанған ғылыми бағыты – ертегілерді халықтың ұлттық танымын, мінезін және дүниеге көзқарасын, әдет-ғұрпын танытатын этнографиялық материал ретінде қарастыру. Диваев жинаған ертегілер «Этнографиялық материалдар» деген атпен жарық көрді және қазақ халқының әдет-ғұрпынан мағлұмат беруге бағытталды. 1920-1921 жылдары Сырдария мен Жетісу облыстарына жасаған фольклорлық экспедиция барысында жинаған материалдары жөнінде Ә.А. Диваев: «Бұдан бұрын жиналып алынған және жарыққа шығарылған материалдарға сарқырап аққан өзен суындай келіп қосылған қазақтың ертектік эпосының этнографиялық материалы мен мақал-мәтелдері сізге қазан тұрмысының қыры мен сырын жан-жақты ашып көрсетіп береді... Қазақтың аса бай хайуанаттық эпосы, әсіресе, түлкі туралы эпосы салыстырмалы этнография үшін жемісті материал бола алады»,— деген пікір айтады. Осы пікірі арқылы ғалым қазақ ертегілерінің арасында бірлі-жарым көрші елден енген ертегілер болғанымен, олардың басым бөлігі қазақ халқының төл туындысы деген пайымын білдіреді.

XIX ғасырдағы халық поэзиясының үлгілері мен мақалалары Орыс археологиялық қоғамның Шығыс бөлімі, Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамы Москва университетінің жанындағы жаратылыспен, антропологиямен және этнографиямен әуестенушілер қоғамы мен Ғылым академиясының қарауындағы сериялық баспалар мен журналдарының: «Археология, тарих және этнография... қоғамының хабары»,

«Жаратылыс, антропология және этнографиямен әуестенушілер қоғамының хабаршысы», «Орыстың археологиялық қоғамы Шығыс бөлімінің жазбашалары», «Этнографиялық шолу» т.б. көптеген беттерінде жиі-жиі басылып тұратын.

Бұлардың үлгісімен жергілікті жерлерде: Ташкентте, Орынборда, Семейде, Алматы қалаларында Орынбордың ғылыми архив комиссиясы мен Түркістандық археология мен әуестенушілер үйірмесі сияқты ғылыми үйірмелер мен қоғамдар және комиссиялар пайда болды. Орыс географиялық қоғамының Семейлік, Орынборлық, Түркістандық және Батыс-Сібірлік бөлімдері мен бөлімшелері едәуір жұмыс істеді. Орталықта да, жергілікті жердерде де қазақтың фольклоры журналдар мен газет беттерінде үзбей жарияланып тұрды. Мысалы, ертегілер осы баспаларда жарияланды. Олар: «Акмолинские обл. ведомости», «Оренбургский листок», «Особое добавление к областным Ведомостям», «Киргизская степная газета», «Тургайская газета», «Туркестанские Ведомости», «Астраханский вестник», «Русские Ведомости», «Тургайские обл. Ведомости», «Оренбургские губ. Ведомости», «Волжский вестник», «Этнографические материалы (Средняя Азия)» т.б. Баспада жарияланбаған фольклорлық және этнографиялық материалдар сақтайтын мұрағаттар ашылды. (Петербургте Азия музейі, Петербургтің Орыс географиялық қоғамына қарасты Қазандағы Археология, тарих және этнография мұрағаты, Орынбордағы ғылыми мұрағат комиссиясы). Жұмыс көлемі ұлғая берді, сонымен қатар оның нәтижесі де жақсара түсті. Анда-санда бір жалғыз-жарым жариялаудан белгілі бір жанр көлемінде жариялауға көшті. Бұлар – не қалың журналға енген «материалдар», сериялы баспа, немесе іріктелген әр түрлі текстi немесе ғылыми түсінік беріп бастырған арнаулы «жинақтар». Сондай-ақ алғашқы шыққан қазақтың халық поэзиясы жинақтарының бірі – В.В.Радловтың «Оңтүстік Сібір мен Жоңғар даласын мекендейтін түркі тілдес рулардың халықтық әдебиет үлгілерінің» (СПб., 1870) үшінші томы. Одан кейін қазақтың халық шығармашылығының белгілі бір саласын таныстыратын жинақтар шыға бастады. Мәселен, А.В.Васильев үш жинақ шығарған: ертегіге, мақал-мәтелге, жұмбаққа арналған. Сондай-ақ «Қырғыз халқы ауыз әдебиетінің үлгілерін» (Орынбор, 1898) атауға болады. Ал, Н.Н. Пантусовтың «Қазақ-қырғыз сөз ерекшеліктерін үйренуге керекті материалдарында» (Қазан, 1899-1904) ертегі-аңыздардан басқа бата-тілек («Астан соңғы бата») және мақалдар бар. Ертегі, аңыздардың ішінде ақылдыны жеңген әйел туралы, Қарамерген жөнінде, ханды тонаған айлакер ұры жайында ертегілер бар.

XIX ғасырдың соңына қарай қазақ фольклортану ғылымында жекелеген жырлардың кітап болып шығуы, әр дербес жанрға арналған жинақтардың шығуы сияқты ілгерілеулер орын алды. Бұл кезде баспаларда материалдардың жиналу көлеміне қарай жекелеген жинақтар немесе тек бір жанрға (көбіне ертегілер мен мақал-мәтелдерге) арналған сериялық кітапшалар шығару дәстүрі қалыптасты. Мұндай баспалар ғылыми аппаратпен қамтамасыз етілген. Жинақтарда фольклорлық үлгінің мәтіні және орысша аудармасы, сондай-ақ орысша фонетикалық транскрипциясы беріліп отырған. 1970 жылы Ы. Алтынсарин жинаған фольклорлық мұрасын «Қырғыз (қазақ) хрсетоматиясы» еңбегіне енгізеді. Ы. Алтынсариннің «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясына» халық ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық түрлері жинақталған. Мұнда ертегілердің көптеген түрлері: қиял-ғажайып («Қара қылыш», «Алтын Айдар»), сықақ, салт ертегілер («Тазша бала», «Жиренше шешен»), жануарлар туралы және т.б.; аңыздар, мақал-мәтелдер мен жырлардан үзінділер берілген.

Хрестоматияға енген «Қарабатыр» ертегісінің көркемдік, әсіресе, жас өспірімдердің ой дүниесіне әсер етушілік, тартымдылық сипаттары өзгеше басым. Бұдан кітап авторының қазақ ертегілерін көп және терең білетіні байқалады. «Қарабатыр» туындысы балалардың білім, жас, сана ерекшелігіне лайықты, барлық жағынан тура келетіндігі ескерілген. Ертегінің негізгі кейіпкері – Қарабатырдың ісі, ойы, қиялы, тағдыры баланың мінезі мен санасына тән. Жаугершілік заманда қолға түскен баланы түрікпен елінің жортуылшылары аш-жалаңаш күйінде қойдың соңына салып қояды, бала қойдың сүтін ішіп күн көреді. Қайдан, қалай келгенін білмейтін бала туған елге ұшқан құстан басқадан хабар берудің жолын таппайды. Осы мақсатпен ол қарғаға, сауысқанға, тырнаға, қазға, аққуға жалынып, мұңын шағады, мұнда ол әр құстың өзіне ғана тән ерекшелігін, мінезін дәл тауып атайды. Ақырында, қарлығаш кеп баланың қолына қонып мұң-зарын тыңдайды. Бала бойындағы тұмарын алып қаолығаштың мойнына тағады. Әкем тұмарымды

көріп таныса да, қай елде екенімді біле алмас деп, пышақпен қолын қанатып, қанымен түрікпен елінің таңбасын таңбасын салып жібереді. Қарлығаш алыс сапарға баланың елін іздеп ұшады.

Ертегі оқушысына ерте замандағы халық өмірінің аумалы-төкпелілігін, адам тағдырының көбіне-көп ақ найзаның ұшымен, барымтаның күшімен шешілу ерекшелігін ұғындырады, жас кейіпкерінің қиын-қыстау кезеңдегі ақыл, ойы мен тапқырлығын, бірден-бір дұрыс шешім қабылдай алған зейінді, зеректігін таныстырады. Ертегінің жанға жақын, ғибраттылығы осында, ертек оқушыны бас бостандығы үшін қимыл-әрекетке баруға, бақытты өмір үшін күресуге шақырады, тәрбиелейді.

В.В. Радлов жинап, жариялаған фольклорлық мұралар зерттеушілер тарапынан қызығушылық туғызды және олардың қазақ халық ауыз әдебиетімен танысуларына ықпал болды. В.В. Радлов жинаған фольклорлық үлгілерін тілдік материалдар ретінде қолданған. Мәселен, ол өзінің жинағына Н.Н. Ильминскийден жазып алған «Ер Тарғын», «Ер Сайын» жырларының нұсқаларын Батыс Қазақстан қазақтарының тілдік қолданыстарымен таныстыру мақсатында енгізген. Жинақтың ертегілерге арналған бөліміне «Жақсылық пен жамандық жолдас болған», «Түс сатқан Тазша», «Үш ұл», «Қаракөз сұлу», «Еркем Айдар», «Қармақ салған жігіт» және т.б. ертегілерді жинақтаған.

Ш.Уәлихановтың XIX ғасыр бойында байқап, наразылығын тудырған бір жай туралы В.В. Радлов та дәлелді пікірін білдіреді. Ш.Уәлиханов татар молдаларының қазақ ортасына діншілдік, фанатиктік исламшыл аңыз, қиссаларды көп жинағанын қатал сынаған еді [2, 92 б.].

В.В. Радлов өзі жинаған үлгілер арасындағы ислам дінімен байланысты және ел арасында тараған ертегілік аңыздарды бастырып жариялаумен айналысқан. «Кітап өлең» бөлімінде қазақ халқының халықтық шығармалары қатарында саналып жүрген «Жұм-Жұма» шығармасын XIX ғасырдың соңғы кезеңінде қалыптасқан жасанды жаңалық деп сынға алады.

XIX ғасырдың соңындағы қазақ фольклорын жариялау ісінде Я.Лютштің «Киргизская хрестоматия» жинағы ерекше орын алады. Жинақты құрастырушы – Түркістан мұғалімдер семинариясының оқытушысы Я. Лютш болғандықтан, жинақтың хрестоматиялық сипатта болуы таң қалдырмайтын факт. Жинаққа енген фольклорлық мәтіндер Түркістан уезіне қарасты жерлерден жиналған және жергілікті халықтың оқулық ретінде пайдаланылуына арналған болатын. Яғни жинақ ағартушылық мақсатта жүргізіліп жатқан іс-шаралардың бірі ретінде қолға алынған. Жинақтың төртінші топтамасында қазақ ертегілері топтастырылған. Мұнда қазақтың 26 ертегісі берілген, олар тақырып жағынан жүйеге келтірілмеген. Мәселен, бірінші ертегі - қиял-ғажайып ертегі болса, келесі мәтін – тұрмыс-салт ертегісі болуы мүмкін. Жинақ 1883 жылы Ташкент қаласындағы О.В. Базилевскийдің жалдамалы баспаханасынан Түркістан Оқу Басқармасының рұқсатымен жарыққа шыққан. Көлемі шағын – 251 бетті құрады. Я. Лютш жинағындағы фольклорлық үлгілердің мәтіні кириллица әрпі негізінде қазақ тілінде берілген. Мәтіндерді беруде кириллица әрпін қолданудағы мақсаттары – орыс шығыстанушылары мен түркітанушылары үшін, сондай-ақ орысша білім алған қазақтар үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету [3].

Жоғарыда айтқанымыздай жинақ төрт топтамадан құралған. Алғашқы топтамада Ақмешіт қазақтары арасынан жиналған мақалдар жүйеленген. Ақмешіт қазақтарының жұмбақтары екінші топтамада басылып шыққан. Жинақтың үшінші топтамасы Түркістан, Шымкент және Әулиеата қазақтарының мақалдарына арналған. Соңғы төртінші топтамада қазақ ертегілері берілген. Жинақтың алпыс бетін қамтыған жиырма алты қазақ ертегісі топтастырылған. Алайда жинақтағы ертегілердің берілу жүйесінде бірізділік жоқ, олар бірден жиырма алтыға дейінгі сандармен ғана ажыратылған. Ертегілердің тақырыптары берілмеген, мысалы, бірінші ертегі хан мен оның қырық ұлы туралы қиял-ғажайып ертегі. Көлемі шағын ғана болғанымен (жарты бетті құрайды), сюжеті қызықты. Ертегіде ханның еліне жарлық айтып, суы алтын, жағасындағы ағаштары да алтыннан болатын арық қазуды талап етуі мен әкесінің бұйрығына кенже ұлының араласуы жайында баяндайды. Баласының істелген істің нәтижесін көруге барғанда керемет дауыл тұратындығы және сол кезде ағаштың тамырына жармасса да ешқайда кетпеу керектігі туралы ескертпелерін ескермеген хан мен оның отыз тоғыз баласы қаза табады. Ал ертегі айтқандарды орындаған кенже баласы еліне патша болып, мұратына жетеді деп аяқталады. Екінші ертегі тұрмыс-салт ертегілер

қатарына жатады, мұнда қарттың аманатына қиянат жасап, жүз теңгесін бермей кетуді ойлаған жігіттің қазының ұлята айтқан сөздерінен кейін аманатты қайтарғаны жайында айтылады. Үшінші мәтінде әкесі қарынбайдың берген ақшасына зат алмай, бір қариядан «Әдемі, әдемі емес, әркімнің сүйгені әдемі» - деген насихат сөзін сатып алып, сол даналықтың арқасында жолкеспе ұрылардан аман қалып, мұратына жетуі жайында сөз етіледі. Төртінші және бесінші ертегілер қарақшылар тақырыбына арналған. Алтыншы ертегі – жарлы бала, ал жетінші ертегі ұл мен қызға зар бай туралы, сегізіншісі – бір байдың бурасы жайында. Бұлардан өзге жинақта «Ағайынды жігіт», «Тоғыз тоңқылдақ пен бір шіңкілдек», «Асан қайғы», «Қырық өтірік», «Ойыншы», «Ағайынды үш жігіт», «Шұбар тай», «Қара бура мен ұры», «Сарт пен түлкі», «Жалғыз көзді дәу», «Көк өгіз», «Көк бие», «Жиһан кезуші Байбатыр», «Ағайынды үш жігіт», «Бір бай туралы», «Байдың жалғыз баласы», «Көк қошқар», «Қарт патша» деген ертегілер жинақталған. Жинақтың кемшілігі – ертегілерге паспорттық деректемелер берілмеген.

Қорыта айтқанда, кеңес заманында фольклорлық туындыларды жариялауда игі істер атқарылғанын байқаймыз. Оқырманға кеңінен танымал болған қазақ эпостарын, ертегі, айтыс, мақал-мәтелдерді, халық әндерін т.б. фольклорлықүлгілерді көптеп жарыққа шығару барынша өріс алды. Олар жанрлық принцип бойынша жарияланып отырды, демек фольклорлық мұраларды жанрлық принцип бойынша жариялау біржола мойындалып айқындалды. Қазақ фольклортанушылары бұрынғы КСРО-да алғашқылардың бірі болып фольклор шығармаларының ғылыми басылымын әзірлеп жарыққа шығаруды жолға қойды. Жарық көрген фольклорлық басылымдардың негізгі типтері: көпшілік, ғылыми-көпшілік және ғылыми болып жіктеледі және олар әр алуан пішін мен түрлерде (балаларға арналған, хрестоматиялар, т.б.) жүзеге асырылды.

Әдебиет:

1. Әзібаева Б. Қазақ фольклоры жарияланымдарының негізгі кезеңдері (1807-1917). // Керуен. – 2012. №2. – Б. 50-59
2. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы / Н.Қ.Жүсіпов. – Павлодар, 2007. – 380 б.
3. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Т1. – Алматы: Ғылым, 1975. – 347 б.

УДК 821

ПОНЯТИЕ ДУШИ В КООРДИНАТАХ МИФОЛОГИИ И ФОЛЬКЛОРА

Капарова А.А.

(*магистрант кафедры русского языка и литературы, СКГУ, г. Петропавловск, Казахстан)*

Душа является важнейшим понятием человеческой культуры. В русском и во многих других языках данное понятие связывается со словом «дышать». В первобытные времена простые наблюдения над живыми и мертвыми привели людей к выводу о том, что внутри живого человека есть что-то такое, что делает его живым. Это главная особенность, связанная с дыханием человека, получила название «душа».

В русской ментальности душа определяется как «бессмертная жизнетворящая сила человека в единстве разума, воли и чувства» [1,237]. Из всех толковых словарей только словарь Владимира Даля даёт такое определение понятию души, которое сегодня присутствует в русской культуре: «Бессмертное духовное существо, одарённое разумом и волею; в общем значении:человек духом и телом: в более тесном: человек без плоти. бестелесный, по смерти своей; в смысле же теснейшем: жизненное существо человека, воображаемое отдельно от тела и духа, и в этом смысле говорится, что и у животных есть душа» [2,504]. Если бы в то время было доступно для Даля слово «сущность», то его толкование души стало определением культуры. В языковую культуру русского народа вошли, такие выражения, как «снять груз с души», «отдохнуть душой», «душа моя», «отдать богу душу», «душа – девица». «душа меру знает, «человек жив, покуда душа жива», «до глубины души».

Наряду с понятием «душа» человека во многих мифах и религиях существует близкое и родственное ему понятие «дух». Соотношение этих двух понятий может колебаться от их полного разделения до полного слияния. Древнегреческие философы Демокрит, Эпикур и Лукреций считали, что душа - это материально оживотворяющий тело орган, руководимый материальным началом - духом или, иначе, разумом. Иначе считал философ Платон, утверждавший что именно душа является носителем ума. Римский поэт Ювенал отмечал, что творец дал животным только душу, а людям душу и дух.

В античные времена и средневековье были широко распространены представления о том, что у человека есть мыслительная, чувствительная и растительная души. По мнению Платона, мыслительная или разумная душа располагалась в голове, чувственная - в груди, а растительная (она же - чревная) - ниже грудобрюшной преграды. Одни народы считали, что душа находится в голове, другие помещали ее в диафрагму, живот, печень, сердце. Угры, живущие на Оби, считали, что душа находится в волосах. Это было местонахождение одной из четырех душ, от наличия которой зависят сила и мужество человека. Жители древнего Вавилона вместилищем души считали уши. Древние евреи верили, что душа человека находится в его крови: «душа всякого тела есть кровь его». Их логика была убедительной, поскольку вместе с кровью человек теряет и жизнь. Древнее представление о местопребывании души можно найти у тибетцев: она может быть как в теле человека, так и вне его - в деревьях, горах, озерах, птицах, зверях.

Отражением этих древних представлений о размещении души человека вне его тела являются волшебные сказки. Например, в широко известной русской сказке о Кащее бессмертном, душа которого находится на кончике иглы, а та в утином яйце, которое лежит в самой утке. Древность этого мотива подтверждается его наличием в старинных русских заговорах.

По учению ряда религий душа, как и дух, есть у животных и растений. Древние египтяне верили, что душу имеют и боги. Природные объекты: горы, озера, реки, леса, поля, а также космические тела, звезды и планеты, имеют своих двойников в виде духов. Это могущественные и обычно невидимые существа. Одни из них посылают людям блага, другие - стремятся нанести им вред. Еще одно отличие души от духа состоит в том, что дух может иметь не только самостоятельное происхождение, но и пребывать в виде мифологического существа. В последнем случае, в отличие от божеств, духи стоят на более низком уровне мифологической системы. Таким образом, здесь понятие «дух» шире, чем понятия «душа».

Иногда эти понятия переходят друг в друга. Так, по верованиям некоторых народов, душа после смерти человека становится духом. Например, у славян душа умершего превращалась в дух – «навь». Навь – это «духи мёртвых, враждебные человеку; воплощение смерти, существа без плоти, которые движутся при движении мысли об умерших. Древние славяне считали, что причиной смерти является навья косточка, которая сохраняется в разлагающемся трупе. Навь появляется после полуночи: облако – видоизмененное в худшую сторону фигура человека, его лицо. Избежать встречи с навью можно, если чтить память умерших родственников» [3,127]. Подобных взглядов придерживаются последователи одной из древнейших религий Индии - джайнизма. По их верованиям в момент смерти человека его душа освобождается от уз телесной материи и далее пребывает, как дух.

Первоначально душа у казахов представлялась материальным телом, которое имеет физические свойства: «кан шықты — жан шықты» — кровь вышла, значит и душа вышла; «шыбын жан» — душа наподобие мухи; «жан ашу» — буквально переводится: душа скисает, а это формула выражения сопереживания и глубокого сочувствия. Выражение «жанымды қоярға жер таппа-дым» — не нашлось места, куда бы я поместил свою душу есть формула, выражающая испуг и страх. Выражение «жаным қиналды» — душа измучилась.

Приведём пример из героического казахского эпоса: «Зашел к хану Келмембет, стараясь защитить душу Камбара величиной с муху». Здесь шыбын (муха) надо воспринимать как душу человека. Сравнение души с мухой, с мушкой традиционно для казахской народной

поэзии. Отсюда выражение, ставшее идиомой, «шыбындарды шақырып» — вызвать духов, джынов, — применяемое казахскими шаманами.

Представление казахов о душе человека, которая после смерти вылетает из тела умершего, не связано с учением ислама. «Вторая обитель благословения и изобилия, которую *Я,* Аура-Мазда, в чистоте сотворил, была Согда, богатая людьми и стадами. Здесь чреватый смертью Ахриман сотворил мух, которые вынесли смерть из стада». В Авесте речь идет о мухах-духах, сеющих зло.

Душа представляется казаху как беспомощное, слабое существо, которое легко подвергается нападениям различных материальных объектов и воздействию внешних обстоятельств. Душа, как думали древние казахи, — это невидимое, самое уязвимое место человека. Она объект злой магии, добыча злых духов. Способность души свободно входить в тело и выходить из него обязательно предполагает малые размеры, воздушность и упругость. В древних верованиях она описывается крошечной бабочкой, птичкой-невеличкой. Малая форма дают ей возможность быстро вылетать из тела и возвращаться обратно. Нередко люди представляли душу по своему образу и подобию, приписывая ей телесные, вполне человеческие черты. Образ души согласовывался с общей теорией отражения и являлся фантастическим отражением, сверхъестественной копией самого человека.

У древних казахов смерть приравнивалась к выбытию из рода. Принадлежность к роду была основой жизнеустройства и порядка. Вне рода не существовало общественной жизни. Такое представление совпадает с казахским определением смерти — «кайтыс болу», т. е. уходить из родового коллектива, выбыть из числа рода. Казах-кочевник не представлял свою жизнь вне рода, а изгнание из рода означало самое тяжкое наказание.

По старым понятиям казахов, душа умершего, кроме явления во сне, приходила и наяву в облике птицы, волка, верблюда и скакуна. Такие священные, по представлениям народа, птицы, как лебедь и ласточка, были главными носителями душ умерших. Убийство этих птиц расценивалось как убийство человека. Ласточка любима казахами, её любят больше, чем других птиц, и почитают за святыню. Ежегодное возвращение ласточки в свое гнездо считали в народе хорошей приметой. Это означало, что душа умершего предка, перевоплощенная в ласточку, покровительствует дому и не покидает его.

Согласно рукописи поэмы «История бия Толе» Казангапа Байболова, во время нападения джунгаров известный в народе бий Толе, старейшина рода Джаныс, остался в своем улусе, охраняя гнездо ласточек на шанираке, несмотря на то, что испуганный род в страхе переехал на новое безопасное место. На вопрос врага, почему он остался один, он ответил: «Народ наш почитает ласточек. Согласно древнему обычаю, мы всегда откладывали перекочевки, если видели, что ласточки гнездились в юрте. Ждали пока птенцы сами не улетят. Передай своему хану, чтобы он дал возможность священным птицам выходить своих птенцов!». С тех пор народ прозвал Толе-бия Карлыгаш-бием (узбеки называют Калдыргач-бий). Мавзолей его расположен в центральной части города Ташкента и считается одним из святынь казахов. В народе почиталась и кукушка. Народ считал, что,бросив в молоко ветку, на которой сидела кукушка, можно вызвать обилие молока.

Имеется совершенно противоположное явление, связанное с отрицательным отношением к некоторым видам птиц. В нем обнаруживается религиозно-культовое представление казахов о духах и душе. Казахи не любят ночных птиц, особенно сов и летучих мышей, считая, что они являются носителями злых духов. Негативное отношение казахов к сове объясняется, вероятно, не только ночным образом жизни птицы, но и тем, что совы гнездятся в руинах старых мазаров и могил. Особым почетом в народе пользуется филин, его перья считаются традиционным фетишем и используются в качестве украшения одежды детей, невест, кроватей молодоженов как символ невинности и чистоты.

Известны представления, отождествляющие душу с улетающей птицей. В древнетюркских письменах смерть обозначается словом «учтум» — улетел. Некоторые исследователи птичьи изображения на зороастрийских оссуариях из погребений древних городов юга Казахстана интерпретируют как следствие существования представления о душе в

образе птицы. Примерно такое же объяснение можно дать и каменным изваяниям с изображениями птицы.

Выражения в языке казахов: «со-рым кайнады» переводится как вскипела душа, «сор» — несчастье; «құтым кашып» — буквально переводится : убежала душа, құт — быть в испуге; «сор айдап» — на поводу у души. У казахов ярко прослеживается представление о наличии двух душ, чему соответствует различие в терминах. Запись, сделанная в 1901 г. известным этнографом А. А. Диваевым со слов Кобея Токбулатова из рода канлы, соответствует представлениям казахов о парциальных душах: «В каждом человеке бывает две души: одну из них называют «рух равон» (странствующая душа), а другую — «рух сакин» (не отлучающая душа). Душа – «равон» то выходит из тела, то входит. Если этот «рух равон» выйдет из тела — люди спят, а если входит в тело, то люди просыпаются. Рух сакин распространяется по телу и остается там, образовав свою форму (тела). Душа эта, т. е. «рух сакин» не покидает тела, а если выйдет из тела, обратно уже не входит, значит человек умер. Все, что видит и делает «рух равон», есть сон.

Сквозь исламские наслоения здесь очевидно проступает представление о множественности души. Различие этих терминов у казахов прослеживается весьма смутно. Понятие души у многих народов мира о двух ее ипостасях восходит к первобытной вере во множественность душ человека. Существовало поверье и у кахаъов, что у девушек имеется 40 душ («кыздын кырык жаны бар»).

Вера в множественность душ весьма древнего происхождения. Много душ имеют главные герои казахских фантастических сказок, местное происхождение которых можно полагать явлением неоспоримым. Так, один из отрицательных героев сказки «Ер-Тостік» (Богатырь Грудная Кость) по имени Шойын-Кртак (Чугунное Ухо) свои души хранил в желудке степного зверя: «Тут Шоин-Кулак удалил Кункей из юрты, а сам подошел к колыбели и шепчет на ухо сыну:

— Свою дуду я при себе храню. Она недалеко отсюда. Возле родника Борык-Булак пасутся дикие козы. Среди них есть черная коза (Кайкы Карагер Елік). В животе она носит 9 черных сундуков. В самом маленьком — 9 цыплят. Это моя душа! А если, сынок, твоей душе тесно в твоем маленьком теле, она может соединиться с моей. Но об этом никто не должен знать. Иначе нас может настигнуть смерть». На одном из древних рисунков на камне в горах Каратау, относящемся к VII в. до н. э., изображены олени, несущие в себе, как об этом говорили в сказке «Ер-Тостик», чьи-то души в виде рогатых оленей. Душа в одном олене расположена в области желудка, в другом — в грудной клетке.

Где же находится душа? На этот вопрос отвечает древнее изображение из Центральной Азии. На одном из рисунков воспроизведены архар и два охотника, тренирующиеся в меткости. Показано, как легко можно убить архара, попадая стрелой непосредственно в место нахождения души, которая представлена в виде маленького рогатого козла, расположенного в грудной клетке животного. Интерпретация козла как плода отпадает, потому что подчеркнуто показаны довольно развитые рога. Рисунок относится предположительно к творчеству охотничьих племен нового каменного века.

Охотники казахи и по сей день верят, что души многих зверей (кабана, волка, лисы, барсука, собаки) находятся на кончике носа (орган дыхания!), и при охоте на них традиционными орудиями, например соплом (длинная палица), целятся по носовой части зверя. Души людей могут сообщаться с внешним миром через дыхательные и слуховые пути. Монголы в целях умилостивления души смазывают уши и ноздри жиром берцовой кости барана, которую они почитают. Берцовая кость в ритуалах казахов имеет также сакральное значение, это дает основание полагать, что подобный обряд мог существовать и у казахов.

Мифологические представления о душе, отраженные в фольклоре, дают возможность понять категорию души в координатах культуры.

Литература:

1. Колесов В.В. и другие Словарь русской ментальности – Санкт-Петербург, 2014.

2. Даль В.
3. Персонажи славянской мифологии – Минск, 2014.
4. Диваев А.А. Этнографические заметки. –Алма-Ата, 1987.

ӘОЖ 81

І. ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «ҚАҺАР» РОМАНЫНДАҒЫ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНУ СИПАТЫ

Кенжебулатова Г.Б., Хамзина Г.С.
(ғылыми жетекшісі:ф.ғ.к., доцент, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазіргі кездегі қазақ тілі білімінің жас саласы – сөзжасам қарқынды түрде дамуда. Сөзжасам туралы көптеген еңбектер жазылған (Н.Оралбаева, С.Исаев, Г.К.Абдрасилова, Ғ.Б.Шойбекова, т.б.). Бірақ, өкінішке орай, сөзжасамның аналитикалық тәсілі әлі де болса, толық қарастырылмаған, солардың ішінде біріккен сөздердің көркем мәтінде қолданысы толық зерттелінбеген. І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы біріккен сөздердің қолданысын, лексико-семантикалық топтарын, сөзжасамдық тәсілдерін сипаттау барысында біз келесі сараптамаларды жасадық: 1) лексика-семантикалық сараптама, яғни біріккен сөздердің семантикалық топтарын белгілеу. І.Есенберлиннің шығармасында келесі біріккен сөздердің топтарын жіктеуге болады.

А) Топонимдер. – Жер-су атаулары. Олар елдің халқымен, мәдениетімен байланысты. Олардың қоғамдық-саяси өзгерістермен қарау – қазақ тілінің өзекті мәселелерінің бірі. Қазақ ономастикасының қалыптастыру негіздері Т.Жанұзақов [1], Е.Қойшыбаев [2] еңбектерінде жіті қарастырылған. І.Есенберлиннің романында келесі атаулар қолданылады: *Ұлытау, Арғыната, Жетісу, Кішітау, Айыртаулар, Бетпақдала, Сырдария, Бесқұлан, Жарқайын, Құсмұрын, Қарқаралы, Ақмола, Ақтау, Ұлытау, Сарыкеңгір, Қаракеңгір, Ақмешіт, Терісаққан, Қарақойын, Оқжетпес, Сары-Арқа, Қызыл-Жар, Баянауыл, Телікөл, Ташкент, Шымкент, Қаратау, Қараөткел, Қандыағаш, Қаражал, Сарысу, Жаңақорған, Қамысқорған, Үшөзен*, т.б. Жазушының контексіндегі қолданысы, мысалы:

«Қоқан хандығына жататын Ұлы жүздің бір бөлек елі мен Сырдарияның орта ағысындағы Шу, *Сарысу* өзендерінің бойындағы қазақ жеріне салынған *Ақмешіт*, *Жаңақорған*, Жөлек, *Қамысқорған*, Қосқорған сияқты бекініс шаһарлардың бәрі Ташкент Күшбегінің қарамағында қалды» (І.Есенберлин. Қаһар, 49 б.) [3];

«Есіңде ме, жау әскері сендерді *Қаражал* бұйратындағы жылғаға қуып тыққаны?» (І.Есенберлин. Қаһар, 21 б) [3];

Ә)Ру атаулары: Біріккен сөздер антропонимер тобын да құрайды. Антропонимер – жалқы есімдер. Бұндай біріккен сөз – микротопонимдер да, сол жердегі ғасырлар бойы аталып келе жатқан тарихи аттары көрсетілген. Профессор М.М.Мырзахметов осындай атауларды сақтаудың қажеттілігін ескертіп, былай деп жазады: «Сол жердегі ғасырлар бойы аталып келе жатқан тарихи атын беруге батыл түрде бағыт алуымыз керек», - дейді [4]. Ру атаулары этнолингвистикалық ақпаратты толықтырады, халықтың танымын білдіреді. Осылайша әр жер атына қойылған номендік белгі және оны тудырған мотивтер арқылы тарих қойнауынан сыр тартуға болады[5, 85].

І.Есенберлин романында келесі ру атаулары – біріккен сөздер қолданған: *Бестаңбалы, Қоңырат, Қарақалпақ, Арғыната, Байбақты, Қаракесек;*

«Қаракесексіңдер ме?

- Йә

-Кесіп алсақ қан шықпас, ел билейтін жан шықпас дейтін Қаракесек екенсіңдер ғой» (І.Есенберлин. Қаһар, 221 б).

«Жоқ бұл Кенесары сұлтанның жеңісі – деді кенет тұнжырап кеткен Ахмет., - Қазір оның қарамағында *Найман, Бағаналы, Арғын, Табын, Тома, Шекті, Шөмекей, Байбақты, Қыпшақ* рулары. Бес мың ауыл» (І.Есенберлин. Қаһар, 198 б).

«Б) Біріккен сөздер – адамдардың атаулары. Бұндай антропонимдер әр түрлі үлгіде жасалған:

«Ертеңінде өзін қорғайтын *Батырмұрат* басқарған жасағымен Кенесары Алашахан зираты тұрған Қаракеңгірге бет алды» (І.Есенберлин. Қаһар, 222б).

«Әсіресе Назар руының ақсақалдары *Байтөре* мен *Қаракүшікке*» (І.Есенберлин. Қаһар, 234 б).

«Бұл жоспар бойынша Орынбор әскери-губернаторына бағынатын сұлтан-правительдер Ахмет, Арыстан, *Баймұхамед* әрқайсысы бір мың адамнан жасақ құрып күні бұрын дайын тұруға тиісті еді» (І.Есенберлин. Қаһар, 241 б);

В) Лақап аттар. Бұндай атаулар жалқы және жалпы есімдерден бөлектенеді. Олар ерекше топты құрайды. Біріккен сөздердің басқа топтарынан өзгешелендіретін қасиеттері бір адам, оның қылығы, іс туралы жағымсыз пікірді жүзеге асыру. Кейде керісінше адамға жағымды объективтік қатынасты да білдіруге болады. Бұндай біріккен атауларды коннотацияларға жатқызуға болады.Олардың адамдарды бір қылықтары бойынша суреттеп, мінездемелік сипат береді:

«Елін, жерін, бауырлас туғандарын сатқан сен секілді *қанішерді* өз қолыммен бауыздасам бұл жалғаннан армансыз өтер едім!» (І.Есенберлин. Қаһар, 23 б);

«Нағыз бір ұялы *көкжал* қасқырлар тобы дерсің. Тек аталас күшік қана бозөкпелеу» (І.Есенберлин. Қаһар, 74 б);

Лақап аттар. Бұндай атаулар жалқы және жалпы есімдерден бөлектенеді. Олар ерекше топты құрайды. Біріккен сөздердің басқа топтарынан өзгешелендіретін қасиеттері бір адам, оның қылығы, ісі туралы жағымсыз пікірді жүзеге асыру. Кейде керісінше адамға жағымды объективтік қатынасты да білдіруге болады. Бұндай біріккен атауларды коннотацияларға жатқызуға болады.

Хроленко А.Т коннотативтік мағынаның алты түрін сипаттайды:

1) түсініктемелік, суреттемелік (түсінік);

2) эмоционалды-сезімдік;

3) мәдени-өркениеттік;

4) тақырыптық (семантикалық кеңістік);

5) ақпараттық (білім деңгейі); көзқарастық [6, 36].

Қазақ тіліндегі лақап аттар адамды қылығы, түр-түсі, қимылы, мінезқұлқы бойынша сипаттайды, мысалы: «піскен бас майыр», «қырт», т.б. «Майыр» Құнанбай, Алшынбаймен қол алысып амандасып болды да, жерге отырмай, Құнанбай қарсысындағы жалғыз орындыққа отырды. Үлкен көк көздері қымылау келген. Бет-аузын қалық бұйра сары, сақал басқан. Шүйдесі қып-қызыл екі қатпар боп тұратын. Мұны қазақ атаулы өз атымен атамай, өзге майырлар сияқты, сырт белгілерімен атайды. Жалғыз-ақ бұрынғы, майырларды бір-ақ белгімен «сұлу майыр», «семіз майыр» деп, немесе бетінің секпіліне қарап, «тарғақ майыр» десе, мынаның сыртқы түсі, түрі талай ат атауға өз-өзінен сұранып тұрушы еді (М.Әуезов. Абай жолы,Т.3. 123 б).

Ғалым В.Н.Телия ойынша, мәдени мағынасы бар коннотативтік ойықтар субъектінің және этностың бір зат, ұғым туралы қалыптасқан бағасын білдіреді, оның субъективтік қатынасын көрсетеді. Бұл құндылықтық, par excellence қатынас. Ол келесі сұрақтарға: кім бағалайды? Қандай себеп негізінде? Қандай ұстаным негізінде? Кімнің бағасы көрсетіледі? Толық жауаптарды дайындайды [7].

Когнитивтік метафора бір объектіні басқаның ұғымында модельдендіруге себебін тигізуде. Сондықтан да, конитивтік метафораның сан-алуан түрлері бар.

1) Құрылымдық (structurual) метафоралар. Олар жекеленген салалардың объектілерін басқа салалардағы объектілермен жақындастырып, сол арқылы бейнені құруға бағдарланған;

2) онтологиялық метафоралар абстрактілі ұғымдарды дерек, нақты ұғымдар арқылы сипаттауға ыңғайланған;

3) контейнерлік метафоралар (container metaphor). Осындай метафоралар бейнелі мағынаны «контейнерді толтыру» тәсілі арқылы суреттейді [8, 55-56];

4) кейіптеу моделі дүниенің заттарын адамның түс-түрімен, мінез сипатымен салыстыра отыру арқылы бейнелейді. Кейіптеу метафорасы адамдарды малдық, табиғи құбылыстардың түр-түсін, қимыл-әрекеттері арқылы сипаттауда да жиі қолданылады[9].

Кейіптеу метафора моделі негізінде жасалған когнитивтік, бейнелі метафоралардың мысалын келтірейік: көк соққыр, көк жарылқасын (контейнер метафорасы)

Г) Кейбір адамгершілікке жақпайтын, сөгілетін қылықтар. Олар автордың роман кейпікерлеріне деген жағымсыз қатысын көрсетеді:

«Араларында алты ғасыр өтсе де, *қанқұмарлық* түбі бар» (І.Есенберлин. Қаһар, 232 б); «Шыңғысхан қанішерлікке болат қанжар болса, Кенесары сол қанжардың кішкентай сынығы» (І.Есенберлин. Қаһар, 231 б);

Бұл жағдайда метонимиялық тәсіл қолданған *қанқұмарлық* (бүтін) – қанжар- Кенесары – қанжардың сынығы.

«*Қандыбалық* Жамантайдың кімі боласың?» (І.Есенберлин. Қаһар, 213 б);

«Бұл *бақұмар* сұлтанның ғана традегедиясы емес, бостандықты көксеп алданған халықтың да традегиясы еді» (І.Есенберлин. Қаһар, 220 б);

Метонимия – шектес ұғымдардың белгілі бір модельдер бойынша ауыстырылады. Модельдер – оның бүтін бөлігі сыйғызатын кеңістік ішіне сыйатын заттар, жалқы есім, т.б.

Е) Метереологиялық ұғымдарды білдіретін біріккен сөздер: осындай сөздер ұлттың дүниетанымы туралы қорды толықтырады, ауа райы, табиғат, уақытты, географиялық ұғымдарды атайды [10], мысалы: *көкжиек, желтоқсан, күншығыс, күнбатыс, солтүстік, қыркүйек, итжеккен*, т.б.:

«Ал Кенесары Батыс-Сібір губернаторына жататын Ұлытау, Арғынатаға қарай өтіп кетпес үшін Омбы, Қызылжар, Қарқаралы бекіністерінен, ереуілшіл елдің *күншығыс* жағынан, көк темірге мұздай бөленген ұзын саны мың мылтықты күшті жасақтар шықпақ болатын» (І.Есенберлин. Қаһар, 241 б);

«Енді олар *солтүстікке* қарай бұрыла түсіп Орынборға Кенесарының қарамағына жатпайтын ауылдарының үстімен жүрмек болды» (І.Есенберлин. Қаһар, 209 б);

«Жол *күнбатысқа* қарай бұрылысымен-ақ бірден өзгере бастады, жаз аяқталып, сұрғылт тартып қалған» (І.Есенберлин. Қаһар, 205 б);

«Алыстағы *көкжиек* үстінен алабұртып табақтай болып жалқын ай көрінеді» (І.Есенберлин. Қаһар, 28 б);

Ж) Адамның жас мөлшерін, жасқа тән қасиеттерін де білдіретін топ: Бұл топқа жататын сөздердің көбі метонимиялық тәсіл, яғни шектен ұғымдарды ауыстыру арқылы (бүтін-бөлігі) жасалған:

«Кеудесінде намысы бар арашаға түскен жігіттер мен «ау, бұларың не?» деп ақылға салам деген *ақсақал, қарасақал* біткеннің бәрін бүкіл жұрттың көз алдында оққа байлапты, кейбіреулерін қылыштап шауып өлтіріпті» (І.Есенберлин. Қаһар, 229 б);

«Қыз деген сөз жас кезінде *бозбалашылықты* басынан көп өткізген Перовскийге жылы тиді ме, ол еріксіз жағасын жөндеп, тікірейген сарғылт мұртының ұшын сәл шиыршықтай әдеміледі» (І.Есенберлин. Қаһар, 199 б);

Біріккен сөздерді сөзжасамдық тәсілдер бойынша да сараптауға болады. Бұл жағдайда біріккен сөздердің сөзжасамдық тәсілдері сипатталынады. І.Есенберлин романында қолданған біріккен сөздердің сөзжасалым тәсілдерін келесі түрде сараптауға болады:

1) Изафеттің бірінші түрі арқылы жасалған біріккен сөздер. Бұндай біріккен сөздердің екі сыңары да қосымшасыз зат есім сыңарлардан жасалған: күншығыс, жарқаин, Сырдария, Құмбел, қараңыз:

«Құмбелдегі ауылдан бастап, кәрлі қылыштың қаһарынан талай елді аман алып қалдыңыздар» (І.Есенберлин. Қаһар, 21 б);

«Ереуілшілермен кейде итжығыс түсіп жүретін сұмдар» (І.Есенберлин. Қаһар, 33 б);

2) Изафеттің екінші түрін сақтайтын біріккен сөздер І.Есенберлиннің романында бірталай. Мұндайда бірінші сыңар қосымшасыз болып келеді, ал екінші сыңардағы тәуелдік жалғау сақталады:

«Соңғы үш-төрт жыл ішінде Ақмола аға-сұлтаны *Құдаймендінің Қоңырқұлжасының* қасында болып, жақында ғана өз еліне қайтып келген»;

«Ата мекен Көкшетауын тастап, Қасым төре неге Қоқан хандығына қарай көшті? – деді ол сөзін алыстан қозғап» (І.Есенберлин. Қаһар,6 б);

3)Кейде біріккен сөздердің бірінші сыңарында да, екінші сыңарында да тәуелдік жалғаулар сақталуы мүмкін:

«Осыдан екі жыл бұрын көктемде Қараөткелдің аға-сұлтаны *Құдаймендінің Қоңырқұлжасы* қазақтар балаларымызды сыпайға-солдатқа алады деп сескенетінін арыз етіп Петерборға барғанында патша ағзамның өзі қазақ жігіттері еш уақытта да сыпайға алынбайды деп бұзау терісіне мөрін басып уағдасын берген жоқ па?» (І.Есенберлин. Қаһар, 10 б);

«Тастамаңдар *Басықара* батырды жау қолына! – деп тұлғасы бөлек көк бурыл бестісін әмір беріп, ешкім шықпаса өзім шабайын деп ыңғайланғанша, қамыс құлақ, бөкен сан, бүкіл Арқаға әйгілі «Ортеке» аталған сәйгүлігімен Төлебай батыр, жұрттан сытылып шығып жеке сала берді» (І.Есенберлин. Қаһар, 134 б);

3. **Біріккен сөздердің бірінші сыңары көбінесе сын есім, екіншісі зат есім болып келеді:**

«Арқадағы әлі бекініс салынып мылтық даусы ақ-құсын үркітпеген Арғынаты, *Ұлытау*, *Кішітау*, Айыртаулар алыстан мұнарлана көрініп қиялыңды тербеткендей» (І.Есенберлин. Қаһар, 222 б);

«*Жанәділ* үлкен бәйбішесі Қайнисадан, Шыңғыс, екінші әйелі Уәлиханның немересі *Аққағаздан* туған» (І.Есенберлин. Қаһар, 95 б);

«Өйткені *Байтабын* шексіз батыр, епті, айлакер» (І.Есенберлин. Қаһар, 32 б); «Кіші жүздің көп рулары кей жылдары бас қосып қалған қан жайлауларда Байтабын мен *Ақбөкен* де үш-төрт рет ұшырасқан» (І.Есенберлин. Қаһар, 34 б);

«Жолай *Кәрібай* қарттың ауылына соқтың па? - Соқтым» (І.Есенберлин. Қаһар, 213 б);

1. **Бірінші сыңары сан есім, екінші сыңары зат есім,** мысалы:

«Он шақты іштесерлері бар, өзгелерінде қисық қылыш, болат ұшты найза. Бұл бізге *Үшөзен* тоқырауынан кеп тимек» (І.Есенберлин. Қаһар, 33 б);

«Бұлар үш күннен кейін, Баянауыл округінің Сібірмен шектес *Төрткөл* болысының жеріне жетті» (І.Есенберлин. Қаһар, 20 б);

«Есіл, Нұра бойын жайлаған Орта жүзге де Елек, Жайық жағасындағы Кіші жүзге де, Балқаш пен Сыр, *Жетісуды* мекен еткен Ұлы жүзге де жер кіндігі» (І.Есенберлин. Қаһар, 255 б);

2. **Біріккен сөздер анықтауыштық қасиеттерді де білдіреді.** Анықтауыш сыңары көбінесе сын есім түрінде сомдалынып, заттың, адамның түрі, түсі туралы мағлұмат бере алады:

«Араларда алты ғасыр өтсе де *қанқұмарлық түбі* бар» (І.Есенберлин. Қаһар, 232 б); «Көп жаса, *ақсандық жүйрігім*, - деді, - көңілімізді бір көтеріп тастадың ғой» (І.Есенберлин. Қаһар, 73 б);

««Қорамсақтарынан екі қырлы өткір ұшты сауыт бұзар, төрт қырлы *қозыжауырын* жебелерін алып, тартылар жеріне жаңадан күшігінің қойлық жүні, *тазқараның тайлақ* жүні» деп аталатын қауырсындарын қондырды» (І.Есенберлин. Қаһар, 88 б);

«Оны *әлжуаз* де, тағы де бірақ маңдайымызға жазылғаны сол халық, мен оны сен айтқан әлжуаз қалпында да жақсы көремін» (І.Есенберлин. Қаһар, 23 б);

3. **Біріккен сөздер толықтауыштық қатынастарды да білдіреді:**

«Жоқ, жоқ қайткен күнде де Ақмола бекінісін алу абзал. Бірақ, бес жүзге таяу жасағы, зеңбірек, карабин, *іштесер* қаруы бар, биіктігі бес сажын қорғайды, жан-жағын қоршап қазған

терең орлы бекініст*і Қоңырқұлжа мен Қарапұшық* Иван оп-оңай бере сала ма?» (І.Есенберлин. Қаһар, 114 б);

4. **Біріккен сөздерді құруда көбінесе пысықтауыштық қатынастар негіз болған.**

Солардың ішінде бір топты болымсыздық етістіктер құрайды: «Ауылға барғаннан кейін бұл қыздардың қайтып келуі екіталай» (І.Есенберлин. Қаһар, 201 б);

«Ал *әлдеқалай* түнде кездескен адам, ертегінің дәуін көргендей жүрегі жарылып кете жаздайтын» (І.Есенберлин. Қаһар, 114 б);

«Біріккен сөздерде әртүрлі пысықтауыштық қатынастар қолданылады. Солардың ішінде:

а) іс-әрекеттің тәсілінің түрі сипатталынады: «Бөлтіріктерінен айрылған бөрідей әбден *қанкөзденіп* алған» (І.Есенберлин. Қаһар, 222 б);

«Егер көшсе Терісаққан бойына Қарақойын. Қашырлыға көшкен жөн» (І.Есенберлин. Қаһар, 87 б);

5. **Уақыт, мезгілді білдіретін пысықтауыштық қатынастар** да қолданылады:

«Орынбор маңындағы мұжықтар көтерілген аласапыран кезде қазақтармен қырылысуды дұрыс көреді» (І.Есенберлин. Қаһар, 196 б);

Әдебиет

1 Жанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. – Алматы: Наука, 1982.
2 Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы, 1985.
3 Есенберлин І. Қаһар. – Алматы.: Ата-Мұра, 2003. – 288 б. Келесі сілтемелер осы басылымнан беріледі.
Страх вошел в поэтику комедии, превратившись в один из главных двигателей комедийного действия и системы самодержавно-бюрократического управления.В комедии прослеживается градация «количественной меры» страха. Вначале Городничий еще бодрится: «Страху-то нет, а так, немножко»[6, 250]. Но уверенность моментально испаряется, когда Бобчинский и Добчинский поведали о прибытии ревизора, Городничий восклицает: «Что вы, господь с вами! Это не он» [6, 283]. Бобчинский при этом сообщает о «ревизоре»: «Такой осмотрительный, меня так и проняло страхом» [6, 283]. Во втором действии Хлестаков и появившийся на пороге Городничий «в испуге смотрят несколько минут один на другого, выпучив глаза» [6, 294]. Затем Городничий выслушивает нелепые «угрозы» Хлестакова, «вытянувшись и дрожа всем телом» [6, 295]. В третьем действии одна из главных тем хвастовства Хлестакова — как он наводил страх: «...прохожу через департамент — просто землетрясенье — всё дрожит, трясется, как лист» [6, 316]. В этот момент даже слушатели Хлестакова трясутся и не могут выговорить ни слова от страха. Сам Хлестаков – есть порождение страха, которое могло достигнуть таких огромных размеров лишь в атмосфере, пропитанной моральной деградацией общества. В четвертом действии, перед представлением Хлестакову у Луки Лукича, «язык как в грязи завязнул» [6, 321], а у Аммоса Федоровича «так вот коленки и ломает». Простодушие, любопытство, привычное делание всякой неправды, вольнодумство чиновников при появлении Хлестакова, то есть по их понятиям, ревизора, вдруг сменяются на мгновение приступом страха, присущего преступникам, ожидающим сурового возмездия. «Ревизор» — это всепоглощающее море страха, с его грешными утопленниками.

Героев пьесы мало страшит возможность разоблачения и справедливого возмездия.Больше всего они боятся оказаться крайними, поскольку знают, что бюрократическая машина не исправляет пороков и бед, но подчас жестоко карает тех, кто по неосторожности попадает под ее колеса. Это сопряжено с еще одной особенностью изображения страха в комедии. То, что находится внутри города, с чем обыватели уже

сжились, не вызывает в них страха. Интересна, на наш взгляд, сцена покаяния купцов после их неудачной жалобы «ревизору». Ремарки сообщают, что купцы внимают разгневанному Городничему «кланяясь», что они «кланяются в ноги», но нет ни одной ремарки «в страхе», «в испуге», «дрожа всем телом» и т. д. Эти ремарки появляются в комедии лишь по отношению к недоревизору Хлестакову, который еще неопознан, мыслится ими как карающая сила, с которой они не знают, как совладать. Страх, таким образом, распространяется лишь на явления внешние по отношению к городу.

Немаловажнымявляется и то, что страх грещников воздействует даже на тех, кого в грехах уличить нельзя. В ответ на реплику Анны Андреевны: «Да вам-то чего бояться: ведь вы не служите», Добчинский говорит: «Да так, знаете, когда вельможа говорит, чувствуешь страх» [6,362].Добчинский не должен бояться наказания, ведь он не совершал служебных преступлений в отличие от других жителей города. Но здесь играет человеческий и стихийный фактор: пучина страха поглощает даже тех, кого не в чем упрекнуть, если процент поглощаемых грешников велик.Действие страха в комедии напоминает расходящиеся круги на воде, оно страшно и подчас загадочно,— и кто же поручится, что оно не захватит по ошибке человека «неслужащего», стоящего в стороне.

Над всем этим, по мысли Н.В. Гоголя, должна господствовать какая-то более мощная сила, подчиняющая себе всех персонажей и все импульсы их переживаний. Такую силу Гоголь создал своей «ситуацией ревизора», замкнув ее единым, общим чувством — страхом. Именно эта атмосфера страха заполняет все пространство, роднит комедию с картиной «Последний день Помпеи», возвышая «Ревизора» над социальной проблемой, которая лежит на поверхности.

Литература

1. Воронский А. Гоголь. – М. 2009.
2. Белый А. Мастерство Гоголя: Исследование. – М., 1996.
3. Манн Ю.В. Поэтика Гоголя. – М.,1988
4. Гиппиус В.В. Гоголь. Воспоминания. Письма. Дневники. – М., 2014.
5. Соколов Б.В. Гоголь: энциклопедия. – М., 2003.
6. Гоголь Н.В. Ревизор. – М.,1984.

УДК 348.4

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

Кыдырбек Б., Джуманова Л.С., научн.рук.
*(Карагандинский государственный технический университет
г. Караганда, Казахстан)*

Использование компьютерных технологий при обучении в наше время имеет огромное значение, благодаря новым возможностям. Внедрение новых информационных и коммуникативных технологий расширяет доступ к образованию, формирует систему открытого образования, изменяет представление о квалифицированных характеристиках, которыми должен обладать современный дипломированный специалист. Наиболее значительная группа преимуществ заключается в методических достоинствах компьютерного обучения. Например, преподаватели используют способность компьютера моментально реагировать на введенную информацию для создания простейших обучающих программ в виде упражнений. Технические преимущества обучения иностранному языку при помощи мультимедиа состоят в том, что звуковые карты позволяют пользователю записать свою речь, а затем прослушать и сравнить ее с произношением носителей языка. Графические возможности компьютера могут представить

любой вид деятельности в виде картинок или анимации. Это особенно важно при ознакомлении с новой лексикой, так как изображения на мониторе позволяют ассоциировать фразу на иностранном языке непосредственно с действием, а не с фразой на родном языке. Более того, мультимедиа являются прекрасным средством интерактивного общения между различными языковыми группами, что особенно ярко проявляется при применении компьютерной сети [1,с.173].

Перечисленные достоинства позволяют сделать вывод о том, что средства мультимедиа обладают очень большим потенциалом при обучении устной иноязычной речи. Благодаря оптимальному сочетанию возможностей целого ряда технических средств обучения (лингафонного кабинета, видеофильмов, телевидения, радио, газет, журналов, книг, библиографических справочников, телефона) и обладая дополнительными возможностями (интерактивность, графические возможности и т.д.), мультимедиа предоставляют практически безграничные возможности для обучения и самообучения [2,с.18].

В последнее время в системе казахстанского образования наблюдается тенденция смены парадигмы обучения, согласно которой высшая школа переходит от передачи студентам знаний в готовом виде к организации и управлению их самостоятельной учебно-познавательной деятельностью. Сегодняшние требования к образованию, где самостоятельная работа студентов является основной, заставляют высшую школу применять способствующие активному процессу обучения учебные методы и формы организации работы, которые развивают умение учиться, находить необходимую информацию, использовать различные информационные источники и развивать познавательную самостоятельность обучаемых.

Современная педагогическая наука стремится к использованию новых технологий в обучении. Упомянутые выше интерактивные медиа также получают свое достойное применение. Большинство самых разнообразных интерактивных учебных компьютерных программ по изучению английского языка нацелено на самостоятельную проработку фонетических и грамматических аспектов и доведение их до автоматизма в употреблении. Особенностями этих программ являются интерактивные диалоги, системы распознавания речи и визуализации произношения, анимированные ролики, демонстрирующие артикуляцию звуков, упражнения для развития всех видов речевых навыков, видеосюжеты с переводом, отслеживание собственных результатов обучения.

Поскольку целью обучения иностранному языку является коммуникативная деятельность студентов, то есть практическое владение языком, в задачи преподавателя входит активизировать деятельность каждого студента в процессе обучения, создать ситуации для их творческой активности. Так, в качестве интернет-источников, которые могут прийти на помощь преподавателю иностранных языков в организации самостоятельной работы, можно отнести вещательные, интерактивные и поисковые интернет ресурсы, на которых можно получить познавательную информацию, обучающие материалы и условия, способствующие формированию профессиональной компетенции будущих специалистов [3,с.13].

Использование мультимедийных технологий в процессе обучения позволяет: совершенствовать процесс органического сочетания традиционных форм и методов образования с инновационными; реализовывать обучающую, информационную, игровую, моделирующую, конструирующую и аналитическую функции; выполнять такие обще дидактические принципы как наглядность, доступность, посильная трудность, системность, переход от обучения к самообразованию, положительный эмоциональный фон обучения, связь теории с практикой. Кроме того, мультимедийные технологии поддерживаются мультимедийными программами, энциклопедиями, словарями и специальными информационными образовательными средами, созданными для познания целостного окружающего мира в контексте его компьютерного проектирования, моделирования и конструирования.

Мультимедийные технологии выступают в качестве особых интеллектуальных средств деятельности и имеют ряд преимуществ по сравнению с другими информационными технологиями обучения, так как они: 1. Являются педагогическим средством постоянного

совершенствования содержания и методов воспитания в современных условиях. 2. Дают возможность выявить и поддерживать студентов с лингвистическими способностями. 3. Представляют собой основу дистанционного обучения. 4. Обеспечивают доступ к передовым методам воспитания и обучения широкой педагогической общественности благодаря всемирной сети Internet и разветвленной коммуникационной сети. 5. Создают искусственную языковую среду, позволяют обеспечить изучение иностранного языка (ИЯ) в индивидуальном темпе, повысить самостоятельность и ответственность студента, организовать обучение ИЯ для всех возрастных групп, выстроить обучение ИЯ в соответствии с интересами, целями учащегося, ввести в обучение ИЯ межкультурный компонент. 6. Мультимедийными технологиями представляются новые и, по-видимому, безграничные возможности создания средств изобразительной наглядности.

Вопрос интеграции Интернета в образование и, в частности, применение его в обучении иностранным языкам в настоящее время достаточно актуален. Таким образом, сочетание традиционных методических приемов обучения языку и новых позволят обеспечить более высокий уровень усвоения учебного материала. Анализ показал, что в педагогической науке и, особенно в практике отечественного вузовского преподавания, наблюдается недооценка возможностей компьютерных средств обучения, в том числе и мультимедиа. Это связано, прежде всего, со сложностью и недостаточной разработанностью в теории понятия мультимедиа как дидактического средства.

Литература:

1. Гальцова Н.П., Мезенцева Т.И., Швадленко И.А. Использование электронных информационно-образовательных ресурсов поддержки научных исследований молодых ученых.// Вестник Томского гос. пед. университета (Tomsk State Pedagogical University Bulletin)/ В.10. Серия: Педагогика, 2006. –с. 173
2. Глазов Б.И. Ловцов Д.А. Компьютеризированный учебник-основа новой информационно-педагогической технологии // Педагогика. 1995.-№ 6.–с.18
3. Кушниренко А.Г., Леонов А.Г., Кузьменко М.А. Что такое Интернет? Информационные и коммуникационные технологии в образовании.// Информатика и образование. 1998. - № 7.-с. 13
4. Yang L.R. Benefits and drawbacks of controlled laboratory studies of second language acquisition // Cambridge: Cambridge University Press. 2001. – с.57

ӘОЖ 821.512.122.32.09

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ УӘЖДІЛІГІ

Қадыров А.Ж.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігі мол әмбебап құбылыс саналатын мақал-мәтелдер XX ғасырдың соңғы ширегінен бастап тіл білімінің дербес саласы паремиологияның зерттеу нысанына айналды. Содан бері қазақ тілі білімінде «көркемдік тәсілдің ең қуаттысы және құнарлысы» болып саналатын ММ-ді әртүрлі қырынан қарастырған бірнеше ғылыми еңбек жарық көрді.

ММ-дердің пайда болу жолдары мен жасалу тәсілдерінде барлық тілдерге ортақ ұқсастық байқалады. Академик Ә.Т. Қайдардың айтуынша, олар екі түрлі –ішкі және тысқы арналар бойынша жасалып, өзара тоғысуы арқылы белгілі этностың біртұтас рухани байлығына айналған даналық сөздер. Мұндағы ММ қорының «ішкі арнасы» деп отырғанымыз әрбір халықтың өзіне ғана тән рухани- мәдени өмір-тіршілігі мен өзіндік дүниетаным тәжірибесінен туындап, ұзақ тарихи даму барысында тұрақтанып, қалыптасқан даналық сөз қоры болса, оның «сыртқы арнасына» ұзақ дәуірлер бойы аралас-

құралас бірге жасап, біте қайнасып келе жатқан туыс, көрші халықтардың рухани өмірінен тілімізге енген ауыс-түйістер жатады [1, 69 б.].

Академик Ә.Т. Қайдар есте жоқ ескі замандарда белгілі бір қауымдық ортада пайда болып, тілде қысқа нақыл сөз түрінде қалыптасып, халық санасында мықтап орныққан, әу болған сөз маржандарының ең алғашқы «иелерін» анықтауды, ол нақылдардың пайда болуының объективті және субъективті себептерін мүмкіндігінше ашып-анықтауды ұсынады. Осы мақсатпен ғалым ел аузында жүрген бірнеше нақыл сөздердің авторларын, ең алғаш айналғандығын көрсететін деректер келтіреді [2, 121 б.].

Біздің мақсатымыз – ММ-дің пайда болуының экстралингвистикалық себептері мен қолданысқа ену жолдарын халық әдебиетінің үлкен бір саласын құрайтын дастандық үлгілер негізінде анықтауға талпыныс жасау.

Кез келген индивид өзі сөйлейтін тілдегі ММ-дің мағынасын белгісі бір дәрежеде түсінеді. Күнделікті тіршілік барысында әр алуан ситуацияларға қатысты қолданылытын ММ-дің мазмұндық сипатын әрбір тілдік тұлға өзінше қабылдайды. Бұл орайда ММ-дің негізінен ауыспалы мәндегі қолданысын түрліше қабылдауы әрбір реципиенттің когнитивтік санасындағы аялық біліміне, атап айтқанда сол ММ-дің пресуппозициясы мен импликациясынан, генезистік уәждемесінен хабардарлығына байланысты. Мұның өзі тіл біліміндегі «ішкі форма» ұғымымен сабақтасып жатқан мәселе.

«Ішкі форма» термині алғаш рет тілдік бірлік ретінде сөзге қатысты жұмсалғанмен (В.Гумбольдт, Х. Штейнгаль), кейінгі кезде тілдегі фразеологиялық бірліктерге байланысты кеңінен қолданылып жүр: «...фраземалардың ішкі формасы оларды жасаушы сөздердің бейнелігі негізінде пайда болды» (В.П.Жуков, А.М.Бабкин, Г.П.Помигуев), «ішкі форма – фраземалардың семантикалық мотивировкасы» (В.В.Виноградов, Л.И.Ройзенсон, А.М.Мелерович), «фраземалардың ішкі – олардың этимиологиялық мазмұны» (В.М.Мокиенко, А.В.Кунин, М.И.Сидоренко) «фраземалардың ішкі формасы нақты ойлау (В.М.Федоров) немесе бейнелі ойлаумен (Р.Н.Попов) байланысты» «ішкі форма таңбаланушы ситуацияның «Логика-семантикалық» аспектісіне байланысты» (Н.Н. Кириллова) т.б. Осындай көптеген пікірлерге ортақ желіні В.П.Жуковтың «ішкі форма дегеніміз-еркін сөз тіркестері мен солардың негізінде қайта жасалынған фразеологизмдердің екі жақты қатынасының бейнесі» деген пікірінен байқауға болады. Яғни, әуел баста белгілі бір күрделі, тіпті қайшылықты ситуацияның нәтижесіне, салдарына қатысты жасалған пайымдау бірнеше сөздің тіркесі түрінде қалыптасып, уақыт өте келе соған ұқсас жағдаяттарға байланысты жұмсала жүріп, құрамы жағынан тұрақталады және семантикасы бойынша баийды, түрленеді. Ол тілдік құрал қолданылатын әрбір жаңа ситуация одан бұрынғы ситуацияның құрамынан ерекшелетіндігіне байланысты (мұндағы «ситуация құрамына» оқиғаның өтетін орны, рөлдері, комуникативтік ниеті т.б. парметрлер кіреді) фразеологизмнің семантикасы да ол ММ-дің пайда болуына себеп болған бастапқы ситуация тілді қолданушы қауымның көркем туындылар, атап айтқанда халық ауыз әдебиеті нұсқаларында сақталуы мүмкін. Мұны ММ-дің прагматикалық мәнінің олардың этнолингвистикалық уәжділігіне негізделумен түсіндіруге болады. Зерттеушілер тіл мен таным сабақтастығы тұрғысынан ММ-ді уәжділігі тасаланған және уәжділігі тасаланбаған деп бөліп қарастырады. Біз қарастырғалы отырған мәтелдер (Қасқырдың (бөрінің) аузы жесе де қан, жемесе де қан; Ұсынған басты қылыш кеспес; Бір әйелдің (қулығы) кесірі қырық есекке жүк болар) екінші топқа, уәжділігі тасаланған ММ-дер қатарына жатады. Себебі, арнаулы филологиялық білімі бар және филолог емес жоғары білімді информанттарға осы мәтелдердің мағынасын қалай түсінетіндігі және олардың қандай ситуацияларда қолданылатыны туралы пікірлерін білдіру туралы өтініш жасалғанда, олардың көзқарастары алуан түрлі екені байқалады.

1. «Қасқырдың (бөрінің) аузы жесе де қан, жемесе де қан» деген мәтелді информанттар «бір жаман атқа ие болған кісіге еш уақытта жақсы атақ жоқ, яғни оның кінәсіз де жазықты болып отыруы», «үнемі кінәлі болып жүретін адамға кезекті бір орын алған келеңсіз жағдайды (қылмыс , тәртіпсіздік, ұрлық т.б.) тели салу, кейде жазықсыз

адамды жазықты қылып шығару» «бүлінген істі қатысы бар жоғына қарамастан, бір кездері сондай кінәсімен көзге түскен адамнан көру, соны кінәлау» деген мәнде түсінеді;

2.«Ұсынған басты қылыш кеспес» деген мәтелді бүгінгі тіл қолданушылар «кінәсін түсініп, мойындаған адамды кешіру», «Аққа құдай жақ »дегендей, кінәсіз адамның басын алуға жол берілмеу, «біреу өз айыбын түсініп, кешірім сұраса, оған рақымшылық жасалуы тиіс», тіпті «тірегі мықтыға ешбір сот жоқ ...» (бұл-бастапқы мәннен мүлдем алшақ кеткен түсінік) деген мағыналарда қабылдайды;

3.«Бір әйелдің (қулығы) кесірі қырық есекке жүк болар» деген мәтелдің мағынасын әркімнің әр-түрлі түсінетін байқалды: «Әйел кесірленбесін, ол кесірленсе, бітті, үйдің ішінде де,сыртында да береке болмайды», «әңгіме құмар, сөзуар адамның кесірінен екі адамның немесе көпшіліктің арасында болатын кикілжің», «бір адамның кінәсінен көп адамның зиян шегуі», «әйел өз міндетін дұрыс атқармағанына байланысты немесе оның артық сөзінен көптің әбігерге түсуі», «ауыл арасында сөз тасыған өсекші әйел туралы; жағымсыз әңгіменің туыс адамдардың арасына жік түсіруі, соның себебінен бірнеше адамның жапа шегуі, уайымға берілуі, қайғыруы», «бір адамның кесірінің көпке тиюі», «қырсық әйелге қатысты», «салақтық, ұқыпсыздық, жауапсыздық туралы, яғни бірнеше адамның жұмысты жақсы істегеніне қарамастан, бір адам тапсырманы дұрыс орындамаса, бәріне сөз келуі, түгел сөгіс алып, ұрыс естуі...», «әйелдің айла-тәсіліне ештеңе тең келмейтіні», «пейілі жаман адамның тату-тәтті ұжымды немесе ауыл – аймақты бір-біріне айдап салып, жұрттың шырқын бұзуы» т.б.

Реципиенттердің бір ғана мәтелді әр түрлі қабылдауына негіз болған себептердің бірі олардың бұл мәтелдердің шығу төркінінен хабарсыздығы болса керек. Дегенмен келтірілген түсіндірмелердің қай-қайсысы да аталмыш мәтелдердің шығу төркінінен хабарсыздығы болса керек. Дегенмен келтірілген түсіндірмелердің қай-қайсысы да аталмыш мәтелдердің ішкі формасымен астасып жатыр. Яғни информанттар ол мәтелдердің мағынасын түрліше ашқанымен, олардың қандай ситуацияларға сәйкес қолданылатынын біледі. Бұл – олардың әрбіріне тән тілдік және аялық білімдерінің қорына қатысты мәселе. Осы тұста ішкі форманың өміршеңдігі, тілдік бірліктердің (ММ-дің) мағыналық құрылымына әсері бірнеше мәтелдік синонимдердің қатар өмір сүруінен көрінетінін айту керек. Мысалы, жоғарыда келтірілген түсіндірмелердің бірқатары «Өтірікшінің шын сөзі зая кетер», «Аққа құдай жақ», «Бірдің кесірі мыңға тиер», «Бір құмалақ бір қарын майды шірітер», «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ», «Әйел қырық айлалы» деген мәтелдердің семантикасына жақын. Демек, белгілі бір ситуацияларда аталған мәтелдерді онымен мағыналық жақындығы, тіпті байланысы бар басқа оралымдармен алмастыруға болатынын көреміз. Енді нысанаға алынған үш мәтелдің генезистік уәждемесіне байланысты мәселені қазақ дастандарының мазмұны бойынша қарастырайық. Жалпы қазақ дастандарын авторы белгілі, яғни ақын-жыршылардың өз жанынан шығарған төл туындылары және сюжеттік желісі өзге халықтар әдебиетінен алынған немесе өзге тілдерден аударылған дүниелер деп бөлуге болады. Осылардың ішінде, әсіресе, шығыс халықтары арасында таралып, аттары аңызға айналған тарихи тұлғалар жалпы адамзатқа тән құндылықтарды – адамгершілік, махаббат, ерлік, адалдық, т.б. сияқты адамның жақсы қасиеттерін дәріптеуге арналған және белгілі бір этностың дүниетанымына, діні мен діліне, ұлттық менталитетіне, ой-өрісіне қатысты мәселелерді жырлайтын шығармалар деп жіктеуге болады. Бірінші топқа жататын шығармалардың кейіпкерлері бір этностың өкілдері немесе онымен гентикалық жағынан туыстығы бар халықтарға ортақ қаһармандар болса, екінші топқа жататын дастандардың кейіпкерлеріне тән ұқсастықтар тектік емес, яғни олардың арасында гентикалық байланыс болмайды. Бұлардың арасындағы ұқсастық дін ортақтығымен, әдет-ғұрыптық байланыстармен сабақтасады.

Атымтай – арабтың «тай» тайпасынан шыққан, тірлігінде жомарттығымен аты шығып, елге жасаған жақсылығының арқасында даңқы шартарапқа жайылған тарихи тұлға. Тілімізде оның есіміне байланысты. «Атымтайдай жомарт бол!» деген тілек мәнді

оралым сақталған. Кезінде тірі жанның бетін қақпаған, кімнің де болса сұрағанын тауып беріп, ел алғысына бөленген осы бір жомарт жанның атақ-даңқын Шам, Рум, Емін (Сирия, Византия, Йемен) шаһарларының патшалары күндейді. Олардың ұғымында, сақилық – тек қана қолында билігі мен көл-көсер қазынасы бар патшаларға тән қасиет. Ал қарапайым адамның, оның ішінде Атымтай сияқты жалғыз тұлпары мен тазысы ғана бар жарлының сақилығы-жай ғана атын шығару үшін жасалатын жалған мәрттік. Саналарын осындай ой жаулап алған патшалар қол астындағы елге Атымтай есімін атауға тиым салады... Тіпті халықты жинап, «кімде кімнің сақида алашағы болса, айтсын, өндіріп береміз, ал Атымтайдың өзін жазаға тартамыз» деп жар салады. Алайда көпшіліктің Атымтайда ешқандай ақысы жоқ екені, қайта олардың сақидан алғаны көп екендігі анықталды. Сонда Шам патшасы өзінше қулық ойлап табады. Ол «көзі қара, өзі қызыл жүз нар» сұратып, Атымтайға кісі жібереді... Бір дұшпанының беті бері қарағанына қуанған жомарт зыр жүгіріп, өзінде жоқ малды елден несиеге алып, нардың санын жүзге толтырып, елшіні разы етіп қайтарады. Сынынан сүрінбей өткен сақиға шын риза болған патша оның жүз нарына сый-сияпат артып, кері қайтарып, Атымтаймен ақыреттік дос болуға уәделеседі.

Рум патшасы Атымтайдың асқан жүйріктігімен танылған асыл тұқымды тұлпарын сұратып адам жібереді. Қалыптасқан әдеті бойынша қонағының не шаруамен келгенін сұрамаған сақи үйінде оны күтетіндей ешбір азық қалмағанын көріп, дағдарады да жалғыз тұлпарын сояды... Үш күн өткен соң қонақтар патшаның хатын беріп, бұйымтайларын айтқанда Атымтайдың көзінен жасы домалай жөнеледі. Мұны «атын қимай отырға» жорыған меймандар іштей мәз болып, сақиды табалай күліп отырғанда, Атымтай олардың алдына тұлпардың басы мен төрт сирағын әкеп қояды да: «Патшаның сұрағы білмедім, әйтпесе осы тұлпарды сол күні-ақ жетектетіп жіберер едім...», – дейді. Мұны естіген қонақтардың да, Рум патшасының да көзқарастыра өзгеріп, Атымтайдың шын сақи екендігін мойындап, оған деген достық бейілдерін білдіреді...

Өз елінің, яғни патшасының қараулығы қалмай, уәзірлерімен ақылдасып, бір жігітті Атымтайдың басын әкелуге жібереді. Сақидың басы үшін қызы мен патшалығын қоса сыйға тартатындығын мәлімдеді. Осыған, келісіп, жолға шыққан шабарман қалың тұманда адасып жүріп, аң аулауға шыққан Атымтайға кез болады. Әдептілігі сондай, бейтаныс адамның атын да, затын да сұрамаған сақи оны үйіне әкеліп, барын беріп, күтеді. Үш күн өткенде шыдамаған қонақ өзін Атымтайдың басын әкелу үшін патша жібергенін мақтаныш қылып айтады. Ол аузын жиып үлгермей-ақ орнынан атып тұрған Атымтай алмас қылышын суырып алып, қонағына ұсынады да: «Міне, басым керегіңіз осы болса, кесіңіз де алыңыз!» -дейді. Мұндайды күтпеген қонақ абдырап, сасып қалады да, жомарттан кешірім сұрайды. Ал атымтай «қонағымның бұйымтайын бермесем – менің сақи атыма сын, патшаға берген уәдеңізді орындасаңыз – сіздің жігіттігіңіз сын, алыңыз басымды, мен үшін екі сөзді болмаңыз» - деп азар да безер болады. Дәті шыдамай қашып шыққан қонақ патшаға барып болған жайды баяндағанда, Атымтайдың шын сақи екеніне көзі жеткен билеуші «қас сақиды өлтірмей келген сен де ер екенсің!» деп, шабарманына да разы болып, уәдесін бұзбай, қызын беріп, патшалығын сыйға тартады... [4]. Міне, осы оқиға Атымтайдың шын сақилығы туралы аңыздың пайда болып, елден-елге таралуына, ал тілімзде «Ұсынған басты қылыш кеспес» деген мәтелдің қалыптасуына негіз болған.

Бүгінгі тілдік ұжым мүшелерінің көпшілігі бұл мәтелді «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «Аққа Құдай жақ» деген оралымдардың баламасы ретінде, тіпті кейбір жағдайларда «Тірегі мықтыға сот жоқ!» деген мәнде түсініп, қабылдайтынын және сол мағынада қолданытынын жоғарыда айттық. Сонда бастапқыда бір оқиға нәтижесінде жасалған пайымдау уақыт өте келе, қолдану жағдайларына байланысты мазмұн-мағынасын өзгерте отырып, қалыптасқан тілдік оралымға, мәтелге айналады және сол фразеологизмнің пайда болуына себеп болған әуелгі оқиғаға ұқсас екінші, үшінші, төртінші... ситуацияларға қатысты қолданыла келе, белгілі бір фреймге берілетін тұрақты баға деңгейіне жетеді. Яғни бір мәтел өзара ұқсас немесе ортақ компоненттерден тұратын ситуацияларға қатысты эталондық үлгі ретінде этностық когнитивтік санасында берік

орныгады. Ал ол мәтелдің прагматикалық ерекшеліктері тілдік тұлғаның, тілді қолданушы ұжымның, сөйлеуші мен кабылдаушының аялық білімінің көлем-шамасына қарай түрленіп, өзгеріп отырады.

Ал құрамында аң-құс пен жан-жануарлар атауы кездесетін ММ-дің адамға, оның жақсы және жаман қасиеттеріне қатысты қолданылуына сол хауанаттың бойындағы, мінез-құлқындағы қасиеттерді тап басып, тани білген халқымыздың, адам баласына әсерлі болу үшін аң-құспен салыстыра, соған меңзей отырып, астарлап сөйлеу салты, бейнелі сөз қолданыс дағдысы негіз болған. «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан» деген мәтел ұсынылған информанттардың бір де бірінің бұл фразеологизмнің тура мағынасына (қасқырдың мал жауы екендігіне) тоқталмауы да – осының нәтижесі.

Қорыта айтқанда, тіліміздегі көптеген сөздер мен оралымдардың тура және ауыспалы мағынада жұмсалуға бейімділігіне жекелеген, шағын тілдік таңбаларға ауқымды да терең мағыналы мазмұнды сыйдыра (мәтін сыйымдылығы – өз алдына жеке қарастыратын мәселе) білген бабаларымыздың ой ұшқырлығы мен сөзге шеберлігі негіз болса, бүгінгі ұрпақтың сол меңзеуді дұрыс қабылдап, дәл түсініп, ыңғайына қарай құбылта қолданатындай деңгейге жетуіне негіз болатын маңызды факторлардың бірі – халық ауыз әдебиетін білу.

Сонымен, қисса-дастандар тілінде кездесетін, бертін келе қолданыстан шығып қалған көптеген кірме, көнерген сөздердің, әртүрлі бейнелі қолданыстарды қазақ әдеби тілінің алтын қорынан лайықты орнын алуға тиіс асыл қазына деп санаймыз. Олардың жалпыхалықтық сөздік қорымызды толықтыруға тигізер пайдасы зор болмақ. Бүгінгі тілдік нормаларымызға сай келе бермейтін кейбір ауытқуларды ауызекі әдебиеттен жазба әдебиетке ауысар тұста орын алған тарихи құбылыстар ретінде тануымыз керек. Ал, мәдениетаралақ қатынастар, әдеби байланыстар, фольклорымызды жаңа сюжеттермен байыту, діни ұғымдарға түсініктер беру жағынан алғанда бұл туындылардың әдебиетімізден алар орны ерекше.

Әдебиет:

1. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы, 2004. – 565 б.
3. Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.
4. Қазақ халық әдебиеті. Дастандар. 1 т. – Алматы, 2007. – 463 б.

ӘӨЖ 94 [574]

ҰЛТТЫҚ САЛТ - ДӘСТҮРДЕГІ ЫРЫМ - ТЫЙЫМДАРДЫҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ

Құлыбекова Ж.С., Баржанова А., Амангелді А.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Әр халықтың ұлттық танымын, көзқарасын, өзіне тән, жеке ұлттық ерекшелігін білдіретін наным-сенімі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі бар. Ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрдің қаймағын бұзбай, ұмытылып кетуіне жол бермей, қазіргі қоғамда өте жарасымды етіп қолданып жүрген халықтың бірі – қазақ халқы. Халқымыз дәстүрге өте бай. Ал салт-дәстүрге бай болу - елдің мәдениетті әрі тәрбиелі екендігінің айғағы.

Салт-дәстүрдің қандай ұғым екеніне тоқталып өтсек. Салт-дәстүр – ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани және мәдени азық. Біздің халқымыз өз ұрпақтарын қасиетті салт - дәстүрмен, өнегелі әдет-ғұрыппен, ырым-тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл мен инабатты қызды теріс жолға түсірмей тәрбиелей білген. Яғни, салт дәстүр адамды адастырмас тура жолмен жүруге, жөн-жосықты білуге, үйренуге, ең бастысы өмірде қолдануға үгіттейтін таптырмас құрал деп айтар едік. Яғни, салт-дәстүр - әрбір ұлттың рухани айнасы.

Халқымыздың тәрбиелік құралдарының күнделікті қолданылатын үлгі, өнеге түрлерінің бірі – тыйым сөздер. Бұл балалар мен жастарға жаман әдеттен жирену дегендей, ұнамсыз қылықтардан сақтандырып, жақсылыққа еліктеу, бейімдеу мақсатында шыққан халықтың ұғымы. Міне, олар осылар арқылы әркімді теріс мінезден, орынсыз қимылдардан сақтандырып отырған. Қазіргі уақытта өскелең ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтық салт-дәстүрді аялай, ардақтай білуге тәрбелеу – басты міндеттердің бірі.

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының тыйымдары мен ырымдарының алатын орны өте ерекше. Ырым халықтың жақсы ниетінен туған ұғрып. Жас кезінен ұрпағын теріс қылық мінезден сақтаған халқымыздың ырым – тыйымдарының мәні өте зор. Бұл балалық шақтан бастап, отбасы болғанша сақталған ереже тәрізді. «Олай жасама, бұлай жасама, жаман сөз айтпа, дұрыс емес» тағы басқа сөздердің жауабын «жаман болады» дегенмен аяқталып отырған. Өмірде әр тақырыпқа байланысты ырым - тыйым сөздер кездеседі. Балаға, малға, әйел адамға, тұрмысқа, жол жүруге және т. б.

Әрқайсысымыз болсын ырым – тыйымдардың қалай пайда болғанын, не себептен олай жасау - жасамау керектігі жайлы ойланған болатынбыз. Ырымға сену керек пе, әлде сенбеу керек пе деген мәселенің шешімі әлі күнге дейін ашылған емес. Мәселен, «көз тиюден сақтайтын» сан түрлі ырымдар бар. Мысал үшін, әр сәбидің маңдайына күйе жағып қоятын ырым бар, яғни жаңа туған нәрестені тіл көзден сақтау үшін жасалады. Ырыммен қатарлас жүретін тұмар тағу, аластау, бақсылықпен емдеу, жауырынға қарап болжау, құмалақ салу сияқты дәстүрлі ұлттық ерекшеліктер көне түркі мәдениетіне ортақ құндылықтар деп саналады. Қазақтың ырым-тыйымдарының астарында сан түрлі тақырыпты қамтитын мәдени-этикалық тәрбиелеу таңбалары жатыр. Әрине, ырым-тыйымдардың бірден бір ерекшелігі - ол адамға сенім, жігер береді. Ырымдар мен тыйымдарға сене отырып, адам іштей барлығын жақсылыққа жорып, жамандықтан сақтануға тырысады.

Жолаушылап келе жатқан адам бір үйге сусын ішуге түсетін болса, сол үйдің есігіне тура беттеп келіп, аттан түспейді. Үй иесі сыртқа шыққанда, амандық-саулық сұрасқан атының оң жағынан түседі және үйді айналмайды. Өйткені, жау адамдар бөгде үйдің жай-күйіне қарамайды, баса-көктеп кіреді және өлімнің суық хабарын естірткелі келген адам да күй таңдамастан бірден үйге кіреді. Сол себепті, бұл «жолаушының жүрісі жаман ырымға ұқсамасын» деген мағынаны білдіреді. Дос-жаран, ағайын-туыстар да оң тілеумен үйдің оң жағынан келіп, үйге оң аяқпен кіреді [1].

Ұртын не тілін тістеп алған адамның үйіне ашыққан кісі келеді [2,10 б.].

Көп жасаған немесе жақсы адам қайтыс болса, оның киімдері мен тұтынған заттарын бөліп алады. Ойынға ашуланған баланың басы таз болады [2,12 б.].

Тізені құшақтау – жалғыз қалудың, қолды төбеге қою – ел-жұртынан безінудің, үлкенннің жолын кесу - әдепсіздіктің, асты төгу - ысыраптың белгісі деп танығ және ондай ерсі істерге қатаң тыйым салған.

Мұндай тыйым сөздер ел ішінде өте көп. Оның бәрін қамти алмағанмен кейбір үлгілері қағазға түсірілген. Дастарханды, тамақты баспа. Кісі мініне күлме, кемтарға күлме. Малды, ыдысты, тамақты теппе. Бос бесікті тербетпе. Тұзды, күлді баспа. Итке ожаумен ас құйма [3, 21 б.] – сияқты сан түрлі ырымдар бар.

Төрт түлікке байланысты ырым-тыйымдарың мәнісі малдың киесі бар екенін сездіруге, соны біліп, құрметтеуге шақырып тұрғандай әсер қалдырады. Төрт түліктің өзге де қасиеттеріне, кейбір әрекеттеріне қарай отырып ауа райын, табиғат болмысын, өзге де нәрселерді болжай алған халқымыздың рухани қазынасында осынау тақырыпқа арналған ырым-тыйымдар молынан ұшырасады. Солардың бірқатарына тоқталсақ. Буаз малды төлдер алдында, өрістен қайтқанда қуаласа, өз мерзімінен бұрын төлдеуі мүмкін. Мұны «іш тастау» дейді. Мал қораның сыртында, болмаса ішінде ысқырмайды. Халқымызда ысқырыққа жылан келіп, малдың емшегін шағады немесе сүтін сорып кетеді деген түсінік қалыптасқан. Жас мал төлдегенде үйге қарыз сұрап келгендерге ештеңе бермейді - жас төлдің құты кетеді [2,39 б.]. Жас ботаны бірден көзге түсірмейді. Оны бір ай шымылдықтың не ши қоршаудың ішінде

ұстайды. Жас бота тұрған киіз үйдің белдеуіне бөтен адамның атын байлатпайды. Егерде бөтен адам ботаны көріп қалса, оған жалма-жан «тіл-көзім тасқа» дегізіп, ботаға түкіртеді немесе отқа тұз тастатады. Мал иесі малдың сүттілігіне немесе семіздігіне риза болғанда, алдымен құдайға сыйынып барып ризалығын білдіреді, әйтпесе көз тиюі мүмкін. Бұдан біз қазақ халқының ырымшыл, айналасындағы әр нәрсеге ұқыптылықпен қарайтындығын тайға таңба басқандай көре аламыз.

Негізінен алғанда әр елдің өз ырым-тыйымдары бар. Әрине, кейбіреулері ұқсап жатса да, бірақ айырмашылық та сезіледі. Мысалы, түн ортасында жүзім жеу. Испанияда түн ортасы болған кезде тұп-тура 12 түйір жүзім жеу керек деген ырым бар көрінеді. Сонда алдағы он екі ай бойы ырзық несібеге – кенеліп өмір сүруге болады деген түсінік қалыптасқан. Бұл ерте кездегі он екі түйір жын-періден қорғайды деген аңыздан бастау алса керек [4].

Тағы бір ырымдардың түрі - жердің жарығын баспау. Солтүстік Америкада өскен балалардың барлығы асфальт жолдың жарылған жерін баспауға әбден үйренген. Алда-жалда осы жарықты басып кеткен адамның анасының арқасына бірдеңе болуы мүмкін деген де ырым бар екен (бұл тыйым ағылшынша «Don’t step on a crack, or you’ll break your mother’s back» деп айтылады) [4].

Айдың 17-і күні, жұма. 13-і күнгі жұма туралы қазір жұрттың бәрі де білетін шығар. Бұл наным Исаның соңғы сабағында тек 13 оқушы болғандығымен байланысты болуы мүмкін. Алайда Италияда 13-і емес, 17-і сәтсіз күн болып есептеледі екен. Бұл қайдан шыққан дейсіз бе? 17 (XVII) деген рим цифрын VIXI деген латын сөзіне аударуға болады, ал ол «менің өмірім аяқталды» деген мағынаны береді.

Төрт санынан қашу. Қытай мен Жапонияда 4 саны өліммен байланыстырылады. Ол осы елдердегі иероглифтердің бейнеленуімен байланысты. Өйткені «өлім» деген сөз бен «төрт» санының таңбалануы бір-біріне өте ұқсас көрінеді. Бұл ырымның кең етек алғаны соншалықты – ауруханалардың лифтерінде 4 саны жазылған түймеше болмайды екен. Міне, бұдан біз әр елдің дүниетанымын, болашаққа деген сенімін, алаңдаушылығын және сақтығын байқай аламыз. Ырым-тыйымдардағы сандарға назар аударсақ, әрбір елдің қай саннан сақтанып не болмаса керісінше пір тұтатынын байқауға болады. Мысалы, ерте заманнан бері жер бетін мекендеп келе жатқан халықтардың көпшілігі жеті санында сиқырлы күш бар деп санаған. Оны кие тұтып, қастерлеген небір ұлттар да болды. Соның бірі – қазақ халқы. Біздің ата-бабаларымыз да жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелерін жеті санымен атап, ата заңдарына, салт-дәстүріне арқау етіп келеді.

Қазақ халқында бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе (шапан, кебенек, тон, жабу, жүген, қамшы және бесік көрпе) жабады. Кебенек пен қамшы – ел қорғайтын ер болсын деген тілекті білдіреді [2,17 б.].

Бізді ерекше бір таң қалдырған тыйымдардың бірі - түн ішінде сағыз шайнамау. Түркияда кешкі астан кейін сағыз шайнаған адамды көрсе, әбден жекуі мүмкін. Түріктер түн ішінде сағыз шайнаған адамды өлген адамдардың денесін шайнағанмен бірдей көреді екен. Құрсын, мұндай ырымнан кейін, адамның түн түгілі, күндіз сағыз шайнағысы келмейтін шығар.

Қазақ болғаннан кейін ата бабамыздан қалған біршама ырымдар бар. Олардың барлығын бірдей жоққа шығаруға болмайды. Себебі оны жоққа шығарсақ қазақ ұлттылығымыздан, дәстүрімізден айырыламыз. Әрине, орынсыз да ырымдар жетерлік. Көп жағдайда ырымдардың астары болады.

Бірақ сол астарларын үлкендерден қазбалап сұрағанда, олар көп жағдайда жауап бермей жатады. Сондықтан жастардың көбі ырымды жоққа шығарады.

Ал қазақ салт дәстүрлеріне тоқталар болсақ, сәби дүниеге шыр етіп келген сәтінен бастап, адам өмірінің соңғы кезеңіне дейінгі аралықты қамтиды. Әрбір салт-дәстүрдің түпкі мақсаты - тәрбие беру мен белгілі бір сенімге негізделген. Жалпы, салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесінде алар орны бөлек. Ол бала тәрбиесіне байланысты,тұрмыс-салт,әлеуметтік- мәдени салт-дәстүрлер болып үшке бөлінеді. Бала тәрбиесіне байланысты әдет ғұрыптарға: баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілген тәлім тәрбиелерінен бастап, есейіп, азамат болып кеткен кезеңі кіреді. Мысалы: шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін

дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той, тіл ашар сынды салт дәстүрлеріміз бар. Осындай салт-дәстүрлеріміздің кейбірі заман талабына сай өзгерістерге ұшыраған болса, кейбірі еш өзгеріссіз бүгінгі ұрпағына жетіп, ұлтымыздың тарапынан қолданысқа ие болып отыр. Дегенмен де, бүгінгі салт дәстүрлердің орындалуы өзгеріске түскенмен, олар өзінің түпкі мақсатын, берер тәлімін жоғалтқан жоқ деп айта аламын.

Қазақ халқы арасында кең таралған этнографиялық астары мол сондай салт өлеңдерінің бірі - «Тұсау кесу» жыры. Өлеңнің атауы да халықтың тұсау кесу ырымына байланысты қойылған. Бұл ырым бала өміріндегі елеулі оқиға ретінде атап өтіледі.Ырымның негізі аяғынан қаз тұрып, апыл-тапыл жүре бастаған сәбидің қадамын байлап тұрған тылсым күш бар, соны қиып жіберсе, бала жүгіріп кетеді деген көне магиялық ұғымнан туған сияқты.Бұған ұқсас түсінікті әлем халықтары тарихының барлығында болғандығы белгілі, ал Орта Азия халықтарының көпшілігінде бертінге дейін сақталған. Мәселен,қарашай-балхар халқында бұл ырым «жанға атлан» (алғашқы қадам) деп аталады.Бұл салт бойынша,бала алғаш жүре бастаған сәтте жүгері ұнынан күлше пісіріп,оны сәбидің аяғының арасына домалатады.Нанды ұстап алуға талпынған бала әрекетін қызықтаған әйелдер:

Хайда, хайда,топ,топ...
Балачығым топ, топ,топ...
Хайда,хайда,топ,топ...
Балачығым,топ,топ...
Онг жанына топ,топ...
Ерге,енше, топ, топ...
Балачығым,топ,топ... -деп әндетеді.

Бұл ырымның жүзеге асуы қазақ пен қырғыз халқында бірдей. Ол үшін аяғынан қаз тұрып жүрген баланың аяғын ала жіппен майлы тоқ ішек араластырып, кейде шөп араластырады, тұсайды да тұсауды аяғы жеңіл, ширақ жүрісті адамға кестіреді. Содан соң отырғандар баланы жағалата жетектеп:

Тәй,тәй,балам,тәй,балам,
Жүре қойшы жәй,балам,
Қарыс,сүйем қаз бастың,
Қадамыңнан айналдым...-деп әндетеді [5,103-104 бб.].

Тұсау кесу рәсіміне арнайы ала жіп дайындалады. Халық тұрмысында ала жіпке байланысты бірнеше этнографиялық детальдар сақталған. Соның бірі мынадай: Араздасқан екі адамды татуластырған кезде ертеректе билер оларға ала жіп ұстататын болған. Керіліп тұрған жіпті екі адамға да сыйлы, беделді адам ортасынан қиып жіберген.Оның мәнісі - егер уәде бұзып бір-бірімізге қайтадан жаулық сағынсақ, тәңір жазамызды беріп,осы ала жіптей қиылып қалайық деген сөз. Қазақтардың адамға қиянат жасаған емеспін деудің орнына ешкімнің ала жібін аттаған жоқпын деуі де сондықтан. Ала жіп қазақ ұғымында белгілі әдептің шегі.Ел ішінде қораға ит-құс тимесін деп қора аузына ала жіп құрып қоятын да салт бар. Яғни, халық түсінігінде ала жіп киелі ұғымға ие [5,104 б.].

Енді бүгінде, осы тұсау кесу рәсіміне байланысты, халық арасында бірнеше пікірталас тудыратын ойлар өрбіп жүр. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтсем деймін.

Мысалы, бүгінгі күнде көпшілік арасында: «Тұсауды алдынан кескен дұрыс па, артынан кескен дұрыс па?» деген мәселені шеше алмай әлек. «Тұсауды алдынан кеспейді, жолын кесіп тастайды десе, енді бірі тұсау кескенде артынан кеспейді, артқа қарай тартып тұрады» деген ойлар халық арасында пікірталас тудырып жатыр. Шынында да, пікірлер әр түрлі. Үлкен кісілерден сұрап көрсе, үлкендер де әр түрлі айтатын көрінеді. Негізінен тұсауды артынан кескенді ешқашан көрген емеспіз және оған келіспейміз де. Алдынан кессе, жолын кесіп тастайды деген пікірді негізсіз деп санаймыз.

Екінші пікірталас тудыратын жәйт - тұсаудың кесетін құралында болып тұр. Қазіргі таңда тұсауды пышақпен де, қайшымен де кесе беретіні барлығымызға белгілі. Көп ретте, әрине, қайшымен кесілетінін де байқап жүрміз. Көпшіліктің пікірі бойынша, баланың алғашқы қадамын қайшылаудан бастасақ, ары қарайғы өмірі де күрделеніп, кедергілері көп болуы

мүмкін деседі. Сол себепті қайшымен кескенді қазақ қош көрмеген, тек өткір пышақпен шорт кесетін болған. Үлкен кісілерден естуіміз бойынша «ата бабаларымыз тұсауды тек пышақпен кескен» деп айтқан болатын. Бұған да жіті мән беріп қарасақ дұрыс болар еді.

Тағы бір ел аузында жүрген әңгіме - «әжелер тұсау кеспеген» деген ойға тоқталып көрсек. Қай кезден бастап жаппай үрдіс алғанын білмейміз, бұл күндері қарап отырсаңыздар, тұсауды көбінде жасы үлкен әжелерге, кейуаналарғаа кескізіп жүрміз. Осыған жете мән беріп көрдік пе? Жүрісі ауырлаған қарт әжеге немесе ілби басатын кейуанаға тұсау кескізгенде, бұл үрдістің түпкі ойына сәйкес келмейтіндей. Сөз жоқ, ала жіпті көпті көрген, талай немере-шөбере сүйген әжелер әдемілеп ақ батасын беріп, баланың аяғына байлап береді. Ал тұсау кесетін адамды ата-ана алдын- ала сайлайтын болған. Қимылы ширақ әрі пысық, ақ жарқын мінезді,көпке қадірлі, ісін тиянақты әрі тындырымды атқаратын, елге сүйкімді келіншектерге, ұл баланың тұсауын «Пәленше ағасындай сері болсын, үлкен азамат болсын» дегендей ел аузында, елдің алдында жүрген ер азаматтарға кескізген. Бір жағынан, халқымыздың ырымшылдығы шығар, бірақ қалай дегенмен өзіміздің ата бабамыз жасап келе жатқан салттың астарында үлкен мән, жақсы ниет жатыр. Жалпы, қазақ халқының қай дәстүрін алсақ та, онда асқан даналық, үлкен тағылым жатыр. Ол біздің ұлттық болмысымызға сіңген ғажайып дәстүрлер. Оны бұрмалап, ұлттық қасиетімізден айырылып қалмасақ игі еді! Келешек ұрпаққа дұрыс жеткізсек дейміз!

Қорыта айтсақ, “Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл” демекші, салт-дәстүрлерден этностың мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығы мен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл-ойы, сондай-ақ жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды, жансыз әлемге деген танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. Жалпы, ұлттық салт-дәстүр дегеніміздің өзі - халықтың рухани өзегі, мәдениетінің діңгегі, тілінің тірегі. Халқымыздың рухани өзегі болған, мәдениетіміз біздің елде ғана сақталған деп айта алмаймыз, себебі жер шарының әр жерін мекендеген халықтардың дәстүрлі мәдениеті де түрлі-түрлі дәрежеде сақталған және өзіндік мәдени ерекшеліктері бар. Халқымыздың ежелден бері қалыптасқан, ғасырлар бойы сақталған әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, қолөнерінің кейбір түрлері ескіріп, өткен күннің еншісінде қалып, заманның ағымына қарай өзгеріске ұшырап, ерекшеліктерге ие болғанымен, бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Сондықтан да қазақ халқының ана тілі, тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрлері де өте маңызды деп бағалаймыз. Қандай халықтың болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады.

Әдебиет:

1. http://anatili.kazgazeta.kz.
2. Құралұлы А. Қазақы ырымдар мен тыйымдар. – Алматы: Өнер, 1998. - 58 бет.
3. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. - Алматы: Ана тілі, 2003. - 134 бет.
4. http://stan.kz/en-kyzykty-12-yrym/
5. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: Арыс, 2007 жыл.- 332 бет.

ӘӨЖ 94 [574]

ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ ЗҰЛЫМДЫҚ ИЕЛЕРІ БЕЙНЕЛЕНУІНДЕГІ МӘН-МАҒЫНА

Құлыбекова Ж.С., Қабжан Б.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Ертегі – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза [1,101 б.]. Оның негізгі мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге, эстетикалық ләззат беру болып табылады. Сондықтан да ертегінің жағымды және жағымсыз кейіпкерлері арқылы ертегі мазмұнын барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндауға тырысады. Осы екі қарама-

қайшылық кейіпкерлердің бейнесі арқылы бас қаһарманды дәріптеп, өмірде болатын жағдайлардың ара жігін ажыратуға көмектеседі деп білеміз.

Бұл мақалада ертегідегі жағымсыз кейіпкерлердің өмірде алатын орны мен оның қаншалықты маңызды екендігіне тоқталып өткіміз келеді. «Жағымсыз кейіпкер» - деген сөздің өзі, адам санасына ұсқынсыз, адамға жұғымы жоқ, үнемі жамандықты аңсап тұратын жанды елестетіні хақ. Ертегі әлеміндегі жағымсыз кейіпкерлердің бейнесін ашу мақсатында, ғажайып жағдайлар мен көркем бейнелеуіш құралдары арқылы тыңдармандарға әсерлі етіп жеткізу үшін барынша күш салады.

Мәселен, «Алтын сақа» ертегісіндегі жалмауыз кемпірді, «Жалғыз көзді дәу» ертегісіндегі дәуді, «Кедей, диірменші, бай» ертегісіндегі байды, «Қу түлкі мен қасқыр» ертегісіндегі қу түлкіні, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісіндегі айдаһар сияқты жағымсыз кейіпкерлердің тізімін көптеп келтіруге болады. Олардың көздегені - мансап, әлсіздердің үстінен билік етіп, менмендік, өзімшілдік, зұлымдық жасап, үнемі өзінің қара бастарының пайдасын көздеп, айла арқылы діттеген мақсатына жетуге тырысып, барлық нәрсе мен тіршілік атаулы тек оларға ғана тәуелді болғанын қалайды. Осы қара ниетке жету үшін жолындағы барлық кедергілерге төтеп беруге дайын екендіктерін ертегі желісінен-ақ байқауымызға болады. Оларға атсаң оқ өтпейді, шапсаң қылыш кеспейді. Оның себебі - жағымсыз кейіпкерлердің жаны өздерінен бөлек, адамзат баласы бара алмайтындай жерде сақталады. Бірақ, әр нәрсенің екі қыры болатындай, бұндай жағымсыз кейіпкерлердің арқасында жақсы мен жаманды ажыратып, дұрыс пен бұрысты айыра білуге үйренесің. Олардың арам істеріне қарап, өсіп келе жатқан жас оқырмандар «мен ондай болмаймын, мен бәрін қорғап, халықтың қошеметіне бөленіп, тек жақсылық жасағым келеді» деп ой түйетініне кәміл сенімдіміз деп айта аламыз. Яғни, бұл салыстыру арқылы, оқушыларды ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, шындыққа, елжандылыққа тәрбиелеуді көздейді. Олар сияқты жұртқа жеккөрінішті болмай, адал жолмен жетістікке жетуге болатынына көз жеткізеді.

Мәселен, қазақ халқының ата-бабамыздан бері келе жатқан ертегі түрлері өте көп. Оларға: жануарлар туралы ертегілерді, қиял-ғажайып, батырлық ертегілерін, хикаялық, сатиралық, тұрмыс-салт, шыншыл ертегілерді жатқызуымызға болады. Осы ертегілердің қай түрін алып қарасақ та, адамның күнделікті көріп жүрген заттары мен құбылыстарын саналы түрде басқаша етіп көрсетеді. Өмірдегі шынайы нәрсенің өзін әдейі өзгертіп көрсету – ертегінің өзіндік қасиеті екені ақиқат. Ертегіде бейнеленетін әр кейіпкердің өзіндік ерекше рөлі бар. Олай дейтін себебіміз, егерде ертегіде тек жағымды немесе жағымсыз кейіпкердің біреуі ғана айтылса, тыңдаушының қызығушылығы болмайды әрі барлығы бір сарындағы оқиға желісі болып қала бермек. Ал, егер де екі қарама-қарсы жақ болса, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін өзара додаға түссе, әрине бұл оқырман сезіміне әсер ететіні анық. Барлық дерлік ертегілерде жағымсыз кейіпкер ретінде, айлакер, мақтаншақ, қу деген кезде көз алдымызға түлкі елестейді. Әрине, түлкі барлық аңдардың ішіндегі ең қуы екені рас. Содан болар, қазіргі кезде де адамдарды сипаттағанда «түлкі сияқты өзі» деген сөз тіркестерін жиі естіп жатамыз. Ертегідегі әр аңның рөліне қарай, оның мінез-құлқына, іс-әрекет ерекшеліктеріне қарай халық ауыз әдебиетінде нақыл сөздердің қатары толыға түсті. Ал, қазақ халқының қиял-ғажайып ертегілеріндегі жағымсыз бейне жалмауыз кемпір немесе мыстан кемпір бейнесі дегенде үрейлі, қартайған, беті әжімге толы, тістері түскен, киімі жырым-жырым, үсті – басы кір, белі бүкірейген, қолында сыпырғышы бар ұнамсыз да ұсқынсыз кейіпкер көз алдымызда тұрады. Әйел сипатты ұнамсыз кейіпкерлер ішінде ең көп кездесетін бейненің бірі - мыстан. Мыстан – сыртқы кейпі ұсқынсыз, ұзақ өмір сүрген, аузы опырайған, шашы жалбыраған, мүсәпір кемпір бейнелі озбыр, көп шығармаларда таз баласы бар, өзінен басқаға жақсылық ойламайтын, дүниеқоңыз кейіпкер.

Мыстан кемпір қай дәуірде дүниеге келді деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа көрнекті ғалым С.А.Қасқабасов «Казахская волшебная сказка» атты еңбегінде: «Мыстан ерте заманда матриархат кезеңінде айналасына билік жүргізетін ақылды әйел бейнесінің өзгерген түрі» деп жауап берген. «Ежелгі мыстан бейнесі күшті эволюцияға түскен» деген ой айтады [2,93 б.]. Матриархат дәуіріндегі ақылгөй, дана әйел бейнесі патриархат дәуірі келіп, әйелдің қоғамдағы

орны өзгерген сәтінде ұнамсыз кейіпкерге ауысады. Оның ақылды, алды-артын болжағыш, көрегендігі енді ұнамсыз қасиет болып бағаланады. Мыстан небір айла-амал тапқыш зұлымға, барлық ақыл-ойын жамандық үшін жұмсайтын жиіркенішті бейнеге айналған, ол болатын жағдайды алдын ала біліп отырады. Басты кейіпкерді қармаққа түсіру тәсілдерін де күні бұрын ойлап қояды. Осы жоспары бойынша қара ниетін іске асырады. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында мыстанның сырт бейнесі былайша суреттеледі: «Сол кезде жасы үш жүзге жеткен, көрінгенмен ұрысқан, қабағы қатып тырысқан, өзін туғаннан Құдай атқан, бір кез ширек бойы бар, адам таппас ойы бар, тізесіне шекпен жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, басы мүйіз бір мыстан кемпір келді», - делінеді. Ал «Ұшар хан» ертегісінде мыстанды: «Бір уақытта сол топтың ішінен басы мүйіз, түріне адам қарағысыз сұмпайы, қарға тұмсық, қара аяқ бір мыстан...» деп суреттейді [3,264 б.].

Современное общество является обществом безграничных возможностей. Оно развивается на основе современных систем коммуникаций и средств связи, способно накапливать и распространять важную информацию.

Новые информационно-коммуникационные технологии становятся главными «помощниками» процесса глобализации. А он, в свою очередь, меняет формы социальной активности, и менталитет, образ жизни, привычки людей.

Информационно-технологическая революция активизировала внедрение и развитие глобальных СМИ, в Казахстане быстро растет количество Web-изданий, информационных мультимедиа ресурсов.

Журналистика данных наводит мосты между техническими статистиками и мастерами художественного слова. Она отделяет ненужное и определяет тенденции,

которые не только являются статистически значимыми, но и позволяют отобрать то, что по сути своей составляет основу сложного современного мира.

— Дэвид Эндертон, независимый журналист

Постепенный отказ от последовательного потребления и переход к фрагментарному, на основе собственного графика жизни, а не под диктовку телепрограммы, отнимает у телевидения его ключевой козырь — синхронность просмотра и сопереживания. Для тех СМИ, коммуникация которых преимущественно построена на тексте, принципиальными становятся существенное «дробление» информации при потреблении и высокая спорадичность обращений к цифровому контенту.

«Сетевой журналист» ближайшего будущего, как показывает уже имеющийся опыт информационных агентств и наиболее успешных интернет-СМИ, это не просто профессионал-многостаночник. Прежде всего он сам себе редактор, он способен к анализу повестки дня в целом, он быстро и эффективно, с минимальными временными затратами ориентируется в контексте информации и способен самостоятельно определять наиболее правильный режим создания и распространения информации, графиков и таблиц, адаптировать форму и способ подачи к различным носителям и способам коммуникации, он обладает компетенциями отслеживания собственной эффективности.

Автор текстов, диаграмм и таблиц способный делать профессионального качества фотографии или снимать качественное видео, или журналист, обладающий компетенциями продюсера, безусловно, и востребованнее на рынке. Цифровые компетенции — прежде всего способность к анализу данных, интерпретации этих данных и визуальной коммуникации данных — все больше становятся интересны работодателям.

Второе важное изменение, которое коснулось даже наших консервативных ньюсрумов — это изменение рутинных процессов и процедур под воздействием цифровых технологий. Google, Facebook, Twitter, Youtube и другие компоненты «интернет-журналистики» меняют основные принципы работы индивидуального журналиста — от поиска информации до верификации источников. Более того, происходит переосмысление самого понятия «источник», которым может становиться не физический коммуникатор, а его сетевое представление — микроблог в Twitter или аккаунт в Facebook. Как следствие этих перемен, меняется и основная журналистская рутина — процесс предложения идеи или готового текста редактору, предшествующий фактическому появлению произведения журналистики «в печати».

Главный тренд – сдвиг от доминирования рекламных прибылей к фокусу на прибыли от читательской аудитории.

New York Times говорит о своей стратегии следующее: «Мы – бизнес, основанный на подписке. Именно это отделяет нас от многих других медиа организаций. Мы не тратим силы на том, чтобы увеличить количество кликов и продавать низко маргинальную рекламу. Мы не пытаемся выиграть в гонке за просмотры страниц. Мы верим, что наша задача – делать такую сильную журналистику, за которую будут готовы платить миллионы людей во всем мире».

Новостные организации продолжают инвестировать в журналистику, используют данные для того, чтобы скорректировать редакционные и коммерческие стратегии, разрабатывают продукты, которые помогают оставаться на связи с аудиторией в течение дня, независимо от социальных платформ.

Несколько примеров использования цифровой журналистики на примере печатных изданий Северо-Казахстанской области:

Газета «Северный Казахстан»

Дата	Название	Цель	Аудитория
19.09.17	Постановление акимата города Петропавловск	Оповещение граждан об экспликации земель предоставленных тоо «Зерттеу ск» на праве ограниченного целевого пользования земельными участками	Смешанная, предприниматели.

21.09.17	График проведения обучающих тренингов по проекту «Бизнес-Советник» по Северо-Казахстанской области	Оповещение граждан о прохождении тренинга	Смешанная.
30.09.17	График приема граждан секретарем и депутататами областного маслихата	Оповещение граждан о приеме в областном маслихате	Смешанная.
12.10.17	Индекс цен на бензин АИ-92	Оповещение граждан о поднятии или снижении цен на топливо.	Смешанная. Автолюбители.
19.10.17	Постановления акимов различных районов о предоставлении права ограниченного целевого пользования земельных участков	Оповещение граждан о графике предоставления права ограниченного целевого пользования земельных участков	Смешанная.
21.10.17	Палата предпринимателей Северо-Казахстанской области	Оповещение граждан об оказании консультации населению сервисных услуг	Смешанная. Предприниматели.
28.10.17	Совместное постановление акимата Северо-Казахстанской области и решение Северо-Казахстанского маслихата	Оповещение граждан о внесении изменений в совместное постановление акимата Северо-Казахстанской области и решение Северо-Казахстанского маслихата	Смешанная.
02.11.17	График приема граждан секретарем и депутатами Северо-Казахстанского областного маслихата	Оповещение граждан о приеме населения секретарем и депутатами Северо-Казахстанского областного маслихата	Смешанная.
09.11.17	Постановление акимата города Петропавловск о предоставлении права ограниченного целевого использования на земельные участки	Оповещение граждан о предоставлении права ограниченного целевого использования на земельные участки	Смешанная.
11.11.17	Справочник бизнес - процессов оказания государственной услуги через канцелярию услугодателя	Оповещение граждан об оказании государственной услуги	Смешанная. Предприниматели.
14.11.17	График оказания консультаций населению с предпринимательской инициативой и предпринимателям по действующим государственных программам поддержки субъектов бизнеса	Оповещение граждан о проведении консультаций	Смешанная. Предприниматели.
18.11.17	Постановление акимата Северо-Казахстанской области об утверждении перечня приоритетных видов спорта в Северо-Казахстанской области	Оповещение граждан об утверждении перечня приоритетных видов спорта в Северо-Казахстанской области	Смешанная. Спортсмены.

25.11.17	Справочник бизнес-процессов«Присвоение учетных номеров объектам производства, осуществляющим выращивание животных»	Оповещение граждан о присвоение учетных номеров объектам производства, осуществляющим выращивание животных	Смешанная. Предприниматели.
28.11.17	Постановление акимата Северо-Казахстанского области	Оповещение граждан об утверждении правил проведения конкурса по определению перевозчиков, осуществляющих железнодорожные и пассажирские перевозки	Смешанная.
30.11.17	Постановление акимата Северо-Казахстанской области	Оповещение граждан о методике определения объемов субсидирования расходов перевозчиков, связанных с осуществлением железодорожных пассажирских перевозок	Смешанная.
05.12.17	График приема граждан секретарем и депутатами Северо-Казахстанского областного маслихата	Оповещение населения о проведении приема граждан депутатами Северо-Казахстанского областного маслихата	Смешанная.

Газета «Казахстанская Правда»

Дата	Название	Цель	Аудитория
10.10.17	Приказ министра образования и науки Республики Казахстан	Оповещение граждан о внесении изменений в приказ «Об утверждении форм административных данных в рамках образовательного мониторинга»	Смешанная. Педагоги.
17.11.17	Отчет об изменениях в собственном капитале	Оповещение граждан об отчете движения денежных средств	Смешанная.
22.11.17	Приказ министра образования и науки Республики Казахстан	Оповещение граждан об утверждении типовых учебных планов по специальности технического и профессионального образования	Смешанная.
23.11.17	Приказ министра по делам религий и гражданского общества Республики Казахстан	Оповещении граждан о внесении изменений в приказ исполняющего обязанности министра культуры и спорта Республики Казахстан	Смешанная.
27.11.17	Приказ министра здравоохранения Республики Казахстан	Оповещение граждан о температуре и краткости воздухообмена в помещениях объектов розничной торговли	Смешанная.
28.11.17	Извещение министерство энергетики Республики Казахстан	Оповещение граждан о проведении конкурса в виде тендера на получение права недропользования	Смешанная. Предприниматели.
29.11.17	Приказ министра здравоохранения Республики Казахстан	Оповещение граждан о результатах лабораторно-инструментальных исследований	Смешанная.
30.11.17	Приказ министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан	Оповещение граждан о внесении изменений и дополнений в некоторые приказы	Смешанная.
05.12.17	Постановление правительства Республики Казахстан	граждан о внесении изменений и дополнений в различные постановления	Смешанная.

Издания диверсифицируют предоставляемый цифровой контент, делая его доступным на большем количестве устройств, и сегодня чаще, чем когда-либо, обращаются к цифровым СМИ в поиске нужной информации.

Данные могут касаться абсолютно любой сферы жизни: экономика, политика, наука, образование и многое другое. Это может быть информация о росте инфляции или государственного долга за определенный промежуток времени, статистика совершаемых преступлений в том или ином регионе, процент поступивших в вузы или среднегодовое изменение русла реки. К данным добавляются традиционные для журналистского арсенала средства: печатный текст, фотографии и тому подобное. Таким образом, сложные для восприятия в своем обычном виде данные, цифры и факты становятся понятными и простыми для аудитории.

Важно понимать, что в журналистике данных текст – это не основной инструмент, а вспомогательный. Соответственно, меняется и форма подачи материалов. Цифровую информацию достаточно сложно сделать эмоциональной, но при этом она может быть намного более наглядной. И тут уже многое зависит от таланта автора инфографики: благодаря его усилиям один список или одна картинка, один график могут быть куда более наглядными чем тысячи слов.

Так, в современной редакции нормальным становится предложение статьи в сообщении Twitter или через фотографию в Instagram. Возможность мгновенной проверки почти любых данных с помощью Google и других сервисов информационной поддержки.

В результате нашего исследования можно сделать следующие выводы: дата журналистика делает информацию интересной; привлекают внимание читателя; воздействуют на аудиторию; помогает журналистам доступно и просто не только сообщить необходимую информацию, но и глубоко раскрыть общественную значимость и оценку материала. Кроме того, цифровая журналистика создает живое представление о предмете, вызывают определенное эмоциональное отношение, помогают увидеть в раскрываемой проблеме новые стороны и т.д.

Литература:

1. Пособие по журналистике данных 1.0
2. http://www.datajournalismblog.com/
3. Уразова С. Л. Конвергентная журналистика в цифровой медиа-среде: Методическое пособие. М.: ИПК, 2010, с. 1.
4. International electronic magazine. Media. Information. Communication.
5. «Северный Казахстан», областной общественно-политический еженедельник.
6. «Казахстанская правда», республиканская еженедельная газета.

ӘОЖ 37.016:894,342

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДАҒЫ МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІ

Мендибаева Мулдир Болатбековна
(М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы)
Сайлау Айда Жарқынбекқызы
(Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының IV курс студенті)

Кілт сөздер: *әдебиет, сабақ, әдістеме, эссе, «Көксерек», шығармашылық дәптер, «READx»*

М.Әуезов – сарқылмайтын, бітпейтін, жасарып, жаңғыратын, өмірдің өзіндей, жапырағы мәңгі жап-жасыл, жалғаса беретін құбылыс.

Р.Нұрғалиев

Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігімен ықпалдаса дамуы әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру қажеттілігінен туындайды. Елбасының: «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады», - деп атап өтуі білім берудің жаңа ғасырдағы мемлекеттік сұраныс екендігін айқындай түсіп, бүгінгі жас ұрпақтың білімді де білікті азамат болып тәрбиеленуін талап етеді.

Бүгінде еліміз білім беру мекемелерінен тәуелсіз мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Ұстаз алдындағы мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыпастуына ықпал ету. Тұлғаны жан-жақты жетілдіруде таным баспалдақтарына жетелер дағды – машықтарды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие технологиясын жете білу, меңгеру, біліктілігін арттыру, әлемдік даму үрдісіне қатысар тұлға даярлау.

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана».[1] Осы жолдардан ұққанымыздай Әуезов шығармаларының құндылығы күн өткен сайын артуда.

Өзім ұстаздық қызмет атқаратын М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі де жан жақты дамыған, бәсекеге қабілетті педагог даярлайтын іргелі оқу орны. «Негізгі білім беру» мамандығы бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» біліктілігінде жүргізілетін «Қазақ әдебиеті» пәнінде М.О.Әуезов шығармалары міндетті түрде оқытылады.

«Қазақ әдебиеті» білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, креативті тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейді. Әдебиет – жан дүниені, көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі адамды жетелеп алатын дүние.

Мектепте М.Әуезов шығармашылығын оқытуды тұтастай қарастырып, іргелі еңбек жазған Қ.Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «Әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Әдебиет пәнінің әр сабағын адам бойындағы асқақ арман, берік сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек болады. .. Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүюден Отанын сүюге , бүкіл адамзатты сүюге дейін жетелейді». [2]

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнын аяқтап, мектеп табалдырығын аттаған жас маман теориялық және практикалық біліммен толық қаруланғанымен, әлі де болса тәжірибесі аз болары сөзсіз. Сондықтан колледж қабырғасында жүрген уақытында М.Әуезов шығармаларын жетік меңгеруі тиіс. Мектеп бағдарламасына сай 5-11 сынып аралығында автордың М.Әуезов «Біржан сал Абай ауылында», «Көксерек» т.б. шығармаларына сабақ жоспарын құрастырып, сабақ кезеңдерінде тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап, оқушылармен қарым-қатынас жасай білу – ұстаздың құзыры.

«Көксерек» повесі бойынша жұмыстарға тоқталсақ. Шығарманың тақырыбын оның идеясынан бөліп қарауға болмайды. Жазушының шындық болмыстан таңдап, толғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының түйінін тақырып дер едік.

Жазушы шығармашылық процестің алғашқы кезеңінде өмірдің әр алуан құбылыстарын зерттейді, тексереді. Әрине, бұл құбылыстардың ішінде ірісі де, ұсағы да, маңыздысы да, маңызсызы да, күрделісі де, кездейсоғы да – бәрі де бар. Осының бәрі -болашақ шығарманың материалы. Бірақ жазушыны өмірде болатын кез - келген құбылыс жаппай қызықтыра бермейді. Ол өз мақсатына керек құбылысқа ғана қызығады. Болашақ көркем шығармаға негіз болатын да сол - суреткер қызыққан құбылыс.

Қандай шығарма болсын, белгілі пікірді - идеяны үндейді. Идеясыз көркем шығарма болмайды. Тақырып, оқиға және оның құрылысы, шығармада катысушылардың араларындағы

тартыс, оларды суреттеу әдістері - түптеп келгенде, жазушының сол шығармадағы айтайын деген идеясына бағынады. «Көксерек» әңгімесінде жазушы қасқырдың мінез-құлқы, өзіне тән табиғи. қасиеттерін тақырып етіп алып, айналаны қоршаған табиғаттың өз заңы, өзіндік ерекшелігі бар, оны адамдардың түсіне білуі қажет деген ойды білдіреді. Сөйтіп бұл шығармада Мұхтар Әуезов табиғат пен адам арасындағы байланысты, түсініктікті негізгі идея етіп көрсетеді.

М.О.Әуезов "Көксерегі" - реалистік әдебиет дәстүрі тудырған мотивтерді шеберлік палитрасындағы сан алуан бояулар мүмкіндігін өз мұратына орай өнерпаздықпен шақырту арқылы жазылған жаңа тынысты шығарма. Автор шағын көлемге мол мағына сыйдырған.

Негізгі тапсырмалар қатарына төмендегілерді орындатуға болады.

1.«Көксерек» әңгімесінің тақырыбын, идеясын ашатын мақал- мәтелдерді жаз.Мақал-мәтелдердегі көркемдегіш сөздердің астын сыз, түрін анықта. (теңеу, кейіптеу, метафора).

2.Мына сөздердің мағынасын қалай түсінесің? «Көксеректе қазірде бұрын ешқашан білінбеген долылық бар еді. Туғаннан бері барлық көресі осыдан-екі аяқтыдан дегендей жығылып, домалап жатқан балаға тап берді».

3. Көксеректің қасқырға тән қасиетін неден көруге болады ? Қасқырға тән деп қандай қасиеттерді айта алар едің? (әңгіме бойынша)

4. *Шығарманың сюжетіне сүйене отырып, баяндау реттілігін анықтаңыздар.*

1. Оқиғаның басталуы:
2. Оқиғаның дамуы:
3. Оқиғаның байланысы:
4. Оқиғаның шиеленісі:
5. Оқиғаның шарықтау шегі:
6. Оқиғаның шешімі:

5. Өз ойыңызды жазыңыз.

Егер адамдар Көксеректі ауылына әкелмей, апанында тірі қалдырса, оқиға қалай болар еді? Көз алдыңызға елестетіңіз. [3]

Сонымен қатар, сыныпты топтарға бөліп, сабақ өту әдісі . Бірлескен топтық жұмыс – қазіргі оқыту үдерісінде нәтижеге бағытталған білім сапасын қамтамасыз етудің тиімді жолы. Топтық жұмыс барысында студенттердің қарым-қатынас дағдылары дамиды.

Топтағы бірлескен жұмыстың мақсаты		
Әлеуметтік	**Эмоционалдық**	**Танымдық**
Тәжірибе, идеялармен алмасу	Топтық жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену	Жұмыстың баламалы амалы туралы идеялар табу, пікір алмасу
Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу	Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы орта қалыптастыру	Маңызды дағдылар, идеялар, түсінікті дамыту

Осы топқа бөле отырып, Қ.Бітібаеваның ұсынған әдістеріне негізделген тапсырмаларды қарастыруға болады.

«Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша:

І топ: Абайдың қалыптасу, жетілу, кезеңдерін эпопеядағы оқиғаларды жинақтай отырып, әр бөлімге тоқтала отырып, кесте үлгісінде көрсет. Абайдың сөйлеу тілінен мысал келтіріп, оның образды ашудағы рөліне тоқталыңыз.

ІІ топ: Эпопеядан Абай туралы жылы лебіздерді топта. Ол лебіздер Абайдың қандай іс-әрекетіне байланысты айтылған?

ІІІ топ. Абайдың эпопея бойынша демократтық, гуманистік көзқарастарын дәлелде. [4]

Колледжде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына қарасты «Ә.Қоңыратбаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі» кабинеті жоспарына сәйкес «М.Әуезов шығармаларының тілі және көркемдік ерекшелігі», «Әңгімелерінің негізгі тақырыптары, кейіпкерлер әлемі», «READx», прозаларын жатқа айтудан байқаулар, дөңгелек үстелдер, пікірсайыстар жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. Студенттер «READx» бағдарламасы бойынша автордың оқыған шығармаларын талқылап, өз болжамдарын айтып, ой бөліседі. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің әдебиетші ғалымдарымен де кездесулер ұйымдастырылып, жазушы туындылары, «Абай жолы» роман-эпопеясы кеңінен талданып тұрады. Барлық топ «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша «Шығармашылық дәптер» жүргізіледі. Осы дәптерді студенттер өздері оқыған ақын-жазушылардың шығармаларына композициялық талдау жасауда, кейіпкерлеріне мінездеме беруде тиімді падаланады.

Қазіргі таңдағы білім алудағы басты мақсат: жастардың өз елінің нағыз патриоты бола отырып, өз елінің дамып, әлемдік аренада өз орнын айқындайтындай мемлекетке айналуына септігін, жаңа технология меңгерген, қоғамға адал қызмет ететін тұлға болып қалыптасу.

Әдебиет:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы, 2017жыл.
2. Қ.Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары». – Алматы.
3. С.Ч.Тұрсынғалиева, Г.Р.Бәкенова Қазақ әдебиеті: Әдістемелік құрал. – Астана: «Арман-ПВ», 2013.
4. Қ.Бітібаева Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.
5. Қ.М.Байтанасова, С.Ш.Айтуғанова Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы.- Астана: Фолиант, 2008.

УДК 801.563

ОБРАЗ ЖЕНЩИНЫ В СОПОСТАВИТЕЛЬНОМ АНАЛИЗЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ДЖ. БАЙРОНА И А.С. ПУШКИНА

Мисяченко О.Е.

(Северо-Казахстанский государственный университет им.М. Козыбаева, г. Петропавловск)

Джордж Гордон Байрон вошел в историю как самый влиятельный представитель романтизма. Его лирика стала ярким воплощением новой романтической поэзии.

Поэзия Джорджа Байрона отличается сложностью, душевной открытостью, особой философией, иррационализмом чувств. Его лирика многогранна. Она заставляет вчитываться в каждую строчку; в ней прослеживаются одновременно мотивы разочарования и воодушевления, томности и сосредоточенности, усталости и бунтарства:

«One struggle more, and I am free
From pangs that rend my heart in twain;
One last long sigh to love and thee,
Then back to busy life again…»
(«One struggle more, and I am free»)

«Titan! To thee the strife was given
Between the suffering and the will,
Whichtorture where they cannot kill…»
(«Prometheus»)

Творчество лорда Байрона оказало огромное влияние на мировую литературу. Например, такие талантливые поэты и писатели, как М. Ю. Лермонтов, В. А. Жуковский, А. Н. Плещеев, А. Блок, С.Я. Маршак переводили лирические байроновские строки на русский язык, тем самым придавая им особое плавное звучание:

«Душа моя мрачна. Скорей, певец, скорей!
Вот арфа золотая:
Пускай персты твои, промчавшися по ней,
Пробудят в струнах звуки рая.
И если не навек надежды рок унес,-
Они в груди моей проснутся,
И если есть в очах застывших капля слез,-
Они растают и прольются…»

(«My soul is dark»'. Перевод М. Ю. Лермонтова).

«Я на тебя взирал, когда наш враг шел мимо,
Готов его сразить, иль пасть с тобой любимой,
Все, верность сохранив свободе и любви»
(«Love and Death».ПереводА.А. Блока)

Особенное влияние оказали произведения Байрона на жизнь и творчество величайшего поэта А. С. Пушкина, а 'Байронический герой' на многие годы вошел в русскую литературу [1:399].

А.С. Пушкин высоко ценил творчество Байрона и с жадностью впитывал и переосмысливал в своих лирических произведениях байроновский романтизм. Лирика А. С. Пушкина и Джорджа Гордона Байрона тесно переплетается. Образ байроновского героя Чайльда Гарольда прослеживается в романе А. С. Пушкина 'Евгений Онегин': «Как Child-Harold, угрюмый, томный, в гостиных появлялся он...».

Говоря о переплетении творчества Джорджа Байрона и Александра Пушкина, невозможно обойти любовную лирику. «Любовная лирика Байрона- сфера смелого новаторства. Она сложна, психологична. [2:16]. Любовь в байроновской поэзии естественна и откровенна. Женский образ в поэзии Байрона отличается возвышенным изяществом и чувственной красотой:

«She walks in Beauty, like the night
Of cloudless climes and starry skies;
And all that's best of dark and bright
Meet in her aspect and her eyes:
Thus mellowed to that tender light
Which Heaven to gaudy day denies…»
(«ShewalksinBeauty»)

С самых первых строк мы можем прочувствовать динамичность, энергию женской красоты. Она словно пропитана особой «звенящей», и в то же время томной аурой нежности и чувственности. Красота в байроновских строках не охвачена пламенем, не «горит» совершенством, она излучает удивительное спокойствие, напоминает о прекрасном, о любви и счастливых мгновениях:

«And on that cheek, and o'er that brow
So soft, so calm, yet eloquent
But tell of days in goodness spent…»

Намойвзгляд, красотавпониманииДжорджаГордонаБайрона - этонепростосовершенныйобраз, этосовокупность, единство, сочетаниенесочетаемого: ‘And all that’s best of dark and bright meet in her aspect and her eyes, «one shade the more, one ray the less…»Все должно быть в гармонии: и пылкость дня, и томность ночи. И женский облик «дышит» одновременно мягкостью и спокойствием, богатством чувств и красноречием эмоций.

Дж. Байрон словно говорит нам о том, что идеалы физической красоты не должны затмевать искренних, благородных мотивов внутреннего мира, таких же чистых и ясных, как безоблачное звездное небо: ‘ShewalksinBeauty, likethenightofcloudlessclimesandstarryskies…’

Красота женского облика в лирических строках А.С. Пушкина также свята своими благородными мотивами; она бесконечно светла, безоблачна, лучезарна:

«Счастлив, кто близ тебя, любовник упоенный,
Без томной робости твой ловит светлый взор,
Движенья милые, игривый разговор
И след улыбки незабвенной».
(«Счастлив, кто близ тебя»)

Здесь, как и в поэзии Байрона, прослеживается динамичность женского облика: «игривый разговор», «движенья милые». Образ словно покрыт дымкой невесомости, воздушности, мимолетности: «светлый взор», «след улыбки». В то же время в образе нет небрежности; он отражает искренность эмоций, нерушимость чувств. Поэт считает, что именно такая красота, именно такой женский образ заставляет гореть сердце: «счастлив, кто близ тебя, любовник упоенный…».

В стихотворении «Красавица» женский образ также отличается благородством, естественностью, изящностью, лелеющей душу чистотой:

«Всё в ней гармония, всё диво,
Всё выше мира и страстей;
Она покоится стыдливо
В красе торжественной своей…»
(«Красавица»)

Поэт раскрывает в своих лирических строках глубокое неподдельное чувство восхищения женской красотой. Еще В. Г. Белинский отмечал: «Есть всегда что-то особенно благородное, кроткое, нежное, благоуханное и грациозное во всяком чувстве Пушкина». [3, стр. 16]. А любовная лирика, как мне кажется, в полной мере раскрывает и преумножает это чувство. А.С. Пушкин пишет о красоте «торжественной». В чем же заключается торжественность красоты?

Как и Джордж Байрон, А.С. Пушкин говорито внутренней гармонии, о «музыкальности», «созвучии» чувств и эмоций.В пушкинских строках мы также можем отметить элемент противопоставления. Но если у Байрона противопоставление является одновременно единством, то у Пушкина противопоставляется мелодичность женской души, ее всеобъемлющая нежность и чистота миру страстей,миру «несозидательности», миру угнетающей, разрушительной энергии.

Поэт отмечает утонченную пышность, грациозность красоты. Она является для А.С. Пушкина благочестивым, божественным началом:

«…Какое б в сердце ни питал
Ты сокровенное мечтанье, -
Новстретясь с ней, смущенный, ты
Вдруг остановишься невольно,
Благоговея богомольно
Перед святыней красоты…»

А.С. Пушкин олицетворяет женский образ со «святыней красоты». Женская красота предстает перед нами как нечто нерушимое, целостное, вечное.Образ кажется правдивым, моральным, беспорочным.Так,красота, на мой взгляд, отождествляется с храмом самой жизни, она необычайно искренна и непостижима. А.С. Пушкин влюблен в женскую красоту. Поэт преклоняется перед ее благородными мотивами.

Чувство Джорджа Байрона в его лирических произведениях также глубоко и взыскательно:

«…The soul of melancholy Gentleness
Gleams like a Seraph from the sky descending,
Above all pain, yet pitying all distress;
At once such majesty with sweetness blending,
I worship more, but cannot love thee less».
(«SonnettoGenevra»)

Женский облик «благоухает» нежностью, изысканной чувствительностью. Поэт словно опасается утратить неприступную хрупкость женского образа:

«Thycheekispalewiththought,butnotfromwoe,
And yet so lovely, that if Mirth could flush
Its rose of whiteness with the brightest blush,
My heart would wish away that ruder glow…»

Порывы дерзких желаний укрощаются красотой чистой, целомудренной. Кроткая задумчивость, приятная грусть, опьяняющая величественная красота женского облика– вот что завораживает читателя, вот что покоряет и пленяет его сердце.

Таким образом, оба поэта: и А. С. Пушкин, и Джордж Байрон стремятся постичь чистую, непорочную красоту. Женские образы в их лирических произведениях отличаются нравственностью, благородством. Они не стихийны, а цельны и многогранны. Они погружают нас в ауру спокойствия, безмятежности, таинственности. Красота женского образа предстает как мир глубокого, прочного, искреннего чувства.

Литература:

1. Н. Демурова О переводах Байрона в России // Джордж Гордон Байрон. ИЗБРАННОЕ. *На английском языке.* Издание второе. – С.399-426
2. Р. Самарина Лира Байрона // Джордж Гордон Байрон. ИЗБРАННОЕ. *На английском языке.* Издание второе. – С.3-20

ӘОЖ 81

ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІ ТІЛІНДЕ МЕТАФОРАНЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Мусаипова Г.

(Ғылыми жетекшісі:ф.ғ.к., доцент Хамзина Г.С.
Петропавл қ., М. Қозыбаев атындағы Солтүстік қазақстан мемлекеттік университеті)

Әдетте, көркем прозада көріктеуіш құралдардың бірі – метафора да жиі кездеседі. Халық тілі – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіретін, бейнелі ойды бедерлеп жеткізетін өрнекті сөз орамдарына аса бай. «Сөздің немесе тілдің көркемдігі» дегенде, ең алдымен, оның әсерлілігін ұғамыз.

Әсерлі сөйлеу, яғни көркем тілмен сөйлеу, өз ойын өзгеге шама-шарқынша айқын

түсіндіру – тек өнер адамдарына ғана емес, мәдениеттімін деген бар қауымға міндет, әрі қажет.

Суретті бейнелі, көркем ойлау арқылы бір нәрсенің тікелей өзін емес оған ұқсас өзге затқа не құбылысқа балап, мағынасын, мазмұнын тереңдете, әсерін күшейту дейтін болсақ, онда бұл көркемдеу құралы болған метафораны әр түрлі етіп қиыстыру шығармада үлкен шеберлікті талап етеді.

Троптардың ішінде көркем әдебиетте, оның ішінде повестерінде актив қолданылатыны – метафора. Метафоралық қолданыстардың өнімділігін аталған жазушылардың повестерінен де көре аламыз.

Метафора жасау көптеген семантикалық процестердің нәтижесінде туады. Айталық, ол, ең алдымен, жаңа ұғымды жасаудағы троптың бір түрі; екіншіден, полисемия тудыру құралы; үшіншіден, метафора эмоционалды-экспрессивті лексика жасауға белсенді түрде қатысады; төртіншіден, синоним жасауда метафораның өзіндік орны бар; бесіншіден, метафора тілдің терминологиялық өрісінің кеңеюіне де ықпал жасайды; алтыншыдан, жаңа мағыналық тіркестердің дүниеге келуіне әсер етеді.

Қазақ тіл білімі ғылымында да көркем әдебиеттің тілі мен стилін, сөз зергерлерінің шеберлігі сөз болғанда метафораға соқпай кетпейді, көптеген ақын-жазушының шығармашылық мәнерін сөз еткенде, метафораның түрлі тілдік қызметіндегі қасиеті мен ерекшеліктерін талдайды.

Қ.Жұмалиев: «Метафора тіл табиғатында терең тамыр жайған сөйлеу өнеріміздің барлық саласынан бой көрсететін жалпы тілдік категория, сөзді астарлай қолдану», – десе [1, 2 б.]. Академик З.Қабдолов: «Метафора (гр. Metaphora-көшіру) – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау: сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» деп түсіндіреді [2, 201 б.].

Негізінен алғанда, метафора тура мағынадағы сөзді қажет етпей-ақ, оны көркем мәтіндегі контекст арқылы айқындайды. Мысалы:

Бұл ***тіршіліктің темір қамыты*** *қашанға бұлғақтатар дейсің* («Аққыз», 62-б.) – деген жолдардағы зат есімнен жасалған аттылы және қамыты метафоралары – осындай ауыспалы мағынадағы сөздер. Қолдануда тура мағыналы сөзге қарағанда метафора көркем сурет, образды өрнек, орамды ой беруге икемді, өткірірек келеді. Осы сөйлемдегі метафоралы сөздердің орнына тура мағынасы қойылса, онда сөйлемнің көркемдігі төмендер еді.

Заттардың (құбылыстың) ішкі сыры мен сыртқы көрінісін, сыр сипатын оқырманның көз алдына елестететіндей етіп кескінін келтіріп, нақыштан беруде жазушылар метафораны ұтымды қолданады: *Әкеңнің азу* ***тісін ақситып жүріп*** *жиған аз дәулетін тиянақтай білмесең, ертең-ақ шолтаң етіп түбі көрініп қалмай ма, – деп емеурін білдірген* («Аққыз», 62-б.).

«Метафора ауыстыру – екі нәрсені, құбылысты ауыстыру және таныстырып жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Ал метафораның алғашқы анықтамасы мен қызметін ұлы ойшыл Аристотель анықтап берген. Яғни мағыналық үйлесім қалыптастырудағы метафораның маңызды сипаттары – оның субъективтілігі мен ұғым тудыру қасиеті екендігін атап көрсетеді. Дүниені, болмысты танудың көзі – метафора. Кез келген метафора танымдық қызмет атқарады деуге болады. Оның бейнелілік, көркемдік сияқты қасиеттері мен қызметтерінен гөрі адам ойлауы мен тілінде танымдық қызметінің үлес салмағы басым. Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың басқа бір заттың не құбылыстың атауы мен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады» [3, 141 б.].

Сонымен қатар, когнитивтік бағытта метафора концепт тудыру құралы ретінде қарастырылуда. Зерттеушілер метафораның когнитивтік бағыттағы, яғни таным нәтижесін беру құралы екендігі туралы мынадай қызметтерін атап көрсетеді:

- ***болмыстағы бар заттармен теңестіру, ұқсату арқылы затқа атау беруі.***

Метафораның осы қызметі жазушылар шығармаларында мынадай мысалдар арқылы көрініс табады: *Айналамыздың бәрінде уыз мұнар кілкейді* («Қайдасың, қасқа құлыным», 100-б.). *Түсім өзгеше қызық, аппақ селеулі дала екен деймін, аппақ селеулі даланың дәл ортасын ол*

аппақ қозының жүнінен басқан киіздің дәл ортасында малдасын құрып аппақ сақалды шал отыр: шалдың қолында аппақ домбыра; ұйыған уыз нұрды дірілдеткендегі күй ақсақал қолындағы домбырада суырылып шығып, аңқылдай ескенде, көңіліне қанат бітірді («Қайдасың, қасқа құлыным», 109-б.). *Тегі, шытынаған қызылшұнақ аяз олардың да тұмсығын қарып, сайлы, талды ықтасындарға қуған болуы керек* («Тіршілік», 289-б.). Үзінділердегі *уыз мұнар, қызылшұнақ* сөздері болмыстағы бар заттар, қаламгерлер *қызылшұнақ /шытынаған аяз/* сөзін аязбен тіркестертіріп, жаңа мағыналы образды сөз жасаған. Мұндағы айтып отырған *қызылшұнақ, уыз* сөзі жансыз заттарды ұстауға ғана қатысты айтылады, ал жазушы *қызылшұнақ, уыз* сөзін жанды затқа, яғни адамға қатысты қолданған. Метафораның шектес емес ұғымдардың қасиеттері жаңа мағыналы сөздер жасауға, сол арқылы сөздік қорымызды байытуға өзіндік ат салысатындығын аңғаруымызға болады. Метафора танымының жемісі екендігіне осы сияқты мысалдар дәлел бола алады.

- абстрактілі мағынаны білдіретін жаңа ұғымдарды қалыптастырады. Мұндай метафоралар ғылымда концептуалды метафора деп аталады. Зерттеуші Д.Әлкебаеваның пікірінше, концептуалды метафора «өзінің бейнелілігін сақтай отырып жаңа лексикалық мағынаға ие бола алатын сөздер тобы» [4, 116 б.]. Жазушылар шығармаларында осы сынды метафоралар да өзіндік қолданыс тапқан. Мысалы: *Біз Әулиекөлді жағалай жүріп, арғы бетке құлағанда, менің* ***оқу мүжіп****, ақ жемін шығарып тастаған миым жаңа бір қуатты нұрға шомылғандай, баяғыша, елдегіше жұмыс істей бастаған еді* («Қайдасың, қасқа құлыным», 84-б.). *Үйден шыққалы ешқайсымыз* ***тіс жарып*** *үндегеніміз жоқ, тек астымыздағы аттардың деміккен танау пырылы мен тағалы тұяқтың тасқа шақ-шұқ тиісі ғана осы жүрістің өсекшісіндей маңайға дабырлайды* («Қайдасың, қасқа құлыным», 115-б.). *Әйнектері де дағарадай-дағарадай,* ***көзіммен өлшеп*** *жібердім* («Әжем мен Емші және Дәрігер», 290-б.). *Молданың анда-санда жыбыр ете түскен мәсісіне ұзақ уақыт қарап жатып көзім жаңа ғана ілініп барады екен, тап терезе түбінен шыққан Ақтөстің даусы ұйқымды бөліп жіберді* («Әжем мен Емші және Дәрігер», 294-б.). *Осы асықпауымның ар жағынан ындыны құрыған құмарлық, бұйыртса енді қашпайтынына* ***көзі жеткендіктен*** *туындап жатқан қасақана жайбарақаттық байқалады* («Тіршілік», 339-б.). *Ашса алақанында, жұмса жұдырығында, не айтсаң да екі етпей «құп» деп бас шұлғи беретін мына дүйім жұрттың ішінде осындай қысыл-таяң шақты «Былай етсек қайтер еді», – деп ақыл-кеңес беретін бір адамның болмауы, бетпе-бет ұшырасқанда бәрінің* ***кірпігі құлап, көзімен жер шұқи берер*** *ынжық қасиеті Дәулетбайдың ашу-ызасын қоздырды* («Тіршілік», 361-б.).

Оқу мүжіп, кірпігі құлап, көзімен жер шұқуы, көзімен өлшеуі, тіс жармауы, көзінің жеткендігі деген метафоралар – абстрактілі мағына беретін сөздер арқылы жасалған ауыстырулар.

- метафораның бағалауыш бейне тудыру қасиеті, бағаның кейіптелуі.

Метафораның бағалауыштық мәнге ие болып, жаңа мағына тудыру қасиеті жазушылардың шығармаларында да кездеседі. Бейнелі сөздердің қаламгер туындыларында көбіне кейіпкерлер сөзінде орын алуына байланысты, құбылыстар мен заттардың бағалары, олардың бағалауыштық қасиеттері оқырман танымы нәтижесінде көрінеді.

Мүмкін жарты ғасыр саз балшықтай иленіп, санасын сасытып келген ***сары уайым****, баяғы дәуренін, он мың жылқылы болыс болған заманын, көксеген көңіл шынымен-ақ адаланғаны ма екен* («Қайдасың, қасқа құлыным», 109-б.). *Табиғат қырына алды екен деп тірі пенде қарап жатқан ба, ұйқыларынан көз ашысымен-ақ сыртқа құлақ түреді, құлақ түреді де тамның бұғат қамысының дәл кешегідей* ***өзегіңді тырналап*** *мазасыз шуылын естіп, іштерінен: «Иә, тоба», – деп бір күрсініп, тіршілік қамына бәрібір кірісіп кетеді* («Тіршілік», 336-б.). *Тірі болсақ бір жерде кездесерміз, кездеспесек сыртыңнан тілеулес боп жүрермін,* ***маңдайыңнан соры арылмаған*** *бейшара* («Сүйекші», 254-б.). *Жұрттың бәрі қу боп кеткен бе, шаруақор пысық боп кеткен бе, әлде өзгелер ақылынан ақыл қосып, жалғыз бұл ғана шапанының етегі дәлектеп мағынасыз* ***тіршіліктің соңына*** *ессіз түскен бе, «осы көкнәр ішуші еді ғой» деп үмітпен барған көз таныстарының бірде-бірі ол пәтшаһарды әлдеқашан ұмытқан боп шықты* («Тіршілік», 337-б.). *Бал-бұл жанған өңінде* ***үміт қуанышы*** *көп тәтті*

сезімнің лебі есіп, аялы жанарына ***уайым ұялап****, көпке дейін қиял құшағында отырды* (Сонда, 54-б.). **Сары уайым, өзегіңді тырналап, маңдайыңнан соры арылмаған, тіршіліктің соңына, үміт қуанышы, уайым ұялап, ит пәледен** сияқты метафоралар бағалауыш, бейне тудырушы жаңа сөздер.

- ***метафораның индивидуальды-авторлық дүниетануды, көркем сөз атрибуты екендігін жазушы шығармалары арқылы дәлелдуге болады***:

Мен болсам, мынау-іштей егесіп, сыртқай ұғыспаймын деп, ***көзім көр, көңілім жер болып****, қақпанға түскен арландай арсыл-гүрсіл жатқаным* («Қайдасың, қасқа құлыным», 112-б.). *«Көзін шел басыпты»,- деген сөзіне алғашқыда* ***жүрегім мұздап*** *есімнен кетпей жүруші еді, кейінгі кезде оны ұмытып, көз ауруға әбден* ***етім өліп*** *алды* («Әжем мен Емші және Дәрігер», 346-б.). *Көмейге* ***сөз тұншығып****, кеседе шай суып қалды* («Тіршілік», 346-б.).

Бұл мысалдардағы **көзім көр, көңілім жер болып, жүрегім мұздап, етім өліп, сөз тұншығып** сынды метафоралар – оқырман сезіміне бірден әсер ететін, экспрессивті-эмоционалды мәні жоғары метафоралар.

Метафора – көркем шығармаларда ойды астарлы түрде, әсірелеп жеткізу үшін, сонымен қатар шығарманың көркемділігін, бейнелілігін арттыру үшін қолданылатын әдебиеттегі тілдік құбылыс. Ол қандай да туындының мағыналық нақышының қасиетін, эстетикалық күшін арттырады. Метафораны ойлы, тәрбиелік мәні бар, жалпы өлең не прозалық туынды баламасындағы кез келген шығармадан кездестіруге болады. Әдебиетте көркемдеуіш құрал деген атау алған бұл құбылысқа берілген анықтамалар өте көп. Мысалы, «Метафора белгілі бір ұқсастықтарына қарай екі я одан да көп зат немесе құбылыстың бір атаумен аталуы. Бұл жерде ұқсастық дегеннің ұғымы кең: заттар мен құбылыстар түр-түсі жағынан әр түрлі болып келуі мүмкін: бір атаумен аталатын зат немесе құбылыстың бірі өмірде бар, нақты, ақиқат болуы, ал дәл сол атаумен беріліп, белгілі бір заттың өзі нақты болмауы мүмкін. Бірақ екеуіне де ортақ жайт – жалпы бір ұқсастық атаулы» [5, 144 б.].

«Метафора – троптың бір түрі, ұқсастық, сәйкестік және т.б. негізінде сөздер мен сөз орамдарының ауыспалы мағынада қолданылуы» [2, 78 б.]. «Метафора – көркем шығармадағы сөздерге қарағанда сапалы түр-бояу, бедерге тән тәсіл болғандықтан, өз сөз зергерлерінің қолтаңбасын анықтайтын тілдік өрнек. Тілде сөз метафорамен түрленіп өңделеді, ажарланып бейнелі құралға айналып отырады. Кез келген шығармада метафораның екі түрі кездеседі: бүкіл халыққа түсінікті тұрақты ауыс мағынасындағы дәстүрлі қолданылып келе жатқан метафоралар және әлі халықтық сипат алмаған, жеке автордың тілдік қызметінде өзі шығарып қолданылатын метафоралар» [6, 78 б.].

«Тіршілік» повесінде адамның көңіл-күйін, табиғаттың көрінісін сипаттайтын метафоралар өте жиі кездеседі.

Қырсығына алса айлап соғатын Арыстанды-Қарабастың долы желі бүгін үшінші күн толастамай қақап тұр. Кейде ол наурызда басталып, сәуірде бір-ақ тыншу табады. Жер қарайып, үт кірген соң-ақ қыбыр-қыбыр етіп жапатармағай көктемгі егіс қамына кіріскен барша жұрттың апшысы бидайдай қуырылып, тоқшылықта ұмытқан жаратушыны күн сайын мың мәртебе еске алып, бұл қырсықтың көпке созылмай тез бітуін тілейді. Табиғат қырына алды деп тірі пенде қарап жатқан ба, ұйқыларынан көз ашысымен-ақ сыртқа құлақ түреді, құлақ түреді де тамның бұғат қамысының дәл кешегідей өзегіңді тырналар мазасыз шуылын естіп, іштерінен «и, тоба-а» деп бір күрсініп, тіршілік қамына бәрібір кірісіп кетеді («Тіршілік», 314-б.). Повесть осындай көрініспен басталады. Мұнда жазушы табиғат пен адамзаттың ара-қатынасын, адамдардың табиғатқа бағыныштылығын жақсы бейнелейді. Әуелде табиғат көрінісін суреттей келе, одан халықтың күйбің тіршілігіне ауысады. Бұл үзінді де метафора, теңеу, эпитеттер де табылады. ***Айлап соғатын, үшінші күн толастамай қақап тұрған долы жел, өзегіңді тырналар мазасыз шуыл*** табиғат-ананың адамға ырық бермес долы күшін әсірелей, барынша жандандыра суреттейді. *Арыстанды-Қарабастың суық желі* ***етегін жұлқып, омырауын ашқанына*** *да қарамай ентелеп, асығыс жүріп келе жатып ол өзінің дәл қазіргі мақсатсыз сарсылына, мағынасыз тіршілігіне ой жүгіртіп: «рас-ау, мұным не осы?» деп өзіне-өзі сауал тастамайды, құдайға шүкір құмар кешіп отырған әлі таныстарының*

парасатты, тоқмейіл күйлерін өзінің кезбе халімен салыстырмайды да («Тіршілік», 315-б.). Сөйлемде желге тірі жанның қасиетін, әрекетін теңестіріп қойса, келесі мысалда табиғат емес адам баласының белгісіз, тылсым жан дүниесіндегі ауа райын оқырманына былайша жеткізеді:

Ашу-ызасы мен күйігі әлі бұрқырап, кеудесін көрікке қызған темірдей қарып бара жатса да, *сол күйінішімен араласып мына дәрменсіз, момын кемпіріне* ***жүрек түбінен бір жанашыр сезім*** *шақпақ тастың ұшқынындай* ***жылт ете*** *қалды* («Тіршілік», 341-б.). Автор Молдарәсілдің бойын ашу кернеп тұрған сол сәттегі көңіл-күйін сипаттауда шебер, ұтымды тәсіл – метафораны қолданған. Себебі ол кейіпкерінің жан дүниесін дөп басып айтып, психологиялық эмоциялық жақтарын да айқын көрсетеді. *Манадан бері қарқ-қарқ күлкіге* ***қамшы боп жамбас соғып жатқан*** *барша* ***алақан сақал*** *біткенді уыстап, бір сәтке тыныштала қалды.*

Д.Исабеков синекдоха (*жамбас соғып жатқан, сақал уыстап тыныштала қалған* ***алақан)*** арқылы бай не айтса соны құптап үйреніп қалған көп жағымпаздарды алақанға балап шебер суреттейді.

... Молдарәсілдің де «үйленсем» деген ***сабау ұшындағы түбіттей желбіреген нәзік үміті*** *жоқшылық тұтқыны боп кеудесінде талай жыл булығып, бүгін ғана* ***сыртқа жасқана сығалап еді****, мына шалдардың қуаныш емес қайғылы хабар естігендей бастары кеуделеріне құлап, сырқаттай ыңырана қалулары оның* ***жүрегін қоян тепкендей дір еткізіп, көкірегін удай ашытты*** («Тіршілік», 346-б.). Түрлі теңеулермен астарлана құралған бұл сөйлем авторлық метафораға негізделген. Жігіттің үміті кеудеде тұтқын болып жатуы, оның жасқана сығалауы, шалдардан адамгершілік қасиет көре алмағандығы көкірегін удай ашытуы оның бір ғана сабау ұшында желбіреген түбіттей нәзік үмітін бейнелеу, суреттеу үшін құрылған көрініс секілді.

Қыздың әке-шешесі ***бетімен жер басып****, дәл бүгін өлік шығарғандай үнсіз отыр* («Тіршілік», 351-б.). Әдетте, фразеологиялық сөздіктерде *бетіне шіркеу түсті, бетіне күйе жағылды, бетін айдай қылды* – ұятқа қалды, масқарасы шықты, қарабет болды; *бетінің боздағы шықты* – қатты тоңды*; бетінен алды* – көңілін қалдырды, қарсы келді деген мағыналарда дәстүрлі метафоралық тіркес болып қолданылса, жоғарыдағы сөйлемдегі *бетімен жер басты* тіркесі үнсіз, қайғы жамылып, төмен қарап отырды деген жаңа мағынада қолданылып тұр. «Автордың сөз ауыстыру, «метафораны жаңарту» байырғы дәстүрдің түрлерінен бөлек каналдарын табу мәнері тілдің стилистикалық ресурстарының қайнар көзі болып табылады» [1, 95 б.]. Яғни бұл жерде жазушы дәстүрлігін алмастырып, авторлық метафора жасады десе болады.

- ***дәстүрлі метафора өз орнымен, өзгермей қолданылады***.

Қызымыз қашты; ***бетімізге салық екені рас,*** *бірақ жат босағаны аттатпай жолдан қайырдық, онымыз әбүйір* («Тіршілік», 3305-б.). Бұл тіркес ***бетіне күйе жағылды*** немесе ***бетіне кіреуке болды*** деген тіркестермен синонимдес, мағыналас. Яғни ұятқа қалдырды, намысқа тиді дегенді білдіретін тіркес.

Тіршіліктің әр күнге бөлінген ыстық-суығы мен ауыртпалығы қанша салмақты болса да, сол ауыртпалық жүрегін қанша тырмалап, көзін жас буса да ол меңіреу үйіне сүйретіліп кіріп, беймаза түнді жастық құшақтап өткізген соң-ақ көкірегіндегі кірбің сібірлеп атқан таңдай бірте-бірте сейіліп, орнынан тұрғанда бәрін ұмытушы еді, бірақ дәл осы жолғы қалжыңға қайып тігілген кемісту мен қорлық жілік басына үймелеген сарысудай ертеңгілік көзін ашқанда да көңілінен кетпей кіркілдеп тұрып алды. Оянған бетте аяққа мінген қанға сіңді қасиетін бүгін ұмытып, кірпігін бағана ашса да көрпесіне көміліп әлі жатыр. Қарақшылар сабап кеткен айдаушыдай бойы дел-сал («Тіршілік», 330-б.). Өзіне жақын дос, жанашыр ағайын-бауыр деп есептеп жүрген адамдарынан есіткен ащы мысқылдардан соң Молдарәсілдің күйі осылай суреттеледі. Бұл үзіндіде бір сөз артық не кем қолданылмағандай. Жалпы, адамның көңіл-күйі – кейде өзге түгіл өзің де толық сипаттап бере алмайтын ғажайып құбылыс. Ал мына үзіндіден автордың кейіпкерінің көңілінің түкпірінде қандай сезім тығылып жатқанын дөп басып айтып, шебер сипаттап бергендігінен оның өзі де сол кейіпте болып, сондай сезімді бастан кешіргенін байқаймыз. **С*ол ауыртпалық жүрегін қанша тырмалап, көзін жас буса***

да... Қай заманда болсын кімнің басына түссе де әр түрлі аталып, бір мағына беретін, дәл солай әуре-сарсаңға салатын, тағдырдың адамға тарту еткен осындай «сыйлығын» қайғы-қасірет, жоқшылық, қорлық-зорлық т.б. толып жатқан синонимдермен алмастыруға болады. Бұл тіркесте нақты ***ауыртпалық*** деп аталған сөз зұлымдық бейнесіндегі бір тірі күштің адам жүрегін тырнап тұрғандығы байқалады.

Сояу-сояу қозапаяның сұйық жалыны дүрілдете сорған суық желдің жемі боп ***қара қазанның түбін жалап*** *қана өтіп жатыр* («Тіршілік», 332-б.). *«Дәулетбайдың қызы қашып кетіпті» деген* ***хабар күйген жүннің иісіндей*** *төңірекке тез тарап, қойнау-қойнауда керенау жатқан жалқау елді бір сергітіп өтті. Тосын хабар қайдан шығар екен деп бір* ***құлағын желге түріп жүретін әңгімешіл әйелдер*** *осы төрт ауыз сөзді мың құбылтып бір тәуліктің ішінде екі тәулік тыңдасаң жалықпайтын сан түрлі хикаялар туғызды.*

Көбіне метафоралар теңеумен астасып келіп жатады. Жоғарыда келтірілген мысалдар – соның дәлелі. Алғашқы сөйлемде *қазанның түбін жалап* жатқан жалынды астарлап, суық желдің жеміне теңесе, кейінгісінде *хабардың тез таралуын күйген жүннің иісіне* келтіріп тұр. Ал бұл абзацта автор адамның қырық түрлі қырының тағы біреуі – әйелдердің өсекқұмар, сөзуар жағымсыз жағын бейнелеуі. Олардың қылықтарын ***құлағын желге түріп жүретін әңгімешіл әйелдер*** деп дөп басып, әрі жақсы авторлық метафора құрайды. Дәулетбайдың шаңырағы омырылып ортасына түскен кез әйелдер үшін, әңгіме құраудың жақсы сылтауы болды. Сол әңгіменің әрбірін, әр сөзін беруі, бергеннің өзінде нақ бір келіншектің аузынан шыққан сөздерді тізіп жазғандай сенімді, «өсек жанрына» келтіре отырып баяндағаны тіпті таң қалдырады. Бұл үзінді әйел адамдарды сынаған болса, төмендегі мысал, керісінше, ер адамдарды, оның ішінде дәулеті тасқан байлардың ашуланшақ мінездерін көрсетеді.

«Он бесінде отау иесі» дегенді қанына бек сіңіріп басқа уәжге құлақ аспай үйренген кеудесіне нан пісіретін шырт етпе қазақтар Дәулетбайдың: «Қызым әлі жас, он сегізге толмай күйеуге бере алмаймын», – деген жауабын қорлады, менсінбедіге жорып қасқыр ішіктерін жүре киіп, томсырайып аттанған. Кейбіреулері көрінеу көзге жөнсіз жанжал шығарып, өзінен басқа дәулетті құда таба алмайтындықтарын айтып, төсін қызарғанша соғып, насыбайларын ер үстінде қақшып атып, атына кесірлене қамшы басқан («Тіршілік», 334-б.). Шын мәнінде, көптеген шығармаларда бейнеленетін сол қысыр замандағы қазақтың қыңыр, айтқанынан қайтпайтын, озбыр, кейде зұлым байлары үнемі өз дегендерін істететін. Ал терезесі өздерімен тең Дәулетбай секілді байға қолдары батпағандықтан ***төсін қызарғанша соғып, кеуделерінде нан піспегенде қайтсін.***

Сонымен қатар мұнда белгілі бір күйде тұрған адамның бет-ажары, іс-әрекеті де метафора арқылы беріліп тұр. Мысалы:

Қыздың ағасы ***көзі ұясынан шығып, аузын ашқан бойы сілейіп қатты да қалды. Жирен жүзі отқа түскен ақ терідей қарайып, жылқы еріні жыбыр-жыбыр етті де, қолындағы қамшысын көтеріп****, «о, шұбар жылан!» деп қарындасына тап берді. Осы кезде қыздың анасы* ***құстай ұшып кеп*** *қызы мен қамшысының ортасына тұра қалды* («Тіршілік», 344-б.).

*Қызын көргенде шешесі өзін-өзі ұстай алмай****, «ботақаным-м» - деп тұрмақ боп ұмтыла*** *беріп еді, күйеуі оған жеп жіберердей* ***оқты көзімен*** *ата қарап: «отыр омалып!» дегенде* ***зәрлі дауыс*** *оны төбесінен басып, бөстегіне қайтадан сылқ еткізді. Оның аналық жүрегінің* ***суға түскен кесектей езіліп, бауыры бордай үгітіліп бара жатқанын*** *ешкім елеген жоқ, елеген сыңай да танытпады, бәрінің баққаны Дәулетбайдың аузы****. Ол да ұзақ тостырған жоқ, қалың*** *қабағын бір-екі рет түйістіріп алды да, қызына бір қарап қойды* ...(«Тіршілік», 343-б.).

Мұғалімнің үстелінің үстінде әртүрлі жануарлар жатады (үй және жабайы). Мұғалім балаларға ойыншықтарға қарап, жануарлардың атауын атап, олардың іс-әрекеттерін (түлкі мен қоян секіреді, қасқыр қашады, сиыр шөп жейді) еліктеуді сұрайды. Содан соң былай дейді: «Кеш уақыт болып қалды, қараңғы болды. Жануарларға үйге қайту керек. Оларға жолды табуға көмектесіңдер». Мұғалім балаларға үйдің және орманның макетін (макеттер үстелдің екі шетінде, бір-бірінен алшақта орналасқаны жөн) меңзеді. Мұғалім балаларға әртүрлі жануарларды алып, үйлерін табуға көмектесуді сұрады: «Түлкі қайда тұрады?». Бала түлкіні орманға апарды да: «Түлкі орманда тұрады» деп айтты. Балалар жануарлардың тұратын мекендеріне қарай оларды үйге не орманға бөлді.

- «Балалар, біз тапсырманы орындап, Симка мен Ноликке көмектестік. Енді Симка мен Ноликтің үйіне үйіне бару үшін бізге орманнан өту керек».

Балалар орманнан өтіп бара жатып, бір топ көмек сұрап жатқан жануарларға жолығады.

- «Балалар жануарларға көмектесеміз бе?»
- «Иә», - деп жауап береді.

Бұл ойын **«Кім жүгіреді, ұшады, секіреді, жорғалайды?»** деп аталады.

Мақсаты: жалпылама етістіктердің түсініктерін нақтылап түсінуге үйрету, осы шақ етістіктерімен сөйлем құрастыра білуге үйрету, аналитикалық оқуға үйрету.

Құрал-жабдықтар: құстар, балықтар, бақалар, аралар, қоңыздар, көбелектер, тиіндер, жыландар, тышқандар және т.б. бейнелеген суреттер

Ойын барысы:

Әртүрлі жануарлардың қозғалыстарымен таныстыру әдістерімен басталады. Мұғалім жануарлар бейнеленген суреттерді балаларға таратып, оған сұрақтар қойылады: «Сенде не бейнеленген?» және балалар сауалдарға жауап береді. Тақтада мынадай сөздері бар тақтайшалар бекітіледі: «ұшады, жорғалайды, жүзеді, жүгіреді, секіреді», содан соң балалар бұл сөздерді оқиды. Мұғалім балаларды бір-бірден тақтаның алдына шақырып, сәйкес тақтайшаларды орналастыруды ұсынды. Балалар суреттерді сәйкес сөздерге бекітіп, айтты: «Балық жүзеді». Осылайша, барлық суреттер орналастырылды. Содан соң мұғалім балаларға «Не ұшады?» деп сұрақ қойды. Балалар «Құс, ара, көбелек, сона ұшады» деп жауап берді. Қалған етістіктермен дәл осылай басқа жұмыс жүргізілді.

- Жарайсыңдар, балалар, біз фиксиктердің үйіне жетуіне көмектестік. Фиксиктер бізе алғысын айтып, үлкен смайликтер берді.

Жоғарыда көрсетілген барлық тапсырмалар мына мақсаттарға бағытталған:

- баланың логикалық ойлауын дамыту;
- белсенді сөздік қорын дамыту;
-сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жүйесін қалыптастыру;
- байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру және дамыту;

Екі ай бойы жүргізілген жұмыстың нәтижесі мынадай:

Кесте 2. Аралық эксперимент көрсеткіші

Аты-жөні	Диагностика жүргізілген 3 әдістеме			Үш әдістеменің ортақ қосынды ұпайы	Есептелінген пайыз құрамы **(%)**
	Филичева Т.Б., Чевелева Н.А., Чиркина Г.В. әдістемесі	Ушакова О.С., Струнина Е.М. әдістемесі	Серебрякова Н.В., Соломах Л.С. әдістемесі		
Лиана	31 ұпай	10 ұпай	25 ұпай	66 ұпай	**71%**
Салават	26 ұпай	9 ұпай	23 ұпай	58 ұпай	**63%**
Амина	26 ұпай	9 ұпай	20 ұпай	54 ұпай	**58%**
Коля	21 ұпай	7 ұпай	19 ұпай	47 ұпай	**51%**
Берик	18 ұпай	7 ұпай	13 ұпай	38 ұпай	**41%**

Диаграмма 1. Алғашқы және аралық эксперимент көрсеткіштері



Алғашқы және аралық эксперименттен соң, балалардың сөйлеу тілінің деңгейі анағұрлым жақсарғанын байқауға болады. Мәселен, алғашқы диагностикада Берик есімді оқушының нәтижесі 34 баллды құраса (төмен деңгей), аралық эксперименттен соң (14 сабақтан соң) 38 баллға (орта деңгей) дейін жоғарлағанын аңғаруға болады.

Осылай біз мультфильмдер кейіпкерлерінің қатысуымен өткен сабақтарды қорытындылап, көзделген мақсатқа жеттік. Ең бірінші өткен сабақтарымыздан бастап, балалардың басым көпшілігі (5 баланың 3-еуі) бірден ашылып, зейін сап, ойындарды ойнауға, ертегі кейіпкерлерінеи көмек көрсетуге асықты. Балаларға жануарлар, жиһаз, жемістер мен көкөністер және т.с.с. түсініктерді ойындардың көмегі арқылы қалыптастыруға тырыстық. Байқағанымыз, бұл тәсіл арқылы балалардың белсенді сөздік қорлары көбейіп, қолданысқа ене бастады. Балалардың келесі сабақтарға деген қызығушылығын оятып, ынта-жігерін арттырдық.

Мульфильм кейіпкерлерін пайдалану - бұл есту қабілеті нашар кіші мектеп жасындағы балалардың сөйлеу тілін дамытудың инновациялық тәсілі болып есептеледі. Бұл тәсілді балалардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында тәрбиеші және логопед фронтальды сабақтарын жүргізу кезінде пайдалана алады.

Әдебиет:

1. Қошкарова Г., Бутабаева Л.А. Нашар еститін балалардың зиятының даму ерекшеліктері. – Хабаршы, «Арнайы педагогика» сериясы, 2016 ж.

2. Соловьев И.М., Шиф Ж.И. Развитие образного мышления у слабослышащих и слышащих школьников младшего школьного. - В сб.: О психическом развитии глухих и нармольно слышащих детей. М., Изд - во АПН РСФСР, 1962

3. Жарықбаев Қ.Ж. Психология. Алматы, 2002 ж.

4. Немов Р.С. Психология. Москва, 2003 г. 3 тома

5. Филичева Т. Б. и др. Основы логопедии/ Т. Б. Филичева, Н. А. Чевелева, Г. В. Чиркина, М.: Просвещение, 1989.

УДК 808.5

СРЕДСТВА ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТИ ЯЗЫКА В РЕКЛАМЕ

Сейдахметова Д.Ф.
(*СКГУ им.М.Козыбаева*)

Изучение выразительных средств языка будет оставаться актуальным всегда, потому что текст, насыщенный выразительными средствами, получает более глубокий эмоциональный отклик, лучше запоминается, сильнее воздействует на читателя (слушателя) [1]. Средства выразительности языка активно используются и в рекламе.

Основа рекламы – хороший рекламный слоган. Слоган – короткий лозунг или девиз, отражающий уникальное качество товара, обслуживания, направление деятельности фирмы чаще в прямой, иносказательной или абстрактной форме. Назначение слогана в рекламном материале – привлечь внимание и побудить к действию. Считается, что количество людей, которые читают только слоганы, в 4-5 раз больше людей, которые читают всю рекламу.

Слоган выполняет следующие функции:

- привлечение внимания целевой аудитории к продукту/фирме;
- формирование определенного эмоционального образа, связанного с продуктом/фирмой;
- обеспечение запоминания послания, содержащегося в рекламном сообщении, его подкрепление; в конечном итоге потребители имеют дело именно со слоганом;
- выделение особенностей (преимуществ) продукта/фирмы;
- формирование потребности, информирование потребителя, но это, скорее функции рекламного сообщения в целом [2].

Слоган создается благодаря специальным приемам, а точнее с помощью выразительных средств языка. Рассмотрим наиболее распространенные средства выразительности языка в рекламе.

Эпитеты - слова, определяющие предмет или устройство, подчеркивающие в них какое-либо характерное свойство или качество [3]: кофе «Nescafe»: «бодрящий вкус и аромат», «Milka. Сказочно нежный шоколад», краска для волос «Garnier»: «насыщенный цвет, без вреда для волос».

Цель рекламы — выгодным образом выделить торговую марку среди марок-конкурентов. Часто для этого используются явные или скрытые сравнения. Реклама пестрит словами: больше, дешевле, лучше, выгоднее, самый, уникальный, супер, новый, первый … Все эти слова являются сигналами того, что рекламируемая марка в явном или неявном виде сравнивается с другими марками той же товарной категории [4]. Реклама жевательной резинки: «Orbit. Самая вкусная защита от кариеса», «Kinder. Лучший способ передать любовь».

Метафора служит здесь не только языковым средством создания образа, она позволяет сформулировать краткое утверждение о достоинствах товара, которое в субъективном плане

выглядит более сильным и несёт определенную аргументативную нагрузку [5]. Например: «Alpen Gold. Настоящее золото Альп» или «Апельсиновый заряд» («Фанта»).

Преувеличение, или гипербола, в рекламе — стандартный приём, прибегают к которому многие. Он эффективен и выглядит слегка иронично, нисколько не лжёт, просто усиливает эффект, производимый на потребителя. Например: "Почувствуйте себя богиней" (Venus), «Сникерс»: «Ты не ты, когда голоден», где гиперболизировано чувство голода.

Продукт все больше и больше очеловечивается, а значит — все в большей степени приобретает личностные черты, или индивидуальность, приобретает собственное лицо и начинает свой путь на рынок [6]. Часто в рекламе используют олицетворение - «Тефаль, ты всегда думаешь о нас».

Наиболее часто в рекламе используется **анафора** (единоначатие) — это повторение отдельных слов или оборотов в начале предложений или абзацев: «Новые компьютеры — новые доходы», «Твой день — твоя вода. "Архыз"», «Широкая автоматизация. Широкое применение комплексных операций». Вот как выделяется с помощью анафоры в следующей рекламе ее объект — шампунь «Поляна»:

Шампунь «Поляна» — с натуральными ингредиентами.
Шампунь «Поляна» — содержит пять целебных трав.
Шампунь «Поляна» — благотворно влияет на структуру волос.
Шампунь «Поляна» — и ваши волосы всегда прекрасны [7]!

С антитезой реклама приобретает более оригинальное звучание. Антитеза — оборот речи, в котором для усиления выразительности, акцентирования главного и лучшего запоминания текста используются противопоставления. В рекламе антитеза позволяет ярко подчеркнуть достоинства рекламируемого товара: «Минимум калорий — максимум наслаждения» (реклама Coca-Cola light), «Минимум пространства — максимум возможностей» (реклама мобильного телефона). В антитезе возможно противопоставление контрастных по своему значению слов или противопоставление образов. Например: «Легко включить, сложно остановиться» (безлимитный Интернет). Приведём ещё примеры рекламных лозунгов с антитезой: «Минимум времени — максимум покупок» (заголовок рекламы универмага самообслуживания), «Минимум труда — максимум эффекта» (заголовок рекламы стирального порошка). «В холод — тепло, в жару — прохладу принесёт кондиционер фирмы Samsung», «Indesit. Мы работаем — вы отдыхаете» [7].

В стилистическом энциклопедическом словаре русского языка отмечается, что «выразительные средства языка способствуют точности, логичности, ясности, экспрессивности (эмоциональности, оценочности, интенсивности и образности), обеспечивают полноценное (максимально приближенное к пониманию заложенной в тексте информации) восприятие речи адресатом [8, с.255]».

В результате нашего исследования можно сделать следующие выводы: средства выразительности языка делают рекламу интересней, привлекают внимание к рекламируемому товару, воздействуют на аудиторию, помогают не только доступно и просто сообщить необходимую информацию, но и глубоко раскрыть значимость и оценку того или иного продукта. Кроме того, они усиливают экспрессию рекламы, создают живое представление о продукте, вызывают определенное эмоциональное отношение к товару. Поэтому при создании рекламы широко используются средства выразительности языка, которые помогают создать яркий и запоминающийся слоган.

Литература:

1. Бурмакина Н.А., Волкова Е.Ю. Выразительные средства языка в современной рекламе. URL: http://st-hum.ru/content/burmakina-na-volkova-eyu-vyrazitelnye-sredstva-yazyka-v-sovremennoy-reklame-na-materiale
2. Языковые техники и приемы создания рекламы. URL: http://privetstudent.com/kursovyye/kursovyye-po-marketingu/4176-yazykovye-tehniki-i-priemy-sozdaniya-reklamnyh-sloganov.html
3. Тропы**.** URL: https://bizbook.online/reklama-100/tropyi.html
4. МАНИПУЛЯТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СРАВНЕНИЙ В РЕКЛАМЕ. URL: https://knigi.link/uchebniki-jurnalistika/manipulyativnoe-ispolzovanie-sravneniy-3227.html
5. Метафора в рекламе. URL: http://mykonspekts.ru/1-135301.html
6. Использование приёма олицетворения в современной рекламе. URL:http://diplomba.ru/work/20497

7. Язык убеждающей рекламы. URL: http://www.российскийинтернетмаркетинг.рф/YAzyk-ubezhdayushchey-reklamy.htm
8. Стилистический энциклопедический словарь русского языка / под ред. М.Н. Кожиной; члены редколлегии: Е.А. Баженова, М.П. Котюрова, А.П. Сковородников. — 2-е изд., испр. и доп. — М. Флинта: Наука, 2006. — 696 с.

УДК 691.33

ОЙКОНИМЫ – ИСТОЧНИКИ ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ

Спиридович А., Сабиева Е.В.
(СКГУ им. М. Козыбаева, кандидат филологических наук, доцент
Водопроводная ОШ, учитель русского языка и литературы)

Топонимы обладают большой информативностью и потому в педагогике являются важным средством для достижения познавательных и воспитательных целей обучения молодежи в средней и высшей школах [1,2]. Знание топонимии отдельных регионов должно использоваться местными учителями для реализации краеведческого принципа обучения. В связи с этим, проведенные исследования географических названий Кызылжарского района Северо-Казахстанской области являются актуальными.

В историко-этнографическом отношении топонимика Кызылжарского района обусловлена взаимодействием огромного количества древних народов, являющихся носителями языков разных лингвистических групп и семей.

С одной стороны, данное взаимодействие предполагает, что топонимика Кызылжарского района определяется в первую очередь историей коренного этноса, их материальной и духовной культурой.

Духовная культура предполагает деятельность, направленную на духовное развитие человека и общества, а также представляет итоги этой деятельности. Древние греки сформировали классическую триаду духовной культуры человечества: истина - добро - красота. Соответственно были выделены три важнейших ценностных абсолюта человеческой духовности. Очень часто мир духовной культуры рассматривается в виде семи составляющих - мистики, искусства, мифологии, философии, религии, науки, идеологии [3,4]. Географические названия посёлков, исследуемой территории, отражают некоторые научные, религиозные, эстетические и другие представления духовной культуры населения исследуемого региона.

1. Ойконимы и наука.

Географические названия населённых пунктов отражают некоторые геолого-геоморфологические особенности исследуемого региона. Основными формами рельефа территории Кызылжарского района являются террасированная долина р. Есиль и приподнятые над руслом реки Тобол-Ишимское и Ишим-Иртышское междуречья. Различное высотное положение этих форм рельефа отражено в названиях поселений Бугровое и Подгорное.

Бугровое. Посёлок расположен на Ишим-Иртышском междуречье. Правый крутой, высокий до 25-40м берег р. Есиль и прилегающую к нему часть названного междуречья население называет местными географическими терминами «гора» или «бугор», что, вероятно и нашло отражение в названии посёлка.

Подгорное. Село располагается на второй террасе долины Есиль, над которой возвышается склон долины в виде невысокой горы. Такое место люди называют местным географическим термином «подгорье», отсюда и название села - Подгорное. Сложность русловых процессов р. Есиль показывает название Затон.

Затон. Название произошло от местного географического термина «затон», которое означает старое русло реки, имеющее значительную глубину и связь с рекой. Кроме того

название также означает глубокую протоку, отделённую островом или речной залив, отделённый косой.

2. Ойконимы и социально-экономические процессы.

Некоторые названия отражают социально-экономические события в жизни региона, в частности связаны с построением Ишимской (Горькой) линии укрепления и проведение аграрной колонизации. Первая значительная волна заселения региона начинается с ХУШ века и связана со строительством участка Ишимской линии Петропавловск - Пресновка. Сюда для охраны южных границ Российской империи по царскому указу прибывали казаки. Вдоль линии укрепления строились военные крепости и поселения казаков, с данными событиями связан ойконим Гайдуково. Несколько позднее под их защитой возникали поселения крестьян-землепашцев, прибывавших сюда на плодородные земли из соседних северных районов, где «землица рожала плохо». Названия новым посёлкам часто давались по фамилиям или именам переселенцев. Вот почему в топонимии Кызылжарского района много патрономических названий, в основе которых лежат антропонимы - названия данные по именам и фамилиям людей [5].

Асаново. Село основано в 1894 году, как железнодорожная станция Транссибирской железной дороги переселенцами из Одесской области, в основном немцами. Своё название село получило от имени казачьего есаула Асанова.

Петерфельд. Село организовано переселенцами из немецкой слободы Рибенсдорф Острогожского уезда Воронежской губернии. Поселение было заселено немцами-колонистами, поселившимися в России еще при императрице Екатерине Великой и которые в 1825 году принесли присягу на подданство России.

Из удостоверения Воронежского губернского правления следует, что первыми поселенцами с. Петерфельд были семьи Шварц, Богер, Кифер, Кель, Карстон и другие. С 1874 года все лица мужского пола отбывали воинскую повинность в Острогожском уезде России. Заселив новые территории, немцы сохранили стабильность стереотипов поведения, самобытную культуру труда и быта, высокий уровень сельскохозяйственного производства [5].

Шаховское - название дано по имени князя Владимира Шаховского.

Патрономическими, вероятно, являются названия ***Желяково*** (здесь жил Яков), Михайловна, Исаковна, Измаиловна и.др.

Чапаево - название мемориальное, дано в честь народного героя гражданской войны В.И. Чапаева.

Некоторые ойконимы являются названиями-мигрантами, перенесёнными из родных мест прежнего проживания:

Соколовка - это название-мигрант, оно дано крестьянами-землепашцами, переселившимися из Соколовки бывшей Тюменской области.

Вагулино - тоже название-мигрант, оно дано крестьянами, переселившимися из бывшей Вагулинской волости Тобольской губернии

Трудовая Нива, Трудовое, Рассвет, Знаменское - названия сёл, которые отражают трудовой героизм и достижения сельских тружеников региона советского периода.

3. Ойконимы и религия.

Религия выполняет важную нравственную миссию. Она призвана прививать морально-нравственные постулаты. Религия через церковь оказывает влияние на индивидуальную и общественную жизнь. Прибывшие в Северный Казахстан переселенцы из России и Украины в основном были верующими людьми. Религия в их жизни занимала видное место, поэтому многие названия населенных пунктов связаны с религиозными праздниками, именами святых и т.п. Ниже приведем названия некоторых сел, имеющие религиозный характер.

В нашей статье представлена этимология агиоойконимов Кызылжарского района Северо-Казахстанской области. Это названия населенных пунктов, образованные от собственных имен религиозного характера. Исходным материалом послужила карта и перечень названий населенных пунктов района, а также фондовые материалы Северо-Казахстанского Государственного архива, а также часть сведений была получена из бесед со старожилами.

В свое время великий русский географ Н. И. Надеждин высказывался о том, что земля есть книга, где история человеческая записывается в географической номенклатуре. Он отмечал, что все местные названия - не пустые, лишенные значения звуки; они - отражение прошлого. Прошлое есть у каждой деревни.

Вознесенка. Казакам Воронежской и Харьковской губернии давали земли в анализируемом нами регионе. Они приезжали сюда, смотрели эти земли и переселялись. Таким местом была и Вознесенка. Вначале село представляло собой небольшую станицу, состоящую из 20 дворов. Население села составляли казаки Украины Харьковской губернии. В станице выбирался станичный староста или атаман.

Название села произошло от названия религиозного праздника «Вознесение Господне». Это христианский праздник, отмечаемый на 40-ой день после Пасхи в честь вознесения плоти Иисуса Христа на небо и обетования о его втором пришествии. Число 40 — не случайное, а несущее смысл. Во всей Священной истории это было время окончания великих подвигов. По закону Моисееву в 40-й день младенцы должны были приноситься родителями в храм, к Господу. И теперь в сороковой день после Воскресения, как бы после нового рождения, Иисус Христос должен был войти в небесный храм Своего Отца, как Спаситель человечества.

Архангельское. Поселение названо в честь Архангела Михаила - ангела, упоминаемого по имени в ряде библейских книг. В христианстве Михаил - главный архангел, являющийся одним из самых почитаемых библейских персонажей. Праздник отмечается 6 сентября, 8 ноября. Согласно еврейской традиции, Михаэль — один из четырёх ангелов (Михаэль, Гавриэль, Ориэль и Рафаэль), стоящих перед престолом Господа и охраняющих четыре стороны света. Среди семи ангелов еврейской мифологии лишь трое названы в Ветхом Завете: Михаэль, Гавриэль и Рафаэль. В Коране архангел именуется Микаилом, имеет изумрудно-зеленые крылья. Он находится на седьмом небе, на границе моря, переполненного бесчисленным количеством ангелов. Микаил - один из четырёх ангелов высшей категории (Макрибун) в исламе. Он упоминается как ангел, который раздаёт творениям Аллаха пропитание. Также известен как Ангел милосердия. Кроме пророческих миссий, которые он выполняет как макрибун, управляет ветрами и облаками. В православии архангел Михаил именуется архистратиг (греч. архютратпуос, — главнокомандующий) и выступает главой святого воинства ангелов, стоящих на страже Божьего закона, этот образ присутствует уже начиная с апостольских времён (см. упоминание о споре Михаила о теле Моисеевом — Иуд. 1:9). Следуя этой традиции, в Великих четьях-минеях митрополит Макарий пишет: «Бог поставил как некое всесильное оружие и сохранение Михаила архистратига против силы дьявола». В этом образе Михаил почитается как покровитель и соратник «воинствующей Церкви», то есть всех верных Богу, выступающих против сил зла [6,7].

Происхождение названий вышеупомянутых сел достоверно, так как информация получена в Северо-Казахстанском Государственном архиве.

В Кызылжарском районе есть еще несколько сел, происхождение названий которых предположительно связано с религией.

Николаевка. Название предположительно дано по имени святого Николая Чудотворца. Святой Николай Угодник Чудотворец - христианский святой, архиепископ, который почитается как чудотворец, считается покровителем моряков, купцов и детей. Праздник Святого Николая празднуется 6 декабря у католиков и 19 декабря у православных.

Новогеоргиевка - название предположительно дано по имени святого Георгия Победоносца. Георгий Победоносец - христианский святой, наиболее почитаемый святой этого имени.

Боголюбово - название предположительно дано в честь святого князя Андрея Боголюбского, который вез чудотворную икону Пресвятой Богородицы из Киева во Владимир. Ночью ему явилась Богоматерь и повелела основать монастырь в честь своего Рождества.

Появление русских этнокультурных имен в топонимики Кызылжарского района есть следствие и результат взаимодействия и контакта национальных топонимических систем.

Первопричиной же такого взаимодействия и контакта онимических систем послужило переселение русских и украинцев на территорию Казахстана в периоды русской колонизации.

Приведенная в работе этимология ойконимов Кызылжарского района характеризуется различной степенью достоверности.

Есть названия точно установленные: они подтверждены документально. Сравнительно достоверная информация получена из бесед с краеведами и старожилами. Но есть названия населенных пунктов точно не установленные, спорные, с затемненной этимологической структурой. В связи с этим ученым, краеведам предстоит большая работа по установлению точной этимологии топонимов Кызылжарского района.

Таким образом, ойконимы Кызылжарского района являются своеобразными историческими памятниками, отражающими социально-экономические процессы разных периодов.

Литература:

1. Мурзаев Э. М. География в названиях. – М.: Наука, 1982. – С. 21.
2. Суперанская А. В. Что такое топонимика? – М.: Наука, 1985. – С. 6
3. Водопьянова С. Г. Топонимика. – СКГУ, 2005. – С. 4-26.
4. Водопьянова С. Г. Топонимика Казахстана. – СКГУ, 2006. – 60 с.
5. Материалы Северо – Казахстанского Государственного архива.
6. Данные акимата а. Бесколь, 2011. – 50 с.
7. Северо-Казахстанская область: страницы летописи родного края. – Алматы: Казахстан, 1993. – 392 с.

УДК 81

ОСОБЕННОСТИ ЯЗЫКОВОЙ СРЕДЫ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ

Табакова З.П., Альжанова М.Т.
(СКГУ им. М. Козыбаева)

Актуальность темы данного исследования заключается в исследовании главной причины двуязычия, активно обсуждаемой в бывших республиках СССР.

Объектом исследования является языковая ситуация в Северном Казахстане. В качестве предмета исследования рассматривается функционирование казахского и русского языков на территории Северного Казахстана.

Для характеристики языковой жизни общества предполагается привлечение двух понятий: языковая ситуация и языковая среда.

Понятие языковая ситуация - это совокупность форм существований языка и вариантов (диалектов, жаргонов, функциональных стилей и других форм), в пределах определенного региона.

Языковая среда - это исторически сложившаяся группа людей на основе общего родного языка и культуры, проживающая на определенной территории. В настоящее время в нашем регионе преобладает русский язык и на это есть свои причины. Во-первых, Северный Казахстан граничит с Российской Федерацией и тесно контактирует с русскими, во-вторых, идут процессы массовой эмиграции и миграции населения, в-третьих, в регионе преобладает русскоязычное население. Эти причины не только способствуют переселению людей и смешению языков, но и стимулируют развитие и изучение языков[1].

В нашем регионе в основном используются два языка: русский и казахский. И таким образом, можно говорить о наличии в Северном Казахстане билингвизма. Билингвизм (двуязычие) -это свободное владение двумя языками. Двуязычный человек способен попеременно использовать два языка, в зависимости от ситуации и от того, с кем он общается[2].

Двуязычие возникает обычно в результате языковых контактов на общей территории, где живут носители разных языков.

Различают два основных типа билингвизма: рецептивный и продуктивный. К первому типу относятся индивиды, которые могут прочесть текст на втором языке, но свободно говорить на нем не могут. Второй тип билингва свободно и правильно владеет речью.

В связи с мышлением различают два вида билингвизма: непосредственный и опосредованный. В первом случае билингв мыслит на втором языке - это высокий уровень овладения языком. Во втором случае, билингв строит внутреннюю речь на родном языке, а затем переводит ее на второй язык и озвучивает.

В Казахстане развито казахско-русское двуязычие: многие казахи свободно мыслят на втором языке, переключаясь с одного языка на другой. Русско-казахское двуязычие только развивается, в этом случае казахский язык воспринимается как второй, неродной,

По условиям возникновения различают естественный и искусственный типы билингвизма. Естественный или ранний билингвизм возникает у ребёнка под влиянием разноязычного окружения. Он овладевает двумя языками одновременно, однако это не приводит к смешению в его сознании двух языковых систем.

Искусственный билингвизм возникает в результате обучения, при этом особенности родного языка налагаются на изучаемый язык, что порождает интерференцию, при которой звуковая система и грамматические формы родного языка влияют на второй язык и приводят к ошибкам и акцентам[3].

Для квалификации типов билингвизма мы провели небольшое интервью с людьми, которые росли в разных языковых средах.

Первый интервьюируемый, Сакен Кубышев, родом из Северного Казахстана, рос в окружении, в котором говорили исключительно на казахском. Затем пошел в русскоязычную школу, окончил университет (русское отделение). Сейчас парень свободно владеет двумя языками. Мы относим его к продуктивному типу, то есть свободно говорящим и пишущим на двух языках, по особенностям мышления –к непосредственному типу, так как он обладает высоким уровнем владения языком. По условиям возникновения – естественный тип, так как рос в разноязычном окружении. Сакен владеет двумя языками, что, однако, не приводит к смешению в его сознании двух языковых систем.

Можно сделать вывод, что человек способен выучить любой язык, но для облегчения этого процесса ему нужна соответствующая среда. Если русскоязычного представителя поселить в среду казахского народа, где с ним будут говорить исключительно на казахском языке, то в короткое время он подсознательно начнет понимать язык. Подтверждает это ещё один мой собеседник, который родился и вырос в Российской Федерации, но вынужден был переехать в Казахстан и обучаться в казахской школе – Махаббат Уразбаева. Как признается сама Махаббат, тяжело было резко переключиться на казахский язык. В изучении родного языка ей помогла определенная среда. На сегодняшний день девушка свободно владеет двумя языками. Свободно пишет и разговаривает как на русском, так и на казахском языке.

В заключение сделаем вывод: билингвизм является способностью использовать второй язык в целях успешной коммуникации.

Вопросы развития двуязычия как фактора укрепления межнационального общения в Республике Казахстан являются важнейшими на всех этапах развития нашего общества.

Литература:

1. http://refleader.ru/yfsyfsyfspol.html.
2. http://mirznanii.com/a/207406/bilingvizm.
3. OpenLibrary – открытая библиотека учебной информации.

ӘОЖ 025.338.439

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНЕ ЖАҢА СЕРПІН

Ташетова А.Д.
(магистрант, «Журналистика» кафедрасы, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Аңдатпа

Қазақстан дамуында агроөнеркәсіп саласының алатын орны ерекше. Аграрлық өндіріс, білім сапасы мен ғылыми ізденіс нәтижелерін жоғарылату – Президент Жолдауының басты мақсаты болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін дамыған шетелдік технологияларды батыл пайдалану қажет. Бұл жөнінде жиі айтылып та, газет-журналдарда жазылып та жүр. Осы ретте, өңіріміздегі агроөнеркәсіп кешені туралы облыстық және аудандық газеттерде жарық көрген мақалаларға қысқаша сараптама жасалды.

Аннотация

Агропромышленный комплекс занимает особую роль в развитие Казахстана. Главной целью Послания Президента является - повышение аграрного производства, качества знания и научных исследований. Для развития агропромышленного комплекса необходимо смело внедрять зарубежные технологий. На сегодняшний день об этом так часто говорят и пишут в газетах и журналах. В этой связи, был проведен небольшой анализ статей, опубликованных в областных и районных газетах.

Annotation

The agro-industrial complex has a special role in the development of Kazakhstan. The main purpose of the President's Address is to increase agricultural production, the quality of knowledge and scientific research. To develop the agro-industrial complex, it is necessary to introduce foreign technologies safely. To date, this is often said and written in newspapers and magazines. In this regard, a small analysis of articles published in regional and district newspapers was conducted.

Қазақстан дамуында агроөнеркәсіп саласының алатын орны ерекше. Қазақ даласының кеңдігі және топырағының құнарлығына байланысты талай дақыл түрлерін егіп, одан мол өнім алуға болады. Ұлан-ғайыр даламызда ауыл шаруашылығын өркендетуге, мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, әлемдегі озық елдердің қатарына қосылуға барлық мүмкіндік бар. Осы мақсатта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айрықша қамқорлық көрсетіп, елдегі шаруаларды қолдап келеді.

Бүгінде халық Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» халыққа Жолдауындағы он негізгі міндет аясында өндіріс үдерістерін сандық негізге көшіру арқылы индустрияландыруды өрістету, білім беруді жаңа сипатта дамыту, қаржы секторын қайта қалыптастыру, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықпен күрес және тиімді мемлекеттік басқару жүзеге асатынына сенім білдіреді. Ауыл шаруашылық ғылымы мен білімі бүгінде аграрлық өнеркәсіптің тиімді дамуының негізгі шарттары екендігін Президенттің Жолдауы тағы да дәлелдеп берді. Ал, аграрлық өндіріс, білім сапасы мен ғылыми ізденіс нәтижелерін жоғарылату – Президент Жолдауының басты мақсаты болып табылады. Әлемдік экономикадағы технологиялық үрдістерден қалыспай, жаңа экономикалық революцияға бет бұруға үндеген жаңа Жолдауда айтылған ірі міндеттердің, тың идеялар мен нақты тапсырмалардың жүзеге асуына атсалысу – әрбір қазақстандық азаматтың міндеті [1].

«Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс», — деді Елбасы. Шынында да ауыл шаруашылығын дамытып, әсіресе, еттен түрлі өнімдер өндіріп, әлемдік саудада «Made in Kazakhstan» брендін қалыптастыруымыз қажет. Тайынша ауданындағы «Алабота асыл тұқымды мал зауыты» ЖШС экологиялық таза тағам — ет және одан жасалған өнімдерді экспортқа шығаруға белсене атсалысып келеді. Облыстық мәслихат депутаты Ерлан

Алпысов басшылық ететін аталмыш шаруашылықтың экспорттық әлеуеті туралы аудандық «Тайынша таңы» және «Тайыншинские вести» газеттерінде жарық көрген мақалаларда толықтай баяндалған. Бүгінгі таңда бұл шаруашылықтың өнімдері басқа облыстардың да сөрелерінде тұр. Дегенмен, аграрлық саланы дамытып, отандық өнімдерді әлемдік экспортқа шығара алсақ, ел экономикасы қарыштап дамитын еді [2].

Аграрлық ғылымды дамыту үшін жаңа технологияны Қазақстанның жағдайына икемдеп, өзімізге қажеттісін қолданысқа енгізетін болсақ, сөзсіз ұтамыз. Ауыл шаруашылығында ғылыммен айналысатын білікті мамандарды дайындау – кезек күттірмейтін мәселе. Себебі, ауыл шаруашылығы – бәсекелестік өте жоғары сала. Тиімді тәсіл, оңтайлы шешім – бұл салада қозғаушы күш. Елбасы «Жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді» деп тиімді әрі дамудың төте жолын ұсынды. Ауыл шаруашылығын қаржылай, материалдық қолдау тетігін жетілдіру – әрдайым күн тәртібіндегі мәселе. Ауыл шаруашылығы – экономиканың қозғаушы күші. Экономика дамыса, дамыған мемлекеттердің көшіне ілесе аламыз. Өңір жұртшылығының басым бөлігі ауылдық елді мекендерде тұратынын ескерсек, біздің аймақ үшін бұл мәселелер өте өзекті саналады.

Бүгінгі таңда агроөнеркәсіп кешеніндегі ескірген тәжірибелер ығысып, оның орнын жаңа технологиялар басып келе жатқанын көріп отырмыз. Елбасы бұрын-соңды да «Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйвері болуы керек» деп атап көрсеткен еді. Алдағы уақытта аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы керек. Сонымен қатар, қайта өңдеудің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет. Ол үшін ауыл шаруашылығында ғылым жетістіктерін енгізуді қолға алғанымыз жөн. Бұл орайда, еліміздің әлеуеті зор. Егер «Білім – Ғылым – Өндіріс» қатар жүретін болса, сонда ғана инновациялық білім мен инфрақұрылым дамиды [3].

Қазір мемлекет тарапынан ауылдық елді-мекендерге беріліп жатқан көмек-қолдауды тиімді пайдалана білген отандастарымыз шағын шаруашылықтарының өзін дөңгелетіп жатыр. Жолдауда: «Жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру, егін егу мен астық жинаудың оңтайлы уақытын болжамдаудың, «ақылды суарудың», минералды тыңайтқыш себудің, зиянкестермен және арамшөппен күресудің интеллектуалды жүйелері арқылы өнімділікті бірнеше есе артыруға болады деп жазылған. Агроөнеркәсіп кешенінде еңбек өнімділігін арттыру үшін дамыған шетелдік технологияларды батыл пайдалану қажет. Бұл ретте өңіріміздегі шаруашылықтарда пайдаланылатын заманауи технологиялар аудандық басылымдарда жарық көрген мақалаларда толықтай сипатталған. Мәселен, өңірімізге қарасты Тайынша ауданында орналасқан «Астық STEM» ЖШС-де агроөнеркәсіп кешенін әртараптандыру белсенді қолға алынуда. Мысалы, суармалы жерлерді игеру үшін «ақылды технология» бойынша суару машиналары ауа райына байланысты қай уақытта және тәулігіне қанша рет, қандай тереңдікте, қалай суаруды өзі компьютер арқылы анықтайды. Агротехника жолға қойылған бірқатар ірі шаруашылықтарда егіс алқаптарына тұқым салған кезде электрондық құралдардың көмегімен ауа райының ауытқу ерекшеліктеріне қарай суарылады. Зиянкестермен күрес те озық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатындықтан, егіс алқабының қай нүктелерінде мұндай қауіптің басым екендігі дәл анықталып, тиісті шаралары жасалады. Сол сияқты, сиыр сүтін өндіріп, өңдеу ісін қолға алған «Тайынша Астық» ЖШС-де ең озық технологиялар қолданылады. Цифрландыру нәтижесінде мұндағы әрбір сауын сиыры ерекше бақылауға және күтімге алынған. Мәселен, сауынға келген сиыр белгілі бір тексеруден өткенде оған орнатылған электронды қондырғы арқылы оның барлық жай-күйі: өнімділігі, денсаулығы, азықтану мөлшері тағы басқа жөнінде бірден ақпарат алынады.

Міне, өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтай отырып, ауылшаруашылық тауарларын өндіріп жатқан компаниялардың өнімдері Президент атап көрсеткен «Қазақстанда жасалған» табиғи азық-түлік брендіне әбден лайық деп айтуға болады. Әрине агроөнеркәсіп

кешеніне әлемдегі ең үздік жаңа технологияларды енгізе отырып, оларды өзіміздегі табиғи және басқа да ерекшеліктерге қарай отандық жағдайға бейімдеу қажет [4].

Соңғы уақыттары жаһандық азық-түлік дағдарысы жақындап келе жатқаны жөнінде жиі айтылып та, газет-журналдарда жазылып та жүр. Алдағы ширек ғасырда планета тұрғындары 9 миллиардқа жетеді, сәйкесінше азық-түлік тұтыну көлемі де өседі деп күтілуде. Бірақ экологиялық дағдарыс салдарынан құнарлы жер азайып барады. Ендеше аграрлық әлеуеті зор, табиғи жағдайы қолайлы елімізде бұған қарсы тұру үшін бірінші кезекте агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту керек. Бүгінгі таңда Қазақстан көптеген елдерге қарағанда ауыл шаруашылығының таза өнімдерін өндіруші ел болып табылады. Сондықтан, аграрлық экспорттық өнімге сұраныс та көп. XXI ғасыр – экологиялық таза тағам дәуірі. Өзіміздегі шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығарғанда ғана халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігіміз артатыны сөзсіз. Жалпы, аталған саладағы түбегейлі бетбұрыс ауыл шаруашылығының сапалы, әлемдік бәсекеге қабілетті өнімдерін өндіруге бағытталуы тиіс [5].

Білімді тәжірибемен ұштастыра отырып жетілдіру қай заманда да өзекті. Әсіресе, бұл техникалық және кәсіптік оқытуда өз шешімін тауып жатса, ешкім де ұтылмайды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдан бастап жалпыға бірдей тегін кәсіптік-техникалық білім беруді жүзеге асыруды тиісті мекемелерге жүктегені белгілі. Бұл игілікті істі алда да қарқынды дамыту тетігін Президент «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдауында да анық айтты.

Елбасы бұл ретте «Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен адамның өмір сапасы озады, тұрмысы жақсы болады. Ең ақыры бүгінгі жасап жатқан жақсылықтарымыздың барлығы – жастар болашағы үшін», деген еді. Осы сенімнен шығудың басты жолы –төртінші өнеркәсіптік революцияны мүлтіксіз жүзеге асыру деп білеміз. Осындай мамандарды дайындайтын Тайынша ауданындағы «Агробизнес» колледжінің тарихына көз жүгіртер болсақ, уақыт өлшеміне қарай студенттер тек теориялық біліммен шектелмей, алған білімдерін тәжірибе алаңдарында көзбен көріп, қолмен іске асырады. Бұл дуалды оқыту жүйесі бойынша орындалуда. Колледж де осы тәсілге қол жеткізе бастады. Сол секілді оқытудың мазмұндылығы заманауи-техникалық тұрғыдан қолдау арқылы үйлесім табу жағы да зор маңыз атқарады. Цифрлы білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты интернетке қосу және бейнеқұрылымдармен жабдықтау жұмыстары да жан-жақты ойластырылған. Әсіресе, бір профильді мамандықтарды білім бағдарламаларына сәйкестендіру, дуалды оқыту жүйесін жетілдіре беру өзекті. Жасыратыны жоқ, мамандық өмір талабына сай болмаса, түлегің жұмыссыз қалары сөзсіз. Колледж ұжымы алдағы уақытта да осы қадамын жалғастырып, дәуірге сай кадр дайындауды іске асыра бермек.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2 Агропромышленный комплекс Казахстана: ресурсное развитие - Алматы. 2001 – С.246
3 Методы исследования журналистики. Ростов-на-Дону, 1979.
4 Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы
5 М.Т. Оспанов. Агробизнес: теориясы мен тәжірибесі. Алматы, 2005.

ӘӨЖ 81.01

КӨКБАЙ ЖАНАТАЙҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІГІ

Туякбаева Ж.Б., Қадыров Ж.Т.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Көкбай Жанатайұлының шығармаларының тақырыптық ауқымы мен дәлдігі, мазмұны мен түрі жөнінде сөз қозғамас бұрын, эстетикалық нысанасы мен көркемдік дәрежесі төңірегінде ой өрбітпес бұрын оның ақындығына бастау, негіз болатын рухани нәр алған бұлақтар турасында қысқаша түйіндеу жөн сияқты. М.О.Әуезовтің: «Дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер–ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп–төркіні барын байқаймыз. Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы–халықтың ауызша әдебиет қоры. Екінші бір қол артқан қазынасы – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классикалық поэзиясы. Үшінші үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті» [1, 9 б.], – деп ұлы Абайдың поэзиясын бөліп қарастыруы әдебиет зерттеушілеріне үлкен ой беріп, бағыт көрсетеді.

Көкбай Жанатайұлының ақындығы туралы сөз қозғағанда, әдеби мұрасын қарастырғанда біздің ең алдымен байқағанымыз – «Көкбай айтыпты», «Көкбай шығарыпты», «Көкбайдың бірқақпайлары» деп жеткен сөз үлгілерінің молдығы. Көкбай өз шығармаларын көбінесе ақындық қуаты мен шабыты қатар ұстасып келген кезде суырып салып, табан астында айтып тастап шығаратын болған. Көкбай сауатты ақын болғандықтан өзінің негізгі өлеңдерін, көлемді шығармаларын, тіпті кейбір айтыстарын да жазбаша тудырған. Өзінің ұстазы Абайдың жас кезінде айтып жүрген өлеңдерін ұқыптылықпен жинамағаны сияқты, Көкбай да көптеген өлеңдерін жазып алу ісімен шұғылданбаған. Тек ақын аузынан төгіліп шығып жатқан туындыларды қасында отырып естіп қалған құмай құлақ ауыл адамдары мен туыстары, шәкірттері көңілдеріне түйіп, естеріне сақтап қалған. Сол себептен де Көкбайдың бізге жеткен өлеңдерінің саны тым шағын, ал осы сақталған туындылардың өзі түрлі өзгерістерге ұшырап, қаншама нұсқа болып жеткен. Бұл әсіресе, бір, не екі шумақтан тұратын бірқақпайлар турасында айтылған пікір. Мысалға, «Сараң байға» атты өлеңінде:

Сараңсыз, қыс–қызылға, жас–саумалға,
Нең кетеді құдай берген аз саумалға.
Түсе алмай келген кісі кете ала ма
Тұрған соң ұзын желі, астау-қауға –

Бұл шумақ Қайым Мұхамедханұлы жинаған өлеңдерден алынған. Ал, С.Қарамендин жинаған нұсқада осы өлең «Алдырахметке» деп аталады.

Қыс-қызылға сараңсыз, жаз-саумалға,
Нең кетеді бір жұтым аз саумалға.
Қыдырып кеп алыстан кім түспейді,
Ұзын желі көрген соң астау, қауға.

Зейін салып қарасақ жеңіл–желпі айырмашылықтарды осы бір шумақ өлеңнен-ақ байқауға болады. Ауызша туып, әрі ауызша тараған өлең, әрине, бірін-бірі дәлме-дәл қайталамайды. Сондықтан айтушы мен жинаушының, халықтың өзіндік үлесі бар өлеңдер Көкбай шығармашылығында кездесіп отырады.

Көкбай Жанатайұлының көптеген бірқақпайларының көркемдік дәрежесі, эстетикалық әсері өлеңнің түсіндірмесімен бірге келгенде әсерлі екендігін айтқанда Б.Абылқасымовтың пікірімен толығымен келісеміз.

Көкбайдың «Жасарға», «Сөреліге», «Молдабайға», «Төребайға», «Шақайға», «Естекке», «Тымбайға», «Дүтбай, Шүлембай, Күлембайға», «Зағипаға», «Аманжолға» деген өлеңдердің өзін ғана оқысақ, не талдасақ көркемдігі жағынан қатал сынға ұшырары сөзсіз. Ал, өлеңнің

шығу тарихы, айтылу кезі, одан кейінгі жағдайлар туралы түсініктемесімен бірге қарасақ көп жайлардың сырына қанығамыз.

Көкбай өлеңдерінің шумақ жолдары ғана емес, шығу тарихы, яғни түсіндірмесінің өзі әрқилы болып келуі мүмкін. Сондай өлеңдердің бірі – «Жігітке кедейшілік үлкен салмақ» деп басталатын бір ауыз өлең. Осының түсініктемесімен бірге қарайықшы. «Көкбай жас күнінде Оразбай ауылына қонаққа барып, үй иесі қолқа салғаннан кейін, Оразбай атынан Абай үстінен орысша арыз жазып береді. Ақысына бір семіз қара атты мініп қайтады. Бұны естіген Абай қаладан еліне қарай өзіне соқпай қиыс тартып бара жатқан Көкбайды бір жолы танып қалып, шақыртып алады. «Әй, Көкшенің көк шешегі. Оразбайдан не алдың?» – дейді Абай, түсін суытып. Сонда Көкбай Оразбайдан өзінің ат алғанын жасырмай:

Жүргем жоқ, біреуді алдап, біреуді арбап,
Белгілі қызыл тілді бекер жалдап.
Қысқа жіп күрмеуіме келмеген соң
Ұшына жіберіп ем кендір жалғап, – деп, бар кінәсін өлеңмен жуып–шаймақ болады. Абай бұл шәкіртінің қылығын кешірмей: «Күшік асырап ит ерттім» деген өлеңін шығарады [2], – дейді осы нұсқаны жазып алушы М.Тұңлікбаев. Көкбай мұраларын жинастырушы С.Қарамендин қолжазбасында оқиға былай суреттеледі: «Бала ақын атанып жүрген Көкбай Молдабай мен Оспанға өз сұраулары бойынша мақтап өлең айтып, бір–бір ат мініп, шапан жауып қайтады. Оны кейін Абай естіп: «Мен сені сыншыл, турашыл ақын, дүние-мүлікке сатылмайды деп жүрсем, Молдабай мен Оспанды «бөрттіргенің» қалай?» - дегенде Көкбай:

«Жігітке кедейшілік үлкен салмақ,
Жүргем жоқ біреуді алдап, біреуді арбап.
Қысқа жіп күрмеуіме келмеген соң
Жібердім ар жағына кендір жалғап, – дегенде Абай Көкбайдың жауабына риза болған дседі» [3]. Сонымен қатар С.Қарамендин мен Марат Тұңлікбаев мақаласын сынап, Абайдың «Күшік асырап ит ерттім» деген өлеңі Көкбайға емес, ағасы Әзімбайға арнап шығарылған өлең деген дау айтады [3].

Көкбай өлеңдерінің көпшілігі бірқақпайлар болып келеді. Олар табан астында шығарылған бір, не болмаса екі-үш шумақ көлеміндегі өлеңдер тобы. Бірқақпайлар көбінесе адам мінез-құлқындағы, не кереғар ісіндегі кемшіліктерді әжуалауға, яки болмаса әзіл-оспақпен келемеждеуге арналған. Өзі ұнатқан адамы болса пір тұтып, асқақтата, мақтауын асыра жырлаған.

Көкбай, біріншіден, импровизатор ақын. Ақынның өлеңдерінің көпшілігі тау суындай тасқындап табан астында дүниеге келген. Ол жас кезінен өзіне ұнамаған кісінің жағымсыз қылығын, ұнамсыз жүріс-тұрысын әзіл-қалжың етіп айтып тастайтын болған. Оның алғашқы шығарған, ақындық қырымын байқататын өлеңдерінің бірі «Төребайға» деп аталады.

Ақикөк тамам көкке ақиланған,
Бағы бір маңдайында оттай жанған.
Жасымда жақсы едім деп мақтанады
Бір кәрі неге керек естен танған, – деп Қаракүшік Балтайдағы Төребайды әжуа етіп шығарған бір шумақ өлең жолдары ауыздан-ауызға тарап, ел ішіне жайылып, бір күні Төребайға да жетеді. Өзін мазақ қылған өлеңді естіген Төребай Көкбайға қатты ашуланып, кездескен жерде, қолына түскен кезде жазаламақ болып, тісін қайрап жүреді. Бір күні жас Көкбай аңдаусызда Төребаймен кездесіп қалады. Сонда Төребай: «Маған қандай өлең шығардың? Өз аузыңмен айтшы, қане», – деп Көкбайды қыса бастайды. Ал, Көкбай болса: «Төке, мен сіз туралы жаман өлең айтқан жоқпын. Біреу-міреу шағыстырған шығар», – деп жалтарып, «не десең де айт» деп болмаған соң, одан құтылу үшін сол арада бірден бір шумақ өленді суырып салады:

Төрекем Қаракүшік Балтайдағы,
Адамның туған соң бар қартаймағы.
Қырықты алған қысқа күнде қайран Төкем,

Ақиық қыран емес пе еді Алтайдағы.

«Ah, осылай болуы керек еді» деп Төребай көтеріліп, Көкбайға кешірім қылыпты.

Көкбай Жанатайұлының импровизатор ақын екендігін дәлелдейтін келесі бір өлең – «Молдабайға» деп аталады. Жас кезінде Көкбай жолаушылап жүріп Шаған елінің болысы Молдабай байға барыпты. Молдабай: «–Көкбай, сені ел бала ақын деп жүрген көрінеді, енді мені мақтап бір ауыз өлең айтшы», – дегенде:

Арғы атаң–бай Жұртбай, әкең–Будан,
Дегдарлы шығып едің қалың нудан.
Қол–қайрат, жол законге бірдей болып,
Жақсы аз Тобықтыда сіздей туған, – деп

оның мақтауын асырып өлең шығарып, ат-шапан сый алып қайтыпты.

Тағы бірде ақын қаладан келе жатып, аты болдырып, Ералы жазығында жол үстінде отырған Оспанның үйіне түсіпті. Бір топ адамдармен мәжіліс құрып отырған Оспан кіріп келген Көкбайдың сәлемін алмастан: «Ей, Көкбай, сен анық ақын болсаң осы тұрған қалпыңда мен туралы бір ауыз өлең айтшы», – депті. Сонда ұшқыр ойлы Көкбай еш ойланбастан былай деп шумақтай жөнеліпті:

Сұр шолақ мінген атым, өзі шабан,
Мың салса бір баспайды қызыл табан.
Еті арық, құйрығы да тым–ақ шолақ,
Кәпірдің көрер көзге түрі жаман.
Осындай ат пен астан тарыққанда
Қайтейін сені піспей, қара сабам.
Оспан деп дүркірейді бүкіл Семей,
Боп тұрсың әділ ұлық пара жемей.
Қайырымсыз, мейірімсіз бір қу болсаң,
Үймелеп неғылады мұнша кедей.

Осы бір екі-үш өлеңдердің табан астында дүниеге келуінің өзінен-ақ Көкбай Жанатайұлының суырып салмалылықты жетік меңгерген ақын екендігін бірден аңғарамыз. Импровизация өнері ақыннан өлеңді кез–келген жерде, қандай тақырыпқа болмасын суырып салып айтуды талап етеді. Мазмұны келісіп, тартымды болып ағытылып шықпаса, бұл өлеңдер тыңдаушысына жол тауып, оны баурай алмаған болар еді. Ал, көпшіліктің көңілінен шықпаған өлеңдердің халық есінде сақталмайтыны да белгілі.

Көкбай өлеңдерінің негізгі кейіпкерлері – замандастары, туыс-жақындары мен ауылдастары, бір сөзбен айтсақ өз ортасы. Олардың дені арнаулар. Ақын арнаулары әрқилы адамдарға: қадір тұтқан ұстазына, елі үшін жанын беруге даяр қоғам қайраткерлеріне, өзі ұнатқан замандастарына, билерге, ақша баққан саудагерлерге, надан сопыларға, сараң байларға арналады. Әрине Көкбайдың негізгі уағыз, насихаттары барша қауымға бағышталғаны белгілі. Өсиет-үгіт, әзіл-оспақ, сын-сықақ, әшкерелеп тілдеу ретінде келетін бұл өлең, арнауларында ақын адам бойындағы жағымсыз қылықтарды нақты көрсете отырып, адалдық, адамгершілік, азаматтық жолды нұсқайды. Халықты ізгі әдет-ғұрыпқа, имандылыққа тәрбиелеуде бұл өлеңдердің маңызы аса жоғары.

Көкбай арнаулары мазмұн жағынан алғанда мақтау және сынау түрінде туған. Мақтап шығарған өлеңдеріне жоғарыда келтірген Абайға, Оспан мен Молдабайға, сонымен қатар Базаралыға арналған арнауларын жатқызуға болады.

Ал, көптеген өлеңдерінде елге зияны тимейтін, әркімнің өз мінезінің ерекшелігі болып көрінетін одағайлықты жеңілдеу әзіл-қалжыңмен мысқылдап мысал етеді. Көкбай шығармаларына зер салсақ, түрлі адамдар мінезін-құлқын көрсетуге өте шебер екенін, ойын шындыққа, парасатқа сүйеніп айтқандығын байқаймыз. Ақын өз заманындағы әділетсіздіктерді, ұлықтар мен бұзықтарды, өсімқор, мейірімсіз байларды ащы сынға алып, марғау өмірдің сұрықсыз өкілдерін мықтап шенейді. Бірде ол елге сараңдығымен әйгілі болған Алдырахметті («Сараң байға»), билік үшін ырылдасқан шен құмарлықты («Күлембай мен Дүтбайға»), үй ішіне қарамай таң атқаннан ел кезіп жүретін қыдырымпаздықты, еңбексіз ат мініп, ас ішкіш,

пәлекұмар, ашқарақ, қомағай, мешкейлікті («Тоғыз көк»), сауда үшін ар-иманын сатып күн көретін алыпсатарлықты («Ұсақ байларға») сынаса, енді бірде өсек десе ішкен асын жерге қоятын, кесел іздеп жүретін ұрыншақтықты («Мұсажанға»), оқу мен өнер-білімде жұмысы жоқ, сергелдең серілікті («Салдарға») тілге тиек етеді. Осы өлеңдердің барлығында да, Көкбай аузынан шыққан сөздің қай–қайсысы да нысанаға дәл тиетін шындығымен, тиген жерін осып түсетін өткірлігімен әсерлі естіледі. Көкбай өзінің маңайында, қасында жүрген ауылдастарының бойындағы өзге адамдар байқай бермейтін, суреткер көзімен өзі ғана көре алған оқшау мінез ұшқындарынан жанды бейнелер жасайды.

Ақынның ащы да уытты қаламына ең алғашқы кездері ілінгендер – Тобықтының тоғыз ашқарақ, мақтаншақ, ел кезбе, қалжыңбас, өсекші, сараң, атқамінер би–болыстары. Өз елінің пәле қуған адамдарының тойымсыз, тынымсыз мінездерін, жаман әдеттерін байқаған ақын оларды сипаттап «Тоғызкөк» деген өлең шығарады. «Мұның мағынасы елдегі сақал–шашы ағарып көк болғанша пәледен жалықпай жүрген адамдар деген сөз», – дейді өлең жайлы Әрхам Кәкітайұлы Абай туралы әңгімесінде. Тоғыз «көктің» ішінде алдымен Көкбай Көрпебайға жыр семсерін сермейді. Еңбекке қыры жоқ, айтатұғын жыры жоқ, бірақ тоғызқұмалақ ойнағанда алдына жан салмайтынның бірі Көрпебайдың қомағайлығын, пайдакүнемділігін сынаған ақын оны «сұғанақ көк» деп атайды.

Көкбай сөз болып отырған адамдарды сипаттау, мінез ерекшеліктерін, қимыл-қозғалысын, іс-әрекеттерін бейнелеу арқылы, олардың ішкі дүниесіндегі құбылмалылықты, тұрақсыздықты, мақтансүйгіштікті, жалпы мінез кемшіліктерін ашып көрсете білген.

Ақынның сатиралық шығармаларындағы сынға ұшырап жатқан кейіпкерлер өздерінің іс-әрекетімен, мінез-құлқымен бірін-бірі қайталамайды, қайта толықтырып отырады. Мысалға, «Шақайға» деген өлеңінде:

Қарның тойса қампима кеселденіп,

Көпке даңғой көрінбе көсемденіп, – дей келе, Көкбай оның бойындағы екі жүзділікті былай деп жеткізеді:

Қолында керулі жақ садағы бар,

Сырт берсе, басуға тұр қалғалы.

Абай өлеңіндегі «бір ұрты-қан, бір ұрты-май», Шәкәрім өлеңіндегі «қой терісін жамылған» жандар Көкбай мұрасында осылайша көрініс тапқан.

Көкбай Жанатайұлының «Жаз болса жалқау қазақ жатушы едің» деп басталатын өлеңі еңбек тақырыбына арналған. Бір жылы жұт болып, елдің аштыққа ұшырап, күйзеліп кеткендігін көріп қиналған, әрі өзінен жылу сұрап келген Ысқақ деген ағайынының елден жылу жинап жүргендігін көріп, ақын осы өлеңді шығарады. Қазақтың қымбат дүниесін арзанға беріп, жаз болса жалқауланып жата қалатын қиғаш мінездері ақын сынына түскен. Еңбек істе деген ақылына көнбейтін ағайындарына Көкбай ащы сынының өткір жүзін қадайды. Жайбасарлықтың, жалқаулықтың өкілдерін, қасиеттерін батыл сынға алған.

Қазақ ең бірін-бірі алдайтұғын,

Шақырса жақсылыққа бармайтұғын.

Қыдырып, қымызға әбден қанып алып,

Дауласып, қара сөзге талмайтұғын, – деп ақын оларды мінегенімен ақыл-кеңес бермейді. Тек олардың өз міндерін беттеріне басқан. Осы арқылы ағайындарының намысына тиіп, көкіректегі саңылауларына әсер етуді мақсат тұтқан. Көкбайдың айтпағы-күн көрісте біреуді-біреу жемеу, қайта әркімнің өзінің адал еңбегімен күн көруі, тамаққа тоймай қалса, телміріп өзінің қазан-ошағына қарамай, өз отауы үшін жұмыс істеуі.

Көкбай Жанатайұлы енді бір өлеңінде адамның қартайған шағын бейнелейді. Кәрілік шақты өзінше сипаттап, бейне жасауға тырысады. Кәрілікті бар адамды құтқармайтын, дәулет-дәрежесі, бет-жүзіне қарамайтын табиғи құбылыс ретінде суреттейді. Өлең:

Кәрілік құтылмайтын бір қазған ор,

Қайратсызға өмірдің бейнеті зор.

Өлмейтін, жазылмайтын сол аурудан,

Жалғанда жан болмайды кәріден қор, – деп басталады.

Кәрілік ешкімнің ерік-ықтиярына қарамай, уақыты келгенде билік құрады. Ақынның ойынша, кәрілік, әсіресе, ата-анаға теріс қарайтын баламен, жарына жоламайтын әйелмен ұштаса аса қауіптірек. Кәрілікке осы екеуі қосылса адамды тез жеңеді. Егер балаң да, жарың да айтқаныңды екі еткізбей орындап тұратын болса, онда тілегің орындалды дейді Көкбай Жанатайұлы. Адамның қартайған шағындағы сүйеніш, тірек етері де – осылар. Әйтсе де, адам баласы әр түрлі. Біреудің баласы ата-анасына қартайған шағына көп көңіл бөлетін болса, кейбіреулері бұны теріс қабылдайды. Біреудің өмір бойы бірге тұрған жары сол қасиетінен арылмаса, енді бірінің әйелі кейін жат адамдай болуы ғажап емес. Егер әмірің балаң мен жарыңа кәрілік билік құрған кезде де жүріп тұрса, онда тілегің орындалды, «басқа жи, назаланбай сабырыңды» дейді ақын. Ал, егер, олай болмаса, өмірден өлім артық деген ойды айтады. Айтқаның орындалмай, қарайтын кісің жоқ болып телміріп отырғанша, өз қабіріңді өзің қазып ал, о дүниеге баруға дайындалған дұрыс дейді. Ақындар поэзиясында кең таралған кәрілік тақырыбына Көкбайдың да үн қосуы оның творчестволық дәстүрлі үрдісін, ауызша сипатын анықтай түседі.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Абай еңбектерінің биік нысанасы // Кітапта: Абай тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.
2. Түңлікбаев М. Ақын Көкбайдың айыбы // Мәдениет және тұрмыс. 1982. №2; Түңлікбаев М. Бір өлеңнің тарихы // Қазақ әдебиеті 1980. 15 тамыз.
3. Абылқасымов Б. Көкбай Жанатайұлы // Кітапта: XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы: Ғылым, 1988. – 292 б.

УДК

ҚАТЕМЕН ЖҰМЫС: ЖАҢА ЛАТЫН ӘЛІПБИІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ

Тұрсын Е., ғылыми жетекшісі:аға оқытушы, **Синбаева Г.К.,** магистр
(М. Қозыбаев атындағы Солтүстік қазақстан мемлекеттік университеті)

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық»,- деп үкіметке жаңа әліпбиге көшу пәрменін берген болатын. Бірнеше нұсқа қоғам талқысынан өтіп, 2018 жылдың 19 ақпанында соңғы ресми нұсқа қабылданды. Бұл нұсқаның алдыңғы екі әліпби жобаларына қарағанда қазақ тіліне біршама қолайлы болғанымен, түрлі кемшіліктері мен олқылықтарының бар екенін айта кеткен жөн.

Латын әліпбиі туған тіліміздің тынысын кеңейтіп, оның дамуына серпіліс береді. Оны жасауда әрбір таңбаға аса зор мұқияттылықпен қараған жөн. Себебі, бұл шешімге тіліміздің, сәйкесінше ұлттымыздың ұлттық құндылықтарының келешегі байлаулы.

Қазақ тілінің ресми латын әліпбиінде 32 таңба бар. Оның алтауы акут диакреттік белгісімен, екеуі дигарфтық негізде жасалған.

Aa	Áá	Bb	Dd	Ee	Ff	Gg	Ǵǵ
Hh	Ii	Iı	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn
Ńń	Oo	Óó	Pp	Qq	Rr	Ss	Tt
Uu	Úú	Vv	Yy	Ýý	Zz	Sh sh	Ch ch

Жаңа латын әліпбиін жасаушылар ағылшын тілі пайдаланатын 26 әріптің 23-ін (c, x, w алынбаған) пайдаланған. Төл дыбыстарымызды беру үшін дауысты, дуыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптерге акут белгісін қойған. Ш, ч дыбыстарын көрсету үшін диграфтарды, дауысты және дауыссыз и, й дыбыстарын таңбалау үшін түрік, әзірбайжан секілді тілдерде ғана кездесетін ı (ноқатсыз і) әрпін әліпбиге енгізген. Байқап тұрғанымыздай, графиканы құрастырудың жүйесіздігі, ретсіздігі, «логикасының» түсініксіздігі бірден көрінеді. Акут белгісі дауысты да дауыссыз да дыбыстарды таңбалауға қатысқанымен «ш» мен «ч» үшін диграфтық жүйе қолданылған (Śś, Ćć емес). Айта кететін тағы бір жайт, «c» әрпі әліпбиде болмағанымен, «ch» қосарланған әрпі әліпбиден орын тапқан. Диграфтардың қазақ тіліне тиімсіздігін алдыңғы әліпби нұсқаларын талқылау барысында анық байқаған болатынбыз. Асхат, асхана секілді сөздерді латын әріперіне көшірер болсақ Ashat, ashana болады [ашат], [ашана]. Бұны шешу үшін жаңа еміле ережесін енгізу қажет. Яғни, әріптерді апостроф көмегімен бөлу қажет. Аталмыш тәжірибе өзбек тілінде қолданылады. Мысалы, иҳсон сөзін латын графикасында өзбек ағайындар ih'son түрінде таңбаланады. Бұл мәселені шешу үшін «х» (икс) әрпін қазақ тіліндегі х әрпі орнына жұмсап, сирек қолданылатын «h» әрпін сәйкесінше латынның «h» әрпімен алмастыруымыз қажет (өзбек тіліндегідей). Алайда, ең дұрысы – 1929 жылғы әліпбидегідей латынның «c» әрпін «ш»-мен алмастыру. Мысалы, cac – шаш, celpek – шелпек. Ал «ч» дыбысын әліпбиде көрсетудің еш реті жоқ. Әдеби қазақ тілінде «ч» дыбысы жоқ, ол тек кірме сөздерде қолданылады («ц» әрпі секілді). Бұл әріптен құралатын кірме сөздерді таңбалау үшін олардың қазақ тіліне сай транскрипциясын берсек жеткілікті. Мысалы, А.Чехов – A. Tcehov.

Жаңа әліпбидегі Gg әрпін қолдану да айтарлық мәселе туғызады. Бұл әріп әлем тілдерінің жазу практикасында өте сирек қолданылады. Жалпы, қ/ғ дыбыстарын жазбада таңбалаудың қажеті шамалы деп ойлаймын. Ә.Жүнісбекво өзінің «Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова» еңбегінде қазақ тілінде 9 сингармодауысты, 17 сингармодауыысыз дыбыс бар деп көрсетеді. Оның ішінде [қ], [к] дыбыстарын зерттеуші қатаң жуыспалы тіл ортасы дауыссыздарының тепе-тең варинаттары деп қарайды. Г/ғ әріптерімен таңбаланып жүрген [ғ], [г] дыбыстары да дәл осы тәрізді. Бұл жөнінде қазақ тілінің дауыссыздарының фонологиялық ыңғайда қарастырушыладың пікірі бір жерден шығып жатады. Мәселен, қ-ғ, к-г дыбыстары жеке фонемаларға жата ма, екеуі архифонема – гипепфонема құрайды ма? Еңбектер бұларды дербес фонемаларға жатқызып жүрміз. Шынында, қосымша дистрибуция әдісін қолдансақ, олар жеке жеке фонема болып есептелмейді [1, 43 б.]. Яғни, қазақ тілінің сингармонизм заңдылығын ескерсек, жазбада бұларды көрсетпей-ақ сөздерді дұрыс оқуға болады. Бұл жазу практикасын туыстас тілдерді біршама бөлігі қолданады. Мысалы, қырғыз, татар, түркімен, ноғай секілді тілдерді қ/к, ғ/г дыбстары бірдей таңбаланады, тек өзіне дейінгі немесе өзінен кейінгі дауысты дыбыстарға байланысты айтылады. Мысалы, қырғыз тілінде: кой [қой], көк [көк], гүл [гүл], кыргыз [қырғыз], түркімен тілінде: halyk [халық], gök [гөк], Gazagystan [Ғазағыстан], göz [гөз]. Бұл жазу жүйесін қазақ тіліне де кіргізуге әбден болады.

Жаңа әліпбидегі тағы бір олқылық – «І» таңбасы бірден үш дыбыстың бас әрпі рөлін атқарады. (і, и, й). Бұл өз кезегінде оқуда түрлі қолайсыздықтар тудырады. Осы тұста бұл әліпбидің 2016 жылғы реформаланған қарақалпақ тілінің латын графикасымен үндестігін байқауға болады. Қарақалпақ тілі қазақ тілімен фонетикалық тұрғыдан толық сәйкес екенін ескерсек, олардың бұл мәселе бойынша біршама алда екенін аңғаруға болады. Жоғарыда келтірілген «І» мәселесін қарақалпақ лингвисттері былай шешкен:

Іі – Іі/Ии	Íı - Ыы	Іу/Íу – ій/ый

Қазақ тілінде дауысты «и» дыбысы жоқ. Орыс графикасына негіздеген қазақ алфавитінде ій/ый дифтонгтары үшін орыстың «и» әрпі пайдаланылған болатын. Яғни, [жыйырма], [кійім] деп айтылатын сөздер жиырма, киім деп жазыла бастады. Қазіргі күнде бұл балалар, жастар тілінің тұнықтығына тікелей әсер етуде. Басқаша айтқанда, әдеби тілдің көпшілікке ортақ орфоэпиялық қағидасының бұзылмауын естен бір сәт шығармау керек. Әр тілдің өзіне тән

дыбыстық заңдылығы бар. Оны сақтамай, бұзып сөйлеу тыңдаушының құлағына түрпідей тиеді. Мысалы, қазақ тілі үшін ондай заңдылық дауыстылардың үндесіп, дауыссыздардың бір-біріне ықпалын тигізе айтылуында көрінеді. Дауыстылардың үндесуін сақтамаған адамның сөзі кедір-бұдыр шығып жатады, әрі сөз сазы бұзылады. Ондайда сөздің кей буыны жіңішке, келесі буыны жуандап (сиыр, тиын т. б.) жағымсыздау естіледі (ал дұрысы: сыйыр, тыйын) [2, 56 б.]. Яғни, жазу жүйесіндегі олқылық сөздердің дұрыс дыбысталуына тікелей әсер етеді. Өзге түркі тілдерінің көпшілігі үшін бұл мәселе емес. Мысалы, қырғыз тілінде – кийим, қарақалпақ тілінде – kiyim, түрік тілінде – giyim деп айтылым ережесіне негізделе жазылады.

Жаңа әліпбидегі «Уу» әрпінің де мәселесі өзекті. Әлем тілдерінің жазу тәжірибесінде бұл дыбысты «Ýý» әрпімен таңбалау кездеспейді. Жазбада бұл әріпті оқуда қолайсыздықтар көп: ýyq – уық, qýyq – қуық, qýyrý - қуыру, týys – туыс, aýyr – ауыр, aýrý – ауру, aýyrý – ауыру, aýrýyn – ауруын. Жалпы қазақ тілінде, «у» дауысты дыбысы жоқ. Кирил жазбасында таңбаланатын су, сурет, бару, кіру секілді сөздердің айтылуы – сұу, сүурет, барыу, кіріу. Көптеген түркі тілдері дәл осылай таңбалайды. Мысалы, қарақалпақ тілінде: suw, súwret, barıw, kiriw. Қорыта келе, «у» әрпін айтылым бойынша жазуды ұсынамын.

Жазу – адамзаттың ұлы мәдени құндылықтарының қатарына жататын, өркениет дамуының құрамдас бөлігі. Адамзат мәдениетінің өркениетке аяқ басуы дыбыстық жазу Типінің пайда болуынан басталса, өркениеттің әлемиетке ұласуы жазба коммуникацияның, жазба тілдің жоғары даму сатысына жеткені нен хабар береді [3, 3 б.]. Яғни, Н.Уәлиұның сөзімен толықтырсақ, жазу – «акустикалық сигналдарды оптикалық сигналға көшіру» [4, 185 б.]. Яғни жазу – ауызша тілдің дыбыстық құрылымының таңбаланған формасы. Жазу – дыбыстық жүйені айна қатесіз таңбаламаса да, барынша дәл, қолайлы түрде көрсетіп беруі керек. Ал, қазақ тілінің жаңа латын жобасы бұл шарттарға толығымен жауап бере алмайды. Кирил әліпбиін жасауда жіберілген олқылықтар ендігі жаңа гарфикада да сақталғанын көруге болады. Латын графикасына көшу – кирил қаріптерін латын таңбаларымен ауыстыра салу емес, тілдегі қордаланған мәселелерді шешу жолы.

Жоғарыда атап көрсетілген мәселерді ескере отырып, қабылданған ресми нұсқаға төмендегідей өзгерістерді (түзетулерді) енгізуді ұсынамын.

Aa Аа	**Áá** Әә	**Bb** Бб	**Cc** Шш	**Dd** Дд	**Ee** Ее
Ff Фф	**Gg** Гг/Ғғ	**Hh** Хх	**Ii** Іі	**Jj** Жж	**Kk** Кк/Ққ
Ll Лл	**Mm** Мм	**Nn** Нн	**Ńń** Ңң	**Oo** Оо	**Óó** Өө
Pp Пп	**Rr** Рр	**Ss** Сс	**Tt** Тт	**Uu** Ұұ	**Úú** Үү
Vv Вв	**Ww** Уу	**Xx** Һh	**Yy** Ыы	**Ýý** Йй	**Zz** Зз

Дауыстылардың жазылуы:

Ұсынылған нұсқа		**Ресми нұсқа**	**Кирил қарпінде**
Aa	Alma	Alma	Алама
Áá	Ásker	Ásker	Әскер
Ee	Eki	Eki	Екі
Yy	Ydys	Ydys	Ыдыс
Ii	Irimcik	Irimshik	Ірімшік
Oo	Orak	Oraq	Орақ
Óó	Órmekci	Órmekshi	Өрмекші
Uu	Ucak	Ushaq	Ұшақ
Úú	Útik	Útik	Үтік

Дауыссыздардың жазылуы:

Bb	**Besik**	Besik	Бесік
Cc	**Cecen**	Sheshen	Шешен
Dd	**Dop**	Dop	Доп
Ff	**Foto-súret**	Fotosýret	Фотосурет
Gg	**Gúl** **Garyc**	Gúl Ǵarysh	Гүл Ғарыш
Hh	**Hat**	Hat	Хат
Jj	**Jolbarys**	Jolbarys	Жолбарыс
Kk	**Kózildirik** **Kaskyr**	Kózildirik Qasqyr	Көзілдірік Қасқыр
Ll	**Lak**	Laq	Лақ
Mm	**Mysyk**	Mysyq	Мысық
Nn	**Nan**	Nan	Нан
Ńń	**Cańgy**	Shańǵy	Шаңғы
Pp	**Pil**	Pil	Піл
Rr	**Rawcan**	Raýshan	Раушан
Ss	**Suwyk**	Sýyq	Суық
Tt	**Tasbaka**	Tasbaqa	Тасбақа
Vv	**Venetsiye**	Venetsıa	Венеция
Ww	**Wakyt**	Ýakyt	Уақыт
Xx	**Aydaxar**	Aydahar	Айдаһар
Ýý	**Ýod**	Iod	Йод
Zz	**Zebre**	Zebra	Зебра

Кирил жазбасындағы мәтін:

«... Ұлы дала ұландарының кәрі құрлық – Европада салған іздерінің сілемдерін көзі қарақты жан қазіргі уақытта да жер атауларынан, кейбір тарихи ескерткіштерден, өзге де дереккөздерден тауып жатады. Біздің тілшіміз Интернет көмегіне сүйене отырып, еліміздің Венгриядағы Төтенше және өкілетті елшісі Р.Ыбраевпен әңгімелесу арқылы, арадағы жалғасытық пен ынтымақтастық жайын білген болатын. Биыл Қазақстан – Венгрия дипломатиялық қатынастарына 19 жыл болды».

«Егемен Қазақстан» газетінен

Ресми бекітілген нұсқада:

«... Uly dala ulandarynyń kári qurlyq – Evropada salǵan izderiniń silemderin kózi qaraqty jan qazirgi ýaqytta da jer ataýlarynan, keıbir tarıhı eskertkishterden, ózge de derekkózderden taýyp jatady. Bizdiń tilshimiz Internet kómegine súıene otyryp, elimizdiń Vengrıadaǵy Tótenshe jáne ókiletti ekshisi R. Ybraevpen áńgimelesý arqyly, aradaǵy jalǵastyq pen yntymaqtastyq jaıyn bilgen bolatyn. Bıyl Qazaqstan – Vengrıa diplomatıalyq qatynastaryna 19 jyl boldy».

«Egemen Qazaqstan» gazetinen

Ұсынылған жобада:

«... Uly dala ulandarynyń kári kurlyk – Jawropada salgan izderiniń silemderin kózi karakty jan kazyrgy wakytta da jer atawlarynan, keýbir taryhyý eskertkishterden, ózge de derekkózderden tawyp jatady. Bizdiń tilcimiz Enternet kómegine súýene otyryp, elimizdiń Majardagy Tótence jáne ókiletti elcisi R. Ybraýevpen áńgimelesiw arkyly, aradagy jalgastyk pen yntymaktastyk jaýyn bilgen bolatyn. Byýyl Kazak – Majar diplomatyýalyk katynastaryna 19 jyl boldy».

«Egemen Kazak» gázetinen

Қорыта айта, қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіруде тілдік реформаны жүзеге асыруды негізге алған жөн. Қазақ тіліне жазу реформасы емес, түбегейлі тіл реформасы аса қажет. Ал

оны, соңғы қабылданған латын қарпімен жүзеге асыру қиындық тудырады. Сол себептен, ресми жобаны қайтадан ғалымдардың талқысына салу керек. Әрі бұл үдеріске бағдарламашылардың, информатиктердің, экономистер мен педагог-психологтардың да белсене араласуы шарт. Ал тіл мамандары үшін осы сәтті пайдаланып тілдегі терминологиялық, орфографиялық ж.т.б. мәселелердің оң шешімін табуға ықпал жасау – олардың бұлжымас борыштары!

Әдебиет:

1. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словксной просодии и сингармонизма казахского слова. Автореф.дисс.на соискание ученой степени докт. филол. наук. – Алматы, 1998.-43 б.
2. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984.- 56 б.
3. Күдерине Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы, 2013.-3 б.
4. Қажыбек Е. Қазақ жазуын латын қарпіне көшірудің статистикалық негіздері. – Алматы, 2017. – 185 б.

ӘӨЖ 81.01

САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВ ДРАМАТУРГИЯСЫНДАҒЫ ТАРТЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тұрсынов Б.С., Қадыров Ж.Т.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Сафуан Шаймерденов драматургиясындағы тартыс табиғатын ашудың бірнеше қажетті тұстары бар. Драматургия бір ғана өнердің шегіндегі өлшемге сыймайды. Драматургия әдебиет, театртану және өнертану ғылымдары келіп тоғысады. Бар өнер атаулы тек қағаз бетіне түсіп қоймай көрерменге сеніммен жетуі керек. Кейіпкердің бар сезімі мен ақылы, қоғаммен, өз ортасының өкілі ретіндегі шынайы қалпы таразыға түседі. Сондықтан да драмалық шығармаларға қойылар талаптар да ерекше. Осы талаптардың ішіндегі ең бастысы – тартыс. Осы тұста өнердің күрделі түрі ретінде драмалық шығармалардағы тартыс табиғатын ашу арқылы өткеннің рухани мұрасына қайта жаңа көзқараспен қарап, оның белгілеріне назар салудың қажеттілігі зор екендігі ескерілді.

Қазақстанның халық жазушысы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сафуан Шаймерденов 1922 жылы сәуірдің 14-інде Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Амангелді ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. 1945 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, үздік бітірген.

1943-49 жж. Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде әдеби қызметкер, 1950-1952 жылдары «Лениншіл жас» газетінің Қарағанды облысы бойынша тілшісі, 1952-1955 жылдары «Жұлдыз» журналының бөлім меңгерушісі, редакторының орынбасары, 1955-1956 жылдары «Қазақ әдебиеті» газеті редакторының орынбасары, 1956-1960 жылдары «Мәдениет және тұрмыс» журналының проза секциясының меңгерушісі, бөлім меңгерушісі, 1961-1963 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, 1971-1976 жжылдары Қазақ КСР Мәдениет Министрлігінің репертуарлық коллегиясының бас редакторы болып істеді. 1976 жылдан бастап шығармашылық жұмыспен айналысты.

1953 жылы С.Шаймерденовтың «Болашаққа жол» атты алғашқы романы жарыққа шықты, орыс тілінде «Инеш» деген атпен жарық көрді. (1958 жылы)

1964 жылы «Мезгіл» повесі, балаларға арналған «Жанар мен Данар» кітабы (1965 жылы) жарық көрді.

1966 жылы «Знакомый сосед», 1967 жылы «Қарғаш» атты повестер мен әңгімелер жинағы шықты. Оның «Ағалардың алақаны», «Әдеби толқындар» атты шығармалары Абай атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Шаймерденов драматург ретінде де танымал. Оның «Дөкей келе жатыр», «Марғау үні», пьесалары бар. Пьесалары бірқатар облыстық және республикалық театр сахналарында қойылды.

Үнді әдебиетінің классигі Р.Тагордың «Күйреу» романын (1958) мен Л.Н.Толстойдың «Альберт» повесін (1965) қазақ тіліне аударды.

«Отан», «Құрмет белгісі» орденьдерімен, медальдармен марапатталған. Петропавл қаласының Құрметті азаматы.

Әдеби сыйлықтардың, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың, Б. Майлин атындағы сыйлықтың, Қазақстан Жазушылар Одағы сыйлығының лауреаты.

Ғасыр басындағы бірінші дүниежүзілік соғыс, патша әскеріне окоп қазу жұмыстарына қазақ жастарын алу, Қазан төңкерісі, Азамат соғысы, тәркілеу, ұжымдастыру, қуғын-сүргін жылдарының аяғы Ұлы Отан соғысына айналды. Қазақ отбасылары ішінен бұл нәубеттен құтылғаны болған жоқ. бсақ елге жер ауып кеткені бар, айдалып, түрмеге қамалғаны бар, соңында бар ер-азаматтарын майданға белгісіз біреулердің жерлерін қорғауға шығарып салғандары бар, соңынан әр үйге қара қағаз келгенде жандарын шүберекке түйіп, ала таңнан қара кешке дейін сары қарын бала-шаға, кәрі кемпір-шалмен қалған заман шынымен де халықты қатты есеңгіретті. Рухы мықты, кеудесі өр жұрт бұны да көтер білді. Бірақ санада өткеннің өкініштері, келешекке сенімсіздік те жоқ емес еді. XX-шы ғасырдың 60-жылдарынан бастап халық басына көп еркін, жайма-шуақ күндер өткеннің өтеуіндей болып орала бастады. СОКП-ның 20 съезінен соң келген жылымық халықтың аузын аққа тигізіп, қорасына мал салып, отбасы, ошақ қасының бақытын қызықтауға мүмкіндік берді.

Әдебиетте жаңа тақырыптар жазыла бастады. 20-ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ әдебиеті жаңа қаламгерлермен толықты. Көркемөнерге қызығушылық, сөз өнері арқылы қоғам мен адам бейнесін жасауда жаңа ізденістерге шықты. Қазақ әдебиетіне 60-жылдары келген қазақ жазушыларының бірі – біздің зерттеуге алып отырған Сафуан Шаймерденов. Жазушы шығармашылғы туралы айтқанда қаламгер кейіпкерлерінің қоғаммен біртұтастығы, бөлінбейтін ара-жігі ашылады. Сондықтан да суреткер шығармаларының бірнеше ерекшеліктерін топтап көрсете кетуге болады.

1. С.Шаймерденов шығармаларының сюжеті қарапайымдылық, адамдар арасындағы ашық қатынасқа құрылады.

2. Шығармаларының тілі халықтың бай қазынасымен сусындаған, көркем қалыппен берілуі – кейіпкер мен орта қатынастарын аша түсетін тәсіл.

3. Таза жүректілік, нәзіктік, тазалық, сұлулық белгісі ретінде алынатын кейіпкерлері осыған қарсы бояулы қоғам мен орта қиыншылықтарына кездеседі. 4. Бар адамшылықты бойларына жинаған кейіпкерлері трагедиялық оқиғалардың ортасында алынады. Қаламгердің шығармаларындағы тазалық белгісі болатын кейіпкерлер мен адамшылық негізі ретінде суреттелетіндер рухани жұтаңдық, сезім қатыбастығы жайлаған ортада тұншығатындығын, трагизмді бастан кешетіндігін бейнелейді. Жазушы шығармаларындағы осындай ерекшеліктерді көрсете отырып, қоғам мен адамдар ортасын ашу басты мақсаты орындалады. Ортаның қатыбастығы жеке бейне арқылы тұтас заманға ұласады. Кеңес дәуірі әдебиетінің 60-90 жылдарындағы көркем әдебиет еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудің басты құралы – көркем әдебиет деп түсініктің қысаң талаптары да байқалады.

Барлық жанрдағы шығармалар әуелі партиялық тұрғыда қатаң бақылауда болды, сөз еркіндігі, ой бостандығы шектелгенін тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі уақытта айқын аңғардық. Әдебиет сынының атқаратын міндеті де, жауапкершілігі де заман жүгін арқалауымен құнды, бағалы болуы осыдан келіп туындаса керек. Сөйтіп, көркем әдеби талдау екі жақты міндет атқарды деп атап айта аламыз: бірі – идеялық жоғары адамгершілік бағыттағы эстетикалық көзқарастарды қалыптастырып, әдебиеттің көркемдік талғамын жетілдірсе, екіншіден – қаламгер мен оқырман арасындағы дәнекерші. Көркем өнерді халыққа жақындатуда, оның табыстарын насихаттауда, сонымен бірге, халықтың эстетикалық танымын молайтуда, талғамын тәрбиелеуде қаламгер ойының рөлі айрықша.

М. М. Бахтин: «Әдебиет –адамның жаны, оның ішкі әлемінің өзгеруі, санасының көркем бейнеленуі» десе, А. Байтұрсынұлы: «Асыл сөз адам санасының үш негізіне тіреледі – ақылға, қиялға, көңілге. Себебі: ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі –меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату,

суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау» [1, 46 б.],– дейді. Қазақ ауылдарында, үлкен қалаларда мәдениет орындары, театрлардың көбейе бастауы да драмалық шығармаларға деген сұранысты күшейтті. Драмалық шығармалар өз қалпы үшін қоғамның әлеуметтік тұстарын және жұмысшы, шаруа бейнесін жасауды, қатардағы адамдардың өмірі мен тірлігіне назар салуды мақсат етті. Сондықтан да осы кезең өкілдерінің бірі жазушы Сафуан Шаймерденовтің шығармашылығында да драмалық шығармалар қоғамның көп алдындағы қалпын көрсетуге көбірек назар аударды. Бұл драмалық тартыс пен шығармаларындағы адамдар тіршілігінің драматизмге құрылуы С. Шаймерденов прозасына, шығармашылығына тән. Қазақ прозасына соғыстан кейінгі жылдары қосылған жазушылардың бірі Сафуан Шаймерденов өз шығармаларында адамдық асыл мұраттарды жырлап, нағыз адамгершілік жыршысына айналды. Ол әдебиет майданына араласа бастағаннан-ақ өз шығармасының тақырыбын адамды зерттеп тануға, оның сан қилы мінез – құлқын, толғаныс-тебіренісін, адамдық қасиетін, қоғамдық орта мен жеке адамның өзара байланысын, қарым-қатынасын көрсетуге құлаш ұрды. Жазушы туындыларында кейіпкерлерінің адамшылық болмыс-бітіміне ден қойып, адамгершілік парасат мәселесін көтере білді.

С. Шаймерденов кейіпкерлерінің іс-әрекетінен гөрі ішкі әлеміне, жан-дүниесіне көбірек үңіледі. Олардың жан тазалығы, сезімтал сергектігі, жақсылыққа жаны құштар екендігі бірден-ақ көзге ұрып, әсерлендірмей қоймайды. Әр түрлі тақырыпқа қалам тербегенмен, Сафуан Шаймерденов повестері, ең алдымен, адамның рухани байлығын, адамгершілікті ту етіп көтереді. Адамдық асыл қасиеттерді мадақтау, зұлымдық пен тоғышарлықты ашына айыптау жазушы туындыларында жемісті жалғасын тапқан.

Адамгершілік, мораль мәселелері қай халықтың әдебиетінде болмасын, мәні мен маңызы зор тақырыпқа айналған. Мұның өзі тектен-тек емес. Әдебиеттің адамды тәрбиелеудегі ролінің зор екендігін, қандай ұлағат-тәрбие бере алатынын дәлелдеп жатудың өзі артық. Міне, осы ретте көркем шығарма идеялық-эстетикалық құрал болып отырса, оның мәні де сонда. Ал, ол қаһарманды өз арамыздан, өз ортамыздан іздейміз. Оны көрер көз бен сезер жүрек керек. Оның астарынан, әрине, үлкен жүректі, ізгі ниетті адам сипатын іздейсің.

Бүкіл шығармашылық ғұмырында әдебиеттің барлық жанрларында дерлік талай туындылар жазған жазушының повестеріндегі стильдік, тақырыптық-идеялық сипат драматургия жанрындағы еңбектерімен сабақтаса келеді. С. Шаймерденовтің жазушылық шеберлігінің сан түрлі қырларын, қарым – қабілетін толық ашқан, ең алдымен, оның повестері екені дау тудырмаса керек. Жазушы повестерінің құндылығы ондағы оқиғалардың шым-шытырыққа құрылуы емес, адамның сан қилы, күрделі тағдыры, жалпы характерлер мен образ дамытудағы ерекшеліктері деп айта аламыз.

Көркем туынды – оқырманға түрлі ой салады. Бұл ойдың өзін қаламгер түрлі тәсілдермен береді. Солардың бірі – қоғам мен заман, адамадар ортасының қайшылықты жағдайындағы кейіпкердің қиын да күрделі жайы мен тұрмысы, кей тұстардағы шарасыз қалпы. Осы тұрғыдан алғанда қоғамның өзі де қайшылықты десек, сол қайшылықты тұсты молынан суреттейтін тәсілдер қаламгерлердің негізгі жазу стильдеріне де тән болып келеді.

Қоғам мен адамдар ортасын суреттеу әр кезең үшін әр түрлі. Қаламгер заманның қай тұсына үңілді, қай аумақты назарға алды? Осы тұста шығарманың бар көркемдік сипаты ашылады. Бұл сипаттар кейіпкер арқылы суреткердің қоғамды қаншалықты аша алғандығымен өлшенеді. Әдебиет – қоғам айнасы деген қағидаға назар салсақ, ХХ-шы ғасырдың екінші жартысы үшін қазақ қоғамы бақытты да, шаттықты тұрмыс пен адамдар жақсылығын, суреттеуі қажет сияқты. Шынымен де, 20-ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік, қоғамдық жағдайлар қазақ халқына бір емес, бірнеше нәубетті бір-ақ әкелді. Жалпы, жазушы повестері бүгінгі заман тақырыбын, замандастар бейнесін сөз етеді. Алыс тарих болмаса да, кешегі біз өткен кеңестік дәуір шындығын бүгінгі күннің биігінен таразылап көрсетеді. Қай шығармасын алып қарасақ да, алдымен адамгершілік жайы алғашқы орында тұрады. Жазушы, қаламгер, ақын, жалпы шығармашылық адамы жанды шымырлатар шындықты сөз қуаты арқылы қан тамырларына дарытып отырады. Сафуан Шаймерденов шығармаларында осындай сырлы да нұрлы күш-қуат жеткілікті.

Қазақ ауылдарында, үлкен қалаларда мәдениет орындары, театрлардың көбейе бастауы да драмалық шығармаларға деген сұранысты күшейтті. Драмалық шығармалар өз қалпы үшін қоғамның әлеуметтік тұстарын және жұмысшы, шаруа бейнесін жасауды, қатардағы адамдардың өмірі мен тірлігіне назар салуды мақсат етті. Сондықтан да осы кезең өкілдерінің бірі жазушы Сафуан Шаймерденовтің шығармашылығында да драмалық шығармалар қоғамның көп алдындағы қалпын көрсетуге көбірек назар аударды. Бұл драмалық тартыс пен шығармаларындағы адамдар тіршілігінің драматизмге құрылуы С. Шаймерденов прозасына, шығармашылығына тән. Қазақ прозасына соғыстан кейінгі жылдары қосылған жазушылардың бірі Сафуан Шаймерденов өз шығармаларында адамдық асыл мұраттарды жырлап, нағыз адамгершілік жыршысына айналды. Ол әдебиет майданына араласа бастағаннан-ақ өз шығармасының тақырыбын адамды зерттеп тануға, оның сан қилы мінез-құлқын, толғаныс-тебіренісін, адамдық қасиетін, қоғамдық орта мен жеке адамның өзара байланысын, қарым-қатынасын көрсетуге құлаш ұрды. Жазушы туындыларында кейіпкерлерінің адамшылық болмыс-бітіміне ден қойып, адамгершілік парасат мәселесін көтере білді.

С. Шаймерденов кейіпкерлерінің іс-әрекетінен гөрі ішкі әлеміне, жан-дүниесіне көбірек үңіледі. Олардың жан тазалығы, сезімтал сергектігі, жақсылыққа жаны құштар екендігі бірден-ақ көзге ұрып, әсерлендірмей қоймайды. Әр түрлі тақырыпқа қалам тербегенмен, Сафуан Шаймерденов повестері, ең алдымен, адамның рухани байлығын, адамгершілікті ту етіп көтереді. Адамдық асыл қасиеттерді мадақтау, зұлымдық пен тоғышарлықты ашына айыптау жазушы туындыларында жемісті жалғасын тапқан.

Адамгершілік, мораль мәселелері қай халықтың әдебиетінде болмасын, мәні мен маңызы зор тақырыпқа айналған. Мұның өзі тектен-тек емес. Әдебиеттің адамды тәрбиелеудегі ролінің зор екендігін, қандай ұлағат-тәрбие бере алатынын дәлелдеп жатудың өзі артық. Міне, осы ретте көркем шығарма идеялық-эстетикалық құрал болып отырса, оның мәні де сонда. Ал, ол қаһарманды өз арамыздан, өз ортамыздан іздейміз. Оны көрер көз бен сезер жүрек керек. Оның астарынан, әрине, үлкен жүректі, ізгі ниетті адам сипатын іздейсің.

Бүкіл шығармашылық ғұмырында әдебиеттің барлық жанрларында дерлік талай туындылар жазған жазушының повестеріндегі стильдік, тақырыптық-идеялық сипат драматургия жанрындағы еңбектерімен сабақтаса келеді. С. Шаймерденовтің жазушылық шеберлігінің сан түрлі қырларын, қарым – қабілетін толық ашқан, ең алдымен, оның повестері екені дау тудырмаса керек. Жазушы повестерінің құндылығы ондағы оқиғалардың шым-шытырыққа құрылуы емес, адамның сан қилы, күрделі тағдыры, жалпы характерлер мен образ дамытудағы ерекшеліктері деп айта аламыз.

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Шаймерденов С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1978. – 421 б.

УДК 81.161.1

КАТЕГОРИЯ «МАЛЕНЬКИЙ ЧЕЛОВЕК» В РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Филимоненко Р.А.
(СКГУ им. М. Козыбаева)

Понятие «маленький человек» появляется в литературе раньше, чем складывается сам тип героя. Рождается он в эпоху сентиментализма. Вначале этим понятием обозначались представители третьего сословия, которые начинают интересовать писателей ввиду демократизации литературы. Появляется множество «перелицованных» повестей, где главный герой выступает в роли плута или жертвы. Повесть Г. Чулкова «Пригожая повариха» на

русском материале представляет сюжет романа Д. Дефо «Моль Флендерс», а похождения авантюристки привлекают читателя не менее, чем трагедии А.П. Сумарокова. Постепенно на смену героям-трикстерам приходят страдающие герои сентиментализма.

Повесть Н.М. Карамзина «Бедная Лиза» была одним из первых сентиментальных произведений русской литературы XVIII века. Главным героем произведения является повествователь, который с грустью и сочувствием рассказывает о судьбе бедной крестьянской девушки.

Чрезвычайно существенным становится для писателя-сентименталиста обращение к социальной проблематике. Он не обличает Эраста в гибели Лизы: молодой дворянин так же несчастен, как крестьянская девушка. Но, и это особенно важно, Н.М. Карамзин едва ли не первым в русской литературе открывает «живую душу» в «маленьком человеке» , в представительнице низшего сословия. «И крестьянки любить умеют» - эта фраза из повести надолго стала крылатой в русской культуре. Отсюда начинается ещё одна традиция русской литературы: сочувствие «маленькому человеку», его радостям к бедам, защита слабых, угнетенных и безгласных - в этом главная нравственная задача художников слова.

«Бедная Лиза» сразу обретает чрезвычайную популярность в русском обществе. Гуманные чувства, умение «сочувствовать» и быть чувствительным оказываются очень созвучными веяниям времени, когда литература от гражданской тематики, характерной дня эпохи Просвещения, переходит к теме личной, частной жизни человека и главным объектом ее внимания становится внешний мир отдельной личности.

Новый импульс будет дан указанному типу реалистической литературой. «Повести Белкина» А.С. Пушкина, «Шинель» Н.В. Гоголя, «Бедные люди» Ф.М. Достоевского многопланово представляют тип «маленького человека», художественно формулируют характерологические признаки литературного типа: заурядная внешность, возраст от тридцати до пятидесяти лет; ограниченные бытийные возможности; убогость материального существования; конфликт героя с высокопоставленным лицом или обидчиком; крушение мечты всей жизни; стихийный бунт персонажа; трагический исход.

Сразу же А.С. Пушкин обращает внимание на то, что во внешне бестолковом и бесхитростном исполнении станционным смотрителем Самсоном Выриным своих обязанностей кроется нелегкий, часто неблагодарный труд, полный хлопот и забот. Что только не ставят в вину станционному смотрителю: «Покою ни днём, ни ночью. Всю досаду, накопленную во время скучной езды, путешественник вымещает на смотрителе. Погода несносная, дорога скверная, ямщик упрямый, лошади не везут - а виноват смотритель. Входя в бедное его жилище, проезжающий смотрит на него, как на врага...» [1, с. 88].

Мало кто из проезжающих интересуется жизнью станционных смотрителей, а ведь, как правило, у каждого из них - непростая судьба, в которой с избытком хватает слёз, страданий и горя. А.С. Пушкин сочувствует своему герою и относится к нему с уважением: честь для Самсона Вырина превыше всего, превыше богатства и денег. Не один раз судьба бьёт этого человека, но ничто не заставляет его так опуститься, так перестать любить жизнь, как поступок горячо любимой дочери. Материальная бедность для Самсона Вырина ничто по сравнению с опустошенностью души.

Повесть Н.В. Гоголя «Шинель» преемственно связана с повестью А.С. Пушкина, написанной десятилетием раньше. Но, раскрывая трагедию «маленького человека», Н.В. Гоголь вносит в свою повесть одну очень важную черту. Он сталкивает «маленького человека» Акакия Акакиевича Башмачкина с государственной машиной и показывает, насколько она враждебна его интересам. У Н.В. Гоголя сильнее, чем у А.С. Пушкина, звучат общественные, социальные мотивы.

В основе замысла Н.В. Гоголя лежит конфликт между «маленьким человеком» и обществом, конфликт, ведущий к бунту, к восстанию смиренного. Повесть «Шинель» описывает не только случай из жизни героя. Перед нами предстаёт вся жизнь человека: мы присутствуем при его рождении, наречении именем, узнаем, как он служит, почему ему необходима была шинель и, наконец, как он умирает. Всю свою жизнь Акакий Акакиевич

проводит в «переписывании» бумаг на службе, и герой вполне доволен этим. Более того, когда ему предлагают занятие, требующее того, «чтобы переменить заглавный титул, да переменить кое-где глаголы из первого лица в третье» [2, с. 152], бедный чиновник пугается и просит избавить его от этой работы. Акакий Акакиевич живет в своем маленьком мире, он «ни один раз в жизни не обратил внимания на то, что делается и происходит каждый день на улице», и лишь в «переписываньи ему виделся какой-то свой разнообразный и приятный мир» [2, с. 152]. В мире этого чиновника ничего не происходит, и не случись невероятной истории с шинелью, о нём нечего бы было рассказать.

Башмачкин не стремится к невиданной роскоши. Мечта сшить шинель на вате становится для него подобием великой и почти невыполнимой задачи. В его системе мировых ценностей она имеет такое же значение, как стремление какого-нибудь «великого человека» добиться мирового господства. Мысль о шинели наполняет смыслом существование Акакия Акакиевича. Даже внешность его меняется: «Он сделался как-то живее, даже твёрже характером, как человек, который уже определил и поставил себе цель. С лица и поступков его исчезло само собою сомнение, нерешительность... Огонь порою показывается в глазах его...» [2, с. 163] И вот, достигнувший, наконец, предела своих стремлений герой повести в очередной раз сталкивается с несправедливостью. Шинель крадут. Но даже не это становится главной причиной смерти несчастного Башмачкина: «значительное лицо», к которому чиновнику советуют обратиться за помощью, «распекает» Акакия Акакиевича за неуважение к начальству и выгоняет из своего дома. И вот исчезает с лица земли «существо, никем не защищенное, никому не дорогое, ни для кого не интересное, даже не обратившее на себя внимания..» [2, с. 163].

Смерти Башмачкина, как и следовало ожидать, почти никто не замечает. Финал повести фантастичен, но именно такой финал позволяет писателю ввести в произведение тему правосудия. Призрак чиновника срывает шинели со знатных и богатых. После смерти Башмачкин поднимаеся на недоступную ему ранее высоту, он преодолевает убогие представления о чине. Бунт «маленького человека» становится главной темой повести.

Н.В. Гоголь делает тон повествования комичным. В тексте сквозит постоянная ирония над Башмачкиным, даже дерзкие мечты его оказываются не чем иным, как стремлением непременно пустить мех куницы на воротник. Читатель должен не только войти в мир Акакия Акакиевича, но и ощутить неприятие этого мира. Кроме этого, в повести есть и авторский голос, и писатель становится, таким образом, как бы посланником русской гуманистической традиции.

В повести Н.В. Гоголя «Шинель» явно прослеживаются два аспекта авторского осуждения мира. С одной стороны, писатель выступает с резкой критикой того общества, которое превращает человека в Акакия Акакиевича, протестуя против мира тех, кто «натрунились и наострились вдоволь» над «вечными титулярными советниками», теми, у кого жалование не превышает четырехсот рублей в год. Но с другой стороны, гораздо более, на наш взгляд, существенно обращение Н.В. Гоголя ко всему человечеству со страстным призывом обратить внимание на «маленьких людей», которые живут рядом с нами.

«Маленький человек» - человек низокого социального положения и происхождения, не одарённый выдающимися способностями, не отличающийся силой характера, но при этом добрый, никому не делающий зла, безобидный. И А.С. Пушкин, и Н.В. Гоголь, создавая образ «маленького человека», хотели напомнить читателям, привыкшим восхищаться романтическими героями, что самый обыкновенный человек - тоже человек, достойный сочувствия, внимания, поддержки. Его трагическая судьба впервые отражается в творчестве А.С. Пушкина («Станционный смотритель»), затем гениально продолжается Н.В. Гоголем в «Шинели», где показан ставший классическим тип «маленького человека» Акакия Акакиевича Башмачкина. Прямым продолжением этого характера становится Макар Девушкин в «Бедных людях» Ф.М. Достоевского. «Придавленный нищетой, бесправием, бедный петербургский чиновник одарен доброй, сострадательной душой и способен на глубокие и сильные чувства. Ф.М. Достоевский не просто продолжает традиции, но страстно протестует против равнодушия

и безразличия к судьбе «бедных людей» [3, с. 554]. Он утверждает, что каждый человек имеет право на сочувствие и сострадание. В.Г. Белинский находит в «Бедных людях» глубокое осмысление и высокохудожественное воспроизведение трагических сторон жизни: «Честь и слава молодому поэту, муза которого любит людей на чердаках и в подвалах и говорит о них обитателям раззолоченных палат: «Ведь это тоже люди, ваши братья!»» [3, с. 554]. В романе «Бедные люди» Ф.М. Достоевский стремится показать, что человек по своей природе есть существо самоценное и свободное и что никакая зависимость от среды не может окончательно истребить в человеке сознание своей собственной ценности.

Макар Алексеевич Девушкин не менее Башмачкина унижен и презираем на службе. Он тоже подвергался издевательствам на работе, но по своей натуре это уже совсем другой человек, отличный от Акакия Акакиевича. На действия сослуживцев и других обидчиков «маленький человек» возроптал: он почувствовал себя личностью, оказавшись способным не только на смирение, не только на заботу о самом себе. «Маленький человек» Ф.М. Достоевского задумывается о своём месте в жизни, пытается защитить себя и дорогого ему человека от непомерно тяжелых обстоятельств. То, что у Н.В. Гоголя в «Шинели» остаётся в тени, - самосознание забитого человека – Ф.М. Достоевский делает основной темой своего произведения.

Показав благонамеренного Макара Девушкина, Ф.М. Достоевский точно обрисовал духовную забитость бедного человека, его консерватизм, ограниченность общественного сознания, способность примирится с бесправием и приспособиться к нему. Герой не только страдает и жалуется на свою судьбу, но и начинает рассуждать как гражданин. У Девушкина, как он говорит, «с недавнего времени слог формируется». На самом деле на наших глазах происходит процесс выпрямления личности «маленького человека», который начинает думать о взаимной ответственности людей, о людском эгоизме, не умении помочь друг другу. Ф.М. Достоевский вносит в понятие «бедные люди» новый смысл, делая ударение не на слове «бедные», а на слове «люди». Читатель должен видеть героев равными себе. Быть человеком не хуже других - как в собственных глазах, так и в глазах окружающих - этого больше всего желают Девушкин, Варенька и другие близкие к ним персонажи.

Тему самоутверждения Ф.М. Достоевский продолжает в романе «Униженные и оскорблённые», где изображается судьба неповинных и страдающих героев «пасмурной драмы большого города» [4, с. 30]. Написанный в жанре «мелодрамы», роман «Униженные и оскорблённые» рисует злодея-аристократа князя Валковского как воплощение нравственного падения, а его вольные и невольные жертвы показаны духовно просветленными, смиренными и благородными. Особенностью этого романа является то, что здесь Ф.М. Достоевский впервые обвиняет в бессердечии и равнодушии к судьбе людей из «низов общества» не только само общество, но и отдельного человека (образ Алеши). Впервые в этом романе появляется у Ф.М. Достоевского тема страдания ребенка (судьба Нелли), которая становится впоследствии ключевой в его творчестве.

Тема «униженных и оскорблённых» с особой силой прозвучала в романе «Преступление и наказание». Картины беспросветной нищеты одна мрачнее другой раскрываются перед читателем. Действие разворачивается в убогих кварталах, в жалких петербургских трущобах, в зловонных распивочных, на грязных площадях. На таком фоне рисуется жизнь Мармеладовых. Судьба этой семьи тесно переплетается с судьбой Родиона Раскольникова. В романе создаётся обширное полотно безмерных человеческих мук, страданий и горя. Пристально и пронзительно вглядывается писатель в душу «униженного» и открывает в нём огромное духовное богатство, душевную щедрость и внутреннюю красоту, неистреблённые невыносимыми условиями жизни. Красота души «бедного человека» раскрывается, прежде всего, через способность любить и сострадать. В образе Сонечки Мармеладовой Ф.М. Достоевский раскрывает такую великую душу, такое «вместительное сердце», что читатель преклоняется перед ней.

В «Преступлении и наказании» Ф.М. Достоевский с особенной силой развивает мысль об ответственности конкретной личности за судьбы обездоленных. Общество должно быть устроено на таких началах, чтобы исключить подобные явления, но и каждый человек обязан

сострадать, помогать тому, кто оказывается в трагических обстоятельствах. Убийца Родион Раскольников, сам задавленный бедностью, не может пройти мимо трагедии семьи Мармеладовых и отдаёт им свои жалкие гроши. Закоренелый циник и злодей Свидригайлов устраивает судьбу осиротевших детей Мармеладовых. Это по-христиански, так должен действовать человек. В этой дорогой для Ф.М. Достоевского мысли заключается истинный гуманизм великого писателя, утверждавшего, что естественное состояние человека и человечества – единение, братство и любовь.

А.П. Чехов парадоксально переосмысливает образ «маленького человека», который под его пером начинает вызывать уже не жалость, а насмешку или даже презрение. В трактовке этой темы, как и во всём своём творчестве, А.П. Чехов переключает внимание со среды на личность. У его предшественников даже не возникает вопроса о том, кто виноват в унижении и умалении человека, ответ ясен и однозначен - социальная среда. У А.П. Чехова же сам человек прежде других виноват в том, что он «маленький», потому что слишком часто и легко забывает о чувстве собственного достоинства, о естественной человеческой гордости, потому что ради выгоды, престижа, прибавки к жалованию, а то и просто так, на всякий случай, готов унижать сам себя. Вот, например, рассказ «Толстый и тонкий». Ситуация, использованная многими писателями задолго до А.П. Чехова, - встреча двух чиновников разного ранга, которые оказываются друзьями детства. Казалось бы, можно ожидать, что старший по чину («Толстый») не признает своего бывшего друга, начнет перед ним важничать, а то и унижать его и т.п. Но ничего подобного, всё как раз наоборот. «Толстый» искренне рад видеть приятеля, с удовольствием предаётся воспоминаниям и даже не думает о разнице в их положении, пока сам «Тонкий» ему об этом не напоминает. Но каково же поведение «Тонкого»? Вот он-то и есть подлинный антигерой рассказа. Узнав, что его бывший приятель уже дослужился до статского генерала, он начинает всячески лебезить, подлизываться, унижаться, меняется даже сам тон его речи, становясь почтительно-подобострастным. Человек в этом рассказе явно не ощущает себя человеком, а лишь чиновником определенного класса. И ведь его никто не угнетает, не принуждает унижаться, он проделывает это сам, добровольно. Или рассказ «Смерть чиновника». Его фабула несложна и известна, обратим лишь внимание на то, что опять отсутствует мотив унижения Червякова со стороны генерала, да и сам генерал служит по другому ведомству и, значит, никак «отомстить» Червякову не может, да и не хочет. В социальном статусе чеховского чиновника полностью устранены те жалкие житейские условия, которые питали робость и трепет перед начальством у Акакия Акакиевича. Это позволяет А.П. Чехову исключить объяснение гибели Червякова страхом и переключить внимание читателя с причин внешних (общественных) на внутренние - психологические и нравственные. Своё человеческое достоинство Червяков унижает, при этом весьма настойчиво, только сам. И делает это он, в отличие от Макара Девушкина, по своей воле и с удовольствием. Червяков был чиновником не по функциональному положению в обществе, а по своей внутренней нравственно-психологической сущности. Такова уже привычка к униженному и рабскому положению, такова сила добровольного холопства, что Червяков, нечаянно чихнувший на лысину генералу, в конце концов, «лёг на диван и…помер» [5, с. 166], пройдя предварительно несколько ступеней самоуничижения. А.П. Чехов показывает в маленьком человеке зло, которое вечно, неискоренимо, которое порождает новое зло.

Таким образом, мы видим, что с развитием литературы развивался и тип «маленького человека». Сначала он может любить, уважать себя, но бессилен перед властью. Затем он лишается самоуважения, а о борьбе и подумать не может. После «маленький человек» трансформируется в «бедного», «униженного и оскорблённого», приобретает чувство собственного достоинства, способность любить и при этом остро ощущает своё ничтожное положение. А.П. Чехов переосмысливает гоголевскую традицию, акцентируя душевное ничтожество и самоунижение «маленького человека».

Литература:
1. Пушкин А.С. Полное собрание сочинений: В 10 т. / АН СССР. Ин-т рус. лит. (Пушкинский дом). – 4-е изд. - Том 6. Художественная проза. – Л.: Наука, 1978. - 575 с.
2. Гоголь Н.В. Полное собрание сочинений: В 14 т. / АН СССР. Ин-т рус. лит. (Пушкинский дом). – Т. 3. Повести. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1938. – 728 с.
3. Белинский В. Г. Полное собрание сочинений: В 13 т. / АН СССР. Ин-т рус. лит. (Пушкинский дом). – Т. 9. Статьи и рецензии. 1845-1846. – М.: Изд-во АН СССР, 1955. – 804 с.
4. Гроссман Л. Достоевский. – М.: Издательство Астрель; Времена 2, 2012. – 544 с. – (Басинский рекомендует).
5. Чехов А.П. Полное собрание сочинений и писем: В 30-ти т. Т. 2. Сочинения. - М.: Наука, 1983. - 584 с

УДК 81.11

КОММУНИКАТИВНЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ В ПРЕПОДАВАНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Черепанова А. Ю.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

В современных образовательных стандартах Республики Казахстан подчеркивается необходимость ориентации современных школьников не только на накопление теоретических знаний, но и на развитие личности учащегося, с точки зрения познавательных и коммуникативных способностей. Появляется необходимость формировать целостную систему универсальных знаний, умений и навыков, а также дать возможность для самостоятельного применения знаний в условиях современной реальности. Таким образом, встает вопрос о ключевых компетенциях, определяющих современное качество образования.

Современное состояние теории и методики обучения иностранному языку заставляет вернуться к компетенциям коммуникативного обучения и еще раз проанализировать с другой точки зрения. Так как, мы стоим на этапе качественно нового образования, в котором мы можем наблюдать изменения социокультурного контекста изучения английского языка в Казахстане. Кроме того, коммуникативное образование - важный компонент интеграции казахстанского общества в мировое пространство. В связи с этим, Концепция модернизации казахстанского образования определяет новые социальные требования к формированию жизненных установок личности. Происходит переориентация оценки результатов образования с понятия «компетенции» обучающихся.

Обучение иностранному языку носит коммуникативный характер, так речевое общение осуществляется посредствам речевой деятельности, которая служит для решения задач в условиях социального взаимодействия людей. Стоит отметить, что сложность изучения иностранного языка заключается и в том, что необходимо создать условия для формирования коммуникативной компетенции, ставя акцент на внутренней готовности и способности к речевому общению [1].

Поэтому в детском саду «Балақай» в 2016 году нами была разработана «Программа организованной учебной деятельности по вариативному компоненту «Музыкальный калейдоскоп» для детей старшей группы детского сада». Данная программа разработана в соответствии с Типовой учебной программой дошкольного воспитания и обучения на основе методических рекомендаций по внедрению новых нормативно-правовых актов: ГОСДВО (Постановление Правительства РК от 13.05.2016г. №292), ТУПов (Приложение к приказу Министра образования и науки РК от 22.06.2016г. №391). При разработке программы был учтен опыт предыдущих лет по развитию творческих способностей дошкольников. Важно было учесть разнообразные факторы, признаки, свойственные творческому процессу. Творчество требует мыслительной активности, интеллектуальных способностей, волевых, эмоциональных черт и высокой работоспособности. Творчество характеризуется как высшая форма деятельности личности, требующая от детей длительной подготовки, эрудиции и интеллектуальных способностей.

Данная программа рассчитана на детей в возрасте 5 лет, процесс обучения предусматривает групповые и индивидуальные занятия, развитие певческих и хоровых навыков, развитие ритмического и динамического слуха, работу над сценическим образом и игру на детских музыкальных инструментах.

Работа по развитию творческих способностей в процессе организованной учебной деятельности велась по всем пяти направлениям:

- развитие интонационной и двигательной активности;
- развитие музыкально-творческого воображения;
- развитие способности к моделированию музыкальной речи;
- проявление творческого начала в музыкально-игровой деятельности;
- проявление творческого начала в музыкально-театрализованной деятельности.

Каждый вид музыкальной деятельности, представленной в Программе, предполагает овладение детьми теми способами творческой деятельности, без которых она неосуществима, и оказывает специфическое влияние на музыкальное развитие дошкольников. В процессе реализации Программы для детей создавались такие условия, в которых они могли проявить свое творчество, подбирались такие приемы и методы, которые давали возможность каждому ребенку проявить себя в том или ином направлении.

Дети с «высоким» уровнем сформированности творческих способностей характеризуются целенаправленностью, адекватным эстетически-активным восприятием музыки, единством эмоционального и интеллектуального, дифференцированностью слуховых ощущений. Внутренний слух и музыкальные представления связаны со способностью «слышать» и переживать музыку про себя. Дети воспринимают, осознают выразительные средства музыки, жестов, пантомимы, понимают, эмоциональный эффект воздействия музыкального образа на слушателя.

У дошкольников со «средним» показателем уровня сформированности творческих способностей анализ музыкального образа происходит по образцу, часто отсутствует самостоятельность. Дети дошкольники допускают неточность в выполнение творческого задания, не могут передать услышанный музыкальный образ в словах или через пластику и движения. Такие дети мало эмоциональны, движения недостаточно четкие и понятные, не совсем точно определили характер произведения.

«Низкий» уровень сформированности творческих способностей и понимания музыкальных образов характеризуется размытым восприятием музыкальных образов. Речевые коммуникации носят личностный характер, часто имеют слабую эмоциональную окрашенность. Речь была неэмоциональна, краткая. У детей с низким уровнем эмоциональное восприятие музыки поверхностное, отсутствует сосредоточенное вслушивание в произведение, поэтому не происходит достижение эмоционального состояния.

По данным диагностики констатирующего этапа (рис.1.) можно сделать вывод о том, что в среднем 25,5% старших дошкольников имели низкий уровень развития творческих способностей и лишь 19,4% - высокий уровень. На средний уровень развития приходилось 55,1% дошкольников старшей группы. Если рассмотреть уровни развития творческих музыкальных способностей по видам деятельности, то можно отметить, что наименьше развиты способности в области музыкально-театрализованной деятельности и музыкально-творческого воображения.

Результаты входящей диагностики: низкий уровень – 25,5%; средний уровень – 55,1%; высокий уровень – 19,4%

Осмысление полученных данных формирующего этапа (рис.2.) позволило нам сделать следующие выводы:

- наибольшее количество детей с положительной динамикой развития творческих способностей стало на среднем и высоком уровне сформированности, на низком уровне развития число детей уменьшилось;

- общее количество детей по уровням распределилось следующим образом: на низком уровне - двое детей (13%); на среднем уровне развития творческих способностей - пять детей (34%); на высоком уровне сформированности творческих способностей – 8 (53%).

Таким образом, исследование показало, что при системной и целенаправленной работе в процессе организованной учебной деятельности показатели уровня развития творческих способностей у детей старшей группы имеют положительную динамику.

В процессе данной работы у детей сформировалось положительное эмоциональное отношение к музыкальному искусству, развилась память, воображение, инициативность, фантазия, речь, повысился уровень коммуникации в детском коллективе. Конечные результаты проведенной работы подтверждают, что систематическая работа по введению в организованную учебную деятельность творческих заданий формирует у старших дошкольников положительное отношение к творчеству и желание продемонстрировать свои идеи перед сверстниками и взрослыми. В процессе работы дети научились общаться друг с другом и со взрослыми, овладев способами установления взаимоотношений, умением войти в детское общество, действовать совместно с другими, умением уступать и отстаивать свою точку зрения.



Рис.1. Диаграмма показателей констатирующего этапа *



Рис.2. Диаграмма показателей формирующего этапа

Расшифровка показателей:

1.1. уровень развития интонационной и двигательной активности;

1.2. уровень развития музыкально-творческого воображения;

1.3. уровень развития способности к моделированию музыкальной речи;

1.4. уровень проявления творческого начала в музыкально-игровой деятельности;

1.5. уровень проявления творческого начала в музыкально-театрализованной деятельности.

2.1. уровень развития интонационной и двигательной активности;

2.2. уровень развития музыкально-творческого воображения;

2.3. уровень развития способности к моделированию музыкальной речи;

2.4. уровень проявления творческого начала в музыкально-игровой деятельности;

2.5. уровень проявления творческого начала в музыкально-театрализованной деятельности.

Литература:

1. Государственный общеобразовательный стандарт дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан. – Астана, 2016. – 203с.
2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения. – Астана, 2016. – 210с.
3. Методические рекомендации по внедрению Государственного общеобразовательного стандарта дошкольного воспитания и обучения в практику работы организаций дошкольного образования в 2016-2017 учебном году по Карагандинской области. – УМЦ РО КО, Караганда; 2016. – 24с.
4. Анисимов В.П. Диагностика музыкальных способностей / В.П. Анисимов. – М.: Владос, 2004. – 66с.
5. Блохина О.В. Развитие креативности у детей старшего дошкольного возраста на основе музыкально-игрового творчества. БелРИПКППС. – 2008г. – 96с.
6. Джердималиева Р.Р. Музыкально-творческий процесс как область научного исследования // Научно-методический журнал «Педагогика и психология».– Алматы, КазНПУ им.Абая, 2016. №1. – С.6-8
7. Колбина Е.В., Ахметова Т.Ш. Музыка. Дидактические материалы. – А.: Мектеп, 2003. – 80с.
8. Корякина О., Яковлева О. В мире звуков и красок. – К.: «Келешек – 2030», 2008. – 135 с.
9. Котова Е.В., Кузнецова СВ., Романова Т.А.. Развитие творческих способностей дошкольников: Методическое пособие. М.: ТЦ Сфера, 2010. – 128с.
10. Оспанова Т.У., Жусупова А.М. Развитие творческих способностей на уроках музыки. А.: «Ғылым», 2003. – 64с.
11. Тефнанц А.А. Музыкально-игровая деятельность как средство развития творческих способностей у старших дошкольников: *Интернет*-ресурс http://infourok.ru/muzikalnoigrovaya-deyatelnost-kak-sredstvo-razvitiya-tvorcheskih-sposobnostey-u-starshih-doshkolnikov-731807.html

ӘОЖ 372.2.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІ АТА-АНАЛАРМЕН БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Балтабаева А.М.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ студенті)
Кәсенова М.Т.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, кафедра оқытушысы, п.ғ.м.)
Кәсенова А.Т.
(Петропавл қаласының Әл-Фараби атындағы мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі)

Бүгінгі күні еліміздің бәсекеге қабілетті елу ел қатарына еніп, әлемдік деңгейге сай келу үшін өндірістің, ғылым мен техниканың дамуы қажет екені анық. Бұл мақсатқа, міндетке жету үшін табиғаттың сан түрлі салаларын шаруашылыққа қарқынды пайдалану қажет. Өндірістің дамуы табиғи ресурстарды азайтып қана қоймай, қоршаған ортаның ластану проблемасын тудырып отыр. Қазіргі кезде экологиялық проблемалардың ұлттық, аймақтық және ғаламдық тұрғыда өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан да айнала қоршаған ортаны қорғау мақсатына бағытталған күрделі іс-шаралар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскеннен кейін экологиялық білім беру мен тәрбиенің маңызы артады [1]. Бүгінгі күні қоғамда көптеген өзекті де өткір мәселелерді оңтайлы шешу көп ретте азаматтық қауымдастықтың даму деңгейін өрістетуге, жеткіншектер мен жастардың экологиялық мәдениетін еселеуге, қоршаған ортаға деген құрметін, Табиғат-Анаға азаматтық сүйіспеншілігін қалыптастыруға тікелей байланысты. Қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде балаларға экологиялық тәрбие беру - оқу-тәрбие үрдісіндегі әлеуметтік мән-маңызы зор, сондай-ақ құнды бағыттардың бірі. Табиғатты қорғау жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Экологиялық тәрбие мәселесін жан-жақты қарастыруда А.В. Чигаркин, Ж.Ж. Жатқанбаев, Қ.А. Сарманов, Ж.Б. Шілдебаев және т.б. сияқты ғалымдардың еңбектері өздерінің маңыздылығымен ерекшеленді. [2, 3, 4, 5]. Мектепке дейінгі жастағы балаларға адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие беруге байланысты мектепке дейінгі мекемелердің алдында негізінен келесідей міндеттер тұр. Атап айтқанда:

-педагогикалық мамандардың экологиялық тәрбие беру жөнінде білім деңгейін көтеру;

-балаларды айналамен таныстырудың бағдарламасын олардың ата-аналарына насихаттау,

-әртүрлі жастағы балалар топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстар жүргізу.

Экологиялық білім – табиғатты қорғау саясаты. Ал адамзат баласы қол жеткізген жетістіктер түрі сан алуан десек, солардың барлығын біріктіріп, біртұтас жаңа жүйеге жинақтап отырған сала – экология екендігінде дау жоқ. Экологиялық білім мен тәрбие беру - «Қоршаған орта-адам-қоғам» жүйесіндегі қарым-қатынасты бүлдіршіндердің игеруі кезеңінде қалыптасады. Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты - балалардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік қарым-қатынасын қалыптастыру. Экологиялық мәдениеттілік адамның сезімін тәрбиелеуден, экологиялық сананы қалыптастырудан шығады.Экологиялық білім мен тәрбие беру - табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда белсенді әрекет жасай алатын жеке тұлғаның экологиялық сенімін қалыптастырып, белсенділігін көтеру. Сондықтан, экологиялық білім беру балабақша жасындағы балаларға табиғатқа жаңаша көзқарасын тәрбиелеудің негізі болса, әртүрлі формаларда жүргізілетін экологиялық тәрбие жеке тұлғаның эмоциялық-сезімдік әлеміне бағытталады, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін өсіреді. Экологиялық тәрбиелеу функциясы балаларды табиғатқа деген жанашырлықты, жауапкершілікті сезінуге баулиды. Экологиялық сана экологиялық білімнен тұрады. Ол балалардың дүниетанымының маңызды құрамдас бөлігі ретінде экологиялық тәрбие беру үрдісінде дамиды.

Балалық шақ баланың жеке тұлға болып қалыптасуының алғашқы сатысы. Баланың айналамен танысу және экологиялық тәрбие дағдыларының қалыптасуы осы мектепке дейінгі жас шағында қалыптасады. Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, үлкендердің ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын бала өз отбасынан алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады. Тәрбие негізі қаншалықты сапалы болса, келешек кепілі де сондай болмақ. Оның бір бағыты ретінде экологиялық білім сапасын назардан тыс қалдыруға болмайды. Себебі, экологиялық тәрбие - ол баланың қоршаған ортасы, айналасы, болашағы деген ұғымдармен тығыз байланысты. Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Сондықтан ел болашағы, бүгінгі жас ұрпақта жаңа экологиялық сезім қалыптастыруы керек. Бүгінгі таңда адамзатты ерекше алаңдатып отырған зор мәселелердің бірі – қоршаған ортаның, табиғаттың жай-күйі.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің экологиялық түсініктерінің деңгейін анықтау бойынша ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Петропавл қаласының мектепке дейінгі мекемелерінің тәрбиеленушілерінің ата-аналары қатысты.

Зерттеу барысында ата-аналардың барлығы өздерін экология мәселесі қызықтыратынын, табиғатты сүйіп, жануарлар мен құстарды ұнататынын көрсеткен.

Ата-аналардың 75% баланың әңгімелеуі, үй жануарын немесе құсын асырап алу, өзін саябаққа, зоопаркее апару немесе табиғат туралы оқып беру бойынша сұранысы бойынша мектепке дейінгі мекемеде балалардың экологиялық тәрбиесіне көп көңіл бөлінетінін білетіндерін көрсеткен.

Ата-аналардың 90% балаларды экологиялық тәрбиелеуге мектепке дейінгі мекемеге көмек көрсетуге дайын екендігін білдірсе, 10% - бұл жұмыстарға уақыттың тығыздығынан қатыса алмайтынын көрсеткен. Көмек ретінде балалармен бірге гүл отырғызу, топ алаңын көгалдандыру жұмыстарына қатысу сияқты жұмыстарды ұсынған. Мектепке дейінгі ұйымнан балаға экологиялық тәрбие беру бойынша қажет көмек ретінде ата-аналар табиғат аясында өткізуге болатын сынақтарды белгілеген.

Табиғатты жүйелі түрде бақылау балаларды байқағыштыққа үйретеді. Мұның өзі балалардың өмірге көзқарасын өзгертіп, олардың талғамын оятады. Тәрбиешінің күнделікті іс-қимылын бала бақылай отырып, қайталайды. Бала жануарларды күтуге, табиғи ортаға жанашырлықпен қарауға үйренеді. Бала табиғатпен тілдесіп, оның сырларын ұғады. Әсіресе, экология ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде табиғаттың ғажайып құбылыстарымен таныстыруға болады, олардың мәнісін ұғындыру арқылы жастайынан жан-жақты тәрбиелеп, баланың қабылдауын, зейінін, ойын, тілін дамытуға болады. Экологиялық тәрбие беруде балаларға көркем әдебиет туындылары, нақыл сөздер, өнегелі өсиеттер, тыйым сөздер оқу маңызды роль атқарады. Сонымен бірге, әртүрлі ойындар күнделікті тұрмыс, адам өмірі мен еңбек әрекеті, табиғат және ондағы өзгерістерді тани білуге көмектеседі.

Зерттеу барысында ата-аналардың мектепке дейінгі мекемелерге балаларға табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы білімді кеңейту, экологиялық тәрбиені жетілдіру жұмыстарына ат салысуға дайын екендігі анықталды. Бала тәрбиесі отбасыдан басталады. Экологиялық тәрбиенің негізі отбасыда қаланып, мектепке дейінгі мекемеде қалыптастырылады. Сауалнамадағы ата-аналардың ұсынысы бойынша мектеп жасына дейінгі балалармен табиғат аясында баланың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатымен ұйымдастыруға болатын сынақтар кешені құрастырылды.

Қорыта келгенде, мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда экологиялық ортаның алатын орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беруде табиғаттың маңыздылығын жас ерекшеліктеріне қарай сатылай түсіндіру, баланың ойлау қабілетін, сөздік қорын, тілін дамыту, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Сонымен қатар, бала бойындағы әдемілік, әсемдік жөніндегі түсінігін кеңейтіп, табиғат сұлулығын танып, сезіне білу оны шығармашылық пен өмірге сене білу қабілетін, талғам қиялын дамытады.

Әдебиет:
1. Қазақстан Республикасының экологиялық білім беру концепциясы, 2002 ж.
2. Чигарин А.В. Активизация познавательной деятельности учащихся. –М., 1979. –210 б.
3. Жатқанбаев Ж.Ж. «Экология негіздері» курсы. Авторлық бағдарлама //Биология, география, химия. –№5. –1998. –12 б.
4. Сарманов Қ.А. Экология тазалығы.–Алматы, 1994. –60-61 б.
5. Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты қорғау. –Алматы, 2002 –121 б.

ӘОЖ 369.223.25

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ТАЛСУАТ» БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНА ЗЕРТТЕУ

Биім Қ.А.,Сәрсенбай Б.И.,Едіге Н.Ғ.
(*Студент ДФ-16 қ, кафедра ппедагогика және психология, СҚМУ)*
Мурзабаева М.Д.
(к.м.н, доцент,кафедра педагогика және психология, СҚМ,)

2012 жылы Республикамызда Қызылорда облысында орналасқан Талсуат ауылдық округіндегі «Республикалық балаларды оңалту орталығы» АҚ филиалы ашылды. Мерекелік ашылуға облыс әкімі және қалалық медицина өкілдерінің қатысуымен ашылды. Ашылған бұл орталық ауытқуы мен дамуында ақауы бар балаларды оңалу және әлеуметтік бейімдеу жұмыстарымен септігін тигізеді. Орталықта тірек – қимыл қозғалыс бұзылуы, сөйлеу жүйесінің бұзылуы, психасының дамуы баяу, даун синдромы, аутизм, остеохондроз, простатит, склероз, артроз, омыртқаның 1–2 деңгейде майысуы, жүрек- қантамыр, спастикалық сал ауруы, қисық мойын, маймақ, білезік пен омыртқаның аномалиясы, майтабан, балалар эпилепсиясы, логоневроз, дизартрия, ринолалия, жалпы тіл кемістігі, алалия, дисграфия диагноздар қойылған балалармен жұмыстар жасалады. Бұл орталықта ең үздік логопедтер, психологтар және дефектологтар жұмыс жасайды. Орталықтың негізгі құрамы: 2 – психолог, 2 – музыка терапевт, 2 – еңбек терапевт, 3 – лфк нұсқаушысы, 10 – тәрбиеші, 2 – монтессори педагог, 1 – ойын терапевт, 2 – невролог дәрігер, 7 – медбике, 1 – аға медбике, 1 – физиотерапевт, 2 – логопед, 2 – дефектолог мамандары жұмыс жасайды. Орталық мамандары Израильде, Германияда, Словенияда және Түркияда біліктіліктерін арттыру арқылы балалармен жұмыс жасайды. Орталықта бас ми жарақатынан кейін немесе туа біткен балалардың аяқ – қолдарының қимыл қозғалысының шектелуі болса, шетелдерде (АҚШ, Германия, Словения, Ресей, Израиль, Оңтүстік Корея, Жапония) біліктілігін жетілдірген мамандары келесі қызметтерді көрсетеді:

-ЭЭГ (электроэнцефалография – тәуліктік);

-Диспортпен егу (Қызылорда облысы бойынша осы орталықта ғана жасалады);

-ЕДШ (Бобата, Войта – терапия, Гления Домана, Фэлис халықаралық әдістерін меңгерген);

-Ортездеу (Қызылорда облысы бойынша осы орталықта ғана жасалады);

2015 жылдың оңалу қорытындысы бойынша: 14 бала өз еркімен жүрген, 21 бала өз еркімен тұра алған, 29 бала отыра алған, 69 бала еңбектеген, 264 бала ботулинотерапиясын алған, 701 балаға 786 ортездік бұйымдары жасалған және де сөйлеу қабілеті төмен балалардың 80 % - ы жақсарған. Орталық өкілеттілігі балаларды ата – аналарымен кездесетін уақытты да тиімді қйымдастырған. Балалар ата – ана және туыстарымен дүйсенбі – жұма күндері 17:00 – 19:00, сенбі – жексенбі күндері 15:00 – 19:00 аралығында кездесе алады. Оңалту орталығындағы педагогикалық қызмет түрлері:

Психолог – балалардың бейімделу мүмкіндіктерін көтеріп, креативтік сөйлеу қабілетін дамытады, адамның ішкі жан – дүниесін ашады, өзін – өзі бағалауын көтереді, босаңсу жағымсыз эмоциялардан және ойлардан арылуға үйретеді, ойлау, есте сақтау, зейінін және шешім қабылдау дағдыларын дамытатын маман ретінде орталықта қызмет атқарады.

Дефектолог – ақыл – есі кем балаларды, қозғалысында ауытқуы бар балаларды, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытады, тәрбиелейді және әлеуметтендіру саласындағы арнайы маман ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар, дефектолог маманның балалармен жұмыс жасау жоспары, балаларды зерттеу картасы және алғашқы қарауы атты құжаттарда берілген жоспар бойынша жұмыс жасайды.

Логопед – сөйлеу кемшіліктері, оларды анықтау тәсілдері мен арнайы түзеті және тіл дамуы ретінде, тіл механизмдері жайлы, коммуникация туралы интегративті педагогиканың маманы ретінде балалармен жұмыс жасайды.

Монтессори және Монтессори-педагог – балаға еркіндік беру арқылы өзін және айналасын тануға мүмкіндік береді, баланың еркіндігі арқылы басқа балалармен тығыз қарым-қатынас жасайтын маман.

Музыкатерапевт – баланың психологиялық қорғанышын жеңдіреді, белсенділігін арттырады, шығармашылық мүмкіндіктерін оятады, ән айтуға, би билеуге, аспаптарда ойнауға, музыкаға еліктеп қозғалуға жетелейтін маман.

Ойынтерапевт – психотерапиялық әдістемені қолдана отырып, ойын арқылы жағдаяттарды игеру, қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру және балалар мен жасөспірімдерге дене, ақыл сонымен бірге әлем мүмкіндіктерін түсіну қабілетін дамытуға мүмкіндік беруші маман.

Балалармен биологиялық кері байланыс жасау.

Орталықта биологиялық кері байланыс логотерапиялық кабинет жұмыс жасайды. Емделушілердің назарына: бұл әдіс мектеп жасына дейінгі және 7 жастан жоғары ересектер мен жасөспірімдерге арналған. Көрсеткіштері: логоневроз, дизартрия, ринолалия, жалпы тіл кемістігі, алалия, дисграфия. Қарсы көрсеткіштер: 7 жасқа дейінгі балалар, құрысу белгілері бар науқас балалар.

Биологиялық кері байланыс (психоэмоционалды түзету) де балалар мен жүргізіледі. Психоэмоционалды түзетуге байланысты жүргізілетін көрсеткіштері:

- Невроз, тики, энурез, логоневроз;
- Гипербелсенді және зейіні тұрақсыз балалар;
- Балалардың церебралды параличі; (нұсқауды толық түсінетін бала);
- Жоғары психикалық функцияларды дамытуға (зейін, ойлау мен есте сақтау қабілеті т.б.) байланысты;
- Тұлғаның өзіне деген сенімділігін арттыру;
- Организмнің бейімделу мүмкіншілігін жоғарылату;
- Алаңдаушылық, күйзеліс, шаршау, қорқыныш сезімдерін азайту.

Қарсы көрсеткіштері:

Айқын психикалық бұзылулар;

Айқын соматикалық бұзылулар;

Эпилепсия (құрысу белгілері бар балалар);

Интеллектуалды дамуының өте төмен деңгейі;

7 жасқа дейінгі балалар.

Тренингтен күтілетін нәтижелер:

Әртүрлі күйлерді түсіну және басқару әдістерін қолдану;

Өзінің мүмкіншіліктерін жан – жақты ашу;

Өзін – өзі бақылау және ісін реттеу дағдыларын үйрену;

Жауап берудің позитивті үлгілерін дамыту;

Өмір сүру сапасын жақсарту.

Орталықта түрлі электрлік құрылғылары қолданылады. Дәрілік электрофарез ағзаға тұрақты электр тоғы көмегі арқылы ендірілетін дәрілік заттардың мөлшерлі түрде ықпалы эпидермисқа ене отырып дәрілік заттар жиналып қалады және бірте – бірте капилярлық желіге диффундалады. Гальвандауды тағайындау үшін көрсеткіштер: I – II кезеңдегі гипертониялық дерттерге көмек береді олар: бронхты демікпе, гастрит, калит, асқазан мен ұлтабардың ойық жарасы, перифериялық жүйке жүйесінің бұзылуы, әйелдердің жыныс органдарының ауруларын

емдейді. Емдеумен қатар емдеуге қарсы айғақтарда бар: тоқты жеке өзіндік көтере алмау, жіті ірінді процестер, электродтарды қоятын жердегі терінің бүтіндігінің бұзылуы және ауруды сезу сезімдері мүлде жоқ балаларға қолдануға болмайды.

Индуктотерапия – бұл әдіс балаларды физикалық заңдарға сүйене отырып емдеу әдісі. Бұл әдіс барысында өрістің қуаты әсерінен ток пайда болады және оның пайда болған тоғы жылуға айналады. Индуктомерияда балалардың қан айналым жүйесінде біршама өзгерістер болады: қан тамырлары өз арнасынан кеңейеді, қанның ағу жылдамдығы көбейеді, қалыпты қарағанда қан қысымы біршама төмендейді, қимыл қозғалыс бұлшықеттердің тонусы төмендеп, денедегі зат алмасу үдерістері күшейеді. Индоктомерия сонымен бірге балалардың тірек-қимыл бұзылыстарына, түрлі жарақаттарға, сырттан пайда болған созылмалы жарақаттардың қабынуы кезінде қолданылады. Сонымен қатар балаларға физиотерапия әдісін қолдану арқылы да түзету жұмыстарын ұйымдастырады. Физиотерапия аппаратының көмегімен қайта қалпына келтіретін табиға факторлар ғана қолданылатын кешенді оқыту әдістерінің бірі болып табылады.

Сумен емдеу. Дамуында ақауы бар балаларға қолданылатын емдік шаралардың бірі. Оның басты мақсаты – табиғи таза сулар мен құрамында дәрілік заттары бар сулар қолданылады. Балаларға сумен емдеу әдісін қолданғанда оның жылылығы және механикалық қасиеттерін ескеру керек. Әрбір емдеу барысында алынған судың жылулығы оның әр уақыттағы температурасына байланысты. Салқын ем-шаралар рефлекторлы қызметі бойынша вегетативтік жүйке жүйесінің заттық алмасу қарқындылығын өзгеріске ұшыратады, ішкі органдардың атқаратын қызметін реттейді, денені шынықтырады. Индифорерентті сумен емдеу шаралары денені тыныштандырады, қан айналуды төмендетеді, жүректің соғуын баяулатады.Салқын және жылу су ең алдымен адам терісіндегі қан тамырларын аз ғана мерзімге тарылтады, содан соң кеңейтеді және гиперемия құбылысы орын алады. Жүректің қатты соғуы мен тыныс алу жылдамдайды және қан айналу қысымы төмендейді.

Балалармен жұмыс жасау барысындағы ең маңыздысы қалыпқа келтіру медицинасын қолдану. Түзету жұмысы барысында балалармен әртүрлі патологиялық күйде қимыл – қозғалысты қалыпқа келтіру және жақсарту.

Дене шынықтыру тәрбиесінде және Спорта – бұлшық ет жұмысын жақсартады.

Спорттық медицинада – жарақат алғаннан кейінгі және аурудан кейін спортшылардың жұмысқа қабілетін қалпына келтіреді.

Неврологияда – орталық және перифериялық нерв жүйесінің аурулары және жарақат алған (балалар церебралды параличі) балалармен жұмыс жасау.

Ортопедияда – тірек – қимыл аппаратының туа біткен аурулары (қисық мойын, маймақ, білезік пен омыртқаның аномалиясы, майтабан) бар балалармен жұмыс жасайды.

Орталықта сонымен қатар, Ортез зауыты да бар.

«Республикалық балаларды оңалту орталығы» АҚ нервтік, эндокринді, тірек – қозғалысты жүйесінің мүгедек балалар типологиясы бар науқастарға оңалту көмегін көрсетеді. Ортездеу көрсетілетін қызмет кешеніне кіреді және оңалтудың қазіргі заманғы әдістердің ажырамайтын бөлігі болып табылады. Ортез – зақымдалған аяқ – қол, омыртқа, тірек – қозғалыс аппаратының қызметін,балалардың сал ауруы, полинейропатия, әлсіз және спастикалық сал аурулары нәтижесінде пайда болатын ауруды, жарақаттан кейінгі жағдайды және аяқ – қол мен дененің патологиялық деформацияларын бекіту, жеңілдету, түзету және белсендіру үшін қолданатын арнайы қондырғы болып табылады. Орталықта кең ауқымды ортез дайындауға мамандандырылған «Ортезист» ЖШС жұмыс істейді. Зауытты ортез дайындау бойынша әлемдік жетекші фирмаларында оқудан өткен жоғары мамандандырылған мамандар жұмыс істейді. Зауыт Германиялық «Otto bock” фирмасының жабдықтарымен жабдықталған. «РБОО» АҚ «Paromed» фирмасының жабдықтары жұмыс істейтін кеңес одағының кейінгі кеңістіктегі жалғыз медициналық мекеме болып табылады, бұл жабдық берілген параметр бойынша пациентке арналған эксклюзивті ортопедиялық ұлтарақ дайындайды. Сонымен бірге, бұл жабдық өндіруі бойынша ұлтарақ әзірлеудің әдістерінен әлде қайда озық. «Parolog» жүріс анализаторының компьютерленген жүйесі науқастың патологиясын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді, соның негізінде тиімді ем тағайындауға болады. Сонымен қатар, науқастарды

диагностикалау үшін германиялық «Laser Line», «L, A, S, A, R.» қондырғысының көмегімен азерометрия мен подометрияның қазіргі заманғы әдістері қолданылады.

Зауытта ортездер әзірленеді:

Аяқ буындарына арналған: тобық, тізе буындары, табан патологиясын емдеу;

Қол буындарына арналған: қол басы, білек, шынтақ буындары;

Омыртқа патологиясын түзетуге арналған.

Әзірленетін ортездердің тізіміне дофуздар, аяқ ұстағыштар, нейрофизикалық қысым нүктелері бар тобық ортездер, тізе, шынтақ, білек буындарына арналған функционалды ортездер, мүсінділікті түзету жабдығы, омыртқаға арналған қатты корсеттер, әр түрлі үлгідегі ортопедиялық ұлтарақтар дайындалады. Зауытта әлемдік ортездеу тәжірибесінде ұқсасы жоқ авторлық куәлікпен және патентпен қорғалған ортездер мен жаттығу қондырғыларының жаңа тиімді түрлері әзірленуде, солардың ішінде аяқ ротациясын түзетуге арналған брейсерлер, қысым нүктелері бар мүсіндікті түзету жабдығы да бар.

Балаға массаж жасаудың пайдасы. Массаждың негізгі 3 түрі бар: емдік мақсатта, алдын алу және емдік алдын алу массажы.

Баланың ата-анасына нұсқау – бала дүниеге уақытынан бұрын келуі және баланың нерв жүйелерінің әлсіз болуынан түрлі науқастармен ауырады. Осы себептен балаларды емдеудің тәсілі ретінде – массаж қолданылады. Сылау және уқалау кезінде баланың ұйқы безінің қызметі жақсарады. Бұл массаж баланың тез жүріп кетуіне, толық дамуына септігін тигізеді.

Емдік мақсаттағы массаж жасау арнайы мамандардың көмегімен арнайы мекемелерде және жалпы емдік стационарларда жасалынылады. Ол массаждар нервтік аурулардың ауыр дәрежелеріндегі балалардағы сал аурулары және буын, омыртқаның дұрыс қалыптасуына, кіндіктің және шаптың жарықтарына жасалынылады. Науқастың алдын алу үшін жасалынылатын массажды күнделікті үйде жасауға болады. Күнделікті үйде жасалынылатын массаж және гимнастиканы бала туылғаннан кейін 1,5-2 айдан бастай беруге болады. Массажды жасаудың әдістері бойынша арнайы мамандар немесе бала тіркелген арнайы бөлімдегі мамандардан уақытылы кеңес алып тұру керек. Массаж жасалынылатын арнайы бөлме дұрыс желдетілуі, орташа температурасы 20 градустан төмен болмауы керек. Жаттығулар бала тамақтанғанға дейінгі жарты сағат қалғанда немесе тамақтанып болған соң 1-1,5 сағат шамасында күніне екі рет жасалынылуы тиіс. Массаждың жасалу барысы 10-12 минуттан аспауы керек. Массаж баланың психикалық тұрғыдан дамуын, қан айналым жүйесін реттеп, организмдегі заттық алмасу үдерісін жақсартады. Сондай-ақ баланың денесінің шымыр, мықты болуына әсер етеді.

Мария Монтессори жүйесі бойынша тәрбиелеу дегеніміз – баланың іс – әрекетіне еркіндік беру, оның таңдауын, қызығушылығын және пікірін құрметтеу, баланың өз бетінше дамуын бақылау.

Монтессори әдісінің басты қағидалары:

Өзін – өзі тәрбиелеу;

Өзін – өзі оқыту;

Өзін – өзі дамыту;

Монтессори педагогы баланың оқытушысы емес, оның дамуының басқарушысы болып табылады. «Маған мұны өзімнің жасауыма көмектес!» Монтессори әдісінің ең басты ұраны. Баланы бірдеңе жасауға мәжбүрлеу емес, оны қызықьыруға талпыну, баланың мінезін «жасау» емес оның даму (сенситивтік) кезеңдерін ескере отырып, ішкі мүмкіндіктерін ашуға көмектесу.

2015 жылдың оңалу қорытындысы бойынша: 14 бала өз еркімен жүрген, 21 бала өз еркімен тұра алған, 29 бала отыра алған, 69 бала еңбектеген, 264 бала ботулинотерапиясын алған, 701 балаға 786 ортездік бұйымдары жасалған және де сөйлеу қабілеті төмен балалардың 80 % - ы жақсарған.

Қорытындылай келе, қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды біздің мақаламызда көрсетілген түрлі әдістер және арнайы мамандардың көмегімен емдік-сауықтыру жұмыстарын жүргізуге болады. Дамуында ауытқушылығы бар баланы ерте жаста анықтап, ерте диагностикалау бұл қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың санының азаюына алып келетін

еді. Біз зерттеген «Талсуат» Республикалық балаларды оңалту орталығы дамуында ауытқушылығы бар әр түрлі диагноздары бар балаларды емдеу-сауықтыру және оларды әлеуметтік бейімдеу бойынша барынша жұмыстар жүргізуде.

Әдебиет:

1. Ахметов М. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша-қазақша-ағылшынша. – Алматы: «Дейк-Пресс» баспасы,2009.
2. Аяпбергенова К. Қазақ тілі для медицинских институтов и училищ. – Алматы: «Рауан», 1995.
3. Беріков Н. Қазақ тілі сабақтары. – Алматы: «Ана тілі», 1994.
4. Доскеева Б.Ж. Қазақ тілі медициналық оқу орындарына арналған – Алматы: «Қайнар», 2002.
5. Жөкебайқызы З., Сейсенбекқызы С.Тәнтану. Адам және оның денсаулығы – Алматы: «Рауан», 1992.
6. Құрманбаева Ш., Болатов С. Қазақ тілі. Денсаулық сақтау саласына арналған оқу-әдістемелік кешені. – Алматы:«Қазығұрт»баспасы,2010.
7. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Медицина. – Алматы: «Рауан», 2000.
8. Момынов Т., Рақышев А. Медициналық сөздік (орысша-қазақша). Алматы, 1999.
9. Суатай С.Қ., Тәттібаева А.Е. Қазақ тілі – Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2013.
10. ФранкВ. Орысша-қазақша-ағылшынша пәндік сөздік. Алматы, 2000.

ӘОЖ 376.32

ТІРЕК – ҚИМЫЛ АППАРАТЫ ЗАҚЫМДАНҒАН БАЛАЛАРҒА ИЗОТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Биім Қ.А.

(СҚМУ,Дф-16қ тобы Ғылыми жетекші: Кельдегулова А.Н.)

Қазіргі таңда қоғамымызда өмір сүріп жатырған тірек – қимыл аппараты зақымданған балалардың танымдық және ойлау,есте сақтау,шығармашылық қасиеттерін дамыту,олардың қоршаған орта,әлемді тануына қолайлы жағдай жасау мақсатында осындай балалармен арттерапиялық сабақтар жүргізу арқылы бала бойындағы кемшілікті түзетуге болады. Тірек – қимыл аппараты зақымданған балаларға арналған арт - терапияның бағыттары : пет – терапиясы, құм терапиясы, музыка терапиясы, ойын терапиясы, ертегі терапиясы, гүл терапиясы, қуыршақ терапиясы, оригами, этнотерпия, киндер – сюрприз, артсинтез терапиясы, библиотерапиясы, маска терапиясы және изотерапия. И. Ю. Левченконың айтуынша тірек – қимыл аппараты зақымданған балаларға сауықтыру жұмыстары барысында көбінесе бейнелеу терапиясын, музыкатерапияны және ертегі терапиясын қолданудың сапалы нәтиже беретінін айтқан болатын.Изортерапия әдісі тірек – қимыл аппараты зақымданған жандардың шығаршылық қасиеттерін дамыту мақсатында қолданылады. Изотерапия-бейнелеу шығаршылық терапиясы, яғни сурет салу болып табылады. Тірек – қимыл аппараты зақымданған балаларды емдеуге қолданылатын арт-терапияның негізгі бағыттарының бірі. Бейнелеу терапиясының негізгі айқындағыш мақсаты – баланың қандай да бір қимыл - қозғалысты таңдауына қарамастан, өз әлемінде өзін – өзі тануы арқылы қолайлы жағдай туғызуына демеу беру. Сурет салу – баланың жеке өзіндік іс – әрекеті арқылы жүзеге асатын, ересектердің көмек, нұсқауынсыз орындалатын баланың ішкі сезімін ашық және нақты түрде көрсете алуы. Балалардың ішкі сезімдерін білдіретін бейнелеу әдістерінің саны шектеусіз. Бейнелеу өнер саласына қызығушылығы бар балалар көп жағдайда бояуға қолын малып қағаз бетіне із қалдыруды ұнатады. Әр баланың жеке таңдап алған бояу түстері өз сезімдерінің жай – күйін анықтап тұрады. Саусақ живописі дегеніміз – ешқандай құралдың көмегінсіз тек саусақтар арқылы бейне жасап шығару. Саусақ пен бейне жасау барысында әр саусақты әр түске малу арқылы парақ бетіне әртүрлі сызықтар, нүктелер, геометриялық таңбаларды салу, саусақ ұшы арқылы немесе алақан аумағы көмегімен бейнелер жасап шығару. Бұл әдіс көбінесе артпедагогика мен арттерапияда белсенді қолданылады. Изотерапия – біріншіден, бейнелеу

шығармашылық сурет салу терапиясы. Қазіргі таңда бейнелеу терапиясын невротикалық аурулармен ауыратындарға, балалармен жасөспірімдер арасындағы психосоматикалық ауруларды түзеу үшін атқарылатын ем шараның бір түрі. Сурет салу адам бойындағы сезімдік қозғалыс координациясын және ми жарты шарларының қарым – қатынасын жетілдіреді. Мидағы сол жақ жарты шардың жұмысы – аналитикалық, вербальдық, есептегіштік, таңбалық процестерді реттеуді жүзеге асырса, ал оң жақ жарты шар – интуитивті, субъективті процестердің бірегейлілік жұмыстарын атқарады. Бейнелеу өнерінде жалпы екі түс: ахроматикалық және хроматикалық түстер қарастырылады. Ахроматикалық түстерге ақ, қара және сұр түстер жатады.Бұл түстер – бейтарап, тазалықтың және бүкіл әлемнің түсі болып табылады. Ақ түс- адамды емдейтін түс, қара түс – жылуды бойына сіңіріп және сол жылуды ұстап тұратын түс, сұр түс – құрамындағы аралас екі қарама – қарсы ақ және қара түстер жарық пен қараңғылықты білдіреді. Хроматикалық түстерге – қызыл, жасыл, көгілдір, көк, күлгін түстер жатады. Бұл түстер жылылықтың, сезімнің, табиғаттың, үйлесімділік пен романтизмнің, көңілділіктің, құштарлық пен сана мен жүректің байланыс түстері. Изотерапияны қолдану жолдары: Осы тұста әйгілі ғалым Шекспирдің мына сөздерін айта кеткенім жөн болар: «Барлық өмір өнерден шығуы мүскін», «Бүкіл әлем театр». Арт – терапия әдісі қазіргі кезде көпшілікке танымал әдістердің бірі, бірақ көбінесе бұл әдісті нақты зерделеп жете түсінетіндердің саны аз. Бұл әдістің өзін енді біреулер өнер терапиясы десе, енді біреулер емдік мақсатта қолданылады деп түсінеді. Тірек – қимыл аппараты зақымданған баланы өнермен емдеу, яғни өнер арқылы емдеу деген мағынаны білдіреді. Баланың ішкі және сыртқы дүниесіндегі жайсыздықтардан арылуға мүмкіндік беретін, шығармашылық қасиеттерін оятуға мүмкіндік беретін, баланың бойындағы психологиялық кемшіліктерді анық нақты таба білуге жол ашатын әдіс тәсіл. Тірек – қимыл аппараты зақымданған бала болғандықтан сөйлеуге, жазуға да хауқары болмайтын балаларды да кездестіруге болады. Міне, осы әдіс арқылы сондай балалардың сөйлеуі, жазуы арқылы бере алмаған мәліметтерді сурет арқылы алуларына болады. Изотерапиялық сабақтар көбінесе, танымдық қабілеттерді оятуға, түрлі алаңдауларды болдырмауға, теріс эмоцияларды анықтауға мүмкіндік береді. Изотерапиялық сабақтарды кіші мектеп оқушыларына ұйымдастырған едәуір тиімді. Себебі, кіші мектеп оқушылары сөйлеу, жазуға қарағанда өз ойларын қиялдау арқылы жақсы жеткізеді. Балаға көп жағдайда таза ақ қағазға ойындағы бейнесін салғызу арқылы баланың бойындағы қиындығын, қоршаған орта немесе отбасымен байланысын, қоғамдық ортасындағы алатын орынын және қарым - қатынасын анықтауға болады. Көп жағдайда балалар ақ қағазға бар шындығын салып бейнелеуге тырысады, бейнелеу өнерінің құпиясы міне осыда жатыр.Кіші мектеп оқушыларының шығармашылық мүмкіндіктерін қолдана отырып, баланың бойындағы интеллектінің өзгеруіне, және жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік беруге болады. Сурет арқылы әр бала өз бойындағы ерекшеліктерін таныта алады және сезім ұшқырлықтарын көрсете біледі. Бұл әдіс сурет салу арқылы өзін – өзі әлемге таныту деген сөз емес, бейнелеу өнері арқылы жан дүниені түсіне алу, адамға не керектігін түсіну, қолайлы жағдай орната алу. Қоршаған орта мен ішкі жан дүниені сәйкестендіре білу. Қазіргі таңдағы мүмкіндігі шектеулі балаларға қолданылып жатырған психокоррекциялық, психотерапиялық әдістердің ішінде изотерапия «жұмсақтығымен» ерекшеленеді. Қазіргі уақытта тірек – қимыл аппараты зақымданған жандарға, жасөспірімдерге, қарым – қатынасы қиын адамдарды қоршаған әлеуметтік ортаға бейімдеуде туындаған қиыншылықтар барысында изотерапия әдісі кеңінен қолданылады. Тірек – қимыл аппараты зақымданған балалар өздерінің қазіргі, ертеңгі және болашақтағы өмірлерін, өзіндік арман – мақсаттарын, ішкі толғаныстарын көз алдарына нақты және саналы түрде елестете алмайды. Кейде олар өз сезімдерін тежеп, ішкі жан күйзелістерін сыртқа білдіруге жүрексінетіндері, ішкі немесе сыртқы сезімдерін өз санасы бойынша атқарудан қорқатындары да бар. Кей кездері олар болмаған жағдайдан алдын ала қорқып, талпыныс, жігерлері сөніп, қоршаған ортадан бөлектеніп те жатады. Олар көп жағдайда, өздерінің ішкі мінез құлықтарын емес, қажеттіліктерін бейнелеп жатады. Кейде изотерапия әдісін қолдану арқылы күтпеген әрі тез ұтымды қорытынды алуға болады. Изортерапия мүмкіндігі шектеулі балалармен де, қиын балалармен де жұмыс ретінде де, балабақша балаларымен және олардың ата - аналарының

шығармашылығын арттыруда қолданылатын әмбебап технология. Изотерапия – біріншіден, бейнелеу рефлекциясы әдісі, екіншіден – мүмкіндігі шектеулі баланың шығармашылық қабілетін танытатын технология, үшіншіден – психокоррекцияның әдісі, оның көмегімен кемтар балалардың эмоционалдық жай күйін түзетуге, сонымен қоса мүмкіндігі шектеулі баланың ішкі психикалық қиыншылықтарын шешуге көмегін тигізеді.Мектепке дейінгі жастағы тірек – қимыл аппараты зақымданған балалармен психокоррекциялық (оңалту) жұмыстарын жүргізу барысында изотерапия (бейнелеу терапиясын – сурет салу, илеу) мен ертегі терапиясын кеңінен көп таралған түрі болып табылады.Мектепке дейінгі жастағы тірек – қимыл аппараты зақымданған балалармен арттерапиялық әдістемелерді қолдануда сензитивті (сезімталдықты ояту, қалыптастыру) кезеңі болып 6 – 7 жас аралығындағы балалар саналады, кейде 5 жастанда басталады, егер балада зақымдалу түрінің жеңіл дәрежесі болған жағдайда ғана баламен жұмыс жасай алады.Бұл жаста тірек – қимыл аппараты зақымданған балада сөйлеу тілі, қимыл – қозғалыс дағдылары, көркем іс – әрекетіндегі қарапайым қозғалыс дағдылары қалыптасады, санасы дамиды, бұл арттерапиялық әдістемелерді қолданудың негізі болып саналады.Изотерапияның түрлері: Поролон бөліктерімен сурет салу –бала поролонның таңбасын жастықшаға қатты басу арқылы қағазға таңба түсіреді, поролонның әртүрлі үзімдерін әр түске бояу арқылы бейне жасайды. Сабынмен сурет салу – сабынды бор түрінде болмаса қолға ыңғайлы қалыпта ұстау арқылы сызықтар белгілі құбылыстар арқылы көріністерді бейнелейді. Щеткамен сурет салу –щетканың басын әр түрлі түске малу арқылы сурет салу. Майшаммен сурет салу – бала көрінбейтін көріністі табуға деген құлшыныс, қызығушылықпен жүзеге асатын бейнелеу өнері. Қылқаламның орнына қол арқылы сурет салу – алақанды немесе қол бастарын әртүрлі түске бояу арқылы қағазға таңба түсіру арқылы, қағазда әртүрлі қызықты бейнелерді жасап шығару. Бүрку арқылы сурет салу – бала қаламды бояуға малып қағаздың үстінде ұстап тұрып қатты қағазға қаламды соғады да, содан соң бояу арқылы қағазды бір немесе бірнеше түске өз қалауы бойынша бояйды нәтижесінде бояу қағазға шашырап, бейне пайда болады. Алақанмен сурет салу – бала бояуға алақанын малу немесе қылқалам арқылы (5 жастан басап) алақанын бояйды да алақанын таза ақ қағазға бастырады. Изотерапиялық сабақтарға арналған тақырыптарда бар. Мен үйдемін. Бұл тақырып аясында бала еркін тақырыпта, яғни өз үйінің суретін салады немесе қалай елестететінін жеткізеді. Сурет салынып болған сон суретте бейненленген бейнелер бойынша бала мен бірлесіп шағын әңгіме жүзінде талқыланады. Менің отбасым. Әрбір бала өз отбасы жайында сурет салады. Содан сон нұсқаушы суретте отбасы мүшелерінің орналасуын, баланың қандай отбасы мүшесіне жақындығын анықтап, байқайды. Мен келешекте. Бұл тақырып төңірегінде де бала еркін тақырыпта сурет салады. Болашақта кім болғысы келетінін, өзіне ыңғайлы кәсіп түрін, қандай мамандықты ұнататынын жеткізе алады. Махаббат. Сабақ барысында балалар лирикалық әуенді тыңдау барысында мейірімділік, сүйіспеншілік, жақсы көру, ұнату сезімдерін қалай түсінетіндерін ақ қағазда бейнелейді. Изотерапияның негізгі кезеңдері. Бірінші кезең: әлеуметтік – шығармашылық үрдістің алдын ала тегін қызмет көрсету. Арттерапияны әлі білмейтіндер үшін алғашқы кезең - көркем материалмен еркін эксперимент жүргізуде сенсорлық, эмоционалдық және саналы тәжірибенің маңызды кезеңі. Осы кезең барысында бала өзі білмейтін бойындағы жаңа жаңалықтарымен танысады. Шынайы тәжірибе көркем материалдан сенсорлық сезімдерді, сондай-ақ әртүрлі эмоциялар мен ойларды оятады. Көркемдік материалдың көмегімен түстердің атауларымен танысып, берілетін тапсырмалардың үлгілерімен танысып, берілетін үлгілердің ситаттамасымен танысу сезімдері туындайды. Сонымен қатар, көркемдік құралдармен ойнаудың басқа да артықшылықтары бар: бала бойындағы өз үрей, қорқыныштарын көркемдік құралдары арқылы бейнелейді, салынған бейнені талқылау барысында бала бойындағы жағымсыз көріністерді жоюға болады. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі баланың қажеттіліктеріне, проблемаларына, оның жасына байланысты болады. Әр баламен бір сабақтың өту уақыты жиырма бес минутты құрайды, содан соң сабақтың екінші кезеңіне өту көзделеді. Сабақтың бірінші кезеңінен екінші кезеңіне өту үшін ең маңыздысы сабақтың өту барысына керекті көркемдік құралдарды талдап, таңдап алу. Екінші кезең: шығармашылық белсенділік. Тірек – қимыл аппараты зақымданған балаларды

шынайы ортаға белсене араласа алмағандықтан өз белсенділіктерін үнсіздік арқылы білдіреді. Сонымен қатар, осы кезеңде, балалардың көпшілігі жұмыс барысында суретшілерге тән мінез-құлық танытады: шоғырлану, адалдық, тарту, толқу, сыпайылық, проблемаларды анықтау және кейде оларды шешу. Үшінші кезең: феноменологиялық интуитивті таным. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі баланы қадағалау болып табылады. Көркемдік құралдарды орналастыру үшін балаға жауапкершілік жүктеледі. Бала жауапкершілік қасиетті түсіну арқылы берілген жұмысты орындауы қажет. Тікелей психологтың араласуымен өтеді. Бала өзі орналастырған сурет, шығармашылық өнерін өзіндік бағалауы және дұрыс орналастыра білуі керек. Интуитивті таным – көркердік өнерді саралау үдерісі, нәтижені көруге болатын шығармашылық қасиетті таныта алу мүмкіндігі. Осы тұста арт – терапевт балаға: «Сіз жұмысыңызды жақсы көріңіз, оған көңіл аударыңыз, үнсіз қадағалаңыз және бұрын көрмеген нәрсені таба аласыз» - деген сияқты сөздерді айтады. Бұл тыныштық процесінде интуицияның кейбір көріністері «көзге көрінбейтін» дереу, бірінші кезекте, көрнекі өрістің қалған бөлшектерінен гөрі алға баса алады. Көп ұзамай егжей-тегжейлер маңыздылыққа ие болады және бақылаушы мағыналармен байланыс орнатуға кіріседі. Сонымен қатар, осы кезеңде түстердің үйлесімді комбинациясын, қалыңдығын, біркелкілігін, сызықтардың орналасуын байқайды. Төртінші кезең: «Сіз не көресіз?». Арт – терапевт балаларға «Сіз не көресіз?» деген сұрақ қойып, балалардың суретте не көріп тұрғандарын сипаттап берулерін сұрайды. Бұл сұраққа жауап ретінде өте қарапайым жауаптар алынады. Феноменологияның негізгі үш негізгі аспектілері бар. Бірінші - жеке қабылдаудың маңыздылығы: сіз не көресіз, жаратушы. Салынған суретің негізгі сипаттамасы баланың ішкі әлеміне алып келеді. Екінші –бұл аспект баланың сезіміне байланысты: естіген факт сенімнің бастауы дегенді білдіреді. Үшінші - сен не көріп тұрсың? Мұның бәрі, дәлелдер анықталған кезде, теориялық болжамдарға негізделген, болжау немесе спекуляция емес, шығармашылық өзін-өзі көрсетудің нәтижесі ретінде баладан көрінеді. Яғни, жүргізілген жұмыс нәтижесінде балада болған өзгерістерді байқау. Сурет салу барысында әр түрлі техникаларды қолдану қажет. Жазудың макромды техникасы: Ақ қағазға бояу арқылы әр түрлі үлкен бейнелерді салу. Түрту техникасы: белгілі түртілетін белгілері жетіспейтін суретті (нүкте,үтір,сызық т.б) толықтыру. Штрихтар техникасы: Суретті штрихтау арқылы бейнелеу.Қосымша белгілердің көмегінсіз, тек штрихтар, сызықтар арқылы сурет салу. Жағу техникасы: Саусақтар және алақан көмегімен салынатын суреттер. Алдымен саусақ алақанды бояп, содан соң қағазға бастырып жағу. Белгілер техникасы: Әртүрлі шеңбер, төртбұрыш т.б геометриялық, визажистік белгілерді қолдану арқылы сурет салу. Изотерапиялық жаттығулар. «Өз үрейіңді бейнеле» ойыны. Ойынның мақсаты – жағымсыз күйзелістерді жеңу және эмоциялық қысымды төмендету. Ойында балалардың өздерінің бойындағы қорқыныштары мен үрейлерін бейнелеп берулері сұралады. Балалар өз суреттері жайында айтады, сурет бойынша талқыланылады. Ойыншыларға бойларындағы үрейлерден арылу үшін ол суретті жыртып тастау, суретті күлкілі суретке айналдыру, жағымды эмоцияларға сәйкес жаңа сурет салу ұсынылады. «Ашудың суретін салу» жаттығуы. Балаларды қатты ашуландыратын адам немесе орын алған жағдай бойынша ойлануын өтініп, қалай елестететіндерінің бейнесін салуын сұрау. «Жағымсыз портреттер көрмесі» жаттығуы. Баланы ыңғайлы отырғызып, көзін жұмып, 3 рет дем алуын қадағалап, балаларға портреттер көрмесі алаңына енгізу. Онда балаға ұнамайтын, ашуын келтіретін, тіпті жақтырмайтын адамдарының портреттері ілінген. Әр портреттердің түстеріне, келбеттеріне назар аударуын өтіну. Кез – келген бір портреттің жанына тоқта. Осы адамның портретінің қандай сезім тудыратынын жасырмай жеткізуін сұрау. «Ашу хаты» жаттығуы. Баланың қандай адамға ашуы бар екенін ашуын туғызатын адамды анықтап, сол адамға хат жазу. Ол хатты ешкім оқымайды. Бұл хат балалардың өз сезімдерін, талаптарын шынайы білдіруіне бағытталады. «Жеке сурет салу» жаттығуы. Ойынның мақсаты – балаларды топ мүшелерімен белсене араласуына ынталандыру. Ойында балалар түрлі – түсті қаламдар, белгілерді қолдану арқылы сурет салады. Суретті салу барысында балалар түйсік пен сезімдерін ұштастыру арқылы кез – келген бейнені бейнелейді. Қорытындылай келе, Изотерапия жүргізудің көмегімен – мүмкіндігі шектеулі балаларды мазалайтын өзекті мәселелерді айқындауға болады, балалар бойындағы агрессивті мінез – құлықтарды, негативизмдерді,

Спортта жақсы жетістіктерге жету үшін жаттықтырушы педагогтың алдында оның оқушыларының спорттық шеберлігін жоғарлатуға әсерін тигізетін дұрыс жолддарды, яғни әдістер мен тәсілдерді қолдану мақсаты қойылады. Бұл әдістердің басты мақсатының бірі алдымен спортшылардың физикалық дайындығының сапасын жетілдіру. Осы дайындықтың негізінде спортшының күштілік, төзімділік және жылдамдық сияқты қасиеттерін дамыту алға қойылады [4,6,7]. Осыған байланысты бұл жұмыста волейболмен айналысаттын жасөспірім балалардың физикалық сапасын бастапқы дайындық кезеңінде жетілдіру мәселесі қарастырылды. Жас волейболшылардың физикалық сапасын жетілдіру мақсатымен жүргізілген

зерттеу жұмыстарына Мамлют ауданындағы Бексейіт орта мектебінің 13-14 жастағы 10 спортшы оқушы балалары қатысты. Зерттеу жұмыстарының барысында олар бақылау және эксперимент топтарына бөлінді (5 ойыншыдан). Ғылыми-зерттеу жұмыстары 2017 жылдың қазан айымен 2018 жылдың наурыз айларының аралағында жүргізілді.

Волейболшылардың физикалық сапасын жетілдіру мақсатымен олардың дәстүрлі дайындық үрдісіне қосымша келесі арнайы жаттығулар енгізілді: «орнынан ұзындыққа секіру, «30 метр қашықтыққа жүгіру», «допты астынан қабылау». Бұл жаттығулар сонымен қатар эксперименттің бастапқы (1-ші айналым), ортаңғы (2-ші айналым) және соңғы (3-ші айналым) кезеңдерінде сынамалар ретінде қолданылды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының барысында жас волейболшылардың физикалық дайындығын жетілдіру мақсатымен қолданылған жаттығулардың тиімділігін анықтау үшін жүргізілген сынамалардың нәтижелеріне салыстырмалы сипаттама берілді.

Физикалық дайындықтың деңгейін анықтайтын сынамалардың бірі «орнынан ұзындыққа секіру». Бұл сынаманың нәтижесінде ойыншының бұлшық еттерінің қаншалықты өсіп, ширақ қозғалатынын және секіру ұзындығын анықтауға болады. Бақылау және эксперимент топтарындағы балалардың «орнынан ұзындыққа секіру» сынамасының нәтижесі 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Бақылау және эксперимент тобындағы балалардың «орнынан ұзындыққа секіру» сынамасының нәтижесі (см).

Топтар	эксперименттің бастапқы кезеңі			эксперименттің соңғы кезеңі		
	1 айналым	2 айналым	3 айналым	1 айналым	2 айналым	3 айналым
А	182,8±4,7	184±4,8	185±2,7	187,8±4,6	189±4,4	192,4±2,7
Б	192,6±3,7	194,4±5,1	195±5,2	198,2±1,6	202,6±1,4	205,4±1,8

Түсініктеме: А - бақылау тобы; Б - эксперимент тобы.

Бұл сынаманың бақылау және эксперимент топтары бойынша салыстырмалы динамикасы 1 суретте бейнеленген.



1 2

Сурет 1. Бақылау (А) және эксперимент (Б) тобындағы балалардың «орнынан ұзындыққа секіру» (см) сынамасының динамикасы: 1 –эксперименттің бастапқы және 2 – эксперименттің соңғы кезеңдері.

Жоғарыдағы суреттен «орнынан ұзындыққа секіру» сынамасының нәтижелері үш айналымда да эксперимент тобында бақылау тобымен салыстырғанда біршама жоғары екендігі байкалады. Әрбір айналымдағы нәтижелерді салыстыру барысында бірінші айналымнан үшінші айналымға дейінгі айтарлықтай айырмашылық байқалмады: сынаманың нәтижесі бақылау тобында 2,2 см-ге, ал эксперимент тобында бұл көрсеткіш 2,4 см-ге артты. Сонымен эксперименттің бастапқы кезеңіндегі көрсеткіштер екі топта да бірдей деңгейде өзгерді. Суреттің екінші бөлігінен екі топтың нәтижелерінің үш айналымда да артқандығын байқауға болады. Дегенмен бақылау төбындағы нәтиже өсімі 4,6 см шамасында болса, эксперимент тобындағы нәтиже 7,2 см-ге жоғарыладыі. Сонымен эксперименттің бастапқы және соңғы

кезеңдерін салыстыру барысында бұл сынаманың көрсеткішінің айырмасы бақылау тобында 2,4 см, ал эксперимент тобында 4,8 см-ді құрады.

Волейболшыларды дайындау барысында олардың шапшаңдық қаблетінің деңгейін «30 метр қашықтыққа жүгіру» сынамасының көмегімен анықтауға болады. Бұл сынаманың нәтижелері 2 кестеден көруге болады.

Кесте 2. Бақылау және эксперимент тобындағы балалардың «30 метр қашықтыққа жүгіру» (сек) сынамасының нәтижесі

Топтар	эксперименттің бастапқы кезеңі			эксперименттің соңғы кезеңі		
	1 айналым	2 айналым	3 айналым	1 айналым	2 айналым	3 айналым
А	7,6±0,5	7,8±1,1	7, 4±0,8	7,2±1,2	6,4±0,7	6,2±1,1
Б	7,8±0,4	7,6±1,0	7,5±0,9	7,0±0,8	6,1±1,0	5,4±0,9

Түсініктеме: А - бақылау тобы; Б - эксперимент тобы.

Бұл сынаманың эксперименттің басталу және аяқталу кезеңдеріндегі үш айналымдағы динамикасын 2 суретегі көрініс бойынша салыстыруға болады.

«30 метр қашықтыққа жүгіру» сынамасының бақылау және эксперимент топтарындағы нәтижелері бастапқы кезде бірінші айналымнан үшінші айналымға дейін аз ғана мөлшерде өзгергендігі байқалады. Бақылау тобындағылардың 30 метр қашықтықты жүгіріп өту уақыты үшінші айналымда бастапқыдан 0,2 секундқа жақсарса, эксперимент тобындағылар бұл қашықтықты алғашқыдан, яғни, бірінші айналыммен салыстырғанда 0,3 секундқа жылдам жүгіріп өтті.

Эксперименттің соңғы кезеңінде «30 метр қашықтыққа жүгіру» сынамасының нәтижесі бойынша бақылау тобындағылардың жылдамдығының 1,0 секундқа, ал эксперимент тобындағылардың жылдамдығының нәтижесінің 1,3 секундқа жақсарғандығын атап өтуге болады. Бұл сынаманың нәтижесінде эксперименттің бастапқы кезеңімен салыстырғанда бақылау тобындағылардың көрсеткіші 0,8 секундқа, эксперимент тобында 1,0 секундқа жақсарды.



1 2

Сурет 2. Бақылау (А) және эксперимент (Б) тобындағы балалардың «30 метр қашықтыққа жүгіру» (сек) сынамасының динамикасы: 1 –эксперименттің бастапқы және 2 – эксперименттің соңғы кезеңдері.

Волеболшылардың ойын барысындағы негізгі мақсаты қарсыластың лақтырған тобын жерге түсірмей қағып алу. Бұл үшін аса ептілік және жоғары жылдамдық қажет. Сондықтан зерттеу жұмыстарының барысында волейболшылардың осы қасиеттерін тексеру мақсатымен «допты астынан қабылдау» сынамасы жүргізілді. Волейболда допты астынан дұрыс қабылдау өте маңызды, себебі осы жаттығу арқылы ойыншының зейінінің деңгейін байқауға болады [5]. Төменгі кестеде екі топтың ойыншыларының допты астынан қабылдау нәтижелері көрсетілген (кесте 3).

Кесте 3. Бақылау және эксперимент тобындағы балалардың «допты астынан қабылдау» (1 мин/саны) сынамасының нәтижесі

Топтар	эксперименттің бастапқы кезеңі			эксперименттің соңғы кезеңі		
	1 айналым	2 айналым	3 айналым	1 айналым	2 айналым	3 айналым
А	26±1,1	27±1,6	29±1,3	31±1,5	33±1,6	35±1,8
Б	27±1,2	28±1,5	32±1,1	32±1,4	35±1,7	40±1,6

Түсініктеме: А - бақылау тобы; Б - эксперимент тобы.

Жас волейболшылардың «допты астынан қабылау» сынамасының салыстырмалы диинамикасы 3 суретте көрсетілген.



1 2

Сурет 3. Бақылау (А) және эксперимент (Б) тобындағы балалардың «допты астынан қабылдау» сынамасының динамикасы (1 мин/саны): 1 –эксперименттің бастапқы және 2 – эксперименттің соңғы кезеңдері.

Жоғарыдағы сурет бойынша эксперименттің басталу кезеңіндегі «допты астынан қабылау» сынамасының көрсеткіштерін салыстыра отырып екі топтың да қатысушыларының нәтижелерінің артқандығын көруге болады: Б және А тобындағылардың көрсеткіштері бірдей өзгерді. Бақылау тобында 1-ші айналымнан 3-ші айналымға дейін допты қағып алу санының мөлшері 3-ке, ал эксперимент тобындағылардың допты қағып алу саны 5-ке артты.

«Допты астынан қабылдау» сынамасының нәтижесі бойынша эксперименттің соңғы кезеңінде Б тобының волейболшылары жақсы нәтиже көрсетті. Олардың көрсеткіші шамамен 3-ші айналымда 8-ге артып, А тобындағылардан 2 есе жоғары болып шықты.

Сонымен қорыта келгенде эксперимент тобына қатысқан жас волейболшылардың сынамалар бойынша жоғары нәтижелері олардың дайындық үрдісіне дәстүрлі дайындық жаттығуларымен қатар физикалық сапасын жетілдіру мақсатымен қосымша жаттығулар кешенін енгізудің нәтижесі. Бұл осы ғылыми-зерттеу жұмысында қолданған арнайы жаттығулардың волейболшылардың дене дайындығының сапасын арттыруға тиімді екендігін дәлелдейді.

Әдебиет:

1. Волейбол. От Монреаля до Москвы. Справочник. М., 1990.
2. Волейбол: Справочник. (Алексеев Е.В. и др.). М., 1994.
3. Железняк Ю.Д., Кунянский В.А. Волейбол: у истоков мастерства, М., 1998 г., 230 С.
4. Новаковский С.В., Дворкин Л.С. Теория и методология силовой подготовки детей и подростков. – Ростов-на-Дону, 2002, 326 С.
5. Питтера К., Педата П., Паскуалони. Движение изнутри. Алматы, 2011 г., 400 С.
6. Разумовский Е.А. Как стать сильным и выносливым. Ж. Физическая культура в школе. 2004, № 3. с. 9-12.
7. Филин В.П. Воспитание физических качеств у юных спортсменов. М.: «ФиС», 2004.г., 87 С.

ӘОЖ 376.3

ДИСЛАЛИЯ КЕМІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ОЙЫН МЕН ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Карманова М.М.
(Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қаласы)
Сәрсенбай Б.И.
(*ДФ-16 қ тобының студенті, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қаласы)*

Адамның даму,жетілу процестері бала кезден – ақ қалыптасады. Бүлдіршін жастан бастап,яғни мектепке дейінгі жас деп аталатын шақта бала өзінің болашақ тұлға,өз өмір сүріп жатырған елінің болашақ азаматы ретінде негізін қалайды. Бала сөйлеуді үйренеді және артынша осы үйренген іс әрекеті арқылы айналадағы дүниені тану мүмкіндігіне ие болады. Көргенін, білгенін айналасындағы жандарға сөз арқылы жеткізіп және тілдесе алады. Осы кішкентай іс әрекетінің өзіне білім дағдысы толастап, күнделікті өмірден алған әсерін молайта түседі. Тіл – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы барысында ақыл – ойын,адамгершілігін,тәрбиелік сезімін жетілдіру міндеттерін жүзеге асырудың ең басты құралы болып саналады[3].

Баланың тілін дамыту барысында,қалыптастыру әрекеттерінде ойынның алар орны, маңызы ерекше. Ойын арқылы баланың тілін дамыту жеңіл болып табылады. Ойын баланың оқуға деген және қоршаған ортаға деген қызығушылығы мен ынтасын арттыратын әдіс. Бүгіндесюжеттік, спорттық, шығармашылық ойындарды пайдалану маңызды. Ойындар баланың дұрыс, анық сөйлеуіне мүмкіндік береді. Балалардың тілін дамыту үшін ойын түрлері мен сөйлесу дағдыларын дұрыс қолдану керек. Ойын дегенді жалпы қалай түсінеміз?Ойын қоғамдық тәжірибені қалыптастыру мен дамыту барысындағы іс әрекеттің бір түрі,яғни тәртіпті және өзін өзі басқаруды жетілдіреді. Ойын арқылы бала бойына адамгершілік қасиеттер мен қоршаған ортаға деген құштарлықты қалыптастыру мен дамыту мүмкіндігін алады. Қазақ халқы ойынды балаға тәрбие берер бірден бір құрал деп тапқан. Ойын дегеніміз – баланың тілін дамытып,қызықтырып қана қоймай, қиялға қанат бітіріп, ойды алысқа жетелейтін нәзік құбылыс. Демек, ойын арқылы баланың ақыл – ойы, сөздік қоры молайа түседі. Ойынның тілді дамытудағы әсері ерекше. Мысалға,рөлдік ойындарда барлық балаларға бірдей рөл үлестіріледі де олар бір – бірімен сөйлесу мен тілдесу іс – әрекетіне сүйене отырып, қарым- қатынасқа түседі. Балалар бұл сәтте белсене жұмыс істей отырып, бір – біріне көмектесіп,жасап жатқан тапсырмаларын тиянақтап,өздерін ғана емес өзге оқушыларды да бақылайды,тәрбиешінің бұл уақыттағы негізгі міндеті бағыттаушылық қана. Балалар рөл берілген сәттен – ақ өздерін еркін,яғни ешкімнің ықпалынсыз отырғанын сезінсе, ары қарай ойындық рөлді қызыға ойнайтын болады[6].

Дислалиялық кемістігі бар балаларға да тілінің дамуына ойын мен жаттығулардың өзіндік әсері бар. ***Дислалия*** дегеніміз бұл есту қабілетінде дыбыс шығаратын ақаулық және сөйлеу аппаратының иннервациясы толық сақталмауы. Бұл патологиялық ақаулықтар мектеп жасына дейінгі балаларда немесе кіші мектеп оқушыларында кездеседі және ауызша сөйлеуде белгілі бір дыбыстардың жоқтығы, бұрмалануы, ауыстыру немесе ауыстыруымен көрінеді[1].

Дыбыстық өндірістің әртүрлі бұзылыстарының ішінде оның дыбыстық дизайнын сайлау кемшіліктері жиі кездеседі, ал басқа сөздері қалыпты күйінде қалып отыр. «Дыбыс шығармашылығы» ұғымы ауызша сөйлеу және сөйлеу моторикасының фонетикалық тұжырымдамасын қамтиды. Балалардағы дисплазия орталық жүйке жүйесінің немесе есту аппараттарының органикалық патологиясымен байланысты емес ең жиі кездесетін логопедиялық ақаулардың бірі екенін атап өткен жөн.

Драматизациялық деп аталатын ойын түрі бар. Бұл ойындар балаларға сөздер мен сөйлемдерді дұрыс айтуға және интонацияны дұрыс пайдалануға, мәнерлер оқуды меңгерте отырып дамыта түсуге көмектеседі. Бұл ойынның еретегілер мен әдеби шығармаларынан тұратындықтан, басқа тілді дамытуға арналған ойындар түрінен ерекше және күрделі. Ал егер бала бірінші рөлдік ойынды қолданса, бұл ойын түрі ешқандай қиындық туғызбайды. Мысалы, бұл драматизация деп аталатын ойынның түрін екі бағытта алуға болады:

1. Еш өзгеріссіз, түпнұсқада ойнап шығу
2. Өзгерістер енгізіп, сахнаға алып шығу

Бұл ойынның нақты тілдің мына түріне әсері бар деп аталатын мақсаттары бар:

1.Біздің төл дыбыстарымыз,яғни тек қазақ тілінде ғана қолданылатын дыбыстарды дұрыс дыбыстауға септігі мол. Және осы тіл арқылы қарым – қатынасқа түсу іс – әрекеттерін жүргізуге болады[2].

2.Естіген әңгімесін және болған оқиғасы туралы айту және оны өз іс –қимылымен көрсете алу.

Балалар сахнада шағын рөлдерде ойнай отырып,үлкендермен және өз қатарлы балалармен тіл табысып,сөйлеуді үйренеді. Ата – аналар мен тәрбиешілер әрқашан баланың тілін дамыту жұмыстарын жасаған кезде ойынның әсері мол екені есте сақтағаны дұрыс.

Сөйлесу,әңгімелесу әрекеті – белсенді және мақсаты бар үрдіс. Бұл іс – әрекетті толық орындап, жүзеге асыру үшін бала жанында серіктестің болуы қажет. Сол кезде ғана біріншісі сұрақ қойса, одан кейінгісі жауап беру мүмкіндігіне ие бола алады. Осы іс – әрекет арқылы балаларда диалогтық қарым – қатынас дами бастайды.

Бүгінгі техника дамыған заманда ата–аналарбалаларының мүмкіншілігінің көп екенінбілгені жөн. Теледидар арқылы берілген, көрсетілген ертегі мен ойындар балалардың тілдік дамуына әсерін тигізетіні сөзсіз.

Енді тілдің дамуына көмектесетін жаңа ойындарға кезек берейін:

Дем алу мен дем шығаруға арналған ойындар

Біз барлық сөзді дем арқылы шығарып,дыбыстаймыз және осы іс – әрекеттің арқасында дем алу жүйесі жаттығады. Ең қарапайым жаттығу түрі –үрлеу іс-әрекетіне сай жаттығулар: ысқырықпен ысқыру,сабынды көпіршіктер мен шарларды үрлеу.

«Жел» ойын түрі

Бір уыс мақта немесе қағазды үстел үстіне қоясыз. Ал сіздің бұл ойындағы міндетіңіз оларды алысырақ үрлеу. Кім алыс үрлесе, сол жеңімпаз атанады.

«Ату» ойын түрі

Бала «оқты» ерінмен қысады. Бұл жердегі оқ деп отырған заттың орнына ауа өткізбейтіндей қылып шарап немесе шампань секілді құтының тығынын пайдалану керек. Сосын іштен ауа шығару,яғни үрлеу арқылы тығынды атамыз. Және бұл ойында да қойылатын талап алысқа ату.

Артикуляцияны дамытуға арналған ойындар

Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға және анық айтуға арналған артикуляциялық қажетті жаттығулар бар. Бұл ойын процесінде бет бұлшықеттері және бас миының сөйлеу аймағы қатысады. Бұл аймақ «тілдік дыбыстау органы» деп аталады,және бұған тіл мен ерін де қосымша қызмет атқарып көмектесе алады. Бала нашар сөйлегенде, оның дыбыстарды дұрыс айту үшіната-анасы артикуляциялық ойындар мен жаттығуларды орындатуға көмек береді. Баланы бұл жаттығуларды жасарда қинауға болмайды. Балаға ойын қызықты көрініп, ойынның негізгі формасы сақталса, тапсырма оң нәтижесін береді. Бірінші сабақта 2 – 3 тапсырмадан артық беруге болмайды. Келесі жаттығуға өту үшін оның алдында өтілген жаттығуларды қайталау керек. Сосын бір айта кететін жәйт, барлық жаттығулар айна алдында отырып, еш қиындықсыз, шынайы орындалуы керек. Енді жаттығулар түрлері жайлы айтайын[4]:

«Қорған құру» жаттығуы

Тістердің астыңғы және үстінгі тістерді еш қиындықсыз көрсете отырып күлімдеу. Осы қалыпта 1 – ден 5 – 10 минутқа дейін тұрса жаттығу толық орындалды десек болады.

«Дөңгелектер жасау» жаттығуы

Ерінді «у» әрпіне ұқсатып алдыға дөңгелектетіп шығару қажет. Ал егер бала ернін дөңгелек қылып жасай алмаса, оның ернінен 1,5-2 см дей қашықтықта конфет қою керек. Сосын бала ол конфетке ернін созып, дөңгелектетіп оны алады.

«Тәтті тосап» ойыны

Тілдің жуан ұшымен еріннің жоғарғысында тұрған тосапты не оңға емес не солға емес тек үстінен жоғарыға қарай ғана жалау. Және бұл процесті орындағанда астыңғы ерін көмектеспеу керек.

«Ирелең» ойыны

Ауызды ашыңқырап жымию. Тілдің кең артқы жағын тіске қарай көтеру. Дәл солай 1 – 5 – ке санағанша ұстау. Бұл жаттығуда тіліңді кері артқа бұрғанда тілдің астын көргенде оны үстіңгі тіске көтеру керек.

«Тербету» жаттығуы

Мұнда тілді астыңғы тіске 1 – 4 – ке санағанша дейін ұстау сосын тілдің ұшын жоғары тіске дал солай ұстау. Бұл іс – әрекетті 4 – 6 рет қайталған дұрыс.

«Таңдай қақ»жаттығуы

Ашыңқырап тұрған ауызда тек тілдің көмегімен ғана таңдайды қағады жәймен сосын артынша жылдамырақ. Бірақ бұл іс – әрекет орындалып жатқанда астыңғы жақтың қозғалмауын қадағалау керек.

«Барабан» жаттығуы

Ауызды ашыңқырап отырып жымию қажет.Сосын тілдің ұшымен үстіңгі тістерді д – д – д дыбысымен алдымен асықпай сосын тезірек ұру керек. Ауыздың ашық болуын, еріннің жымиюын және астыңғы жақтың қозғалмауын қадағалау керек.

«Күрекше» жаттығуы

Ауызды ашыңқырап отырып жымию. Тілді кең көлемді астыңғы еріннің үстіне шығару. Дәл сол қалыпта 1 – 5 санағанша тұру керек.

«Мысық созылысы» жаттығуы

Ауызды ашыңқырап жымию. Тілдің ұшын астыңғы тіске тигізе отырып, тілді мысық керілгендей қылып майыстыру керек[5].

Тілді дамытуға арналған жаттығулар мен ойындарды саусақ арқылы орындау

Саусақ ойындарын байланыстыра отырып ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын жүргізу өте маңызды. Бұл іс- әрекет арқылы баланың бас миының жұмыс жасауын белсендіруге болады және баланың қолмен қағаз жазуы мен тілдің дамуын да арттырып, дамытуға болады.

Балалар 5 жастан бастап өзіне нақты тапсырылған тапсырмалар мен қол арқылы жасалатын іс-әрекеттерді орындауды үйренеді.

Барлық қолмен жасалатын жаттығулар алғашында өте баяу темппен басталғаны дұрыс сосын артынша жұмыс жасап тұрған қолдарды ауыстыру керек. Артынша жаттығуды дұрыс орындап отыру керек. Осы іс – әрекетті бірнеше минутқа созған жөн және күніне 2-3 рет орындаса, жаттығу толық орындалды десек болады.

Бұл зерттеу жұмыс дислалия ауытқуы бар балаларға ойын мен жаттығуды орындату. Түзету мектептерінде білім алатын оқушыларға арналған.

Мінекей,жоғарыда айтылған барлық жаттығулар мен ойындар баланың тілінің дамуына үлкен тигізер әсері мол. Жалпы қазіргі заманда тілді дамытуға арналған жаттығулардың қазақ тіліндегі басылымдары мен жинақтары жоқтың қасы.Сондықтан мұнда жазылған жаттығулардың ішінде өзіміздің қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға және анық шығаруға көмектесетіне сөзсіз. Бұл жаттығулардың барлығын баланың өзі орындалмайтыны анық,сондықтан ата-ана мен тәрбиешінің тәрбиеленушіге берер көмегі мол. Бұл көмекшілердің арқасында бала берілген тапсырмалар мен жаттығуларды мүлтіксіз орындап шығад алады. Және де әріптер мен дыбыстарды анық айтудан бөлек балалардың баяу немесе жылдам сөйлеуіне де көмектесетін жаттығулар бар. Көбінесе оларға қазақ тіліндегі жаңылтпаш

тақпақтар көмектесе алады. Ал бұл жаттығулар баланың тез,жылдам сөйлегенде сөзінен тұтығып қалмауын,ойын толық жеткізуін қамтамасыз етеді және кекештіктің алдын алады. Дәл сол сияқты тіл мен тіске арналған жаттығулар да балалар сөйлегенде дыбыстардың анық шығуын,яғни қандай да бір кедергінің болмауын қамтамасыз етеді. Бұл мәліметтерді оқығанда тек теория жағдайында оқып қана қоймай, осы жаттығуларды балаларға тәжірибе жүзінде орындатқаны жөн. Артынша оның қандай натиже беретінін бақылағаны дұрыс. Бұл ойындар мен жаттығулар балаға толық оң әсерін беріп, баланың тілінің дамуына көмектесетіні сөзсіз анық.

Әдебиет:

1. Bilimsite.kz сайты М.Қиятовна «Баланың тілін дамытудағы ойын»
2. Mama.rucайты Как развить речь ребенка с помощью игры ?
3. Ю.Б.Гиппемритер «Общаться с ребенком КАК ?»
4. Л.В.Соколова , Н.Г.Андреева Россия: Лань «365 секретов правильного развития» 2013
5. Олеся Жукова/Уникальная методика развивающих уроков/«Развитие речи малыша» 08.02.2013
6. Л.С.Выготский Баланың жас ерекшеліктері психологиясы және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. 1999

ӘОЖ 372.2.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІ АТА-АНАЛАРМЕН БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кәсенова М.Т.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, кафедра оқытушысы, п.ғ.м.)

Кәсенова А.Т.

(Петропавл қаласының Әл-Фараби атындағы мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі),

Балтабаева А.М.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ студенті)

Бүгінгі күні еліміздің бәсекеге қабілетті елу ел қатарына еніп, әлемдік деңгейге сай келу үшін өндірістің, ғылым мен техниканың дамуы қажет екені анық. Бұл мақсатқа, міндетке жету үшін табиғаттың сан түрлі салаларын шаруашылыққа қарқынды пайдалану қажет. Өндірістің дамуы табиғи ресурстарды азайтып қана қоймай, қоршаған ортаның ластану проблемасын тудырып отыр. Қазіргі кезде экологиялық проблемалардың ұлттық, аймақтық және ғаламдық тұрғыда өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан да айнала қоршаған ортаны қорғау мақсатына бағытталған күрделі іс-шаралар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскеннен кейін экологиялық білім беру мен тәрбиенің маңызы артады [1].

Бүгінгі күні қоғамда көптеген өзекті де өткір мәселелерді оңтайлы шешу көп ретте азаматтық қауымдастықтың даму деңгейін өрістетуге, жеткіншектер мен жастардың экологиялық мәдениетін еселеуге, қоршаған ортаға деген құрметін, Табиғат-Анаға азаматтық сүйіспеншілігін қалыптастыруға тікелей байланысты. Қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде балаларға экологиялық тәрбие беру - оқу-тәрбие үрдісіндегі әлеуметтік мән-маңызы зор, сондай-ақ құнды бағыттардың бірі. Табиғатты қорғау жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Экологиялық тәрбие мәселесін жан-жақты қарастыруда А.В. Чигаркин, Ж.Ж. Жатқанбаев, Қ.А. Сарманов, Ж.Б. Шілдебаев және т.б. сияқты ғалымдардың еңбектері өздерінің маңыздылығымен ерекшеленді. [2, 3, 4, 5].

Мектепке дейінгі жастағы балаларға адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие беруге байланысты мектепке дейінгі мекемелердің алдында негізінен келесідей міндеттер тұр. Атап айтқанда:

-педагогикалық мамандардың экологиялық тәрбие беру жөнінде білім деңгейін көтеру;

-балаларды айналамен таныстырудың бағдарламасын олардың ата-аналарына насихаттау,

-әртүрлі жастағы балалар топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстар жүргізу.

Экологиялық білім – табиғатты қорғау саясаты. Ал адамзат баласы қол жеткізген жетістіктер түрі сан алуан десек, солардың барлығын біріктіріп, біртұтас жаңа жүйеге жинақтап отырған сала – экология екендігінде дау жоқ. Экологиялық білім мен тәрбие беру - «Қоршаған орта-адам-қоғам» жүйесіндегі қарым-қатынасты бүлдіршіндердің игеруі кезеңінде қалыптасады. Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты - балалардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік қарым-қатынасын қалыптастыру. Экологиялық мәдениеттілік адамның сезімін тәрбиелеуден, экологиялық сананы қалыптастырудан шығады.Экологиялық білім мен тәрбие беру - табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда белсенді әрекет жасай алатын жеке тұлғаның экологиялық сенімін қалыптастырып, белсенділігін көтеру. Сондықтан, экологиялық білім беру балабақша жасындағы балаларға табиғатқа жаңаша көзқарасын тәрбиелеудің негізі болса, әртүрлі формаларда жүргізілетін экологиялық тәрбие жеке тұлғаның эмоциялық-сезімдік әлеміне бағытталады, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін өсіреді. Экологиялық тәрбиелеу функциясы балаларды табиғатқа деген жанашырлықты, жауапкершілікті сезінуге баулиды. Экологиялық сана экологиялық білімнен тұрады. Ол балалардың дүниетанымының маңызды құрамдас бөлігі ретінде экологиялық тәрбие беру үрдісінде дамиды.

Балалық шақ баланың жеке тұлға болып қалыптасуының алғашқы сатысы. Баланың айналамен танысу және экологиялық тәрбие дағдыларының қалыптасуы осы мектепке дейінгі жас шағында қалыптасады. Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, үлкендердің ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын бала өз отбасынан алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады. Тәрбие негізі қаншалықты сапалы болса, келешек кепілі де сондай болмақ. Оның бір бағыты ретінде экологиялық білім сапасын назардан тыс қалдыруға болмайды. Себебі, экологиялық тәрбие - ол баланың қоршаған ортасы, айналасы, болашағы деген ұғымдармен тығыз байланысты. Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Сондықтан ел болашағы, бүгінгі жас ұрпақта жаңа экологиялық сезім қалыптастыруы керек. Бүгінгі таңда адамзатты ерекше алаңдатып отырған зор мәселелердің бірі – қоршаған ортаның, табиғаттың жай-күйі.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің экологиялық түсініктерінің деңгейін анықтау бойынша ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Петропавл қаласының мектепке дейінгі мекемелерінің тәрбиеленушілерінің ата-аналары қатысты.

Зерттеу барысында ата-аналардың барлығы өздерін экология мәселесі қызықтыратынын, табиғатты сүйіп, жануарлар мен құстарды ұнататынын көрсеткен.

Ата-аналардың 75% баланың әңгімелеуі, үй жануарын немесе құсын асырап алу, өзін саябаққа, зоопаркее апару немесе табиғат туралы оқып беру бойынша сұранысы бойынша мектепке дейінгі мекемеде балалардың экологиялық тәрбиесіне көп көңіл бөлінетінін білетіндерін көрсеткен.

Ата-аналардың 90% балаларды экологиялық тәрбиелеуге мектепке дейінгі мекемеге көмек көрсетуге дайын екендігін білдірсе, 10% - бұл жұмыстарға уақыттың тығыздығынан қатыса алмайтынын көрсеткен. Көмек ретінде балалармен бірге гүл отырғызу, топ алаңын көгалдандыру жұмыстарына қатысу сияқты жұмыстарды ұсынған.

Мектепке дейінгі ұйымнан балаға экологиялық тәрбие беру бойынша қажет көмек ретінде ата-аналар табиғат аясында өткізуге болатын сынақтарды белгілеген.

Табиғатты жүйелі түрде бақылау балаларды байқағыштыққа үйретеді. Мұның өзі балалардың өмірге көзқарасын өзгертіп, олардың талғамын оятады. Тәрбиешінің күнделікті іс-қимылын бала бақылай отырып, қайталайды. Бала жануарларды күтуге, табиғи ортаға жанашырлықпен қарауға үйренеді. Бала табиғатпен тілдесіп, оның сырларын ұғады. Әсіресе, экология ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде табиғаттың ғажайып құбылыстарымен

таныстыруға болады, олардың мәнісін ұғындыру арқылы жастайынан жан-жақты тәрбиелеп, баланың қабылдауын, зейінін, ойын, тілін дамытуға болады. Экологиялық тәрбие беруде балаларға көркем әдебиет туындылары, нақыл сөздер, өнегелі өсиеттер, тыйым сөздер оқу маңызды роль атқарады. Сонымен бірге, әртүрлі ойындар күнделікті тұрмыс, адам өмірі мен еңбек әрекеті, табиғат және ондағы өзгерістерді тани білуге көмектеседі.

Зерттеу барысында ата-аналардың мектепке дейінгі мекемелерге балаларға табиғат құбылыстары мен заңдылықтары туралы білімді кеңейту, экологиялық тәрбиені жетілдіру жұмыстарына ат салысуға дайын екендігі анықталды. Бала тәрбиесі отбасыдан басталады. Экологиялық тәрбиенің негізі отбасыда қаланып, мектепке дейінгі мекемеде қалыптастырылады. Сауалнамадағы ата-аналардың ұсынысы бойынша мектеп жасына дейінгі балалармен табиғат аясында баланың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатымен ұйымдастыруға болатын сынақтар кешені құрастырылды.

Қорыта келгенде, мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда экологиялық ортаның алатын орны ерекше. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беруде табиғаттың маңыздылығын жас ерекшеліктеріне қарай сатылай түсіндіру, баланың ойлау қабілетін, сөздік қорын, тілін дамыту, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Сонымен қатар, бала бойындағы әдемілік, әсемдік жөніндегі түсінігін кеңейтіп, табиғат сұлулығын танып, сезіне білу оны шығармашылық пен өмірге сене білу қабілетін, талғам қиялын дамытады.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының экологиялық білім беру концепциясы, 2002 ж.
2. Чигарин А.В. Активизация познавательной деятельности учащихся. –М., 1979. –210 б.
3. Жатқанбаев Ж.Ж. «Экология негіздері» курсы. Авторлық бағдарлама //Биология, география, химия. –№5. –1998. –12 б.
4. Сарманов Қ.А. Экология тазалығы.–Алматы, 1994. –60-61 б.
5. Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты қорғау. –Алматы, 2002 –121 б.

ӘОЖ 376.42

ДАУН СИНДРОМЫ БАР БАЛАЛАРҒА МАНДАЛ ТЕРАПИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Кельдигулова А.Н.,

(*Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қаласы)*

Едіге Н.Ғ.,

(ДФ-16 қ тобының студенті, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қаласы)

Біз өмір сүріп жатқан қоғамда даун синдромы ауруымен ауыратын жандарды қоғамдық өмірге бейімдеу, оларды оқыту, коррекциялық(түзету) жұмыстарын ұйымдастыру болашақ дефектологтардың негізгі міндеттері болып табылады. Даун синдромы бар жандар туралы қысқаша анықтама төмендегіше болады:

Даун синдромы-геннің патологиялық бұзылуы, 46 жұп хромосоманың 47 болып кариотипінің өсуі. 21-ші жұп әдетте 2 хромосомадан тұратын болса, бұл синдром кездесетін жандарда 3 хромосома болып өзгеруі (трипоносомия) [1].

Бұл ауруды 1866 жылы Джон Даун тұңғыш рет сипаттама беріп, одан әрі дамытқаны үшін «Даун» есімімен атаған. Джон Дауннның ғылыми еңбектерін толыққанды зерттеп, бұл аурудың шығу тегін хромосомалық патологияның өзгеруі әсерінен деп тұжырымды ой-пікір айтып, сол пікірді толық зерттеген француз генетигі Жерем Лежен болды. Бұл аурудың себебі –

21-ші жұптың өзгеруі әсерінен болғаннан кейін, Халықаралық Даун мерекесі 21-ші наурызға қойылған болатын. 2006 жылы 21 наурызда Халықаралық күнтізбеге енгізілген болатын.

Енді, бұл балаларға қолданылатын мандал терапия әдісі туралы қарастырайық, мандал терапия туралы анықтама бере кетейін[8]:

Мандал латын тілінен аударғанда «шеңбер» деген мағынаны білдіреді. Мандал терапия-адам бойын рухани сауықтыратын және тазартатын терапия. Өзіне деген сенімділікті нығайтып, қолда бар мүмкіндікті пайдалануға әрекет ететін, сананы тазартатын ежелгі терапия болып табылады.

Коллекцияға енгізілген барлық материалдар американдық суретші әрі арт-терапевт Джоанна Келлоггтің шығармаларымен байланысты, ол 60-шы жылдардың соңынан бастап пациенттермен жұмыс барысында мандал сурет салу техникасын белсенді қолдануға кірісті[6].

Мандал терапияның дамуы мен оның өзгерістеріне келетін болсақ, Мандал терапияның бәрі қағаз бума мен тақтайшаларға шеңбер түрінде безендірілініп салынады. Бұл терапияның басқа терапияларға қарағанда күрделі әрі қызық терапия болып келеді. Күрделі болатын себебі:терапия 5 эффект түрінде сипатталады және оның орындалуы барысы 13 кезең бойынша жүргізіледі. Бес эффектке:Айна, әлемдік ағаш, дөңгелек, қасиетті орын, шеңбер эффектері жатады. Кез-келген эффектердің өзіне тән құрылымы мен қызметтері бар. Даун синдромы ауруымен ауыратын жандар осы эффекттің кез-келген түрін орындай алады. Эффектердің орналасу реті жеңіл түрінен қиын түріне қарай орналасқан. Даун балалар әр эффектті орындау арқылы өзіне деген сенімділігі артып, қол моторикасы дами бастайды. Даун балалар өз ойын еркін жеткізе алмай, қоршаған ортасынан шет жырақта жүреді және осы кезде дефектолог пен психолог мамандар арнайы балаларға сурет салғызу арқылы проблеманың шешімін табуға тырысады. Сурет салу арқылыДаун балалар өз ойын еркін жеткізе алады, бұндай кезде мандал терапияның алар орны ерекше.

Мандал терапияның арт-терапияда қолдану барысы өте күрделі процесс болып келеді. Бұл процесс барлық адамға қолайлы, бірақ бұл ауру сияқты емес. Мандал терапияны жүргізу кезінде пациент өзін жайлы ұстайды, уақытша «міндеттесің» және «орындауға тиіссің» деген сөздерді ұмытады.

Адамдардың темпераменті мен мінез-құлқына байланысты, емдеу барысында мандал терапияның сан алуан түрлері қолданылады. Көптеген мамандар кез-келген мандалдың түрі адам үшін сөзсіз пайдалы және олар белгілі-бір уақытты қажет етендігін айтқан болатын. Егер қиындыққа тап болған адам өзің сол қиындықтан алып шыққысы келсе, мандал терапияның жеңіл түрінен бастаса болады. Осы терапияны қолдану арқасында олар шешімін таппаған және өте тұңғиықта жатқан ішкі ойларын домалақ мандалдарды салу арқылы шығаруға болатынын ғылыми түрде дәлелденген.

Даун балалардың салған мандал суреттерін психологиялық жағынан түсіну үшін оның ең бірінші қандай түспен боялғанын, шеңбердің ішіне қандай сурет салғанын және қандай формада салынғанын қадағалау керек[7].

Мандалды салу нәтижесінде суретке қарап, салған автордың темпераменті мен мінез-құлқын, денінің саулығы мен сау еместігін, жүрек түкпіріндегі жасырып қалған сырларында аңғаруға болады.

1984 жылы газет беттеріне шыққан мандал терапияның 13 кезенің атап көрсетеді:

• Нөлдік кезең: «таза жарық», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері:діріл, жеңілдік, ғарыш пен уақыт сезімін жоғалту, барлығымен бірге өмір сүру, біріктірілген тәжірибе, жалпы қараңғылық пен жарықтың оң тәжірибесі, бірлік жаратылыс көзімен, шығармашылық, Ниги-Ниги.

• Бірінші кезең: «кеңістік», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері: қараңғылық, ауырлық, инерция, суық, сенімсіздік, жалғыздық, бас тартушылық, ылғалды шымырау.

• Екінші кезең: «бақыт», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері:ішкі тәжірибе, адамсыздық, көрінбеушілік, тыныштық, сенім, кеңістік, пассивтілік, «мен» шексізбін, нарцисизм, күнәларды кешіру, толық қабылдау тәжірибесі, балқу актісіне қарама-қарсы.

• Үшінші кезең: «лабиринт, спираль, құйын», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері:ішкі тәжірибе, шоғырландыру, сіңдіру, Құдайдың тынысы, құйын, жарақат, ғибадатханаға кіру, тағдыр, сенімсіздік, паутина.

• Төртінші кезең: «басталуы», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері:шеңбер ішіндегі шеңбер, әке мен ана, Мадонна және бала, жаңа өмір, сіңдіру, ұрық.

• Бесінші кезең: «мақсат», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері:қысым, сорғыш шұңқыр, параноиа, қауіп-қатер, обсессивті-компульсиялық реакциялар, қорғаныс әдет-ғұрыптары, магия.

• Алтыншы кезең: «пародоксальды жарылыс, айдаһармен жеке күрес», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері жоқ.

• Жетінші кезең: «дөңгелектеу шеңбер»[5]

• Сегізінші кезең:«Эго қызметін атқарушы», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері:дифференциалды Эго, күш нысаны ретінде орталық форма, мессианалық кешен.

• Тоғызыншы кезең: «кристалдау», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері:пластикалық және қарапайым, функционалдық, гармония, эстетикалық тәжірибе және тағы басқа.

• Оныншы кезең: «өлім қақпасы», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері:жырау мадонна, ағашқа шегеленген Христос, Адонис, Иксион, қорлау, жеңіліске ұшырау, өліммен кездесу, аяқтау, депрессия, жалғыздық, паралич.

• Он бірінші кезең: «Фрагментация», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері:шегелеу, «мен» сезімін жоғалту, психоз, дезинтеграция.

• Он екінші кезең: «Транценттік экстаз», бұл кезеннің вербальды бірлестіктері:ақ түс, фонтан, ер организмі, жексенбі, аяқтау, ағарту және тағы басқа.

Мандал терапия келесі жағдайларда жүргізіледі:

- ✓ Жүйке жүйесінің шаршауы;
- ✓ Өзіндік бағалауының төмендеуі;
- ✓ Ашуланшақтық;
- ✓ Отбасындағы қиын жағдайлар;
- ✓ Кішкентай балалардың ата-анасын тындамауы;
- ✓ Депрессия;
- ✓ Жаңа белестерге немесе жаңа жұмыстарға(жаңа ортаға) тез үйренісе алмау;
- ✓ Ұсақ моториканың бұзылуы;
- ✓ Психосоматикалық бұзылыстар;
- ✓ Қорқыныш, созылмалы уайым;
- ✓ Өзін-өзі өлтіруге бейім болу;
- ✓ Шығармашылық қабілетін жоғалту;
- ✓ Баланың жасына сай емес дамуы;
- ✓ Шыдамсыздық;

Жоғарыда көрсетілген жағдайлардың ішінен біреуі баланың бойынан табылатын болса, онда баланы арнайы мамандарға апарған жөн. Даун балалардың бойынан жоғарыда көрсетілген жағдайлардың бәрі орын алуы мүмкін, сондықтан да, бұл балаларға да мандал терапия қолдана отырып бойындағы дұрыс емес қасиеттерді жөндеуге болады[2].

Даун балаларға мандал терапияның бір әдісін мысал ретінде көрсетейік: Арнайы балаларға шеңберге отбасының суретін салдырамыз. Суретті салу барысында дефектолог пен психолог және ата-аналар балаға кедергі жасамау шарт. Суретті салып бітірген соң, салынған суретке диагностика жасаймыз. Диагностика кезінде мынадай белгілерге баса назар аударамыз:Ең алдымен баланың отбасы ішіндегі орналасқан орнына қараймыз, сол арқылы баланың суреттегі орны отбасындағы адамдармен қарым-қатынасын білдіреді. Егер бала өзін суретте шет жаққа бейнелесе, онда біз баланың отбасыдан тиісті қамқорлықты ала алмай жүргенін байқаймыз. Шеңбердің ішіндегі суретті төмен салатын болса, онда бала өзін-өзі бағалау деңгейі төмен екенін білдіреді, ал егер керісінше жоғары салса, онда баланың өзіне берер бағасы жоғары деген сөз[9].

Символдардың мағынасы:

Гүл-әдемілiктің, өмірдің енді бастау алғандығын, көктемнің белгісі.

Крест-мәселелердің толық шешілмеуі, таңдау мен рефлексия белгісі. Сана мен бейсаналықтың кроссовер күйі.

Шеңбер-басталған істің бітуі, ішкі әлемдегі мінсіздікті және тәртібін түсіну. Теңестіру.

Квадрат-бақыланатын энергияның белгісі. Адамның өз идеялары мен мақсаттарын жүзеге асыру қабілетін ашады.

Үшбұрыш. Орналасу ретіне байланысты болады. Сурет үшбұрыштың жоғарғы жағына салынса, онда-еркектік, күш және мақсаттылықты білдіреді, ал егер төмен жағына салынса, онда-әлсіз, тұрақсыздық, өзін-өзі құрту дегенді білдіреді.

Бесжұлдыз-күш, қорғаныс, өзіне деген сенімділік, еркіндіктің белгісі.

Спираль. Оңға бұрылып келе жатқан ай мен күн жолының нышаны, жаңа нәрсенің басы.Солға-регрессияға айналу, қуаттың қалдықтары дұрыс бағытта емес, біртіндеп бүліну.

Көз-бұл нәрсені көруден, мәнін түсінуден бас тарту емес, болып жатқан нәрсені қадағалау.

Жүрек-сезімталдықтың, эмоциялар мен уайымның белгісі.

Тал-тыныштық, үнсіздік, сабырлықтың белгісі.

Түбір-туыстарымен, туған жерімен байланыс.

Ағаштар-әлем, беріктіліктің белгісі.

Мысық-жабық, мұқият, құпиялылықтың белгісі.

Ит-достық, адалдықтың белгісі.

Көбелек-кезеңдермен, табиғатпен үйлесіммен дамыту.

Жылан-ақылды және қулықтың белгісі.

Тасбақа-жауапкершіліктің жоқтығы, әлем алдында қорқыныш.

Көгершін-бақыт пен махаббаттың белгісі.

Павлин-мінездің мықтылығы, мақтаныш.

Қораз-өз позициясын қорғау, күресуді бастауға деген ұмтылыстың белгісі.

Балық-жалғыздық, әділеттілікке ұмтылу.

Түстердің мағынасы:

Қызыл түс-мүмкіндіктер мен күш-жігерді білдіреді. Белсенділік, күрес, әділеттілікке, күреске, мақсатқа жету үшін ұмтылыс. Өрт-зұлымдық пен қараңғылықты сіңіреді. Егер суретте қызыл түс болмаса, онда керісінше, әлсіздік, күшінің жоқтығы, күреске деген әлсіздігін білдіреді.

Сары түс-жаңа нәрсеге, білімге деген ашықтықты бейнелейді. Өмір, тәуелсіздік, түсіністікке деген сүйіспеншілікті суреттейді.

Жасыл түс-қалпына келтіруді, өзіңізге және өзгелерге көмектесуді, сақтауды, қорғауды білдіреді. Өзін және басқаларды дұрыс қабылдайды[].

Күлгін-корольдік түс. Ерлер мен әйелдерді байланыстырады. Кейде өзімшілдік, даралылық сияқты көрінетін рухани энергия. Өз идеялары мен әлеммен байланысты бұзылуына әкелуі мүмкін.

Көк-түйсіктің көрінісі. Қара реңде болатын көк түс-тыныштықтың, дауылдың, түннің, тәжірибенің белгісі. Ашық реңде болатын көкшіл түс-жаңашырлық, бұлтсыз аспан, шексіздік, аналықтың терең мағынасы болып табылады.

Қызғылт-оң энергияның, жұмсақтық пен өзін-өзі қабылдаудың символы.

Қара түс-кеңістіктің, терістеудің, қайғы мен жоғалудың белгісі. Қараңғылықтан жаңа нәрсе пайда болған кез. Қараңғыда да, басқаларға көрінбейтін процестер пайда болуы мүмкін[3].

Ақ түс-ақылдылықты, әлемге ашықтықты, сананың тазалығын бейнелейді және бұл энергияның жетіспеушілігін, шындықтан және әлемді дұрыс қабылдауды білдіреді.

Барлық түстерді пайдалану(көкжиек көңіл-күй) емдеуге, өмірдің басталуын жаңа сезінуге, қайта ойлауға арналған жолды білдіреді.

Түстердің байланысы бойынша диагностика:

Қара және ақ сурет- қарама-қайшылықтардың эмоцияларсыз күресі. Уайымдаудан ерекше демалыс алады. Эмоционалдық жағынан интеллектуалды басымдық.

Қызыл+қара-ашулану, алаңдаушылық, қайғы.

Қызыл+жасыл-тартысты сезім, қажеттілік пен ата-аналық бақылау арасындағы қақтығыстар.

Сары+қара-әлсіздіктен көп нәрсеге ұмтылғандықтан өзін-өзі төмен бағалау. Жиі көңіл-күй өзгерістері.

Қызыл+көк-жанжал жағдайы. Қамқорлықтан босату ниеті. Қоңырау.

Қызғылт+қара-өзіңіз туралы теріс ойлар. Басқа адамдарға назар аударымпаздық пен сүйіспеншілік[4].

Бұл зерттеу жұмыс Даун синдромы бар балаларға мандал терапияны қолдану. Түзету мектептерінде білім алатын оқушыларға арналған.

Мандал терапия қағаз немесе ағаштарға шеңбер түрінде салынады. Қазіргі кезде дайын түрдегі тек бояуды қажет ететін мандалдарда бар(бірақ бұндай мандалдар өте ауыр дәрежедегі балалар үшін қажет). Мандал терапияны Даун синдромымен ауыратын балаларға арт-терапия бағытында қолданатын болсақ, онда арнайы балалар өз эмоциясын білдіріп, қоршаған ортаға деген көзқарасы кеңейіп және дүниетанымы дұрыс қалыптасатын болады. Сурет салу барысында түстерді ажыратып, фигураларды толықтай тани бастайды. Іште тұнып жатқан ойлары мен сезімдерін шығарып жеңілдеп қалады. Мандал терапия арт-терапияның бір бағыты. Даун балалар көбіне үндемей отырып, бір жұмысты 2-3 сағаттай ұзақ уақыттай ойнайды немесе жасайды. Мандал терапия бұл балаларға ең керекті терапия болып есептелінеді. Өйткені, домалақ мандалдарға суретті салғызып (қиын Даун диагнозы бар балаларға дайын мандалдарды боятқызу арқылы) қана қоймай, эмоциясы мен ойлау қабілеттілігін байқауға болады. Мандал терапия әдісті арнайы сабақ жоспарына қосып, күнделікті қолданылатын болса, ондай жағдайда Даун синдромы бар балалардың қол моторикасы дамып, ойлау қабілеті біршама жақсарар еді.

Әдебиет:

1. Bush, Carol (1988). Dreams, mandalas, and music imagery: therapeutic uses in case study // The Arts in Psychotherapy. 15: 219-225.
2. Dileo, F., Grof, S., and Kellogg, J. (1977). The use of a mind-revealing drug (D.P.T.), music, and mandalas in psychotherapy: a case présentation. In Proceedings of the Conférence of the American Art Therapy Association, (pp. 78-86). Virginia Beach, Virginia.
3. Kellogg, J. (1978). Mandata. Path of Beauty. Mandata Assessment and Research Institute, Baltimore, Maryland.
4. Kellogg, J. (1986). Color Theory from the Perspective of thé Gréât -Round of Mandata. Presented at Color Panel American Art Therapy Conférence. Los Angeles, Galifornia. November 15, 1986.
5. А.И.Копытина (2005). Диагностика в арт-терапии. Метод «Мандала»
6. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология.-Алматы: «Дәуір», 2011.
7. Л.С.Выготский Баланың жас ерекшеліктері психологиясы және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. /Оқу құралы/. Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. 1999
8. Ахметова П.А., Асанова А.Ж. «Мүмкіндігі шектеулі баланың» жаңа қоғамдағы педагогикалық-психологиялық мәселелері» // «Жастардың педагогика ғылымына көзқарасы» атты студенттік ғылыми - практикалық конференциясының материалдар жинағы, Қостанай, 8 сәуір 2014
9. Намазбаева Ж. «Дефектологтың кеңесі» Алматы, 1980.

УДК 611.01

ПРИМЕНЕНИЕ СУРДОПЕДАГОГИЧЕСКИХ МЕТОДОВ И СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ СЛУХОПРОТЕЗИРОВАНИЯ ДЛЯ ПРЕОДОЛЕНИЯ ФАКТОРОВ СОЦИАЛЬНОЙ ОТЧУЖДЕННОСТИ ПРИРОДЫ СЛУХОВОГО ДЕФЕКТА

Ковалевская К.О.
(СКГУ им. М. Козыбаева)

Аннотация

В данной статье рассматривается эффективность применения образовательных сурдопедагогических методов и современных технологий слухопротезирования в организации оптимального процесса социальной адаптации людей со слуховыми дефектами. В первой части статьи приводится статистика недуга данной формы и нормативные положения законодательства РК и исполнительной власти по урегулированию вопроса защиты инвалидов. Вторая часть статьи посвящена раскрытию природы социальной отчужденности у слабослышащих. В третьей части статьи определяются оптимальные методы организации учебно-воспитательного процесса для слабослышащих детей согласно основам сурдопедагогики. В заключительной части приводится структура современных цифровых слуховых аппаратов и перечень основных производителей.

Аңдатпа

Бұл мақалада аудиторлық соңырау бар адамдардың әлеуметтік бейімделуінің оңтайлы процесін ұйымдастыруда оқыту педагогикалық әдістері мен есту аппараттарының заманауи технологияларын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Мақаланың бірінші бөлімінде осы нысандағы аурудың статистикасы және мүгедектерді қорғау мәселесін шешу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының және атқарушы биліктің нормативтік ережелері келтіріледі. Мақаланың екінші бөлімі тыңдау қиындықтарында әлеуметтік иеліктен айырылу сипатын ашуға арналған. Мақаланың үшінші бөлігінде есту қабілеті бұзылған балаларға арналған оқу процесін ұйымдастырудың оңтайлы әдісі сурдопедагогика негіздеріне сәйкес анықталады. Ақырғы бөлігі қазіргі цифрлық есту аппараттарының құрылымы және ірі өндірушілердің тізімі болып табылады.

Abstract

This article are explored the effectiveness of the use of educational surdopedagogical methods and modern technologies for hearing aid in organization of optimal process by social adaptation of people with auditory defects. In the first part of article are given statistics of the ailment by this form and statutory provisions for legislation of the RK and executive power on resolution of protection issue for disabled persons. The second part of article is devoted to disclosing the nature of social alienation in hard of hearing. In the third part are defined optimal methods for organizing the educational process for children with hearing impairment according to the fundamentals of surdopedagogy. The final part are described structure of modern digital hearing aids and a list of major manufacturers.

Слуховые дефекты составляют широко распространенную проблему для всего мира. Согласно заключению комитета экспертов Всемирной организации здравоохранения в настоящее время в мире порядка 360 миллионов людей с нарушением слуха, что составляет около 5% населения земного шара. Сейчас в Казахстане насчитывается 150 тысяч людей с ограниченными возможностями по слуху. Для нашего государства в свое время эта проблема приняла тенденцию усугубления по причине определенных социально-политических изменений, в результате которых произошел существенный рост распространенности нарушений слуха, повлекший за собой ухудшение качества жизни, инвалидизацию и

нарушение социальной адаптации больных данного профиля. В настоящее время принимаются. Правительство в соответствии с Законом Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года № 39-III «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.12.2015 г.) разработало основные направления государственной политики в сфере социальной защиты инвалидов, включая: профилактику заболевания, реабилитацию, социальную адаптацию [4]. Априори отметив факт нормативного вектора урегулирования вопроса социальной адаптации людей с дефектами слуха, данная статья посвящается вопросам эффективности применения образовательных сурдопедагогических методов и современных технологий слухопротезирования в разрешении острой проблемной ситуации.

В раскрытии темы научной статьи подойдем с алгоритмом компетентностного подхода: в первую очередь в кратком освещении представим факторы социальной отчужденности природы слухового дефекта, после рассмотрим сурдопедагогические методы и современные технологии слухопротезирования.

Согласно материалам сурдпопсихологических исследований на разных этапах развития слабослышащих наблюдаются два типа слуховых дефектов.

- *первичные* – нарушения, непосредственно вытекающие из биологического характера болезни (нарушения слуха);

– *вторичные* – возникающие опосредованно в процессе аномального социального развития. Вторичный дефект, по мнению Выготского, является основным объектом в психологическом изучении: "Недостаток глаза или уха означает, прежде всего, выпадение серьезнейших социальных функций, перерождение общественных связей, смещение всех систем" [1].

Фактор социальной депривации приводит к трудностям в общении, приобретении знаний, к педагогической запущенности, расстройствам эмоционально-личностной сферы, к дефициту комфорта, частому ощущению неуспеха. В психическом развитии часто отмечаются диспропорции – асинхронное развитие.

Можно выделить **два класса факторов, способствующих социальной отчужденности для персон, страдающих слуховыми дефектами:**

– ограничение возможностей контакта вследствие сенсорной, моторной, соматической депривации;

– реакция личности на хроническую психотравмирующую ситуацию, обусловленную сознанием своей несостоятельности.

У людей с нарушениями слуха, трудностями речевого общения отмечается изменение способности к приему и переработке информации. Личность с такими нарушениями часто характеризуется пониженным фоном настроения, астеническими чертами, тенденцией к аутизации как следствие объективных затруднений контактов.

Если рассмотреть эту проблему более детально, то опосредованная симптоматика тугоухости включает следующие характерные категории социальной отчужденности:– нарушение речи:

– отсутствие реакции на обращение окружающих;

– большая усидчивость;

– искусственная отгороженность от окружающих из-за страха быть вовлеченным в разговор;

– так называемая ложная улыбка, которая помогает контакту, демонстрирует согласие с окружающими, даже в том случае, если не расслышал сказанного;

– стремление взять на себя инициативу в разговоре, говорить громким убежденным голосом, исключающим вопросы, чтобы скрыть свой недостаток;

– замкнутость, необщительность в силу глубокого переживания своего дефекта;

– вспыльчивость, раздражительность, отказ говорить с окружающими. Затруднение в овладении предметами гуманитарного цикла. Предпочтение отдается математике, физике, труду, рисованию;

– ношение длинных волос, чтобы скрыть слуховой аппарат.

У многих слабослышащих отмечаются невротические и неврозоподобные расстройства.

Переходя к следующему этапу алгоритма раскрытия тематики научной статьи - сурдопедагоические методы (принципы, приемы) – следует отметить актуализацию данных дидактических средств для учебно-воспитательного процесса ребенка с дефектами слуха (слабослышащие).

Восемь сурдопедагогических методов, которые будут ниже изложены, сформулированы с учетом целей и задач обучения слабослышащих, а также особенностей развития детей и направлены на организацию педагогического процесса в условиях компенсаторно-корригирующего воздействия на слабослышащего ребенка, что и определяет специфический характер процесса обучения.

Метод учета социальных факторов в формировании личности слабослышащего школьника предполагает необходимость корригирование наиболее важных для человека психических функций: речь и отвлеченное мышление, словесная память.

Специальная система обучения слабослышащих детей языку — важнейшее средство преодоления нарушенного хода их развития. Реализация метода направлена на преодоление нарушенного хода развития с помощью специального обучения языку, накопления словаря, уточнения звукового состава речи, усвоения грамматической системы языка, овладения разными видами и формами речевой деятельности, преодоления речевого недоразвития, формирования речи как средства общения и орудия мышления.

Метод обучения основам наук в единстве с усвоением родного языка как средства общения вытекает из закономерностей процесса практического овладения языком, связи речевого общения со всеми видами деятельности.

Метод максимального обогащения речевой практики предусматривает систематическую работу по уточнению, коррекции, активизации самостоятельно приобретаемого ими языкового материала, по созданию условий для расширения возможностей обогащения речи учащихся не только на уроках, но и вне специально организованных занятий.

Метод активизации разных видов деятельности учащихся в учебно-воспитательном процессе основан на закономерности психического развития ребенка, согласно которой развитие совершается не только под воздействием среды, социального окружения, но и в результате собственной самостоятельной практической и умственной деятельности, обусловленной потребностями, находящими выражение в мотивах.

Метод индивидуального и дифференцированного подхода к обучению для слабослышащих детей становится важнейшим, так как особенности детей данной категории проявляются в сферах, имеющих решающее значение для успешного выполнения всех учебно-воспитательных задач.

Метод компенсаторной направленности обучения в единстве с развитием сенсорной базы слабослышащих детей основан на связи анализаторной системы человека с окружающей средой. В школьный период деятельность этой системы является базой формирования знаний, умений и навыков. От степени развития и правильности функционирования всех анализаторов зависит успех социальной адаптации.

Метод единства практического овладения системой научных знаний и обучения основам наук состоит в том, что в школе слабослышащих в процессе обучения и воспитания решаются задачи пропедевтического характера, обеспечивающие практическое овладение языком, расширение представлений и знаний детей об окружающем мире, развитие восприятия, в том числе слухового, формирование наглядных и отвлеченных обобщений [5].

Применение современных технологий слухопротезирования выступает ключевым фактором, опосредующим преодоление социальной отчужденности людей данной категории в суперпозиции использования сурдопедагогических методов корригирования важнейших психических процессов: речь, отвлеченное мышление, словесная память.

К современным технологиям слухопротезирования можно отнести цифровые слуховые аппараты (ЦСА) и кохлеарные импланты. Отличие ЦСА от аналоговых заключается в том, что вторые усиливают все принимаемые микрофоном звуки. Работа цифрового слухового аппарата

(структурная схема приведена на рисунке 1) принципиально отличается цифровой обработкой звука. Прежде чем транслировать звук, который услышит из динамика пользователь, микропроцессор ЦСА обрабатывает принятый микрофоном и оцифрованный сигнал в соответствие со сложным математическим алгоритмом. Это позволяет с одной стороны усиливать звуки определённой частоты — в соответствие с индивидуальной настройкой пользователя. А с другой — автоматически подстраивать работу цифрового слухового аппарата к различным внешним условиям (шумной улице, тихой комнате, концертном зале и т. п.).



Рисунок 1 – Структурная схема цифрового слухового аппарата

Кохлеарные импланты как альтернатива слуховым аппаратам состоят из внешних и имплантируемых частей. К внешним, съемным, частям, носимым за ухом и на голове, относятся микрофон со звуковым процессором и передающая антенна (катушка). **Микрофон** воспринимает звуковую информацию, **звуковой процессор** перерабатывает её в пакеты цифровых сигналов, а **катушка** передает эти пакеты через кожу на **имплантат**, вмонтированный в черепную кость за ухом [3].

Слухопротезирование не является мгновенным процессом, априори необходимо пройти аудиометрию и отоскопию. Полученные в ходе обследования параметры, позволяют врачу-слухопротезисту подобрать необходимый протез для. Далее аппарат настраивается для того чтобы больной ощущал себя комфортно при широком диапазоне звукового сигнала. Затем наступает процесс абилитации (привыкания) и реабилитации, при которой пациент проходит обучение у врача-сурдолога.

Эффективность протезирования зависит от совершенства слухового аппарата. Устройство может быть снабжено (или нет) автоматической регулировкой громкости и сжатием частотного спектра пропускания звуков. Также эффективность используемого слухового аппарата зависит от источника его питания, количества времени, при котором он может непрерывно работать, массы, размера, возможности его подключения к телефону и других параметров.

В заключении следует отметить, что применение восьми вышеизложенных методов сурдопедагогической организации учебно-воспитательного процесса в комплексе с использованием кохлеарных имплантов и цифровых слуховых аппаратов представляет эффективное средство преодоления факторов социальной отчужденности, аномального развития по причине то, что данная схема разрешения проблемы в оптимальном и результативном режиме противодействует стремительной активации первичных и вторичных симптомов тугоухости в жизни слабослышащих.

Литература:

1. http://lektsii.com/1-163346.html
2. https://ru.wikipedia.org/wiki/ цифровой слуховой аппарат
3. http://www.medplus24.ru/magazine/treatment/621.html
4. Закон Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года № 39-III «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.12.2015 г.).

5. http://cebek.pp.ua/2017/07/26/principy-vospitaniya-i-obucheniya-slaboslyshashhix-detej

ӘОЖ 005.334.2

МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қуанышқалиева П.Ғ., Кереймаганбетова Ж.Н.
(Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті)

Қақтығыстар – қазіргі қоғамның әлеуметтік және саясаттық өмірінің маңызды құбылыстарының бірі болып саналады. Адамның қоғамдағы өмірі күрделі және жеке индивидтердің, сонымен қатар үлкен және кіші әлеуметтік топтардың қызығушылықтарының қақтығысынан жиі алып келетін қарама-қайшылықтарға толы екендігі баршамызға анық.

Ғасырлар бойы адамзаттың ұлы ойшылдары қақтығыссыз қоғамның теориялық үлгілерін құрып, кейде оны жүзеге асыруға тырысқан. Өкінішке орай, барлығы сәтсіздікпен аяқталып, бұл одан да қатыгез қақтығыстар тудыра бастады.

Қазіргі заманда қақтығыстар – күнделікті өмірлік жағдайларға айналды. Мүмкін, XXI ғасыр адамзат алдына балама ұсынады: бұл ғасыр қақтығыстық ғасыр болады, немесе өркениет тарихында ең соңғы ғасыр болады. XX ғасырдағы қақтығыстар адамдардың көптеп қырылуына негізгі себеп болды. А.Я. Анцупов, А.И. Шипилевтердің пікірінше: «екі дүниежүзілік соғыс, екі жүзден аса ірі көлемдегі соғыс, терроризм, билік үшін қаруланған соғыс, өлтіру, өзін-өзі өлтіру, жеке адамдардың арасында қарсыластық пен келіспеушілік – бұл аталған қақтығыстар ең кем дегенде 300 миллионға жуық адам өмірін жойды». Ішкі саясаттық күрес – көптеген мемлекеттердің дамуындағы шешуші фактор болып табылады. Қақтығыс – мектепте айтарлықтай жиі кездесетін құбылыс. Олар әртүрлі болады. Жоғарғы сынып оқушылары мен оқытушылар арасында туындайтын тұлғааралық қайшылықты біз, оқушылар мен мұғалімдердің оқу тәрбие ісіндегі қарым-қатынасында және өзара әрекетінде болатын екі жақтың да мақсатқа жетуге қақтығыстары және көзқарастардың сәйкес келмеуі қызығушылықтарының нұсқаулары жүріс-тұрыс тәсілдерінің жағдайы ретінде анықтаймыз. Е.А. Шумилин және И.Т. Шендрик мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қақтығыстардың негізгі себебі, тұлғалық факторлармен байланысты болады деп көрсетеді. Жоғары мектеп жасындағы қақтығыстерге ең бірінші мұғалімдер тарапынан көңіл бөліну керек. Мұғалімдер кез келген қайшылықты жағдайдың техникаларын біліп шыға алу жолдарын қарастыру керек.

Қақтығыс – мұғалім мен оқушы арасындағы мұғалімнің адамгершілік сапаларына байланысты туындауы мүмкін. Олар: оқушыларға мүмкіндігінше ықыласты көмек көрсету, олардың жан - дүниесін түсіну. Осы қасиеттерді оқушылар ұстаз бойынан көргісі келеді. Бірақ мұғалім бұларға немқұрайлы, селқос, ұқыпсыз, ықылассыз қарауы мүмкін.

Педагогикалық әрекетте қарама-қайшылық әртүрлі. Олар әрекеттің әртүрлі сферасына қатысты болады. Мұндағы қақтығыстар мұғалімнің оқушыларға өзінің пәнін меңгеруі мен ұстаздық шеберлігіне, оқушылардың ата-аналарына, мектеп басшылығының өзінің әріптестеріне делен қарым- қатынасымен байланысты болуы мүмкін. Педагогикалық жұмыста қарама- қайшылықтардың тууының екі себебін айтуымызға болады. Бірінші себеп: мұғалімдердің өз ісіне немқұрайлықпен қарауы сондай-ақ олардың мектептегі білімге сәйкес алға қойған міндеті, мақсаттарын дер кезінде орындамауы салдарынан туындайды.

Мұндай оқытушылардың өзіне немқұрайлықпен қарауының нәтижесінде олардың қоғамға, ғылымға, адамдарға немқұрайлықпен қарауы деп айтуымызға болады. Бұл жағдайда тек қана ұстаз деген атты сақтап тұрады да, ал шын мәнінде педагогикалық процесті бұзады. Мұндай ұстаздардың жұмысының нәтижесі педагогикалық жарамсыз болып табылады. Яғни бұл

оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының төмендеуінен білімдерінің төмен болуынан т.б. көптеген қасиеттерінен көрінеді.

Педагогикалық жұмыстағы қақтығыс туындауының екінші тобына ұстаздардың оқушылармен қалыпты, іскерлік адамдық қатынасты, егер де өзінің жұмысына, балаларға деген ерекше махаббатты жақсы білімі болса да орната алмауы болып табылады. Мұндай ұстаздар үшін педагогикалық процесс жеткілікті дәрежеде нәтижесіз еңбек ретінде тыңдалмағанын сезіну, өзінің күшіне сенбеушілік, кәсіпке деген жағымсыз қатынастар туындайды.

Ұстаз - өмір бойы баланы оқытатын, тәрбиелейтін адам. Ол барлық адамдар үшін үлгі болуы қажет. Оқыту процесі кезінде және тәрбиелеу кезінде туындайтын сұрақтарға жауап бере алуы керек.

Ол үшін қателеспеуі керек. Ұстаздық мамандық өзге маман иелерінен басты айырмашылығы оның адаммен жұмыс жасап оның пісіп жетілуіне күші мен қуатын, білімін жұмсауы. Соған орай бұл мамандықтың қыры мен сыры қабат-қабат болып келетіндігі де сондықтан, ұстаздар мен шәкірттер арасында белең алып отыратын қайшылықтар бір қырымен ұстаздық мамандықтың күрделігімен жауапкершілігінің мол екенін аңғартатын болса, екінші бір жағынан қарастырғанда адамның жан-дүниесінің сыры, психикасы аса күрделі құрылым екеніне көз жеткіземіз.

Сонымен бірге педагогикалық қарым-қатынаста (тәлім-тәрбие саласында жүргізілетін зерттеулерді) анықтап қарағанда ұстаздар мен шәкірттер арасындағы тағы да бірнеше жағдайларға тоқтала кеткенде жөн көріп отырмын.

1) Оқу ісін жүзеге асырып оны бірізділік пен жүргізуге кедергі болатын жайттар мұғалімнің білім деңгейі мен оның шәкірттерге тиімді әдіс- тәсілдермен жеткізе алмай, тәжірибесіздік көрсетіп оқушыларға серпінді ықпал ете алмайды. Сондай-ақ мұғалім оқушыларға қоятын талабын үнемі өзгертіп қалыпты жағдайдан жиі ауытқып отырады. Соның салдарынан шәкірттердің тәртібі нашарлайды. Мұндай кемшіліктер ең алдымен ұстаздық ұйымдастырушылық қабілеті мен сабақ жүргізудегі әдіснамалық олқылығымен пайда болып, шәкірттер сабақта көпшілік уақытын босқа жіберетін болады.

2) Жеке бастың өзі ұстанған адамгершілік қасиеттерге байланысты кездесетін кедергілер мен қайшылықтар баланың өз басына талап қоюы, айналасына зер салып, әрбір нәрсеге мән беруі баланың өсіп-жетіле бастағанын көрсетеді. Ересек адамдармен салыстырғанда мұғалім мен оқушылар арасында өзара қарым-қатынас едәуір күрделі. Өйткені мұндағы бірінші жақ – мұғалім толық қалыптасқан, моральді-этикалық жағынан жетілген мінез–құлық орныққан адам.

Екінші жақ – оқушылар. Бұлар небәрі өз ұстазының сезімімен ақыл-ойына ынтыққандар ғана мұғалім мен оқушының ойлану, түсіну сипаттары да түрлі деңгейде. Ұстаздарға айдай анық құбылыс шәкірттеріне нанымды бола бермейді. Кейде мұғалім мен оқушы бір құбылысқа сөзге немесе қылыққа беретін бағалары да түрліше. Ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым-қатынаста қақтығыс туындауына ұстаздың методикалық тұрғыдан қате жіберіп жаңылысуы не оқу материалдарын тиянақты түсіндіре алмауы да себеп болады.

3) Оқушылардың жас ерекшеліктерін елемей олардың құрдастарымен қарым-қатынастарының қыры мен сырына жете мән беріп оларды бағаламау салдарынан болатын қақтығыстар.

4) Оқушылардың даралық ерекшеліктеріне тән жағымсыз қасиеттері мен мінез-құлқына орай туатын қақтығыс.

Ұстаз бен оқушы арасындағы қақтығыстың туындауы – олардың әрекеті барысындағы негізгі өзара байланысының бұзылуымен байланысты. Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекет олардың біріккен оқу және оқудан тыс әрекетінде өтеді. Сонымен бірге мұғалімдер мен оқушылар арасында кейде бірін-бірі жете түсінбей өзара келіспеушілік сияқты қолайсыз жайттар де кездеседі.

Мұндайда баланың даралық ерекшеліктері мен санасқан тиімді және жан дүниесінің сырына терең бойлап, олардың мінез–құлық ерекшеліктерімен санасқан дұрыс. Бұл психиканың қарқынды дамып отыруына орай түрлі тілектері мен қажеттіліктері әрбір нәрсенің сырын білуге құштарлығы арта түседі. Тәлім-тәрбие ісінде баланың санасы өзгерістерді ескеріп оларды

дұрыс жолға пәрменді бағыттап отырса, онда шәкірт мінезінің ұнамды қасиеттерін бірізділікпен қалыптастыруға болады.

Сондай-ақ қақтығыс мұғалімдердің ұстаздық шеберлігіне байланысты болуы мүмкін. Мұғалімнің өз пәнін жетік білетіндігі балаларға оқу материалдарын жете түсіндіре ұсындыра алатындығы әр-алуан амал-тәсілдер қолданып сабақты тартымды және қызықты етіп өткізетіндігі осыған көңіл толмаған оқушылар қақтығысқа баруы мүмкін.

Келесі қақтығыстың шығу себебі – оқушылар мен ұстаздардың бір- біріне қарым-қатынасына, өміріндегі күйініш-сүйіністеріне, табыстары мен сәтсіздіктеріне, әртүрлі қоғамдық көпшілік жұмыстарға қатысуына байланысты көңіл бөліп мән беруі, ұстаздық жетекшілік жұмысының іс-әрекеттеріне байланысты болады.

Ең басты қақтығыстың шығуына себеп болатын негіз мұғалімдердің оқушылармен бірдей қарым-қатынас жасамауы, пікірлерімен санаспауы оқушылармен сөйлескенде үнемі сыпайылық пен әдептілік үлгісін сақтамауы, оқушылардың жан дүниесін айтпай-ақ түсініп, үнемі сезімталдық көрсетпеуі, т.б. көптеген қарапайым әдепті сақтамаулары жатады.

Оқу іс-әрекетінің көп тараған тұлғааралық қарым-қатынастағы оқушылар ортасындағы қақтығыс түрлері мен туындау себептерін қарастырайық.

Жасөспірімдік, жеткіншектік ортадағы қақтығыстар барлық заманға және халыққа тән, ол Р. Киплингтің бейнелеген XIX ғасырдағы аристократтық мектебі болсын немесе ағылшын жазушысы У. Голдингтің «Повелитель мух» шығармасындағы ересектердің қарауынсыз, адам аяғы баспаған аралда қалып қойған бір топ балалардың оқиғасы болсын.

Оқушылар арасындағы болатын қақтығыстардың бірі лидерлікке ұмтылыс немесе лидерлік қақтығысы. Мұнда екі-үш лидерлердің және олардың топтарының сыныптағы біріншілік беделіне таласуы. Орта сыныптарда қыздардың тобымен ұлдар тобының арасындағы кикілжіңдері жиі болып тұрады.

Үш-төрт жасөспірімдердің бүкіл сынып немесе бір оқушының бүкіл сынып оқушыларымен кикілжіңге түсуі мүмкін. О. Ситковская, О. Михайлова психологтарыдың бақылауынша лидерлікке жол, әсіресе жасөспірімдер ортасында, қатыгездік, мейірімсіздік, өзінің біріншілігін көрсету немесе демонстрациялаумен байланысты. Балалық қатыгездік – барлығына танымды құбылыс. Әлемдік педагогиканың бір парадоксының нәтижесі бойынша бала ересектен де көбірек өзінің қатарластарынан қатыгездік көреді.

Оқушылардың агрессивтік қылықтарының генезисі олардың жеке тұлғалық әлеуметтенуінің дефектерімен байланысты. Сонымен қатар, баланың және жеткіншектің жеке тұлғасы өзімен-өзі қалыптаспайды, қоршаған ортада, қоғамда қалыптасады. Әсіресе, маңызды болып кіші топтар жатады. Мұнда жеткіншек басқа адамдармен әрекеттеседі немесе қарым-қатынасқа түседі. Ең алдымен жанұяға қатысты. Әр түрлі авторлар сәтсіз қалыптасқан жанұяларды әр түрлі бөліп көрсетеді.

Л.С. Алексеева сәтсіз құрылған жанұялардың келесі түрлерін көрсетеді:

1. кикілжіңді;
2. аморальді;
3. педогогикалық компетентті емес;
4. асоциалды;

Г.П. Бочкарёва келесі жанұяларды бөліп көрсетеді:

1. Эмоционалды атмосферасы сәтсіз құрылған жанұялар, мұнда ата-аналары өз балаларына мейірімсіз, сонымен қатар дөрекі, құрметтемей қарайды.

2. Мүшелерінің арасында эмоционалды байланыс жоқ, баланың қажеттіліктеріне немқұрайлы қарайды.

3. Балаға саяси жағымсыз қажеттіліктер мен қызушылықтар ілініп, оларды аморальді өмір сүруіне итеру.

В. Лозоцева пірінше, бұдан басқа жасөспірімдердің өздерінің сыныптастарымен кикілжіңге түсуі, олардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Яғни өзімен жастылардың оны моральды этикалық критериймен бағалауы және т.с.с.

Сынып ішіндегі жеке тұлғалар арасындағы қақтығыстар түрлері өте көп.

Оқушылар тобы ішіндегі өзаралық қақтығыстар топтағы жеке тұлғалық қарым-қатынастардың дисгармонизациялануынан және топтың құрылымының тепе-теңдігінің бұзылуынан (статустық, рөлдік, коммуникативтік, басқармалық) көрініс табады.

Топ әртүрлі күрделі де көп деңгейлі және көп функциональды көріністі болғандықтан, онда әр түрлі қақтығыстар де дамиды.

Сол топ ішіндегі болатын қақтығыстардың мінездемелеріне тоқтап өтсек:

1. Берілген топтағы микро-топтардың өзара әрекеттесуі барысында қақтығыстар туындауы мүмкін. Мұндай топтар әр түрлі кіші әлеуметтік топтарда кездеседі, және оларды саны 6-8 адамнан аспайды, сонымен қатар 3 адамнан тұратын микро-топтар да бар. Көпсанды топтар тұрақсыз болып келеді. Топ мүшелерінің жас деңгейінің өсуіне және олардың әлеуметтік статусына байланысты топтардың саны азаяды. Топтың өмірінде мини-топтар үлкен рөл ойнайды.

Олардың өзара әрекеттесуі толығымен топтың климатының өзгеруіне, іс-әрекетінің нәтижелігіне әсер етеді. Кіші топтардың ішінде топтық өмірдің ережелері мен нормаларынан қозу байқалады, дәлірек айтқанда мини-топтағы ережелердің өзгеруіне инициатор болып табылады. «Ортаға жаңадан келген адам» ең бірінші, топтағы мини-топты таңдау мәселе алдында тұрады. Ол топ оны өзіне қабылдап, оның мінезін мақұлдайды.

Түзілу деңгейінде және оқушылардың өзара бейімделу деңгейінен өткен мектеп сыныбы, ереже бойынша осындай бірнеше микро-топтардан тұруы мүмкін. Олардың бұлай түзілуінің принципі болып, қатысушылардың статусына байланысты: «жұлдызы» бар немесе лидері бар жоғары статустық топтар, орта және төменгі статустық топтар, жиірек топ қабылдамаған жеке тұлғалардың (изгои) өзара қарым-қатынас құрған топтар болып бөлінеді.

Сыныптағы балалардың жынысы мен жасына байланысты кіші топтарға бөлінуі де әр түрлі өтеді. Бастауыш мектепте мектеп үлгерімі принципіне байланысты кіші топтар түзіледі және бір топтың өзіне сол және басқа жыныс мүшелерінің оқушылары түседі. Ал жеткіншектердегі балалар мен қыздар топтары көбінесе автономды болады. Мұнда балалар саны көп болса, онда топтың құрылымы бұтақталып, бір топқа жиналады. Ал егер қыз саны көп болса, ұлдар көбінесе қыздардың лидерлеріне бағытталып, бағынады.

Бір сыныптағы кіші топтар арасында әртүрлі қарым-қатынастар түзіледі. Ереже бойынша топтар арасында оң байланыс немесе барлық төменгі және орта статустық топтар жоғары статустық топқа бағытталуы мүмкін. Кейде топ ішінде топаралық қақтығыстарды тудыратын бір адам немесе тұрақты жүк болады, олар басқа кіші топтың лидерімен кикілжіндік қарым-қатынас құруы мүмкін.

2. Қақтығыстар жоғары статустық топтардың, сыртқы референтті топтың ортақ мақсатына және құндылықтарына қарсы тұруы немесе сәйкес келмеуіне байланысты туындайды.

3. Басқару стилімен келіспеген формальді емес сыртқы топтың басқарушысымен әрекеттесу барысында туындайтын кикілжіндік жағдайлар. Мұндағы қақтығыс топтық болып басталмайды. Бұл жердегі қақтығысқа қатысушылар басқарушы және топтың жеке тұлғасы болуы мүмкін.

4. Қақтығыс кіші топтың өзінде туындауы мүмкін. Егер де кикілжіңге топтың басқа мүшелері қатыспаса, онда тарқаған топтың мүшелері өз орнынан басқа қоғам - достықтан табады.

5. Лидерлер арасындағы қақтығыстар. Бір жағдайда қақтығыст күштері тең екі микро-топтың лидерлерінің арасында болса, екінші жағдайда кикілжің тұрақталған лидермен оның қолдаған, күшейіп келе жатқан адамының арасында туындайды. Бұдан басқа сынып үшін әр түрлі бағыттағы лидерлер қақтығыстар дәстүрлі болып табылады. Мұндай қарсы күрестердің қажеті де жоқ, сонымен қатар үлкендердің дұрыс басқара алмауынан туындайды. Олар оқушыларға сыныпты «әсер ету сфераларына» бөлуге, өзінің лидерлік басшылығы тән спецификалық зоналарын әр лидерлерге табуға көмек бермейді.

6. Сонымен қатар, формальді емес лидермен топтың басқарушысының арасындағы кикілжің көп таралған. Лидермен басқарушысының қызығушылықтары мен мәселелері бағыттас болса да, олар үнемі қақтығысуы мүмкін.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік дағдарыстық процестер адамдардың әлеуметтік тұлға аралық қарым-қатынастарына, психологиясына кері әсерін тигізіп, олардың бойында кернеулік, ашушаңдық, қатыгездік, және т.б. жағымсыз қасиеттер тудырады. Ал мұндай жағымсыз қасиеттер қоғамымызды көптеген қиыншылықтарға және көптеген қақтығыстарға әкеп соғады. Статистика бойынша, мұндай процесс әртүрлі әлеуметтік және демографиялық топтар арасында байқалады. Сондықтан да қазіргі заманда әрбір адам қақтығысты өз пайдасына, қақтығысушы екінші оппонентінің қызығушылықтарын ескере отырып, нәтижелі де табысты шешу дағдысын игеру өте маңызды. Зерттеу жұмысының эксперименттік бөлімінде осындай мәселелер кеңінен қозғалып, қақтығыс жағдайларын болдырмау, алдын ала ескерту, жоюдың ғылыми-әдістемелік негізі дәйектелініп, қақтыыс жағдайларын шешуге арналған дамытушы-түзету тренингтер кешені лайықталып ұсынылды. Мұндай әрекеттер барысында қақтығыс жағдайына байланысты мінез-құлық стильдерінің психологиялық ерекшеліктері расталып, оларды қақтығыс жағдайына байланысты ескерту, шешу және жоюдың табысты да нәтижелі жақтары кеңінен талқыланды. Яғни, әрбір адам қақтығыстық жағдайға түскенде, қақтығыстарды түсіну және басқара білу үшін өзінің қақтығыс шешу дағдыларын қолдана білуі қажет.

Әдебиет:

1 Керімов Л.К "Қиын жасөспірімдерді жеке – дара қайта тәрбиелеу теориясы мен практикасы" – Алматы, 2003. – 123 б.

2 Казымбетова Д.КДевиантное поведение молодежи как объект социологического исследования. Дис. на соиск. учен.степ. канд. наук. – Алматы, 1999. с. 36

3 Змановская Е.В. Девиантология. Психология отклоняющегося поведения. - М.: ACADEMA, 2004.- 288 с.

4 Гришина Н. В. Психология конфликта. – СПб., 2001.

5 Громова О. Н. Конфликтология. Курс лекций. – М., 2001.

6 Е.М. Бабосов « Конфликтология» Минск Тетра системс 2000 г

7 О.Н. Громова « Конфликтология» Москва,2000 г.

8 Арымбаева А. Шиеленістану. –Шымкент, 2007 ж.

9 И.Е.Ворожейкин, А.Я.Кабанов, О.К.Захаров. Конфликтология. –Москва, 2000.

ӘОЖ 37.036

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Қайрат А.М.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Балалық шақ баланың жеке тұлға болып қалыптасуының алғашқы сатысы. Баланың айналамен танысу және экологиялық тәрбие дағдыларының қалыптасуының бастамасы осы мектепке дейінгі жас шағында қалыптасады. Бала тәрбиесі ана сүтінен бастау алып, үлкендердің көмегі арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын бала өз отбасынан бастау алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады. Тәрбие негізі қаншалықты сапалы болса, болашақта сондай болмақ. Оның бір бағыты ретінде экологиялық білімді назардан тыс қалдырмау керек. Себебі, экологиялық тәрбие - ол баланың қоршаған ортасы, айналасы, болашағы.

Экологиялық тәрбие дегеніміз – бұл табиғаттану ілімінің және экологиялық табиғи байлықтың адаммен бірге дамитындығы, олардың қалыптасқан ара-қатынасының жиынтығы. Экологиялық тәрбие берудің міндеті- балаларды табиғаттың әсемдігін көріп, түсіне білуге, табиғатқа қамқор бола білуге үйрету. Өсімдіктер мен жануарларды күтіп, баптап өсіру дағдыларын қалыптастыру, қоршаған ортада алған әсерлерін жеткізе білу, эмоциялық көңіл-күйлерін басқара білу дағдыларын меңгерту, қоршаған ортаны аялап, табиғатты қорғай білуді

жүйелі түрде жүзеге асыру. Табиғат пен бала арасындағы қатынасты орнату, адамның табиғаттағы тіршілік әрекеті және жеке гигиена жайындағы білімдерін жетілдіру[1].

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат Ананы қорғап, аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады.

Адам табиғатты қалыпты жетіліп, дамуы үшін самал желді, жаңбырдың себелеген дыбысын, құстардың дауысын, өзен ағынының дамуын тілейді. Сондай-ақ, көк шалғынның иісіне, өсіп тұрған егінге, аппақ мамық қарға, үй төбесіндегі салпыншақ мұздарға да көңіл бөлу керек. Өйткені адамзат жер бетіндегі табиғи құбылыстардың бәрінен ләззат алады. Тәңір жаратқан құбылыс пен болмыс, тіршілік иесі атаулының бірінде кемшілік жоқ.

Бала ес біле бастағаннан-ақ өзі жете түсінбес жарқын, тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, мәселен, жылтыраған ойыншықтарды, әдемі гүлдер мен заттарды көрсе қуанады. Осының бәрі оның рахаттану, қызығу сезімін туғызады. Жиі ән, ертегі тыңдап, суреттерді қараған балалардың өнер қуаныш сезімдерінің қайнар көзіне айналады. Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жәйғана ұмтылып қана қоймай, сұлулықты жан дүниесімен қабылдайтын болады.

Эстетикалық тәрбиенің мәнісі тек баланың әсемдік атаулыны көре білуге үйретуде ғана емес, сонымен бірге әрекет жасауға ынталандыру, әсемдік атаулыны жасауға белсенді түрде қатыстыруда екен. Балалардың зейінін табиғатта жұмыс істейтін адамның еңбегіне аударып, олардың әсем де епті қимылдарын біріге отырып бақылауы шарт, мұның бәрі балалардың эстетикалық сезімін оятып, еңбекті сүюге, еңбек адамын құрметтеуге, табиғат әдемілігін аялауға үйретеді. Сондай-ақ табиғат, жыл мезгілдерінің ауысуы, орман- тау, ауа- райының құбылмалылығы, адамның күнделікті еңбек әрекеті мұның бәрі бала түйсігінде із қалдырмай қоймайды.Балалардың бойында эстетикалык талғамның негіздерін қалай отырып, біз оларды қоршаған ортаның әсемдігін көруге және сезінуге, оны аялауға баулимыз. Гүлдердің қауыз жарғанын көргенде оның жұртқа қуаныш сыйлауы үшін оны мәпелеп күту керек. Балалардың да көркемдік қабілеттерін, эстетикалық сезімдері мен ұғымдарын, әсемдікті бағалай білуін дамыта отырып, педагог рухани байлығы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеудің негіздерін қалай береді.

Тегінде бала сұлулықты форма мен мазмұнның бірлігі ретінде қабылдайды. Эстетикалық қабылдау сезім мен тебіренумен тығыз байланысты. Әсемдікке қызығудан туатын қуаныш, жайдары жан толғанысы эстетикалық сезімнің ерекшелігі болып табылады[2].

Қоршаған ортаны аялауға деген адамның саналы көзқарасын қалыптастыру үшін жастық шақ кезеңінен ерте басталғаны дұрыс. Баланың дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы 7 жылы оны тәрбиелеу мен оқытудағы ең басты кезең болғандықтан оны ескерусіз өтпеген жөн. Баланың келешегі сол кезеңде алған тәрбиесіне өте байланысты. Олай болса, адамзаттың рухани және материалдық жағдайы осы кезеңде алған тәрбие негіздеріне тәуелді.

Бала дүниеге келгеннен бастап табиғатпен қарым-қатынаста болады.Табиғат - баланың ақыл-ойының балалық шағынан нақты түсініктер бойынша қалыптасқан жоғары деңгейге жеткізетін қоры болып табылады. Ол әртүрлі табиғи құбылыстарды жеке меңгеруді, өз ойын жеткізе білу өнерін бірге дамытады.

Табиғатты танып, білу - мектепке дейінгі жастағы баланың бойында табиғатпен эстетикалық қарым-қатынас жасаудың базасын құрайтын экологиялық тәрбиені бере отырып, сонымен бірге оны қорғай, аялай білуге үйретеді.

Баланың өміріндегі алғашқы қабылдаған қуанышты сәттері оның болашақтағы өміріне жағымды бағыт-бағдар бере отырып, өмір бойы есінде қалады. Балабақшаларда балаларға экологиялық тәрбие беру алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады:

-саяхат;

-мұражайларға бару;

-мақсаттық серуендеу;

-телебағдарламалар, бейнефильмдер;

-табиғат туралы көркем әдебиеттер;

-суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрациялардытамашалау;

-музыка тыңдау;

-дидактикалықойындар, мақалдар, мәтелдер;

Балаларды өсімдіктер және жануарлар әлемімен таныстыру арқылы, оларды күтіп-баптаудың жолдарын көрсете отырып, оларды аялай білуге тәрбиелейміз. Балалар тірі және өлі табиғат арасында, тірі организм мен олардың өмір сүру ортасындағы байланыстарды қалыптастыруды үйренеді [3].

Балалармен жұмыс істеу барысында оқу қызметі өтілетін бөлме ғана емес, сонымен қатар мекеме орналасқан ғимарат та әдемі болуы керек. Егер балалар сұлулықты өмірден өз көздерімен көре отырып, оның өмірімен байланысын сезіне білсе, онда олар сұлулықтың бар екенінін сонда ғана сезінеді.

Мектепке дейінгі жастағы балаға экологиялық мәдениеттің алғашқы түсініктерін қалыптастыру үшін:

1.Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға экологиялық тәрбие берудің алғы шарттарын құру;

2.Балалардың экологиялық сауығуының дамуы үшін атқарылатын жұмыстарға көгалдандырылған зоналар құру және ұйымдастыру;

3.Тірі объектілерді күтіп-баптауға қолайлы ортаны іс жүзінде құру үшін іс-шаралар ұйымдастыру;

4.Сабақта көркем құралдарды, әдістемелік және материалдық құралдарды, ойындарды, ойыншықтарды, түрлі ертегілер кейіпкерлерін жүйелі түрде қолдану;

5.Педагог мамандардың білім деңгейі мен олардың біліктілігін арттыру. Тәрбиеші - педагогикалық үрдістің ең басты тұлғасы және экологиялық тәрбие берудегі шешуші фактор болып табылады. Ол экологиялық ақпараттар және арнайы материалдармен кең көлемде таныс болуы тиіс, сонымен қатар балаларды тәрбиелеу тәсілдерін қолдана білуі керек.

Балалардың табиғатқа қызығушылығын тәрбиелеуде оның обьектілерімен және құбылыстарымен таныстырудың әдістері мен түрлерін дұрыс таңдаумен қатар белгілі түсініктер мен құбылыстарды ажырата білудің де мәні зор. Мәселен, «аспан денелері» түсінігіне әлем, күн, жұлдыз, ай кірсе, ал «табиғат құбылыстары» тобына найзағай, жаңбыр, қар т.с.с. жататынын нақтылап түсіндіру қажет.

Табиғаттың әрбір заты және құбылысымен таныстыруды балалар бақылауына ыңғайлы жыл маусымы мен тәуліктің белгілі мерзімінде жүзеге асыруға тура келеді. Мысалы: күз маусымы кезінде түнгі аспанды бақылауға мүмкіндік мол. Себебі күз айында қатты суық болмайды, сондай- ақ күн ерте батады.

Аспан денелерінің ішіндегі бізге ең жақын орналасқаны - ай. Ай бетіндегі "теңіздер көлеңкесін", таулы қыраттарды жай көзбен-ақ, егер дүрбі болса, тіптен айқын ажыратуға болады. Балалар айдың көк жүзіндегі қозғалысын бақылап отырып, оның бейнесінің - орақ тәріздес жарты ай және толық ай болып үш кезеңге ауысуын байқай алады. Сондай-ақ жұлдызды аспанды бақылау және жұлдыздармен танысуды күз айларының ымырт үйіріле жүргізген ынғайлы. Таныстыру жұмыстарын "Жеті қарақшы" жұлдыздар шоғырынан бастағап жөн. Балалар "жеті қарақшыны" оңай таба алатын жағдайға жеткеннен кейін "Темірқазық" және "Кіші жетіқарақшы" жұлдыздар шоғырымен таныстыруға болады.

Балаларды айды, жұлдыздар әлемін бақылау өте қызықтырады, бірақ бұл жұмысты балабақша жағдайында ұйымдастыру мүмкін емес. Сол себепті ата-аналарға кешкі серуен кездерінде мүмкіндікті пайдалана білуге кеңес беріледі. Аспан шырақтары туралы балалар білімін бекіту және оған қызығушылығын арттыра түсу үшін мектепке дейінгі мекемелерде баланың ата-анасымен бірге көріп-білгендері жөнінде әңгіме ұйымдастыру, табиғат жайлы әдебиеттерден әңгімелер оқу арқылы толықтыруға болады! Мысалы: өткен заманда көшпелі тірлік кешкен ата-бабаларымыздың "қазықты" - қазық деп атап, жеті қарақшының қалған алты

жұлдызы сол қазық-жұлдызға байланып тұрғандай, түнімен орнынан тапжылмайтын қазықты "қойлар" айналып шығады деген түсініктерін ояту балаларға қызықты.

Жалпы алғанда осындай нысаналы, жүйелі тәсілдер арқылы балалардың көркемдік тәрбиесін жолға қоя отырып, адамгершілік қасиеттерін, жан дүниесінің баюын, көркемдік талғам мен шығармашылық қабілеттерін оятуға мүмкіндік туары кәміл[4].

Балалардың жас ерекшеліктеріне, даярлық деңгейіне, жеке ынтасы мен талаптарының артуына қарай әдістер күрделеніп отырады. Педагогикалық ғылым мен тәжірибе балалардың эстетикалық сезімдерінің қарым-қатынастарының, ой қорытындылауының, бағалауының тәжірибелік іс- әрекеттерінің қалыптасуына көмектесетін неғұрлым тиімді әдістерін анықтайды:

- эстетикалық қабылдауын, бағалауын, талғамының бастапқы көріністерін дамытуға бағытталған сендіру әдісі;

- қоршаған ортаны көркемдеуге және мінез- құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыруға арналған іскерлік дағдыларға жаттықтыру әдісі;

- шығармашылық және тәжірибелік іс- әрекеттерге итермелейтін проблемалық ситуациялар әдісі;

- әсемдікке ұмтылып, эмоциялық - жағымды ықылас тудыратын және қоршаған дүниедегі келеңсіздікке қарсы сезімін ояту әдісі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының «Мектепке дейінгі тәрбие тұжырымдамасында" және жаңа бағдарламаларға сәйкес ересек топ балаларының алдына іскерлік-дағдыларды одан әрі жетілдіре түсу, оны халықтық сәндік ою-өрнекті бейнелеу әрекетіне пайдалану, сәндік-қолданбалы өнермен таныстыру, оның негізінде табиғатпен тығыз қарым-қатынасқа тәрбиелеу міндеттері қойылып отыр.

Балалармен жүргізілетін негізгі жұмыстарды төмендегіше топтауға болады:

- балаларды сәндік - қолданбалы өнермен таныстыруда берілетін табиғат заттары мен құбылыстары элементтерінің алуан түрлілігін анықтау арқылы ұйымдастыру;

- өлі табиғат заттары мен құбылыстарының мәні, сондай-ақ олардың адам өміріндегі маңызы жайлы бала түсінігін қалыптастыру;

-мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық әшекей элементтерімен таныстырудың бірізді жүйесін жасау;

-сәндік әшекейлерді жасау әрекетінде - практикалық іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру.

Табиғатқа қызығушылықты қалыптастыру және оны сәндік әшекейлеу әрекетінде пайдалана білудің шешуші міндеттері мыналар:

- балалардың табиғат құбылыстарының өзара байланысын пайымдай білуі және себеп-салдарын анықтауы;

- әртүрлі әдіс-тәсілдер және әрекет түрлерін пайдалану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатты танып-білуге ұдайы қызығушылығын қалыптастыру;

-тәрбиешілердің жаратылыстану ғылымдарының негіздерін және оны лайықты түрде бала санасына жеткізу әдістемесін білуі.

Жаңа ғасырда табиғатсыз баланы тәрбиелеуді көз алдымызға елестете алмаймыз. Сондықтан да балабақшамыздағы тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі "Балаларды айналамен таныстыра отырып,оларға экологиялық тәрбие беру" болып табылады. Баланы өз туған өлкесінің табиғатын сүюге,оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып,жауапкершілігін күшейтуге,табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету мақсат.

Әдебиет:

1. Е.Мамбетказиев. Қ.Сыбанбеков. Табиғат қорғау. Оқу құралы. Алматы. 2005.
2. Жұмабекова Ф.И Көркемдік тәрбиені ұйымдастыру ерекшеліктері // Бақшадағы көркемдік тәрбие. -2012. № -Б.27-30.
3. Керімбаева Р. Табиғат. Бала. Тәрбие //Отбасыжәне Балабақша. – 2008. № . –Б.50 – 52.
4. Жумадилова Р.Ж. Мектепке дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі мен теориясы. - Семей, 2013.

УДК 355.253.2

ЖАС БУЫННЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ АТЫС ДАЯРЛЫҒЫ

Қизатулла Р.Б., Касенова А.И.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет атқару әрбір қазақ азаматының аса маңызды әрі құрметті міндетінің бірі болып табылады. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету – Отанымызды қорғаудағы қасиетті борышыңды өтеу деген сөз.

Отанды қорғауды біздің елімізге шабуыл жасаған сыртқы жаулармен қарулы күрес деп қана түсінбеу керек. Біз Отанымыздың күш–қуатын нығайта отырып, оны бейбіт уақытта да қорғауға ат салысамыз.

Қазір енді Отан қорғаушылар қатарында Ұлы Отан соғысы қахармандарының ұлдары мен немерелері тұр. Олар әкелері мен аталарының үлесіне тиген қатал сыннан өткен жоқ. Бірақ та олар әскеріміздің, халқымыздың қаһармандық дәстүрлеріне адал, Еліміз қауіпсіздігінің, бейбітшілікті қорғаудың мүдделері талап еткен, агрессия құрбандықтарына көмектесу керек болған әрбір сәтте Қазақстан жауынгерлері дүние жүзінің алдында қандай да болсын қиыншылықтарды жеңуге әзір тұратын, қалтқысыз, әрі ержүрек патриот, интернационалист ретінде көрінеді.

Қазіргі армия жауынгердің ерік–жігері мен психологиялық төзімділігіне үлкен талап қояды. Ол әскери техникаларды, оның ішінде өте күрделі әскери машиналарды, ракета комплекстері мен радио электрондық жүйелерді, атомдық сүңгуір қайықтары мен дыбыстан жылдам ұшатын әуе кемелерін шебер меңгере білуі керек. Бұл жерде жауынгердің ұйымшылдығы мен тәртіптілігі қажет. Ал әскери тәртіпті білу, оны орындауға әзір тұру – өзіңнің жеке басыңды қалыптастыру мен әскери қызметке дайындалу жолындағы маңызды қадам деген сөз.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 36–бабында былай деп жазылған: «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті. Еліміздің азаматтары Конституцияда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады». Бұл сөздердің мәні қандай екендігі жайында өздеріңе ұсынылып отырған библиографиялық құралдағы материалдардан білулеріңе болады.1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Президенті және Жоғарғы бас қолбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы», “Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде Қызмет атқару – әр азаматтық құрметті міндеті, ол бейбіт еңбекті әскери қызметшілердің қорғайды деген халықтың сенімі болып табылады.Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрбір тәуелсіз мемлекеттің, соның ішінде Қазақстанның негізгі міндеті болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз–Қазақстан мемлекетінің дамуының тәуелсіз егеменділігімен территориялық тұтастығын сақтауды қамтамасыз ету.Еліміздің қорғаныс қабілетін сақтау – бұл барша халықтық іс, сондықтан жастарды қазақстандық патриотизмге, көп ұлттар тұратын Отанымызға деген сүйіспеншілікке, мемлекетіміздің гүлденіп дамуына деген жауапкершілікке тәрбиелеу болып табылады.

Қазақстан Республикасының қорғанысының,оның тыныштығын сақтау үшін әскерилердің күш–қуатын мүмкін болғанша көтеріп, халқымызды Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу бірінші орында тұрған мақсат болып табылады. Атыс дайындығы күш–қуат және өзіне деген сенімділік тудыру мақсатында қолданылуы мүмкін. Негізгі ату күшін көтеру жан–жақты жою күштерін дамыту және барлық қару түрлерінен ату болып саналады. Ұрыстың қорытындысын әскери қарулар шешеді. Ол қарудан ату үшін адамды маральдық ұрыстық жағынан жан–жақты дамыту болып келеді.Сонда ғана жеңіске жетуге болады.

Атыс дайындығы атыс міндеттерін нәтижелі орындауда атыс құралдарының дайындығын қамтамасыз ету , жеке құрамды түрлі жағдайларында өз қаруын дұрыс пайдалана білуге үйрету мақсатында өткізіледі.Осы мақсатты қолдана отырып оқыту және әдістемелі әдебиеттерді қолданып сабақтарды жүргізудің әр түрлі түрлері мен әдістерін қарастырамын.Атыс дайындығы сабақтарында оқытудың келесі түрдегі негізгі әдістері қолданылады: әңгіме, түсіндіру, сөйлесу, көрсету, жаттығу және атыс жүргізу. Әдістерді таңдау сабақтың түрі мен тақырыптарына байланысты.

«Атыс дайындығы» тарауын оқып–үйренудің мақсаты – әрбір оқушының қарастырылып жатқан қару үлгісінің материалдық бөлігін білуі.Қарудың материалдық бөлігін оқып–үйрену кезінде оқушыларды қаруды бөлшектеу,жинақтау,тазалау және майлау,оны жиналған және бөлшектенген түрде қарау,атысқа дайындау, атыс кезінде кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ал атыс кезінде кідірістердің пайда болуы жағдайында – себептерін белгілеу және оларды жою мақсатында қарумен практикалық сабақтар өткізу; өз қаруын сенімді қорғану құралы ретінде қабылдап, дұрыс күтім жасай білуге тәрбиелеу қажет.Бастапқы әскери дайындықты өтіп жатқан оқушылар үшін атыс дайындығы мынадай бөлімдерді қамтиды: атыс негіздері; қарудың материалдық бөлігі; атыстың тәсілдері мен ережелері;қол гранаттарын лақтыру; ұрыстағы бақылау және арақашықтықты анықтау.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына атыс даярлығы бойынша тәрбие берудің мазмұнын ғылыми-педагогикалық тұрғыда саралағанда төмендегідей қорытындылар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді:

1. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер атыс даярлығы ұғымын нақтылау мен жетілдіруді қажет етеді. Жаңа әлеуметтік қатынастар, әлемдегі жаһандану үрдісіне сай патриотизм ұғымы жалпыадамзаттық тыныштық пен бейбітшілікті сақтауға бағытталады. Атыс даярлығы шеберлігін дамытып, қалыптасуының тарихи алғы шарттарын айқындай отырып, тұлғаның бойында Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері мәдениеттану, аксиологиялық, өркениеттік, тұлғалық, іс-әрекеттік, әлеуметтік, жүйелілік тұғырлар тұрғысынан сараланды.
2. Тұлғаның бойында атыс даярлығы шеберлігінің құндылығын қалыптастырудың теориялық-тұжырымдамалық негіздері және оның факторлары: микрофакторлар, мезофакторлар, макрофакторлар, мегафакторлар, атыс даярлығының әдіснамалық негізін айқындайды.
3. Оқушыларға атыс даярлығы шеберлігі бойынша тәрбие берудің педагогикалық және психологиялық негіздерін Қазақстан, алыс және жақын шетел ғалымдарының еңбектеріне теориялық тұрғыда талдау жасай отырып, тұлғаның бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру қазіргі қоғамның әлеуметтік даму жағдайына негізделіп жүйеленді.
4. “Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына атыс даярлығы шеберлігі бойынша тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздері” тұлғаның бойында “Қазақстандық патриотизм”, “патриоттық құндылықты” қалыптастыруда негізгі орын алады. Тұлғаның бойында патриоттық құндылықтар олардың білімге, қоршаған әлеуметтік ортаға, табиғатқа, еңбекке, өзіне қатынасы арқылы көрініс беретіні тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нақты нәтижелерімен дәлелденді.

Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру оқушы бойындағы сана-сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар Егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қалатын патриот-азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды.

Әдебиет:

1. Алтынбаев М. Кәсіби армия – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі // Егемен Қазақстан. – 2006. – 25 қазан(№260 –2 63). – Б.4.
2. Алтынбаев М. Қазақстандық жауынгерлер қаһарман майдангерлердің өнегесімен өз борышын өтеуге әзір // Егемен Қазақстан.– 1997. – 7 мамыр. – Б.2.

3. Алтынбаев М. Қазақстанның кәсіби армиясы – жаңа мыңжылдықтың армиясы // Егемен Қазақстан.– 2006.– 6 мамыр(№101 – 102). – Б.1, 5.

ӘОЖ 778.64

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДДИКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА ЗЕРТТЕУДІҢ МӘНІ

Қонысбаев Д.Ж.
(Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ғылыми жетекші: Турахметова А.Б.)

Ел әлемдік өркениетке ұмтылу барысында, болашақ ұрпаққа тәлім-тәрбие беру – халықтың жарқын болашағын меңзейді. Ұрпақты дана да, тәрбиелі етіп тәрбиелеу үшін, оның тұлғалық ерекшелігін қалыптастыру қажет.

Дүниедегі ең бағалы асыл байлық – адам. Адам әлеуметтік қозғалыстар мен қимыл әрекеттің негізі, жер шарындағы небір ғаламат табыстардың қайнар көзі, ақыл-ой туындылардың құдіретті иесі. Адамды сипаттағанда алдымен мінезін ескереді, егер қасында жақсы мінезді адам болса, өз басыңнан үлкен жеңілдікті сезесің.

А.С. Макаренконың айтуынша, адамның жаман мінезі басқаларға тікенектей қадалып, жараласа, оның өзі де шөңге кіріп кеткендей сыздатып, қинайды деген болатын [1].

Қазақстан Республикасының даму кезеңі қоғамның барлық саласындағы істерді қайта құрумен, әлеуметтік-саяси, экономикалық қарым-қатынастардың өзгеруімен сипатталады. Бұл қазіргі кезеңдегі оқушылардың әлеуметтік жағдайдағы дамуына үлкен өзгерістер келтіреді, яғни олардың өзін-өзі бағалауының жеке тұлға болып қалыптасуына әсерін тигізеді [2].

Қазіргі кезде мінез-құлықында ауытқушылығы бар оқушылар тұлғасының ерекшеліктері, олардың өзін-өзі бағалауы, қарым-қатынас, мінез-құлық туралы мәселелері зерттеушілердің назарын аудартуда. Қоғамда отбасы жағдайына, заман талабына сай әр түрлі зиянды заттардың кесірінен ешқандай кінәсіз толық қарым-қатынасқа түспейтін, мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалар көбеюде. Жасөспірімдік шақ мінез-құлықтың қалыптасу кезеңі. Осы уақыт кезеңі кезінде мінездің көптеген түрлері құрыла бастайды. Дәл осы мезетте түрлі типологиялық нұсқаулар нормалары басым болады. Уақыт өте келе мінездің кейбір жақтары өзгеріске ұшырайды, жаңарады, өмірлік тәжірбиенің арқасында тегістеледі.

Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, жасөспірімдік шақты қиын жас деп атайды. Статистикалық мәліметтер бойынша аддиктивті мінез-құлыққа бейім болудың ең қауіпті уақыты осы 12-17 жас аралығы екен [3].

Бүгінгі күні балалардың бір нәрсеге тәуелді болуы адамгершілік жағынан мәселе болудан қалып, барлық тұрғындардың денсаулығына, қауіпсіздігіне, тіпті ұлттық дамуына әсер етеді, бір сөзбен айтқанда, бір отбасының емес, тұтастай қоғамның қайғы-қасіреті, ұлттық мәселесіне айналып отыр.

Аддиктивті мінез дегеніміз ғылшын тілінен аударғанда «зиянды әдет», «жат қылық», «өмір шындығын сол күйінде қабылдаудан бас тартып, шынайы өмірден қашу немесе ауытқу» деген мағынаны білдіреді. Мұндай ауытқулар адамның өзінің психикалық күйін психобелсенді заттарды қолдану арқылы жасанды түрде, өзгеруінен туындайды. Оқушы бойындағы аддиктивті мінез белгілерінің басымдылығы өзгерген макро және микро ортаның талаптарына бейімделуінің бұзылуына әкеліп соғады. Өзінің мінезіндегі өзгерістерімен, қылықтарымен бала өзіне жедел көмек түріне мұқтаж екендігін білдіреді. Кез келген оқушы ата-анасынан немесе ұстаздарынан ашық түрде көмек сұрай алмайды. Ал ол медициналық көмектен бұрын, алдын алу, педагог-психологтың және отбасы тарапынан асқан шыдамдылық пен мейірімділікті, аса тәрбиелік көмекті қажет етеді. Бала аддиктивті мінездің иесі бола отырып, зиянды заттардың

бір немесе бірнеше түрімен әуестенуі мүмкін. Уақыт өте келе өзінің қалай тұрақты түрде есірткі заттарды қолданатынын және ересектер тобынан табылатынын білмей де қалады [3, 25].

Ғылымда аддикция мәселесі әлі де зерттеуді талап етеді. Бұл құбылыстың пайда болу, өту механизмін түсінбейінше, біздің ойымызша ішімдікке салынуға, нашақорлыққа басқа да девианттық, деструктивтік мінез-құлық түрлеріне талдау жасау қиын.

Аддиктивтік мінез-құлықтың мәні белгілі бір нәрселерге немесе қызмет түрлеріне кейбір заттарды қабылдау арқылы немесе назар тоқтату арқылы өзінің психикалық жай-күйін өзгертуге ұмтылады. Мұндай заттарды тұтыну нәрсеге, әрекетке тәуелді болу процесі эмоцияның интенсивті дамуымен қоса жүреді және адам өмірін басқаша бастайтындай, аддикцияға қарсы әрекет етіп, оның ерік-жігерін жоятындай шамаға жеткізеді. Мінез-құлықтың мұндай түрі психологиялық қиындықтарды көтеруі төмен, өмір жағдайларының тез ауысуларына нашар бейімделетін, психофизиологиялық жайлылыққа жылдам және оңай жетуге ұмтылатын адамдарға тән. Аддикция олар үшін шынайы өмірден қашудың құралына айналады.

Аддиктивтік мінез-құлық типіндегі адамдар өздерін қорғау үшін психологияда «қалауынша ойлау» деп аталған механизмді пайдаланады, олардың ойына қарамастан олар шынайы деп тек өздерінің қалауына сәйкес келетіндерді есептейді, нәтижесінде тұлғааралық қатынастар бұзылады, адам қоғамнан қол үзеді. Қандай заттар, нәрселер немесе әрекеттер аддиктивтік мінез-құлық түріндегі адамдар үшін құрал бола алады? Бұл есірткілер, ішімдіктер, шылым, құмар ойындар, түрлі компьютерлік ойындарды қоса есептегенде, ырғақты әуенді ұзақ тыңдау, сондай-ақ, адамның өмірлік маңызды міндеттерінен бас тартып, қызметтің қандай да бір түріне толықтай батуы [4].

Аддиктивті мінез-құлық бірте-бірте қалыптасады. Ауытқудың басталуы белгілі бір затты қабылдауға немесе белгілі бір әрекеттерге адамның интенсивті өткір психикалық жай-күйінің өзгеруімен, әсерленушілігімен байланысқан және өзінің психологиялық жай-күйін өзгертудің белгілі бір тәсілінің барлығын түсінумен, сезімнің көтерілуін, қуанышты жағдайды бастан кешудің пайда болуымен байланысқан. Бұдан әрі аддикция құралдарына табанды түрде тұрақты жүгіну қалыптасады.

Күрделі өмірлік жағдай, психологиялық жайсыздық жай-күй аддиктивтік реакцияны арандатады. Бірте-бірте мұндай мінез-құлық шынайы өмір талаптарына жауап қайтарудың үйреншікті түріне айналады. Тұлғаның интегралды бөлімі ретінде аддиктивті мінез-құлықтың қалыптасуы жүреді, яғни бұрынғыны ығыстыратын және қирататын өзге тұлға пайда болады.

Жасөспірімдік шақтың адамның қалыптасуындағы ерекше жас ерекшелік сатысы ретінде айқындалуы XIX ғасырдың екінші жартысында басталды. Сол уақыттан бастап, жасөспірімдік шақ, жасөспірімдік мәселелерді көптеген психолог, дәрігер, педагог, мәдениеттанушы, әлеуметтанушы ғалымдардың зерттеу орталығына айналды. Жасөспірімдік шақ бұл балалық шақтан ересектер әлеміне өту сатысы, ол эмоционалды жағынан мазмұнды болғандықтан, жасөспірімдік дағдарыстың жағымсыз белгілері көріне бастайды. Жасөспірім өзін, өзінің мүмкіндіктерін және жеке дара ерекшеліктерін түсінуге ұмтылады, өзінің басқа адамдармен ұқсастығын және олардан айырмашылығын тапқысы келеді. Құрбыларымен қарым-қатынас жасау өзі туралы адекватты түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді [3, 89].

Аддиктивті мінез-құлықтарының бағыттарының қалыптасуының, жүріс-тұрысы бұзылған сананың пайда болуы, адам мінез-құлқының аддиктивті мінез-құлықтық стереотипінің пайда болуының заңдылықтарын зерттейді. Аддиктивті мінез-құлықтың алдын алу ұйымдастырылған, күш жұмсау арқылы орындалған мінездің және тәуекел топтардың құрылымы және психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Сонымен, аддиктивті мінез-құлық тұлғасы, оның мінезіне себепші болатын, индивидтің келеңсіз әлеуметтік маңызы бар индивидуалдық тұрпаттық сапасының жиынтығы. Аддиктивті мінез-құлық тұлғасының психологиясы жайлы мәселе психологтар үшін ғана емес, сонымен бірге жалпы адамзат болашағы үшін маңызы зор. Ал, бұл мәселені зерттеу аддиктивті мінез-құлықты алдын алу шараларының алдын алудағы іс-әрекетте үлкен рөл атқарады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, жеткіншектердің аддиктивті мінез-құлқының пайда болуы көбінесе ересектер немесе өз қасындағы достарының әсерінен пайда болады.

Мұндай жеткіншектерге тән қасиеттер өз еркінің болмауы, жауапсыз, жалқау, агрессивті болуы. Сондықтан баланы тым еркелету жайы да осындай жағдайларға әкеп соғатыны анық.

Әдебиет:

1. Макаренко А.С.Книга для родителей. М.,1973. - 365 б
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан №194, 1994.
3. Сэбшин Э. Психологические исследование аддиктивного поведения: обзор //Психология и лечение зависимого поведения/Под ред.С.Даулинга М.: Класс, 2000. - 465с
4. Гоголева А.В. Аддиктивное поведение и его профилактика. М.Воронеж, 2002. – 368 с.

ӘОЖ-81.1

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Лепес С.Е., Ибраева К.И.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Развитие мотивации	Мотивационной готовности к получению знаний о себе, об окружающем мире, к социальной адаптации	Ценностно-смысловые компетенции
Коррекция предпосылок учебной деятельности	Развитие способности действовать по словесной инструкции, организовывать собственную деятельность, осуществлять самоконтроль и анализ собственной деятельности, развитие мелкой моторики	Учебно-познавательные
Сенсорное и сенсомоторное развитие	Развитие зрительного анализа и пространственного восприятия, развитие тактильных ощущений, умения организации и контроля простейших двигательных программ, развитие тонкости и целенаправленности движений	Коммуникативные

Формирование пространственно-временных представлений	Формирование возможности ориентироваться в схеме собственного тела, в ближайшем окружении, на плоскости, развитие пространственного праксиса	Коммуникативные
Развитие высших психических функций	Развитие произвольного внимания, зрительной и слухоречевой памяти, мышления	Учебно-позновательные
Формирование функции программирования и контроля собственной деятельности	Регуляция простых двигательных актов, умения ориентироваться в задании, планировать свою деятельность, умения контролировать свою деятельность и осуществлять словесный отчет о совершаемом действии и результате	Учебно-познавательные
Коррекция навыков письма и чтения	Развитие навыка копирования, работа по заданному в устной или письменной форме образцу, актуализация и закрепление звуко-буквенного анализа слов, зрительно-слуховые диктанты, чтение и разбор текста, предложения, слова, графические диктанты	Учебно-познавательные
Коррекция вычислительных навыков	Закрепление состава числа, понятия о числовых рядах, соотношение числа и количества, единиц измерения длины, массы, времени, алгоритмы решения задач различных типов	Учебно-познавательные
Развитие познавательных интересов, учебной мотивации, творческих способностей	Решение логических задач, выполнение творческих заданий, проведение развивающих игр	Учебно-познавательные, информационные, коммуникативные, общекультурные

В качестве примечания к таблице 1 расшифруем определение использованных ключевых компетенций.

Ценностно-смысловые компетенции. Это компетенции, связанные с ценностными ориентирами ребенка, его способностью видеть и понимать окружающий мир, ориентироваться в нем, осознавать свою роль и предназначение, уметь выбирать целевые и смысловые установки для своих действий и поступков, принимать решения.

Общекультурные компетенции. Познание и опыт деятельности в области национальной и общечеловеческой культуры; духовно-нравственные основы жизни человека и человечества, отдельных народов; культурологические основы семейных, социальных, общественных явлений и традиций; роль науки и религии в жизни человека; компетенции в бытовой и культурно-досуговой сфере, например, владение эффективными способами организации свободного времени. Сюда же относится опыт освоения учеником картины мира, расширяющейся до культурологического и всечеловеческого понимания мира.

Учебно-познавательные компетенции. Это совокупность компетенций ученика в сфере самостоятельной познавательной деятельности, включающей элементы логической, методологической, общеучебной деятельности. Сюда входят способы организации целеполагания, планирования, анализа, рефлексии, самооценки.

Коммуникативные компетенции. Знание языков, способов взаимодействия с окружающими и удаленными событиями и людьми; навыки работы в группе, коллективе, владение различными социальными ролями [3].

При создании необходимых условий, квалифицированной подготовке специалиста-дефектолога, респектабельной, грамотной, организованной методике коррекционно-развивающей работы дети-олигофрены способны развиваться и социально адаптироваться.

Литература:

1. http://egov.kz/cms/ru/articles/2F05inclsiveeducation.
2. Мельник Т.В. Коррекционно-развивающее обучение умственно отсталых детей в с(к)ош № 155 г. Пермь. 2014 г.
3. *https://sh3grodno.schools.by/pages/kljuchevye-kompetentsii-uchaschihsja.*

ӘОЖ 376.3

ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ ЗАҚЫМДАНҒАН БАЛАЛАРҒА ИЗОТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Маханбетова А.Ж.

(*Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қаласы)*

Биім Қ.А.

(ДФ-16 қ тобының студенті, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл қаласы)

Қазіргі таңда қоғамымызда өмір сүріп жатырған тірек – қимыл аппараты зақымданған балалардың танымдық және ойлау,есте сақтау,шығармашылық қасиеттерін дамыту,олардың қоршаған орта,әлемді тануына қолайлы жағдай жасау мақсатында осындай балалармен арттерапиялық сабақтар жүргізу арқылы бала бойындағы кемшілікті түзетуге болады. Тірек – қимыл аппараты зақымданған балаларға арналған арт - терапияның бағыттары : пет – терапиясы, құм терапиясы, музыка терапиясы, ойын терапиясы, ертегі терапиясы, гүл терапиясы, қуыршақ терапиясы, оригами, этнотерпия, киндер – сюрприз, артсинтез терапиясы, библиотерапиясы, маска терапиясы және изотерапия. И. Ю. Левченконың айтуынша тірек – қимыл аппараты зақымданған балаларға сауықтыру жұмыстары барысында көбінесе бейнелеу терапиясын, музыкатерапияны және ертегі терапиясын қолданудың сапалы нәтиже беретінін айтқан болатын.Изортерапия әдісі тірек – қимыл аппараты зақымданған жандардың шығаршылық қасиеттерін дамыту мақсатында қолданылады. Изотерапия-бейнелеу шығаршылық терапиясы, яғни сурет салу болып табылады[1]. Тірек – қимыл аппараты зақымданған балаларды емдеуге қолданылатын арт-терапияның негізгі бағыттарының бірі. Бейнелеу терапиясының негізгі айқындағыш мақсаты – баланың қандай да бір қимыл - қозғалысты таңдауына қарамастан, өз әлемінде өзін – өзі тануы арқылы қолайлы жағдай туғызуына демеу беру. Сурет салу – баланың жеке өзіндік іс – әрекеті арқылы жүзеге асатын, ересектердің көмек, нұсқауынсыз орындалатын баланың ішкі сезімін ашық және нақты түрде көрсете алуы. Балалардың ішкі сезімдерін білдіретін бейнелеу әдістерінің саны шектеусіз. Бейнелеу өнер саласына қызығушылығы бар балалар көп жағдайда бояуға қолын малып қағаз бетіне із қалдыруды ұнатады. Әр баланың жеке таңдап алған бояу түстері өз сезімдерінің жай – күйін анықтап тұрады. Саусақ живописі дегеніміз – ешқандай құралдың көмегінсіз тек саусақтар арқылы бейне жасап шығару. Саусақ пен бейне жасау барысында әр саусақты әр

түске малу арқылы парақ бетіне әртүрлі сызықтар, нүктелер, геометриялық таңбаларды салу, саусақ ұшы арқылы немесе алақан аумағы көмегімен бейнелер жасап шығару. Бұл әдіс көбінесе артпедагогика мен арттерапияда белсенді қолданылады[3].

Изотерапия – біріншіден, бейнелеу шығармашылық сурет салу терапиясы. Қазіргі таңда бейнелеу терапиясын невротикалық аурулармен ауыратындарға, балалармен жасөспірімдер арасындағы психосоматикалық ауруларды түзеу үшін атқарылатын ем шараның бір түрі. Сурет салу адам бойындағы сезімдік қозғалыс координациясын және ми жарты шарларының қарым – қатынасын жетілдіреді. Мидағы сол жақ жарты шардың жұмысы – аналитикалық, вербальдық, есептегіштік, таңбалық процестерді реттеуді жүзеге асырса, ал оң жақ жарты шар – интуитивті, субьективті процестердің бірегейлілік жұмыстарын атқарады. Бейнелеу өнерінде жалпы екі түс: ахроматикалық және хроматикалық түстер қарастырылады. Ахроматикалық түстерге ақ, қара және сұр түстер жатады.Бұл түстер – бейтарап, тазалықтың және бүкіл әлемнің түсі болып табылады. Ақ түс- адамды емдейтін түс, қара түс – жылуды бойына сіңіріп және сол жылуды ұстап тұратын түс, сұр түс – құрамындағы аралас екі қарама – қарсы ақ және қара түстер жарық пен қараңғылықты білдіреді. Хроматикалық түстерге – қызыл, жасыл, көгілдір, көк, күлгін түстер жатады. Бұл түстер жылылықтың, сезімнің, табиғаттың, үйлесімділік пен романтизмнің, көңілділіктің, құштарлық пен сана мен жүректің байланыс түстері. Изотерапияны қолдану жолдары: Осы тұста әйгілі ғалым Шекспирдің мына сөздерін айта кеткенім жөн болар: «Барлық өмір өнерден шығуы мүскін», «Бүкіл әлем театр». Арт – терапия әдісі қазіргі кезде көпшілікке танымал әдістердің бірі, бірақ көбінесе бұл әдісті нақты зерделеп жете түсінетіндердің саны аз. Бұл әдістің өзін енді біреулер өнер терапиясы десе, енді біреулер емдік мақсатта қолданылады деп түсінеді. Тірек – қимыл аппараты зақымданған баланы өнермен емдеу, яғни өнер арқылы емдеу деген мағынаны білдіреді. Баланың ішкі және сыртқы дүниесіндегі жайсыздықтардан арылуға мүмкіндік беретін, шығармашылық қасиеттерін оятуға мүмкіндік беретін, баланың бойындағы психологиялық кемшіліктерді анық нақты таба білуге жол ашатын әдіс тәсіл. Тірек – қимыл аппараты зақымданған бала болғандықтан сөйлеуге, жазуға да хауқары болмайтын балаларды да кездестіруге болады. Міне, осы әдіс арқылы сондай балалардың сөйлеуі, жазуы арқылы бере алмаған мәліметтерді сурет арқылы алуларына болады. Изотерапиялық сабақтар көбінесе, танымдық қабілеттерді оятуға, түрлі алаңдауларды болдырмауға, теріс эмоцияларды анықтауға мүмкіндік береді. Изотерапиялық сабақтарды кіші мектеп оқушыларына ұйымдастырған едәуір тиімді. Себебі, кіші мектеп оқушылары сөйлеу, жазуға қарағанда өз ойларын қиялдау арқылы жақсы жеткізеді. Балаға көп жағдайда таза ақ қағазға ойындағы бейнесін салғызу арқылы баланың бойындағы қиындығын, қоршаған орта немесе отбасымен байланысын, қоғамдық ортасындағы алатын орынын және қарым - қатынасын анықтауға болады. Көп жағдайда балалар ақ қағазға бар шындығын салып бейнелеуге тырысады, бейнелеу өнерінің құпиясы міне осыда жатыр.Кіші мектеп оқушыларының шығармашылық мүмкіндіктерін қолдана отырып, баланың бойындағы интеллектінің өзгеруіне, және жеке тұлға ретінде дамуына мүмкіндік беруге болады. Сурет арқылы әр бала өз бойындағы ерекшеліктерін таныта алады және сезім ұшқырлықтарын көрсете біледі. Бұл әдіс сурет салу арқылы өзін – өзі әлемге таныту деген сөз емес, бейнелеу өнері арқылы жан дүниені түсіне алу, адамға не керектігін түсіну, қолайлы жағдай орната алу. Қоршаған орта мен ішкі жан дүниені сәйкестендіре білу. Қазіргі таңдағы мүмкіндігі шектеулі балаларға қолданылып жатырған психокоррекциялық, психотерапиялық әдістердің ішінде изотерапия «жұмсақтығымен» ерекшеленеді. Қазіргі уақытта тірек – қимыл аппараты зақымданған жандарға, жасөспірімдерге, қарым – қатынасы қиын адамдарды қоршаған әлеуметтік ортаға бейімдеуде туындаған қиыншылықтар барысында изотерапия әдісі кеңінен қолданылады. Тірек – қимыл аппараты зақымданған балалар өздерінің қазіргі, ертеңгі және болашақтағы өмірлерін, өзіндік арман – мақсаттарын, ішкі толғаныстарын көз алдарына нақты және саналы түрде елестете алмайды. Кейде олар өз сезімдерін тежеп, ішкі жан күйзелістерін сыртқа білдіруге жүрексінетіндері, ішкі немесе сыртқы сезімдерін өз санасы бойынша атқарудан қорқатындары да бар. Кей кездері олар болмаған жағдайдан алдын ала қорқып, талпыныс, жігерлері сөніп, қоршаған ортадан бөлектеніп те жатады. Олар көп

жағдайда, өздерінің ішкі мінез құлықтарын емес, қажеттіліктерін бейнелеп жатады. Кейде изотерапия әдісін қолдану арқылы күтпеген әрі тез ұтымды қорытынды алуға болады. Изортерапия мүмкіндігі шектеулі балалармен де, қиын балалармен де жұмыс ретінде де, балабақша балаларымен және олардың ата - аналарының шығармашылығын арттыруда қолданылатын әмбебап технология. Изотерапия – біріншіден, бейнелеу рефлекциясы әдісі, екіншіден – мүмкіндігі шектеулі баланың шығармашылық қабілетін танытатын технология, үшіншіден – психокоррекцияның әдісі, оның көмегімен кемтар балалардың эмоционалдық жай күйін түзетуге, сонымен қоса мүмкіндігі шектеулі баланың ішкі психикалық қиыншылықтарын шешуге көмегін тигізеді.Мектепке дейінгі жастағы тірек – қимыл аппараты зақымданған балалармен психокоррекциялық (оңалту) жұмыстарын жүргізу барысында изотерапия (бейнелеу терапиясын – сурет салу, илеу) мен ертегі терапиясын кеңінен көп таралған түрі болып табылады.Мектепке дейінгі жастағы тірек – қимыл аппараты зақымданған балалармен арттерапиялық әдістемелерді қолдануда сензитивті (сезімталдықты ояту, қалыптастыру) кезеңі болып 6 – 7 жас аралығындағы балалар саналады, кейде 5 жастанда басталады, егер балада зақымдалу түрінің жеңіл дәрежесі болған жағдайда ғана баламен жұмыс жасай алады.Бұл жаста тірек – қимыл аппараты зақымданған балада сөйлеу тілі, қимыл – қозғалыс дағдылары, көркем іс – әрекетіндегі қарапайым қозғалыс дағдылары қалыптасады, санасы дамиды, бұл арттерапиялық әдістемелерді қолданудың негізі болып саналады[2].

Изотерапияның түрлері: Поролон бөліктерімен сурет салу –бала поролонның таңбасын жастықшаға қатты басу арқылы қағазға таңба түсіреді, поролонның әртүрлі үзімдерін әр түске бояу арқылы бейне жасайды. Сабынмен сурет салу – сабынды бор түрінде болмаса қолға ыңғайлы қалыпта ұстау арқылы сызықтар белгілі құбылыстар арқылы көріністерді бейнелейді. Щеткамен сурет салу –щетканың басын әр түрлі түске малу арқылы сурет салу. Майшаммен сурет салу – бала көрінбейтін көріністі табуға деген құлшыныс, қызығушылықпен жүзеге асатын бейнелеу өнері. Қылқаламның орнына қол арқылы сурет салу – алақанды немесе қол бастарын әртүрлі түске бояу арқылы қағазға таңба түсіру арқылы, қағазда әртүрлі қызықты бейнелерді жасап шығару. Бүрку арқылы сурет салу – бала қаламды бояуға малып қағаздың үстінде ұстап тұрып қатты қағазға қаламды соғады да, содан соң бояу арқылы қағазды бір немесе бірнеше түске өз қалауы бойынша бояйды нәтижесінде бояу қағазға шашырап, бейне пайда болады. Алақанмен сурет салу – бала бояуға алақанын малу немесе қылқалам арқылы (5 жастан басап) алақанын бояйды да алақанын таза ақ қағазға бастырады. Изотерапиялық сабақтарға арналған тақырыптарда бар. Мен үйдемін. Бұл тақырып аясында бала еркін тақырыпта, яғни өз үйінің суретін салады немесе қалай елестететінін жеткізеді. Сурет салынып болған сон суретте бейненленген бейнелер бойынша бала мен бірлесіп шағын әңгіме жүзінде талқыланады. Менің отбасым. Әрбір бала өз отбасы жайында сурет салады[5]. Содан сон нұсқаушы суретте отбасы мүшелерінің орналасуын, баланың қандай отбасы мүшесіне жақындығын анықтап, байқайды. Мен келешекте. Бұл тақырып төңірегінде де бала еркін тақырыпта сурет салады. Болашақта кім болғысы келетінін, өзіне ыңғайлы кәсіп түрін, қандай мамандықты ұнататынын жеткізе алады. Махаббат. Сабақ барысында балалар лирикалық әуенді тыңдау барысында мейірімділік, сүйіспеншілік, жақсы көру, ұнату сезімдерін қалай түсінетіндерін ақ қағазда бейнелейді. Изотерапияның негізгі кезеңдері. Бірінші кезең: әлеуметтік – шығармашылық үрдістің алдын ала тегін қызмет көрсету. Арттерапияны әлі білмейтіндер үшін алғашқы кезең - көркем материалмен еркін эксперимент жүргізуде сенсорлық, эмоционалдық және саналы тәжірибенің маңызды кезеңі. Осы кезең барысында бала өзі білмейтін бойындағы жаңа жаңалықтарымен танысады. Шынайы тәжірибе көркем материалдан сенсорлық сезімдерді, сондай-ақ әртүрлі эмоциялар мен ойларды оятады. Көркемдік материалдың көмегімен түстердің атауларымен танысып, берілетін тапсырмалардың үлгілерімен танысып, берілетін үлгілердің ситаттамасымен танысу сезімдері туындайды. Сонымен қатар, көркемдік құралдармен ойнаудың басқа да артықшылықтары бар: бала бойындағы өз үрей, қорқыныштарын көркемдік құралдары арқылы бейнелейді, салынған бейнені талқылау барысында бала бойындағы жағымсыз көріністерді жоюға болады. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі баланың қажеттіліктеріне, проблемаларына, оның жасына

байланысты болады. Әр баламен бір сабақтың өту уақыты жиырма бес минутты құрайды, содан соң сабақтың екінші кезеңіне өту көзделеді[4].

Сабақтың бірінші кезеңінен екінші кезеңіне өту үшін ең маңыздысы сабақтың өту барысына керекті көркемдік құралдарды талдап, таңдап алу. Екінші кезең: шығармашылық белсенділік. Тірек – қимыл аппараты зақымданған балаларды шынайы ортаға белсене араласа алмағандықтан өз белсенділіктерін үнсіздік арқылы білдіреді. Сонымен қатар, осы кезеңде, балалардың көпшілігі жұмыс барысында суретшілерге тән мінез-құлық танытады: шоғырлану, адалдық, тарту, толқу, сыпайылық, проблемаларды анықтау және кейде оларды шешу. Үшінші кезең: феноменологиялық интуитивті таным. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі баланы қадағалау болып табылады. Көркемдік құралдарды орналастыру үшін балаға жауапкершілік жүктеледі. Бала жауапкершілік қасиетті түсіну арқылы берілген жұмысты орындауы қажет. Тікелей психологтың араласуымен өтеді. Бала өзі орналастырған сурет, шығармашылық өнерін өзіндік бағалауы және дұрыс орналастыра білуі керек. Интуитивті таным – көркердік өнерді саралау үдерісі, нәтижені көруге болатын шығармашылық қасиетті таныта алу мүмкіндігі. Осы тұста арт – терапевт балаға: «Сіз жұмысыңызды жақсы көріңіз, оған көңіл аударыңыз, үнсіз қадағалаңыз және бұрын көрмеген нәрсені таба аласыз» - деген сияқты сөздерді айтады. Бұл тыныштық процесінде интуицияның кейбір көріністері «көзге көрінбейтін» дереу, бірінші кезекте, көрнекі өрістің қалған бөлшектерінен гөрі алға баса алады. Көп ұзамай егжей-тегжейлер маңыздылыққа ие болады және бақылаушы мағыналармен байланыс орнатуға кіріседі. Сонымен қатар, осы кезеңде түстердің үйлесімді комбинациясын, қалыңдығын, біркелкілігін, сызықтардың орналасуын байқайды. Төртінші кезең: «Сіз не көресіз?». Арт – терапевт балаларға «Сіз не көресіз?» деген сұрақ қойып, балалардың суретте не көріп тұрғандарын сипаттап берулерін сұрайды. Бұл сұраққа жауап ретінде өте қарапайым жауаптар алынады. Феноменологияның негізгі үш негізгі аспектілері бар. Бірінші - жеке қабылдаудың маңыздылығы: сіз не көресіз, жаратушы. Салынған суретің негізгі сипаттамасы баланың ішкі әлеміне алып келеді. Екінші –бұл аспект баланың сезіміне байланысты: естіген факт сенімнің бастауы дегенді білдіреді. Үшінші - сен не көріп тұрсың? Мұның бәрі, дәлелдер анықталған кезде, теориялық болжамдарға негізделген, болжау немесе спекуляция емес, шығармашылық өзін-өзі көрсетудің нәтижесі ретінде баладан көрінеді. Яғни, жүргізілген жұмыс нәтижесінде балада болған өзгерістерді байқау. Сурет салу барысында әр түрлі техникаларды қолдану қажет. Жазудың макромды техникасы: Ақ қағазға бояу аркылы әр түрлі үлкен бейнелерді салу. Түрту техникасы: белгілі түртілетін белгілері жетіспейтін суретті (нүкте,үтір,сызық т.б) толықтыру. Штрихтар техникасы: Суретті штрихтау арқылы бейнелеу.Қосымша белгілердің көмегінсіз, тек штрихтар, сызықтар арқылы сурет салу. Жағу техникасы: Саусақтар және алақан көмегімен салынатын суреттер. Алдымен саусақ алақанды бояп, содан соң қағазға бастырып жағу. Белгілер техникасы: Әртүрлі шеңбер, төртбұрыш т.б геометриялық, визажистік белгілерді қолдану арқылы сурет салу. Изотерапиялық жаттығулар. «Өз үрейіңді бейнеле» ойыны. Ойынның мақсаты – жағымсыз күйзелістерді жеңу және эмоциялық қысымды төмендету. Ойында балалардың өздерінің бойындағы қорқыныштары мен үрейлерін бейнелеп берулері сұралады. Балалар өз суреттері жайында айтады, сурет бойынша талқыланылады. Ойыншыларға бойларындағы үрейлерден арылу үшін ол суретті жыртып тастау, суретті күлкілі суретке айналдыру, жағымды эмоцияларға сәйкес жаңа сурет салу ұсынылады. «Ашудың суретін салу» жаттығуы. Балаларды қатты ашуландыратын адам немесе орын алған жағдай бойынша ойлануын өтініп, қалай елестететіндерінің бейнесін салуын сұрау. «Жағымсыз портреттер көрмесі» жаттығуы. Баланы ыңғайлы отырғызып, көзін жұмып, 3 рет дем алуын қадағалап, балаларға портреттер көрмесі алаңына енгізу. Онда балаға ұнамайтын, ашуын келтіретін, тіпті жақтырмайтын адамдарының портреттері ілінген. Әр портреттердің түстеріне, келбеттеріне назар аударуын өтіну. Кез – келген бір портреттің жанына тоқта. Осы адамның портретінің қандай сезім тудыратынын жасырмай жеткізуін сұрау. «Ашу хаты» жаттығуы. Баланың қандай адамға ашуы бар екенін ашуын туғызатын адамды анықтап, сол адамға хат жазу. Ол хатты ешкім оқымайды. Бұл хат балалардың өз сезімдерін, талаптарын шынайы білдіруіне бағытталады. «Жеке сурет салу» жаттығуы. Ойынның мақсаты – балаларды топ

мүшелерімен белсене араласуына ынталандыру. Ойында балалар түрлі – түсті қаламдар, белгілерді қолдану арқылы сурет салады. Суретті салу барысында балалар түйсік пен сезімдерін ұштастыру арқылы кез – келген бейнені бейнелейді. Қорытындылай келе, Изотерапия жүргізудің көмегімен – мүмкіндігі шектеулі балаларды мазалайтын өзекті мәселелерді айқындауға болады, балалар бойындағы агрессивті мінез – құлықтарды, негативизмдерді, демонстрация түрінде көрінетін балалар бойындағы жағымсыз күйзелістерді коррекциялық жұмыстар жасау арқылы әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсетуге болады. Бейнелеу шығармашылығы баланың өзін – өзі тануына, түсінуіне, өзінің ойы мен сезімін еркін білдіруіне мүмкіндік жасайтын, арманы мен үмітін анықтауға, сонымен қатар бұрынғы болған жағымсыз жағдайлар мен уайымдардан арылуға көмектесетін ем – шараның түрі. Бейнелеу өнері адамның бойындағы сезіну қозғалыс тепе – теңдігін қалыптастырады[6].

Бұл изотерапия әдісі тірек-қимылы бұзылған түзету мектептерінде білім алатын оқушыларға арналған. Мектеп жасындағы тірек – қимыл аппараты зақымданған балаларға психокоррекциялық жұмыстарды жүргізу барысында арттерапиялық әдістемелердіңбаланы дамытудағы рөлін көбейтпесе азайтпайды, керісінше жоғарылай түсіреді. Әр балаға негізделген психокоррекциялық әдістемелер белгіленген міндеттерін шешуге бағытталған және бала жасына және оның психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты өзіндік қолдану шекараларына иелене алады. Тірек – қимыл аппараты зақымданған балалармен психокоррекциялық түзету жұмыстарын жүргізу барысында қолданылатын құралдарды таңдауда 2 негізгі фактор міндетті түрде есепке алынуы керек : ақыл – ой деңгейі және сөйлеу тілі деңгейінің дамуы. Неғұрлым балада сөйлеу тілі мен ойлау қабілеті жақсы дамыған болса, соғұрлым қолданылатын құралдар жинағы да молая түседі.Ғалымдардың зерттеуі бойынша сурет салу ми жарты шарларының қарым – қатынасын жетілдіреді. Изотерапияны мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдана отырып, бала бойындағы уайым, қорқыныш сезімдерін сыртқа шығара аламыз. Баланың шығармашылық бірлестігін қалыптастырып, қоршаған орта, әлемді тануға үйрете аламыз. Баланың іс – әрекетін, шығармашылық қабілетін дамытуды қолға аламыз. Балаға қолайлы жағдай туғыза отырып, айналасындағы адамдармен қарым – қатынасын қалыптастырып, психикалық жай – күйін түсіне аламыз. Қазіргі уақыттың өзінде көптеген психологтар изотерапия әдісін мойындап, өз тәжірибелерінде қолданып жүр. Әйгілі мүмкіндігі шектеулі балаларды сауықтыру орталықтарында да изотерапия әдісі көптеген жетістіктерге жетуде. Сонымен қатар, изотерапия әдісі кішкентай баланың өнердегі шығармашылық мүмкіндіктерін қолдана отырып, оның интеллектісінің өзгеруіне, эмоционалды және жеке тұлға болып дамуына көмек беретін арт – терапияның бір түрі. Бейнелеу өнерін пайдалана отырып, баланың бойындағы ұнамды және эстетикалық тәрбиені ғана қалыптастыру емес, сонымен қоса эмоционалды дамудың алғы шартында қалыптастыра аламыз.

Тірек – қимыл аппараты зақымданған балаларға түзету жұмыстарын жүргізу барысында арт – терапияларды қолдану осы балалардағы эмоционалды қысымды төмендетеді, теріс мінез – құлықтардан арылуға көмегін тигізеді. Сонымен қатар, шығармашылық өзара қарым – өатынасқа түсудің тиімді жақтарын қарастырып, яғни өз беделін бағдарлай алу секілді жекелік құндылықтарын түзетуге жәрдемдеседі. Егер арт – терапиялар қолданылып түзету (оңалту) жұмыстары үздіксіз жүргізілетін болса, балалардың дамуында өз ойларын баяндап, нақтылай алулары, қоршаған ортаға деген түсініктері, көзқарастары қалыптасып, кеңейеді, елестете алу, қиялдау қабілетері артады. Балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарын, соның ішінде психо – оңалту жұмыстары балада ерте жастан бастап ұйымдастырылса, баланың болашақтағы әлеуметтік беймделуі мен реабилитациясы дұрыс қалыппен жүзеге асатынына сеніммен қарауға болады.Изотерапия әдісін қолдану нәтижелі болуы үшін мынадай жолдарын көрсетуге болады[7].

Тірек – қимыл аппараты зақымданған баланың эмпатиялық қабілетіне аса маңызды көңіл бөлу;

Тірек – қимыл аппараты зақымданған баланы эмоционалды тұрғыдан қолдау;

Әдісті қолдану барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау;

Әрбір тақырыпқа шығармашылық мақсат қою;

Баланың қызығушылығына сай тақырып таңдауларына көмек беру;
Тақырыпты түсінікті, ұтымды түрде ашу формасын өңдеуге көмектесу.

Әдебиет:

1. Никольская И. М. Арттерапия – терапия изобразительным искусством // Учебник Детская психиатрия (под ред. Э. Г. Эйдемиллера), СПб.: Питер, 2005. С. 993.
2. Ахметова П.А., Асанова А.Ж. «Мүмкіндігі шектеулі баланың» жаңа қоғамдағы педагогикалық - психологиялық мәселелері» // «Жастардың педагогика ғылымына көзқарасы» атты студенттік ғылыми - практикалық конференциясының материалдар жинағы, Қостанай, 8 сәуір 2014, б.13-18.
3. Намазбаева Ж., Сүлейменова Р. «Дефектологиялық сөздік» Алматы,1993.б.69.
4. Тәуекелова А.Е, Асанова А.Ж. «Изотерапияның мүмкіндігі шектеулі балаларға тигізетін әсері»// «Қазіргі заманғы ғылым және жастар» атты студенттер мен магистранттардың халықаралық конференциясының мақалалар жинағы, Қарағанды 28 наурыз 2014, б.309.
5. Диагностика в арттерапии. Метод “Мандала”- http://science-education-books.
6. Курск. Душевные болезни – лечать арттерапией – Regions. Ru. www. 46
7. Бетенски, М. Что ты видишь? Новые методы арт-терапии. – М. : ЭКСМО-Пресс, 2002. С.256.

ӘОЖ -059.1.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Молдағалиева Ж.Н., Кереймаганбетова Ж.Н.
(Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті)

Білім берудің қазіргі тұжырымдамасы болашақта кәсіби қызметі барысында тиімді түрде жүзеге асыру қабілеттілігі бар тұлғаны қалыптастыру мақсатын көздейді.

Студенттік ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынас құрылымын тереңірек зерттеудегі қажеттілік тәжірибенің сұранысына байланысты. Жас адамды қоршаған микроорта тұлғаның жан-жақты қалыптасуына тәрбиелік ықпал етеді.

Ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынастың құрылымдық ерекшелігін зерттеу ұжымның қызметі мен ондағы өзара қарым-қатынасты қалыптастырудың жалпы заңдылығын ұғынуға, қарым-қатынасқа тиімді және бағытты әсер етуге мүмкіндік береді. Бұл мәселеленің көп қырлығына байланысты зертеуші ғалымдар тұлғааралық қарым-қатынастың құрылымын және ұжым құрылымын әр түрлі қарастырады. Кейбір жағдайларда бұл ұғымды аралас қарастырады.

Тұлғааралық қарым-қатынас құрылымы және ұжымды қарастыруда «құрылым» және оған тығыз байланысты «жүйе» ұғымының мәнін ашқан жөн. Бұл мәселе жөнінде М.С. Каган «құрылымсыз жүйе болмайды және жүйеден тыс құрылым болмайды» - дейді. Сондықтан да құрылымның жүйелік белгілеріне талдау жасау қажет. Бұл элементтер арасындағы өзара байланысты толық ашуға мүмкіндік береді.

Тұлғааралық қарым-қатынас – ол жекелеген адам арасындағы туындайтын қатынастар.

Жеке қарым-қатынастар – ол адамдардың бірлескен қызметінен басқа жағдайларда туындайтын қарым-қатынас.

Кеңес психологы Б.Г. Ананьев студенттік кезеңді «жеке қатынаста адамгершілік және эстетикалық сезімдердің және өзіне азаматтық, қоғамдық-саяси, кәсіби-еңбекті біріктіретін ересек адамның функцияларының қалыптасып, тұрақталуының айрықша белсенді мәнге ие» деп қарастырды.

Жоғары мектеп жасынан студенттік жасқа өтуі өмірдің үйреншікті көзқарастың өзгеруі мен қарама-қайшылықтарымен сәйкес келеді. Бұлқарама-қайшылықтарәлеуметтік-психологиялықсипаттаболады.

Студенттіккезеңдегіөзбеттілікәрекеттертуралысұраққөпжағдайданақтыпрактикалықсипаттаболыпкеледі. Біржағынантеориялықбілім мен қызығушылықтаржиналғанбілімаймағындағыпрактиканыңқолдануыменкездескендетексеруден

өтеді. Екіншіжағынанқызығушылықтар мен қажеттіліктердіңтеориялы, абстрактіліаймағы оны тұрмыстақолдануғаәкеледі. Өзбеттілік - жатақханадағыөміргеүйрену, өзініңақшасынұстау, өзуақытындұрысқолдануменбайланыстыпрактикалықіскеайланады.

Студенттіккезең – бұладамгершілікдамуының, моральдықмөлшердіменгерудіңқарқынды даму кезеңі. Адамгершілікдамуыөзінеадамгершілік сана-сезімді, адамгершілікмінез-құлықжәнеадамгершілікқарым-қытынастыжинақтайды. Студенттіккезеңдестуденттердіңқарым-қатынасмәдениеті, құрбы-құрдастарыменөзарақатынастарыайтарлықтайөзгереді. Тіптіоларүшін жора-жолдастарынакөмекқолынберугедайынтұру, достықтысүю, мейірімділікжәнеқайырымдылықсияқтықасиеттерөтемаңыздысаналады.Студенттіңқатынасжасаутиптерінзерттегенеңбектерқарастыраотырып, студенттердіңқарым-қатынасжасауқабілетінүштүргебөліпқарастыруғаболатындығынЛ.А.Перовская, Ю.М.Лотман, М.И.РыдановжәнеБ.Ф.Ломовтардыңеңбектеріненкөреміз:

1) Жалғыздыққабейімөзімен-өзіжүретін студент. Оны айналасындағықұрдастарыменқарым-қатынасжалықтырады. Олөзімен-өзіжалғызқалғанданемесеөзіұнататынісіменайналысқандағанаөзінжайлысезінеді.

2) Жұптасқанқарым-қатынастүрінебейім студент. Оныңжанындасенімдідосынемесеқұрбысыболуықажет. Олдоссызнемесеқұрбысызтолыққандыөмірдісезінеалмайды.

3) Топтық, ұжымдасқанқарым-қатынастүрінебейімстуденттер. Мұндайұжымдасқаннемесебейімділіктерінеқарайтоптасқанстуденттердендұрысбағыттағысалауаттықарым-қатынастағыұжымдар да, сондай-ақ, қоғамдағыжағымсызәрекеттергебаратынтоптар да қалыптасуымүмкін. Осы қарым-қатынасжасауқабілетініңүштүріарқылымынадайкөзқарасқатоқталамыз:

егербіріншітипкежататын студент қақтығысжағдайындажалғызөзіуайымдайтынболса, екіншіжәнеәсіресе,

үшіншітипкежататынстуденттертабиғисыртқықорғаныстәсілдерінқолданады.

Л.П. Буева тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың негізгі жолы ретінде оқу ұжымын көрсеткен, «оқу және тәрбие әрекетіне, олардың ұжымдық формасының дамуына мінез – құлық арқылы әсер етуге болады» – деп есептейді [5,382б.].

Ұжымда тұлғааралық қарым қатынасты қалыптастыру ұжым арқылы іске асырылады, яғни, қоршаған шынайы өмір туралы берілетін ақпаратты мақсатты бағдарлау арқылы. Бұл жағдайда ғалым өнердің тәрбиелік ролін қолдануды ұсынады: «шынайы өмірдегі адамдар туралы ақпаратты да, әдебиеттердегі кейіпкерлер секілді жеткізу». Осылайша ұжымдағы тұлғааралық қарымқатынасты жалпы қағидаларға сай қалыптастыру қарым-қатынастың мазмұнын байытады, сондай ақ адамдар арасындағы рухани байланыстың пайда болуы ұжымның жан – жақтылығы және әртүрлілігі деуге болады.

Студенттік ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынас құрылымының психологиялық жақындық дәрежесі сияқты параметрі достықтың, жолдастықтың, жауластықтың, жақтырмаушылықтың педагогикалық маңызын анықтауға мүмкіндік берді.

Жаңа ұжымға ену бір жағынан адам үшін үшін стресс болып саналады, себебі жаңа ұжымға бейімделгенше, қарым-қатынасы қалыптасқанша, бір-бірін түрлі қырынан танығанша біршама уақыт қажет болады. Басқа қаладан, ауылдан келгендерде стресс болады. Олардың көбісі туған ауылынан, қаласынан кеткенін, отбасынан, достарынан алшақтағанын, күнделікті үй жағдайынан алшақтағанын уайымдайды. Сонымен қатар басқа жақтан келген студенттерде көптеген тұрмыстық қиындықтар туындайды: тұрғылықты үй, финанс мәселесі т.б.

Бұл аталған себептер негізізінде студенттер студенттік ұжымның алғашқы күнінен бастап белсенді танысып, достық жұптар құра бастайды. Осы арқылы олар қарым-қатынасқа деген қажеттілігін өтейді, қолдау, түсіністік, көмек табады. ЖОО-ның алғашқы айынан бастап танысу студенттерге тән.

Студенттердің тұлғааралық қарым-қатынасы олардың бірлескен іс-әрекетінде көрініс табады-оқу, қоғамдық, еңбек т.б. әрекеттер. Сондықтан да ұжымдағы өзара қарым-қатынастың сәттілігі немесе сәтсіз болуы бірінші курс студенттерінің ЖОО-на бейімделуіне тікелей

байланысты. Жағымды қарым-қатынас негізінде студенттң білім деңгейі төмен болса да қасқа уақыт аралығында тез бейімделуі мүмкін.

Бірінші оқу жылында студенттердің өзара қарым-қатынасы дамуында алға жылжу болады. Салыстырмалы түрде бірінші семестрдің аяғына қарай тұрақтана бастайды. Бұл уақыт аралығында достық жұптар немесе топтар қалпытасады. Бірінші курстың студенттік ұжымында құрылатын топтар өзара қызығушылық негізінде қалыптасады. Оқу немесе басқа іс-әрекет түрлеріне барлық студенттер бірдей орынға ие және бір-біріне деген қарым-қатынаста бірдей дәрежеде болады.

Тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеуде студенттердің эксперименталдық шығармалары, сонымен бірге студенттердің өзара қарым-қатынасын бағалауын анықтауға, өзін топ ішінде сезінуін анықтауға арналған сауалнама, сауал парақтары жүргізілді.

Тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеуде аталған әдістердің мүмкіндігі мен тиімділігін алынған нәтижелер негізінде атауға болады. Дегенмен де объективті және дәл мәлімет алу үшін мақсатқа бағытталған педагогикалық бақылау мәліметтерімен сауалнама, сұрақнама нәтижелерін салыстырып, статистикалық математикалық тұрғыдан өңделді.

Студенттік ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынасқа әсер ететін факторларды анықтау арқылы педагогикалық жұмысты жоспарлауға болады. Ұйымдастырылатын педагогикалық жұмыс маңызды, себебі студенттік ұжымда тұлғалық қасиеттері тәрбиеленеді, дамиды, Ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынастың дамуы мен қалыптасуына негіз болатын адамның қарым-қатынасты қажетсінуі деп көрсетеді. адамның ұжымдағы қарым-қатынасының қажеттілігінің бірі адамның өзіне жақын дос іздеуіндегі белсенділігін атайды. Сонымен қатар тұлғаның жасы өскен сайын ұжыммен қарымқатынастағы тұрақтылық пен маңыздылығы арта түседі. Бұл алынған фактілерге сүйене отырып тұлғааралық қарым-қатынасты студенттік ұжымда зерттеу тиімді деген тұжырым жасауға болады.

Қарым-қатынас барысында жеке адамның қоғамдық рухани және материалдық құндылығы қалыптасады, жеке тұлғалық ерекшелігін көрсетеді, өзі үздіксіз қарым-қатынаста болатын қоғамға енеді. Коммуникация әрбір адамның әрекет барысындағы субъектісіне айналады, табиғат пен дүниені таниды, олармен қарым-қатынасын дамытады.

Ұжымда тұлғааралық қарым-қатынасты калыптастыруды зерттеудегі басқа бағыт Г.М. Андреева. А.И. Донцов, А.В. Петровский және х.б. зерттеулерінде көрініс тапты. Бұл авторлардың пікірінше бірлескен ісәрекет ұжымда тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың негізі болып табылады.Авторлар ұжымда тұлғааралық қарымқатынасты қалыптастырудағы педагогикалық жұмыстың маңыздылығын былайша түсіндіреді, кез – келген ұжым тұлға бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптасуына негіз болып, тәрбиелік қызмет атқарады. Ұжым – тұлғаның әлеуметтік тәжірибесін жинақтайтын негізгі базасы деп санайды [10,112б.].

ЖОО-ғы оқу үдерісінде студент білім алумен қатар кәсіби маңызды қасиеттерге де ие бола бастайды. Студенттік кезеңде айналасындағылармен, өндірістікұжымдағылармен өзін адекватты сезініп, кәсіби және жеке өмірінде өзін көрсетуде дұрыс қарым-қатынас жасауға дағдыланады.

Ұжымда тұлғааралық қарым-қатынастың қалыптасуына кедергі келтіретін төмендегідей объективті себептерді атап көрсетті: ұжымның дамуы: ұжым мүшелерінің өзін – өзі танытудағы жаңа негізі және т.б. ұжым құрамының өзгеруі; педагогтың қатесі: ұжымдағы либералдық стильдің басым болуы немесе ұжымда авторитарлық.

Қорыта келгенде, қарым-қатынас-жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарымқатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді. Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады. Сол себепті де білуге деген қызығушылық пен жаңаны білуге деген талпыныс

адамға ғана тән. Оны байқау және дамыту оңай емес. Егер оқытушы студентпен дұрыс қарым-қатынас орната алмаса, қызықтыра алмаса, оның қызығушылығы жоғала береді. Ал егер де оқуды өмірде болып жатқан жан-жақты ақпараттармен байланыстырса-білім сапалы түрде қабылдануы әбден мүмкін.

Әдебиет:

1. Жеке тұлға мәдениетін қалыптастыру - өзекті мәселе // Республикалық ғылыми-практикалық конференция. Ақтөбе,2006.
2. Оқыту үрдісінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың өзекті мәселелері // XXI ғасырдағы қазақ мектебі: даму болашағы республикалық ғылыми-практикалық конференция. - Алматы, 2006. 452-457б
3. Болашақ мамандардың қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастырудың теориялық негіздері // Абай әлемі:рухани мұра мәселелері және қазіргі кезең.Республикалық конференция. Ақтөбе, 2005. - Б. 222-225.
4. Жеке тұлға мәдениетін қалыптастыру - өзекті мәселе // Республикалық ғылыми-практикалық конференция. Ақтөбе,2006.
5. Мұхамеджанова Ә. Оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасын басқару //Білім. №10 - 2006. 18 бет.
6. Коломинский Я.Л. Психология общения. - Тарту-: Наука, 1974. - 139 с.
7. Г.М.Андреева. Социальная психология.М.,1999.

ӘОЖ 369.223.25

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ «ТАЛСУАТ» БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНА ЗЕРТТЕУ

Мурзабаева М.Д.,

(к.м.н, доцент,кафедра педагогика және психология, СҚМУ,)

Биім Қ.А., Сәрсенбай Б.И., Едіге Н.Ғ.,

(*Студент ДФ-16 қ, кафедра ппедагогика және психология, СҚМУ,Петропавл қ, Қазақстан)*

2012 жылы Республикамызда Қызылорда облысында орналасқан Талсуат ауылдық округіндегі «Республикалық балаларды оңалту орталығы» АҚ филиалы ашылды. Мерекелік ашылуға облыс әкімі және қалалық медицина өкілдерінің қатысуымен ашылды. Ашылған бұл орталық ауытқуы мен дамуында ақауы бар балаларды оңалу және әлеуметтік бейімдеу жұмыстарымен септігін тигізеді. Орталықта тірек – қимыл қозғалыс бұзылуы, сөйлеу жүйесінің бұзылуы, психасының дамуы баяу, даун синдромы, аутизм, остеохондроз, простатит, склероз, артроз, омыртқаның 1–2 деңгейде майысуы, жүрек- қантамыр, спастикалық сал ауруы, қисық мойын, маймақ, білезік пен омыртқаның аномалиясы, майтабан, балалар эпилепсиясы, логоневроз, дизартрия, ринолалия, жалпы тіл кемістігі, алалия, дисграфия диагноздар қойылған балалармен жұмыстар жасалады. Бұл орталықта ең үздік логопедтер, психологтар және дефектологтар жұмыс жасайды. Орталықтың негізгі құрамы: 2 – психолог, 2 – музыка терапевт, 2 – еңбек терапевт, 3 – лфк нұсқаушысы, 10 – тәрбиеші, 2 – монтессори педагог, 1 – ойын терапевт, 2 – невролог дәрігер, 7 – медбике, 1 – аға медбике, 1 – физиотерапевт, 2 – логопед, 2 – дефектолог мамандары жұмыс жасайды. Орталық мамандары Израильде, Германияда, Словенияда және Түркияда біліктіліктерін арттыру арқылы балалармен жұмыс жасайды. Орталықта бас ми жарақатынан кейін немесе туа біткен балалардың аяқ – қолдарының қимыл қозғалысының шектелуі болса, шетелдерде (АҚШ, Германия, Словения, Ресей, Израиль, Оңтүстік Корея, Жапония) біліктілігін жетілдірген мамандары келесі қызметтерді көрсетеді:

-ЭЭГ (электроэнцефалография – тәуліктік);

- Диспортпен егу (Қызылорда облысы бойынша осы орталықта ғана жасалады);

-ЕДШ (Бобата, Войта – терапия, Гления Домана, Фэлис халықаралық әдістерін меңгерген);

-Ортездеу (Қызылорда облысы бойынша осы орталықта ғана жасалады);

2015 жылдың оңалу қорытындысы бойынша: 14 бала өз еркімен жүрген, 21 бала өз еркімен тұра алған, 29 бала отыра алған, 69 бала еңбектеген, 264 бала ботулинотерапиясын алған, 701 балаға 786 ортездік бұйымдары жасалған және де сөйлеу қабілеті төмен балалардың 80 % - ы жақсарған. Орталық өкілеттілігі балаларды ата – аналарымен кездесетін уақытты да тиімді қйымдастырған. Балалар ата – ана және туыстарымен дүйсенбі – жұма күндері 17:00 – 19:00, сенбі – жексенбі күндері 15:00 – 19:00 аралығында кездесе алады. Оңалту орталығындағы педагогикалық қызмет түрлері:

Психолог – балалардың бейімделу мүмкіндіктерін көтеріп, креативтік сөйлеу қабілетін дамытады, адамның ішкі жан – дүниесін ашады, өзін – өзі бағалауын көтереді, босаңсу жағымсыз эмоциялардан және ойлардан арылуға үйретеді, ойлау, есте сақтау, зейінін және шешім қабылдау дағдыларын дамытатын маман ретінде орталықта қызмет атқарады.

Дефектолог – ақыл – есі кем балаларды, қозғалысында ауытқуы бар балаларды, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытады, тәрбиелейді және әлеуметтендіру саласындағы арнайы маман ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар, дефектолог маманның балалармен жұмыс жасау жоспары, балаларды зерттеу картасы және алғашқы қарауы атты құжаттарда берілген жоспар бойынша жұмыс жасайды.

Логопед – сөйлеу кемшіліктері, оларды анықтау тәсілдері мен арнайы түзеті және тіл дамуы ретінде, тіл механизмдері жайлы, коммуникация туралы интегративті педагогиканың маманы ретінде балалармен жұмыс жасайды.

Монтессори және Монтессори-педагог – балаға еркіндік беру арқылы өзін және айналасын тануға мүмкіндік береді, баланың еркіндігі арқылы басқа балалармен тығыз қарым-қатынас жасайтын маман.

Музыкатерапевт – баланың психологиялық қорғанышын жеңдіреді, белсенділігін арттырады, шығармашылық мүмкіндіктерін оятады, ән айтуға, би билеуге, аспаптарда ойнауға, музыкаға еліктеп қозғалуға жетелейтін маман.

Ойынтерапевт – психотерапиялық әдістемені қолдана отырып, ойын арқылы жағдаяттарды игеру, қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру және балалар мен жасөспірімдерге дене, ақыл сонымен бірге әлем мүмкіндіктерін түсіну қабілетін дамытуға мүмкіндік беруші маман.

Балалармен биологиялық кері байланыс жасау.

Орталықта биологиялық кері байланыс логотерапиялық кабинет жұмыс жасайды. Емделушілердің назарына: бұл әдіс мектеп жасына дейінгі және 7 жастан жоғары ересектер мен жасөспірімдерге арналған. Көрсеткіштері: логоневроз, дизартрия, ринолалия, жалпы тіл кемістігі, алалия, дисграфия. Қарсы көрсеткіштер: 7 жасқа дейінгі балалар, құрысу белгілері бар науқас балалар.

Биологиялық кері байланыс (психоэмоционалды түзету) де балалар мен жүргізіледі. Психоэмоционалды түзетуге байланысты жүргізілетін көрсеткіштері:

- Невроз, тики, энурез, логоневроз;
- Гипербелсенді және зейіні тұрақсыз балалар;
- Балалардың церебралды параличі; (нұсқауды толық түсінетін бала);
- Жоғары психикалық функцияларды дамытуға (зейін, ойлау мен есте сақтау қабілеті т.б.) байланысты;
- Тұлғаның өзіне деген сенімділігін арттыру;
- Организмнің бейімделу мүмкіншілігін жоғарылату;
- Алаңдаушылық, күйзеліс, шаршау, қорқыныш сезімдерін азайту.

Қарсы көрсеткіштері:

Айқын психикалық бұзылулар;

Айқын соматикалық бұзылулар;

Эпилепсия (құрысу белгілері бар балалар);

Интеллектуалды дамуының өте төмен деңгейі;

7 жасқа дейінгі балалар.

Тренингтен күтілетін нәтижелер:

Әртүрлі күйлерді түсіну және басқару әдістерін қолдану;

Өзінің мүмкіншіліктерін жан – жақты ашу;

Өзін – өзі бақылау және ісін реттеу дағдыларын үйрену;

Жауап берудің позитивті үлгілерін дамыту;

Өмір сүру сапасын жақсарту.

Орталықта түрлі электрлік құрылғылары қолданылады. Дәрілік электрофарез ағзаға тұрақты электр тоғы көмегі арқылы ендірілетін дәрілік заттардың мөлшерлі түрде ықпалы эпидермисқа ене отырып дәрілік заттар жиналып қалады және бірте – бірте капилярлық желіге диффундалады. Гальвандауды тағайындау үшін көрсеткіштер: I – II кезеңдегі гипертониялық дерттерге көмек береді олар: бронхты демікпе, гастрит, калит, асқазан мен ұлтабардың ойық жарасы, перифериялық жүйке жүйесінің бұзылуы, әйелдердің жыныс органдарының ауруларын емдейді. Емдеумен қатар емдеуге қарсы айғақтарда бар: тоқты жеке өзіндік көтере алмау, жіті ірінді процестер, электродтарды қоятын жердегі терінің бүтіндігінің бұзылуы және ауруды сезу сезімдері мүлде жоқ балаларға қолдануға болмайды.

Индуктотерапия – бұл әдіс балаларды физикалық заңдарға сүйене отырып емдеу әдісі. Бұл әдіс барысында өрістің қуаты әсерінен тоқ пайда болады және оның пайда болған тоғы жылуға айналады. Индуктомерияда балалардың қан айналым жүйесінде біршама өзгерістер болады: қан тамырлары өз арнасынан кеңейеді, қанның ағу жылдамдығы көбейеді, қалыпты қарағанда қан қысымы біршама төмендейді, қимыл қозғалыс бұлшықеттердің тонусы төмендеп, денедегі зат алмасу үдерістері күшейеді. Индоктомерия сонымен бірге балалардың тірек-қимыл бұзылыстарына, түрлі жарақаттарға, сырттан пайда болған созылмалы жарақаттардың қабынуы кезінде қолданылады. Сонымен қатар балаларға физиотерапия әдісін қолдану арқылы да түзету жұмыстарын ұйымдастырады. Физиотерапия аппаратының көмегімен қайта қалпына келтіретін табиға факторлар ғана қолданылатын кешенді оқыту әдістерінің бірі болып табылады.

Сумен емдеу. Дамуында ақауы бар балаларға қолданылатын емдік шаралардың бірі. Оның басты мақсаты – табиғи таза сулар мен құрамында дәрілік заттары бар сулар қолданылады. Балаларға сумен емдеу әдісін қолданғанда оның жылылығы және механикалық қасиеттерін ескеру керек. Әрбір емдеу барысында алынған судың жылулығы оның әр уақыттағы температурасына байланысты. Салқын ем-шаралар рефлекторлы қызметі бойынша вегетативтік жүйке жүйесінің заттық алмасу қарқындылығын өзгеріске ұшыратады, ішкі органдардың атқаратын қызметін реттейді, денені шынықтырады. Индифорерентті сумен емдеу шаралары денені тыныштандырады, қан айналуды төмендетеді, жүректің соғуын баяулатады.Салқын және жылу су ең алдымен адам терісіндегі қан тамырларын аз ғана мерзімге тарылтады, содан соң кеңейтеді және гиперемия құбылысы орын алады. Жүректің қатты соғуы мен тыныс алу жылдамдайды және қан айналу қысымы төмендейді.

Балалармен жұмыс жасау барысындағы ең маңыздысы қалыпқа келтіру медицинасын қолдану. Түзету жұмысы барысында балалармен әртүрлі патологиялық күйде қимыл – қозғалысты қалыпқа келтіру және жақсарту.

Дене шынықтыру тәрбиесінде және Спорта – бұлшық ет жұмысын жақсартады.

Спорттық медицинада – жарақат алғаннан кейінгі және аурудан кейін спортшылардың жұмысқа қабілетін қалпына келтіреді.

Неврологияда – орталық және перифериялық нерв жүйесінің аурулары және жарақат алған (балалар церебралды параличі) балалармен жұмыс жасау.

Ортопедияда – тірек – қимыл аппаратының туа біткен аурулары (қисық мойын, маймақ, білезік пен омыртқаның аномалиясы, майтабан) бар балалармен жұмыс жасайды.

Орталықта сонымен қатар, Ортез зауыты да бар.

«Республикалық балаларды оңалту орталығы» АҚ нервтік, эндокринді, тірек – қозғалысты жүйесінің мүгедек балалар типологиясы бар науқастарға оңалту көмегін көрсетеді. Ортездеу көрсетілетін қызмет кешеніне кіреді және оңалтудың қазіргі заманғы әдістердің ажырамайтын бөлігі болып табылады. Ортез – зақымдалған аяқ – қол, омыртқа, тірек – қозғалыс аппаратының қызметін,балалардың сал ауруы, полинейропатия, әлсіз және спастикалық сал аурулары нәтижесінде пайда болатын ауруды, жарақаттан кейінгі жағдайды

және аяқ – қол мен дененің патологиялық деформацияларын бекіту, жеңілдету, түзету және белсендіру үшін қолданатын арнайы қондырғы болып табылады. Орталықта кең ауқымды ортез дайындауға мамандандырылған «Ортезист» ЖШС жұмыс істейді. Зауытты ортез дайындау бойынша әлемдік жетекші фирмаларында оқудан өткен жоғары мамандандырылған мамандар жұмыс істейді. Зауыт Германиялық «Otto bock" фирмасының жабдықтарымен жабдықталған. «РБОО» АҚ «Paromed» фирмасының жабдықтары жұмыс істейтін кеңес одағының кейінгі кеңістіктегі жалғыз медициналық мекеме болып табылады, бұл жабдық берілген параметр бойынша пациентке арналған эксклюзивті ортопедиялық ұлтарақ дайындайды. Сонымен бірге, бұл жабдық өндіруі бойынша ұлтарақ әзірлеудің әдістерінен әлде қайда озық. «Parolog» жүріс анализаторының компьютерленген жүйесі науқастың патологиясын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді, соның негізінде тиімді ем тағайындауға болады. Сонымен қатар, науқастарды диагностикалау үшін германиялық «Laser Line», «L, A, S, A, R.» қондырғысының көмегімен азерометрия мен подометрияның қазіргі заманғы әдістері қолданылады.

Зауытта ортездер әзірленеді:

Аяқ буындарына арналған: тобық, тізе буындары, табан патологиясын емдеу;

Қол буындарына арналған: қол басы, білек, шынтақ буындары;

Омыртқа патологиясын түзетуге арналған.

Әзірленетін ортездердің тізіміне дофуздар, аяқ ұстағыштар, нейрофизикалық қысым нүктелері бар тобық ортездер, тізе, шынтақ, білек буындарына арналған функционалды ортездер, мүсінділікті түзету жабдығы, омыртқаға арналған қатты корсеттер, әр түрлі үлгідегі ортопедиялық ұлтарақтар дайындалады. Зауытта әлемдік ортездеу тәжірибесінде ұқсасы жоқ авторлық куәлікпен және патентпен қорғалған ортездер мен жаттығу қондырғыларының жаңа тиімді түрлері әзірленуде, солардың ішінде аяқ ротациясын түзетуге арналған брейсерлер, қысым нүктелері бар мүсіндікті түзету жабдығы да бар.

Балаға массаж жасаудың пайдасы. Массаждың негізгі 3 түрі бар: емдік мақсатта, алдын алу және емдік алдын алу массажы.

Баланың ата-анасына нұсқау – бала дүниеге уақытынан бұрын келуі және баланың нерв жүйелерінің әлсіз болуынан түрлі науқастармен ауырады. Осы себептен балаларды емдеудің тәсілі ретінде – массаж қолданылады. Сылау және уқалау кезінде баланың ұйқы безінің қызметі жақсарады. Бұл массаж баланың тез жүріп кетуіне, толық дамуына септігін тигізеді.

Емдік мақсаттағы массаж жасау арнайы мамандардың көмегімен арнайы мекемелерде және жалпы емдік стационарларда жасалынылады. Ол массаждар нервтік аурулардың ауыр дәрежелеріндегі балалардағы сал аурулары және буын, омыртқаның дұрыс қалыптасуына, кіндіктің және шаптың жарықтарына жасалынылады. Науқастың алдын алу үшін жасалынылатын массажды күнделікті үйде жасауға болады. Күнделікті үйде жасалынылатын массаж және гимнастиканы бала туылғаннан кейін 1,5-2 айдан бастай беруге болады. Массажды жасаудың әдістері бойынша арнайы мамандар немесе бала тіркелген арнайы бөлімдегі мамандардан уақытылы кеңес алып тұру керек. Массаж жасалынылатын арнайы бөлме дұрыс желдетілуі, орташа температурасы 20 градустан төмен болмауы керек. Жаттығулар бала тамақтанғанға дейінгі жарты сағат қалғанда немесе тамақтанып болған соң 1-1,5 сағат шамасында күніне екі рет жасалынылуы тиіс. Массаждың жасалу барысы 10-12 минуттан аспауы керек. Массаж баланың психикалық тұрғыдан дамуын, қан айналым жүйесін реттеп, организмдегі заттық алмасу үдерісін жақсартады. Сондай-ақ баланың денесінің шымыр, мықты болуына әсер етеді.

Мария Монтессори жүйесі бойынша тәрбиелеу дегеніміз – баланың іс – әрекетіне еркіндік беру, оның таңдауын, қызығушылығын және пікірін құрметтеу, баланың өз бетінше дамуын бақылау.

Монтессори әдісінің басты қағидалары:

Өзін – өзі тәрбиелеу;

Өзін – өзі оқыту;

Өзін – өзі дамыту;

Монтессори педагогы баланың оқытушысы емес, оның дамуының басқарушысы болып табылады. «Маған мұны өзімнің жасауыма көмектес!» Монтессори әдісінің ең басты ұраны. Баланы бірдеңе жасауға мәжбүрлеу емес, оны қызықьыруға талпыну, баланың мінезін «жасау» емес оның даму (сенситивтік) кезеңдерін ескере отырып, ішкі мүмкіндіктерін ашуға көмектесу.

2015 жылдың оңалу қорытындысы бойынша: 14 бала өз еркімен жүрген, 21 бала өз еркімен тұра алған, 29 бала отыра алған, 69 бала еңбектеген, 264 бала ботулинотерапиясын алған, 701 балаға 786 ортездік бұйымдары жасалған және де сөйлеу қабілеті төмен балалардың 80 % - ы жақсарған.

Жалпы ғалымдардың тұжырымындауынша, қазақ диалектісі туралы тұңғыш пікір айтқан және «жергілікті ерекшеліктер» деген терминді алғаш ендірген Жүсіпбек Аймауытұлы болды Ж.Аймауытұлы 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған «Тіл туралы» деген мақаласында: «Қазақтың әр елінде, әр гүбірнесінде өздері ғана қолданатын, өзге елдер білмейтін тілдер бар. Мұны ғылым тілінде жергілікті тіл (провинциализм) деп атайды» деп анықтама береді. Автордың бұл мақалада көтерген басты мәселесі – бөтен тілден еніп жатқан сөздердің орнына өзіміздің жергілікті ерекшеліктерді қолдану қажеттілігі. Ж.Аймауытұлы: «Бөкейлікте татардың, арабтың, парсының, орыстың әсері, Жетісу мен Сырдарияда өзбектің, Қостанайда орыс, ноғайдың, Семей, Ақмолада да араб, орыс тілдерінің әсері бар» дей отырып: «Жетек» тұрғанда, «аглоблені» алып келсе, «қора, көң, там үй» тұрғанда «земенкені» қыстырса, «мая, шөмеле» тұрғанда «купенені», «ыңыршық, ершік» тұрғанда «седелкені» қолданса, міне, бұзылып бара жатқан деп осындай тілдерді айтуға болады» дей отырып, бөтен тілден енген сөздердің орнына жергілікті ерекшеліктерді жатырқамай қабылдау керектігін ұсынған еді. Сонымен бірге төңкеріске дейін Қ.Жұбанов пен Қ.Кемеңгерұлы да алғашқылардың бірі болып жергілікті тіл ерекшеліктерін сөз етіп, оларды жинастырып зерттеу әрі бастыру қажеттілігін атап көрсетті. Н.Сауранбаев «Көне қыпшақ тілінің кейбір сипаттамалары» (1948 ж.) деген мақаласында, қазіргі қазақ тілінде кейбір түркі тілдеріндегідей (өзбек, қырғыз, т.б.) жік-жік болып бөлініп тұрған диалектілер жоқ болғанымен де, Алтай тауларынан Каспий теңізіне дейінгі аумақта мекен еткен қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінде бірлі-жарым айырмашылықтар кездесіп, ол айырмашылықтар, ғалымның тұжырымынша, тілдің фонетикалық жүйесі мен лексикалық қорында болады. Ал бұл айырмашылықтардың пайда болуын Н.Сауранбаев «ескіден қалған тарихи мұра» деп есептейді:

1) с дыбысы мен ш дыбыстарының өзара алмасып келуі: мысық – мышық, масқара – машқара, тұрмыс – тұрмыш.
2) т мен д дыбыстарының алмасып келуі: тиірмен – диірмен, әптән – әбден.
3) п мен б дыбыстарының алмасуы: перне – берне, пида – бұйда.
4) д мен й дыбыстарының алмасуы: адақ – айақ.
5) ш мен ч дыбыстарының алмасуы: шалғы – чалғы, шапан – чапан.

Бұндай дыбыс алмасулар сонау көне түркі жазба ескерткіштері Орхон-Енисей мен орта ғасырдағы қыпшақ тілінің жазба мұраларында кездеседі. Н.Сауранбаев «қазақ тілінде қолданылатын жергілікті ерекшеліктер – ескінің көзі» дегенде басшылыққа алғаны да осы мәселе болғаны сөзсіз. Себебі мұндай ерекшеліктер жалпы түркі тілдерінде сонау V ғасырдан бері үзілмей келе жатқан фонетикалық құбылыс болып саналды. Н.Сауранбаев қазақ тіліндегі диалектілерді ең басты екі топқа бөледі:

1. Солтүстік-батыс;
2. Оңтүстік-шығыс.

Фонетикалық ерекшеліктеріне қарап, атап айтқанда, ш орнына ч, д орнына л қолданылуына орай екі топқа бөледі:

1. Солтүстік пен батыс аймақтардағы ш, д диалектілер тобы
2. Оңтүстік пен оңтүстік-шығыс аймақтарындағы ч, л диалектілер тобы.

Оның айтуынша, ч мен сөйлейтін аймақтар бұрыннан ұйғыр, қырғыз, өзбек халықтарымен аралас отырғандықтан, бұл көрші халықтардың әсерінен болған фонетикалық құбылыс. Бұны ол ғалым М.Қашқари, В.Бартольд еңбектеріне сүйене отырып дәлелдейді.

Жергілікті диалектілер дегеніміз – белгілі бір жердің, аймақтың халқына қызмет ететін, дыбыстық, грамматикалық және лексикалық жағынан өзінетән ерекшелігі бар жалпыхалықтық тілдің тармақтары. Жергілікті ерекшеліктер 3 топқа бөлінеді: 1.Фонетикалық ерекшеліктер. Бұл ерекшеліктер кейбір дыбыстардың өзара алмасуымен, дыбыстардың жуан - жіңішке айтылуымен немесе кейбір дыбыстардың түсіріліп не қосылып айтылуымен байланысты. Мысалы: пысқан - піскен, құлдану - қолдану, маңлай-маңдай, чақыру-шақыру. 2.

Грамматикалық ерекшеліктер. Сөздердің тұлғаларымен, олардың түрленуімен немесе сөздердің тіркесімдік ерекшеліктерімен байланысты.Мысалы: оңтүстікте бұйрық райдың барғын, келгін тұлғалары кездеседі. 3. Лексикалық ерекшеліктер. Бір нәрсенің атауы не оның сын - сапа қимылының әр жерде әртүрлі аталуымен байланысты болады.Мысалы: иінағаш - әпкіш, күйенте, құрамыс, мойынағаш т. б.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстк Қазақстан Мемлекеттік Унивеситетіне оқуға, «Серпін-2050» бағдарламасымен түскеніме, міне, екінші жыл. Осы екі жылдың ішінде неше түрлі қызықты оқиғалар өтті. Серпін бағдарламасымен мұнда оқуға түскендер Қазақстанның оңтүстік аймактарынан келгендер. Алғаш жатақханаға орналасып, жаңа ортамен араласқанда, бұрын соңды естімеген жаңа сөздермен таныстым. Тіпті осында бұрыннан тұрып жатырған жергілікті адамдардың сөздері де қызық көрінді. Солтүстік өңірдің сойлеу мәнеріне Тараз, Алматы жерлерінің сөздері ұқсас келеді, ал Шымкент, Қызылорда аймағының сөз саптаулары мүлдем өзгеше. Бұрын соңды «шыршық», «шылапшын», «әсел», «пәс» «аняқ-мұняқ», «там» сынды сөдерді естедіңіз бе? Бұл диалектер көбіне Шымкент жақта қолданысқа ие. Бір-бірімізден сөйлескенде кейбір сөздерімізді түсінбей қалып, кейде ренжісіп те қалатынбыз. Бір жағынан жеке сөздер бар (өздерінен үлкен ағаларына шымкенттік жігіт «тәте» деп атағанда мазақ етіп тұр ма деп "сәйкесінше" жауап бергені әлі есімде), олардың өзі сөйлегенде түсініксіздік тудырады.

Қазіргі кезде бұл жағынан қиыншылық көріп жүрген жоқпыз, жаңадан келген 1 курс студенттерін, мейлінше, үйретуге тырысып жатырмыз. Мұның бәрін жазған себебім өңір-өңірдегі қазақ тілінің қолданушыларын мазақ ету емес, керісінше олардың бар екенін (және де бұл өзгешіліктер "жұмылған көз де көретін" өзгешіліктер), бірақ олар (тіл ғалымдарымыздың сорынан ба?) әлі зерттелмегенін, әлі толық бағасын алмағанын басып айту үшін жаздым.

Әдебиет:

1. Е.Жанпейісов. Жүсіпбек. Тіл туралы // Тілтаным, 2001, №3;
2. О.Нақысбеков. Ж.Аймауытұлының диалектология туралы негізгі ойлары // «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы» атты ғылыми теориялық конференция материалдары, 2001 жыл;
3. Көне қыпшақ тілінің кейбір сипаттамалары (Некоторые черты древнекыпчакского языка). ҚазССР ҒА Хабаршысы, 1948, №12;
4. Қазіргі қазақ тіліндегі диалектілер (Диалекты в современном казахском языке). Вопросы языкознания. 1955, №5;

УДК 372.871

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ескермесов А.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Информатика пәнінің басқа мектеп пәндерімен тығыз байланысы оның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Бұл тұрғыда информатика пәнін философия ғылымымен салыстыруға болады. Себебі, оқушылар информатика сабағында алған білімдерін басқа пәндерді оқып-үйрену барысында жан-жақты қолдана алады. Оның тағы бір ерекшелігі пән мазмұнындағы тақырыптардың арасындағы пәнішілік байланыстың күштілігінен көрінеді. Себебі, информатиканың бастапқы ұғымдары алгоритм, функция, тағы басқада математикадан алынған. Математикада дәлелдеулер алгоритмдік құрылымға негізделген, ал информатикада осы алгоритмдерді құрайтын бөліктерді ерекшелей білу мақсаты қойылады.

Информатиканың физика, химия пәндеріне ұқсастығы оның тәжірибеге, экспериментке (латын тілінен exspermentum-тексеріп көру, тәжірибе) негізделгенінен көрінеді. Компьютерде

программаны жүктеу мен жүргізу эксперимент ретінде әсіресе, программадағы қатені іздеуде айқын байқалады. Физикалық көзқарас тұрғысынан компьютер приборлар секілді қарастырылады. Оның жан-жақты сипаттамасын зерттеуге және тәжірибелер жүргізуге байланысты әдістерді физика пәнінде алып қолдануға болады.

Информатиканың кибернетика ғылымымен байланысы

Информатиканың дамуына байланысты оның кибернетикамен байланысы мен айырмашылықтары туралы сұрақ туады. Осыған орай кибернетиканың тақырыбын дәлірек анықтап, оның мазмұнын айқындау қажет.

Кибернетиканың 1948 жылы американ математигі Норберт Винердің "Кибернетика: жануарлар әлемінде және машинадағы басқару мен байланыс" деген атақты кітабының шығуымен байланыстырады. Бұл жұмыста басқарудың жалпы теориясының жасалу жолдары мен әртүрлі жүйелерге арналған басқару және байланыс проблемаларын зерттейтін әдістердің негізі қаланды.

Кибернетика ЭЕМ-мен қатар дами отырып, уақыт өте жалпы ғылымға-информацияны өңдеу туралы ғылымға айнала бастады. Кибернетикада информацияның төмендегідей анықтамасы қабылданған: информация дегеніміз қайсыбір жүйенің қоршаған ортадан қабылдайтын, керісінше қоршаған ортаға беретін және өзінде сақтайтын сигналдардың, әсерлердің немесе мәліметтің кез келген жиынтығы.

Кибернетика өзінің дамуында бірталай тартысты кезеңдерді басынан өткізді. Академик А.И. Берг жазғанындай, "1955-57 жылдары, кейін де біздің әдебиеттерде кибернетиканың маңызы мен мүмкіндіктерін бағалауда өрескел қателер жіберілген. Бұл біздің еліміздем ғылымның дамуына үлкен зиянын тигізді, көптеген теориялық жағдайларды жете зерттеудің және электрондық машинаның өзін жасаудың тоқтап қалуына әкелді" ,-дейді өзінің "Возможное и невозможное в кибернетике" атты еңбегінде.

Сондай-ақ, философиялық сөздіктің 1959 жылғы басылымында кибернетиканы "буржуазиялық жалған ғылым" деп көрсетті. Мұның басты себебі, біріншіден, қарқынмен дамып келе жатқан ғылымды "классикалық бағыттағы" кейбір ғалымдар жете бағаламаудың салдарынан, екіншіден, кейбіреулер іс жүзінде қолданылатын әртүрлі облыстарда кибернетиканың нақты проблемаларын жете зерттеудің орнына шамадан тыс бос сөздер айтылды, кибернетиканың шексіз мүмкіндіктері жайлы жартылай фантастикалық болжау жасалды, осылайша ғылымның беделі түсті. Кибернетиканы қолданудың қызықты перспективалары халық шаруашылығында математикалық әдістер мен ЭЕМ-дерді жоспарлау мен басқару мақсатында кеңінен қолданудың ұсынысын тудырды.

Сонымен, кибернетика термині пайда болғанннан кейін дүние жүзілік ғылымда ағылшын сөзі "computer science" қолданыла бастады, ал одан кейінірек, 60-70 жылдар деңгейінде француздар "informatigue" терминін енгізді. Орыс тілінде информатика терминінің ең алғашқы қолданылуы ғылыми техникалық информация мен документалистиканың пайдаланылу саласына байланысты болды. Сондай-ақ, 1976 жылы А.П. Ершовтың басқаруымен неміс тілінен аударылған жоғарғы оқу орындарына арналған информатика курсының оқулығы мен есептер жинағының шығуынан бастап "информатика" термині басқа мағынада пайдаланыла бастады.

Педагогикалық информатика технологиясы

Ғылым мен техника дамыған сайын мыңдаған жаңа ұғымдар пайда болып жатады. Бүгінгі күні информатика пәні жаппай оқытыла бастады. Бұл ғылым тиісті ғылыми ұғымдарсыз, сол ғылыми ұғымдарды білдіретін арнайы терминдерсіз меңгерілмейтіні анық. Бұл міндетті орыс немесе басқа шетел тілдерінен аударылған оқулықтар атқарады. Оның пайдалы да, зиянды да жағы бар. Жалпы ғылыми-техникалық терминологияның даму бағытын белгілеу күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Бірақ, ол өзінің еңбегінің бастапқы бөлімінде адамзат білімінің кез келген саласында терминология үлкен мәселе болып табылатынын жазып өткен. Білімнің барлық саласында терминология негізі ретінде "терминологиялық жүйе түсінігі" концепциясы жатыр. Терминологиялық жүйе түсінігі деген кезде термин немесе түсінік бірінші орында тұрады. Бұл

жерде бізге термин керек, бірақ дегенмен ол екінші фактор болып табылады. Әрбір жаңа түсінік жалпылама түсініктен алынуы керек. Педагогикалық информатикада терминологиялық жүйе түсінігі иерархиялық болып келеді. Кез келген білім саласындағы терминологиялық жүйе түсінігі адамдар қолданатын терминмен, соның түсінігімен, біліммен байланысты болуы керек.

Педагогикалық информатика саласындағы термин сөздер тек шетел тілдерінен емес, қарапайым педагогика ғылымында алынды. Шетел тілінен алынған сөз тек аударылып қана қойылса, ал педагогика саласынан алынған сөз қиындық туғызады, себебі, ол гуманитарлық саланың барлығында қамтиды. Сонымен қоса, көптеген жағдайларда осы салаға жаңадан келген автор өзінің бұрын қолданыста болған термин сөздерін жаңартады.

Қорыта келегенде Информатика пәнінің басқа мектеп пәндерімен тығыз байланысы оның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Оқушылар информатика сабағында алған білімдерін басқа пәндерді оқып-үйрену барысында жан-жақты қолдана алады.

Информатиканың маңызды ерекшелігі-оның қоғамдық қызметтің барлық негізгі түрлеріне қолданылуы: өндірісте, басқаруда, ғылымда, білім беруде, жоспарлауда және сауда операцияларында, қоршаған ортаны қорғауда, криминалистік медицинада және тағы басқа орындарда қолданылуы. Информатика көптеген нақты информациялық процестердің, технологиялардың барлығына ортақ мәселелерді зерттейді. Осы технологиялар информатиканың обьектісі болып табылады.

Информатиканың тақырыптары оның әртүрлі салада қолданылатындығымен анықталады. Қоғамдық өмірдің көптеген салаларында қолданылатын әртүрлі информациялық технологиялардың жалпы сипаттамаларымен қатар әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған байланысты операциялар мен процедуралардың әртүрлі жинақтарына, кибернетикалық жабдықтардың әртүріне және әртүрлі информациялық тасымалдаушыларға негізделген "пәндік информатикалар" пайда болды.

Әдебиет:

1. Мемлекеттік білім беру стандарты. Информатика 7-11 сынып, Алматы 1998, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті.
2. М. Лапчик, И. Семакин, Е. Хеннер Методика преподование информатики. Москва, 2001,
3. Гейн А. Линецкий Е, Сапир М, Шолохович М. Информатика.

УДК 004

ҚАЗІРГІ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОННЫҢ АДАМ ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ

Ескермесов А.

(М.Қозыбев атындағы СҚМУ)

Бұл әлемде интернетке кірмейтін адам мыңның бірінде ғана шығар. Бүкіл дүние жүзіндегі адамдардың 90%-ға жуығы интернетке кіреді. Яғни интернеттің маңызы зор. Интернетсіз адам өмірін елестету өте қиын. Күн өткен сайын адамдар интернетке тәуелді болып барады. Адамзат баласы кем дегенде күніне 1 сағатын Интернетте өткізетіні белгілі.

Бүгінде ұялы телефондарсыз жұмыс істеу, істі бітіру мүмкін емес. Қазір екінің бірінің қолында ұялы телефон. Жас та, кәрі де бір-бірімен телефонды құлаққа тосып, күндіз-түні сөйлесумен болады. Бұрын ұялы телефон дегенді тек қана қалталы азаматтардың қолынан көретін болсақ, осы күні титтей балалардың да қолынан түспейтін ойыншыққа айналған. Оны айтасыз, алыстағы ауылдарыңыздың «өзінде» соткасыз» үй жоқ. Ал енді екінің бірінің қолында, жамбасында, қалтасында, сөмкесінде, кеудесінде жүрген осы «сотка» дегеніңіз адамға қаншалықты зиянды? Американдық мамандар ашқан жаңалыққа бұл күнде ешкім таңғалмайтын болды. Осыдан екі жыл бұрын «екіқабат әйелдер мен жас балалардың ұялы телефонды

пайдалануы олардың денсаулығына орасан зиянын тигізеді» деп иондық емес сәулелерден қорғану жөніндегі Ресей ұлттық комитеті де дабыл қаққан болатын.

Ұялы телефон балалардың денсаулығына кері әсер етеді екен. Есте сақтау қабілеті нашарлайды. Танымдық қабілеті төмендейді. Бойды сүлесоқтық пен бойкүйездік билейді. Балалардың көбісі ашушаң, шаршауық, жүйкесі тез құриды. Ал ұялы телефонмен ұзақ сөйлесетін балалардың жүйкесі жұқарып, депрессиялық синдромға ұрынуы жиілейтін көрінеді.

Адамдар пойызда, лифт ішінде телефонмен сөйлесіп жатады. Ең зияны да осы екен. Ұялы телефонның антеннасы мұндай жағдайда жоғары деңгейде радиация шығарады. Бұл айналып келгенде адамның дене бөліктерін қыздырып, денсаулығына кері әсер беретін көрінеді. Әсіресе, жастар күндіз-түні ұялы телефонға жабысып, қолдарынан бір тастамайды. Түнімен музыка тыңдайды, бір-біріне хабар жібереді. Әйтеуір тыным жоқ. Зарядтайтын қондырғы жарты метр жерде болса, онда жоғары кернеулі электр сымының астында ұйықтағанмен бірдей екен. Тіпті мұның соңы мида қатерлі ісіктің пайда болуына әкеледі. Ғалымдар сұмдық сорақы жайттарды да анықтап отыр. Ұялы телефонмен ұзақ сөйлессеңіз, ол адам миын бір градусқа дейін қыздырады екен.

Шведтік ғалымдар пайдаланушылардың 84%-ы құлақ тұсында температураның көтерілуін, 60 ұйқышылдыққа бейімделуін, 50%-ы бас ауруының күшеюін анықтаған.

Анкара дәрігерлер палатасынан жасалған мәлімдемеде ұялы телефон және оның станцияларының мектептің ауласына, бала бақшалар, ауруханалар, саябақ секілді әлеуметтік тұрмыс мекендеріне құрылмауы керек екені айтылды.

Мәлімдемеде сондай-ақ былай делінді: «Еуропаның 5 елінде жасалған зерттеудің қорытындысы ең аз дегенде 10 жылдан бері ұялы телефон қолданған адамдарда кейбір ми рагының кездесу жиілігінің артқанын көрсетті. Осы мәселемен бірге ДНК-дағы өзгерістер, жүйке клеткаларындағы өзгерістер, мидың жұмысы мен ұйқыдағы өзгерістер секілді аурулар да ортаға шығуда».

Ұялы телефонмен сөйлесуден гөрі хабарлама жазу балалар мен жасөспірімдер үшін қолайлы. Себебі сөйлесу кезінде құлаққа берілетін электромагниттік сәулелер хабарлама жіберуден әлдеқайда көбірек бөлінеді.

Ұялы телефонның адам ағзасына қаншалықты зиянды әсер ететіні туралы әрбір қолданушы сенеді, бірақ мән бермейді. Телефонның қосулы қалпында жай жатқанда зияны тимейді. Алайда аппараттың құрамдас, айырылмас мүшесі "Transmitter" ("таратқыш", передатчик) іске қосылған кездері ғана адам ағзасына зиян әкеледі. Әсіресе, телефондағы sim-картаны оператормен байланыстыру мақсатында аппарат антеннасында өндірілетін электромагнитті энергия зиян.

Телефон антеннасынан бөлініп шығатын энергия ауаға таратылып қоймай, адамның құлақ тұсындағы тірі клеткаларға жұтқызылады. Өйткені энергия ешқайда жоғалып кетпейді, бір түрден екінші бір түрге айналады.

Ол клетка миға құтқару сигналын жібереді, алайда ол сигналдың қуатын телефоннан шығып жатқан сигнал қуаты басып кетеді.

Ұялы байланыс құралымен сөйлесу ұзақтығын 3 минуттан артық қолдану өте зиян. Құлақ тыңдағыш арқылы 70%-дай азаяды. Зиян тигізілетін уақыт сигналды қабылдағаннан кейінгі 20-30 секунд. Одан ары зиян күші күрт азаяды.

Электромагниттік сәулелендірудің адам ағзасына тигізер зияны туралы жинақталған білімдер, телефонның сәулеленуі сияқты басқа да электромагниттік сәулелендірулер онымен байланысқа түскен адамдар денсаулығына, физиологиялы жай-күйіне әсер етеді.

Ұялы телефонның жұмыс жасап тұрғандағы сәулелендіру аумағы бастың ми қалпақшасы мен есту, көру қабілетіне едәуір әсері болатындығында. Ұзақ мерзімді сәулелендіру мидың кейбір құрылымдарының биоэлектрлік белсенділігіне әсер етуі мүмкін және оның жұмысына (айталық, есте сақтаудың қысқа және ұзақ мерзімді жағдайына) кері әсерін тигізеді. Еуропа ғалымдары жақында мынадай қорқынышты қорытынды жасады: 10 жылдан артық ұялы телефонды пайдаланған адамда мидың гематоэнцефаликалық кедергілерінің бұзылуы басталады, яғни миға зиянды заттардың кірмеуіне себепкер болатын сүзгіштің қабырғалары

бітеледі. Бұл болашақта адамды мидың қатерлі ісік ауруына шалдығуына әкеліп соқтырады. Біздің өміріміздегі соқпақтар мұндай электромагниттік қысымды көтере алмауы мүмкін. Кейбір сарапшылар «адамдардың басым көпшілігі Альцгеймер және Паркинсон ауруларына шалдығады» деп жорамалдайды. Сонымен қатар жүргізілген тәжірибеге сүйене отырып, сәуленің әсері тек жинақталып қалмайды, кейінгі ұрпаққа беріледі деген қорытындыға келіп отыр.

Ұлыбритания, Жапония елдерінде жасөспірімдердің ойлау қабілетінің төмендеуі, тұйықталуы, ашуланшықтығы жиі кездесіп, ұялы телефонды 16 жастан бастап ұстауға болады. Алайда асыра пайдалануға, уақытты ұтымсыз бөлуге рұқсат бермеуді ұсынады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша адам денсаулығының 50%-ы өмір сүру сипатынан, 17-20%- әлеуметтік және табиғи жағдайдан, 17-20%- тұқымқуалаушылық ерекшеліктерінен, 8-9%-ы денсаулық сақтау ұйымдарының тиімді жұмыстануынан тәуелді екен. Бұдан, адам өмірінің зиянды әсерден қашық болуы өз денсаулығына немқұрайлы қарауынан, салауатты өмір салтын ұстануынан, сауаттылығынан байланысты екені шығады. Адам өркениеттің жетістіктерін өз денсаулығына зиян келтіруіне жолбермеуі тиіс.

Әдебиет:

1. Ұялы телефонды қажеттілікке қарай пайдалану керек.
2. Үйде болсаңыз, ұялы телефонды пайдаланбай, үй телефонымен сөйлескеніңіз дұрыс.
3. Жасөспірімдер мен балаларға ұялы телефон пайдалану мәдениетін үйреткен жөн.
4. 12 жасқа дейін ұялы телефонды пайдалануға тыйым салу қажет.
5. Ұялы телефонмен қысқа сөйлесуге үйрену керек.
6. Ұялы телефонмен сөйлескенде құлақты алмастырып, 8 түрінде ұстаған дұрыс.
7. Сөйлесуді SMS қызметіне алмастыруға тырысқан жөн.
8. Динамик арқылы дауыстық байланысқа ұмтылған дұрыс.
9. Сөйлесу уақытын 3 минуттан арттырмауға тырысқан жөн.
10. Екі сөйлесу арасындағы үзіліс уақыты 15 минуттан кем болмауы тиіс.
11. Найзағай ойнауы, күн күркіреуі кезінде ұялы телефонды пайдаланбау керек.
12. Автомобильде, желіні антеннна ұстамайтын орындарда қолданбаған дұрыс.

УДК 070

БАСПАГЕРЛІКТІҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жакенов А.Р.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Мемлекеттік Кітап Палатасы берген статистикалық мәліметтерге сәйкес, Қазақстандағы орташа айналымы бар кітаптардың саны жыл сайын 24-ге артады.Ассортимент өсіп келеді, ал баспа өнімдерінің жалпы саны өзгеріссіз қалды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның кітап нарығында айтарлықтай өзгерді, бірақ бұл өзгерістер түбегейлі болып табылады.

Шығарылған және баспа басылымдары - баспа үйлері, олар толық жұмыс істейді және ай сайын өнім шығарумен айналысады. Бұл - Атамұра, Алматыкітап Баспасы, Мектеп және Фолиант тәрізді баспа басылымдары.

Қазақстанда жаңадан басталған тағы бір стратегия – беллетристика. Ойын-сауық кітабы Қазақстанның баспагерлерінің арасында қарқынды дамып келеді, бұл әдетте «жеңіл оқу үшін әдебиет» деп аталады.

Соңғы жылдары ғылыми және білім беру өнімдерінің саны артуда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың баспа үйі университеттің республикалық басылымдарында жетекші орынға ие, ол ғылыми басылымдар шығарып, еліміздің жоғары оқу орындарына өнім жеткізеді.

Кітап тарату , яғни , баспа өнімдерін тұтынушыларға (сатып алушылар, оқырмандар) жеткізу, баспагерлердің өздері де, сауда ұйымдары да, кітаптар мен кітапханаларды сатумен айналысады. Қазақстандағы кітаптарды таратудың ерекшелігі ресейлік кітаптық өнімдердің кітап сатылымында айтарлықтай басымдық болып табылады. Мамандардың айтуынша, әртүрлі кітап дүкендерінде ресейлік басылымдар ассортименттің 65-90% құрайды. Атап айтқанда, орыс кітаптарының таралуы фантастика саласында байқалады. Баспа үйлері мен баспа ұйымдарының құрамы үнемі өзгеріп отырады,алайда олардың барлығы жыл сайын баспа өнімдерін шығармайды. Республиканың баспа жүйесінде үнемі жұмыс істейтін баспалар түрінде белгілі бір негіз бар. Жүзеге асыру үшін кітап өнімдерін өздігінен шығаратын барлық баспагерлер мен баспа ұйымдары айналысады. Республиканың баспа үйінің белгілі бір бөлігінің шығарған кітап өнімдерін кітаптарды өздері жасайды.

Алматыкітап баспасы - бұл ең ірі баспа және кітап дүкендері. «Алматыкіп баспасы» кітап дүкендері Алматы қалаларында (7 дүкен) және Астана (3 дүкен) орналасқан. Ассортименттің негізгі бөлігі мектеп және жоғары оқу орындары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту бойынша оқу-әдістемелік кешендерден тұрады. Бұдан басқа, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көркем және дамып келе жатқан әдебиеттер, сөздіктер, анықтамалық, энциклопедиялар және балалар әдебиеті. ТМД елдерінде жарияланған кітаптар да бар. Бұдан басқа, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көркем және дамып келе жатқан әдебиеттер, сөздіктер, анықтамалық, энциклопедиялар және балалар әдебиеті. ТМД елдерінде жарияланған кітаптар да бар.

Бұл: «Атамұра», «Алматы кітап баспы», «Мектеп», «фолиант» және тағы басқалар сияқты ұйымдар.Мұндай кітап баспагерлерінің көптігі, оқу процесінде келіспеушіліктерге әкелуі мүмкін.Себебі әр баспа, өз кітаптарында, ақпаратты белгілі бір ретпен, белгілі бір тәсілмен іріктеп алады. Баспа орындарының көптілігі өзінің пайдасын тигізетін еді, егер әрбір баспа белгілі бір оқу орынға өз қызметің атқарғанда. Бірақ Қазақстан Республикасында жыл сайын, білім саласында көптеген жаңа өзгерістер енгізіледі. Соған байланысты мектептерге жыл сайын жаңа оқулықтар әкелінеді. Жаңа оқулықтар бұрынғы жылғы оқулықтарға қарағанда үлкен айырмашылықтар болады.Әрине кітап баспалары, бұған кінәлі емес. Білім министрлігі әр жылы жаңа оқу жоспарын даярлайды, сол себептен әр жылы жаңа оқулықтар, жаңа ақпарат базасымен қажет болады. Осындай жылдық өзгерістер, негізінен, мұғалімдердің жұмысын қиындатады, себебі оларға жаңа оқу жоспарымен танысып, оны оқушыға жеткізу керек. Сонда, сізде сұрақ туындау мүмкін: “Мұғалім - білікті маман, оған жоспармен танысу қиынға соға ма?”. Иә да, жоқ, мұғалім жаңа жоспармен таныса алады , бірақ оған қолда бар, дайын, ақпаратты жай ғана толтыруға жеңілірек болар еді. Сонда келесі сұрақ туындайды:”Неге білім министрлігі кем дегенде әр бес жылда ғана түзетулер жасамайды?”. Себебі білім беру жүйесінде ешқандай ерекше өзгерістер болмайды. Уақытқа тәуелді пәндер, ол – тарих және география. Қалған пәндерде уақытқа онша тәуелділігі жоқ. Неліктен баспагерлер жыл сайын жаңа оқулықтар шығарады. Қалайша жиырмадан астам жыл ішінде, ең қажетті ақпаратты қамтитын кітап құрылымын жасау мүмкіндікке соқпады. Басылымдар әр бес жыл сайын өзгерсе, әлдеқайда жеңіл болады. Яғни, бес жыл бойы бір баспа үйі ең оңтайлы және қажетті ақпаратты өңдеп, ең негізгі және жаңа мәліметтерді даярлау.

Қазақстандағы білім беру жүйесі жаһандық үрдістерден бөлек дами алмайды. Қазақстанның әлемдік дәстүрлерін және әлемдік тәжірибені жемісті байланыстыру қажет. Бұл жағымды синтезді ескере отырып, қазақстандық мектеп оқулықтарының жаңа буынын құрудың негізін анықтау қажет.

Айта кету керек, Қазақстандағы стратегияларды жариялаудың нарықтық көзқарасы әлі де бар. Жақында қазақ тіліндегі замандастарымыздың романдарына қызығушылық туды. Қазақ кітабының сүйер қауымының сайттарындағы сауалнама оқырмандар Америкаға барған Джондар туралы емес, Ресейдегі күрделі мафия туралы емес, Қазақстанның кейіпкерлері туралы әңгімелерін көргенін көрсету керек. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында баспа қызметі туралы жеке заң жоқ, сондықтан барлығы нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Бұл мемлекеттің жағдайына теріс әсер етеді және кітап бизнесінің одан әрі дамуы.

Қазақстандағы кітабын бизнесті жетілдіру үшін, ең алдымен, баспа басылымдарын және кітаптарды таратуды мемлекеттік қолдау, баспаларды қолдаудың ұлттық бағдарламасын әзірлеу және қабылдау, сондай-ақ автор мен баспагер арасындағы өзара тиімді шарттар жасау.

Әдебиет:

1. http://www.zkoipk.kz/ru/nisconf2s/646-confnis.html
2. https://articlekz.com/article/11805
3. Сейдуманов Ж.Т. Қазақстанның баспа жүйесі: 2013 жылдың қорытындысы

УДК 372.871

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Жакенов А.Р.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Электрондық оқыту – кешенді емес біртұтас, дидактикалық, әдістемелік, интерактивті бағдарламалық жүйе және ол оқу материалынан кездесетін қиындықтарды артта қалдырады әрі мультимедианың соңғы мүмкіндіктерін қолданып, ғылыми зерттеу әдістерін толықтырады.

Электрондық оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі басты мақсат - білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. Ал бұл мақсатты жүзеге асыру үшін электрондық оқу ресурстарын жеткілікті деңгейде сапалы түрде жасау қажет және білім беру мекемелер өзара байланысты болу керек.

Бұл жерде оқытудың түсінікті, кең көлемде қарастырылған материалы қолданылады. Нобайлау, компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, оқытуды дамыту сатылары төмендегідей болуы мүмкін:

1. CD-ROM негізіндегі курстар;
2. қашықтықтан оқыту;
3. e-Learning.

CD-ROM негізіндегі курстар тарихта алғаш рет пайда болды. Негізгі артықшылықтар:

1. инновациялық идея;
2. машина оқылатын ортада тақырыптық ақпаратты фокустау;
3. әдістемелік тұрғыдан, сапалы оқытудан ойлану;
4. бірқатар интерактивті мүмкіндіктерді ұсыну;
5. пайдаланудың қарапайымдылығы;
6. қолжетімділік.

Кемшіліктеріне мыналарды жатқызуға болады:

1. шектелген курс;
2. оның құрылуына көп уақыт жұмсалады;
3. модификациялаудың мүмкін еместігі.

Біраз уақыттан кейін пайда болған қашықтықтан оқыту, жоғарыда аталған кемшіліктерден айырылған және қосымша мүмкіндіктерге ие болатын басқа білім беру тәсілін ұсынды.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары:

Студенттерге арналған:

1. оқу кестесінің икемділігі;
2. жеке жоспарына сәйкес өз қажеттіліктері мен қабілеттеріне қарай танысу мүмкіндігі;
3. білімді бағалаудың объективті және педагогикалық әдіснамасы;
4. оқыту барысында мұғаліммен кеңесу мүмкіндігі;
5. салыстырмалы арзандық.

Соңғы жылдары, Интернеттің білім саласына қатысу дәрежесі, онлайн курстар саны, олардың тақырыптары, іске асырудың әртүрлі тәсілдері және тұтастай алғанда жалпы бағыт неғұрлым кең мағынада «e-Learning» термині пайда болды. Олардың басты міндетін шешумен қатар - Интернет арқылы қашықтықтан оқыту - e-Learning толыққанды білім беру формасы және дәстүрлі оқытудың сапасы мен тиімділігін арттырудың жақсы құралы бола алады.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттыры бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады.

Интернет арқылы қашықтан оқыту - электрондық оқыту - бұл сондай-ақ, қаладағы білім беру нысанына тамаша қосымша болып табылады және дәстүрлі оқытудың сапасы мен тиімділігін арттырудың жақсы құралы бола алады.

Электрондық оқыту жүйесінің тиімділігі:

1. Онлайн режимде кеңес беру
2. Пәндер бойыша оқу курстарын дайындау
3. Электрондық журнал
4. Онлайн режимде семинар өткізу
5. Педагогтармен e-mail арқылы хабарласып тұру
6. Онлайн тест жүргізу

Электрондық оқыту жүйесі оқушылардың қабілеті мен танымдық қызығушылығын дамытады және өздігінен білім алу дағдысын қалыптастырады. Электрондық оқыту жүйесі қазіргі білім берудің «өмір бойы білім алу» мен «баршаға ортақ білім беру» қағидаларына сәйкес оқушылдардың жеке және ұжыммен жұмыс жасауына жағдай жасалуы тиіс.

Электрондық оқыту жүйесі оқушылардың қабілеті мен танымдық қызығушылығын дамытады және өздігінен білім алу дағдысын қалыптастырады. Электрондық оқыту жүйесі қазіргі білім берудің «өмір бойы білім алу» мен «баршаға ортақ білім беру» қағидаларына сәйкес оқушылдардың жеке және ұжыммен жұмыс жасауына жағдай жасалуы тиіс.

Электрондық оқыту жүйесінде желіде еркін таралатын оқу материалдары бар ашық білім беретін қорлары болады.

Жасалынған электрондық ақпараттық ресурстары және мультимедиалық білім жасақтамалары еркін аударылып, электрондық оқыту жүйесінде Интернет арқылы қолданылуы керек.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы. Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттыры бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады.

Қоғамның дамуы бүгінгі таңдағы білім беру процесінде дамыған елдер стандартына деген ұмтылысты қажет етуде. Ал әлемдік білім кеңістігіне ену, әрине, бәсекеге қабілеттілік ұғымымен байланысты. Қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады. Осыған орай, жаңа қабылданған «Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» – Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын жүзеге асырудың өзекті бағыттарының бірі. Жаңа бағдарламаның ерекшелігі – жаңашылдығы. Атап айтсақ, Бағдарламада білім беру саласына электрондық оқыту жүйесін енгізу жеке бір бағыт ретінде қарастырылған.

Бұл жүйені ұйымдастыру жағынан қамтамасыз етуді Білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар орталықтары жүзеге асыратын болады.

Электрондық оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі басты мақсат - білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. Ал бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқу үрдісін автоматтандыруды енгізуге жағдай жасау қажет. Мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады.

Қазақстандағы электрондық оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – ауыл және қала оқушылары үшін ең үздік білім беру ресурстарына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету. Электрондық оқытудың басты маңыздылығы – мұғалімдер компьютер арқылы балалар тілінде қарым-қатынас жасауға үйренеді. Қазіргі балалар өз өмірлерін компьютерсіз және интернетсіз елестете алмайтыны құпия емес, сондықтан бүгін осы білім беру құралдары ең тиімді болып табылады.

Бүгінгі таңда электрондық оқыту уақытша хобби емес, алайда бүгінгі күні кешенді шешуді қамтамассыз ету, электронды курстардың сапасын бағалау, мұғалімдерді оқыту, ақпараттық технологиялар нарығында жұмыс істейтін компаниялардың назарын кешенді ақпараттандыру мәселелеріне аудару үшін ЖОО-лар орталығын құру қажет.

Әдебиет:

1. Бөрібекова Ф. Электрондық оқытудың мәні мен маңызы / Ф. Бөрібекова, Н. Жанатбекова // Қазақстан мектебі – 2009ж, №8, 11б.
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. http://www.zkoipk.kz/ru/nisconf2s/646-confnis.html
4. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы
5. http://sc0006.kokshetau.akmoedu.kz/documents/view/A7F2F8C196ADF076.html
6. http://www.zkoipk.kz/ru/nisconf2s/646-confnis.html

УДК 004.432.2

20 ЖЫЛДАН БЕРІ ӨЗГЕРМЕГЕН TURBO PASCAL ОРТАСЫ ТУРАЛЫ

Жамаш Т.Ж., Ашкенова Ш.А.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Елбасы Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге, экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесін құруды» міндеттеген болатын. Заманымыз алға жылжыған сайын уақыт талабы күшейіп, білім нәрімен сусындатып отырған шәкірттеріміз білімді, талапты, ойшыл, дарынды тұлға болып қалыптасуы үшін, оқыту үрдісінде жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңа идеяларды қолдана отырып, үздіксіз ізденіспен оқушылардың білімін, таным-

талғамын, ой-өрісі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту ұстаздар қауымының басты мақсаты болып отыр.

Оқу бір жерде тұрмайтынын, өзгерістің болмауы өсудің тоқтағанын білдіретінін түсінгендіктен, біз, болашақ мұғалімдер, өзгеруіміз қажет. Ол үшін заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруіміз керек, осы әдіс-тәсілдердің ең негізгі ерекшелігі – оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуі.

Бұл мақала бұрыннан келе жатқан және бәріне танымал Turbo Pascal ортасы туралы болмақ. Turbo Pascal – бұл алдыңғы уақыттан бері келе жатқан, заманауи талаптарға сай келмейтініне қарамастан әлі күнге дейін мектептерде, ЖОО және басқа да оқу орындарында оқытылады. Неге бұлай болды екен? Ендеше бұл сұрақтың жауабын табуға кірісейік!

Паскаль бағдарламалау тілі, атақты француз математигі және философы Блэз Паскальдің құрметіне аталған. Бұл тілді 1968-1971 жылдары Швейцария жоғарғы политехника мектебінің директоры, профессор Никлаус Вирт жасаған. Паскаль тілі игеруге жеңілдігімен, тұтастығымен және қарапайымдылығымен дүние жүзінде кеңінен тарады. Бағдарламаның дұрыстығы жеңіл тексеріледі, себебі оның мазмұны өте қарапайым және айқын. Сондықтан Паскаль тілі бағдарламалаудың құрылымды әдістерін игеріп үйренуге ыңғайлы.

Қолданушылардың көпшілігі Turbo Pascal ортасының ескіргендігін, онда жақсы бір бағдарламаны жазу мүмкіншілігінің жоқтығын айтып отыр. Дегенмен Turbo Pascal ортасында Windows үшін бағдарлама жазуға болады, ол өз кезегінде аз ғана артықшылықты көрсетеді. Қарсыластардың қорытындыларына келетін болсақ, Turbo Pascal-да күрделі деректер қорымен жұмыс істейтін, жіберу және қабылдау сияқты сұраныстарды орындай алатын бағдарлама жолын жазу мүмкіндігінің жоқтығын айтуға болады. Pascal-дың жоғарыда айтылған кемшіліктерімен менде келісемін, бірақ сонда да оның үлкен артықшылықтарында ұмытпаған жөн деп санаймын. Pascal бағдарламалауды үйренуде оңай әрі тиімді тіл болып табылады. Мен Turbo Pascal-ді бағдарламалау әлеміндегі бірінші баспалдақ деп айтар едім. Дәл осы себепті де барлық оқу орындарында, барлық дерлік мамандықтарда қазіргі уақытта дейін қолданылып келе жатыр. Әрине оны өз тәжірибемнен айтып отырмын.

Turbo Pascal-ді үйрену арқылы бағдарламалаудың негізі, бағдарламаны жазу стилі, бағдарламаларды жөндеудің іргетасы қаланады. Шындығын айтқанда, Turbo Pascal бағдарламалауды үйренудегі тіл ретінде қарастырылады. Сол себепті де Pascal жөніндегі барлық даулар жөнсіз деп ойлаймын. Иә ол бұрыннан келе жатқан бағдарламалау тілдерінің бірі, сонымен қатар заманауи есептерді де шеше алмайды, бірақ бұл тіл бағдарламалау негіздерін оқытуға арналған және ол өзінің мақсатын орындап келе жатқанына 20 жылдан астам уақыт болып қалды. Меніңше Turbo Pascal әлі де ұзақ өмір сүреді деген үміттемін.

Бұл құбылыс туралы жазу мен үшін кездейсоқ жағдай емес – дәл қай күні және айы екенін білмеймін, бірақ осы жылы Turbo Pascal ортасы барлық оқу орындарында кеңінен қолданылылып келе жатқанына да 26 жыл уақыт өтіпті. Дәл 1992 жылы Turbo Pascal ортасының 7.0 нұсқасы шыққан болатын. Бұл нұсқа мыңдаған болашақ программисттер үшін екі онжылдыққа басып өтуінің бастапқы жолы болды. Және осы Turbo Pascal ортасы миллиондаған адамдардың есінде деп ойлаймын.

Тағы да 2 жылдан соң кейбір өзгертулері бар 7.1 нұсқасы шықты, бірақ Turbo Pascal ортасын әзірлеу осыдан тоқтады десекте болады. Міне, 18 жыл бойы бір құрлықтың алтыдан бір бөлігі архив файлдармен адасып жүр, ол екі дискетке орналастырылады – бұл сол баяғы TP7.zip (файл атындағы бірнеше нұсқалар). Маған осындай тасымалдылығымен ерекшеленетін басқа бағдарламалық өнімдер белгісіз – тіпті әзірлеушілердің өздері бұл туындының Windows 95-тен де операциялық жүйелерде жұмыс істейтінін ойламаған болар. Бірнеше жылдан кейін жарыққа шыққан және «бір күні жасалған дүние барлық жерде жұмыс істейді» принципін ұстанатын Java-ның өзі қарапайым ғана IDE фонында тым ерекше көрінбейді.

Басында Turbo Pascal Dos, Windows 3.11 және Win95 астында елгезек болып жұмыс істеді, кейіннен Windows 98 және Me-ге оңай көшті. Содан кейін Windows XP іске қосылуымен бірінші мәселе туындады, бірақ Turbo Pascal-ді ешкім тоқтата алмады – ол білім беру

мейнстримі болып, барлық Windows Vista, Windows 7 операциялық жүйелерінде жұмыс істей бастады.

Осыдан 15 жыл бұрын ғана Turbo Pascal оқытудағы керемет бір бағдарламалау тілдерінің қатарында болды, бірақ қазіргі уақытта бұл жаңа нәрсені үйренуде үлкен талпыныстың болмауының көрсеткіші болып саналады. Және бұл жердегі мәселе Паскальда ғана емес: бағдарламалауды бұл тілде оқыту үшін заманауи орталар бар, олар FreePascal және PascalABC. Мәселе саясатта емес. Тіпті мектеп бағдарламасының қаталдығында да емес. Ол оқу орнының дәрежесіне де байланысты емес, себебі қазіргі уақытта IT-мен байланысты ЖОО орындары бар және онда Turbo Pascal ортасы негізгі жұмыс құралы ретінде әлі де пайдаланылады.

Қорытындылай келе, оқу процесінде пайдалануға болатын Turbo Pascal ортасына балама бағдарламалар тізіміне қысқаша шолу ұсынғым келеді.

1. FreePascal – тегін паскаль компиляторы, заманауи талаптарға сай және Turbo Pascal-ға 1 де 1 ұқсас ортасы бар, ол соңғысы үшін жазылған әдістемелік әдебиеттердің үлкен бөлігін қолданудың мүмкіндігін береді. Windows және Linux операциялық жүйелерінде жұмыс жасайды. Turbo Pascal-ға ауыстыруда ең қарапайым тәсілі ретінде ұсынылады.

2. PascalABC – Windows жүйесінде жұмыс істейтін қолайлы әзірлеу ортасы болып табылады. 2007 жылдан бастап PascalABC.net нұсқасы әзірленді, ол да дәл сондай орта, бірақ ол NET технологиясын қолдану арқылы жазылған. Ескі компьютерлер үшін NET нұсқасынсыз қолдану ұсынылады. Менің ойымша бұл бағдарламалау негіздерін оқытуда ең сәтті шыққан, әрі орын таптырмас орта.

3. Lazarus – FreePascal компиляторын қолданатын, бірақ заманауи қосымшаларды әзірлеуді демейтін өңдеу ортасы болып табылады. Delphi-мен үйлесімді деп қаралады, бірақ соңғысы үшін жазылған оқу материалы қолданыла бермейді. FreePascal-мен салыстырғанда оның интерфейсі қиынырақ. Оқытушының біліктілігі жоғары болған жағдайда және оны өз оқушыларын дәл неге үйреткісі келетінін білген жағдайда қолданған жөн.

«Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды»,- демекші ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан қоғам дамуында білім беру ең маңызды мәселе болып табылады.

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз»,- деген Елбасы Н.Ә. Назарбаев бүгінде мұғалімдер алдында үлкен жауапкершілік жүктеді. Әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен таусылмас білім ошағын санасына ұялатқан ұстазын мәңгілік есінде сақтайды. Нағыз мұғалім, міне, осы. Өйткені, әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы – ұстаз берген білімде. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келген кез-келген мемлекет ең алдымен, білім беру саласын дұрыс жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше, осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісіне тиері анық. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген еді. Сондықтан болашақта біз осы сөзге сай болуымыз керек.

Әдебиет:

1. Жанпейісова М.М. XXI ғасыр оқытудың инновациялық технологиялары.Алматы, 2002.
2. Қ.Р. білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Фаронов В.В. «Turbo Pascal 7.0» Начальный курс. Учебно пособие Москва, 1998.
4. Камардинов О. «Есептеуіш техника және программалау». Алматы, «Рауан», 1997.
5. Әбдіхалықов Н.Б. «Ақпараттық технологияларды қолдану негізінде болашақ мұғалімдердің өнімді-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру». Қызылорда, 2010.

УДК 004

ҚОҒАМ ІНДЕТІ – СЕЛФИ

Жандар Жібек Әсембекқызы
(М.Қозыбев атындағы СҚМУ)

Бүгінгі қоғам дерті – селфи немесе өзін - өзі суретке түсіру. Селфи- (ағылш. selfie, яғни ағылш. self - өз дегеннен туындаған) - көбінесе қолында ұстап тұрып, смартфон немесе фотоаппарат арқылы адамның өз-өзін түсірген суреті, яки автопортреті. Әдетте, селфилер әлеуметтік желілерде жарияланады және сонысымен кең қолданысқа енді. Бірнеше адам кірген селфиді «топтық селфи» деп атайды.

18-24 жас аралығындағы жастардың арасында кеңінен таралған бұл үрдіс бастапқыда кез келген адамның қызығушылығын оятты. Кейін келе қолданушылардың арасында, әсіресе өмірге деген көзқарасы барынша қызуқанды жандардың ортасында таласқа түсті. Олар өздерінің «селфиін» барынша әрлеп әрі әдемі қылу үшін баспаған тауларымен аспаған қырлары қалмады. XXI ғасыр барынша қарқынды дамып, алға ұмтылуды басты мақсат еткен ғасыр. Селфи күн өткен сайын жаңаша формасын өзгертіп, адамдардың қалай болсын ыңғайына бағынуға, қолайлы болуына ықпал жасап келе жатыр. Соның әсерінен, шартты рефлекс сынды бұл ұғым арты айнала келіп үлкен «індетке» айналды.

Дертке деп айтуға негіз болар жағдай да жоқ емес. Әлем ғалымдары зерттей келіп, селфиді психологиялық аурудың бір түрі деп атады. Осы бір тоқтамға келуге әсер еткен бірінші жағдай, британдық жасөспірім Дэнни Боуман күніне 200 селфи жасаған. Әр селфиге кеткен уақыты ол үшін маңызды болған. Тіптен бір тәуліктің 10 сағатын осы дертке құрбан еткен. Қанша суретке түсіп, өзіне өзі баға бере алмаған, бірде – бір селифі сәтті шықпаған бозбала өмірінен баз кешіп кеткен. Іштей жегідей желінген 19 жасар жігіт осы аралықта 13 кг салмақ тастаған. Ортасымен де, достарымен де араласудан қалған. Осындай жағымсыз белгілерді сараптай келе ғалымдар бұл дерттің ақыры адам өміріне өте қауіпті екенін де баса көрсетті.

Жастар арасында насихатталып кеткен «селфидың» дерті үлкен жұлдыздар шоғырына да келіп түсті. Демалыс орындарында, шетелде болып қайтқан сапарларында, үлкен ортада жүрген кездерін суретке түсіруге әдетке айналдырып алған жұлдыздар үшін де, жалпы желіні пайдаланатын жандар үшін «инстаграм» желісі де іске қосылды.

Кез келген желі де отыратын әр адам осы дертке ұшырайтын көрінеді.
Індет асқынып кетті. Ақыры адам өліміне де жететін жағдайға жетті. Селфиден ажал құшқан адам саны күн санап артып келеді. Солардың алдыңғы қатарын төмендегі жетілік бастап тұр.

21 жастағы мексикалық Оскар Отеро Агилар зоомагазинде жұмыс жасаған. Бос уақытында қызықты жерлерде суретке түскенді жақсы көреді. Ол үшін суық қарумен (тапанша) селфи жасау оның желідегі мәртебесін көтеруге себеп болған. Ақыры арманына қол жеткізген жас жігіт, досының оқтаулы тұрған тапаншасымен селфи жасау кезінде абайсызда шүріппе басылып кетіп, оқиға орнында жан тасырған.

Солтүстік Каролинаның тұрғыны Кортни Сэнфорд есімді 32 жасар келіншек өзінің ажалын селфиден тапқан. Ол ажал алды бұрын, машинасында ойнап тұрған әуеннің ырғағына елітіп, өзіне көңіл бөлуге асыққан. Боянып, таранып отырған оның Фб-ға қалдырып үлгерген соңғы жазбасында: « жақсы ән көңіл көтеруге жақсы» деген. Кейін анықталғандай Кортни көлік апатынан қазақ тапқан.

Колетт Морено АҚШ азаматы. 26 жастағы жас бойжеткен тойы болар алдындағы бір күнде, құрбыларымен демалуға жолға шығып, жол апатына қаза тапқан. Себеп, қуаныштан есін жия алмаған ару құрбыларымен бірге селфи жасап, көліктің тізгінін ұстап отырғанын естен шығарса керек.

Селфидің жиі пайдаланылатын орындарының бірі жуынатын үй (ванна). 17 жасар бойжеткен өзінің жаңадан алған iPad құрылғысына селфи жасау кезінде мерт болған. Қуат көзінде тұрған құрылғы су тию кезінде зақым алған.

Ресейдің астанасында 19 жасан екі жігіттің мәйіті метро тұрағынан табылған. Виктор және Иван есімді екі жігіттің ақымақтық жасауға итермелеген тағы да осы селфидің дерті. Келе жатқан метроның үстінде тұрып секіріп көрмек болған екі жігіт, құлаған жерінде көз жұмған.

Испаниялық азамат Андухар 21 жасында өзінің ажалын селфиден тапты. Поез үстіде өзін суретке түсірмек болған жігіт айтып келмеген өлімнің құрбаны болды.

Санкт-Петербург қаласының 17 жасар өрімдей қызы Ксения, түнгі поездің келе жатқан сәтін көпір үстінен тұрып түсіруге қызыққан. Қайғылы жағдай болған жерге келген сарапшылардың айтуынша, қыз көпір үстінен 1500 вольттық ток көзінің үстіне құлаған.

Бүгінде осы бір селфи дейтін дерттің алдына алуға билік тарапынан шара қарастырар деген үміт желге кетті. Үлкен тұлғалардың да ермегіне айналып үлгерген індеттің алдын алу үшін оған мүлде тоқтау салудың қажеті шамалы. Тек, қауіпті дейтін аймақтарда суретке түсуге тиым салу керек.

Ажал айтып келмейді.

Әдебиет:

1. http://www.halyk-gazeti.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=3566:2015-01-08-04-52-13&catid=5:2011-11-18-09-02-24&Itemid=5
2. http://today.kz/kz/news/maalalar/2015-02-12/604953-kogam-indeti-selfi/
3. http://old.aikyn.kz/ru/articles/show/24023-_selfi_s_zd_ala_data_ma_

УДК 811

ҮШ ТІЛДІЛІК — ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жандар Жібек Әсембекқызы
(М.Қозыбев атындағы СҚМУ)

Үш тілде оқыту – заман талабы. Негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Үштілдік туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев білім және ғылым саласы қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы. Ал орыс тілін жақсы білу – біздің байлығымыз» десе, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Бірнеше тілді меңгеру арқылы жас ұрпақ білім кеңістігінде еркін самғап, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік алады. Мектептердің үш тілде оқытуды қолға алудағы негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады. бақытын аялау» деген нақыл сөзі жаныма өте жақын.

Қазіргі жаһанданған, ақпараттың дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңашылдықтар еліміздің экономика саласына да, білім беру жүйесіне де тың ізденістерді енгізіп отыр. «Жаһандық дағдарыстың жалғасуының әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер бізді үрейлендірмейді. Біз оларға дайынбыз. Біздің ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, XXI ғасырда орнықты дамуды жалғастыру», — деп Елбасымыздың Жолдауында айтылғандай, еліміз қай салада болмасын қарқынды дамып, әлемдік кеңістікке қарыштай қадам басып, еркін қанат сермеуде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында еліміз береке мен бірліктің, ынтымақ пен достықтың, татулықтың өлкесі болып, көпұлтты мемлекетке айналып отыр. Осы орайда елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Біз — көп ұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз» — деген еді.

Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған. «Келешекке кемел біліммен», — деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келшекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр.

Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Товарный ассортимент формируется на основе спроса и предназначения целевых рынков товаров. Спрос покупателей и ассортиментная номенклатура взаимосвязана. Изменение в спросе сопровождаются изменениями в ассортименте и отражаются на его сбалансированности.

ABC анализ ассортимента.

Разработанный маркетологами метод ABC анализа активно используется в процессе формирования и управления ассортиментом. Выбирается объект анализа и параметр, по которому этот объект будет оцениваться. Объектом анализа ассортимента могут стать товарные категории, товарные позиции, поставщики, производители. Проведение анализа чаще всего проводится по таким признакам как оборачиваемость товара и доходность. По результату анализа выявляются три группы – называемые традиционно A, B, C в процентном соотношении – 50%, 30% и 20% по выбранному критерию. Таким образом выявляется наименее эффективная в ассортименте группа C. ABC анализ обозначает группы, требующие внимания и проведения мероприятий по оптимизации ассортимента для повышения эффективности магазина.

XYZ анализ ассортимента.

XYZ анализ проводится в том случае, когда нужно выстроить матричное представление результатов анализа ассортимента по нескольким параметрам. Проведению ABC анализа среди товарных категорий по степени оборота может сопутствовать анализ по доходности тех же товарных категорий. Товарные категории, распределенные по вкладу в общий доход торгового объекта в том же соотношении (50%, 30%, 20%), определят группы X, Y, Z.

Совмещение результатов анализа по двум критериям (ABC и XYZ анализы) позволяет уточнить наиболее популярные у потребителей и выгодные для торгового объекта товарные категории, и наименее доходные товарные позиции, от которых желательно избавляться. Группа товаров, приносящих торговому объекту максимальный доход будет называться группой AX, а наименее выгодная группа – CZ. Исследования методом ABC и XYZ анализов приносят максимальный эффект, когда проводятся регулярно. Специалисты по розничным технологиям Кира и Рубен Канаян в статье «Инструменты розничного аналитика» рекомендуют проводить ABC анализ ежеквартально, а XYZ анализ ежемесячно.

Построение ассортиментной матрицы.

Создание ассортиментной матрицы важный этап для анализа и управления ассортиментом торгового объекта. Этот документ наглядно показывает весь перечень товаров и их оборот в магазине. Схема построения матрицы изменяется в зависимости от потребности торгового объекта. Сюда могут входить данные о производителе или поставщике товара, о различных параметрах продукции, цена товара, фамилия категорийного менеджера, отвечающего за данный товар. Ассортиментная матрица помогает наглядно отслеживать «жизненный цикл» продукта – повышение и спад спроса.

Литература:

1. Емельянов А.А., Власова Е.А., Дума Р.В. Имитационное моделирование экономических процессов. М.: Финансы и статистика, 2002.;

2. Русалева А. Ю. Основы логистики. - Новосибирск. 1996.;
3. Гулиев Я.И., Белышев Д.В., Михеев А.Е. Моделирование бизнес-процессов медицинской организации: классификация процессов. Врач и информационные технологии. 2015; (4): 6-13.;
4. Балабанова Л.В. Оптовая торговля: маркетинг и коммерция. М. : Экономика, 1990. - 206 с.

УДК 378

РОЛЬ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ В СОВРЕМЕННОЙ КАДРОВОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ

Куандыкова Г.А.
(СКГУ им.М.Козыбаева)

В современных условиях для повышения эффективности управления необходимо совершенствование работы с документами, так как всякое управленческое решение всегда базируется на информации, на служебном документе. Документированная информация составляет основу управления, его эффективность в значительной степени базируются на производстве и потреблении информации. В современном обществе информация стала полноценным ресурсом производства, важным элементом социальной и политической жизни общества. Качество информации определяет качество управления.

В деятельности службы управления персоналом делопроизводство занимает значительный объем: прием на работу, перевод на другую работу, предоставление отпуска, увольнение. Документальное оформление кадровых процедур - неотъемлемая обязанность любого работодателя независимо от масштабов его деятельности и организационно-правовой формы. В отделах кадров ведется и учетная кадровая документация. Книги по регистрации документооборота в отделе кадров включают в себя систематизированный учет таких документов, как приказы, трудовые книжки, личные дела и др.

Современный уровень информации общества предопределяет использование новейших технических, технологических программных средств в различных экономических информационных системах, в том числе в системе управления персоналом.

Автоматизированная информационная технология управления персоналом предприятия представляет собой систему процедур преобразования, организации, обработки, распространения и использования соответствующими структурными подразделениями или руководителями.

Систематизировать кадровые документы необходимо не только для того, чтобы работать с ними было удобнее, но и чтобы следить за полнотой ведения всех необходимых регистров, а также иметь наиболее актуальные сведения о движении персонала.

Сегодня на рынке информационных услуг активно предлагается пользователям множество пакетов прикладного программного обеспечения по решению комплекса задач службы управления персоналом предприятия.

Для ведения автоматизированного бухгалтерского учета на предприятии ТОО «Шатило и К» необходимо разработать систему, которая позволит быстро и качественно вести учет кадров, следить за полнотой ведения всех необходимых регистров, иметь наиболее актуальные сведения о движении персонала, а также качественно составлять отчетность.

Для разработки информационной системы была выбрана платформа «1С:Предприятие 8.3». «1С:Предприятие» является универсальной системой для автоматизации ведения учета. Она может поддерживать различные системы учета, различные методологии учета, использоваться на предприятиях и в организациях различных типов деятельности.

В конфигурацию включена подсистема кадрового учета, включающая в себя приказы о приеме, об отпуске, об увольнении, а также о различных кадровых перемещениях. Подсистема

кадрового учета позволяет формировать не только печатные формы кадровых приказов, но и различные отчеты, например, личная карточка работника или список работников.

Данная конфигурация состоит из 7 подсистем представленных в соответствии с рисунком 1.



Рисунок 1 Подсистемы информационной системы

В данной конфигурации созданы специализированные справочники, документы, отчеты, а также регистры накопления. Среди которых:

В ходе разработке справочников использовались такие типы данных, как «число», «строка», «дата», «ссылка». Для заполнения некоторых значений типа «ссылка» были реализованы перечисления. Перечисления используется при заполнении значений с фиксированным значением.

Справочник «Сотрудники» используемый при заполнении других справочников, документов и при создании отчетов, таких как: отчет «Сотрудники», документ «Личная карточка работника», документ «Прием на работу», документ «Расторжение трудового договора» и т.п.

Самым объемным документом является личная карточка работника. Личная карточка работника (форма Т-2) оформляется в одном экземпляре, формулируется на основании соответствующих документов (удостоверения личности/паспорта, трудовой книжки, военного билета, документа об образовании и др.). Все последующие изменения в анкетно-биографических и учетных данных работника Компании, по мере их поступления, должны своевременно отражаться в личной карточке.

Так как документ «Личная карточка» объемный и состоит из 4х страниц и приложения, в электронном варианте он разбит на 13 страниц.

Интерфейс документа «Личная карточка работника» представлен в соответствии с рисунком 2.

Рисунок 2 Интерфейс документа «Личная карточка работника»

Внедрение программы окажет положительное влияние на эффективность трудасотрудников организации, в частности в результате внедрения данной ИСоптимизируется организация учета и отчетности, повысится достоверность учетныхданных, значительно уменьшается время составления отчетов, а такжеобеспечивается более надежноехранение данных в информационной базе.

Литература:

1. Андреев С.В. Кадровое делопроизводство: Практическое пособие. - 2-е изд.,перераб.и доп. - М.: Альфа-Пресс, 2003. – 352с.;
2. Радченко М.Г. 1С:Предприятие 8.2. Практическое пособие разработчика. Примеры и типовые приемы. – СПб.: Питер, 2010. – 416 с.
3. Егоршин А.П. управление персоналом /: учеб.длястуд.вузов по спец.”Управление персоналом” и “менеджмент организации”. – Н.Новгород, 2005. – 713 с.

УДК 323

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ТІЛДІК АХУАЛ: КЕДЕРГІЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Қадыр Ж.Т
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазіргі таңда қазақ тілінің мәселесі алғашқы орнында тұрғаны білеміз. Барлық жастар қазақша қарым-қатынастың қызығушылығын жоғалтады деп бір дауыспен айтады. Елбасымыз да бір рет атап өткендей, «бір бөлмеде 100 қазақ және 10 орыс болса да, барлығы орыс тілін пайдаланады». Бұның себебі әлі күнге шейін түсініксіз. Бұл адамның психологиясымен немесе кейбірлері орыс тілінде сөйлеген беделді көрінеді деген тұжырымдармен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, ғаламтордың дамуы қазақ тілінің жағдайына әсер етеді. Мысалы, замануи халқымыз әлеуметтік желілер арқылы керек ақпаратты көбінесе орыс не ағылшын тілінде тауып оқиды. Ал жастар болса, ғаламтор арқылы негізінен орысша хаттамалар жазып бірін-бірімен араласады. Сондықтан, біздің қоғамымыз қазақ тілінің беделін көтері үшін осындай ауқымды көңіл бөліп, белгілі бір іс-шараларды қолға алуға тырысуда. Бірақ егер біз осы мәселеге басқа жағынан қарасақ, ұлттық тіліміздің жағдайы сонша нашар емес. Мысалы, мен жеріміздің солтүстік өңірінен шыққанмын.Көпшіліктің пікірі, егер сен солтүстіктің адамы болсаң, онда сен не өз тіліңді білмейсің не оны білгің келмейді. Алайда, халқымыз мемлекеттік тілдің маңыздылығын түсінеді. Мысалы, қалаларда қазақ тіліндегі мектептердің, балабақшалардың саны жыл сайын өсуде. Ата-аналар өз балаларын қазақ тіліндегі оқуларға беруге тырысады. Сонымен қатар, басқа ұлт өкілдері арасында да қазақ тілінде білім алуға ұмтылатындар кездеседі. Мемлекеттік жұмыс орындарынғы жұмысшылар қазақ тілін меңгеріп, ұлттық тілде сөйлеуге тырысады.

Қазіргі кезде бүкіл құжаттар, жазбалар, есептер-қисаптар қазақ тілінде тапсырылады. Осының барлығы қазақ тілінің дамуын көрсетеді. Мысалы, егер де біреу бес жыл бұрын маған қазақ тілінде блог жазатын боласын деп айтқан болса, мен оған ешқашан сенбес едім. Әрине, әрбір азамат өз ана тілін маңыздылығын түсініп, оның дамуына үлес қосуға тырысады деп ойлаймын. Меніңше, қазақ халқы ұлттық тілдің құндылығын жақсы түсінеді және оны меңгеруге талпынады. Орыс сыныптарында оқыған қазақтарға реніш білдіре бергенше, ана тілін жақсырақ білуі үшін керекті мүмкіндіктерді жасауға ат салысқан дұрыс болар еді. Мысалы, олимпиадаға немесе емтихандарға дайындалатын кезде қазақ сыныптарының оқушылары орыс әдебиетін қолданады. Бұның себебі неде? Өйткені, жоғары сынып материалдары көбінесе орыс немесе ағылшын тілдерінде. Ғаламторда да сондай жағдайда, алайда ғаламтор - әлемді танудың жолы екендігін бәріміз білейміз. Сондықдан, қазақ тілінде сөйлейтін тұлғаларға бұл мәселе үлкен кедергі болып табылады

Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекетіміздің ұлт саясатының ажырымас бөлігі. Бірқатар маңызды әлеуметтік-саяси факторлардың ықпалын ескере, ел саясатының осы екі бағытын бөле-жара қарастыруға келмейтініне көзіміз жетеді. Сондықтан, тіл мәселелерін қозғағанда оның салдары ұлтаралық қарым-қатынастардың жай-күйіне кері әсер тигізу

мүмкіндігін естен шығармаған жөн. Осыған орай, тілдік хал-ахуалдың қаншалықты өзгеруіне қарамастан Қазақстан халқы парасаттылық пен салқынқандылық танытқаны абзал.

Өткен 2005 жыл елдің саяси кеңістігінде елжанды күштердің (ұлт патриоттары деп те атайды) қоғамдық-саяси белсенділігінің жандандырылуымен ерекшеленді. Шындығы керек, бұл үрдістің саяси науқаншылдығы басым. Себебі, сайлау алды науқан кезінде кейбір ұлт зиялылары мен елжанды азаматтарымыз саяси ұпайлар жинауды көздеп, ел ішін дүрліктірген мәлімдемелер жасап та үлгерді. Әрине, осы секілді саяси мәлімдемелерге түсініспікпен қарап, байсалдылықпен қабылдаған дұрыс. Абырой болғанда, мемлекетімізде орын алған ішкі тұрақтылық пен ұлтаралық татулықтың беріктігі сайлау алды әлеуметтік-саяси жағдайдың бұрқ етіп түсуінен сақтады.

Жекелеген азаматтарымыздың саяси ұшқарылыққа бой ұрып қазақ халқының берекесін кетіруі, ел аумағында тұратын әрі достығы жарасқан жүзден астам ұлт пен ұлыстың бірлігі мен ынтымағына нұқсан келтірді деп айтуға негіз бар.

Әлбетте, ана тіліміздің қазіргі күйі көңілге қуаныш ұялатпайды, алайда қоғамда байбалам салумен алдымызда тұрған көп істерді тындыра алмаймыз.

Қазіргі таңдағы қазақ тілінің шынайы жағдайы қандай? Қазақ тілінің еркін дамуы мен қызмет етуін тежеп тұрған қандай себептер бар? Тілдік ахуалдың ушығып кетпеуі үшін қандай шаралар қолдану қажет? Міне, осы сияқты сұрақтарға жауап іздемей ешбір оң нәтижеге қол жеткізе алмайтынымызды мойындау керек. Осы себепті елде қалыптасқан тілдік ахуалды егжей-тегжейлі сараптап көрейік.

Қазіргі заман қазақ тілі ғаламшардағы 6 мыңға жуық тілдер арасынан өзінің ауызша, жазбаша, қалыпқа түскен бірізділігімен және мәдени дәстүрімен 70 орынға табан тіреді. Жоғары дамыған алты жүз тілдің бірі болып есептеледі. Мемлекеттік мәртебеге ие болған екі жүз тілдің санатына кіреді. Ана тіліміздің тағы бір ұтымды тұсы – түркітектес тілдер ішінен бірыңғай тілдерге жатады.

Қазақстандағы тілдік ахуал әртүрлі дәрежеде ішкі және сыртқы факторладың ықпал етуі нәтижесінде қалыптасқан келесіндей үрдістермен сипатталады:

Қазақ тілінің қоғамдағы позициялары епте болса да, іркіліссіз күшейіп жатыр.

Бұл ең әуелі ел тізгінін ұстаған азаматтарымыздың қазақ тілін қалың жұртшылыққа насихаттау жөніндегі мемлекеттік тіл саясаты аясында жүргізген шараларының нәтижесі деп білу қажет.

Елбасы Н.Назарбаев былтырғы 2005 жылғы Жолдауында: «Біз барша қазақстандықтардың біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек» деп айтуы, күллі қазақтың жүрегінде «ақ сөйле!!!» деген қуаныш ұялатты. Осылайша, Президентіміз қазақ тілін Қазақстан халқын басты біріктіруші факторлардың бірі деп тапты.

Сонымен қатар, ҚР Үкіметінің биылғы бюджеттен қазақ тілін дамытуға бір миллирад теңгеге жуық қаржы бөлгендігі қуантарлық ақпарат болды.

Былтыр ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тілдер жөніндегі департаменті ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тілдер жөніндегі комитеті ретінде қайта өзгертілді. Бұл жайт мемлекет атынан қазақ тілін дамыту саясатын іске асыру жүктелетін басты органның саяси-әкімшілік мәртебесінің артқандығынан хабардар етеді.

Есесіне, кіндік қаны тамған топырағына қайтып жатқан оралмандарымыздың елімізде тұрақтауы тілдік ахуалдың біршама оңалуына септігін тигізетіні айдан анық.

Қазақ тілінің жағдайы біршама жақсарғанымен, орыс тілі қоғамдық қатынастардың барлық салаларында басым болып тұр.

Қазақстанда қалыптасқан орыс тілінің мызғымас позициялары мен тілдік ахуалдың осылайша дамуын бірнеше фактор анықтады:

Біріншіден, ішкі фатор. Орыс халқы қазақтардан кейінгі екінші орынды иемденіп, Қазақстан халқының үштен бірін құрап отыр. Ал егер оның үстіне орыс тілінде сөйлейтін басқа славян халықтарын қоссаңыз, тілдік арасалмақ орыс тіліне қарай ойысады.

Екіншіден, сыртқы фактор. Қазақстан Ресеймен іргелес жатқан ел. Осыған орай, қос елді жақындастыратын әлемдегі ең ұзын шекараны айтпағанның өзінде, ресейліктермен байланыстырып жатқан сауда-экономикалық қарым-қатынастарымыз күннен-күнге артуда. Оның үстіне, Ресей отаршыл дерттен толығымен айыға алмаған көрінеді. Ресей саяси қайраткерлерінің бірқатары Қазақстанда орыстар мен орыс тілінің мүшкіл жағдайы сияқты желеумен арандатушылық әрекеттерін қояр емес. Мұның өзі солтүстіктегі көршіміз тарапынан біздің елге деген ақпараттық-идеологиялық қысым жасалып жатқандығын білдіреді.

Айта кететін жайт, Ресей Федерациясының сыртқы істер министрлігі жыл сайын «Орыс тілінің шетелдердегі жай-күйі туралы» атты Мемлекеттік баяндама әзірлейді, оның тұжырымдары Ресей сыртқы саясатына зор ықпал етеді.

Қазақ тілін дамыту саясаты жаһанданудың мәдени үрдісі – ағылшын тілінің кең етек жаюымен бірге қатар жүруі.

Әлемдік сипатқа ие болған бұл үрдіс Қазақстанда да ағылшын тілінің әлеуметтік беделі мен мәртебесінің күрт өсуімен айрықшаланды. Бұл үрдістің күшеюі Қазақстанның ғаламдық экономикалық және шексіз ақпараттық кеңістіктерге интеграциялану деңгейіне тікелей байланысты болмақ. Полиэтникалық қоғамда қазақ тілінің бәсекелесе алмауы сондықтан.

Туған тіліміздің өрісін тарылтып өсіп-өнуіне кедергі болып тұрған себептер қандай, соларды шолып өтейік.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тілге деген немқұрайлық. Шынында да, ескі БАҚ туралы заңның мәтінінде қойылған қазақ пен орыс тілді эфирдің арасалмағы «елу де елу» талабы барлық телеарналар орындап жатыр деп айта алмаймыз. Орындағандардың өздері көбінесе қазақ тілді бағдарламаларды қолайсыз уақытқа қояды.

Қазақ тілді үйретудегі жаңаша әдістемелердің жоқтығы. Ағылшын тілінің кең етек алуының феноменін зерттесеңіз, тез арада ағылшын тілін үйренуін жеңілдетуді көздеген жүздеген әдіс-тәсілдер пайда болды. Ал қазақ тілін үйретудегі инновациялық әдістердің әзірленіп жатқандығы көрінбейді. Әрине идеялар жоқ емес, бар. Алайда ұлттық мүдделерімізге сай келетін жобаларға қолбайлау болып тұрған қаржыландыру мәселесі.

Сонымен бірге, қазақ тілін үйретуге қажет көркем материалдардың тапшылығы. Ұлттық терминологияның бір ізге түсіру кезінде туындайтын қиындықтар. Кейбір қазақ тілінің сөздіктерінің әлі күнге дейін жарық көрмеуі. Мәселен, «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі», жаңа «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» т.с.с.

Сонымен бірге, еліміздегі қазақ тілінің кең қанат жаймауына өзіміз кінәліміз. Осыған байланысты Елбасы Н. Назарбаевтың өз сөзінде: «қазақ қазақпен қазақша сөйлесуі керек» деп айтуы тегін емес. Алуан түрлі объективтік әрі субъективтік себептерге бола, өзара ана тілімізде сөйлеуге қынжылып қалатынымыз бар. Осы тұрғыдан алғанда, ана тілімізге құрметпен қарау бірінші өз арамыздан басталуы қажет, содан кейін ғана өзге ұлт уәкілдеріне сондай талап қоюға моральдық құқығымыз бар. Тілге шорқақ келетін қандастарымызға ана тіліңде сөйлемейсің деп ренжиміз, ал ептеп сөлей бастаса сөздің шырқын бұзып айтасың деп өз тарапымыздан ниетін басып тастау белең алып отыр.

Осылайша, қазақ тілінің дамуын ұлттық сатыларға жіктесек:

- Ең алдымен өзіміз ана тілімізді ешкімнен қысылмай игеріп алып ауызекі және қызмет бабында қолданғанымыз жөн болар;
- Содан кейін түбіміз бір тілдеріміз ұқсас келетін және тамырластығымыз тереңге кететін түркітектес халықтардың тілімізді үйренуге және оны пайдалануға тиісті жағдай жасау қажет;
- Ең соңында басқа халықтарды «тіліміз басқа – тілегіміз бір» деп қазақ тілін меңгеруге ынталандырған абзал.

Қорытындылай келе, Елбасымыздың көреген саясаты мен қазақ халқының даналығы барлығына ортақ Отанымызды жаңа әрі биік белестерге жетелеп ана тіліміздің көсегесін көгеретініне кәміл сенеміз.

Әдебиет:
1. http://www.akorda.kz/page.php?page_id=214&lang=3&article_id=9
2. https://massaget.kz/blogs/16576/

УДК 373

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қадыр Ж.Т.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл- ауқатын арттыру мемелекеттік саясаттың басты мақсаты» атты – жолдауында «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудың алғашқы сатысы мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн және бұл сатыны олардың шығармашылық және интелектуалдық қабілеттерін дамыту» деп баса назар аударған еді.

Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігінде оған лайықты орын алуға мүмкіндік бермей отырған ескірген әдіснамалық база, құрылым мен мазмұн жағдайында дамып келе жатыр. Білім беру мазмұны факт түрінде қалып, білім алушыларды қоғам өміріне құзыретті, жауапты және шығармашылық түрде қатысуға даярлауға бағдарланбаған. Білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесінің аймақтық деңгейде болмауы, білім беру бөлімдерінде мамандардың штаттық санының жетіспеушілігі білім беруді тиімді басқаруға кері әсерін тигізеді.

Дамыған мемлекеттердің көпшілігі мектепке дейінгі білім беруге тең дәрежедегі қол жеткізуге мүмкіндік жасайды. Бұл тек қаржыландыру деңгейінен ғана көрінбейді, сонымен қатар балалардың толық күнді немесе қысқа күнді болуына негізделген мектепке дейінгі тәрбиенің түрлі модельдерін: міндетті аналар мектебі, бөбектерге арналған, 3-тен 5 жасқа дейінгі балаларға арналған мектептер, ойын топтары, балаларға қарау және күту топтарын құрудан көрінеді.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым - қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты ата-ана арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиешінің ең бастапқы формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүнеині өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды.

Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

«Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасы» мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуын, олардың мектепке дайындығын қарастырады. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда басты ролді атқарады. Оның тәртібі, іс-қимылы, балалар және үлкендермен қарым-қатынасы балалар үшін үлгі бола отыра , педагогтың ықпалы әсерлі енеді, баланың жеке басы қалыптасады. Оның ықпалы неғұрлым белсендірек болса, баланың сезімдерін жан-жақты қамтыған сайын, олардың ерік күшін жұмылдырып, санасына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани - адамгершлік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте - еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық,жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т.б. қалыптасады.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас/ тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау/ кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б./ Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог балдырғанның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды. Атақты педагог В.А.Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады».

Мектепке дейінгі тәрбие - балалардың сана-сезімін, мінез - құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері. тәрбиенің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет - ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы - балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені - ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ.

Мектепалды сыныбындағы балаларды оқытып тәрбиелеуде ата-аналармен байланыста болудың маңыздылығы баланың бастауыш сыныптардағы өзін-өзі ұстауына, өз ісіне жауап беруіне, білім алудың қажеттілігіне көз жеткізуден көрінеді. Әр отбасындағы ата-анасының еңбек етуге деген талпынысы, көздеген мақсатына жетудегі ізденісі, алдынан кездескен қиындықтарды жеңіп шығуы, жалпы өмір сүруге деген құлшыныстары балаға әсер етеді. Жеткен жетістіктерге қарап балада өзіне мақсат қоя бастайды. Білім алуға қызығушылығы артады. Сондықтан әр ата-ана мектепалды даярлық сыныбындағы баланың әрбір жетістігін қолдап, қиналған кезінде көмектесіп, өздігінен қиындықтан шығу жолдарын іздеуді табуына жол көрсету маңызды. Мектепалды даярлық сыныбында баланың табысқа жетуін ұйымдастыруда белгілі педагог Мария Монтессоридің «Менің өздігімнен жол табуыма

көмектесіңізші» деген идеясын алға ұстаған орынды. Ата-ана үшін, үлкендер үшін қаншалықты таныс, оңай болғанымен бала үшін жаңалық. Міне баланың қоршаған ортаны танып білуінде, заттар мен құбылыстар жайында мәлімет алуында жаңа дүниенің есігін ашқандығын ұмытпау қажет. Егер ата-ана баланың өздігінен ойлануына мүмкіндік бермесе, болашақта бала тек дайын нәрсеге, ойланып күш жұмсамауды,ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүргенді қалайды.

Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, мектепалды даярлық сыныбында, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Халқымыздың тәлім - тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайрымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған.

Әдебиет:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» республикалық педагогикалық журналы,№5-2012.
2. «Мектепке дейінгі педагогика» М.Меңжанова.
3. «Біз мектепке барамыз»(5-6жас)балаларды тәрбиелеу мен оқыту бағдарлама-Астана2009ж.

УДК 37.015.3

МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯСЫ

Қаңылбай Г.Б.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса, олардың жан қуатын кемітіп, тәрбие де бере алмайды.Қай-қай мамандықтың да бір айрықша белгісі болады. Ол адамның үйреншікті әдетінен, сөйлеген сөзінен, тіпті киім киісінен де байқалуы мүмкін. Педагогтық шеберлік-тек қана мұғалімнің әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушыларға жеткізе білуі, олардың толық қабылдауы, толғанып бойға сіңіруі.

Жас ұрпаққа білім-тәрбие беретін бала жанының бағбаны мұғалімдер қандай болуы керек.

- Біріншіден, мұғалімнің ары таза, адал, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болуы шарт.
- Екіншіден, мұғалімнің ой-өрісі кең, жан-жақты білімді, өз мамандығына сай, оны сүйетін, өз ойын шәкірттеріне анық тұжырымды, дәл айтып түсіндіре білуі шарт.
- Үшіншіден, мұғалім өз оқушыларына беделді, ұжым арасында сыйлы болуы шарт. Әрдайым оқушыларымен әдептілік қарым-қатынаста болғаны жөн.

Жасөспірімдер мен ұстаздар арасындағы өзара қарым-қатынас жасау мәселесі-психология ғылымындағы және тәлім-тәрбие ісіндегі әрі маңызды, әрі күрделі проблемалардың қатарына жатады. Мұғалім мен шәкірттер арасындағы қарым-қатынас жасауда әрқилы

қиыншылықтар үнемі кездесіп отырады.Егер кіші мектеп жасындағы балалар үшін мұғалім барлық бейнесімен ерекше із қалдырып, оларға күшті әсер ететін тұлға болып саналатын болса, ал ересек балалар мұғалімнің әрбір қимыл-қозғалысына, іс-әрекеті мен сөйлеген сөзіне, оның ақыл кеңесіне, өзге адамдармен қарым-қатынасына, шәкірттерге қоятын түрлі талаптарына өздерінше иштей сын көзімен қарайды

Қазақстанда, әсіресе қазақ мектептері мен арнаулы білім беретін орта дәрежелі оқу орындарында ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым-қатынас орнату, олардың арасында кездесіп қалатын қиыншылықтар психологиялық тұрғыдан әлі де қызу қолға алынып, тиянақты қаралмаған мәселелердің қатарына жатады. Осы кезде тәлім-тәрбие ісіндегі жасөспірімдермен қарым-қатынас жасауда мұғалімнің өзіндік сапа ерекшеліктерімен қатар, оның өзге адамдармен, әсіресе шәкірттердің даралық ерекшеліктерімен санасып отыру қажеттігіне баса мән беріледі. Осындай талапты анықтап оны жүзеге асыру жолында мұғалімнің бойында өзіндік сапа, ұстаздық қасиет және арнайы білімі болу керек деген міндет қойылады.

Шәкірттер мен мұғалімдер арасындағы, әсіресе мұғалім мен жасөспірімдер арасындағы, қарым-қатынаста кездесіп қалатын тартыстар осы кезге дейін жете зерттелмеген мәселе. Міне, осы мәселені зерттеуді негізгі объект етіп алып қарастыру мынадай себептерге байланысты.

- Орта жастағы мектеп оқушылары өздеріне ерекше зейін қойып қарауды қажетсінеді. Олардың өмірдегі өтпелі кезең, жоғарғы талаптар, сана сезімі мен ақыл-ойының өсуі мұғалімді жасөспірімдерге жаңа қырынан келуге мәжбүр етеді.
- Өтпелі кезең жасындағы балаларға дұрыс қалып көрсетпеуден туындайтын тартыстарды жиі кездестіруге болады. Балалардың жас ерекшелігін және тәлім-тәрбие жұмысында соған сай әдіс амалдарды қолдана білмеуден кейбір мұғалімдер өз жұмысында көптеген қиындықтарға кездесіп жүр. Олар бірер рет көзге түсіп қалғандарды «тәрбиеленуі қиын» балалар қатарына ой салмақтамай қосып, өз жұмыстарында қиындатады. Енді-енді қалыптаса бастаған жеткіншек мінез-құлқына кері әсерін тигізеді.

Осы заманғы психологиялық зерттеулерде әлеуметтік өмірдің әр түрлі өрісінде болып отыратын талас-тартыстар мен дау-дамайдың өрбуі ерекше назар аударып, олардың себеп-салдарын анықтап отыруға ерекше мән беріп отыруды қажет ететін өмір тіршілігінің шындығы. Оқу ісін жүзеге асырып, оны бірізділікпен жүргізуде кедергі болатын жәйттер мұғалімнің білім деңгейі мен оны шәкірттерге тиімді әдіс-тәсілдермен жеткізе алмай, тәжірибесіздік көрсетіп, оқушыларға серпінді ықпал ете алмайды. Сондай-ақ мұғалім оқушыларға қоятын талабын үнемі өзгертіп қалыпты жағдайдан жиі ауытқып отырады. Соның салдарынан шәкірттердің тәртібі де нашарлайды. Мұндай кемшіліктер, ең алдымен, ұстаздың ұйымдастырушылық қабілеті мен сабақ жүргізудегі методикалық олқылығынан пайда болып, шәкірттер сабаққа көпшілік уақытын босқа жіберетін болады. Алайда мұндай жағдайдан туындайтын тартыстар оқу-тәрбие ісіндегі өзге сипаттағы дау-дамайлардан кемдеу.

Жеке бастың өзі ұстанған адамгершілік қасиеттерге байланысты кездесетін кедергілер мен талас-тартыстар. Баланың өз басына талап қоюы, айналасына зер салып, әрбір нәрсеге мән беруі баланың өсіп жетіле бастағанын көрсетеді. Мұндай ерекшеліктерге баланың ересек адамдармен қарым-қатынас жасап, өзінің есейгендігін байқатуы оның адами – этикалық жағынан да талап-тілегінің өскендігі деп санау керек. Ересек адамдармен салыстырғанды мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас едәуір күрделі. Өйткені, мұндағы бірінші жақ-мұғалім толық қалыптасқан, мораль, этикалық жағынан жетілген, мінез-құлқы орныққан адам. Екінші жақ- оқушылар. Бұлар небары өз ұстазының сезімі мен ақыл-ойына ынтыққандар ғана. Мұғалім мен оқушының ойлану, түсіну сипаттары да түрлі деңгейде. Ұстаздарға айдай анық құбылыс шәкіртіне сенімді бола бермейді. Кейде мұғалім мен оқушы бір құбылысқа, сөзге немесе қылыққа беретін бағалары да түрліше. Тіпті қарама-қарсы мәнде де болуы мүмкін. Ұстаз бен шәкірттер арасындағы қарым-қатынаста тартыстың туындауына ұстаздық методикалық тұрғыда қате жіберіп жаңылысуы, не оқу материалын тиянақты түсіндіре алмауы да себеп болады.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін елемей, олардың құрдастарымен қарым-қатынастарының қыры мен сырына жете мән беріп, оларды жете бағаламау салдарынан

болатын табыстар. Ал, оқушылар тобы тарапынан мұғалімге қойылатын талаптар, олардың рухани тілектерін қанағаттандырмауға байланысты. Әдетте, мұндай жағдайда мұғалім оқушылар ұжымынан өз бойын аулақ ұстап көпшілік-қоғам жұмыстарына сирек қатысады. Оқушылар ұжымының сан алуан жұмыстарына, ұжымдық пікірлерге жете мән бермейді. Мұндай жағдайда оқушылар тарапынан ұстазға деген наразылық, қанағаттанбау сезіміне орай тартыстың туындауына себеп болады.

Оқушылар арасындағы ұшқалақ мінезді, қызу қанды, айтқанынан қайтпайтын өжет, жан дүниесін шеңбері тар өзін қатар құрбыларынан жоғары санайтын балалар да бар.Олардың сөйлеген сөзі, істеген қылығы өзгелердің ашуына да тиеді. Ондай балалармен қарым-қатынас жасау мұғалімдерге оңай тие қоймайды. Негізгі мақсат мінезі ерекше оқушылармен қалыпты қатынас орнатудың тиімді әдісі – оларды ұжымдық өмірдің ыңғайына қарай бейімдеп, олардың іс-әрекеттерімен үйлестіру. Дегенмен, мұндай жағдайда ұстаз бен шәкірт арасындағы айырым шығатын жәйттер жиі болып тұрады. Мұндайда ұстамды ұстаздар шыдамдылық пен тапқырлық көрсетіп,қалайда шәкірттермен тиімді қарым-қатынас орнатудың әдіс-тәсілдерін ізденеді.

Мұғалім мен оқушылар арасында кейде бірін-бірі жете түсінбей өзара келіспеушілік сияқты қолайсыз жәйттер кездеседі. Мұндайда баланың даралық ерекшеліктері мен жан дүниесінің сырына терең бойлап, олардың мінез-құлық ерекшеліктерімен санасқан тиімді. Бала психикасының қарқынды дамып отыруына орай түрлі тілек талаптары мен қажеттіліктері, әрбір нәрсенің сырын білуге құштарлығы арта түседі. Тәлім-тәрбие ісінде баланың санасы мен ақыл-ойының дамуындағы саналы өзгерістерді ескеріп, оларды дұрыс жолға бағыттап отыратын болса, онда шәкірт мінезінің ұнамды қасиеттерін бірізділікпен қалыптастыруға болады.

Ұстаздар мен шәкірттер арасында дұрыс қалыптаспаған қарым-қатынастар тәлім-тәрбие істерінің жемісті жүргізілуіне елеулі нұқсан келтіреді. Мұндай жәйттер арнайы іздестірілген тәжірибелер арқылы анықталды.

- Біріншіден, бір сыныптағы оқушылардың жеке пән мұғалімдеріне қатынасы;
- екіншіден, сабақ жүргізген пән мұғалімдерінің ерекшеліктері;
- үшіншіден, оқушылардың жеке пәндерге деген ықылас-ынтасы;
- төртіншіден,мұғалімдердің сынып ұжымымен қарым-қатынасының сипаты.

Сабақты талдап, оқушылардың оғаш мінездерін көрсетудің басты себептері неде екеніне келсек, біріншіден, мұғалім сыныпқа басшылық ету ролін көрсете алмады. Бұл оның даярлығындағы методикалық елеулі кемшіліктерді аңғартады. Екіншіден, мұғалімнің өз қызметіне немқұрайлы қарайтынын көрсетеді. Үшіншіден, оқушылардың бағдарламалық материалдарды тиянақты меңгеруінің тиімді жолдарын іздестірмеуі. Төртіншіден, оқушылардың мінез-құлқына байланысты көтермелеу мен кінәлау талаптарын да орындалмайды. Сөзі мен ісі бір жерден шықпайды. Содан келіп мұғалім мен оқушылар арасында дау-дамай етек алады. Өйткені, сабақта мұғалімнің білім дәрежесінің төмендігі мен әдісінің шалалығы оқушылардың мұқтаж-тілектерін қанағаттандыра алмады.Мұғалімнің мінез-құлқы өз мамандығының талаптарына сай болса, онда мұндай қолайсыз жағдай болмас еді. Қолдан келгенше өзара қақтығыстар мен реніштерді тудырмаған жақсы.

XXI ғасыр мұғалімі жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін, педагогтық, психологиялық білімін күнделікті ісінде шебер пайдаланатын, білім беру негіздерін өз бетінше оқып үйренуге оқушыны баулитын, адамгершілік, саяси-идеялық ұстанымын жұмысында көрсететін тұлға болу керек.Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздермен керексіз терминдерді қолданбастан, әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек.

Ең негізгісі әр мұғалім өзінің де бала болғанын ешқашан ұмытпағаны дұрыс.Ұрпаққа қалдырар мәңгілік байлық-білім мен тәрбие.Ал сол құндылық мұғалімнің уысында.

Әдебиет:

1. Ауталипова Ұ.И., Шерьязданова Х.Т., Абдрахманова Д.Е. Жас ерекшелік психологиясы: Оқу құралы. – Алматы: ҚазМемҚызПУ,2010.

2. Әбиев Ж. Ә., Бабаев С. Б., Құдиярова А. М. Педагогика: Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған Құдиярова А. М. – Алматы: Дарын,-2004.
3. Ұстаздың шеберлікке жету жолдары. /Құрастырған Ж. Нұржанова. – Алматы, 1991.
4. Этические беседы с учащимися. /Под ред. И. Ф. Харламова/.- Минск, 1977.
5. Елеусізова С. Қарым – қатынас психологиясы. Алматы 1995.

УДК 371.71

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНУ

Қаңылбай Г.Б.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады. Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл:

- Біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан-жақты үйлесім тауып, өз ұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;
- Екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс-шараларды жүргізу.

Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты:

- тұлғаның психологиялық, дене-қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру;
- олардың мінез-құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру,
- өзіне-өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту,
- мәдени-гигиеналық мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не? Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру.

Біздіңше, адамның әлеуметтік-психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;
- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым-қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Салауатты өмір салтының бүгінгі маңызды мәселелерінің бірі – жасөспірімдер арасындағы ішімдіке салыну десек, қазіргі зерттеулерге қарағанда, оған салынудың әлеуметтік-патологиялық дамуы мына себептерге байланысты екені белгілі болып отыр:

- әлеуметтік – экономикалық жағдай;

- отбасындағы психологиялық орта;
- жұмыссыздық,
- мақсатсыздық немесе шектен тыс бос уақыт, т.б.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.Жалпы білім беретін орта мектептерде болашақ ұрпақты заман талабына сай оқыту - кәсіби даярлықтарын жетілдірудің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Таным теориясының физиологиялық негізі және оған жеке тұлғаның даму тұрғысынан келу; орта білім беру жүйесін жаңаша әдісі – тәсілдерін құру тұжырымдамасы; орта білім беру орындарында оқыту және білім беру процесін ұйымдастыру теориясы мен практикасы.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі Білім-қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет.

Олар мыналар:

- әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сондықтан да мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру.

Әдебиет:

1. Г. Икіманова. Саулық пен сымбат. - Алматы: Қайнар, 1991.
2. «Қазақстан – 2030» стратегиясы
3. «Қазақстан мектебі» журналы, №4, 2006ж.
4. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. Ізденіс-Поиск. 2009ж. №2(2) -Б.262-264.
5. Е. Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. - Алматы: Санат, 2000ж.

УДК 372.851

ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ В МАЛЫХ ГРУППАХ НА ПРИМЕРЕ ИЗУЧЕНИЯ ТЕМЫ «ВЕКТОРЫ»

Лейман В. И.
(СКГУ им. М. Козыбаева)

Интерактивное обучение создает условия взаимодействия учителя и обучающегося. Интерактивные методы обучения геометрии предполагают моделирование жизненных ситуаций, формирование у учеников положительного побуждения к геометрии, осознание важности этой науки в практической деятельности. Система обучения требует от учителя охвата большого объёма информации и направлена на уровни знания и понимания. Для решения данной задачи и нужны интерактивные методы обучения. Для того, чтобы научить школьников самостоятельно и творчески учиться, необходимо выработать у них цели учебной деятельности и обучить способам ее осуществления. Для осуществления интерактивного обучения на уроках геометрии применяются интерактивные методы: работа в малых группах, игровое обучение; кейс технологии; технология развития критического мышления.

При интерактивном методе обучения образовательный процесс организован таким образом, что все обучающиеся вовлечены в процесс обучения, они имеют возможность понимать и рефлексировать по поводу того, что они знают и думают. Совместная деятельность обучающихся в процессе обучения, освоения образовательного материала предполагает, что всякий ученик вносит свой особый вклад в решение поставленной задачи, при этом происходит обмен знаниями, идеями, способами деятельности. Таким образом, процесс обсуждения проходит в атмосфере доброжелательности и взаимной поддержки, что позволяет получать новые знания и развивает познавательную деятельность, переводит ее на наиболее высокие формы сотрудничества [1].

В школьной программе по математике для 9-го класса на материал, связанный с изучением векторов на плоскости отводится 14 часов. Однако стоит отметить, что курс геометрии в старших классах средней школы строится именно на основе векторных представлений. Данный материал играет ключевую роль при решении школьниками большинства геометрических и физических задач, закладывает основу для изучения такого понятия как вектор в пространстве.

Работа в малых группах одна из ключевых стратегий интерактивного обучения, неотъемлемая часть многих интерактивных методов, например таких, как дебаты, тренинг, мозговой штурм.

Парная и групповая работа реализуется как на уроке изложения нового материала, так и на уроке закрепления. Это может происходить сразу же после изложения нового материала, в начале последующего, вместо опроса, на практическом занятии, или может быть частью обобщающего итогового занятия.

Занятия в малых группах позволяют обучающимся приобрести умения и навыки сотрудничества, а также важные межличностные навыки. Кроме этого, эти занятия помогают обучающимся научиться разрешать возникающие между ними разногласия. В учебных группах, как правило, в большинстве случаев, не много обучаемых, которые уже обладают хорошо развитыми групповыми навыками. Благодаря этому такие навыки требуют тщательного обучения и длительной практики [2].

Чем меньше времени отпущено на завершение занятия, тем меньше должно быть участников группы. Маленькие группы более эффективны, поскольку быстрее поддаются организации, быстрее работают и предоставляют любому обучаемому больше возможностей внести в работу свой вклад.

Рассмотрим пример организации работы в малых группах при изучении равных, сонаправленных и противоположно направленных векторов, сложение векторов.

Задание 1

На столе у учителя разложены листочки, на которых с одной стороны напечатан номер, а разложены они так, чтобы учащимся не было видно номера. Учащиеся берут наугад листочки и, таким образом, класс разбивается на группы. Затем учитель формулирует задание.

Дан параллелограмм ABCD (Рисунок 1). Учащимся необходимо назвать и отметить на чертеже равные векторы, сонаправленные векторы, противоположно направленные векторы. Подсказка: воспользуйтесь свойствами параллелограмма.



Рисунок 1. Параллелограмм

В этом задании каждой группе необходимо назвать по одной паре равных векторов, сонаправленных и противоположно направленных векторов. Для обсуждения в группах учащимся предоставляется 5 минут, после чего каждая группа называет свою пару и обосновывает свой выбор. При этом, если одна группа назвала требуемые пары векторов, то другая группа должна назвать другие пары.

Далее излагается теоретический материал по теме «Сложение векторов». Рассматриваются правила треугольника и параллелограмма, а также свойства операции сложения векторов.

Для закрепление изученного материала выполняется второе задание.

Задание 2

Для групповой работы учитель использует уже существующее разбиение на группы.

Учитель формулирует задание, при этом на интерактивной доске высвечивается Рис. 2 , и раздает карточки с таблицей 1.

Человек стоит на платформе, которая может перемещаться в направлении *Ox* с постоянной скоростью. Предположим, что платформа движется со скоростью 2 *м/сек*. Через *t* сек она переместится в направлении в *Ox* на расстояние *x м*. Предположим теперь, что одновременно с началом движения платформы по платформе начинает двигаться человек в направлении *Oy* со скоростью 1 *м/сек*. Через *t* сек он пройдет по платформе *y м*. Через 1 сек после начала движения платформа переместится на 2 *м*, а человек пройдет по платформе 1 *м*, через 2 *сек* перемещения составят 4 и 2 *м*, соответственно.

Учащиеся должны заполнить таблицу 1 и выполнить чертеж, иллюстрирующий расположение человека относительно станции, используя сложение векторов. Каждая группа иллюстрирует один или несколько промежутков времени, в зависимости от количества групп.

Таблица 1

t (в сек)	0	1	2	3	4	5	6	7
x (в *м*)								
y (в м)								



Рисунок 2

Подводится итог урока. Каждому ученику раздается карточка.

Рефлексия

Было интересно ….	
Было трудно ….	
Теперь я могу ….	
Я научился ….	
Мне захотелось….	

Неродственная диверсификация может быть направлена на развитие перерабатывающих отраслей в непосредственной близости к местам производства продукции животноводства. Каждая отрасль животноводства имеет довольно высокий потенциал развития именно неродственной диверсификации. Например, в отрасли скотоводства, предприятия может организовать производство таких продуктов переработки говядины, как мясные изделия, консервы, различные полуфабрикаты и мн. др. В роли перспективного направления инерционной диверсификационной политики, к примеру, на птицефабриках, которые занимаются в основном производством куриных яиц, можно рассмотреть производства мяса бройлеров. Инновационная диверсификация предполагает ввод новых категорий продукции в ассортимент аграрного предприятия, допустим, выпуск витаминизированных яиц. Обратить особое внимание нужно коммерческой диверсификации, которая непосредственно связана с производственной и, в свою очередь, направлена, прежде всего, на расширение каналов сбыта производимой продукции. Поскольку процесс производства продукции животноводства связан с производством не только основной продукции, но и побочной, целью коммерческой диверсификации должно стать расширение каналов сбыта именно побочной продукции, что, в свою очередь, принесет предприятию только дополнительные выгоды (доходы).

Таблица 3.Поголовье скота на начало 2018 года во всех категориях хозяйств по Северо-Казахстанской области, тыс.голов

Крупный рогатый скот	Овцы и козы	Свиньи	Лошади	Птица, млн. голов
343,7	386,7	142,0	115,5	4 292,8

Основные рекомендации по диверсификации производства продукции животноводства в регионе:

Во-первых, нам необходима организация переработки продукции животноводства в непосредственной близости к местам ее производства. Без этого далеко не уйдем. Развитие перерабатывающих модулей на сельскохозяйственных предприятиях даст положительный

эффект, т.е. позволит повысить эффективность производства на аграрных предприятиях на 20-30%. Также необходимо уделить особое внимание отрасли мясного скотоводства и на существенный сдерживающий фактор ее развития, как отсутствие современной производственно-технологической базы по убою и первичной переработке животных. Решение данной проблемы в дальнейшем позволит развить первичную переработку скота. Для отрасли овцеводства необходимо, конечно же, организовать и развивать переработку шерсти на местах, что связано со спецификой данной отрасли. Вдобавок необходимо развить и первичную обработку туш после убоя, их порционную и правильную разделку, а затем их упаковку и создание полуфабрикатов. В птицеводстве многообещающим направлением может стать неродственная диверсификация, которая расширит ассортимента за счет развития глубокой переработки основной продукции, где особую актуальность приобретет переработка яиц. К продуктам переработки яиц относят мороженые яичные продукты и яичные порошки. Продукты в значительной степени сохраняют свои первоначальные натуральные свойства. Яичные порошки используют в кондитерской и хлебопекарной промышленности, в общественном питании, а также реализуют через розничную торговую сеть. Эти продукты удобны для экспедиций и в походах. В кролиководстве перспективным является производство как устоявшихся мясных изделий из кролика, так и мясопродуктов функционального назначения для диетического и лечебно-оздоровительного питания.

Во-вторых, политика диверсификации производства продукции животноводства в Северо-Казахстанской области должна быть связана с увеличением сбора, переработки и дальнейшей реализацией побочных сырьевых ресурсов. Это в будущем позволит снизить издержки производство единицы основной продукции, сделать его конкурентоспособным, расширить производственные мощности и создать новые рабочие места в нашем регионе. Например, в отрасли свиноводства особой ценностью является ферментно-эндокринное сырье, которое служит источником получения медпрепаратов. Опять же, в медицине широко используются поджелудочные железы свиней, которые необходимы для получения инсулина. Они от человеческого отличаются одной аминокислотой и редко вызывает аллергию. Потенциал развития сбора и реализации побочной продукции есть у каждой отрасли животноводства. Сюда можно отнести переработка навоза в биотопливо, реализация перьев, шкур текстильной промышленности и т.д.

Вдобавок нужно дальнейшее развитие как дополнительных отраслей животноводства, таких как коневодство, пчеловодство, кролиководство, перепеловодство, гусеводство, утководство, индейководство и других. Рекомендуется развитие мясного коневодства, потому что себестоимость производства конины при наличии достаточного количества естественных пастбищ снижается приблизительно в 2 раза и приводит к установлению более низкой себестоимости производства, чем говядины и баранины, что может обеспечить довольно высокую рентабельность данной отрасли животноводства. Отрасли кролиководства, перепеловодства, индейководства, страусоводства, гусеводства, утководства в настоящее время не получили широкого развития в регионе.

Внедрение стратегии диверсификации должно способствовать насыщению рынка Северо-Казахстанской области товарами отечественного производства.

Но все же на начальном этапе необходимо завозить породистый скот. Многие считают, что достаточно построить откорм площадку и проблема производства мяса будут решена. Ничего подобного. С имеющимся скотом невозможно добиться больших привесов скота. Нужно также знать, что кругом конкуренты. Невозможно в таких условиях рассчитывать высокие результаты с беспородным скотом. И поэтому в ЛПХ маленькие надои и привесы, потому, что скот низкопородный (ну и, конечно же, на грубых кормах отличную продукцию нельзя получить, тем более корма дорогие).

Еще один шаг, который следовало бы сделать, это укрупнить хозяйства. У нас цены на мясо не ниже, чем в странах Европы ну или даже России. Это все из-за того, что нет крупных производителей. Мяса мало, как следствие достаточно высокая цена. Если у нас будут крупные откормочные комплексы со своим собственным кормопроизводством, они могут дать много

продукции по более низкой цене. Сейчас на рынке слишком много мелких участников, поэтому цены определяются посредниками.

В РК необходимо заниматься стратегическим развитием животноводства, поскольку иначе невозможно добиться продовольственной независимости и полностью удовлетворить нужды и потребности населения. Также возрождая и развивая животноводство, мы решим социальные проблемы на селе.

Литература:

1. Максаковский В.П. Географическая картина мира. – Москва: Дрофа, 2008. –С. 495.
2. Комитет РК по статистике. [Электронный ресурс] // URL:https://stat.gov.kz
3. Немченко, Г. Диверсификация производства: цели и направления деятельности / Немченко Г. Донецкая С., Дьяконов К. // Проблемы теории и практики управления. – 2013. – С. 127-135

ӘОЖ 303.448

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАРИХТАНУ ДӘСТҮРІ

Дуйсебаева У.К.
(Ғылыми жетекшісі - Бимаканова З.Ш.)
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақтың ұлттық тарихнамасының басында қазақ хандығының қалыптасу тұсында өмір сүрген Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Қошым ұлы Жалаири сияқты зиялы тұлғалар бар. Ол дәуірдегі тарихшылардың еңбектері ерте - шығыс дәстүрімен жазылған, саяси-этникалық жағдайдан маңызды деректер беретін сүбелі дүниелер. Түркістан өлкесінің тарихы мен этнографиясынан, орта ғасырлардағы саяси дәстүрлерімен мемлекетаралық қатынастардан мол мағлұмат беретін Масуд бен Осман Кухистани, Бинаи, Махмуд бен Уәли, Қыпшақхан шығармаларымен қатар тұратын алғашқы қазақ тарихшыларының еңбектерін қарастыратын болсақ.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих и Рашиди» атты еңбегі 1541-1546 жж. жазылған. Екі бөліктен тұратын еңбекте Моғолстан мен Қашқарды билеген Шағатай әулетінен шыққан хандардың шежіресі, дулат тайпасынан шыққан атақты әмірлердің тарихы, жалпы Шығыс Түркістан мен Жетісу өлкесінің тарихы жан-жақты қарастырылған. «Тарих и Рашиди» атты кітабында тарихи география және көршілес халықтардың, елдердің жағдайы жөнінде деректер бар. «Тарих и Рашиди» қазақ этносы туралы түп-нұсқа ретінде қолданылатын шығарма. «Тарих и Рашиди» алғашқы қазақ хандықтары, Шығыс Дешті Қыпшақ, соның ішінде қазақ-өзбек, қазақ-моғол, қазақ-ноғай қарым-қатынастары туралы құнды деректер келтіреді.

Ал, XYI ғасырдың аяғында жазылған Қадырғали Қошым ұлы Жалаиырдың «Жами ат-тауарих» аталатын еңбегі, үш бөлімнен тұратын орта ғасырлардан жеткен құнды еңбек. Түркі-моңғол тайпаларының Шыңғыс ханға дейінгі дәуірінен бастап - 22 дастан, оған қосымша қазақ хандығының құрылу дәуірі, қазақ хандарының шежіресі. Сібір, Жетісу жеріндегі тарихи оқиғалар нақты талданады. Едіге туралы деректер, мәтінде көп кездесетін түркі мақал-мәтелдері шығарманың мазмұндық сипатын байытады. Қадырғали би ілгеріден келе жатқан жазба тарихи дәстүрін жалғастырушы, қазақ халқының төл жылнамашысы.

XYI – XYII ғғ. Жазылған тарихи шығармалар Орталық Азияда белең алған көшпелі ұлыстардың саяси, мәдени дербестікке ұмтылуының және соған байланысты тарихи сананың қайта жаңғыруының бір көрінісі. Қай уақытта болмасын тәуелсіздік үшін күрес тарихтану ғылымына оң әсер етіп, небір күрделі шығармалардың пайда болуына себепкер болды. Мысалы: моңғол дәуіріндегі болған өзгерістерді қамтып, тарихи сана елегінен өткізген Рашид

ад диннің, Өтеміс қажының, Хафиз Тыныштың еңбектері болатын. Осы талап тұрғысынан алғанда Әбілғазы ханның «Шежіре и түркімен», Қамал аддин Бинаидың «Шайбани наме» кітаптары осы үрдіс дәстүрімен жазылған.

XIX ғасырдың ортасына дейінгі ұлттық тарихнамасындағы ерекшелік – тарихи шығармалардағы дәстүрдің, екінші жағынан түрдің молшылығы. Тарихтану ғылымында көне түркілік, монғолдық, араб-парсы дәстүрлері бірін-бірі толтырып отырады.

Монғолдық дегеніміз Шыңғыс хан және оның тұқымдары туралы қоланылатын тәсіл. Бұл ежелгі монғол мұрағаттары «Құпия шежіре» мен «Алтан топчы» дәстүрі. Жалпы түркі-монғол жұрттарының тарихтану үлгілері көне түркі дәуіріне – түрік қағандарының басына қойылған шежірелі құлпытастардан келіп шыққан дәстүр.

XIX ғасырдағы қазақтың ұлттық тарихнамасында көне сүрлеудің бір жобасы – ауызекі тарихи таным өз жалғасын тапқан. Бұл тамырын тереңге жіберген дәстүр қазақтың ауыз әдебиетінің, шешендік өнерінің құрамдас бөлігі. Қазақтың жазба тарих ғылымының ірге тасын салған ағартушылар қай уақытта болмасын, ауыз екі шежірені көп пайдаланған. «Көнені жақсы көру және ескі аңыздардың көп сақталуы монғол, түркі тайпаларының отырықшы көршілерін қарағандағы бір ерекшелігі десе, тарихи аңыздар ру көсемдерінің жадында жатталып, қастерленіп – заң жобаларымен немесе генеалогия, не болмаса эпос түрінде ұрпақтан-ұрпаққа жыраулар арқылы жетеді» - деп жазады Ш. Уәлиханов.

XIX ғасырдың екінші жартысында туған шығыстанушы, демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, тарихшы, этнограф, географ ағартушы – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекетінде қазіргі Қостанай облысы Әулиекөл ауданындағы Құсмұрын жерінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың отбасында дүниеге келген. Шоқанның жақын туыстарының естеліктерінде, оның бала кезінен білімге құмарлығы байқалады. Оның ата-бабалары атақты сұлтандар әулетіне жатады. XVIII ғасырдағы қазақ билеушілерінің бірі Абылай хан арғы атасы болып келеді.

Шоқан өзінің шығармаларында Абылай хан туралы: «Абылай орыс жылнамаларында Сібірдің ханзадасы деп аталады. Ал шынында Абылай Орта жүз қазақтарының XVIII ғасырда өмір сүрген ханы. Оның тегі Орта жүз сұлтандарының кенже буынынан тарайды да, үшінші атадан барып Әбілмәмбет ханға қосылады. Онымен Абылай 1739 жылы Орынборда Ресейге мәңгі бодан болатыны туралы ант берген. Атасы, оның да аты Абылай, Түркістанның билеушісі болып тұрған. Батырлығымен, құрметті атаққа ие болған кісі. Бірақ баласы Уәли әкесінің даңқын асыра алмай, Түркістанды басып алған көрші билеушілерінің бірінің қолынан қаза тапты. Қалтқысыз берілген бір құлының арқасында ғана он үш жасар ұлы Абылай аман қалады.

Адал төленгіт өз түлегін ертіп, қазақ даласына тартады. Ағайын-туғандары сыртқа тепкен жас Абылай қырға келіп, Жақсылық руының бір байына малшы болады. Дүрбелеңге толы дүбірлі кезең Абылайдың тапқырлығы мен табандылығын, ақылдылығы мен алғырлығын танытуына жағдай жасайды. XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өміріндегі бір алапат кезең еді. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар қазақ руларына жан-жақтан тарпа бас салып, қырып-жойып, малын айдап, жанын байлап әкетіп, талай әулетті тұтасымен тұтқынға алып кетіп жүрді.

Абылай талай күресті бастан кешіріп, сан сыннан сүрінбей өтті. Ол екі мәрте торға түсіп, бірінде қырғыздарға, екіншісінде Қалдан-Серенге тұтқын болды. оның Қалданнан құтылуы шын мәнінде тапқырлық еді. Себебі ол ханның сүйікті ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтіріп, құдіретті қалмақтың қазақтардан табандап тұрып талап етуімен тұтқынға түскен ғой», – деп жазады ғалым шығармаларында.

Ш.Уәлиханов Орта Азия халқы туралы шығармалары, соның ішінде қазақтар мен қырғыздар туралы: «Қайсақтар немесе қырғыз-қазақтар Ресейдің еуропалық бөлігінің түстік шығысы мен оңтүстік Сібір, Қытай Жоңғариясы мен Қоқан хандығы аралығындағы ұлан-ғайыр кеңістікті алып жатқан халық. Жалпы аумағы 2,4 млн. Шаршы шақырымнан астам, төрт Франция еркін сиып кететін бұл кеңістікті Қазақ даласы деп атайды. Дала дегенмен де, оны шығыс бөлігін Тарбағатай мен Қос Алатаудың жоталарымен бар толық тау елі деуге де келеді.

Қазақтар тарихқа тым кеш кірген. Атап айтар болсақ, шығыс тарихшыларының жазбаларында олар XV ғасырдың екінші жартысынан бастап, ал орыс жылнамалары мен Герберштейн, Дженкинсон сияқты, – дейді ғалым, – кейбір батыс жазушыларының жазғандарында XVI ғасырдан аталады».

«Қазақтардан ажырату үшін бұларды қара қырғыздар деп атайды. Орыстар қара немесе тау қырғыздары дейді. Қытайлар бұл халықты бурут атап кеткен. Алатау округының орысқа қарайтын өңірінде қырғыздар Ыстықкөл алқабын және Текес өзенінің бастау жағын мекендейді.

Қытай жылнамаларында қырғыздар бесінші ғасырдан бастап белгілі. Алғаш гянь-гунь деген атаумен жазылды, содан кейін хақас атанды, одан соң барып қырғыз, қытайша Ки-ли-ки-цзы болды. хакастар немесе ежелгі қырғыздар мекендеген өңір қазір олар тараған облыстардан тым жырақта.

Ежелгі қырғыздар (хакастар) қытай жылнамашыларының сипаттауына қарағанда сары шашты, қызыл шырайлы, көкшіл көзді тайпа болған. Орта Азия көшпенділерінің арасында олардың даму деңгейі өзгелерден едәуір жоғары. Алтын, мыс, темір қазып, кейбірінен қару-жарақ жасай білген», – деп мәлімдейді ғалым.

Жазушы, публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Сарбас Ақтаев жазады: «...Шоқан жайлы мағлұматы бар әрбір азамат білуге тиіс. Оның үзеңгілес оқымысты орыс достарының, әсіресе қазақ халқының қамқоры болған Григорий Потаниннің жазғанына зер салсақ, қырұлының денсаулығы жасынан дімкәстау болғанын білеміз. Зайырлы, кадет корпусының тас қабырғаларында өткен күндер оның денсаулығына зақым түсірмей қоймаса керек. Оқып жүрген жылдары жаздай ауылда болып-ақ ішіп, қымызбен емделіп, қуат жинап қайтып жүргенімен, батпандап кіріп, мысқылдап шығатын сырқаттан мүлдем құлан-таза айығып кете алмайды. Дегенмен, албырт жас ыңқыл-сыңқылға бой алдырмай, оттай ойнап, шоқтай жайнап жалындаған қалпы арта береді.

Қашқария сапарынан оралғасын да аз-кем тынығып денсаулығын түзеудің орнына жұмысқа басымен сүңги жөнеліп ұшы-қиырсыз мағлұматтарды бір арнаға түсіріп аумақты-аумақты еңбектер жазды».

Шоқан Уәлихановтың Алтышаһарға сапар атты еңбегінде оның Қашқарға сапары жайлы баяндалатын бөлімі бар. Мұнда ғалым: «1858 жылы октябрь айының бір күні Қашқар мен Қоқан әкімдері бастаған керуеніміз Қашқар қаласына келіп кірді. Қақпа алдында бізді біраз кідіртті. Әкімдер хакімбекке барып, ақырында қалаға кіруге болады деген хабар алып қайтты. Біз оңтүстік шығыс жақтағы қақпадан кіріп, таможнясы, яғни «зекетханасы» бар «Әндіжан» сарайына қарай тура тарттық.

Біздің тауарларымызды тексерген кезде ақсақал мен екі қашқар бегі: есік ағасы мен өзіміздің Ысмайыл досымыз қатысты. Ақсақал өте кішіпейіл боп, бізді үйіне қонаққа шақырып, хан уәкілі ретінде бізге мықты қорғаныш болатындығын білдірді.

Қашқар әкімдері біздің темір күректерімізге өз тарапынан ерекше көңіл аударып амбаньға көрсету үшін біреуін ала кетті. Жергілікті өкіметтердің күдіктенуі ақсақалдың назарын онан сайын күшейте түсті, өйткені қоқандықтар 1825 жылдан бастап, Қашқарда болған көтерілістің бәріне де қатысып отырған болатын. Келесі жұма күні бізді хакімбектің кеңсесіне шақыртып біздің кім екенімізді, қай жақтан және не үшін келгенімізді тәптіштеп сұрай бастады. Сөйтіп, берген жауабымызды жазып алды да, қайтарып жіберді», – деп жазады өз еңбегінде.

XIX ғасырда қазақ халқының арасында тараған шаманизм діні туралы алғаш болып зерттеген ғалымдардың қатарынан Ш. Уәлихановта атаймыз. Өзінің шығармаларының ішінде «Тәңірі» (Құдай) деген бөлімі бар. Мұнда ғалым қазақтардың арасында тараған дін туралы, және олардың құдайға сиынуы жайлы мәліметтер береді. Ш.Уәлихановтың бұл еңбегіне мән берсек мұнда қазақтар: «От әулие киелі болып саналады... Ошақтағы отты басуға немесе түкіруге болмайды. Қарғыс ұрады... Жаңа түскен келін әуелі өз отауына кірмес бұрын, атасының үйіне кіріп, тағзым етуге тиіс, содан соң қалыңдық, атасының отына бір қасық май тамызуы керек. Бұл ырым-кәдені «отқа май құю» дейді.

Жаңа туған айды көргенде үш рет тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп мінажат етеді де, сол мінажат еткен жерден шөп жұлып алып, жанып жатқан отқа тастайды.

XIX ғасырдағы қазақтың ұлттық тарих ғылымының дамуы күрделі құбылыс және терең зерттеу керек ететін тақырып. Тарихи таным сүрлеулерінің ең бастысы – көне дәуірлерден көшпелі ортада өз жалғасын тауып келе жатқан ауызекі – шежіре дәстүрі. Бұл бағытта қазақ тарихшыларының көшпелілігі туралы мәліметтер қарастырылады. Әрине XIX ғасырдағы қазақ шежіресі бұрынғы уақыттармен салыстыруға келмейтін дүние. Ежелгі інжіл аңыздарынан басталып қазақтың бергі руларына дейін тізетін шешіреге Еуропалық, Ресейлік кітаби – тарихи дәстүр келіп қосылды.

Қазақ тарихтануындағы екінші бағыт бұл Шығыстың шежірешілдік дәстүрі, жазба әдебиеттің маңызы пайда болған соң, кітаби тарих есебінде қазақ арасында тараған. XIX ғасырдағы бұл жазба шежіре белді ру басылары, сұлтандар мен қожалар арасында кең тарады.

XIX ғасырдағы қазақтың тарихтану философиясы және мәдениеті әлі зерттеу нысаны болмағандықтан, терең танымдық деңгейіне баға беру мүмкін емес. Дегенмен үстірт болса да, кейбір еңбектерге тоқталып, талдау жасауға күш жұмсадық.

Әдебиет:

1. Мұхаммед Хайдар. Тарих и Рашиди. //Материалы по истории Казахских ханств. Алматы. 1969. 295 б.
2. Қадырғали би Қошымұлы. «Жами ат тауарих». //Сыздықова Р., Қойгелдиев М., Қадырғали би Қошым ұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы, 1991. 289 б.
3. Уәлиханов Ш. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2010. – 320 бет// 15 б.
4. Уәлиханов Ш. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2010. – 320 бет// 29 бет.
5. Уәлиханов Ш. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2010. – 320 бет//36- 37 бет.
6. Уәлиханов Ш. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2010. – 320 бет// 6 бет.
7. Ш.Уәлиханов. Алтышаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. - 304 бет//221-222 бет.

УДК 355.233.231

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ

Ерғалиев Нұрболат

(*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультеті, Т-11 тобы)*

Талғатбек Манаш Ойратұлы

(*ғылыми жетекшілері: Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, тарих магистрі)*

Дүкенбаева Зада Оразғалиқызы

(т.ғ.д., профессор)

Қазақстан Республикасының тәуелсіз, дербес мемлекет болғанына жиырма алты жылдан астам уақыт болды. Осы жылдар ішінде еліміз басынан көптеген қиыншылықтарды өткеріп, биік белестерді бағындырды. Әрине, тарих үшін жиырма алты жыл ұзақ уақыт емес, бірақ біздің жас мемлекетіміз үшін бұл - үлкен кезең. XXI жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру бағытында елімізде ауқымы кең үлкен тарихи шаралар жүзеге асырылуда. Осы бағыттар бойында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» - деген түйінді сөзі ұлы бастаманың арқауы болмақ [1, 1]. Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда жеке тұлғаның бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру басты міндет болып саналады.

Ел егемендігінің жиырма алты жылдық тарихына үңілсек, мемлекетіміздің алуан бағыттағы тыныс-тіршілігінің дамуында жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Стратегиялық бағдарламасының «Қазақстан мұраты»

деп аталатын бөлімінде: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады», - деп үміт артқан болатын [2,1]. Тәуелсіз тарихымыздың жетістіктері ұлан ғайыр. Аталмыш қысқа мерзім ішіндегі толағай табыстарымыздың өзі мың жылға парапар. Әрбір жетістіктеріміз көпұлтты қазақстандықтардың өз Отанына деген мақтанышын, сүйіспеншілігін оятады. Әсіресе, жастар арасында осы патриоттық сезімнің өсуі, тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағына деген сенімділігін ұялатады.

Қазақстан Республикасы көп ұлтты іргелі ел. Жас жеткіншектерді Отанын сүюге тәрбиелеу бір кезеңдік іс емес, ол маңдай терді қажет ететін күрделі үрдіс. Халқымыздың мақтанышы, қаһарман батыры Б.Момышұлы: «Патриотизм – Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық - мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді» - деп патриотизм ұғымына анықтама берген болатын [3, 5]. Міне, осы орайда, Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы барша қоғамымызға зор сілкініс әкелді. Елбасының мақаласында ұлттық сананы жаңғыртқанда өзіміздің, қазақстандық дербес даму үлгісін қалыптастыруымыз керектігі баса айтылған. Бұл – қазақтың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, ең бастысы, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, қазақи рухымызды жаңғырту. Өскелең ұрпақтың бойына елжандылық, ұлтжандылық қасиеттерін сіңіру керектігі баса айтылған. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының бағдарларын ұсынған. Олар: жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодыңды сақтай білу керектігінде. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды деп көшбасшымыз дөп басып айтты [4, 1]. Рухани жаңғыру бағыты Қазақстан құндылықтарының мәнін ашып қана қоймай, оны өскелең ұрпақ сезініп, көзімен көретін, өмірлік тәлім-тәрбие алып бабалар алдындағы қарымызды өтеуді, кешенді ізденістер мен мемлекеттік оң көзқарасты талап етеді. Еліміздің ертеңі болатын жастарымызды Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу нәтижесінде қандай ұлттың өкілі болмасын өзін біртұтас көп ұлтты мемлекеттің - Қазақстан Республикасының азаматымын деп сезінеді, Қазақстан Республикасының азаматы болуды өзіне тиген зор бақыт және үлкен жауапкершілік деп түсінеді. Патриоттық тәрбие дегеніміз бұл қоғамды біріктіре алатын, мемлекеттің бірлігі мен біртұтастығын сақтауға ықпал ететін рухани-саяси фактор. Сонымен қатар, мемлекеттік саясат пен идеологияның ажырамас бір бөлігі болып саналады. Отансүйгіштік тәрбиені қалыптастырудың қайнар көзі тарих ғылымы екені баршамызға мәлім. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Көп ұлтты жастардың өздерін Қазақстан тарихына, өткен буынның маңызды өмірлік құндылықтарымен сәйкестендіруіне үйрету керек, жастарға нақты өмірлік бағыт беру керек», - деген болатын [5,1]. Ұлы тұлғалардың өмірлерінен және нақты тарихи мысалдар арқылы қоғамдық санаға күшті ықпал етуге болады. Сол себепті, Отан тарихын оқыту Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын көреміз. Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, тәуелсіз Қазақстан тарихының маңызы зор. Әсіресе, бүгінгі күні лаңкестік пен экстремизмге қарсы күрес барлық өркениетті елдердің басты мәселесі болып отыр. Отанымыздың территория бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестерге қарсы ұйымшылдықпен күресу, мемлекетімізге қауіп төндіретін кез-келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, саяси және жаңа

технологиялық өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігін туындатып отыр. Бүгінгі таңда қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі жастарды өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстыру, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастырып, оның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамытуы көзделеді. Өйткені, еліміздің болашағы, оның материалдық және рухани дамуы жастардың білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты. Осыған орай Ұлткөшбашысы Н.Ә. Назарбаевтың: «Әрбір адамзат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын», - деген аталы сөзі айтылған [6,1].

Ұлтжандылық тәрбиесі адам жанына ана сүтімен, қанымен, ата-ана тәрбиесімен және туған өлкесін, туған елін сүю, құрметтеу арқылы қалыптасатындықтан, жастардың бойындағы ұлтжандылықты өз халқының мәдениетімен, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан бөлек қалыптастыру мүмкін емес. Патриоттық сезімнің сипаты жалпы адамзаттық құндылықтарға қарсы келмей, олармен үндес болуы керек, яғни ол кез-келген халықтың тілі мен мәдениетіне салт-санасы мен әдет-ғұрпына т.б. ұлттық ерекшеліктеріне құрмет сезімімен қарау деген сөз. Патриотизм сезімі - біздің халқымыздың болмысына ежелден сіңген қасиет. Ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға мирас болған өсиет. Халық бірлігі, ұрпақ пен дәстүр сабақтастығы ұранымыз өз тарихымызға деген көзқарасымыз, біздің аға ұрпаққа деген құрметіміз, хандарымыз бен билеріміздің өмір жолдарын өзіміз ұстанып қана қоймай, оны келешек ұрпаққа жеткізу, насихаттау болып табылады. Қазіргі мемлекет міндеті - ұлттық тәрбиені жандандырып, салт-дәстүрімізді сақтап, өмірдің озығын пайдаланып, тозығынан іргемізді аулақ салып, оқушыларымызды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, салауатты өмірге, табиғатымызды аялауға тәрбиелеу.

Еліміздің ертеңіне көз тіккен Елбасымыз ұлттық құндылықтар арқылы өскелең ұрпақты тәрбилеуге айрықша мән беріп, киелі мекендер мен басқа да жәдігерлер кешенін өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен орнықтыруды меңзейді. Осы тұрғыда руханият саласындағы серпіліс өскелең жастар қауымының елінің, жерінің тарихынан мол мағлұмат алып зерттеуіне жағдай жасайды. Осы орайда, бәсекелік қабілетке қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы немесе сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім және сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Прагматизм - өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз.Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Латынға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Туған жерге деген сүйіспеншілік. Туған елге - Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады.

Тәуелсіз мемлекеттің негізгі мақсаттарының бірі және міндеті елін алға жетелейтін ұрпақ тәрбиелеумен астасады, өйткені елдің ертеңі отаншыл, жан-жақты тұлға болып қалыптасу тәрбиесін алған ұрпақпен тығыз байланысты. Бүгінгі заман ағымы жастарды азаматтылық пен елжандылыққа тәрбиелеу, жаңа іскер адамды қалыптастыруды талап етуде. Ұлт лидері Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздікті баянды ету жолында «патриоттық рухты «рухы еркін халық қана ұлы істерді атқара алады» деген ұстанымымен жастар бойында қалыптастыруға бар күш-жігерін салып келеді. Бұл уақыттың қатаң талабы. Патриоттық рухы биік, күшті елдердің қашан да бағы таймаған. Біздің ойымызша, қазақтың патриоттық рухының негізгі тіректерінің бірі, оның ұлтжандылығы, ұлтшылдығы болып табылады. Бұл жердегі ұлтшылдықтың дәл

мазмұнын Елбасының «өз ұлтын сүю, шын мәнінде нағыз қазақ болу, өзге ұлт өкілдеріне астамшылықпен қарау емес» немесе «әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау» деген тұжырымдарымен анықтауға болады.

Еліміздің дамуы мен гүлденуі жастардың қолында, яғни, болашақты құрайтын да білікті жас ұрпақ. Қазіргі таңда жастардың - алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға мол мүмкіндіктері бар. Сол себепті жастарға мемлекеттік деңгейде, кең көлемде көңіл бөлінуде. Өйткені тәуелсіз еліміздің иесі болатын, елімізді бүкіл әлемге танытатын отаншыл жастар. Жастар – елдің болашағы. Ертеңгі күннің жарқындығы, сәулелі болуы соларға байланысты. Аға ұрпақ өмірден озады. Олардың орнын бүгінгі Тәуелсіздік белбалалары басатын болады.Ұрпақтар сабақтастығы – тарихи үдеріс, обьективті құбылыс. Әрбір жаңа ұрпақ өмірге өзімен бірге жаңа леп, жаңа ахуалды қоса әкеледі. Бұл ұрпақ прагматизмді, тиімділікті, жаңалыққа, инновацияға иек арта келеді. Кешегі күні үлкен бейнетке түсетін, қол күшімен атқарылатын үдерістерді енді техника күшімен атқарады. Қалам-қағазға жүгініп, қолмен есептеп жататын шаруалар техника үлесіне көшті. Компьютер арқылы қажетті мәліметтерді таба алады, алысқа хабарды интернет, ұялы телефон арқылы жібере алады. Бүгінгі ұрпаққа бұл қиындық келтірмейді, техника құлағында еркін ойнайды. Жастар қоғамдағы қозғаушы күшке айналды. Мұның себебі де бар, Елбасы жастар саясатына соңғы жылдары үлкен маңыз берді. Олармен нақты жұмыс істеудің үлгісін көрсетті. Бұл жергілікті билік өкілдеріне де үлкен сабақ болды. Олар да жастар саясатына үлкен бетбұрыс жасады. Өйткені, қоғам жастар арқылы өзін биологиялық бүтін ретінде ғана емес, сонымен бірге, әлеуметтік бүтін жүйе ретінде де ұдайы сақтай отырып, дами алады. Бұған дәлел, ел Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Әр буынның өзіндік тағдыры бар. Сіздерде де ол өздеріңіздікі. Сіздерге осындай уақытта өмір сүру үлесі тиді және сіздер елді көтере аласыздар... Қуатты күш болғандықтан Қазақстан Республикасы кері бағытта жүргісі келмейтіндігін нық жариялай отырып, жастар жүргізіп жатқан реформалар бағдарын қолдай алады»[1],-деп, республикамыздың жастарына үлкен сенім білдіреді. Демек, жас ұрпақ өз кезегінде, қоғамның басым бір бөлігі, өзегі, өкілі болғандықтан, біз оны қоғамнан тыс қарастыра алмаймыз. Сонымен қатар, қазіргі жастар деп бағалап отырған буын, болашақ қоғамның қайраткерлері және басшылары әрі өкілдері екендігі даусыз.

Жастар – бүкіл қоғамның экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани дамуының әрі объектісі, әрі субъектісі. Бұл, бір жағынан, олардың сан жағынан халықтың басым көпшілігін құрайтындығымен, екіншіден, жастардың өршілдік, шығармашыл, мобильділік, креативті, жаңашыл болу қасиеттерімен байланысты болмақ. Сондықтан, жастарға қоғамдағы әртүрлі материалдық ресурстардан анағұрлым маңызды стратегиялық «адам капиталы» ретіндегі көзқарас қажет.

Сонда ғана, жастардың болашағы айқын болары даусыз.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030». Ел Приздентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: «Білім», 1997 жыл.
3. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. - Алматы: «Қазақстан», 1991жыл.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017 жыл.
5. Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз». Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы халыққа Жолдауы.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы қоғамдық идеялық бірлігінде. - Алматы: «Қазақстан» 1993жыл.
7. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы. Алматы. 2011 жыл.

ӘОЖ 37.035.6.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ

Ерғалиев Н.
(Ғылыми жетекшілері: Талғатбек Манаш Ойратұлы - Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, тарих магистрі;
Дүкенбаева Зада Оразғалиқызы т.ғ.д., профессор)
(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

Қазақстан Республикасының тәуелсіз, дербес мемлекет болғанына жиырма алты жылдан астам уақыт болды. Осы жылдар ішінде еліміз басынан көптеген қиыншылықтарды өткеріп, биік белестерді бағындырды. Әрине, тарих үшін жиырма алты жыл ұзақ уақыт емес, бірақ біздің жас мемлекетіміз үшін бұл - үлкен кезең. XXI жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру бағытында елімізде ауқымы кең үлкен тарихи шаралар жүзеге асырылуда. Осы бағыттар бойында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» - деген түйінді сөзі ұлы бастаманың арқауы болмақ [1, 1]. Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік жағдайда жеке тұлғаның бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру басты міндет болып саналады.

Ел егемендігінің жиырма алты жылдық тарихына үңілсек, мемлекетіміздің алуан бағыттағы тыныс-тіршілігінің дамуында жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Стратегиялық бағдарламасының «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады», - деп үміт артқан болатын [2,1]. Тәуелсіз тарихымыздың жетістіктері ұлан ғайыр. Аталмыш қысқа мерзім ішіндегі толағай табыстарымыздың өзі мың жылға пара-пар. Әрбір жетістіктеріміз көпұлтты қазақстандықтардың өз Отанына деген мақтанышын, сүйіспеншілігін оятады. Әсіресе, жастар арасында осы патриоттық сезімнің өсуі, тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағына деген сенімділігін ұялатады.

Қазақстан Республикасы көп ұлтты іргелі ел. Жас жеткіншектерді Отанын сүюге тәрбиелеу бір кезеңдік іс емес, ол маңдай терді қажет ететін күрделі үрдіс. Халқымыздың мақтанышы, қаһарман батыры Б.Момышұлы: «Патриотизм – Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық - мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді» - деп патриотизм ұғымына анықтама берген болатын [3, 5]. Міне, осы орайда, Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы барша қоғамымызға зор сілкініс әкелді. Елбасының мақаласында ұлттық сананы жаңғыртқанда өзіміздің, қазақстандық дербес даму үлгісін қалыптастыруымыз керектігі баса айтылған. Бұл – қазақтың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, ең бастысы, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, қазақи рухымызды жаңғырту. Өскелең ұрпақтың бойына елжандылық, ұлтжандылық қасиеттерін сіңіру керектігі баса айтылған. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының бағдарларын ұсынған. Олар: жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодыңды сақтай білу керектігінде. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе

мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды деп көшбасшымыз дөп басып айтты [4, 1]. Рухани жаңғыру бағыты Қазақстан құндылықтарының мәнін ашып қана қоймай, оны өскелең ұрпақ сезініп, көзімен көретін, өмірлік тәлім-тәрбие алып бабалар алдындағы қарымызды өтеуді, кешенді ізденістер мен мемлекеттік оң көзқарасты талап етеді. Еліміздің ертеңі болатын жастарымызды Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу нәтижесінде қандай ұлттың өкілі болмасын өзін біртұтас көп ұлтты мемлекеттің - Қазақстан Республикасының азаматымын деп сезінеді, Қазақстан Республикасының азаматы болуды өзіне тиген зор бақыт және үлкен жауапкершілік деп түсінеді. Патриоттық тәрбие дегеніміз бұл қоғамды біріктіре алатын, мемлекеттің бірлігі мен біртұтастығын сақтауға ықпал ететін рухани-саяси фактор. Сонымен қатар, мемлекеттік саясат пен идеологияның ажырамас бір бөлігі болып саналады. Отансүйгіштік тәрбиені қалыптастырудың қайнар көзі тарих ғылымы екені баршамызға мәлім. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Көп ұлтты жастардың өздерін Қазақстан тарихына, өткен буынның маңызды өмірлік құндылықтарымен сәйкестендіруіне үйрету керек, жастарға нақты өмірлік бағыт беру керек», - деген болатын [5,1]. Ұлы тұлғалардың өмірлерінен және нақты тарихи мысалдар арқылы қоғамдық санаға күшті ықпал етуге болады. Сол себепті, Отан тарихын оқыту Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын көреміз. Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, тәуелсіз Қазақстан тарихының маңызы зор. Әсіресе, бүгінгі күні лаңкестік пен экстремизмге қарсы күрес барлық өркениетті елдердің басты мәселесі болып отыр. Отанымыздың территория бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестерге қарсы ұйымшылдықпен күресу, мемлекетімізге қауіп төндіретін кез-келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігін туындатып отыр. Бүгінгі таңда қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі жастарды өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстыру, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастырып, оның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамытуы көзделеді. Өйткені, еліміздің болашағы, оның материалдық және рухани дамуы жастардың білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты. Осыған орай Ұлткөшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың: «Әрбір адамзат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын», - деген аталы сөзі айтылған [6,1].

Ұлтжандылық тәрбиесі адам жанына ана сүтімен, қанымен, ата-ана тәрбиесімен және туған өлкесін, туған елін сүю, құрметтеу арқылы қалыптасатындықтан, жастардың бойындағы ұлтжандылықты өз халқының мәдениетімен, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан бөлек қалыптастыру мүмкін емес. Патриоттық сезімнің сипаты жалпы адамзаттық құндылықтарға қарсы келмей, олармен үндес болуы керек, яғни ол кез-келген халықтың тілі мен мәдениетіне салт-санасы мен әдет-ғұрпына т.б. ұлттық ерекшеліктеріне құрмет сезімімен қарау деген сөз. Патриотизм сезімі - біздің халқымыздың болмысына ежелден сіңген қасиет. Ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға мирас болған өсиет. Халық бірлігі, ұрпақ пен дәстүр сабақтастығы ұранымыз өз тарихымызға деген көзқарасымыз, біздің аға ұрпаққа деген құрметіміз, хандарымыз бен билеріміздің өмір жолдарын өзіміз ұстанып қана қоймай, оны келешек ұрпаққа жеткізу, насихаттау болып табылады. Қазіргі мемлекет міндеті - ұлттық тәрбиені жандандырып, салт-дәстүрімізді сақтап, өмірдің озығын пайдаланып, тозығынан іргемізді аулақ салып, оқушыларымызды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, салауатты өмірге, табиғатымызды аялауға тәрбиелеу.

Еліміздің ертеңіне көз тіккен Елбасымыз ұлттық құндылықтар арқылы өскелең ұрпақты тәрбилеуге айрықша мән беріп, киелі мекендер мен басқа да жәдігерлер кешенін өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен орнықтыруды меңзейді. Осы тұрғыда руханият саласындағы серпіліс өскелең жастар қауымының елінің, жерінің тарихынан мол

мағлұмат алып зерттеуіне жағдай жасайды. Осы орайда, бәсекелік қабілетке қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы немесе сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім және сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Прагматизм - өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз.Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Латынға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Туған жерге деген сүйіспеншілік. Туған елге - Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады.

Тәуелсіз мемлекеттің негізгі мақсаттарының бірі және міндеті елін алға жетелейтін ұрпақ тәрбиелеумен астасады, өйткені елдің ертеңі отаншыл, жан-жақты тұлға болып қалыптасу тәрбиесін алған ұрпақпен тығыз байланысты. Бүгінгі заман ағымы жастарды азаматтылық пен елжандылыққа тәрбиелеу, жаңа іскер адамды қалыптастыруды талап етуде. Ұлт лидері Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздікті баянды ету жолында «патриоттық рухты «рухы еркін халық қана ұлы істерді атқара алады» деген ұстанымымен жастар бойында қалыптастыруға бар күш-жігерін салып келеді. Бұл уақыттың қатаң талабы. Патриоттық рухы биік, күшті елдердің қашан да бағы таймаған. Біздің ойымызша, қазақтың патриоттық рухының негізгі тіректерінің бірі, оның ұлтжандылығы, ұлтшылдығы болып табылады. Бұл жердегі ұлтшылдықтың дәл мазмұнын Елбасының «өз ұлтын сүю, шын мәнінде нағыз қазақ болу, өзге ұлт өкілдеріне астамшылықпен қарау емес» немесе «әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау» деген тұжырымдарымен анықтауға болады.

Еліміздің дамуы мен гүлденуі жастардың қолында, яғни, болашақты құрайтын да білікті жас ұрпақ. Қазіргі таңда жастардың - алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға мол мүмкіндіктері бар. Сол себепті жастарға мемлекеттік деңгейде, кең көлемде көңіл бөлінуде. Өйткені тәуелсіз еліміздің иесі болатын, елімізді бүкіл әлемге танытатын отаншыл жастар. Жастар – елдің болашағы. Ертеңгі күннің жарқындығы, сәулелі болуы соларға байланысты. Аға ұрпақ өмірден озады. Олардың орнын бүгінгі Тәуелсіздік белбалалары басатын болады.Ұрпақтар сабақтастығы – тарихи үдеріс, обьективті құбылыс. Әрбір жаңа ұрпақ өмірге өзімен бірге жаңа леп, жаңа ахуалды қоса әкеледі. Бұл ұрпақ прагматизмді, тиімділікті, жаңалыққа, инновацияға иек арта келеді. Кешегі күні үлкен бейнетке түсетін, қол күшімен атқарылатын үдерістерді енді техника күшімен атқарады. Қалам-қағазға жүгініп, қолмен есептеп жататын шаруалар техника үлесіне көшті. Компьютер арқылы қажетті мәліметтерді таба алады, алысқа хабарды интернет, ұялы телефон арқылы жібере алады. Бүгінгі ұрпаққа бұл қиындық келтірмейді, техника құлағында еркін ойнайды. Жастар қоғамдағы қозғаушы күшке айналды. Мұның себебі де бар, Елбасы жастар саясатына соңғы жылдары үлкен маңыз берді. Олармен нақты жұмыс істеудің үлгісін көрсетті. Бұл жергілікті билік өкілдеріне де үлкен сабақ болды. Олар да жастар саясатына үлкен бетбұрыс жасады. Өйткені, қоғам жастар арқылы өзін биологиялық бүтін ретінде ғана емес, сонымен бірге, әлеуметтік бүтін жүйе ретінде де ұдайы сақтай отырып, дами алады. Бұған дәлел, ел Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Әр буынның өзіндік тағдыры бар. Сіздерде де ол өздеріңіздікі. Сіздерге осындай уақытта өмір сүру үлесі тиді және сіздер елді көтере аласыздар... Қуатты күш болғандықтан Қазақстан Республикасы кері бағытта жүргісі келмейтіндігін нық жариялай отырып, жастар жүргізіп жатқан реформалар бағдарын қолдай алады»[1],-деп, республикамыздың жастарына үлкен сенім білдіреді. Демек, жас ұрпақ өз кезегінде, қоғамның басым бір бөлігі, өзегі, өкілі болғандықтан, біз оны қоғамнан тыс

қарастыра алмаймыз. Сонымен қатар, қазіргі жастар деп бағалап отырған буын, болашақ қоғамның қайраткерлері және басшылары әрі өкілдері екендігі даусыз.

Жастар – бүкіл қоғамның экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани дамуының әрі объектісі, әрі субъектісі. Бұл, бір жағынан, олардың сан жағынан халықтың басым көпшілігін құрайтындығымен, екіншіден, жастардың өршілдік, шығармашыл, мобильділік, креативті, жаңашыл болу қасиеттерімен байланысты болмақ. Сондықтан, жастарға қоғамдағы әртүрлі материалдық ресурстардан анағұрлым маңызды стратегиялық «адам капиталы» ретіндегі көзқарас қажет.

Сонда ғана, жастардың болашағы айқын болары даусыз.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017 жыл.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: «Білім», 1997 жыл.
3. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. - Алматы: «Қазақстан», 1991жыл.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017 жыл.
5. Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз». Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы халыққа Жолдауы.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы қоғамдық идеялық бірлігінде. - Алматы: «Қазақстан» 1993жыл.
7. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы. Алматы. 2011 жыл.

УДК 364

О СОЦИАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКЕ И СОЗДАНИИ БЕСПРЕПЯТСТВЕННОГО ДОСТУПА ДЛЯ ЛИЦ С ОСОБЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Ержанова А.М., Стукаленко Н.М.

(КГУ им. Ш. Уалиханова)

В 2017 году своим Посланием президент Республики Казахстан объявил о начале Третьей модернизации Казахстана «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Цель данной модернизации – войти в тридцатку развитых государств мира. Достижение данной цели невозможно без соблюдения международных стандартов, направлений, принципов. Работа по ее достижению начата с момента становления независимого государства и продолжается посей день. Одно из требований соблюдения международных стандартов - создание безбарьерной среды жизнедеятельности для лиц с особыми потребностями. В Акмолинской области проживает порядка 29 тысяч лиц, имеющих инвалидность, около 9,5 тысяч из которых нуждаются в создании особых условий жизнедеятельности. Чтобы наделить инвалидов возможностью вести независимый образ жизни и всесторонне участвовать во всех делах, государство принимает надлежащие меры для обеспечения инвалидам доступа наравне с другими к физическому окружению, к транспорту, к информации и связи, включая информационно-коммуникационные технологии и системы, а также к другим объектам и услугам, открытым или предоставляемым для населения, как в городских, так и в сельских районах.

Доступная среда для инвалидов и других маломобильных групп населения - это, прежде всего, сочетание требований и условий к городскому дизайну, инфраструктуре объектов и транспорта, которые позволяют инвалидам свободно передвигаться в пространстве и получать необходимую информацию для осуществления комфортной жизнедеятельности. Создание безбарьерной среды для инвалидов является первостепенной задачей любого развитого общества, а также актуальным направлением социальной политики государства. Кроме того,


Наименование	Доля участия	Страна	Отрасль
АО «Халык Лизинг»	100%	Казахстан	Лизинг
АО «Казтелепорт»	100%	Казахстан	Телекоммуникации
АО «Халык Банк Кыргызстана»	100%	Кыргызстан	Банк
АО «Halyk Finance»	100%	Казахстан	Брокерская и дилерская деятельность
АО «Halyk Инкассация»	100%	Казахстан	Услуги по

			инкассированию
АО «Halyk Life»	100%	Казахстан	Страхование жизни
АО «Казахинстрах»	100%	Казахстан	Страхование
АО «НБК Банк»	100%	Россия	Банк
АО «Халык Банк Грузия»	100%	Грузия	Банк
ТОО «Халык Проект»	100%	Казахстан	Управление сомнительными и безнадёжными активами
АО «Алтын Банк» (ДО)	100%	Казахстан	Банк

Исследование консолидированной аудированной финансовой отчётности группы банка за 2014, 2015, 2016 гг. показало, что за три года чистая рентабельность собственного капитала группы банка упала почти на 1/5 с 24,1% до 19,7%. То есть на каждый тенге, вложенный в собственный капитал группы банка, в 2016 году собственники получили уже не 24,1 тиын чистой прибыли, а лишь 19,7 тиын. За тот же период чистая рентабельность активов группы банка упала на 2/5 с 4,1% до 2,5%. То есть на каждый тенге, вложенный в активы группы банка, было получено в 2016 году 2,5 тиын чистой прибыли против 4,1 тиын в 2014 году. По результирующим показателям качества менеджмента можно судить, что качество управления капиталом в группе банка упало на 20%, качество управления активами упало на 40%.

Таблица 2 – Знак чистого денежного потока группы банка для классификации финансового состояния.

Наименование	2014 г	2015 г	2016 г
Чистое поступление денежных средств от операционной деятельности	_	+	+
Чистое поступление денежных средств от инвестиционной деятельности	+	+	_
Чистое поступление денежных средств от финансовой деятельности	+	+	_

Судя по знаку чистого денежного потока банка для классификации финансового состояния (таблица 2): 1) в 2014 году группа банка столкнулась с серьёзными финансовыми проблемами и как следствие продаёт активы и использует финансовую деятельность для удовлетворения текущих потребностей в денежных средствах; 2) 2015 год – стабилизация ситуации – нормальное функционирование группы банка; 3) 2016 год – группа банка не имеет достаточно хороших возможностей для роста, использует операционные денежные средства для оплаты долгов и платы акционерам.

Исследование показало ухудшение ситуации с менеджментом группы банка за анализируемый период, как по операционным показателям, так и по финансовым, но в прибыльной зоне.В 2014 году на каждый тенге, вложенный в активы сегмента банковские услуги МСБ, было получено 10,0 тиын результата (таблица 3). В 2015 году самым прибыльным для группы банка по активам был сегмент розничные банковские услуги: на каждый тенге активов получили 7,7 тиын результата. В 2016 году это вновь сегмент банковских услуг МСБ: на каждый тенге активов получено 6,5 тиын результата. Прослеживается тенденция к падению рентабельности сегментов-лидеров, что свидетельствует об общем ухудшении менеджмента группы банка, но в прибыльной зоне.

Таблица 3 – Динамика рентабельности сегмента бизнеса группы банка за 2014-2016 гг., %.

Наименование	2014 г	2015 г	2016 г	15-14 г	16-15 г
Розничные банковские услуги	5,5%	7,7%	0,3%	2,2%	-7,4%
Корпоративные банковские услуги	4,8%	3,7%	3,4%	-1,1%	-0,3%
Банковские услуги МСБ	10,0%	6,4%	6,5%	-3,7%	0,1%
Инвестиционный банкинг	8,4%	-5,0%	1,6%	-13,4%	6,6%
Нераспределённые	-3,4%	-1,1%	-1,2%	2,4%	-0,1%
ИТОГО	5,1%	3,2%	2,7%	-1,8%	-0,6%

Снижение рентабельности по всем остальным секторам по сравнению с 2014 годом и наличие убыточного сектора нераспределённые, возможно, стало определяющим для покупки системообразующим банком страны доли в другом системообразующем банке, обладающем крупной филиальной сетью и персоналом. Данный факт для потребителей финансовых услуг не является позитивным с точки зрения формирования олигополии. Однако для государства легче управлять макроэкономическими процессами через один системообразующий банк, аккумулирующий от 1/5 до ¼ операций банковского рынка страны и формирующий от 30 до 45% результата работы банковского сектора в сложные годы.

Литература:

1. Миржакыпова С.Т. Банковский учёт в Республике Казахстан: Учебник. Ч.1 – Алматы: Экономика, 2012. – 784 с.
2. Банковское дело (Настольная книга банкира): Учебное пособие / Под ред. А.А. Абишева, С.А. Святова. – Алматы: Экономика, 2015. – 382 с.
3. Сейткасимов Г.С., Бекболатулы Ж., Каримжанов С. Банковская система Казахстана: Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2016. – 185 с.
4. Сейткасимов Г.С., Ильяс А.А. Банковский менеджмент. – Астана: КазУЭФиМТ: ИПЦ, 2016. – 223 с.
5. Финансово-экономический словарь / Под ред. А.А. Абишева. – Алматы: Экономика, 2014. – 704 с.
6. Хамитов Н.Н. Банковский менеджмент. – Алматы: Экономика, 2015. – 232 с.
7. Хамитов Н.Н. Банковское дело: Курс лекций. – Алматы: Экономика, 2015. – 216 с.

ӘОЖ 691.33

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨНЕРКӘСІПТІК КОРПОРАЦИЯЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Төлебек Т.С.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазіргі танда Қазақстан Республикасының үкіметі еліміздегі инвестициялық қызметі белсенді жүргізу саясатын жүзеге асыруда.

Инвестициялар болмай экономикалық өрлеу мүмкін емес, бірақ Қазақстандағы инвестициялық сала көп қиындықтарға кездесті. Сол себепті қалыптасқан нақты жағдайды ескеретін инвестициялық саясат қажет.

Инвестициялар әрбір жүйеде,әрбір деңгейде, экономикада өте үлкен роль атқарады. Нарықтық экономикаға көшу қарқыны, өндірісті технологиялық жағынан жетілдіру ісі Қазақстан Республикасының халық шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржының мөлшері мен тиімділігіне тікелей байланысты. Қазір еліміз макроэкономикалық көрсеткіштерді салыстыру түрде болса да тұрақтандырған кезде, экономикалық дамуға қол жеткізу жөнінде

шараларды жүзеге асыру аса маңызды міндетке айналып келеді. Ал, экономикалық даму тұжырымдамасы экономиканың әр түрлі салаларына шетелдік капиталды, отандық жекеменшік іскер топтардың капиталың көптеп тартуды қажет етеді. Ол үшін мемлекет жекеменшік банктер инвестицияларының тап өз елімізде қолданыс табуы үшін экономикалық дамуға қажетті қолайлы жағдайлар туғызып отыруға міндетті,

Инвестициялар-өндірістік потенциалды жаңа ғылыми-техникалық негізінде құрып, әлемдік нарықта елдердің бәсекелестік тұғырын анықтайды. Сондағы көптеген мемлекет үшін, әсіресе экономикалық және әлеуметтік дағдарыстан шығуға ұмтылып жатқан елдер үшін, тікелей, күрделі қаржы, портфельді инвестициямен басқа активтер түріндегі шетел капиталын тарту үлкен роль атқарады.

Еліміздегі 2013-2016 жылдардағы жалпы инвестициялар

№	Көрсеткіштер, млн. теңге	2013	2014	2015	2016
1	Барлық инвестициялық активтер	512332	752645	1158148	1307249
2	Негізгі капиталға инвестиция	6072687	6591482	7024709	7762303
3	Капиталды жөндеулерге шығындар	21893	43013	85657	146264
4	Айналым активтеріне инвестиция	140147	153526	207067	202912

Осы кестеден көріп отырғанымыздай жалпы инвестициялар құрамында негізгі капиталға инвестицияның алатын үлесі айтарлықтай басым. Бұл әрине жақсы көрсеткіш болып табылады. Бірақ осы негізгі капиталға тартылған инвестициялардың экономикалық қызмет түрі бойынша алатын үлесінің ара салмағының маңызы жоғары. Себебі, еліміздегі негізгі капиталға тартылған инвестициялардың негізгі бөлігі тау-кен өндірісіне, яғни шикізат саласының капиталдарын дамытуға салынуды. Осы мәселені келесі экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша келесі кестеден көре аламыз.

Қазақстан экономикасына қазіргі келіп жатқан көптеген шетел инвестициялары негізінен әлемдік тарнсұлттық корпорациялардың біздің экономикамызға салған инвестициясында көрініс табуда. Еліміздегі ауқымды трансұлтты компаниялардың басым көпшілігі АҚШ, Ұлыбритания, Жапония және Оңтүстік Корея елдері екені белгілі. Осы дамыған елдердің еліміздегі басты және кең көлемде қызмет етіп отырғандарына келесілерді жатқызуға болады: Шеврон, Бритиш Газ, Аджип, Сумимото Корпорейшн, Эльф Акитэн, БМВ, Туркие Петроллери, Оман Ойл компани, Джапан Петролеум Эксплорейшн, LG және т.б. трансұлттық корпорациялар жатады.

Олардан тартылған инвестициялардың дерлік бөлігі өндірістің шикізат, яғни мұнай және газ минералдарын өндіруге салынуда. Инвестиция негізінен экономика дамуына жақсы орай. Ол арқылы тек қана ақша ғана келмейді, сонымен қатар технологиялар, инновациялар, менеджменттер, жақсы нарықтар келеді. Бірақ экономика дамуының сапалылығы сол инвестициялардың қалай жұмсалғандығына байланысты.

ҚР-ның Статистика агенттігі көрсеткендей, негізгі капиталды инвестициялау негізінен шикізаттық салаларға тартылуда. Өйткені шетелдік инвесторлар дайын өнім шығаруға ынталы емес, себебі олар дайын, сапалы өнім шығару арқылы өз елдеріне бәсекелес болуға ұмтылмайды. Оларға керегі біздің шикізатымыз болып отыр. Бүгінде шетел инвестицияларының 80% шикізаттық өндіріске салынуда.

Осы мәселеге байланысты ендігі жерде ішкі және сыртқы инвестициялардың негізгі бөлігін өңдеуші салаға құйылуын мемлекеттік және кәсіпкерлік қолдау арқылы ынталандыруымыз керек. Ол үшін ондай салаға салынатын инвестицияларға белгілі дәрежеде қолайлылықтар туғызуымыз қажет. Мысалы, оларға салық жеңілдіктері, пайыз мөлшерлемесінің жоғары болуы және қолайлы инновациялық орта жағдайын айтуға болады.

Сонымен, бүгінгі таңда басты мәселенің бірі болып отырған, Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына кіру алдындағы дайындық жұмыстары өнеркәсіп салаларына жаңа міндеттерді шешуді жүктеп отыр. Ол сыртқы және ішкі нарықтарда бәсекеге төтеп бере алатын

тауарлардың инновациялық деңгейін көтеру болып табылады. Мұны, Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань елдерінің өнеркәсіптік тауарлары әлемдік нарықта дәлелдеп шықты. Яғни, тауар саясатын дайындауда кез келген өндірістік кәсіпорын өнімнің ғылыми-техникалық сиымдылығын көтеруі тиіс, сөйтіп инновациялық мәні бар тауар өндіруде өз бағыты мен механизмін анықтап алуы керек.

Осы жұмыстарды қаржыландыру бюджеттен бөлінген қаражаттардан құралатын, Даму институттары арқылы іске асырылмақ. Әрине, ол қаражаттарды бастапқы мақсатына қарай тиімді пайдалану, ысырапқа жол бермеу, субъективті факторлардың орын алмауын қадағалауды күшейткен жағдайда ғана оң нәтижелерге жетуге болады.

Қазіргі таңда тағы бір маңызды мәселелер қатарына өнеркәсіпте жаңа салаларды Қазақстанның экономикалық, географиялық ерекшелігіне қарай құру, олардың құрылымын жетілдіре түсу болып саналады.

Сонымен бірге, өнеркәсіптің индустриялық деңгейін көтеру үшін:

- өнеркәсіп салаларында фирмааралық кооперациялар құру;
- әр түрлі дамыған елдердің компанияларының стратегиялық альянстарына кіруге талпыныс жасау;
- ғылыми-өндірістік ресурстарды шоғырландыру арқылы шағын ғылыми-техникалық кластерлер құру, экономикалық тиімді ғылыми парктер, шағын бизнес инкубаторларын, технополистер мен аймақтық бірлестіктер құру;
- ҒЗТКЖ-ның әр түрлі субъектілері арасындағы қауымдастықты ұйымдастыру;
- Тозығы жеткен құрал-жабдықтарды жаңарту үшін несие жүйесін және лизингтік қатынастарды дамыту;
- Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына кіру үшін өнеркәсіптің жоспарын құру, оның басты мақсаты ішкі және сыртқы нарықтағы қатаң бәсекелестік күреске басымдылық көрсетуге бейім ірі өнеркәсіп кәсіпорындарын ұйымдастыру қажет деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, отандық өнеркәсіпті дамыту шараларына нарықтық тетіктерді тиімді пайдалану мақсатында ресурстарды үнемді пайдалану, экологиялық проблемаларды шешу, өндірістік құрылымды дамыту, өнеркәсіп салаларының құрылымын жетілдіру, бәсекеге қабілетті жоғары сапалы тауар өндіру мүмкіндігі бар өңдеу салаларына қолдау көрсету, әлеуметтік-экономикалық мәні зор және ғылыми перспективасы жоғары салаларды ынталандыру және ең бастысы өнеркәсіп саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыратын, сапалы өнімдер шығару үшін, осы шараларды жылдам іске асырудың негізі лизингтік бизнесті дамыту алдағы экономикасы тұрақты дамыған, индустриялы ел болуымызға тікелей жол ашпақ.

Әдебиет:

1. Закон Республики Казахстан от 24 декабря 1996 года № 54-1 «О валютном регулировании»
2. Қазақстан Республикасының «Шетел инвестициясы туралы» Заңы, 1994 ж, 27 желтоқсан.
3. Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» заңы, 1997 ж,
4. Киреев А. Международная экономика. - М.: МО.- ч.1,2. - М., 2015 г., С. 230.
5. Мамыров Н.К., Мадиярова Д.М., Калдыбаева А.Е. Халықаралық экономикалық қатынастар - Алматы.: Экономика, 2016ж., С. 96.
6. «Стратегия торговой политики Республики Казахстан в процессе присоединения к Всемирной торговой организации» // Азия – Экономика и жизнь, 2016 г., С. 7.
7. Ташенова С. Совместное предпринимательство // Внешнеэкономическая деятельность в Казахстане 2015 г. № 10, С 23
8. Управление инвестициями. В 2 т. Под общей редакцией В.В. Шеремета.-М., 2015г.,Т.1, С.177
9. Искакова Д.Н., Жумабаева К.М., Аманжолова А.Е. Халықаралық экономикалық қатынастар - Алматы.: Экономика, 2016ж., С. 96.

ӘОЖ 691.33

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КІШКЕНТАЙ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КӘСІПОРЫНДЫ ВЕНЧУРЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ»

Тулепова Ж.Р.
(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

«Венчур» – ағылшынның «venture» тәуекелді кәсіпорын немесе бастама дегенді білдіреді. Венчурлық капитал жеке бизнесті қаржыландырудың баламалы нысаны ретінде АҚШ-та 50-жылдардың ортасында пайда болды. Еуропаға ол тек 70-жылдардың соңында ғана келді. Венчурлық капитал пайда болғанға дейін әлемде шағын және орта бизнесті қаржыландыруды банктік капитал, ірі корпорациялар мен компаниялар және ауқатты адамдар, яғни «бизнес періштелерінің» қаржыландыруы арқылы жүзеге асырылған.

Венчур деген сөздің өзі риск яғни тәуекел деген мағынаны білдіреді. Бұл бір жағынан өте тәуекелге жақын , ал бір жағынан жоғары пайдалы кәсіпкерлік дегенді білдіреді.

Венчурлық қаржыландыру ол ұзақ мерзімді жоғарғы тәуекелді қаржыландыру (яғни 5 -7 жылға дейін созылатын). Ол жаңа пайда болған венчурлық кәсіпорынның акционерлік капиталын қалыптастыратын немесе бұрыннан белгілі венчурлық компанияның капиталына айналатын қаржы құралы.

Венчурлық капитал дегеніміз – инновациялық компанияға тікелей инвестиция салу.

Жалпы венчур туралы айтқан кезде инновация ұғымынан алшақ кетуге болмайды. Себебі бұл екеуі өмірлік кезеңдерінде бір-бірінен ажырамай ұштасып жатады. Инновацияны кең ұғым ретінде қарастырсақ, ал венчур оны тудырушы. Инновация магнитофон болса, венчур оның батарейкасы сияқты, инновация үлкен машина болса, венчур оның аккумуляторы, инновация қоғамның соғып тұрған жүрегі болса, венчур оның күре тамыры десем қателеспеспін. Себебі, венчурсыз инновацияның дамуын елестету қиын, венчур инновацияның дамуына өзіндік рең қосады, сонымен қатар ол базалық инновацияның негізі болып саналады.

Нарықтық экономика жағдайында инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесінің өзіндік ерекшелігі бар және мемлекеттің қаржылық саясатының құрамдас элементі ретінде жүреді. Бұл жүйе, бірінші кезекте, техникалық жаңалықтарды ел экономикасына тез және тиімді енгізунің құрылымдық-технолгиялық қайта құрылуын қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық және кадр әлеуетін сақтау және дамыту, жоғары сынипты мамандардың шет елге кетуінің алдын алу үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған.

Жалпы салалық, сала аралық және аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламаларды, сондай-ақ өнеркәсіптік өнімдердің жаңа түрлерін игеру жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың қамтамасыз ету мақсатында, жергілікті жерлерде инновацияларды қолдаудың мемлекеттік емес қорлар жүйесі құрылатын болады. Мұндай қорлар аймақтық деңгейлерде де, сол сияқты ұлттық компаниялар мен холдингтердің шеңберлерінде де құрылатын болады.

Инновациялық қызметті мемлекеттік емес қаржыландыру көздері:

- инновациялық кәсіпорындардың меншікті қаражаты;
- бағалы қағаздар эмиссиясының есебінен жұмылдырлатын қаражат;
- материалдық банктердің несиелері;
- мамандандырылған және қайырымдылық қорлар;
- жаңа өнімнің тез шығарылуына мүдделі инвестициялық компаниялардың басқа да инновациялық кәсіпорындардың қаражаты болмақ.

Қазақстанда KazVenture атты тікелей инвестициялар мен венчуралық капитал қауымдастығы құрылған. Баспасөз қызметінің мәліметтеріне сүйенсек, "қауымдастықты құрудың мақсаты венчурлық және тікелей инвестицияның қаржы сегментіне қатысушылардың мүдделерін біріктіру, олардың пікірлерін қызығушылық танытатын атқарушы билік және заң

органдарына ұсыну, сонымен қатар компанияның іс-қызметін елдің бұқаралақ ақпарат құралдары мен қоғам арасында кеңінен айқындау болып табылады". Қауымдастықтың құрылтайшылары Ұлттық инновациялық қор, "Advant" венчурлық қоры, Centras венчурлық қоры, "Әрекет" жоғарғы технология қоры, Glotur Technology fund және Almaty Venture Capital. Сонымен қатар, баспасөз қызметінің ақпараттарына сүйенсек, қауымдастық Қазақстан Республикасының президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесімен, KazEnergy мұнайгаз және энергетикалық кешені ұйымының Қазақстандық қауымдастығымен, "Қазақстан Петролеум" қауымдастығымен, Қазақстан Республикасындағы Американдық сауда палатасымен, Еуропалық бизнес-қауымдастығымен, Халықаралық салық және инвестиция орталығымен, Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің форумымен, "Атамекен" Одағы" ұлттық экономикалық палатасымен және біріккен шаралар өткізуді, ақпарат алмасуды, қаржы нарығы үшін ең маңызды мәселелер мен проблемалар жөніндегі ортақ ұстанымдарды бірігіп жасауды жоспарлаған басқалармен де ынтымақтастық құру жөніндегі жұмысын бастады. Жақын арада инвестиция көлемі, нарықтағы келісімдер, негізгі қатысушылар жөніндегі барлық ақпараттарды, сондай-ақ барлық мүдделі заңды және жеке тұлғалар үшін оқыту ақпараттарын орналастыру жоспарланған веб-сайтты іске қосу жоспарлануда. "Қауымдастық Қазақстанның барлық бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз жұмыс істеп, венчурлық және тікелей инвестициялар туралы хабарлап, журналистер үшін семинарлар мен баспасөз мәслихаттарын өткізіп, сондай-ақ оларға барлық қажетті көмек жасамақ ниетте. Сонымен, бізде қазір бес отандық венчурлық қор және осындай шетелдік қор жұмыс істеп жатыр. Республикадағы осы қорлардың жалпы венчурлық капиталының көлемі 110 миллион долларды құрап отыр. Венчурлық индустрияның қазақ топырағына дәнін егіп, оның тезірек көктеуіне мүдделі болып отырған да, Ұлттық инновациялық қоры екені белгілі. «Венчур» дегеніміз – «тәуекелі жоғары өндіріс» деген ұғым білдіреді. Яғни венчурлық қор тәуекелі жоғары жобаларға қорықпай инвестиция салып, оның жүзеге асуына мүмкіндік ашады. Сондықтан да венчурлық қорлардың жобаны жан-жақты зерттеп, талдап, «жеті рет өлшеп, бір рет кесуге» ұмтылады. Біздің көптеген жоба жасаушыларымыздың «венчурлық қорлардан қайыр жоқ» деп зар илейтіні де сондықтан болар. Өйткені оның талабынан шығу үшін ұсынған жобаңыз шынында да бұрқақ атып тұрған жаңалық болуы тиіс. Сонда ғана ол өндіріске енгізіліп, жоба иесіне де, венчурлық қорға да мол табыс әкеледі. Ондай болмайтын болса, венчурлық қор қалтасындағы капиталын босқа шашпайды. Тәуекелге барғанның өзінде, әбден ойланып-толғанып барып қана шешімге келеді. Бұл венчурлық бизнеспен айналысуға екінің бірінің батылы жете бермейді. Өткен жылы қазақстандық Ұлттық инновациялық қор SAFE ID Solutions деген неміс фирмасының акцияларын сатып алған болатын. Бұл фирма жоғары қорғанысты биометрикалық төлқұжаттар мен жеке куәліктер жасаумен айналысады. «Инвестицияны өзіміздегі ірі жобаларға салудың орнына шетелге қарай сырғыту бізге не береді?» деген қайшы пікірлер де айтылып қалуда. Ал Ұлттық инновациялық қордың төрағасы Нұрбек Раевтың пікірінше, шетелдік компаниялардың акцияларын сатып алу арқылы Қазақстан олардың операциялық қызметтеріне ене алады және елімізге қарай жаңа технологиялар трансфертіне жол ашады. Жоғарыда отандық бес венчурлық қордың жұмыс істеп жатқаны жайында айтып кеттік. Шетелдік осындай қорларға жеке инвесторлар тартылған. Қалтасы қалың капиталистер қаржысын белгілі бір жобаны жүзеге асыруға салып, елінің инновациялық әлеуетін көтеруге үлес қосуда. Ал біздегі қорлардың ахуалы әзірше өзгеше. Кәсіпкерлер жоғары технологиялар әлеміне қарай қозғалыс жасауға өте сақ қарайды. Венчурлық бизнестің республикамыздың болашағы үшін аса қажет екендігінайдан анық. Банктің несиесіне қарағанда, оның өзіне тән артықшылықтары жеткілікті. Сондықтан да венчурлық бизнес әлем үшін де, біздің қаржыгерлер үшін де жаңалық емес. Тек оған бел шешіп, артық ақшасын қорықпай, тәуекелі жоғары жобаларға сала алатын батылдық қажет. Өркениетті елдердің бәрінде де венчурлық қорларды көбіне осындай қалталылар құрады. Бізде венчурлық бизнестің қарқын ала алмай отыруының себебі де осы. Екіншіден, бұрқақ инновациялық идеялар да аздау. Аз емес-ау, соларды насихаттау құралдары тиімсіз. Соның нәтижесінде көптеген инновациялық жаңалықтарымызды Қытай сатып алып, әкетіп жатыр. Венчурлық қорлар мен ғалымдар арасын байланыстыратын мықты мамандар жетіспеуде. Әйтпесе

венчурлық бизнес біздің ел үшін аса қажет. Артық ақшасын салатын құралдардың аздығынан қалталыларымыз тек құрылысқа салып, күйіп қалып отыр. Бұдан біз мынадай тұжырымға келеміз венчурлық бизнес бұл жаңа идеялармен инновациялық тауарлардың кілті болып табылады. Сондықтан бизнестің бұл түрі Қазақстан үшін өте тиімді деп айтуға болады. Біріншіден, бұл жоғарытехнологиялық, инновациялық өнімді шығаруға бағытталғандықтан, отандық ғылымның дамуының жаңа жолын қалыптастырады. Екіншіден, орта таптың қалыптасуына ерекше үлес қосса. Үшіншіден, қор нарығының дамуына өз септігін тигізеді. Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген көптеген мәселелердің бірден-бір шешу жолы болып табылады. Еліміздіе венчурлық индустрияны қалыптастыру үшін келесдей ұсыныстарды айтқым келеді:

- Ғылымды, білімді дамыту және оны индустриялық-инновациялық дамытуға бағыттай отырып, кәсіби кадрларды даярлау саласындағы реформаны бастау. Ғылымды, жаңа идеяларды қаржылындыру.

- Елдегі венчурлық институттардың кенже қалғанын ескере отырып, венчурлық қызметті көтермелеу және реттеу үшін заңнамалық база әзірлеу керек.

- Мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесін еңгізу. Университеттірдің жанында бірқатар құрылымдарды жасау. Олар – технопарктер, инновациялық-тех-ялық орталықтар, бизнес инкубаторлар, венчурлық к.о-дар, маркетингтік зерттеу қызметтері жатады.

- Экономиканың өңдеуші секторларына инвестициялар салуға отандық қаржы институттары үшін ынталандыру көздерін ойлап табу.

Ғылымды дамыту бұл ең негізгі мәселе. Әрине, инновациялық әлеуетті дамыту мен сақтаудың қажетті, басты талабы ғылым екені мәлім. Бұл ретте инновациялық қызметті жүзеге асырудағы маңызды элемент ғылыми өнімнің комерциялануы болып табылады. Қазақстанда соңғы үш жыл бойына ғылымға бөлінген қаражат ЖІӨ-ге қатысты 0.3 % деңгейінде қалып отыр. Бұл көрсеткіш Швецияда 4%, АҚШ-та, Германияда, Жапонияда 3%, Ресейде 1.5-1.9%, Украинада 1.2-1.3%-ды құрайды. Технологиялық үрдіс пен жаңа өнімді комерцияландыру университеттердің жанында бірқатар құрылымдарды жасауға бағытталған қызмет барысында жүзеге асды. Олар – технопарктер, инновациялық-технологиялық орталықтар, бизнес инкубаторлар, венчурлық кәсіпорындар, маркетингтік зерттеу қызметтері жатады.

Жаңа білімдерді тиімді дамыту мен пайдалануды қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті ұлттық инновациялық жүйенің негіздерін құру ғылымды дамытудағы негізгі мақсат болуы шарт.

Келесідей міндеттер орындалуы керек**:**

1. Ғылыми және инновациялық қызмет үшін қазіргі заманғы инфрақұрылымды дамыту.

2. Академиялық ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындары ықпалдастығын қамтамасыз ету.

3. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың тиімді жүйесін құру.

4. Ғылыми-зерттеуді және конструкторлық қызметті жүргізуде жеке меншік сектор үшін ынталандырулар туғызу.

5. Ғылыми кадрларды даярлау сапасын арттыру және қазақстандық ғылымның әлемдік ғылымға кірігуі үшін жағдайлар жасау.

6. Ғылыми қызметкерлердің жалақысының деңгейін арттыру.

Мемлекет Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындайтын басым бағыттар бойынша болашақ инновациялық экономиканы құру үшін негіз болатын іргелі және қолданбалы зерттеулерге қаражат бөліп қана қоймай, жұмысын дұрыс ұйымдастыру керек.

Үлкен мультипликативтік тиімділігі бар жаңа технологиялық және жүйе құрайтын өндірістерді дамыту, оның ішінде «серпінді» инвестициялық жобаларды іске асыру мыналар арқылы жүзеге асырылатын болады:

- едәуір қосылған құны, мультипликативтік тиімділігі мен экспорттық әлеуеті бар экономиканың құрылымын өзгертуге қабілетті бірқатар жобаларды айқындайтын «серпінді» инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі бас жоспар әзірлеу;

- «серпінді» инвестициялық жобаларды іске асыруға, ел аумағында 5-6 кластер жасауға және дамытуға ірі отандық бизнесті тарту әрі оның шағын және орта бизнеспен өзара іс-қимылын ынталандыру;

- шекара маңы аудандарында, өнеркәсіптік-сауда және қаржылық белсенді орталықтарда жаңа сауда-экономикалық аумақтар құру және дамыту;

- өңірлердің индустриялық саясатын іске асыруға әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың белсенді қатысуы;

- қаржы институттарын ұлттық және өңірлік деңгейлерде ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға тарту;

- жер қойнауын пайдалану саласындағы қазақстандық сервистік нарықты дамыту жөнінде пәрменді шаралар, оның ішінде «Отандық өндірушілер мен шетелдік инвесторлардың бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесін құру есебінен, әзірлеу.

Әдебиет:

1. Балабан А.М., Балабан М.А. Венчурное финансирование инновационных проектов. – М., 2012. – 248 с
2. Венчурный бизнес в странах СНГ (справочник) 2015. -147 стр.
3. Әбдіжапар Сапарбаев “Инновация – негізгі қозғаушы күш” // Егемен Қазсқстан, 24 наурыз, 2014 ж.
4. Н. Ә. Назарбаев. “Бәсеке қабілетті Қазақстан”, “Бәсекеқабілетті экономика” және “Бәсекеқабілетті халық” деген Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 19 наурыз, 2014 ж.
5. Қуат Бораш “Инновация, оның еліміз экономикасы үшін маңызы қандай” // Егемен Қазақстан, 23 ақпан, 2015 ж.
6. Бердашкевич А.П Оподдержке инновационной деятельности в Японии // Инновации №7, 2012
7. А.И. Никконен. Краткая история венчурного бизнеса в России // Инновации.№10 (67), 2013, с.16.
8. Инновационный менеджмент. Под ред. проф. В.А. Швандара, проф. В.Я. Горфинкеля // М.: Вузовский учебник, 2014. 384с.
9. Бизнес-план инвестиционного проекта. Под ред. И .А Иванниковой // М.: Экспертное бюро, 2013г
10. Бизнес- планы: Полное справочное руководство. Под ред. И.М. Степнова // М.: Лаборатория Базовых Знаний, 2010г

УДК 336

К ВОПРОСУ О ФИНАНСОВОЙ ГРАМОТНОСТИ И ФИНАНСОВОЙ ДОСТУПНОСТИ

Тургунов А.Р.

(научный руководитель м.э.н., старший преподаватель кафедры «Финансы и менеджмент» Ковшова Т.П.)

(СКГУ им. М. Козыбаева)

Ликвидация пробелов в области финансовой доступности и финансовой эффективности открывает самые широкие возможности в плане ускорения экономического роста и обеспечения всеобщего благосостояния в Казахстане. Повышение финансовой доступности и эффективности – главные приоритеты для Казахстана, связанные с минимальными негативными последствиями компромиссов (рисунок 1).

Рисунок 1 – Компромисс между финансовой доступностью и устойчивостью финансового рынка.

В Казахстане сохраняется низкая вероятность отрицательных последствий или иных экономических компромиссов. Тем не менее, в процессе обсуждения реформ и разработки стратегий развития финансового сектора следует помнить и о важнейших задачах экономической политики, и о компромиссах.

Повышение финансовой доступности – одна из главных задач Всемирного Банкаи Национального банка Республики Казахстан: людям необходимо повышать свою финансовую компетентность [6, 7].

Финансовые продукты становятся более сложными, и люди впервые приобретают финансовые продукты через самые различные каналы, включая поставщиков услуг, не являющихся банковскими организациями [1].

Однако для того, чтобы воспользоваться этими возможностями, люди должны:

1) Быть вооружены знаниями, чтобы принимать обоснованные решения относительно управления собственными финансами;

2) Иметь общее представление о продуктах и услугах, а также навыки и мотивацию для их эффективного использования;

3) Принимать меры и быть уверенными в себе, чтобы реализовать принятые решения, также понимать связанные с ними риски (например, риск закредитованности и мошенничества) и управлять ими.

Нельзя уделять внимание только расширению финансовых знаний; кроме этого необходимо развивать навыки, совершенствовать установки и укреплять мотивацию людей!

Короткое отступление: что такое финансовая компетентность, финансовое образование и финансовая грамотность?

Финансовая компетентность определяется Группой Всемирного Банка как «способность человека принимать обоснованные решения и действовать в своих финансовых интересах с учётом сложившейся социально-экономической и экологической ситуации» [5].

Финансовое образование – это способ повышения уровня финансовой компетентности. Согласно ОЭСР [6], это «процесс, благодаря которому потребители финансовых услуг (инвесторы) улучшают свои знания о финансовых продуктах, понятиях и рисках и за счёт информации, обучения и (или) объективных рекомендаций приобретают навыки и уверенность в своих силах для того, чтобы лучше понимать (финансовые) риски и возможности обоснованного выбора, знать, куда обращаться за помощью, и принимать другие эффективные меры, направленные на повышение уровня своего финансового благосостояния».

Финансовая грамотность означает понимание человеком ключевых понятий, необходимых для управления собственными финансами.

Четыре шага к повышению финансовой компетентности представлены на рисунке 2.

Поведенческая экономика, наука о том, как психологические факторы влияют на принятие экономических решений отдельными лицами, выявляет распространённые предубеждения людей, которые могут оказывать влияние на финансовые решения [2].

Поведенческая экономика даёт нам инструменты для того, чтобы оказывать влияние на действия и поведение:

1) «Развлекательное образование» объединяет образовательный контент с развлечениями, чтобы улучшить результаты обучения, сделав его более приятным. Эффективными средствами общения могут быть спектакли, рассказы и другие повествовательные формы, обращённые к эмоциям людей;

2) Подталкивание к выбору: это могут быть отправка напоминаний, использование давления коллектива и предоставление стимулов;

3) Архитектура выбора. Изменение правила по умолчанию – прямой отказ вместо прямого согласия – позволяет использовать предубеждение статус-кво для получения положительных результатов;

4) Эффективное использование технологий – относится к использованию искусственного интеллекта в индустрии финансовых услуг, особенно в сфере компьютерного обучения и информационной аналитики.



Рисунок 2 – Четыре шага к повышению финансовой компетентности.

Всемирный Банк проводит большую работу с целью повышения финансовой компетентности населения в регионе Европа и Центральная Азия[6].

1. Собеседование как способ формирования ответственного отношения к финансам у населения территорий. Финансовое консультирование оказывает более существенное влияние на поведение потребителей, чем традиционные учебные занятия, и приводит к таким же важным результатам, как открытие депозитных счетов, формирование семейного бюджета, учёт доходов и расходов и даже – в ряде случаев – увеличение доходов. Трансформация консультирования как исследования рынка: стремление организовать финансовое консультирование как устойчивое направление экономической деятельности. Более 15000 человек проходят обучение и 313 тысяч получают консультации по вопросам финансовой грамотности.

2. «Развлекательное образование». Экономически эффективные информационные контакты с закредитованными заёмщиками через средства массовой информации, включая, в частности радио-дискуссии, мини-спектакли на радио, а также мини-спектакли и рекламные ролики на телевидении. Показаны и переданы по радио 1553 видеороликов и радиопередачи, распространены 28640 рекламных материалов; в магазинах, кафе, средствах городского транспорта, торговых центрах и аэропортах показаны 1897200 видеоклипов.

3. «Финансовый барометр»: понимание финансовых концепций, терминов и определений. Цель: проведение количественной оценки финансовой грамотности населения, включающей в себя финансовое поведение, знания и практику их применения. Показатели: 1) навыки и умения принимать правильные финансовые решения – респонденты укладываются в бюджет [4]; 2) отношение к банкам и кредитным организациям, принятие индивидуальной ответственности за собственные решения – респонденты имеют накопления наличными в любой валюте [3].

Всемирный Банк проводит большую работу с целью повышения финансовой компетентности населения во всём мире[5].

1. Включение мер, направленных на повышение финансовой компетентности населения, в государственные программы денежных выплат в странах Западной Африки. В Гвинее, Либерии и Сьерра-Леоне для бенефициаров программы социальной защиты были разработаны специализированные учебные модули по финансовым вопросам, которые прошли тестирование в 2017 году. Кроме того, разработаны модули, позволяющие преподавателям эффективно организовать процесс финансового образования. Извлечённые уроки: эти пилотные проекты продемонстрировали возможность осуществления программ повышения финансовой компетентности населения с использованием минимального объёма материалов для чтения. Кроме того, они показали, как с помощью серии рассказов из повседневной жизни, представленных в виде серии рисунков, можно охватить различные вопросы, связанные с тематикой финансовой компетентности.

2. Развлекательное образование в Южной Африке: телевизионные мыльные оперы. В сюжетную линию популярной мыльной оперы «Скандал», которую показывали в прайм-тайм, были включены воспитательные идеи, касающиеся управления долгом. Извлечённые уроки: зрители, следившие за финансовой сюжетной линией, значительно повысили уровень финансовых знаний и стали применять более правильный подход к управлению своим долгом. Как показала работа в рамках качественных фокус-групп с участием зрителей, одним из главных стимулов к изменению поведения людей стала их эмоциональная сопричастность к герою фильма.

Литература:

1. Балабанов И. Финансы граждан. М.: Финансы и статистика, 2015.
2. Корнейчук Б. Созидательное благосостояние как целевой фактор // Экономист. 2014. №12.
3. Николаенко С.А. Личные сбережения населения // Экономический журнал ВШЭ. 2016. №2.

4. Чернов А.Ю. Личные финансы (доходы и расходы семейного бюджета). М.: Перспектива, 2015.
5. http://www.worldbank.org
6. http://www.oecd-ilibrary.org
7. http://www.nationalbank.kz

ӘОЖ. 94(574)

XX ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫ - ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ ҚАСІРЕТТІ КЕЗЕҢІ

Туребаева Т.А.
(Ғылыми кеңесшісі, т.ғ.к. Картова З.К.)
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Бүгінгі тәуелсіз қазақ мемлекетінің ең ұлы мұраты-ұлттық идеяны қалыптастыру болып отырғаны анық. Өсер ұрпақтың саяси қоғамдық санасын қалыптастырып, тәрбиелеп отыру мақсатында кешегі төл тарихымыздың ақиқатын зерттеп оқыту маңызды. Бұл жөнінде оң бағыт берген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев былай деген болатын: «... XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алған таратқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарапынан шыққандар әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал. Ол тұста ой еңбегімен кәнігі түрде шұғылдану атадан балаға жұғысты болып отырған» [1]. Ендеше саяси ой-пікірлердің ерекше айшықталып, қоғамымызды дамытудың саяси жүйесі ретінде дамытуды Елбасы атап көрсеткендей XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ зиялылары өз мойнына алды. Олар қазақ халқын тәуелсіздікке жеткізетін маңызды саяси құндылықтарды дөп басып, ұлттық идеяның басты мұраттарын анықтап берді.

Өткен ғасырдың алғашқы жартысы қазақтар және басқа да Кеңес үкіметінде өмір сүрген халықтар үшін тар жол тайғақ кешу болды.Әсіресе 20-30 жылдарындағы ашаршылық апаты немесе тарих беттерінде «Ұлы жұт» деп аталған бұл оқиға ерекше мәнге ие. Зертеуші ғалымдар осы мәселемен айналысып, Қазақстанда халқы бір ғасырда үш бірдей ашаршылықты бастан кешкен және оны үш кезеңге бөліп қарастырады: 1919-1922 жылдардағы аштық, 1931-1933 жылдардағы аштық және 1946 жылдары болған аштық.

Бірінші ашаршылық 1919–1922 жж. болған, оның салдарынан 1,5 млн. жуық адам шығыны болды [2]. Ол көбінесе елдің оңтүстік аймақтарын қамтыды, нақ осы және басқа да деңгейде Қазақстанның барлық тұрғындары да зардап шекті. Екінші ашаршылық кезінде 1931-1933 жж., әртүрлі мәліметтер бойынша, 1,5 млн-нан 2,5 млн. адам шығыны болды. Ал, үшінші ашаршылық соғыстан кейінгі еліміздегі экономикалық ахуалдарға байланысты туындады. Бірақ та, бұл ашаршылық сол жылдары халықтан жасырын түрде ұсталды.

Осылайша ширек ғасыр ішінде жалпы халық саны күрт төмендеді. Санақ бойынша жалпы мәліметтер қорына дәлел ретінде мұрағатта сақталған құжаттар бар. Ұлт зиялысы М. Тынышбаевтың есебі бойынша «Қазақстанда 1917 жылы 2 910 000 қазақ өмір сүрген болса, ал М.Г. Сириустың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша қазақтар саны 1965 443 әрең жетіп жығылған», – деген мәліметтер көрсетілген [2]. Ал, белгілі демограф-ғалым М. Тәтімовтің есептеуінше 1931–1933 жж. ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн адамның, соның ішінде 2,3 млн қазақтардың және 200 мың келімсектердің қайтыс болғаны анықталды. «1879, 1926, 1939 жылдардағы халық санағының нәтижелері жөніндегі мәліметтерді қолға түсіргенмін. Көзімнің жеткені 1939 жылғы санақта қазақ халқының санын айтарлықтай асырып жазғандығын аңғардым. Сонда, озбыр саясат «орыс емес» ұлттарды аяусыз қырып-жойғандығын жасырып қалғысы келген», – деп М. Тәтімов пайымдаған болатын [3].

Әлемдік тарих беттерінде ашаршылықтың мұндай түрі халық жадында мәңгілік қалары сөзсіз. Оның нәтижелері қазақ халқының жалпы санының төмендеуіне әкеліп соқты. Қазақ

жерінде ашаршылық салдарынан демографиялық ахуал күрт төмендеп кеткен болатын. Оның айқын көрінісі ретінде тарих беттерінде қалған 1931–1933 жылдары қазақ халқының басына төнген ең бір қасіретті «Ұлы жұт» кесірінен күні бүгінге дейін қазақ халқы өз жерінде демографиясы жағынан азшылыққа ұшырап отыр. Батыстық немесе ресейлік ғалымдар ашаршылықтың болу себебі ауа райының қолайсыздығынан, құрғақшылық болып егіннің шықпай қалғанынан немесе жұқпалы аурулардың таралуынан деген сияқты асыра сілтеулерден іздейді.

ХХ ғасырдың 30 жылдар басында «Кіші Қазан» төңкерісінің негіздеушісі Ф. Голощекин болатын. Голощекеннің енгізген саяси жүйедегі кеңестендіру процесі қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығына өз кедергілерін ала келді.

Күштеп ұжымдастыру тәсілдері астық, ет дайындау науқанын көп мөлшерде орындау қажеттігіне қарамастан, қазақ көшпелі өмір салтын отырықшыға айналдыру стратегиясы 1929 жылдан бастап әзірленген. Большевиктік партияның жүргізген ұжымдастыру саясаты салдарынан қазақ жерінің көптеген аудандарында аштық жайлады. Ашыққан шаруалардың басым бөлігі туған жерін тастап қалаларға шоғырланды, шекара асып басқа елдерге қоныс аудара бастады.

1930–1933 жылдардағы жаппай кеңестендіру саясаты жергілікті халықтың наразылығын тудырып, алғашқы бастамасы күшпен ұжымдастыру аштық пен халықтың үдере көшуіне әкеліп соқты. Қазақ халқының үдере көшу көлемі туралы қазақтың белгілі ұлы тұлғасы Тұрар Рысқұловтың И. Сталинге, В. Молотовқа жазған (1933 ж. 9 наурыз) хатында: «...Қонысын тастап, Қазақстанмен көршілес өлкелерге көшкен қазақтардың мекен-жайларынан келіп түскен, шамамен алынған соңғы деректерге қарағанда: қазір Орта Еділде 40 мың, Қырғызстанда 100 мың, Батыс Сібірде – 50 мың, Қарақалпақстанда 20 мың, Орта Азияда 30 мың қазақ бар. Қонысынан ауғандар қалмақ жеріне, Тәжікстанға, Солтүстік өлкеге және басқа да осы сияқты шалғай жерлерге де көшіп кетті. Байлар бастаған бір қауым Батыс Қытайға ауды... Бұл қазақтардың көші қоны емес, басы ауған жаққа кетуі», – деген мәліметтерді көрсетеді [2].

Ал академик М. Қозыбаев өз зерттеулерінде: «1930-1933 жылдардағы ашаршылықта халықтың 52%-ы қырылды» – деп көрсетеді. 1930–1933 жылдар аралығындағы қазақ халқының санының кемуі туралы белгілі тарихшы Т.Омарбеков былайша баяндайды: «Қазақстанның Егіншілік Халық Комиссириатының (Наркомзем) мәліметтері бойынша 1930–1932 жылдары Қазақстандағы ауыл халқының кемуі 1млн. 831441 адам деп көрсетіледі. Мұнда бірақ, 1933 жылғы мәлімет көрсетілмеген. Осы жылдары Қазақстанның санақ басқармасы (Казнархозучет) бастығының орынбасары Н. Мацкевичтің мәліметіне қарасақ, бір ғана 1933 жылы қысқарған ауыл халқы 1 млн. 70,5 мың адамды құрайды, яғни, барлығы, ауылда 1930-1933жылдары азайған халықтың саны 2 млн. 900 мыңнан асып кетеді» [4].

Бұл тек қазақ халқының санының кемуі емес, сонымен қатар қазақ жерінде босқын ретінде келген басқа да ұлт өкілдерінің кемуіне әкеліп соқты. Жоғары да айтылғандай демограф Мақаш Тәтімовтің есептеуі бойынша сол жылдары 200 мың босқындар өлген болса, ал қазақ саны 2,3 млн құрайды. Демек, қазақ халқы саны жағынан үлкен шығынға ұшырауы, демографиялық жағдайдың әлсіреуі, большевик партиясының жаппай отырықшыландыру саясаты кесапатынан, осы бір нәубет жантүршігерлік ашаршылықтың белең алуынан. ХХ ғасырдағы болған алапат ашаршылық 7 миллион адамның өмірін жалмаған қазақ тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі. Сол уақытта ашаршылық тек қазақ жерін ғана емес, сондай-ақ Ресей, Украина, Белорусь жерлерінде қамтыды. Бірақ та, қазақ осы жасанды саясаттың ең қатты зардап шеккендердің бірі.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев қазақтың қолдан жасалған зауалдан ең қатты зардап шеккен халықтың бірі екенін айта кетіп: «Нәубет жылдары миллионнан аса қазақ аштықтан ажал құшты. Мұны әлі зерттеу керек, әрине. Біз сол уақыттағы басшылардың өзіне қолайлы етіп берген есебіне ғана сүйеніп отырмыз. Сол жылдары нәубетке ұшырамаған, аштық тауқыметін тартпаған қазақ қалған жоқ. Кейбір ауылдар түгелімен жоқ болып кетті. Көптеген ауданда неше түрлі жағдайлардан қырылған адамдардың есебі жоқ»,— деген. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы

Назарбаев мұның барлығы сол кездегі Кеңестік биліктің, тоталитарлық саясаттың қолдан жасаған зұлматы екенін айтты [5].

1930-шы жылдардың соңына қарай КСРО-да әр адамның туылғанынан өмірінің соңына дейін басқарып, бақылайтын тотаритарлық мемлекет пайда болды. Партиялық-мемлекеттік құрылымның идеологияландырылған саясаты профессионалдық оқу орындарындағы істің жағдайына бәрінен де көп зиян келтірді. Ғалымдарды, жоғары оқу орындары қызметкерлерін қудалау мен жазалау шаралары 20-шы жылдарда басталып, И.В. Сталин өлгенге дейін жүргізілді. Осының нәтижесінде 30-шы жылдардың орта кезінде А.Байтұрсынов, С.Асфендияров, Х.Досмұханбедов, Т.Жүргенов, О.Жандосов және басқа аса көрнекті қоғам қайраткерлер, ғалым, педогогтердің өмірі қиылып кетті.

Қуғын көрген бір тағдыр, бір адамның жан азабы оның төңірегіндегілерге, отбасы мүшелері мен тума-туыстарына қаншама қайғы-қасірет әкелді. Қазақ қоғамының дәстүрлі дамуын күйретуге бағытталған қуғын-сүргін саясаты ер азаматтармен бірге әйел-аналар да азды-көпті дәрежеде қудаланды. Біздерге сталиндік саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар есебі сол кезеңнің қылмысын ашып, оның ауқымы мен ақиқатын тануға көмектеседі. Кеңес үкіметі қазақ әйелдерінің «теңдігі» мәселесін мемлекеттік деңгейге көтеріп, оны өз саяси мақсат-мүддесіне орай шешті. Нәтижесінде ғасырдан-ғасырға жалғасып, ұлттың ұйытқысы болған отбасы бірлігіне, тәрбиесіне зиянкестік жасалды. Әйелдерге қатысты жүргізілген саяси шаралар жаппай қуғын-сүргінге жол ашты. Сол жылдары адамдар бойындағы тек қана адамзатқа ғана лайықты сапа- қасиеттерді азайту қуғын-сүргін саясатымен қатар жүрді. Түрмелерде жатқан әйелдерге мән берілмей, олардың аты-жөндері де дұрыс сұралмаған [6].

Халықтың жалған жауларымен күрес кеңейе келе өз мақсаттарын жүзеге асыра бастады. Оның қарқынды жүргені соншалық, еліміз лагерьлер торабымен шырмалып (Карлаг, Степлаг, Алжир), оның жан-жағы тікенекті темірлермен қоршалды және оны сыртынан қаруланған қызметкерлер қарауылдады. Ал кейіннен жаппай атылған адамдардың көмілген жерлері белгілі бола бастады. Соның бірі Алматыға жақын жердегі Жаңалық деген жерде табылған, 1937-1938 жылдардағы тоталитаризм құрығының құрбандары, дүние жүзіне әйгілі жазушылар мен ақындар М.Б.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, дарынды оқымыстылар А.Байтұрсынов, С.Д.Асфендияров, ірі мемлекет және қоғам қайраткерлері, шаруашылық жетекшілері, өндіріс саласындағы озаттар жерленген. Ал қазіргі таңда қаншама адам репрессия құрбандығына жазықсыз ұшыраған өз бауыр-туыстарының, ата-аналарының мәйіті қайда екенін білмей іздеуде. Содан кейін-ақ дембіл-дембіл бірде 40-тан, бірде 37, бірде 19 мәйітті тиеген қаралы көлік осы жерге түн сайын қатынап отырған. Әрине заңсыздықтар, әділетсіздіктер мен басынушылық мәңгі тұра бермейді [6].

1950-ші жылдардағы түбегейлі өзгеріс мемлекеттің бұл ісіне араласпай қойған жоқ. Ақырындап жазықсыз жазаланғандарға тағылған айыптарды қайта қарау процесстері мен ақтау процесстері басталды. Лагерьлердегі адамдарды босату және атылғандарды ақтау істері қолға алынды. Иә, қалай десек те, қасірет көлемі аз емес және КСРО құрамындағы Қазақстан сияқты отар елге ол үлкен соққы болып тиді. Бір жағынан орталықтағыдай партияны «тазалау», экономика саласындағы кемшіліктерді «халық жауларынан» іздеу саясаты қолданылса, екінші жағынан ҚазССР РСФСР-дің құрамындағы мемлекет ретінде отарлау саясатының жалғасын көрді. Бұл жылдары сталиндік қуғын-сүргін қоғамның көп бөлігін тіптен, барлық әлеуметтік топты қамтыды. Осыған байланысты XX ғ. І жартысындағы қазақ халқының тарихи жағдайын егжей-тегжейлі баяндайтын зерттеулер қажет. Халықтын экономикалық-әлеуметтік, саяси өмірінде орын алған тарихи оқиғалар өз зерттеушілерің әлі де күтуде.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.А. Тарих толқынында.– Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы: Өнер, 2003. – 552 б.
3. Тәтімов М. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша?) – Алматы: Атамұра, 1993. – 160 б.

4. Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы: Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы.31 мамыр – 1 маусым 2012жыл/ Б.Ғ. Аяғанның жалпы редакциясымен. – Астана. Мемлекет тарихы институты, 2012. – 400 б.
5. Салтан С. Ашаршылықта қырылған халықтың санын әлі де зерттеу керек // Алаш айнасы.Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет. -№ 94 (776) 1 маусым 2012 ж.
6. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. – Алматы: Рауан, 1997. – 552 б.

УДК 336.719

КРЕДИТОВАНИЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА: ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ В РК

Уразалинова А.К.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

Развитие малого и среднего бизнеса является одним из основных стратегических направлений социально-экономической политики, проводимой Правительством в Республике Казахстан. За годы рыночных реформ предпринимательский сектор занял заметное место в обществе, так как он выполняет ряд важных социальных функций, в число которых входят решение проблем занятости, смягчение социальной напряженности и демократизация рыночных отношений.

Достигнута главная стратегическая цель - возможность заниматься предпринимательством стало реальной и неотъемлемой частью конституционных прав граждан республики, для чего государством созданы необходимые условия.

На современном этапе финансово-банковская система в Казахстане – это один из наиболее динамично развивающихся секторов экономики. Главная экономическая функция банков и небанковских кредитных учреждений – кредитование, осуществляемое для финансирования потребительских и инвестиционных целей организации, предприятия, предпринимательских фирм, физических лиц и государственных органов. От того, насколько хорошо банки и небанковские кредитные учреждения реализуют свои кредитные функции, во многом зависит экономическое положение обслуживаемых ими клиентов, поскольку банковские кредиты способствуют появлению новых фирм, увеличению количества рабочих мест и обеспечивают их экономическую жизнеспособность.

К сожалению, на сегодняшний день коммерческие банки не кредитуют в необходимой степени малый и средний бизнес. Это связано с высокой рискованностью для банков, возникающей из-за краткосрочности предоставляемого кредита, отсутствия ликвидного залога.

Следовательно, мы должны стремиться развивать малый и средний бизнес. Одним из путей решения данной задачи должно стать дальнейшее развитие и усовершенствование кредитных отношений между кредитными организациями, а особенно коммерческими банками, и субъектами малого и среднего бизнеса.

Условия, по которым предпринимательство относится к малому, среднему или крупному показаны на рисунке 1 (2).

По состоянию на 1 января 2018 года количество действующих субъектов малого и среднего предпринимательства составило 211 360 единиц. По сравнению с соответствующей датой предыдущего года увеличилось на 3,6%. В общем количестве субъектов малого и среднего предпринимательства доля индивидуальных предпринимателей составила 65,2%, юридических лиц малого предпринимательства – 18,2%, крестьянских или фермерских хозяйств – 16,4%, юридических лиц среднего предпринимательства – 0,2%. (5).

Портфель бизнес-кредитования увеличился на 791 млрд. тенге по сравнению с 2016 годом и составил в 2017 году уже 16,3 трлн. тенге. Более 56% в структуре портфеля занимают малые предприятия, около 10% - средние и 22,2% - крупные. Кредитование индивидуальных

предпринимателей занимает 5,5% в портфеле. С прошлого года структура не претерпела значительных изменений.

Рисунок 1. Категории субъектов предпринимательства

В общей сложности в 2017 году бизнесу (юридическим лицам, в т.ч. ИП) выдали свыше 9,2 трлн. тенге. Основная доля приходится на банковский сектор – это почти 90%. Остальные 10% делят МФО и прочие кредитные организации. Доля NPL портфеля бизнес-кредитования составила более 20%, что на 6,8% больше показателя на конец 2016 года.

По состоянию на 01.01.2018 г. ссудный портфель банковского сектора Республики Казахстан составил 13 590,5 млрд. тенге. Займы малого и среднего бизнеса в банковском секторе составляют 4 664,5 млрд.тенге с долей 34,3% от ссудного портфеля (на начало 2017 года – 5 002,0 млрд.тенге или 32,2% от ссудного портфеля), уменьшение за 2017 год – 6,7% (рисунок 2).



Рисунок 2. Ссудный портфель банковского сектора РК за 2017 год

Финансирование малого и среднего бизнеса сопряжено высокими рисками для коммерческих банков. Зачастую предприятия малого и среднего бизнеса не располагают достаточным объемом ликвидного залогового имущества. Для решения всех этих проблем нужна всесторонняя помощь малому и среднему бизнесу, особенно по поддержке финансирования предприятий.

